Әбдіжәмил Нұрпейісов

СОҢҒЫ ПАРЫЗ

Әбдіжәмил Нұрпейісов

Соңғы парыз

БІРІНШІ КІТАП

СОНДАЙ ДА БІР КҮН БОЛҒАН

Я не чинил людям зла...

Я не убивал...

Я не преграждал путь бегущей воде..

"Книга мертвых"

Оправдательная речь умершего

на том свете перед Богом.

(Из древнего египетского папируса.)

Бірінші бөлім

Ұзын қара кісі соңында шұбаландап жатқан ізіне қарап тұр: әлгінде келген жағына көз салғалы артына бұрылғанда, назары осы ізге түсті де, жанарын ала алмай арбалып қалғаны. Неге бүйтті? Оны өзі білген жоқ; бар білгені – соңына салған мына сілбу іздің қимылынан сөлекет бірдеңе сезе ме, қалай? Мына іш пыстырғандай сылбырлық реніш шақырғандай әлденеге ұқсай ма? Тоқта... Сонда неге ұқсауы мүмкін? Бәсе, осы сылбырлық емес пе еді он үш жыл бойы Бәкизаттың жүйкесін құртып біткен? Соның аяғы бұл, міне, айдалада, аңыраған ашық теңіз үстінде тұр. Кім еді осы, әкесі ме еді: "аяғы дүниенің ырың-жырың" деген? Ырың-жырың... Кім де болса, сенен бұрын да талайлар бармағын шайнағанда айтқан сөзді енді сен қайталап тұрсың; сыртыңа шығарып айтпасаң айтпаған шығарсың, бірақ институт бітіре сала бас қосқан жас жұбайлар тірлігінің ақыры күндердің күнінде басқаша емес, дәл осылай "ырың-жырың" боп аяқталарын іші құрғыр сезетін. Бірақ сен жақсы күнде көңіліңді жамандыққа бердің бе? Үйлену тойы өткесін бұны оқу бітіріп келген жас маман деп желкілдетті де әкетті. Қошемет те, қолпаш та көбейіп, табаны жерге тимей бара жатты. Бұл түс көргендей аң-таң; бұның өзіне салғанда бітірері шамалы; майданнан

бір аяғын жұлдырып келген балықшы әкесі баяғыда қайтыс болды; пенсияға шыққан бес-он тиынын алып от басында, ошақ бұтын күзетіп отырған қарт анасынан басқа қол ұшын беретін ешкім жоқ; ағайын-туған сірә да жоқ; рас, әкесінің немере інісі – Сары Шая... Бірақ ол қырттың барынан жоғы...

Иә, бұның өзіне қалғандағы тірліктің әуселесі қандай боларын көрді де: ол бірақ үйленгенге дейін болған-ды. Институт бітіріп, тірлікте аңсаған кішкентай арманы – диплом қолға тигендегі қуанғанын көрсең; таң атқанша дырдуға басқан дипломды жігіттер ұйықтап жатқан кісілердің үстіне баса-көктеп кірмеді демесең, сол түні көшені басына көтеріп-ақ бақты. Ертеңіне мең-зең басын краннан сарылдаған мұздай суға бір шайып алды да, жолға жиналды; бес жыл көз майын тауысқан дипломды қойынға басып алып, "Аралым менің, Аралым" деп, туған жерге тартып отырды; ательеге тіккізіп жатқан киімдеріне қарайлап қалған Бәкизат кейін келетін болды. Бұл қалыңдығы келгенше елге барып, мамандығына сәйкес бір жұмысқа табан іліктіргесін той жабдығына әзірлене бермек боп ерте кеткен еді. Бәкизат құрбы қыздармен пойызға шығарып салды; ығы-жығы халық; дабырлаған дауыс; құтырған қыздар қарап тұрмай, пойыз дәл жүрер жерде: "Біз көзімізді жұмып тұрайық, сендер сүйісіңдер" деп жырқ-жырқ күліп, жатты да жабысты; сен қарсы емессің, ішің жақсы көріп тұр. Бірақ Бәкизатқа бата алмай, жалтақтап қарай бергенсің-ді. Бәкизат міз бағар емес; жаутаңдаған түріңді байқап: "Тәйірі, жәркелеш қыздардың мазағын қайтесің",– дегендей, көзін қысып қойды; бірақ желігіп алған қыздар жабысуды бұрынғыдан бетер үдетіп: "Сүйісіңдер", – деп, бұларды бір-біріне итеріп, ықтияр-еркіне қоймай бара жатты.

Бәкизат көңілсіз. Қажыңқы жүзіне күлкі әзер тепсінді. Қыздар қоймағасын екі саусағын шиедей қызыл ерніне апара бере шөп еткізді. Пойыз орнынан қозғалып, жылжып бара жатты. Сен асыққан жоқсың. Бұндайда көстеңдеген сирағына сенетін әдеті. Қатты жүріп кеткен пойызға жүгіріп жетіп, соңғы Гурьев вагонының басқышына бір-ақ ырғыды. Сонан қашан көзден таса болғанша қайта-қайта мойын созып, жалтақтап қарап бара жатқан бұған қыздармен бірге Бәкизат та қолын бұлғай түсті де, кенет аяқ астынан ойнақыланып, өп-өтірік кемсеңдеп, сұқ саусағының ұшымен көзінің алдын бір-бір іліп алғаны. Қыздар қыран-топан. Көк шолақ пойыз құниып алған. Разъез, стансалардан қиқулап өтіп, сылқытып тартып келеді. Бұндайда әсіресе заулап келе жатқан пойыздың соңындағы вагон рельстен әне-міне ұшып түсетіндей бұлғаң-бұлғаң.

Міне, түн ортасы ауды. Таң да таяу. Вагон іші пысынап тұр. Ас-суын қызыл іңірден ішіп алған жолаушылар қорылға басып жатыр. Сонан тек жазғы таң сыз беріп, терезе әйнегіне бозамық сәуле ене бастағанда жұрт қимылдап, біреулер есінеді. Біреулер ұйпа-тұйпа шашы

дудыраған басын жастықтан көтеріп, бықсытып темекі шекті. Бұл әлі көз ілген жоқ. "О жасаған!– деді ерні дірілдеп,– пақыр пендеңді жарылқайын дегенде, жақсылығыңда шек жоқ-ау сенің. Бәкизатты айтам-ау... Бұл көріп жүрген бұрынғы Бәкизатқа ұқсай ма? Әзім тұрғанда бұны көзіне ілуші ме еді? Не болғанын қайдам... екеуі әне-міне үйленеді деп жүргенде.... Апырай, ә?.. Әзімге не болды десеңші?.. Уәдесінде тұрмай, аяқ астынан айныған...ы Сонысы қалай? Астанада оқитын Арал балалары түкке түсінбей, аң-таң. Бірінен бірі сұрайды. Ешкім ештеңе білмейді. Сүйтіп жүргенде, бір күні тағы да тосын оқиға дүңк етті, бұл жолы: "Жәдігер мен Бәкизат үйленгелі жатыр екен" деп жұрт шу етті. Жұрттың есі шықты. Тек жалғыз сен... Құрсын, сенде ес жоқ... Шынында да, мынау сенің өңің түгіл түсіңе кірмеп еді-ау! Өзің де не боп, не қойғанын біліп жатқан жоқсың-ды. Өзіңнің кім екеніңді, не істеп жүргеніңді білген жоқсың. Құйын көтерген қаңбақсың ба, құссың ба, әйтеуір аспандасың. Әйтеуір ұшып жүресің... Төменде тас көшеде топырлап, сүрініп-қабынып жататын абыр-сабыр әбігердің үстіне шығып алып, сонау аспан мен жер арасындағы кеңістікте, майда қоңыр желге бетті төсеп самғап жүргенің. Тек, сонан... бір кезде Бәкизатқа кездескенде ұйқыдан оянғандай, қала ішінің күнделікті құба дүмбіл тіршілігіне қайтып оралғандай болатынсың. Жан-жағың – қысқы қапырық ауадан кірлеп шыққан сұп-сұр үйлер. Сұр көше. Сұр асфальт. Сұрғылт жүздер. Ерсі-қарсы жосып жүрген сұрғылт шаң-шаң машиналар. Бақса, Бәкизат та солардан бөлектенгісі келмей, үстіне қайда бір көз тартпайтын сұрғылт бірдеңелерді киіп, туфлидің тұмсығымен жер шұқып, жабыңқы сұрғылт жүзі жүдеп тұрғаны. Сен, әрине... себебіне түсінетінсің де, құлағың ду қызарып, түк айта алмай, кетудің де есебін таба алмай, жіпсіз байланып қалатынсың. Талқыдай аяғыңдағы тозуға қараған кенеп ботинканың жер шұқылап кеткен ақ жем тұмсығынан көз алмай, дымың құрып тұратынсың-ды...

Енді, міне... Салдыр-күлдір шайқалақтап келе жатқан соңғы вагонның жоғарғы полкысында жатыр. Астанадан шыққалы қыбыр еткен жоқ; шығарып салып тұрған қалыңдығының ерке мінезі есіне түскенде, соқыр шам сығырайған вагонда қимылсыз көзі шоқтанып жана түседі.

– Әй, жігіт... Аралға келдік.

Атып тұрды. Апалақ-құпалақ киінді. Тізе бүге сала дереу жылжып бара жатқан пойыздан секіріп түскенде, жарықтық Арал өңірінің аспаны әр кездегідей қайнап тұр екен. Сонан қашан жаз ортасы ауғанша аңызақ аптап басылмады. Әсіресе түске қарай тас төбеге келген өрттей ыстық күн қайнап бергенде кішкентай қаланың топырақ борап жататын қиқы-жиқы көшесінде шаңға малынған жалғыз-жарым ағаштардың баурында да жан саялар көлеңке қалмай, күйген кесек пен ащы сор исі қолқа атып тұрғаны.

Сен жұмыс іздеп, бір апта салпақтадың. Қайда барса да бұған "ой, айналайын, жақсы келдің" деп құшақ ашып тұрған жан болмады. Ертеден кешке кеңсе кезген жігіт солбырайып кіріп келе жатқанда, жұрт бұған теке көзденіп ежірейе қарап, ал жөнін айта бастаса, құлақ аспай, алдындағы қағазды шұқылап кететінді шығарды. Сондайда кірген есігінен қайта шыға алмай, қипақтап желкесінің терін сүртіп тұрғаны. Қиқы-жиқы көшелерді кезе-кезе кенеп ботинканың тұмсығы ақ жем болды.

Сонан, бір күні... Күледі-ау. Сол күні Бәкизат келетін-ді. Бұл сол күні де күндегідей кеңсе жағалап жүріп, біреудің сілтеуімен кішкентай қаланың шет жағына орналасқан кішкентай мекемеден бір-ақ шықты. Кішкентай мекеменің дәл кірер ауыздағы кіп-кішкентай кабинетте күж қара кісі отыр екен. Жүрегі шайлығып қалған сорлы қорқасоқтап кіріп еді; жоқ, мына күж қара бұған басқалардай теке көзденіп ежірейе қарамады. Майлы қабақ астында жылтылдаған торай көз "ә" дегенде әлденеге тесірейе қалса да, бірақ іле-шала жанарына жылылық тепті. Күн түскен қапырық тар кабинетте ырсылдаған семіз денесін қайда қоярға білмей, қара терге түсіп отырғанда біреудің үстіне келгеніне қуанды ма, әлде, кім білсін, естияр кісі дегені бала боп шыққаны қызық көрінді ме, әйтеуір торай көздің қарашығына қуақы күлкі ұшқындады.

– Кір! Кір! – деді ол күн жеп, бояуы оңып кеткен ескі кепканы қос қолдап қысып алған мына бір қысылшақ бала табалдырықтан аттаса да, бірақ аяғын ілгері баспай қалшиып тұрып қалғасын. – Иә, балақай?!. Кел! Кел!

Бұл ұсынған дипломды күж қара газетпен бет алдын желпіп отырып қарады. Бірдеңелерді "да", "да...", "ымым..." деп ыңылдап оқып отырған сияқты еді, кенет:

– Атың қалай, балақай? – деді бұған.

"Жолым болар" деп ойлады. Лүпілдеп қатты соғып кеткен жүрек кенет алқымға тығылып, аты ауызға түсем дегенше қобдидай столдың аржағында отырған күж қара қойқаңдап қозғалақтап қалды:

– Атың... Атың қалай?

– Жәдігер.

– Жәді-гер?.. Тоқта! Тоқта, балақай. Ұмытпасам, жас кезімде оқыған бір қиссада Жәдігер деген... Иә, Жәдігер деген біреу болған сияқты еді? Ал бар-ау, дәу де болса соның өзі батыр болатын. Ал, сен... – деп күж қара таңданғаны, әлде таңырқағаны белгісіз, бұның бас-аяғына көз жүгірте түсті де, кенет қуанып кетті.– Балақай, сен де осал емессің, тұлған батырға келеді. Бой бар. Ал, анау... Өзіңде анау да біраз болар? Ха-ха-ха!..

Қарқылдаған күйі күж қара құйрығы астында сәл қимылдаса, зарлап қоя беретін жылауық орындықтың арқалығына шалқалап жығыла кетті. Сонан бір кезде күлкісін тыйып, шыланған көзін сүртті. Сен мына күж қараның іші пысып, зерігіп отырғанын білдің. Жә, мейлі! Қолынан келген жақсылықты осылай кісіні ары итеріп, бері жығып, қылжақтап отырып та істейтін қойқаңдаған көңілді біреулер болатын сияқты еді.

– Әй, сен осы Әміржанның баласысың ба?– деді күж қара қағазға қайта үңіліп.

– Иә, аға... Әміржанның баласымын.

– Тоқта! Сонда... Сен езіміздің кәдімгі балықшы...

– Иә, әкем балықшы болған.

– Балықшы дейсің, ә? Тоқта!.. Сонда сен теңіздің ана беті емес, мына бетіндегі Әміржанның баласы болдың-ау?

– Иә, далалық беті...

– Е-е, енді түсінікті. Сонда сен қу бала Жақайым Әміржан ақсақалдың баласы болдың-ау, ә?

– Иә, аға...

– Тоқта! Тоқта, балақай. Сонда сендер қай Жақайымға жатасыңдар? Қыр Жақайым ба, Сыр Жақайым ба?

– Біз Қыр Жақайымбыз ғой.

– Ой, өтіп бара жатқан өмір-ай! Ал мен көргенде, сен алдыңдағы асын жыламай ішпейтін жаман боқмұрын едің.

Жуан қара кеудесін селкілдете кеңк-кеңк күліп, басын шайқап-шайқап қойды. Сен ренжіген жоқсың. Қайта мына жуан қараның рулас болғанын ішіңнен жақсы нышанға жорып тұрсың. Және Қыр Жақайым болғанын айт. Жә, мұрнына күлсе күле берсін. Бала кезде осы күні атқа мініп жүрген қай қазақтың мұрны оңып тұрды дейсің.

– Кәне, сен балақай...

Еңсесін тіктеп алса, қобдидай столда қонжиып отырған жуан қараның торай көзі бұған қарап тесірейе қалған екен. Сен жаның зарығып күткен үмітті мына өзіңе туыс боп шыққан әрі кішіпейіл, әрі көңілді азаматтың аузынан дәл қазір есітетініңе құттай да күдіктенген жоқсың.

Апырай, бұндай абырой болар ма! Бәкизат келгенде бұ да бұл жақта мықты бір шаруаны бітіріп, той жабдығына кірісіп жатады. Бүгін әйтеуір төсектен тұрып жатқанда оң көзі тартып еді-ау; сүйтсе осыған көрінген екен ғой. Қуанғаннан жүрегі дүрсілдеп ала жөнелді. "Өзінің қарауына алар ма екен?" деп ойлады. Соны енді туысының өз аузынан есіткісі келді де, қобдидай столдың ар жағында өз-өзінен қоразданып, қомпаландап отырған жуан қараға қарап еді, жуан қара жырқ етті.

– Сен, балақай... Қыр Жақайым болсаң білуге тиіссің...

Жуан қараның нені тұспалдап тұрғаны қапелімде миыңа кіре қоймады.

– Иә, аға...

– Сен білуге тиіссің. Мәселен, айталық ел ішінде:

"Жақайым-ау Жақайым,

Татымайды бақайың.

Ащы көлден су ішіп,

Сыртылдайды тұқайың",– деген өлеңді білесің бе?

– Білем ғой...

– Білсең, бұған қалай қарайсың?..

– Ой, аға-ай... Ол баяғыда базынасы бітпейтін қатар құрбылардың бірін-бірі кемсітпек болғанда айтқан әзілі ғой...

– Жоқ!.. Жоқ, балақай, бұл әзіл емес, бұның ар жағында үлкен шындық жатыр. Қайсы десең, айналайын балақай, ащы су ішкен кісінің буын-буынына тұз жиналады. Әне, сонан келеді де, бақай сыртылдайды. Гена! Түсінесің бе, гена дегенді? Кәне, сен өзің олай-бұлай жүріп көрші? Жақайым екенің шын болса, Құдай біледі, сенің де жүргенде бақайың сырт-сырт... ха-ха-ха...

Жуан қара шошқа жон жауырынын шиқылдақ орындықтың арқасына жыға сап, шалқалап қарқ-қарқ күлді. Алдына өңгерген көпшіктей қарынның кіндіктен төмен тұсы күлгенде іркілдеп, бүлк-бүлк етті. Алқымы толған бұғақ та бүлк-бүлк. Ұрты салбыраған екі бет те бүлк-бүлк. Бітік көз тіпті жұмылып кеткен. Ха-ха-а... Пысынаған кішкентай кабинетті басына көтеріп бара жатқан қарқылын ол кенет кілт тыйып, әлдеқайдан ұшып кірген бармақтай қара шыбынға қалт етіп арбалды да қалды. Үй ішінде бір жоғары көтеріліп, бір төмен түсіп айнала ызылдап жүріп алған шыбынның ізін аңдып, қолында желпуіш қып отырған газетті шоқпарша көтеріп апты.

Сен осы сәтті пайдаланып, жуан қараның көзін ала бере дипломыңды іліп алдың да, сыртқа ата жөнелдің. Сыртқа шыққан бойда есікті жылдам жауып, арқаңмен басып тұра қалғансың-ды. Көкірегін күлкі мен жас қысып тұр. Құлағы шыңылдады; шеке тамыры солқылдатып әкетіп барады; шыңылдап миын шағып тұрған құлақ емес, әлгі Жуан Жақайым қуалап кеткен бармақтай қара шыбынның ызыңы сияқтанды. Есіктің аржағынан әлдене сарт етті. "Қатырдым! Қатырдым, бәлемді!". Сен алды-артыңа қарамай, жүгіре жөнелген едің-ау. Бір жерге бас сұқпай, тура стансаға тартқансың-ды. Сол күні Алматыдан Бәкизат келетін...

Оған, міне, он үш жыл. Жуан Жақайымды сонан қайтып көрген жоқ-ты. Жо-қ, бір рет көрді. Онда да көп жыл өткен соң астанада болған бір жиналыста сыртынан көргені бар. Бірақ тілдескен жоқ. Алайда оның аузынан есіткен сондағы сөз әлі құлағында. Әлі күнге біреу болмаса біреу бұған "боқмұрын қара" деп кемсітетіндей өз-өзінен қуыстанып тұрғаны. Ал, Бәкизаттың анасы... бұның қайын енесі күйеу баласының қазір де қырып жүрмегенін көзіне айтады...

Жә, құрсыншы, қайын енеде тұрған не бар. Ол қақсал да бұлардың о бастан-ақ бұлталақтап басталған берекесіз өмір жолында кездескен көп ит-ырқылжыңның бірі ғой. Бұл қазір соның бірін ойлағысы келмеді. Бірақ ойламайын десе де жапан түзде жалғыз тұрған кісіге қайдағы-жайдағы үйір. Әсіресе кәрі қақсал есіне жиі түсіп, реніштi көңілді ылайлап тұр; қайын енесі бұны бұрын да адам құрлы санамайтын. Тек, әйтеуір қызының қойны құр жатпасын деп, жоқтан тәуір, ер-қара көретін. Оны кәрі қақсал Құдайдан да, адамнан да жасырған емес. Бұған жыны келгенде: "сені адам қылған біз" деп бетіне айтады.

Обалына не керек, қалада да, далада да тамыр-танысы мол қайын жұрты бұны "ә" дегенде-ақ ағыны қатты судай ала жөнеліп еді; бірақ сорлатқанда бұл серікке жарамады; та лай рет бұны жоғарылатып, қалаға көшіріп алмақ болғанда, талапсыз ынжық неме көпір аузында аяғын баспай табандап тұрып алатын тартыншақ түйедей, жеме-жемге келгенде жетекке ермей сорлатты. Бұның өзіне қалғанда, болашақ тағдыры белгілі: Арал-Арал болғалы қазақтан тұңғыш шыққан дипломды балықшы деп бұны көрмеге қоятын түйедей, бойын сорайтып бір жиналыстан соң бір жиналысқа сүйрелеп жүрер ме еді? Болса да, бұны қайын енесі "дипломды балықшы" дейді. Соны айтқанда жаны ләззат алғандай, рахаттана түсетінін қайтерсің! Қолдан келмейтін қиын шаруаның басы көрінсе, жымың етіп дереу қызына бұны ымдап: "оны ана дипломды балықшыңа айт. Осы күні малшы, егінші, балықшы дегендердің Құдайы беріп тұрған жоқ па. Жоғарыға солардың сөзі өтімді дейді ғой", – деп сиқырын ойнатып сылқ-сылқ күлетін.

Күлсін! Енді тіпті құмардан шығар!

* * *

Ұзын қара кісі ізінен әлі көз алған жоқ; назарын тіктеп, ізіне қараған сайын өзін-өзі танымай қалып тұр. Иә, бұл бұрын бұндай емес еді; ізі де басқа еді; аяғын сүйретіп басатын жігіттің сылбыр ізі соңында шұбалаңдап жатушы еді; ал бүгін бұған бірдеңе көрінді; әсіресе әне бір тұста аяғын арпаң-тарпаң басқан адуын қимылда қандай да бір жанын өртеген алапат ыза бар ма? Бірақ ол ненің ызасы? Құдай біледі, сол кезде түрі де келісіп тұрмаған шығар-ау! Қырауытып бүйе аяқтанып алған қалың қас үрпі-түрпі. Ағы басым ала көз ұясынан шыға ежірейіп кеткен болар. Бет алабы өрт сендіргендей түтігіп, тісі шықырлап, шойын қара жұдырық жеңнен зәрлене шығып, түйіле қалмады дейсің бе?

Бұныңды Бәкизат көрмеді. Бәкизат көргенде ащы мысқыл шапқан әдемі бетін саған бұрмай, тек қара көздің қиығын қадай тастар еді; бетіндегі мысқыл қара көздің жанарына көшкенше сазара қарап тұрар еді де, сосын: "ай, сенің осы ит мінезің-ай!" деп, сонан артық түк айтпай, бұрылып жүре берер еді.

Иә, ит мінез! Қайта, дер кезде үйден кетіп қалып абырой болды. Әйтпегенде, кім білсін, алаңғасар неме ашу үстінде не істеп саларын.

Қанша күннен бері жанын жеген ыза мен күйікті бұл сыртына шығармай, ішінен тынып өз қасіретіне өзі уланып жүргенде... Қап, не қыласың, Сары Шаяның... Сол пәленің жер астынан шыққандай сап ете қалғанын қайтерсің. Былайғы уақытта да қара аспанды қапылтып жүретін неме, әсіресе осы жолы үйі өртеніп бара жатқандай үстіне емпеледеп кірсін. Басынан бөркін жұлып алмағанда әлде қайтер еді? Ант соққыр неме, келе сала: "Ойбай-ау, не қып тұрсың? Бұл тұрысың қай тұрыс? Аналар бізді көп бидай ішіндегі жалғыз арпадай тұншықтырып өлтіргелі жатыр ғой? Ойбай-ау, ер намысы қайда? Жарайды, сен ер намысын, еркек намысын аяққа бассаң бас, ал ру намысы бар емес пе? Ру намысы үшін баяғы ата-баба басты оққа байлап шықпаушы ма еді? Сен шықпасаң, мен өзім шығам. Осы жолы қан шығарам. Я, өлеміз. Я өлтіреміз. Қан шығарамыз!" – деп, дір-дір етіп, басынан бөркін жұлып алып еді; әр жер-әр жерде сілтіге жидіген мес қылшығындай бозғылт шаш арасында сіркедей-сіркедей тер шүпірлеп тұр екен. Онсыз да сіркесі су көтермей тұрғанда, мына жексұрынның бөрік асты буланып тұратын ақ шанаш басы жынына тимесі бар ма.

Жә, жә, жыныңа тиген сол ма еді? Басқа еді ғой. Иә, басқа еді. Сары сайтанның, сол арада: "еркек намысын аяққа басып тұрсың" – деп, әдейі арыңа тиіп, тұщы тәніңді ащы тілмен шаяндай шаққаны жаныңа қатты батқан-ды. Жүйкесі құрғыр онсыз да үзілетін жіптей ширығып

тұрғанда, насырын шұқып "өлмесең тұрма" деп отқа итере бергесін, қанша шыдамды болса да, сол арада өзін ұстай алмай қалған-ды. Сондағы өз қылығын еске алса, бұл қазір де осынау аңыраған ашық теңізде ақ қар, көк мұзда тұрып та ұяттан өліп кете жаздайды... Ит мінез!.. Өтірік пе? Ит мінез емес пе бұның бүгінгі күні үйге, түзге сиғызбай шығынып теңіз үстіне шығып кеткені?

* * *

Кешегі қара суықта балықшылар ауылының бет алдындағы қолтық ұстасқан-ды. Сонан артына бірер күн салғасын сыпыра жағалау еңіреп қатып, көкше мұз көз ұшына асып кетті. Бүгін үйден азанда жын ұрғандай атып шыққан ұзын қара кісі жаңа қатқан жас мұздың кісі көтеретін жеріне дейін барған еді де, тоқтаған еді. Қазір, міне, түс ауды. Қысқы күн кешке тақады; ұзын қара кісі азанда кеп тоқтаған жерден әлі тапжылған жоқ; сол баяғы бір орында тұра-тұра табанынан ызғар өтті; тоңазыған дене оқтын-оқтын тітіркеп қалады; бұл бәрібір тырп еткен жоқ; келген ізбен кері қайтуға бетінен басады; ал не де болса бүгін ертеңгісін бет алып шыққан жаққа маңдай түзеп тарта берейін десе, оған... алды бір аттаса – қара су. Оның арғы жағы буланып жатыр. Ұлы теңіз ашулы. Әсіресе осы жолы өз-өзінен долданып, өкпектеп өкіреді. Қалған дүние жым-жырт.

Таң алдында жауған қардан кейін осынау буалдыр мұнар ішінде түсі суық түксиген дүние – мұз да, жер де – түгел аппақ. Айнала төңіректе көзге ілінер қарайған жоқ. Тек соңында шұбаланған сілбу із әне бір тұста әлденеге ширығып, әрі-бері адыраңдаса да, ақырында о да сүлдері құрып, әлсіреп, аяғының астына жығылыпты. Ұзын қара кісі сәл қозғалса да табан астында жатқан сылбыр неме қазір-ақ сүлдерін көтере түрегеп, бұралқы иттей беті ауған жаққа лағып, сүмпең-сүмпең шоқыта жөнелетіндей.

Ұзын қара кісі мырс етті. Неге күлді? Ізге ме? Өзіне ме? Соның қайсысы болса да, Құдай біледі, бетіне шапқан тағы бір реніш жүрегін де өртеп кетті. Іші де ит талағандай алау-далау болар-ау? Кім білсін, Бәкизаттың жүйкесін құртып біткен мына сылбыр із бүгін бұның да шамына тиіп, өшін кімнен аларын білмей тұр ма? Кімнен? Адам шіркіннің кінәлі өзі болса да, кінәні басқадан іздейтіні не? Міне, бұ да басындағы бар пәлені өзінен, өзінің болып болған болмысынан көрмей, әлдебір ізден көретіні не? Айтса да, бүгін жерге сыймай, жаны ширыққанда бұны алды артына қаратпай, аңыраған ашық теңізге қуып әкелген із емес еді ғой? Қайта осы ізді осы араға сүйретіп әкелген бұның өзі емес пе еді? Иә, езі еді. Есі дұрыс кісі, сірә, ізді өзінен, өзін ізден айыра ма? Міне, түнде жауған үлпілдек ақ қар бетінде үйірінен адасқан саяқ аттай жапан түзге шығынып кеткен жалғыз кісінің соңында сүйретіліп жатқан ізге ой меңдеткен жанары қайта-қайта сүрініп тұр. Өмірден шаршаған адамның сүйретіп басқан сілбу ізі басқа

емес, бұныкі... Және бұның өзін паш етіп тұр. Ізі – өзінен, өзі – ізінен аумайды. Соны біле тұра өзіне егіздің сыңарындай ұқсайтын ізден бұл неге ат тонын алып қашады? Жазған-ау, жер басқан пенденің соңындағы із бен қасындағы көлеңкесінен қашып құтыла алмасын шыныменен білмей түр ма? Басынан кешкен берекесіз тірлік пен тәңірі берген ит мінезді айдалаға алып шығып, табан астындағы тұңғиықтың түбіне батырып кете алмағасын, қара етіктің табанына салып мыжғылап тұра бермек пе? Ұнатпағанның бәрін бойыңнан аластап арылмақ болсаң, бұрын қайда қалдың? Бұрын сондай ой басыңа неге келмеді? Бұрын сен басқа едің-ау? Бұрын теңіз өңірінің сүргіні таусылмайтын сартылмен жүргенде ұзақты күн сарсылып ізіне қарамақ түгіл, әлде қалай мойын бұруға да уақыт таппайтын. Иә, күні кеше осы дүние басқа еді. Сен де басқа едің. Сонан бері ай орнында. Күн орнында. Ел аман, жұрт тыныш. Бірақ сен басқасың. Саған бірдеңе көрінді. Ендеше бұл өңірдің халқына да бір пәле көрінді. Әйтпесе... баяғы заман боп бүгінгідей ауыл алдындағы қолтық ұстасқанда, қазір ғой бұл елдің ер-азаматы көтеріле мұзға шығар еді.

Ондай кәделі күні, әдетте, сен елден бұрын тұрар едің-ау! Апыл-ғұпыл киіне сала ат қораға барар едің. Кеше кешкісін қаусыра салған есікті қайыра ашқанда, ар жағынан көк құрақ исі бұрқ ете қалар еді; ат қораның әрірек түбінде басын ақырға сүйеп тұрған торы төбел бірақ былқ етпес еді; басына жүген кигіз, қарысқан тістің арасына темір ауыздықты сылдырата күштеп сал; сосын ертте; сосын жер сызған қарнын жоғары көтеріп қос тартпаны қатар тартып жатсаң да, жануар былқ етпей мүлгіп тұра берер еді; сонан тек өңкиген ұзын қара кісі үзеңгіге аяғы тиер-тиместе лып етіп үстіне бір-ақ ырғығанда, қара білек мықты ат белі қайқая бір ыңыранар еді де, денесін тез жиып ала қояр еді. Осыған дейін мүлгіген көз кенет шоқ жайнап, жан-жағына жанары жайнаңдай қарар еді де, тізгінін созып, өзінің жаз бойы жайылған ауыл сыртындағы қара оты мол дағдылы өрісіне қарай безектеп аяқ баса жөнелер еді; сен бірақ оны бас еркіне жібермей, қарулы қолдың қатты бір қимылымен теңізге қарай бұрып алар едің. Өз дегені болмаған ат "ә" дегенде басы бұлталақтап олай бір, бұлай бір бұрылар еді; төрт аяқ құдды тұсауға күрмелгендей тыпырлап басар еді; сен де ат мінезін ұнатпай, қос тізгінді қолыңа дереу жиып алып, тырп еткізбей тұқыртып ұстар едің. Қос бүйірге темірдей қадалған тақым қабырғаларды қаусатып жіберердей қатты сығыммен қысып-қысып жібергенде, жануардың ертеден бергі құрысы тарқап, бауырын кере сыдыра жөнелер еді-ау!

Сықырлаған сары аяз. Күн шырадай тымық. Бірақ соқтыра жөнелген ат екпінінен бет алды қапелімде желденіп, көңіл шіркін ұшатын құстай қанаттанып жүре беретін. Жақында жауған қарды сары аяз сыға-сыға, қазір тіпті сығымдалып сіңірленіп қалған. Ала-беле борасын үрген тұста қар бел алып, құдды қанатын жайған керегедей бөріжалданып күдірейіп жатқан күртікті, бұл кезде тақымы астында төрт аяғы

денесін ауырламай құп-қунақ басқан тор төбелдің тағалы тұяғы күтір-күтір ойып, қайсы бір омбылаған-омбылаған жерде тізесі дірілдеп тұрып қалмай, қайта өршеленіп, алдына қарай омыраулай ұмтылып, тағы бір белеңге алып шығар еді де, балықшылар ауылының бет алдындағы қара жардың құлауына қалай іліккенін білмей қалар еді-ау!

Шіркін, сол күндер-ай! Бұл қара жарға қалай ілікті, солай дереу ат басын тартар еді. Ер үстінде бойын тіктеп көтеріліп отырар еді. Сонда қыран ұшар биіктен етекке көз жібергенде осынау жарық дүниені алып жатқан теңізді алқап аспан астына симай далиып кетер еді ғой! Жағалаудан бастап ұстасқан мұз көз ұшына барып қалған. Соны көргенде сен де жымың етіп, кезің күлімдеп қоя беретінсің. Жүзің сәтте нұрланып, көкірегі құрғыр кеудеге симай, қазір-ақ құс боп ұшатындай, ат аяғы басып тұрған қара жер тап қазір табан астында бар ма, жоқ па, сезбеуші еді-ау! О, дүние! Опасыз сұм жалған! Асылы, айналайын, ата-баба мал соңында қоңын күн тесіп жүріп те көкірегі көп нәрсені сезген ғой. Солар еді ғой "өткен күнде белгі жоқ" деген. Белгі болса, ал, кәне, тірлік қазіргідей тұйыққа тіреліп, тарығып та торығып тұрғанда баяғы күндердің бірі болмаса, бірі көзге көрініп, тым құрыса, көңіл делбеуге жарамас па еді?

Асылы, пәтуасыз өмір жұмыр басты пенденің басынан өтпегей... Ал бастан дәурен өткесін-ақ пәни дүниенің айы да, күні де, жылы да түз қашағаны түлкіге айналып, бұлталаққа сап ізінен адастырып бағады. Міне, бұ да осы өңірдің теңізі мен даласында өзі шарлап тастаған сонша іздің бірі болмаса бірінен қолға ілігер тиянақ таба алмай, торығып тұр.

Кісі шіркін қажығанда тән ғана тоза ма десе, жады да ит жыртқан қара терідей ырым-жырым бола ма, қалай? Бұл жаңа ар жағынан соқтыртып кеп, қара жардың ұшар басына іліге бере ат басын тартып еді-ау... Сонан кейін... Бәсе, сонан кейін не боп еді? Иә, есіне түсті. Қара жардың құлауынан қиялап түскесін бұл торы төбелді жағалаудың селдір қамысының шет жағына тұсап қалдырар еді де, арғы жағына жаяу кетер еді; бірде баяулап жай жүріп, бірде аяғын шапшаңдап жедел басып келе жатып, күдік туған жерге кілт тоқтай қап, кілегей көк мұзды сіреу ұлтан қара етіктің тақасымен солқылдатып қатты-қатты тебер еді; сонан ары бір жүріп, бір тоқтап жаңа қатқан жас мұздың кісі көтерер жеріне дейін барар еді; ертең мұз үстіне шыққалы отырған балықшы ауылдың ер-азаматына қарақшы тігер еді; қолтығына қыса келген бір бау қамысты көк мұзға құдды белін буған баладай құнтитып қадап, жылда дәл осы кезде қайталап отыратын кәделі бір шаруаны тындырғасын көңілін пірлеп қайтатын. Бірақ, оның бәрі бұның басынан баяғыда өткен. Ал бүгін?.. Бәсе, бүгін ше?

Ұзын қара кісі еңсесін тіктеді. Бүгінгі күннің бұнан бұрынғы күндерден айырмасы қандай екенін білгісі келгендей, әуелі айнала

төңірекке көз салды. Сосын соңындағы шұбалаң ізге назар аударды. Кезі қайта түскенде, жүрегі дір етіп шошып қалды. Мына із не дейді, әй? Мынау құдды жарым жолға жеткенде тақым астында титықтап зорыққан көліктей сүлдерін сүйретіп кеп, аяғындағы қара етікке басын сүйей жығылған ба, қалай? Жүрімі бітіп, жолы таусылып титықтап тоқтаған жері осы болғаны ма? Жәдігер: "Жоқ! Жоқ!"–деп, жаны ышқына айқайлап жібере жаздап, ерні дірілдеп, өзін әзер ұстап қалды.

Жә, кісіден көретін не бар. Бұның басына қара бұлт үйірілген бақытсыздыққа кінәлі біреу болса, ол басқа емес, бұның өзі еді ғой. Өзі кінәлі еді ғой! Бәкизат?.. Жоқ, онда кінә жоқ. Қайта ол бір пәленің боларын сезгендей, бұған: "демалысқа бірге барайық!" деді; "ерлі-зайыпты боп, тым құрыса биылғы демалысты бірге өткізейік. Астанаға баралық. Баяғыда бірге оқыған қыздар мен жігіттерге кездесейік", – деп, алдынан өтпеді ме? Астанаға жалғыз барса, Әзімге кездесетінін ол білді. Оны сен де білдің. Көрінген еркектен қарадай қызғанып, күйіп-пісіп жүріп, сол арада не қара басқанын қайдам. "Өзің бара бер, дем алып қайт. Мен кетсем балық ауланбай қалады. Онсыз да үкіметке тапсыратын жоспарлы балық бұл айда тағы да орындалмай, бастықтар жанымды алып жатыр"– деп... О, сорлы!

Сорлы-ау, біле білсең, Әзімнің қойнына өзің апарып салып берген жоқсың ба? Сүйте тұра, бишара әйелді кінәлап... кінәлап қана қоймай, көк ала торғайдай ғып сабап, өлтіре жаздағаныңа жол болсын. Он үш жыл бір түндік астында бірге тұрғанда тірі жан бетіне жел боп тимеген ерке әйел сенің сондағы сорақы, масқара қылығыңды кешпес еді ғой; тек, қайтсін, араларыңдағы екі жапырақ бала қолын байлап... үзілген жіпті жалғағандай, лажсыз көнсе көнген шығар, тек кешті дейсің бе... Ол өзі сүйекке басылған таңбадай өле-өлгенше бітеу жара боп қалатын өрескел оқиға еді. Есі бар кісі, тым құрыса, сонан кейін Бәкизатты ренжітпей, айтқанын істеп, айдауына жүрер еді.

Ал, бұл... Апырай!.. Апырай, бұрынғы кінәсінен арыла алмай, қара бет боп жүріп... Бишара әйел Сырдария сағасында қостанып балық аулап жатқан кісілерге барғанына қарсы боп: "Бармайсың! Жібермеймін! "деп қасарысып алғанда... неге көне қоймады? Сол арада айтқанын істеп, көне қойғанда... онда, кім біледі, бұл жағдай болар ма еді, болмас па еді? Сен де "бармасам болмайды" деп безектедің. Айтқанын істетіп үйренген әйел көне қоймағаныңа қитықты ма, әйтеуір, о да: "сен жазған көк теңіздің қашағанын қуып аулаймын деп, қатын-балаңды да ұмыттың. Теңіз асып осы тентірегенің де жетер. Енді ешқайда жібермеймін. Бармайсың!" деп еді; бұл қалай да жүру керек екенін айтқалы оқтала бергенде, есік алдына кеп тоқтаған колхоздың ескі машинасы жүру керек екенін еске салғандай, бақырып-бақырып қалды. Жолға шығарда жүз грамды қағып алатын шофер ілешала тағы да бақыртты.

– Қазір!– дедің сен. Жыпырайған май-май кепканы көзіне басып киіп, бір езуінде темекі бықсытып, безеу беті тершитін де жүретін осы немеге жыны келіп тұр. Иттің өзі сияқты алқам-салқам машинасы да бақырауық түйедей бақ-бақ ете ме, қалай?

– Бәтіш айналайын...

– Бармайсың!

– Бәтіш... Ақылың бар еді ғой... Түсінші, бармауға болмайды.

– Түсінбеймін. Түсінгім де келмейді. Балық десе, балықшылар десе, қатын-баланы да ұмытып...

– Түһ, айналайын-ай... Саған не болған... Тыңдашы!

– Тыңдамаймын. Ешқандай сөзіңнің керегі жоқ.

– Осы жолы бармасам, олардың бетін ертең қалай көрем? Ол пақырлар ана жақта ала жаздай үй көрмей, Сырдарияның сары масасына таланып жатыр. Өзің айтшы, олардың жағдайын мен барып білмегенде, кім біледі? Қара сирақ балықшы кімге керек?

Бәкизат үндемеді. Қиылып айтқан әлгі сөздерің жетесіне жеткен сияқты еді; сен түсін бермей, сырт айналып тұрған тік мінез, тәкаппар әйелге қатарласа бере бауырыңа тартып құшақтамақ болып едің, Бәкизат қолыңды қағып тастады.

– Бармайсың!

– Бәтіш, айналайын... осы жолы тағы бір сынап көрші. Оллаһи, барам да қайтам.

Бәкизат ләм-мим деместен ширақ басып сыртқа беттеді. Сен ұмтылып, ере түстің. Бірақ қатты жапқан есік қос босағаны солқ еткізе сарт еткенде, селк етіп ілгері созған қолыңды жия алмай қалшиып тұрып қалғансың-ды...

* * *

Шофер үнсіз кеп, қасына отырып жатқан бұған көз қиығын май-май кепканың күн қағары астынан тастаған еді; әншейінде жолға шығар алдында жүз грамды тастап алатын ыржақай жігіт бастығымен құрбысындай қылжақтасушы еді; осы жолы бастығының іштен әлденеге түсі қашып, сасқалақтап шыққан түрін көрді де, жым болды. Шынашағына қалайы сақина салған қолын рөлге асып тастап, үнсіз әмір тосып отыр.

– Кеттік!

– Мәмент.

Құнжыңдап, екі алақанына кезек түкіріп алды. Газ басар алдында да құнжың-құнжың етіп әуелі аяғының астында, сосын алдында ілініп-салынып тұрған бірдеңелерге үңілді. Сонан соң ғана газ басты. Газды басқанда ертеден бері капот астында бірдеңесі шақылдап, бірдеңесі тақылдап дүрс-дүрс ұрып тұрған ескі мотор дегеніне көнбей қыр-р етті. Шофер күйіп-пісіп, "шешеңнің шестернасын е...." деп боқтап бірдеңені теуіп-теуіп қалғанда, аржағынан тағы бірдеңесі дыр-дыр етіп, тұла бойы селкілдеп ала жөнелген алқам-салқам машина ыңыранды да, төрт аяқтап тұрған жерден әрең-әрең жылжыды-ау, әйтеуір.

Әр кездегісі осы. Оған бұл сыр мінез. Оған осы ауылдың халқы да үйреніп, еті өліп кеткен. Ыза болғанда шофердің осылай қара темірді шешесінің шестернасынан бастап боқтайтыны, онан бірдеңелерді тепкілейтіні, онан капотты сарт-сұрт ашып жабатыны, тақа болмаса шақылдаған бірдеңелерді шөппен шұқылап түкіріктеп-түкіріктеп алатынына дейін бұл өңірдің кісілеріне таныс. Қырылдаса қырылдасын. Дырылдаса, дырылдасын. Қалай десе де, әйтеуір балықшы ауылдың ылаждап аяқ артып отырған жалғыз көлігі. Қалай десе де, әлгілерден кейін бірдеңе қып қозғаларын біледі. Қозғалғасын далада қалдырмай, баратын жерге бірдеңе ғып жеткізерін біледі.

Ал енді бар-ау... тосыннан көрген кісі бұны адам кәдесіне жарайды деп, сірә да дәме қылмайтын. Тұла бойындағы темір атаулылар тот басқан. Ағаш атаулылар әлдеқашан бояуы оңып, сыры кетіп, қиюы қашқан. Шегелер босап, бөлек-салақ бірдеңелер былқылдап-сылқылдап әзер-әзер ілініп тұрған атам заманғы ескі машина алдынан бұрағанда болмаса, от алмайтын. Бір сөнсе, от ала қоюы қиын болғасын шофер жігіт әдетте қонған, түстенген жерде болмаса, қалған уақытта анау-мынау тоқтағанда ескі мотордың отын өшірмей ентіктіріп қоятын-ды. Соған қарамай жүргенде желдей еседі. Жолға түсіп заулап жүріп кеткесін, ол қашан майы, суы таусылғанша тоқтап көрген емес-ті. Төрт доңғалағы аман болса, осы жолы да бас айналып баратын без жүз шақырым жолға ел жата апарарын білді.

Машинада айта қалғандай жүк жоқ; тек ауылдағы қатын-баланың ана жақта қостанып балық аулап жатқан ер-азаматтарға беріп жіберген азын-аулақ шай-су, жылы киім-кешектер бар.

Салдырлақ машина көзді ашып-жұмғанша балықшылар аулының жел жағында жотасы күдірейіп жатқан мыжырық ескі тау – Бел-Аранның кезеңінен асып түсті. Тұла бойы күж-күж қара тас басқан мыжырық тауды артқа тастағасын-ақ ұзақ жолдың алды ашылып сала берді. Бір жағы – көк теңіз. Екінші жағы – жаз басынан шөбі құрап, сары лай теңіздей сарғылтым тартып жатқан шетсіз-шексіз дала. Теңіз бен

даланың арасынан әрқашан ирелеңдеп, үнемі ілгері қарай жетелеп отыратын айдау жолға бір түсіп алған алқам-салқам машина әлгі сары лай даланың шаңдағын бұрқылдатып салдырлап-күлдірлеп жостыртып келеді.

– Бала,– дедің сен былай шыққасын шоферге бұрылып,– балықшыларға бір қонамыз да, ертең ертелете қайтамыз.

Шофер мырс етіп, май-май кепканың күн қағарын көзіне түсіре басып қойды.

– Неге күлесің. Айтқаным айтқан. Бір қонамыз да, ертең ертелете жолға шығамыз. Қалайда ертең кешке үйде болуымыз керек.

– Басмотрым, бас-еке...

– Сөзді қой. Бас қамшыны! Зарлат!

– Мәмент, басеке.

Сүйдеді де тағы да екі алақанына кезек түкіріп, құнжыңдап рөлге жабысты. Қызық жігіт: жолға шығайын деп отырып та арақты дастарқан басындағы кісілердің бәрінен көп ішеді. Қырлы стаканға құймай, құмырсқа бел, қылмиған рюмкаға құйған арақ алдына келсе қабағы түсіп кетеді: "Мынау не? Онан да оймаққа құйып бермейсіңдер ме? Бұны көзге тамызбасақ, қалай ішеміз,"– деп жұртты ду күлдіреді. Сосын бөтелкеге ұмтылып арақты кесеге, немесе қырлы стаканға толтырып құйып, шімірікпестен тартып жібереді.

"Пай! Пай, сексеуілдің шоғын жұтқандай болдым-ау",– деп, жұртты тағы да ду күлдіреді де, маңдайынан бұрқ ете қалған терді сүртпестен рөлге отырады. Тұла бойы тегіс балбырап, қарсы алдынан соққан түнгі самалға омырауын төсеп жүргенді жақсы көреді.

Ондайда әлдебір асығыс, қауырт шаруа алқымнан алып, амалы құрып тұрған біреу болмаса, басқармадан басқа кісі бұның машинасына міне қоймайтын. Үйткені бұл ауылда салдырлақ машинаның маңдайындағы екі фардың екеуі бірдей істегенін ешкім көрген емес; теңіз өңірінің не бір көзге түртсе көрінбейтін тастай қараңғы түндерінде аң жортпаса, адам жүрмеген жапан түзде қақ маңдайындағы екі жарықтың бірі сөніп, бірі жанып шайтан отындай жылтылдап келе жатады. Өлеусіреген сәуле бірде оң, бірде сол жақта сығырыңдап, әлгінде ғана бас-көзіне қарамай салдыр-күлдірлеп келе жатқан машина кілт баяулап, соқыр кісіше жолын сипалап қалады.

Осы жігіттің қылығына ыза болғанда қуып жібергісі келеді. Жапырық кепканы көзіне түсіре басып киіп, тіл жағы байланғандай тұнжырап алатын жігіттің арақ ішсе аузына тыным жоқ: өздері қонақ

болған үйдің әйелін әңгіме қылады. Ішкен-жегенін айтады. Тақа болмаса, моллалармен бірге пәленшекем-түгеншекемнің жаназасына кіріп, ақ арулап, ақирет сапарына шығарып салғандарын айтып, қасындағы кісіге жалтақтап отырғаны. Ал егер, тыңдауға зауқың болмаса, е, онда басың пәлеге қалды дей бер. Ол онда бір қолын рөлден босатып алады; сосын қасындағы кісіні бүйірден түртіп қалады. Не иығынан тартып, өзіне қаратып бұрып алады да, әңгіме соғады. Бұндайда "кезіңе қара" деген – шамы. Бұралаң жол бабын таптырмай, бұлталақтап келе жатқанымен ісі жоқ; екі көзін алдынан айырмай, жағаласып отырудың орнына, ол енді басын тұсындағы терезеден сыртқа шығарып, машинаның үстіндегілерге дауыстап тіл қатады.

Сен жол үстінде онымен сөйлеспейтінсің-ді. Осы жолы да оған сыртыңды беріп, тұсыңдағы әйнектің ар жағында сұлап жатқан кең дүниеге көз тігіп алғансың. Ауылдан шыққалы көкірегі құрғыр ит талағандай, алау-далау: ойламайын десе де, ойынан Бәкизат шықпады. Әсіресе жолға шығар алдындағы суық кескіні көз алдына тұрып алғанда бір-екі рет жарты жолдан қайтып кеткісі келді. Бәкизаттың жайы мәлім: көңілі қалса – қайтымы қиын. Көрерсің, ол енді кешірмейді.

Жазған басы, апырай... Ана жолы бұған бірдеңе көрінді. Өмірінде істемегенді істеп есінен тандыра сабағаны несі? Соның бәрі ішкеннің кесірі. Жоқ! Жоқ, ішкенге дейін де қызғаныштан көкірегі қарайып, бір жамандыққа ойы ауып жатқан үстіне аяғын ұшынан басып әйелі кірді. Жоқ, бұл кейін болған-ды. Оның алдында бір күн... Жо-қ, екі күн бұрын Бәкизат демалыстан оралған екен. Бәкизат келген күннің ертеңіне Амудариядан сен де оралғансың-ды. Несін айтасың, көңілдісің. Тұщы судың лай балығына қарық боп іші-сыртың майланып қайтқан сапарың. Бәкизатқа сапарлары сәтті болғанын айта бастап еді, бірақ ол тыңдамай, миығын тартып күлді де, тұрып кетті. Түрегеле бергенде үстіндегі осы жолы астанадан киіп келген алды ашық халаттан жас әйелдің күн тимеген аппақ тәні жарқ етіп, жанарын арбап алған-ды. Сен өз әйеліңе өзің қызығып, сонан қашан төсекке жеткенше тақат-сабырың қалмай, шыдамсызданып біткенсің-ді. Бірақ бұның сорына... Иә, бұның сорына Бәкизат жатарда төсегінен жерігендей ана жақта ұзақ жүріп алды. Бұл әрі-бері күтіп жатқанда көзі ілініп ұйықтап кеткенін сезбей қалған-ды. Бәкизат ертеңіне тағы да үй-ішінің шаруасын істеп, түн ортасы ауғанша төсегіне жуымай жүріп алғаны жынына тиді. Ерегіскесін, енді сен де ұйықтамай, күте-күте төзімің таусылып жатқанда, есік сықыр етіп аяғын ақырын басқан әйел ай сәулесі түскен бөлмеге іш көйлегі ағараңдап кіріп келе жатты.

Құрсын, ар жағын ойлағысы келмейді. Абыройсыздыққа көрінді ме, бұл өмірі істемегенін істеп, бір бөтелке арақты басына бір-ақ көтеріпті. Бұрын татып алмағасын ба, отырған жеріне ес-түсінен айырылып талып түсіпті. Сонан кейін не істеп, не қойғанын білмепті. Керек десе,

өзінің осы дүниеде бар-жоғын да білмей, есінен таныпты да, ми айналғандай қап-қара тұңғиыққа шым батып жүре беріпті. Сонан тек таң алдында жарық дүниеге қайтып оралыпты. Оны өзі біледі. Есін жия сала әйел үстіндегі астанадан киіп келген алды ашық әдемі халатқа құсы түскенін де біледі. Халатты өңірінен қос қолдап ұстап тұрып, кіжініп қатты жұлқып дар-дар жыртқанын тіпті жақсы біледі. Бұл тек сонан кейін не боп, не қойғанын білген жоқ-ты. Сонан кейін Бәкизатты көк ала торғайдай қып өлтіре сабаған өзінің өрескіл қылығын... Жоқ, оны білмеді. Ертеңіне есін жияр-жимаста біреу: "Әй, қанішер, тұр! Тұр!"– деп жұлқылап жатыр екен. Сен мына бір шаңқылдаған дауыстың кім екенін білген жоқсың. Шекесі жарылып барады. Көзін аша алмады. Шаңқылдаған дауыс бұны жағынан шапалақпен тартып қалды:

– Қанішер... Көр! Көр, не істегеніңді!

Бұл көзін әрең ашты. Аяғына әзер тұр. Әлі түкке түсінген жоқ. Түнде не істегенін де білмеді. Астанадан киіп келген әдемі жібек халатқа сонша неге өшіккенін де біліп тұрған жоқ. Неге өшіккенін білмесе де, сен бірақ сол арада кәрі қақсалдың сыртында бишара боп бүрісіп тұрған Бәкизаттың аяғына жығылғың кеп ұмтыла бергенсің-ді.

Кәрі қақсал шар етті:

– Ойбай, қаш! Мынау өлтіреді.

Сен кілт тоқтадың. Кейін қарай жалт бұрылдың да, ләм деместен теңселе басып шығып кеткенсің-ді. Кәрі қақсал сенімен сыртқа шалғайласып ере шығып, шабаланданған қаншықтай бір ана, бір мына жағыңа шығып, ызалы бірдеңелерді шаңқылдап келе жатты. Сен жұмған аузыңды ашқан жоқсың. Сол күні теңіздің ар жағында қостанып балық аулап жатқан кісілеріне тартып кеткен-ді. Сонан араға талай күндер салып қайтып оралғанда, Бәкизат үйде жалғыз, ертеңгі сабаққа даярланып отыр екен. Бәкизат басын көтерді. Салқын қабақ астынан сұлық қарады. Көріп тұр: жүдепті; үсті-басы кір; сақал-мұрт өскен; ағы басым ала көздің жанары сынық. Стол шетін саусағының ұшымен ысқылап тұрып, жаңа өзін көргенде сазара қалған әйелдің сүлесоқ кескініне жасқаншақтай қарап еді.

– Иә, тағы сабағалы тұрсың ба?– деді ол.

– Кешір... Өтінем...

Бәкизат үндемеді. Сен біразға дейін бата алмай тұрдың да, өрттей ыстық алақаныңмен әйелдің қалам ұстаған қолын сыртынан ақырын қысып едің, әйел қолын тартып алды.

– Бәтіш... Кешір. Не көрінгенін білмеймін, халат... Халатыңды...

жыртып...

– Халат? Ал, мынау не?

Бәкизат тік жаға көйлектің өңіріндегі түймелерді үзе-мүзе омырауын қатты жұлқып ашып жіберіп еді, ар жағынан әлде бір аюдай тырнақ әйелдің мойны мен аппақ төсін сау тамтық қалдырмай, қанын шығара осып тастаған екен. Мынаны көргенде зәрең ұшып кетті. Тіл-жағың байланғандай, түк айта алмай тұрып қалғансың-ды.

Бәкизат мырс етті де, сенің әр саусағы бақандай қолыңды ымдап:

– Бұның дәмін татқанбыз,– деді.

– Жоқ!.. Жоқ, айта көрме,– дедің сен дызалақтап,– Қанша ит... Иттігім болса да, саған... Жоқ!.. Жоқ, саған қол көтеруім мүмкін емес.

– Сонда кім?

– Білмеймін. Білмеймін. Құран ұрсын! Нансаң, халаттан басқа...

Шынында да осы күндері теңіздің арғы бетінде балықшы қоста жатып сол масқара түнді есіне түсіргісі кеп қанша ойласа да, халаттан басқа ештеңе есіне түспей қойған-ды. Құрсын, сондағы өзінің сорақы ісін ойласа, әлі күнге беті күйеді. Бәкизаттың айтқанына сенсе, бұл әйелді төсекке алып ұрғасын "енді балықшыны да байқап көр", – деп... О, масқара! Дудар бас дүр қара еркектің құдды жараған бурадай, аузынан ақ көбік бұрқырап, тісін шықыр-шықыр қайрап үйелмендей боп үстіне төніп келе жатқанын көргенде, онсыз да зәресі ұшқан тыр жалаңаш әйелдің бүкіл денесі бір уыс болып жиырылып, көзін тас қып жұмып ала қойғанын айтқанда, бұл соның ар жағын тыңдауға беті шыдамай, сыртқа ата жөнеліпті...

– Масқара! Масқара!..

Даусың қатты шығып кеткен-ді. Шофер естіп қалды ма деп ыңғайсызданып, көз қиығын қысыла-қысыла тастап еді. Құдай оңдап, шофер түкпен ісі жоқ, көзін алдына тігіп рөлге жабысып апты.

* * *

Бел-Араның кезеңінен асып, ұзақ жолдың алды ашылғасын бұ да қашаннан бері жанын жеп, жүрегін тырнап жүрген мазасыз ойдан арылғандай болды. Тер-тер беті түтігіп алған шоферға назар салған жоқ. Тағы да тұсындағы әйнектен далаға көз тігіп, телміріп қарады да отырды. Төбеде мөлиген көк аспан. Бір қапталда жарты дүниені алып жатқан көк теңіз. Сол екеуі ту-ту көз ұшында жігі білінбей, бір-біріне сіңіп кетіпті. Аспан да көк. Жер де көк. Күлімдеген көктен көзі талған кезде бір уақыт теңізден назарын аударып, жанында рөлге жабысып

алған шоферге бұрылды. Шоферде үн жоқ. Уақытты ұтқысы келгенде ұтырын тауып жолдан жалт бұрылады да, қай жылдан бері суы тартылып таңқылдап кеуіп қалған қайсы бір басаттың, қолтықтың тұзды сор борпылдап бетіне шығып жатқан аппақ ақ шаңдағын бұрқылдатып төтелеп салады. Баяғыда кеме жүзген қолтық, басаттардың бәрі қазір қара жер. Теңіздің бұл бетіндегі баяғы аралдар – Жалаңаш, Бұйырғынды мен сол анау көз ұшында бұлдырап қалып бара жатқан Көк-Арал – қазір қара жерге тұтасып кеткен. Баяғыда ата-бабалары қостанып жатып балық аулаған су ортасындағы сол аралдарды сен көбіне-көп шамамен ойша танып, көңілі құрғыр күні бойы құлазыды да отырды. Есіңе қай-қайдағылар түсіп, баяғыда осы елдің басынан өткен өмір бірінен соң бірі тіріліп жатыр. Өткен күннің қайта тіріліп жатқан елестері ызалы аш иттей, қасақана көкірегіңе жармасып, ащы тырнақпен аямай осып-осып алады. Кенет, елең етіп, еңсеңді тіктеп алдың: Әй-әй, мына шұңғыма шұқыр қайдан шықты? Бұл жерде дәл осындай қазан шұңқыр жоқ еді ғой? Тоқта... Бәтір-ау, мынау Шөміш-көл емес пе, әй? Тұзды сор бетіне шыққан мына қазаншұңқыр баяғыда балығы тайдай тулаған атақты – Шөміш-көл болды-ау! Ой, адыра қалған атамекен-ай!

Көзінің алды жыбырлап, жас дымдаған кірпік жыпылықтап кетті. Арғы жағынан лықсып келіп қалған ащы өксік алқымда тіреліп тұр. Ауыз ашса аржағынан ақтарылатындай қорықты да, дыбысын шығармай дір-дір етіп тістеніп отырып қалды. Көз қиығын білдірмей шоферге тастап еді. Құдай оңдап оның бұнымен ісі жоқ екен; екі көзі алда; сырқылдақ машина сарт-сұрт; салдыр-күлдір; бауырындағы төрт доңғалақ тұзы бетіне шыққан қазаншұңқырдың аппақ ақ шаңын бұрқылдатып зулап келе жатыр еді; кенет әлде бір шұңқырға бауырын сарт-сұрт соғып, сәл баяулай бергенде, соңында шұбалған аппақ сор сәтте лап беріп, алдына шауып ұйқы-тұйқы борап ала жөнелді. Кабина іші ұйтқыған ақ сорға толып кетті.

– Ну, сука... бля...

Бұлар Шөміш-көлді қысқа мойыннан кесіп өтті. Ал баяғыда, теңіз тартылмай тұрғанда... е, ол кезде Аралға атпен жүрген кісі Шөміш-көлдің басын айналғанда бір күн уақыт кететін. Көл маңы ол кездерде сыңсыған қамыс еді. Атты кісі ит тұмсығы батпай жарланып тұратын ну қамысты жалғыз аяқ жолмен жарып келе жатады. Жалғыз-жарым жолаушы кәдімгідей елегізіп, жолдың екі бетінде қап-қара боп түксиген қалың қамысқа жалтақтап қарап болатын. Сәл сыбдыр шықса да селк етіп, жылдам көз тігетін. Ілгерілеген сайын көлеңке қоюланып, білектей нар қамыстар биіктей-биіктей, бір кезде үстіндегі аспанды жауып алатын. Жел сәл білінсе де жер бетіндегі өсекші қатындар осы араға жиналғандай, жан-жағың сусылдай жөнелетін. Судыраған құрақ арасына жыбыр-жыбыр жан еніп, пыр-пырлап ұшып қонған әлде бір әнші құстарға толып кететін. Иә, бұл аралар бір кезде сондай болған.

Әдетте Бел-Аранның кезінен асып түскен жолаушы сонан қашан Арал қаласына жеткенше теңіз жағалауына иін тіресе қоныстанған Көл-Қора, Көк-Арал, Ақ-басты, Ақ-Еспе, Сары-Басат, Тас-Түбектегі балықшы ауылдардың біріне қонып, біріне түстенетін. Ол кездерде бір-біріне іргесін тақап отырған балықшы ауылдардың үрген итінің даусы естіліп жататын еді-ау! Сонан көктем шығып жер аяғы кеңігесін, кәделі айт-тойларда осы өңірдің халқы бір-біріне қайықпен су арқылы да, қара жермен бас жағалап келіп те, күндіз-түн ойын-сауық, күлкі, ән сап жатқандары. Енді, міне... Соның бәрі көрген түс пе, әлде сағым тарап алдамшы сиқырынан айрылған құла дала ма? Соның қайсысы болса да ауылдан шыққалы бұрынғы ел сыймайтын теңіз өңірі құдды кешкен ауылдың жұртындай құлазып тұр.

Бір кезде өздері қонған, түстенген үйлердің орнында қазір ошақтан от өшіп, опыр-топыр құлаған үйінділер жатыр. Қай жаққа қараса да, шырмауық өсіп, сораң басып жыныққан жұрт. Ара-арасында бота шайнаған аттың құйрығындай селтиіп шилер ақсияды.

Кабинаның есік-терезесі жабықты. Соның өзінде түс ауа шофер екеуінің қасы, кірпігі ақ айраңданып, көзі ашыды. Шөміш-көлді қысқа мойыннан кесіп өткен машина қарсы алдындағы ащы сораң өскен қайқаңға ыңыранып әрең көтерілді.

– Басеке,– деді шофер,– ана қызыл жарды көрдің бе? Есіңде ме, баяғыда осы жардың басында бір үй болатын.

Иә, көріп отыр. Құлаған үй орнында қам кесек үйіліп жатыр.

– Басеке, есіңде ме... бір жолы осы үйге қонған едік қой?– деді шофер әлденеге жырқылдап.

Онсыз да іші қан жылап отырғанда мына ыржақай жігіттің күлкісі ызаға тиді. Бірақ үндеген жоқсың.

– Қазір есіңе түседі. Онда теңіз жаңа қайта бастаған, – деді де, шофер басындағы кепканы шынашағына қалайы сақина салған қолының сыртымен желкесіне қарай ысырып қойды. "Шамасы, не алпыс бес, не алпыс алтыншы жылдың бірі болды ғой".

– Астымызда осы машина. Онда сыры жылтыраған, су жаңа. Мен де зарлатып айдаймын. Бір шаруамен аудан орталығына бара жаттық. Алдымыз кеш болғасын, жолда отырған осы үйге қонып едік...– деп шофер тағы да жырқ-жырқ күлді.

– Жә, жетер!

– Басеке, кешір. Қазір есіңе түседі. Келіншегі сұлу екен. Ал үй иесі кеш бойы көзін көтермей, кіндігінен төменгі жағын қызықтады да

отырды.

Есіңе түссе де, сен бірақ түсіңді бермей үнсіз отырсың.

– Апырай, сонда мына қазандай баста колхоздың уайым-қайғысынан басқа ештеңе болмағаны ма, әй?!

Шофер деуін десе де, жол бойы сенің қабағың жадырамай, кірбиіп отырған көңілсіз кескініңе жалтақтап қарап алды.

– Не басыңды ауыртайын. Шам сөнген бойда, бір Аллаға сиынып аяғымды мысықша басып барсам, мә саған безгелдек... келіншек күйеуінің құшағында ұйықтап жатыр. Жүрексініп тұрдым да, сосын... шортснам дедім де, от жағынан қол салайын. Құдай біледі, есіңе енді түскен шығар?

– Айта бер!

– Келіншек шар ете қалды. "Кет! Кет, мына шіркін қайтеді, әй?" деп айқай салды. Ірге жақта жатқан күйеуі ұйқыдан ояна сала, бүйірін тыр-тыр қасып: "бұл қайсың, әй?" деп гүж етті.

Құрсын, сол түні ұйқы ұйқы болмай, таң атар-атпаста тұрып жүріп кеткен-ді. Шыны керек, осы жігіттің көп қылығы ұнамайды. Бір жолы қаладан қайтып келе жатқанда жол қысқарсын деп шоферлардың әдетте оны-пұны салатын ұры қуысын қарап еді, ыбырсыған қоқыр-соқыр арасынан екі кітап шықты. Бірі – орысша. Екіншісі – арапша. Орысша кітаптың мұқабасында үш тонналық жүк машинаның тасқа басқан суреті де, ал арапша кітап – құран екен. Алла тағаланың жұмыр басты пендесіне көктен тастаған қасиетті кітаптың әр жеріне мазут жұғып қарала дақ түскен күйсіз беттерді ілгерілеп ашып еді, ар жағы да келісіп тұрған жоқ екен. Қай бетте де ет жеген қолдың майы сіңіп, бас бармақ пен басқа да саусақтардың ізі баттиып-баттиып қапты.

– Әй, сен осы... комсомол емес пе едің?

– Болғам, басеке.

– Мынау не?

– Жит нәді, басеке. Жизна хреновато. Сосын, аздап молдалық қылам.

Ой, заңғар-ай, беті бүлк етпеді. Теңіз тартылғалы бұл өңірдің халқының ісі мен мінезі ұсақтап барады. Ел ішінде ырым-жырым көбейіп, садақа, жаназа десе, жұрт жұмысын тастай жүгіреді. Бұрынғы активтердің көбі қазір басында сәлде, қолында Құран; бала піштіргенде, өлік жерлегенде, үшкіріп-түшкіргенде әсіресе пітір-зекет тиетін тұстарда, бір кездерде "Құдай жоқ! Құдай жоқ" деп, халықты қырып жібере жаздаған қызыл көз белсенділер қазір молла жанында

мүлгіп отырғандары. Осы жігіт те әне бірде алыс жолдан шаршап келгеніне қарамастан шаң-шаң машинасын үйге тұмсығын тіреп қоя салды да, жаназаға жүгірді. Көріп түр: жүгіріп бара жатып басын сүлгімен орап ала сала, сапта тізілген ақ сәлделі шалдардың арасына зып беріп кіріп еді; үсті-басынан аңқып қоя берген арақ пен мазут исі мұрындарына жақпады ма, пірәдар тақуа немелер кірпідей жиырыла қалды. Құдды араларына әзәзіл жын-шайтан кіріп кеткендей, шалғайымен қағып: "Өй, найсап! Өй, патшағар, кет! Аулақ, аулақ!" деп, бұны араларынан аластамақ болып еді, бірақ бұл көнбеді... Тек әркім бір түрткілеп шетке ығыса-ығыса, ақырында ақ сәлделі шалдар тізілген саптың аяқ жағынан бір-ақ шықты.

Көзін жұмып апты. Мүлгіп түр. Шын көңілімен Құдайға жалбарынып тұр ма, әлде анада аудан орталығында оқушы балаларға жол бермедің деп бес сом штраф салған мұртты милицияны боқтап тұр ма, белгісіз. Әйтеуір бұл қағынған ақ сәлделілер не істесе, соны істеп, құран ұстаған қолын кеудесіне қойып, көзін жұмып, ернін жыбырлатып күбір-күбір етеді. Осы тұрғанда өмір бойы темекі шегіп, арақ ішіп, аузы бұрқырап жүрген бейпілдігі қаперіне кіріп тұрған жоқ. Қазіргі түрі көз ашқалы ораза, намазды қаза жібермей, Құдай жолын тұтынған пірәдар біреудей. Көңілін аққа ұйытқан тақуа түс мұсылманша моп-момақан бола қапты. Жаназа соңында құран шыққандарға садақа таратқанда үлесінен құр қалып бара жатқандай ұмтылады. Сыбағасын жұрттан бұрын алады да, қай елдікі екені белгісіз, әйтеуір маршқа келетін бір сазды ыңылдап, колхоз орталығындағы дүкенге тартады. Садақадан тиген бес-он тиынға бір жарты алып, тылтиған тар шалбардың қалтасына сұңгітеді де, маршқа келетін әлгі әнді ыңылдап үйіне тартады.

Сүйтіп жүріп ісіне мығым. Алқам-салқам машинаның әзір лажға жарап жүргені осының арқасы. Және бір жақсысы айтқаныңды қалт етпейді. Бір жаққа жол түссе күн-түн әзір. Тіпті таң алдында басын көрпемен бүркеп алып, бырқырап ұйықтап жатқан жерінен оятсаң, ол "ааа" лап атып тұрады. Көзін уқалап жібереді. Басын сілкіп қалады. Тарақ жүзі тимей дудырап тұрған үрпі-түрпі шашқа бақандай бес саусақтың бесеуін бірдей сұңгітіп жіберіп, қасығаны, әлде осығаны белгісіз, тырнап-тырнап алады да, сыртқа ұмтылады. Асыққанда "бас" десең, о да алақанына түкіріп: "мәмент" деп құлшына түсетін әзір жауап. Бір жолы онан "мәмент" деген не деп сұрап еді, сүйтсе, оны өзі де білмейтін боп шықты. Басын қасып ойланып тұрып: "Қайдан білейін, өзің бас дегесін, бассам басайын дегенім ғой",– деп міңгірледі.

Аты – Қожбан. Бірақ оны білетін бұл өңірдің халқы – жасы, кәрісі –"шофер бала" дейді. Ақеден жігіт оған арланбайды. Жұрт өзін бала деп, ал өзі өмірбақи бала орнында жүргесін, бұ да осы ауылдағы өзінен үлкенді де, кішіні де "аға" дейтін. Үлкен жұмсаса да, кіші жұмсаса да қайт етпей, жаман машинасы салдырлап кетіп бара жатқаны.

– Басеке, Аралға келдік!– деді шофер алдындағы қара жалдың арғы жағынан ақ үйлердің төбесі көрінгенде.

Бұрынғы заман болғанда портта тұрған кемелердің ұзын-ұзын сырғауылдары қаладағы биік үйлердің бәрінен бой асырып, анадайдан аңдыздап-аңдыздап қоя берер еді. Теңіз қайтып, су қатынасы тоқтағалы бұрын сонау теңіздің арғы бетіндегі Қоңырат, Үргеніш, Мойнаққа қатынайтын ірі-ірі кемелер қазір дауылда жағаға шығып қалған дәу балықтай, жиекте теңкиіп жатқалы қашан.

– Ал, бала... Айналайын. Қалаға соқпаймыз. Сырт жолмен тура Сырдарияға тарт.

– Басеке, соқпаса болмайды, бензин бітіп қалды.

– Онда, соқсаң соқ, тек айналмайық. Алдымызда әлі де жүз шақырым бар.

Май құятын жер ығы-жығы екен. Құйрық тістесіп тізіліп қалған машиналар. Қаланікі, даланыкі, арқасына жүк тиеп алған өңшең МАЗ, КРАЗ, БЕЛАЗ жан-жақтан әлі де ағылып келіп жатты.

– Ойпыр-ай, енді қайттік, ә? Аяқ астынан проблема...

– Қазір қайда да проблема, басеке, білмеймін ғой, бұл өмір өмір емес автобаза, ішінде толып жүрген Краз, "Мазы-ы",– деді шопыр әндетіп.– Солай басеке, қит етсе, біздің елде мұнай телегей теңіз деуші едіңдер. Әне, о да Аралдың суы секілді тартыл...

Күңкілдеп тағы бірдеңе деді. Құлақ салып көріп еді, берен ауыз неме әлдекімді орысша-қазақша араластыра боқтап отыр екен.

– Айналайын... Асылы, сен бұнда тоқтама! Тәуекел ет те, тура Сырдарияға тарт!

– Басеке, ол болмайды. Бензин бітсе, машина үйтіп-бүйткенге көнбей, төрт аяқтап тұрып алады.

– Оның рас. Бірақ... Кезек күтсек, кем дегенде жарты күніміз кетеді ғой.

– Біз күтпейміз.

– Қалайша?

– Мә-мент.

Шынында да, осы "мәмент" дегенде қолдан келмейтін қиын нәрсенің өзі оңайлана кетуші еді. "Осы жолы қайтер екен?" – деп артын

бағып отыр. Шофер алақанына түкіріп алды. Басындағы мыжырайған кепканың күнқағарын көзіне түсіре басып қойды. Сосын газды дар-дар басып жіберді де, жұрт есін жиям дегенше құйрық тістесіп тұрған машиналардың ара-арасымен сынаптай сырғып ілгерілеп барып қалды.

– Мынау кім, әй?

– А ну, проваливай!..

– Ох, ты нахал!

Алқам-салқам машина салдыр-күлдірлеп шланганың дәл түбінен бір-ақ шықты. Өзін тілдеп жатқан кісілерге назар аударған жоқ. Машинадан түсе сала кабинаға қайта еңкейіп, бір бума қақпыш балық алды. Мынаның "мәментінің" сырына енді түсінді. Басқа кезде ұрысар еді, осы жолы сен де түк білмегенсіп сырттап жүре бердің. Кендір жіпке көзінен тізген қақпыш балықты алғаннан кейінгінің аржағында не болатыны белгілі: көре қал, ол енді беті бүлк етпестен салып ұрып, бензин беретін дөкейдің дәл өзіне жетіп барады. Оның ұлты, жынысы кім болса, ол болсын, мейлі шүршіт болса да "са-лут" деп қолындағы қақпыш балықты сатыр еткізіп алдына тастай салады. Ал егер ол жұрттан қысылып ала қоймаса, басқа кісі ыңғайсызданса ыңғайсызданар, ал бұның беті шімірікпейді. "Айналайын, бұндай балықты қазір бүкіл Аралдан емге таппайсың. Сыраның бірден-бір серігі", – деп, бензин беретін жігіттің аржағындағы қуысқа лақтырып тастай салады.

Бір жолы Бәкизат курортқа жүретін болғанда пойызға билет сатпай қойған-ды. Қайда осындай кісі жаны қысылғанда қайын ененің қытыққа тиетін әдеті; сол жолы да қақсал бұған тиісіп: "Түкке икемің жоқ. Қолыңнан судан шабақ аулап жегеннен басқа түк келмейді. Осы үкіметтің әлгі жиналыс болса малшы, жалшы, балықшы дегендерді желектетіп жұрттың алдына алып шығатыны қайда? Сонысы құр сөз болмай, шын болса, сорлы-ау, белет сататын қызға балықшымын деп бармайсың ба? Депломды балықшымын де!" – деп, жұрт көзінше жанын жеп жатқанда, садағаң кетейін осы жігіт бұған көзін қысып "мәмент"– деп еді; сонда да алқам-салқам машинаның кабинасынан кендір жіпке көзінен тізген оншақты шабақты сатырлатып суырып алған-ды. Осыған дейін бұлардың алдынан тарс жауып алған тас қабырғадағы алақандай тесік ашылып, арғы жақтан жіптіктей сызылған биязы қыз "ағай, сізге қай вагонға керек?" деген еді-ау.

Ауылдағы садақа, жаназаларда басына сүлгі байлап, құран шығарып жүріп те, қалаға келе қалса бұндағылардың да тілін тауып ымы-жымы біріге қояды. Әсіресе, осындай кісі амал таппай дағдарып қалғанда, осы қағынған жол тауып жүзіктің көзінен өтетін бір пәлесі бар.

– Кеш жарық!

Ешкім үндемеді. Есітпей қалды ма деп сәлемін қайталап еді; бұл жолы да үй ішіндегі жандардың ешқайсысы селт етпеді; сосын бұл табалдырықтан аттауын аттаса да, сонан артыққа батылы жетпей, есік алдында тұрып қалды. Енді ғана байқады; босаға жақта соқыр шамның сәулесі түбінен аспай, бауырында дір-дір етеді; қос іші бу ма, түтін бе, сырттан кірген бетте ештеңені жөндеп көре алмады. Тек көзі кішкене үйренгесін байқады – қамыс қостың ортасында күлді-күйелеш ошаққа қонжиып мініп алған құлақты қара қазан түр екен. Үсті-басын кептірген кісілер қазанды қоршай отырыпты. Түтін мен будан ешқайсысын айыра алмаса да, мыналардың арасынан тісі-тісіне тимей, дір-дір етіп отқа түсіп бара жатқан біреуге көзі түсе берді.

– Мына жау алғырға не болған? Әй! Әй, сендер неге үрлемейсіңдер?

Шаңқ-шаңқ еткен дауысты таныды. Мынау, дәу де болса Көткеншек Көшен. Жұрт бұдан кәдімгідей қорқатын.

Бірнеше жігіт жата қалып қазан астында бықсып жатқан отты жан-жағынан жабыла үрледі. Мыналардың назар аудара қоймасын байқадың ба, қолыңа ұстай кірген жол дорбаны есік алдына тастап, түсін бермей тұнжырап отырған кісілердің арасына кірдің.

– Мына жау жегір жанатын емес қой. Құрғақ отын жоқ па? Үстіне құрғақ отын тастаңдар!

Елгезек біреу елп етіп сырт жағында жатқан отынға қол соза берген-ді. Бірақ қасындағы көршісі қолын қағып жіберді:

– Тек отыр. Әуелі от қызып жансын.

Балық талабы бұл жақта да нашар екенін ішің сезіп отыр. Суы ашыған теңіз де бір, жайылымы азған жер де бір. Теңіз тартылғалы көріп жүр: тұщы су таңдайына тимеген балықтар құдды жұт жылы жайылым іздеген малдай, жаны қыдырып қолды-аяққа тұрмай кетті. Мына пақырлар көк теңіздің қашағанын қуып аулаймын деп үй көрмей тентіреп кеткелі қашан. Көңілсіз кісілер керек десе, бұнан ала жаздай көрмеген қатын, баласын сұрауға да зауықсыз. Бәрінің көзі ортадағы қазанда. Бұл келгенде беті буланған қазан сәлден соң сарқылдап қайнап, қос ішін көңірсіген жас балық иісі алып кетті.

Ауылдан шыққалы нәр татпаған шофер аяқ астынан шыдамсызданып:

– Осы балық тас боп кетпесе, пісті,– деп қазанға мойнын соза беріп еді, қара шал қақ басқа ожаумен тақ еткізіп салып қалды:

– Отыр, әрі! О несі сұқақтап...

Шофер мойнын ішіне тығып, бұғып қалды. Ысқаяқ қара шал теңіз өңіріне белгілі кісі: аты – Көшен. Бірақ кері сиетін қырсық мінезіне бола "Көткеншек" атанып кеткен-ді. Көшеннің иығында елтірі қара тон. Басында елтірі қара бөрік. Бала қорқытатын бақсыдай бөрікті жүнін жалбыратып бір шекесіне осқырта киіпті. Қарсы алдында жанған отқа кірпік қақпай шаншыла қараған көздің жанары зәр төгіп жалындай түседі.

Бұнда келгелі онан көз қиығыңды айырмай отырғансың. О да саған назар салмай қыңыратқып отырған сияқты еді; сүйтсе, сыртын беріп отырып та бағып отырыпты. Үнсіздік ауырлап бара жатқасын, сен әңгіме қашырып:

– Бұл жаққа суық ерте түскен бе, қалай? Кәдімгідей күзгі қара суықтың ызғары сезіледі,– деп едің, көңілсіз кісілер қостамады. Беті буланған қазанды айнала қоршап қарауытып-қарауытып отыр.

– Апыр-ай, жер ала, бұлт шола деген. Бір теңіздің екі басы да екі түрлі бола береді екен-ау. Ана жақ бағана біз шыққанда май тоңғысыз жылы еді...

Қара шал осқырынып қалды:

– Ана жақ, мына жақ... Көрдің бе, келмей жатып ана жақ деп аузының суы құруын...

Аңдамай қырсық шалдың қытықты жеріне тигеніңді кейін білдің. Соған ыңғайсызданып, қысылып отырдың да, от көсегелі қолыңды ілгері соза бергенсің-ді. Қара шал бір танауынан мырс етіп осқырынып қалды:

– Әй! Әй, мынау бізге ол жақтың несін айтады, а? О жақтың қай жақсылығы қолымызға түсіп жатыр. О жаққа бара қалса, ойбай-ау, осы отырған бәріміздің алдымыздан қара сирақ балалар шапқылап шықпас па еді. Сонда алдынан шапқылап шыққан балаларын осы отырғандардың қай-қайсы да бауырына қысып, бетінен сүймес пе еді? Алты ай үй көрмей, көк теңізді кезіп тентіреп жүрген мына мен боп, сен боп, ана Сары Иван боп, осында отырған бәрің кір борбай жаман қатындарыңды Қыз Жібектей құшақтамас па едіңдер. О жақты мақтағаны несі, әй? О жақтың жақсы екенін, ойбай Құдай-ау, мен осында отырып та біліп отырған жоқпын ба? А? А, ол не дегені, әй?

Қос іші жым-жырт. Қырсық шалдың қыршаңқы сөзін қазан маңында отырған кісілердің бірде-бірі не қостамады, не қарсы болмады. Сен аң-таңсың. Бұл қалай? Тіл-жағынан айырылғандай, төмен қарап тымырайып алғандары несі? Тек қатты қайнаған қазан бүлк-бүлк. Тек

қазан астындағы су отын пышыр-пышыр. Үй-ішінің үнсіздігі ауырлап, еңсені басып бара жатқасын басқалардан бұрын сен ыңғайсыздандың да, қазан астындағы отты қайтадан түрткілей бастағансың-ды.

Қара шал тағы шаңқ етті:

– Әй, жарқыным, оттың берекетін алмашы! От көсеу өзіміздің де қолымыздан келеді. Жаның ашыса, сен бізді басқа жағынан жарылқа!

Төс сүйегі тақтайдай тырыли арық қара шал әлі де ұрынарға қара таппай өз-өзінен осқырынып қояды. Тұла бойындағы бар зәрді бетіне жиып апты. Шатынаған кез шынымен қаптағандай.

– Талай бастықты көріп едік. Олар да шіреніп келетін. Олар да жарылқап қарық қылмаса да, бірақ, обалына не керек, келгенде жағдайларың қалай деп сұраушы еді...

– Ақсақал... Не сұрайтыны бар, жағдайларыңды көріп отырмын...

– Ә! Ә, көріп отырсың ба? Е, құп! Құп! Оған да, шүкір. Шүкір. Оу, қайдан білейін... Көкте Құдай бізді көруден қалғасын, жердегі бастық балалар да көзін тарс жұмып алған екен деп едім. Е, көрген екенсің ғой. Көреді екенсің ғой. Шүкір! Шүкір!

Бұл жолы да сен түк дей алмадың. Дегенде не дейді? Бәкизатқа "барам да қайтам" деп ант-су ішті. Әйеліне берген уәдеден әлі де айныған жоқ. Бір қонады да, ертең ерте-ле-те... Апырай... Апырай, енді қайтті? Қайтпек керек? Қайтерін білмей, дымы құрып, демін ішіне жұтып отыр еді, ортада сарқ-сарқ қайнаған қазанның ар жағынан біреу ырғалып қойды.

– Шырағым, Жәдігер, келгенің жақсы болды.

Үй ішіндегі түтін мен будан қазанның ар жағында қарауытқан мына ірі денелі кісінің бетін көре алмаса да, ыңыранып асықпай сөйлеген сабырлы түріне қарап таныды. Көзі кек, шашы сары болғасын осы жұрт оны "Сары Иван" атап кеткен-ді. Бұған туыстық жағынан аға іспетті. Ретті жерінде ыңғайын тауып сөйлегендіктен осы жұрт оның сөзін ұйып тыңдайтын. Сары Иван әлгіден кейін сәл кідіріп, айтар сөзінің алды-артын ойлап алды да, ығыстырып ақырын сөйлеп кетті:

– Бұл жақта да балық талабы нашар. Обалы не, жігіттер жан аямай жұмыс істеп жүр. Күн-түн демей сабылғанда еңбегі жанбағасын, қайтсін, ызалы кісілер ырылдасып қалады. Қылдай кінәң болмаса да, жаны күйген жігіттердің тілі саған тиіп жатыр. Келгенің жақсы болды. Әйтпесе "біздің бар-жоғымызды басқарма да ұмытты" деп жігіттер ренжіп жүр еді.

– Әй! Әй, мынау не деп былжырап отыр? Жазықсыз?.. Қылдай кінәсіз? Ау, қыруар кісіні алты ай жаз айдалаға қамап тастап, өзі ана жақта салқын үй, салулы төсекте жатып алса... сенің өлі-тіріңнен, аш-жалаңашыңнан хабарсыз болса... Әй!.. Әй, ит... Сонда бұл қалай қылдай кінәсіз болады? Ой, көлгір! Ой, маймөңке! Күдікті жердің үстін баспайтын тобан аяқ түлкі... тегіңді ұрайын!

– Ой, сорлы-ай! Беттен алғанды батырлық көресің-ау. Пайғамбар жасына келдің. Жұртты беттен алғаннан басқа білерің бар ма? Содан адам арманына жетсе, сен жазған әлдеқашан айдарың алтын...

– Әй! Әй, ит! Сенің де сырың белгілі. Бастықтардың алдында көлгірсіп, көмейіңді буып сөйлегенде, сен де, сенің де төрт құбылаң түгенделгені белгілі. Ал мен... мен бастық болса қайтейін, жыныма тисе бетін тырнамақ тұрсын, он саусақты түгел салып осып-осып алам. Оу, баяғы патша, хан заманында да тілінен жазған тентектің басын кессе кескен шығар, бірақ тіліне тиым салмап еді ғой. Аузымды қышыта берсе... басқарма болмақ түгіл онан зорына... Зорының аржағындағы зорына да айтам. Ал сонда не істейді? Тілімді кесе ме? Әлде бір жылдан кейін пайғамбар жасына келетін жаман шалдың қыржанын кесе ме? Ендеше, мә!.. Мә, кес! Кесе ғой!

Көшен орнынан қалшылдап атып тұрды. Масқара қылғанда баласындай жас жігіттердің алдында бұтында қаудырлаған тері шалбардың ауына жармасар деп қорқып еді, Құдай оңдап аржағында отырған Сары Иван оны шалғайынан бір тартып, орнына жалп еткізді.

– Өлтірем! Өшір үніңді!

Үй ішінің ызғары енді сезіле бастады. Жұртпен бірге бұ да отқа түсердей ошаққа шабынса да, бет алды қызғанмен ту сырты түгел мұздай. Жан-жақтан жел ызғыған қамыс қостың ызғары ала-бөле арқасын қарып барады.

Әлгіден кейін үнсіз қалған Көткеншек Көшенге қарамауға тырысып, көзіңді алып қашып отырғансың-ды. Біреу сырт жақта жатқан бір арқадай жалпылдақ отын арасынан қауқиған көк ала бұтаны сирағынан сүйреп әкеп отқа тастап еді, қызуы кеміп бара жатқан от лапылдап жанып, қақпағы буланған қара қазанның арғы жағында отырған Сары Иванның бет-әлпетін жаңа көрді. Әншейінде үкідей сап-сары кісінің ошақтағы от сәулесінен бүкіл бет алабы: қасы, кірпігі, сақалы, мұрты қызғылт реңге ауысқан.

– Жәдігержан... Ал, кәне... ел-жұрт аман ба?

– Әне бірде жиырма бес үй көшті деп есіттік қой? Ол не?

– Рас. Олардан кейін де халық бір-жарлап көшіп, ел басы кеміп

жатыр.

– Күн көріс қалмағасын көшпегенде қайтсін. Атамекен азық бола ма.

Сары Иван арқасына жамылған шапанын екі шалғайымен тақымын қымтап алды. Иман жүзді момын жанның момақан түрімен ығыстырып ақырын айтқан әңгімесі ертеден бері апшысы қуырылып отырған кісілердің арқа етегін кеңітіп сала берді. Сен де еңсеңді көтеріп, күйелеш көсеуді қолыңа қайта ұстадың. Сұғанақ көсеу әрі-бері сумаңдап, түрткілей бастағанда онсыз да жаны қалмай сатыр-сытыр жанып жатқан жалпылдақ отын дүрілдеп ала жөнелді. Қара қазанды қоршай отырған кісілер жалма-жан кейін серпіліп, шегініп отырды. Тек Көшен тырп етпеді.

Бұл жерде де өзінің қашанғы қиқарлығына басып, сіркіреген қызыл ұшқынға тақтайдай төсін төсей түскенде түн-жүн кеудесі үйітілген терідей пышыр-пышыр етті.

– Уа, қой! Жас балық қатты қайнаса жанығып кетеді, – деді де, Көткеншек Кешен саған бұрылып: – Ал бұнда қанша боласың?–деді.

– Мен бе?

– Иә, сен. Бұнда қанша боласың?

Аузыңа сөз түспей, шөк етіп отырып қалдың. Бауырыңа түскен басыңды көтермей отырып, көзіңнің астымен қазан маңындағыларға қарап едің, олар да "қалай жауап берер екен?" дегендей бұны қабақ астынан бағып қалыпты. Мынау бір Көшен емес, мыналардың бәрінің сауалы сияқты. Өздері батып айта алмағасын, алдарына әдейі теке сақал, қырғыш төс, қырсық шалды салып отырған сияқтанды да, сен қиналғанда қол ұшын бере ме деген үмітпен Сары Иванға қарап едің, о да көзін төмен салып мүләйімси қапты. Күдікті жердің үстін баспайтын тобан аяқ түлкі десе дегендей. Ана қарашы: мыршай сарылығы да түлкіден аумайды. Жыны келгені сонша, мыналарға енді бұның өзі тиіскісі кеп кетті. Айтар сөз де алқымына кеп қалды. Қара қазанның тасасына тығылып, бұғып-бұғып қалған немелерге ерегіскенде "ертең күн шыға қайтам", – деп турасын бір-ақ айтқысы келді. Несі бар, айтады. Болса да, Бәкизатқа: "барам да қайтам" деп уәде берген өзі. Уәдесі – уәде. Соны алдымен ана шалға айтады. Кірпік қақпай қадалған шүңірек көздің сұғын сүңгідей қадаса қадай берсін. Бәрібір айтады. "Бір қонам да қайтам" дейді. Соны айтқалы аузын ашып оқтала түскенде... бұған не көрінгенін қайдам, өзі де, тілі де дәрменінен айырылып тоқтап қалады. Оған да міне, бір ай. Соның себебін әлі білмейді. Қазір үйірінен адасқан құландай ақ қар, көк мұзда жападан жалғыз тұрып та соны ойлап тұр. Неге бүйтті? От басының бұзылуына осы себеп болмады ма? Басына түскен бүгінгі қиындық пен қасірет сол арада өзінің ойындағы сезін айта алмаған жігерсіздігінен болмаса қайтсін?

Сол арада сен теке сақал, қырғыш төс қара шал мен сарқ-сарқ қайнаған қара қазанның тасасына тығылып, бұғып-бұғып қалған балықшыларға қолды бір сілтеп, ауылға тартып тұрғанда, әлде қайтер еді? О да қолыңнан келмеді.

– Е-е, шырағым, шамаң белгілі болды. Әй, жігіттер, балықты түсіріңдер. Басқарма қайтатын көрінеді. Жолынан қалмасын. Қонып қайта ма, ас ішіп алып, қазір қайта ма, еркі білсін.

Сен ләм-мим деместен сыртқа атып шыққың келіп еді, төңірегіңнен түк есітпей, құлағыңды тас қып басып, көзіңді тас қып жұмып, бет ауған жаққа шығынып кеткің келіп еді-ау. Бірақ не пайда... оған да дәрменің жетпеді. Жігерін жүн қылған дәрменсіздік сол арада еңсесін көтертпей, омалып отырып қалған-ды.

Иә, сүйтіп, бұны ит мінез тағы да арандатты. Әйтпесе, бұның орнында басқа біреу болса, Сырдария сағасында қостанып жатқан кісілердің жағдайын білгесін бір қонар еді де, ертеңіне елең-алаңда ауылға тартып отырар еді ғой. Болса да Бәкизатқа: "айналмаймын, барам да қайтам. Осы жолы бір сынап көрші"– деп өзеуреген өзі-тұғын. Бұл егер айтқан сөзінде тұрып, уәделі уақытта жайраңдап кіріп барғанда, кім біледі, о да заты әйел емес пе, ренішін ұмытып, алдынан жадырап күліп шығар ма еді? Ал, бұл... әйеліне берген уәдесін ұмытып... Жо-қ, ұмытқан жоқ... Бәкизаттың ренішке бейім тұратын әдемі ерні томпайып, түсін бермей теріс қарап алған реніштi кескіні кез алдында тұрды. Қамыс қосқа қонып шыққан күннің ертеңіне бәрі дастархан басына жиналғанда да көз алдында сұлу әйелдің айтқанынан қайтпай, сұп-сұр боп безеріп алған кескіні тұрды. Бұл да: "Бәкизатқа берген уәдем бар. Қайтуым керек. Иә, қайтам! Қайтам", – деп өзін қайраумен отырған.

– Ал!.. Ал, сонымен енді жүресің бе? – деді Көткеншек Көшен.

Сен көзіңді көтермей, төмен қарап тұқырайып отырсың.

– Е, бәрекелде,– деді Көткеншек Көшен.– Жолың болсын! Ауыл-елге сәлем айт! Тірі де! Жаны сірі немелер әзір аман де! Өлетін ойларында жоқ, тор сүйретіп, теңіз кешіп жүр де!

Қамыс қос кенет жым-жырт бола қалды. Жаңа ғана дастархан басында дабырлап отырған кісілер сөзден тиылып, бәрі де бір сәтте дәл кешегідей демін жұтып, тына қалған-ды. Сен тіпті, дем алмаған сияқтысың. Тоқтап қалған тынысы емес, бұның өзі де дәл сол арада жер бетінде бар-жоғына зейлі жетіп тұрған жоқ-ты. Бар болса да бұны көлденеңнен киліккен қандай да бір күш бас еркінен айырып, билеп-төстеп баратты. Иә, сол арада бұның аузына үш ұйықтаса түсіне кірмеген сөзді салған да сол сияқты; сен дастархан басында дөңгелене отырған кісілерді күттіріп барып, күдер үзген бір кезде:

– Бұйырса... Соңыра елге бірге қайтармыз,– деп, өз еркінен тыс қайдағы бірдеңе қалай аузынан шығып кеткенін білмей қалған-ды.

Бар білгені... О, Жасаған! Жаңа ғана төмен қарап, тұнжырап отырған кісілер кенет шұғыл жадырап, басын көтеріп-көтеріп алды. Қырсық шалдың да қырыс-тырысы әлгінде ғана тарқап, шекеңнен шыққандай шақылдақ дауыстың зәрі сынипты. Әдетте, ызалы кезде әріден, ін түбінен қадалатын ежірейген көз, осы күннен бастап бұған қарағанда кәдімгідей елжіреп, жанарына жылылық енетінді шығарды. Сөйтіп, күн артынан күн, апта артынан апта өтті. Сен келгендегі қара суық қатайып, бұл жақта дауыс нышаны біліне бастады. Жаз бойы сыңар тамшы тамбаған жаңбыр қарашаның қара суығы күшке міне бастаған бір тұста екі күн қатарынан құйып беріп еді, төбеден жаңбыр саулап, қамыс қоста қамсау қалмады. Балықшылар түнімен көз ілмей жел ызғыған қоста дірдектеп шығады. Таң қараңғыда ысылдап-пысылдап киінеді; түннен қалған мұздай балықты бір-екі қарпып асай сала қос ескек, бір таяуды қолтыққа қысып, қара суық басталғалы таңқылдап қатып қалған тоң жерді топырлап басып теңізге кетіп бара жатады; жағада кеудесін қара жерге асып жатқан қайықты бірнешеуі жабылып суға салады; әупірім теңіздің жағаға шапшып арс-арс ұрып жатқан әпербақан толқындарымен жағаласып жүріп, балық бір соқса осы араға соғар деген дәмелі жерге күнде-күнде тор жаяды; бүгін жайған торды ертеңіне елең-алаңда барып тарайды; кейінгі кезде ұдайы арқадан соғып тұрған қара дауыл мен ұлы теңіздің ағысы ауды арқан ғып есіп тастап тұрған-ды. Кешеден бері теңіз түбінен толқын көтерген томарлар ауға оралып, қара торды дал-дұл ғып жыртып тастап тұр. Жел-құз жиілегелі су астының ағысы күшейіп, бүгін «айған тор ертең томар оралып, тосап басып, сары лайға батып балықшылар жағаға сүйреп шығарып жатқандары. Ондай күндері суға малшынған пақырлар арқан боп есіліп қалған аудың шатысын жазып, шалаң мен тосаптан тазартып, қамыс қосқа сілесі құрып әзер келеді.

Осы күндері өздері қатты жүдеді. Сақал-мұрт ескен. Үсті-басы кір. Таңның атысы, күннің батысы көк теңізде, жел өтінде жүре-жүре бәрінің беті үсік шалғандай қара қошқыл... Ал тырнағы өскен күректей күс-күс қолдардың бақандай-бақандай саусақтары бартиып-бартиып ісіп кеткен.

* * *

Сол күні оқыс күлкі бұның ойын бөліп жіберген еді-ау. Баурына түсіп бара жатқан басын шұғыл көтеріп алып, қыран-топан күліп жатқан кісілерге қарап еді, "ә" дегенде түкке түсінбеді. Өздері әлденеге мәз. Үй ортасында қызыл ұшқын сіркіреп, лаулап жанған отты айнала қоршай отырыпты. Қазан астындағы оттың сәулесі қос ішін көңілдендіріп, жадырап тұр.

Бұл әлі де түкке түсінбей, көзін уқалап жіберіп, қамыс қостың ортасында буы бұрқырап бүлк-бүлк қайнап жатқан қазанға, сосын қазан маңындағы қыран-топан күліп жатқан кісілерге қарап аң-таң. Бұларға не болған? Неге... күледі? Несіне жетісіп күледі? Бұлар мәз болатындай... Иә, сондай-ақ не болды?

Өз кісілерін өзі танымай, таңдана қарап біраз отырды. Қараған сайын көңіліне күдік қашып, мыналар бұл білмейтін басқа біреулер сияқтанды. Басқа болғанда... Кім де болса, жолы болғыш, сыралы да салымды жандар. Кере қал, өздері көк теңізге жайған қара тор балыққа майлап, қара қайық кенерінен келіп, қағанағы қарық боп қайтқан кісілер. Мынау соның қуанышы. "Иә солай" дегендей, аналар тағы да қыран-топан. Ха-ха-ха-а... Ал, әне біреудің түрі таныс, шырамытатын сияқты. Арқасына тері тон жамылып, қақ төрде қазықтай қақшиып алған қайқы тес қара шал шақ-шақ. Бұған не жоқ? Несіне жетіседі? Күлерде иегінің астына қарай ұйысып біткен ұйпа-тұйпа сақалды әуелете көтеріп алады екен. Күлкісін кенет кілт тыйып: "Оны қой! Ол... ол қызыл кез пәле ғой!"– деп қолын сермеді де, сырт жағында жатқан бір арқадай отынға шалқалап құлай кетті. "Қызыл кез пәлесі" кім?..

Түсінсе не дейсің? Бұған салса, бұлар мәз болатындай, себеп те, сылтау да жоқ. Ала-бөле кешелі-бүгін дауыл титыққа әбден жеткен-ді. Кеше шалаң басқан ауды қас қарайғанша тазартып кеш қайтты. Соған қарамастан бүгін де таңмен таласа оянып еді; түннен қалған бірдеңені апыл-ғұпыл іше сала, топырлап сыртқа шыққанда, кешегі дауыл күшеймесе, басылмапты.

– Ища,– деді біреу тітіркеніп.

Қалған жұртта үн жоқ. Қарсы алдынан соққан суық жел шыдатпай, шекені жарып бара жатқасын бүгежектеп бірінің ығына бірі тығылып, теңізге әзер жетті. Кейіндеу қалғандар да теңізге жете бере ентелеп тоқтап жатыр. Бәрі де түнде жауған қардан кейін ақ айранданып жатқан сыпыра жағалауға, жаңа ұстасқан мұзға қарап қапты.

– Аудан айырылдық,– деді біреу.

– Тек! Тек әрі! Ой ит!.. Ой, жағыңа жылан жұмыртқалағыр!

– Ал қойдық. Бірақ мына мұз...

Шынында да, араға бір-екі күн түссе, мына кілегей мұздың көбесі қатайып, судағы аулардың арқалығы жас мұзға жабысып қатып қалары анық.

– Ау, осылай тұра береміз бе?

– Ал тұрма! Ал аспанға ұш!..

– Әй, шал, тек тұр!

– Ал тұрмадым... Ал сонда не істейсің?

– Жә, қойыңдар! Ұрысы құрсын. Онсыз да келісіп тұрғанымыз шамалы,– деді Сары Иван – Жәдігер, шырағым...

Жұрт назары бұған ауды. Бұл дәл бұндай жағдайда не істеудің ретін таппай, жағада иіріліп тұрған кісілердің арасынан сытылып ілгері шықты. Мұзға түсті. Жұқа мұзды есік пен төрге дейін абайлап, ақырын-ақырын басып барды да, тақасымен теуіп көрді. Ілгерілеп арырақ барайын деп еді; оған әлсіз мұз аз ғана салмақты да ауырлап, сықыр-сықыр майыса бастағасын, бұл ілгері бармай ізінше кері қайтты. Жағада тұрған кісілерге назар салған жоқ. Балықшылар әр қисынды бір айтып қауқылдап кетті:

– Апырай, енді қайттік?

– Қайткені сол, ауды қалайда бүгін суырып алу керек.

– Әй, мынау не оттап тұр? Көрмейсің бе, әне, жаға көк мұз. Қайық салғыза ма саған?

Шыны керек, саған осы қамшы болды. Көп ішінен қара аспанды қапылтып тұрған әлгі жігітке иек қағып:

– Тәуекел... Айда, қайықты суға салыңдар! – деген еді.

Жігіттер кеше кешкісін қара жерге тұмсығын асып кеткен қайықтардың бауырын жаңа қатқан жас мұзға гүтірлетіп кеуделеп итеріп апарды да, бауыры суға тие бергенде қарғып-қарғып мінген еді; Көксоқта толқынға кеудесі тиген бойда секектей бастаған қайықтың тұмсығын бір дегеннен тереңге туралап бұрып алып, қос ескекті малшылап есе жөнелген еді. Сонан олар күні бойы толқынмен жағаласып жүріп, өлдім-талдым дегенде суға жайған торларды суырып алған-ды. Үсті-басы малмандай су-су кісілер тісі-тісіне тимей қалш-қалш етіп, тоң жерді топырлап басып, қосқа жетті. Екі жігіт сырттан қолтығына қыса келген жалпылдақ отынды жуық арада тұтата алмай, әбігер болып жатқанда, сен су киіммен төрге озып, төсекке қисая кеткенсің-ді. Сонан бері соқыр шам сығырайған қамыс қостың бір басында әр нәрсені бір ойлап, өңің кірмей кірбиіп жатқансың-ды. Бұнда келгелі бір айдың жүзі болды. Қаракөк теңізде қара торды сүйретіп күн-түн сабылғанда не бітірді? Не тындырды? Кезі тағы да қара шалға түсті. Қыран-топан боп жатқан кісілердің арасында о да шиқылдап күлді де, кенет күлкісін кілт тыйып:

– Ол итті қой! Ол... ол адам емес қой,– деп, әлдебіреуден түңіліп қолын сермеп-сермеп қалды. Сен оның сонша кімнен түңілгенін білген

жоқсың-ды. Көткеншек Көшен арқасына жамылған қара тонның шалғайын тақымына басып, ырғалып қойды:

– Оу, көрмейсің бе?.. Ойбай-ау, ол кәпірдің ана жабайы мысықтай бажбиған сап-сары көзі кім екенін айтып тұрған жоқ па? Ха-ха!

Е, енді түсінді. Мыналардың неге езуі жиылмай, мәз боп жатқан сыры енді белгілі болды.

– Көшеке...– деп Шофер езуінде бықсыған темекі тұқылын бір сорды да, лақтырып жіберді.– Көшеке... Осы жұрт әнебір тұста Сары Шаямен екеуіңді көткеншектесіп қалды деп жүр ғой? Сол не? Рас па?

– Е, көткеншектессе несі бар? Онымен кездессем, мен қысқа күнде қырық көткеншектеспеймін бе?

Бұл хикаяны білетін жігіттер әлден жымыңдай бастады.

– Сары Шая. Керісиген пәле ғой. Көткеншектескенде оңайлықпен алдырмайтын болар?

– Айтпа! Қырсығы аттың қара қапталынан. Оның қырсығының қасында сендер менің көткеншектігіме жылап көрісесіңдер. Әй, бала... қазаның қайнамай қалды, от салып қой.

– Иә, Көшеке, сонан?..– деді шофер сөз тартып.

– Ой, енеңді... Иә, иә-ләп қылқылдағанша қазанға қарамайсың ба? Әңгіме ас бола ма?

Қара шалдың алдында жұрт аяқтарының ұшымен басып кететін. Әлгіден кейін бірі сып беріп сырттан отын әкелді. Бірі жата қалып, сөніп бара жатқан отты үрледі. Енді бірі сырттан кірген отынның тез тұтайтын қауқиған құ бұтасын отқа тастады. Соның бәрін қалт жібермей бағып отырған Көшен көңілденіп:

– Баяғы соғыстан кейінгі кез. Халық қоңторғай. Онда сендердің көбің шешелеріңнің шалғайына оратылған кір тұмсық баласыңдар...– деді.

– Басқарма да ма?

– Е, басқарма болса ше? Немене, анасынан басқарма боп туады дейсің бе? О да бала болды. О да боқмұрын болды.

IIIофер мырс етіп, басындағы май-май кепкамен бетін баса қалды. Қара шал оны байқаған жоқ.

– Қазіргідей мұз қатар алдындағы қара суық. Абыржы. Сол жылы абыржы ұзаққа созылып халықтың апшысы қуырылып тұрған. Сары

Шая жылап басқармаға барыпты. Қатын-балам аш депті. Анада кіндігін өзің кесетін кішкентайым мен үйге барғанша аштан өлетін шығар деп, көксоққан көз жасын бір сығып алыпты да, басқарма балаға қарай ысырылып жақындай түсіпті. Айналайын, садағаң кетейін депті. Шиеттей балаларым аштан өлмесін десең, колхоз орталығынан қарызға бір қой бер. Тірі болсам, жер басып жүрсем, бір айдан асырмай қайтарам деп қиылыпты.

– Ал сонан... Сөзінде тұрып па?

Көткеншек Кешен иегін әуелете көтеріп, артына қарай шалқалай бере шақ-шақ күлді:

– Ол көксоққанның тамағынан өтпегей. Тамағынан өткесін қой түгіл, түйенің ізін таба алмай қаласың ғой.

– Ау, колхоз малы... Артында жоқтаушысы мықты, заң бар емес пе? – деді Сары Иван.

– Ол заңға жеткізбей құртады ғой. Сол кездегі колхоздың есепшісі... Сол өзі... қай бала еді? Иә... Әлгі соғыстан бір аяғын жұлғызып қайтатын... топырағы торқа болғыр, өзіміздің Қарағұл екен ғой. Сол марқұм бір айда қайтарам ЦСІІ алған қойды бір жылдан кейін де қайтармағасын Сары Шаяны конторға шақырмасы бар ма...

Бұның арғы жағы қалай боларын білетін кісілер әлден иығы селкілдеп күле бастады. Олар қызықтаған Сары Шаяның мына хикаясына сен ғана араласпай, босаға жақта соқыр шам сығырайған қамыс қостың бір бұрышында өңің кірмей кірбиіп жатырсың. Мынау сенің де талай есіткен әңгімең. Сен де талай ішегің түйіле күлгенсің-ді. Қазір де аналарға ілесіп езу тарта түстің де, кенет көңіліңнен күдік қашты. Өз көзіне өзі сенбегендей, мына мәре-сәре боп қарқылдап жатқан кісілерге қайта қарады. Қайта қарағанда да әлгі күдіктен ақи-тақи арыла алмады. Мыналарды өзінің кісісі деуге... бірақ олардан күлкі қалғалы қашан. Өзі білмейтін басқа, бөтен біреулермен шатастырып тұрған сияқты. Шынында да, мыналар бұның кісілеріне ұқсай ма?

Жарайды, басқасы басқа... Ал ана қайқы төс қара шалға не жорық? Әншейінде осы жұртқа бабын таптырмай, отырса опақ, тұрса сопақ, айналасымен ырылдасып болатыны қайда? Несіне жетісіп қағанағы қарқ бола қалды? Түсінсе не дейсің. Әлде, түсініксіз мыналар емес, сен өзің түкке түсінуден қалып барасың ба?

Күдігін анықтағысы кеп, мыналардың әңгімесіне құлақ тігіп еді. Сүйтсе... Е, Құдай, баяғы Сары Шая. Сары Шаяның қылығына осы ел я күледі, я күйінеді. Күлмей қайтсін, Қарақұл марқұм сонда Сары Шаяны конторға шақырып алып, алдында жатқан жуан папканы ашпай,

алақанымен басып отырып:

– Ақсақал, бұрау екеш бұраудың да сұрауы бар. Колхоздан бір айда қайтарам деп, қарызға алған ана жылғы қойды...– дей берген екен.

– Әй, мынау не дейді? Не дейді, әй? – деп Сары Шаяның сап сары бажбық көзі ежірейіп шыға кепті.– Бұның қойы, қай қой? Қарызы қай қарыз? Ана жылғысы не? Әй, колхозды билеген екенсің... Бишікеш екенсің. Е, болсаң бол! Сенің бишікешпін, билігім жүріп тұр деп, көрер көзге істеген жалаңа көнгенше, ойбай-ай... Ойбай-ай, онан да мына ақсақ иттің қолында өлгеннің өзі артық емес пе?

Сары Шая жаңа ғана құйрық басып отыра берген орындықтан атып тұрып, Қарақұл марқұмға қарсы ақырыпты:

– Әй, бала! Сен... Сен өзің, айналайын, сырт-сырт шот қақтым деп... Еңбек адамын қаралап...

– Ақсақал, ойынды қой...

– Ойын ба, мынау... Мынау, кісі өлтіретін іс қой. Жала ғой. Көре-көзге кісі мойнына қиып салған қиянат... Өзің көп рудан болғасын, аз рудың адамын иттей талап, ойыңа не келсе соны істемексің, ә? Солай ма, ә.

Қарақұл марқұм қарсы алдында бір сөз айтса, екі сөзбен жауап беріп бажақтап отырған бажбық көз шикіл сарыға біразға дейін түк айта алмай, жағасын ұстағандай боп басын шайқапты дейді. Оны сөзден жеңе алмасын білгесін бағанадан бері алақанымен басып отырған жуан папканың бір бетін ашып жіберіпті де, түбі тігілген қағаздар арасынан тілдей біреуін сұқ қолымен түртіп қалып: "Міне! Мынау өз қолыңнан берген "тілхатың" деген екен. Сары Шаяның бетінде жаңа ғана тікірейіп-тікірейіп алған түгі жығылып, бір сәтте мүләйім момақан бола қапты. Алдына тосқан қағазға туралап қарай алмай, көзін алып қаша берген екен дейді. Дәл сол кезде Қарақұлды басқарма шақырмасы бар ма.

– Ақсақал, колхоздың қойын қайтар, ұят болады.

– Жарайды, Қарақұлжан. Қайтарайын. Қайтарайын.

– Қашан?

– Қарақұлжан, ойланайын...

– Қазір келем. Соған дейін ойланып қой, – деп, Қарақұл сырт жағында сүйеулі тұрған балдаққа қол созған. Қос балдақ қолтыққа тигенде етжеңді ауыр денесін ұршықтай үйіріп алатын жігіт ырғи басып, есіктен аттай беріпті. Қарақұлдың көзі тая бергенде Сары Шая да орнынан атып тұрыпты. Папкадағы қағаздардың арасынан әлгінде

көргеннен бері көзінің қиығын айырмай бағып отырған тілдей тілхатты жұлып алыпты. Жұлып алуын алса да, бірақ "ә" дегенде оның көзін қалай құртудың есебін таппай дағдарып қапты. Сыртқа шыға қашса, сөзге қалады. Қойны-қонышына тықса, тұла бойын тінтіп тауып алады. Онсыз да соғыстан аяғын жұлдырып, қаны бұзылып келген жігіт балдақпен қақ басқа бір қоюдан жүзі таймайды. Бір қой үшін жаманаттасып масқара болғанша, қайдан шықса онан шықсын деп сиырдың тіліндей қағазды умаждап-умаждап аузына атып ұрыпты. Азу тіске басып сарғайып кеткен қағазы құрғыр кәрі сиырдың сіңіріндей тамағынан өтпей тұрып алыпты. Сол кезде басқармамен әлденеге келіспей айқайласып шыққан ақсақ бұғалтер де тақтай еденді тық-тық басып келіп қалса керек. Сары Шая әрі-бері шайнаған екен, бірақ, тамағынан өтпей тұрған қағазды жан-дәрмен талмап жұтып жіберген екен, бақырайған сап-сары бажбық көзден бір түйір жас ыршып кетіпті. Бірақ... есесіне, ехе-ехе-хеу... ақсақ есепші ана жақтан... терісіне симай, ашуға булығып келгенде, бұл жақта мына жайсаң бір жұмысты бітіріп, жымыңдап күліп отыр екен дейді...

Қамыс қоста алаулап жанған отты айнала қоршай отырған көңілді кісілер тағы да ду күлді: ха-ха-ха... қарқ-қарқ... шақ-шақ... Е, Алла, осыны басқа біреу істесе, мына жұрт оны көрмей кетер еді. Ал Сары Шая істеген қандай сұмпайы, жексұрын қылыққа бұлар неге мәз болады? Әне!.. Әнекей: Ха-ха-а... Шақ-шақ... Ал жер қозғалса қозғалмайтын Сары Иван... О да ырқ-ырқ күліп, көзін сүртіп жатыр. Бақса, мыналар басқа емес, бұның өзінің кісілері екен. Әне, анау Көшен. Анау Сары Иван. Май-май кепкамен көзін сүртіп жатқан күлді-күйелеш мына біреу мұның шопыры. Ой айналайындар-ай! Жыл он екі ай ел көрмей, тентіреп теңіз асып жүрсе де, сары масаға таланып, қызыл тобық боп күн-түн су кешсе де, еңбегі бір жанбай, салы судан шықса да, бірақ сонда да сағы сынбайтын, тауы шағылмайтын, айналайын қайыс қаралар-ай!

Сол күні бұл өзін қандай бақытты сезіп еді! Иә, бақытты еді! Көзіңнен мөлт еткен жасты көрсеткісі келмей, сырт айнала бере жеңімен сүртіп тастаған еді-ау!

* * *

Ертең ерте тұратын болғасын бұлар сол күні қызыл іңірде жатқан еді. Су үстінің мазасыз тірлігі титығына жетіп жүрген жігіттер басы жастыққа тиер-тиместе қорылдап, қамыс қосты басына көтеріп әкетті. Сыртта жел ызғиды. Іргеде ұлы теңіз өкіреді. Сылағы түскен қамыс қоста болса да қамсау жоқ. Ошақтағы от сөнген бойда жан-жақтан жел ызғып, үй іші уілдеді де кетті. Төсекті бір-біріне тақап салып тығылыса жатқан кісілер көрпе астына кіре сала қол-аяғын бауырына алып тым-тырыс бола қалды. Тек сен, жамылғың жұқа болды ма, тынышсызданып қасыңда қатар жатқан жігіттің көрпесіне кіріп едің.

Бұл өзі бір өңірге аты шыққан палуан жігіт еді. Жылда-жылда Октябрь мерекесінде, жұртты жығып, бас бәйгені жеңіп алатын, кеудесі жүн-жүн, ірі қара жігіт көрпесіне кіріп келе жатқан кісінің денесін дереу сезіп, ыңыранып аударылып түсті. Жақында үйленген жас келіншегі есіне түсті ме, сілекейін тамсанып, ұйқылы көзімен жараған бурадай тісін қайрады да, күбідей санын дүрс еткізіп үстіне салып алды. Сосын қайтсін, бұл сыртқа атып шықты. Күндізгі қара суық қазір күшке мініп қылшылдап тұр екен. Салған жерден қойны-қонышына кіріп тұла бойы тітіркеп ала жөнелгесін, жалт беріп қамыс қостың ығына тұра қалған-ды. Ішке қайтып барғысы келмеді. Бұнымен қатар жатқан екінші көршісі Көткеншек Көшен еді; қырсық шалмен жатарда сөздері жараспай қырбайласып қалған-ды. Сондағы жазығы – ертең Сырдария сағасында қостанып жатқан қоралы кісінің бақ сынайтын күні. Алғашқы бір-екі күнде әуір-сәуір болатын көкше мұздың кәделі балығынан сыбағасын алып қалғысы келген кісілер алдын ала буынып-түйініп әзір отыратын. Бұ да ертең "ал" дегенде суырылып шығатындай, ау-құралды машинаға тиеп буынып-түйініп, әзір отырайық деп еді, қара шал қақшаң етіп төсектен басын көтеріп алды:

– Кіл қапылу. Кіл сүргін. Әй!.. Әй, жарқыным, тым құрыса түн тыныштығын берші.

– Ақсақал, істің реті...

– Іретіңнің ішін с...

– Көшеке, түсінсеңізші...

– Түсінбеймін. Тіпті түсінгім келмейді... Ал!.. Ал, сонда қайтесің?..

– Қайтейін. Тек ертең "ал" дегенде...

– Ылғи "ал!" Сол "алдан" алған бірдеңе бар ма? Кәне?.. Кәне көрсетші!

– Апырай, Көшеке-ай... Үмітсіз шайтан... Ертең сіз бен біздің бақ сынайтын...

– Әй!.. Әй, мынау не деп тұр, а? Қайдағы бақ? Бағы несі? Екі елі маңдайына тек бақытсыздық жазылып қойған мына сорлыларды сағым қуғандай, бақты қу деп... Жоқ! Жоқ, осы қарық қылғаның да жетер!

Бұған не жауап айтарын білмей, тілінен байланып тоқтап қалған-ды.

– Әй, Көшен, – деді Сары Иван,м– өзіміз істейтін шаруа ғой. Кәне, тұр!

– А-а? Тұр? Ал тұрмаймын. Ал жатам. Кәне, тұрғызшы. Тұрғызып көрші! – деді де, көрпемен басын бүркеп алды.

Мына қырсық шалдың қылығына сенің де жының келіп:

– Онда жат солай! Әй, жігіттер, тұрыңдар! Өзіміз істеп тастайық,– деп едің.

Көшен:

– Ал жатам. Міне, жатырмын, – деп көрпе астында күңкілдеп, басын қымтай түсті де, кенет ойына не түскенін қайдам, шаян шағып алғандай атып тұрды. Көрпе жиырылып аяғының басына түсті. Шадыр көз шақырайып кеткен.

– Әй! Әй, мені жатқызып-тұрғызатын Құдай сен бе? А?

– Ақсақал, жатам дедің, жат дедім. Сенің қай бабыңды табамыз.

– Ал, жатпаймын. Ал тұрам. Міне, тұрдым. Сонда сен маған не істейсің? Кесесің бе менікін?

Көткеншек шал қалш-қалш етеді. Шақылдаған ащы дауыс құлақты шағады: "Жат дегені несі, әй? Неге жатам?" – деп, жалғыз өзі шақылдап сөйлеп жүріп, сол күні жұмысты жұрттың бәрінен көп істеді. Жас жігіттерден қалыспай, жан-тәнін салып апырып-жапырып жүргесін бұлар да жұмған аузын ашпады. Үш жүз құлаш қара торды қамыс қостың ық жағында тұрған машинаға тиегесін күндегідей, ертең тағы да ерте тұратын жігіттер көрпе астына кіріп, үн-түнсіз жата қалған еді-ау.

* * *

Апыр-ай, күзгі түн қандай ұзақ! Ұйқыдан әбден күдер үзгесін Сырдарияға барып қайтқысы кеп қамыс қостың ығынан шықты. Жолсыз даланың ой-шұқырын сипалап келе жатып төңірекке көз салып еді; қызыл іңірде туған ай бұлар әлгінде қара торды машинаға тиеп бола бергенде сәулесін сарқып батып бара жатқан еді; бұрын түн болса бұл жақтың аспанында ине шанышқандай жер қалдырмай жыпырлап қоя беретін жұлдыздар шұғыл қатайған суыққа көрінген бе, сөніп-сөніп сирепті. Көз байлаған қараңғыға жалтақтап келе жатып дарияға жеткенін байқамай қап еді; жар кемерге мінбелеп тоқтады да, еңкейіп аяғының астына қарап еді; әуелі түк көрмеді; тек қараңғыға көзі үйренгесін сонау төменде әлдебір алып жылан жер бауырлап ирелеңдеп етіп бара жатқандай болды. "Ай жарықтық-ай!" деді ішінен. Әлде аяп, әлде қазіргі түріне көңілі толып тұрғанын өзі де білген жоқ.

Жылда ит кешіп өтіп жататын дария биыл, шүкір, жақсы. Жаз басында таудан кеп су құлады. Ағыл-тегіл тасқын су дарияның сағасына жете бергенде жан-жағына жайыла бастады. Арнадан қашқан су ала-бөле дарияның арғы жайпақ бетіне қарай жөңкіліп құлап, қай

жылдан бері кеуіп қалған көл толған-ды. Тасқын сумен ілесіп келген көп балық көлге өтіп кеткен-ді.

Қамау судағы балық – қорадағы қой. Қолы бұрын жеткен қарқ болады. Қамау судың балығы талай жұрттың құлағына тиген-ді. Ел алды боп "Райым" колхозының балықшылары жетті. "Райымның" басқармасы жігерлі жас жігіт-тұғын. Домалақ беті быттиып, томпақ көзі зыттиып тұратын кішілеу қара торы жігіт аса пысық. Жиналыстарда жұрттан бұрын сөз алады. Жедел басып мінбеге ұмтылады. Қызыл галстукты тамағының астынан қылғындырып байлап алғанда әлгі бүйректей бет, әсіресе быттиып, дөп-дөңгелек үркек көз әсіресе зыттиып, залда отырған жұртқа жанары тоқтамай, әлдебір жаққа әуелей қарап, тілі тіліне тимей тақылдай жөнелетін. Жұртқа оның тақылдаған пысықтығы ұнайтын. Сосын осылай жиналыста жұлқынып тұрғаны ұнайды. Ол сөйлегенде ара ұясындай гуілдеп отырған зал жым-жырт боп тына қалады. Әне бір жолы қасында отырған райком инструкторы бұны бүйірінен түртіп қап: "Пысық. Тас қайнатады. Өсетін, келешегі мол жігіт",– деп трибунада тақылдап тұрған "Райымның" басқармасын иегімен нұсқаған-ды. Оның өсетінін бұ да біледі. Осы ауданда абырой әперетін бірдеңе болса осыны бетке ұстайды. Баяндамадан кейін бірінші сөз осыған тиеді. Жиналыс соңында жоғарыға жолдайтын құттықтау хатты да тақылдатып осыған оқытып қояды. Өссе өссін-ау. Тек асығып-аптықпай, ақырын айтып та жеткізетін нәрсені осы байғұстың әрқашан әпі-шәпі, азан-қазан ғып даңғазаға айналдырып жіберетіні ұнамайды. Құдды қолы қатты біреу күн көзінде ұзағырақ жатып қалған қу тақтайды дәл сондай тағы бір қу тақтайға таңқ-таңқ қаққандай. Сондайда таңқылдақ даусы құлақ тесе жаздайды. Бұрын бұған анадай жерден "ағалап" ұмтылатын жігіт осында келгелі сырғаяқтап жоламай қойды. Жә, жоламасаң – жолама. Шамаң белгілі. Арғы беттегі қамау судың балығы сені де қолды-аяққа тұрғызбай жүр.

Кілегей көкше мұзға қайта-қайта шығады. Беліне байлаған ұзын арқанның бір ұшын жағада тұрған кісілерге ұстатып қояды да, өзі аяғын кібіртіктеп басып есікпен юрдей жерге барады. Жаңа қатқан жас мұз сәл сықырласа да жалт беріп ізінше кері қайтады. Соны көрген Көткеншек Көшен: "Айтпады демеңдер, біз аяғына шұлғау оралған салақ қатындай болбырап-солбырап жүргенде, мына пәле арғы бетке өтіп алады" – деп еді. Осы сөз қамшы болды да, бұ да Сырдарияға баруды жиілетті. Ащы судай емес, тұщы су тез қатады. Кешеден бері күн шұғыл суығып, қызыл шұнақ аяз қылшылдап тұр. Түн асса, кім біледі, ертең тор-тұзақты арқалап, арғы бетке... Тосын дыбыс ойын бөліп кетті. Көз байлаған қараңғыда түсін аңғартпай түксиіп жатқан өзеннің әрегірек бір жері күтір етті; әдетте мұз қалыңдап, салмағымен шөккенде біреу дәл осылай қабырғасын қиратқандай күтірлеуші еді; сен қараңғыға көзің мен құлағыңды тігіп, тың-тыңдап тұрдың да, жаңағы дыбыс әлгіден кейін қайталамағасын мұзға түскенсің-ді.

Ілгерілеп барып бетіне қар түспеген көкше мұзды тақаңмен теуіп едің. Е, бәрекелде! Еңіреп қатқан мұз емен ағаштай дүңк-дүңк етті.

Түнгі аяз тастай екен. Ала-бөле екі беттің ұшы тызылдап әкетіп бара жатқасын қолын қолғаптан шығарып, алақанымен әрі-бері уқалап ысып еді; бетінің ұшы кәдімгідей қызып, көзіне ұйқы тірелді. Таң атқанша мызғып алғысы кеп, қамыс қосқа қайтып келе жатқан-ды. Кенет селдір қамыс сыбдыр етті. Сен қалт тоқтап, қараңғыға көз тігем дегенше болмады, үстіне келіп қалған кісіден үріккен әлдебір аң бұғып жатқан жерден атып түсіп, селдір қамыс арасын сатырлатып жұлдыздай ағып баратты. Сен сонан қашан дыбыс ұзағанша тырп етпей, сілейіп тұрып қалғансың-ды. Бір жақ бүйірі біз сұғып алғандай шымылдап әкетіп барады. Сосын жүрегі құрғыр қашан қосқа жеткенше жанын шығара ауырып, кеудесін қос қолдап ұстап алды. Қалайда көңілге алаң кіріп, ұмытылуға қарағаң баяғыдағы бір ыстық сезім бір төңкеріліп аунап түскен-ді. Көрмейсің бе, ата жөнелген аңның сыбдыры есіне қай-қайдағыны салып... Қай-қайдағысы несі, ол... ол өзі бұның үйленген жылы еді ғой. Дариға, ол күндердің несін айтасың! Онда жер басқан жанның бақыттысы еді. Онда балықшылар ауылының бет алдында шалқып жататын телегей теңіздің сонау көкжиекке барып-барып тірелетін жерінен анау-мынау емес, отқа қақтаған сары алтындай сап-сары күн жалқылдап шығар еді-ау! Неге екенін қайдам, шықпай жатып шекеңді қыздырып ала жөнелетін бұл өңірдің өрттей ыстық күні сол кезде саған тек күліп шығып, күліп бататын сияқты еді! Ол кезде бұ да төсектен күнде-күнде күліп оянатын. Оянған бойда қарғып тұратын. Тұрған бойда қара жерге табанын тигізбей тұла бойын құп-қунақ қып көтеріп әкететін бір пәлесі бар еді-ау! Сонан болар-ау, бұл аяғы астындағы қара жердің бар-жоғын кейде сезсе де, кебіне сезбепті. О л кезде түнде де түсінде пырақ мініп, құс боп ұшып жүргені. Басқа жұртқа ұқсап жер баспай, кіл көкте ұшып жүргесін ол күндері бұл адам боп бетіне не ызғар, не зәр жимай, ашуланатын жерде де бет алды ыржалақтап күле беріпті. Сүйтіп, өз бақытына өзі мас боп жүріп қасындағы жарының көңіл күйін аңғармапты. Көзі ашық жүріп те құшағындағы жарының көңіл күйін аңғармағанда, бәтір-ау... Сонда, бақыт соқыр ма, әлде бақытты соқыр ма? Құс қонарында тұғыр таңдамаса, бақыт шіркін де жер басқан жұмыр басты пенденің бас-аяғына қарап жатпай, көңілі түссе, жаманға да қона салады дейді ғой. Сонда... Сол шіркін, түптің түбінде жақсы мен жаманды да теңестіріп, бақытты пендесін қаласа, бала ғып та, дана ғып та жіберетін құдіретіне сенетіні ме? Бақытты кезде сен дана болдың ба, жоқ па, ол арасын білмесең де, ал бала болғаның анық. Және соқыр болғаның да анық. Сонда бір басқа сыйған сәбилік пен сұңғыла даналықтың түпкі тегі түк көрмейтін соқыр болғаны ма? Солай болған ма, әй?!

Әйтпесе, бұл басына қонған бақыттан қаласа бала болып та, дана болып та жүрген сол кезде жарық дүние қабағына, сірә, кірбің жолатпай жарқылдап күліп тұрса, жарық күн шығып келе жатып та,

батып бара жатып та күлсе, маңындағы жер басқан жанның бәрі өзі сияқты екі езуін жимай, қағанағы қарық боп жатқанда, есі дұрыс кісі, тым құрыса, қойнындағы жарының күн санап өз-өзінен азып-тозып бара жатқанын байқауға болатын еді ғой? Ал сен соны да... Жоқ, байқады. Байқап еді ғой. Қайсы бірде Бәкизаттың өз-өзінен азып-тозып жүдеп тұрғанын көргенде, бұның өзінің де жаны қосыла күйзелетіні қайда?

– Бәтіш... Бір жерің ауырып...

– А-а?

– Ауырып тұрған жоқсың ба?

Бәкизат бұған тандана қарады. Көруі көріп тұр, бірақ көріп тұрып та бұған көзі түспейтін сияқты. Тіпті қарсы алдында қолы қапталына симай, қипақтап-сипақтап тұрған кісіден көрі қасынан шыққан дыбысқа назар аудара ма, қалай?

Бір жолы бұл бір жақтан жол жүріп келсе, Бәкизат үйде жоқ екен. Анасы әлгінде теңіз жаққа кеткен деді. Бұл тізе бүкпестен ауылдың бет алдында шалқып жатқан теңізге жүгіріп барса, Бәкизат жағада жалғыз өзі... шолақ жең шыт көйлектің етегін жоғары көтеріп, тізесіне дейін су ішінде тұр екен. Бұған бұрылып қарады да, тұк демей құр жымиды да қойды. Сен ауданға бара сала кідірмей кері қайтқаныңды айтқың келсе де, Бәкизаттан ыңғай болмағасын үндеген жоқсың.

Бұлар сонан қас қарайғанша жағада болды. Қайтарда Бәкизат ілгері озып, қол созым алда кетіп бара жатқан-ды. Жалғыз аяқ жолдың екі бетіндегі селдір, сұйық қамыс арасынан әлдебір аң ата жөнелді. Бәкизат шошып қап, шыңғырып жіберді. Ыршып түсіп, бұның құшағына кірді. Талдырмаш дене дір-дір етеді. Сен "Бәтіш, қорықпа. Бұл қоян ба, түлкі ме, сондай бір аң ғой",– деп жұбатсаң да, ол бірақ жуық арада өзіне өзі келе алмады. Сонан үйге жеткенше саған тығылып, жан-жағына жалтақтап қарап болған-ды.

Оған, міне, он үш жыл. Сонан бері бұлар екі балалы болды. Екі баланың екеуі де ана жатырында індетке шалынып кемтар боп туды. Әсіресе, он екіге қарап бара жатқан бұның дәл өзіндей денелі, ірі қара баланың тілі әлі дұрыстап шыққан жоқ; ақыл-есі кем. Ал, екінші баласы... Бәкизаттың аузынан түскендей аппақ әдемі қыз бала... бұл айналайын да сол қолы іштен үш саусағы кем туды. Бұған кім кінәлі? Құдай ма? Адам ба? Жоқ, әлде ант атқыр мына заман ба?

Ала-бөле бұның жеке басына түсіп отырған нәубет болса екен-ау. Әрілесе тек Арал өңіріне келген қасірет болса бір сәрі ғой. Онда неге көнбеген сорлы бас, Құдайдың салғаны осы шығар дер еді де, бұған да шыдам жеткенше көніп бағар еді. Ал мынау күллі қазақтың, қазақ

халқының басына қара күн орнатқан, сұм заманның сұмдық зауалына айналып, етек алып барады. Әсіресе кеше Арал тартылып, ана жақта Семей, мына жақта Байқоңыр, ол аз дегендей Маңғыстаудың мидай жазық даласы мен Ақтөбенің қатпар-қатпар кәрі таулары, Орал мен Орданың шағыл құмдарына үсті-үстіне бомба жарып ұлан байтақ жер-су, ел-жұрт жаппай полигонға айналғалы бері бұл дүниеде қазақ татпаған у мен дерт қалды ма? Әне, жас ана құрсақ көтерсе үзірлі, кеміс бала туып, ұрпақ азып барады.

Қосқа келгесін де көпке дейін көз ілген жоқ. Қатты ұйықтаған кісілердің қорылы қамыс қосты басына көтеріп тұр екен. Ал Ұлы Октябрь мерекесінде ылғи бас бәйгені жеңіп алатын палуан жігіт сен төсекке жата бергенде қорылын кілт тыйды да, қасындағы кісіні құшыры түсе құшақтап аяғын үстіне салып алды. "Мына кәпір қайтеді, әй?" деп, сен оған шошына қарадың да, төсегіңді қара шалға қарай қозғап едің. Қырсық шалдың қырысы тарқамапты. Шырт ұйқыда жатып та тісін қышыр-қышыр қайрап, әлдекімге айбат шегіп, бақ-бақ етті. Сен қараңғы үйге құдды теке кіріп кеткендей, тіксініп қалдың. Бұнан бұрын да күнде-күнде кеш жатып, ерте тұрып, шала ұйқы боп жүргенсің-ді. Сол күні тағы да түн тыныштығынан айырылатын болғанына қиналып жатқанда, есіне Бәкизат түсті. Бәкизат басқаны кешсе де, бұның дәл осы жолғысын кешпейді. О бастан-ақ қиюы қашқан ағаштай, қисыны кеткен өмір еді, аяғы немен тынарын кім білсін? Бірақ соған кім кінәлі? Бұл ма? Бұның ит мінезі ме? Әлде, Тәңірінің қалауымен теңін тауып қосылмаған жағдайда, айт-айтпа, тірліктің ақыры осылай ырың-жырың бола ма? Кім білсін, солай болса солай шығар. Бірақ... сорыңа қарай, бұ да жетеңе кеш жетті. Егер Құдай дес беріп, жетесіне дер кезде жеткенде әлде қайтер еді? Онда, кім білсін, бүгінгі бұл халге душар болар ма еді, болмас па еді? Қайдам!.. Қайдам! Бірақ, ол кезде, сен жазған да басына қонған бақыттан басқа нені біліп едің. Көргенің де, білгенің де Бәкизат. Қайткенде соның көңілін табам деп отырса – отырып, тұрса – тұрып, көлеңкедей қалбалақтадың да жүрдің. Бірақ, әй, қойшы... әйел көңілін табатындай, сен қайбір жұрт құсап жылмаңдап жүзіктің көзінен өтіп тұрып едің? Әсіресе бабын таптырмайтын қала бикештері киінетін жерде епті жігіттер есебін тауып елп етіп сенен бұрын киімін әпере қоятын. Ал, сыртқа шығар жерде әлгі епті жігіттер тағы да сенің алдыңды орап, жүгіріп барып алдынан есік ашып, иіліп-бүгіліп жатқанда, сен бір шетте елеусіз қала беретін едің ғой. Ондайға епсіз болғасын үйленген жылы біразға дейін әйел құлқын таба білетін Әзімнен көрген, білгендеріңді істеп те ештеңе шығара алмағансың-ды. Әсіресе, бір жолы... Күледі-ау! Сол өзі, ұмытпаса, бұлар үйленген... Жоқ, келесі жыл ма еді, қалай? Әйтеуір күз-тұғын. Ол анық. Жерге қар түсе қоймаған қара суық екені де анық. Курорттан қайтқан Бәкизатты алдынан шығып күтіп алмақ боп жаман машинаны салдырлатып Аралға жеткен-ді.

Студент кезде талай көрген: Әзім қит етсе есебін тауып, Бәкизатқа гүл сыйлап жататын. Сонда жігіттің ілтифатына ырза болған қыз құшағы толған гүлді бауырына қысып, әрқайсысын бір иіскеп тұрар еді де, қара көздің қиығын кірпік астынан Әзімге күлімсірей тастар еді. Сол күні сен де Бәкизатты гүлмен күтіп алғың келді. Аралдың қашанда жел ызғып, топырақ борап жататын қиқы-жиқы көшесін кезудей кезген еді. Бірақ, не пайда... Күзгі қара суық түгіл, алты ай жазда да гүл тұрсын дені дұрыс шөп өспейтін адыра қалғыр жер емес пе... Не істерін білмей сасып тұрғанда есіне қалада тұратын таныс дәрігер түсті. Келген-кеткенде соққан сайын осы үйдің кіре берісінде кішкентай құмыра "гаршокте" жапырағы жалбыраған жасыл өсімдік тұратынын көретін. Көктемде екі-үш түйір бірдеңе қызарып, гүл жаратын сияқты еді; таныс дәрігердің әйелінен ат-түйедей қып сұрап алды. Соған өзі мәз. Міне, пойыз келді. Жапырлаған жұртпен бірге бұ да ілгері ұмтылды да, итініп-соғынып тоқтаған орта тұстағы вагонның қарсы алдына ентелеп тұра қалды. Қасында шофер. Құшағында горшок. Аралдың ұйтқып соққан ызғырық жел астында суық ұрған бес-алты көк жапырақ жалп-жалп етеді. Енді кідірсе, мына ызғырық жел тамырын үзіп ұшырып әкететіндей. Сен шынында да сонан қорықтың да, көк жапырақтар жалпылдаған горшокты балаша бауырыңа қысып, қырындап ықтай бергенсің-ді. Көзі түскен кісілер одырайып жалт қарайды. Қайсы біреулер жымиып езу тартады да, кідірмей өтіп кетеді. Оларды сен байқаған жоқсың. Вагоннан түсіп жатқан жолаушылардың арасынан күткен кісіңді көре алмай, мойныңды созып ентелей түскенсің-ді. Сүйткенше болмады... Е, міне!.. Әуелі өзінен ілгерірек оздырып ұстаған былғары сары шамадан... көзіне оттай басылды. Кірпігін қаққанша болмай, іле-шала аржақтан өзі де жарқ етіп шыға келді. Былайғы уақытта да жанары шоқтанып тұратын қара көз жайнаңдап, көңілденіп күліп шығып еді, не болғанын қайдам, саған көзі түсті де, түсі демде бұзылды. Сен оны көруін көрдің. Тек бұлайша түсі неге бұзылғанын білген жоқсың. Шыны керек, сол арада, тап сол сәтте оны ойлап жатуға сенде шама да болған жоқ. Вагоннан түсіп келе жатқан Бәкизатқа ұмтылып, қолынан шамаданды енді алам дегенде, құшағыңдағы горшокты түсіріп ала жаздағансың-ды. Қалбалақтап сасып қалғаның сонша, сен енді Бәкизаттың қолынан шамаданды аларыңды, әлде оған жапырақтары жалпылдаған горшоктегі гүлді ұсынарыңды білмей, абдырып сасып қалдың; соның ретін сен айтып жіберші дегендей жаутаңдап жаныңдағыларға қарап едің. Жұрты құрғыр сенен көзін алып қаша береді. Сосын сен әйеліңе жаутаңдап қарап:

– Мынау... Мы-нау саған...– деп едің.

– Бұл не?– деді Бәкизат.

– Гүл ғой.

– Гү-л?

– Иә, саған а-алып шыққан гү-ү...

– Есің дұрыс емес шығар...

Төбеге ұрғандай тұрып қапсың. Қолыңдағы горшокке көзі түскенде өзің де шошып кеттің. Тәйірі, қазақ ұстаған гүлде күтім қайдан болсын. Құрт жеген жапырақтар шұрқ-шұрқ тесік. Шаңы да сүртілмепті. Бұл пәледен бір сыласын тауып тезірек құтылғысы кеп, шоферді іздеп еді. Ол көк соққыр анадай жерге ұзап кетіпті. Бәкизаттың қасында мықшыңдап шамаданын көтеріп барады екен. Сен енді ағыл-тегіл халық арасынан таныс біреу кездесіп қалатындай зәрең ұшты.

Құдай оңдағанда Арал стансасының бет алдындағы алаңда бала бойындай бәкене тұғырға қондырған ұлы көсемнің бюсты тұратын. Қуанып кеттің. Жұрттың көзін ала бере жүгіріп бардың да, әлде бір кезде Аралдың қолы ұсынақты бір баласы ақ гипстен үйтіп-бүйтіп ұсқынын келтірген тақыр бас көсемнің бюстының дәл түбіне көк жапырақтары жалпылдаған кішкентай құмыра горшокты қоя салды. Сосын былай ұзай бере артына бұрылып қарап еді; көк жапырақтар жел астында жалп-жалп... Ал ұлы көсемнің тұла бойында құс саңғымаған сау-тамдық жоқ екен!

* * *

Басын жастықтан жұлып көтеріп алды. Әлденеден шошып оянып, ұйқылы көзі алақтап үй ішіне қарады. Жатқаны жаңа сияқты еді. Иә, Сырдарияға барып қайтқасын таң атқанша мызғып алғысы кеп төсегіне озған. Етігін шешіп, киімшең бойымен көрпе астына кірген. Кепке дейін башайының ұшы мұздап, жылымай қойған соң аяғын жып-жылдам бауырына тартып алған. Біразға дейін бойы жылымай бұйығып жатып, көзі ілініп кеткенді. Қанша өткені белгісіз, бір кезде түсінен шошып, көзін ашып алса... есік алдында сығырайған соқыр шамның майы таусылып, сөніп барады екен. Оянған бойда неден шошынғанын есіне алды. Кім екенін білмейді, кім де болса әйтеуір қостағы жігіттердің бірі сырттан аптығып жүгіріп кірді: "Ойбай, неғып отырсыңдар, Көк Өгіз қамаудағы суды сарқып ішіп кетті ғой". Сүйдеді де, қолымен жер тіреп отыра бере еңіреп жылап жібергені. Оянғанда осының бәрі есінде сайрап тұрса да, тек жаңағы неме есіктен еңіреп кіргенде бұл басын көтеріп отыр ма еді, әлде жатыр ма еді? Қасында кім бар, кім жоғы белгісіз, бар білетіні әлгі жігіттің аузынан шыққан жаман хабарды есіткенде тұла бойы түршігіп кетті. Зәре иманы ұшқан жігіттер сүріне-қабына сыртқа ұмтылды. Солармен бірге бұ да тажал өгізді көрейін деп отырған орнынан ұмтылатын сияқты; ұмтылуы ұмтылса да, бірақ, не болғанын қайдам, кеудесін көтеріп құр қопаңдағаны болмаса, қол-аяғы қорғасын ұйығандай қозғалтпады. Үй ішінде реңін анық аңғара алмай қойған әлдекімге әлдене деп тіл

қатқысы келетін сияқты; оған бірақ дыбысы шықпады. Дыбысы шықпағанға әуелі түсінбей, таңғалып еді; іле-шала қорқып, көзі алақ-жұлақ етті. Кім білсін, ертеңгі бар үмітін қамау судың балығына артып отырған қыруар халықтың ырысын ішіп кеткен тажал Көк Өгізден қорықты ма, әлде тілі байланып, қол аяғынан айырылғанынан қорықты ма, ол арасын білген жоқ. Бар білгені: есі шығып, қалшылдап ұшып барады екен.

Бұл дәл сол кезде оянған-ды. Қос үрей көңіл жуық арада сабасына түсер емес. Басынан кешкен жаңағы сұмдық өңі емес, түсі екенін білсе де, абыржыған ала құйын көңіл аптығын баса алмай, қол-аяғына енген діріл әл-дәрменін әкетіп барады. Қараптан-қарап алқынып, қара терге түсіпті. Бұл бұнан бұрын да жаман түстен талай жүрегі шайлығып, заразат боп жүрген-ді. Неге екенін қайдам, әсіресе кейінгі кезде әлгі тажал өгіз түсіне жиі кіреді. Анада көрген бір түсінде бала кезде ауылдағы кәриялардан есітетін сол алып Көк Өгіз Арал теңізін түбіне дейін сарқып ішіп, аспан мен жер арасына сыймай, ауыл сыртындағы қырға қарай ыңыранып кетіп бара жатты. Тірлікке талшық қып отырған маңдайдағы жалғыз теңізден айырылған халық сонда да түсінде улап-шулап аза бойы қаза боп еді. У-шу, азан-қазан боп жатқан халық арасында, бұл дауыс салып өкіріп оянған-ды. Соны дәтке қуат қып, "тәйірі, түс қой",– деп мынаған да мән бергісі келмеп еді; бірақ қас қылғандай, сырттан дауыс сап кірген әлгі біреу қайта-қайта ойына түсе берді. Көз алдына елестетуге тырысады. Қанша ойласа да, сол неме бет-аузын түк басқан біреу сияқтанады. Ұсқыны соған келетін кісіні жігіттердің арасынан іздеп, ұйқылы көзімен үй ішіндегілерді тінткілеп бақты. Кезі әлденеге шоферге түсе берді. Бірақ әлгінің езуінде бықсыған темекі жоқ сияқты еді; ал мынау мықынына тұрмай төмен түсіп кете беретін шалбарын мықшыңдап қайта-қайта жоғары көтеріп әлек. Әне, өзінің әдеттегі машығымен жапырық кепканың күн қағарын төмен басып, көзіне түсірді де, сыртқа ұмтылды. Есіктен шыға бере әлденеге кілт іркілді де, құнжыңдап бұтында тылтиған шалбардың қалтасын қарап кетті. Сен онан көзіңді алған жоқсың. "Апырай, ә"– дедің ішіңнен; әлде де болса әлгінде бет-әлпін ажырата алмай қалатын жігіт осы емес пе екен деп ойлады. Ұсқыны... ұқсауы ұқсайды. Шофер басын есіктен сыртқа шығара түсті де, іштегілерге бұрылып:

– Мәссаған, безгелдек...– деді.

Жұрттан бұрын сыртқа қалай атып шыққаныңды да байқаған жоқсың. Шынында да, таң атып, дала кәдімгідей құланиектеніп қапты.

– Кеш қалдық...– деді біреу.

– Көре қал, бізден басқа жұрт арғы бетке алдақашан өтіп алды,– деді тағы біреу.

– Қазір ғой, пысықай басқарма қамау судың балығына тиісіп жатыр...

– Бол!.. Машинаны жүргіз,– дедің сен.

– Мәмент.

Бірден от алған мотор тарылға басып кетті. Жігіттер апыл-ғұпыл киініп, сыртқа жүгіріп шығып жатыр. Сен оларға қарамауға тырысып, басыңды баурыңа тығып алдың. Ойламайын десең де, осының бәрі жаңағы жаман түстің жалғасы сияқтанады.

– Ау, басқарма қайда? Түнімен ұйқы бермей, дүрліктіріп бітіп еді ғой?

Онсыз да зығыры қайнап тұрғанда бұ да кісінің жүйкесіне тиіп бағады. Тиіссін, тиіссін, тіпті жүйкесін неге жүндей түтпейді.

– Кеттік! Машинаға отырыңдар!

– Асығатын не бар. Болса да қамау судың қызығынан құр қалдық,– деді Көшен. Сен сөз таластырып жатқан жоқсың. Кабинаға қарғып міндің де, әмір күтіп отырған шоферге иек қақтың:

– Кеттік!

– Мәмент!..

Сырқылдақ машина салдырлап-күлдірлеп келеді. Шоферде үн жоқ. Сен де жұмған аузыңды ашқан жоқсың. Көңілге алмайын десе де жаңағы түсі құрғыр ойынан шықпады. Үлкен іске талаптанып отырғанда мынау бұларға Тәңірінің сездірген тағы бір тосын жамандықтың нышаны болмаса не қылсын? Есіне қайын енесі түсіп, мырс етті. Кейде сол қақсал көріпкел сәуегей ме деп қалады. Сол емес пе, қит етсе, бұған: "Тіріде талабы ілгері баспаған сорлы. Екі елі маңдайына жазған тиесі сыбағадан қағылып құр қалатын қырсығы бар",– деп табалайтын. Сол бекер ме? Қамау судың балығын күреп алатын жерде қара басып ұйықтап қалғанын көрмейсің бе?.. Апырай, түнімен көз ілмей шығып, таң алдындағы бір тұтам тәтті ұйқының алып ұрғанын қайтерсің.

"Райымның" тышырақайы есіне түсті. Ол қазір қамау судың балығына белшесінен батып жатқан болар? Жолы болғыш сыралғы неме мынадан кейін есіріп шыға келер-ау. Томпақ көзі зыттиып, бүйректей беті быттиып, тақылдақ даусы қазір тіпті түбі түскен шелектей таңқылдап, қамау судың балығына қарық боп жатқан көңілді кісілердің арасында қаңқылдап жүрген шығар.

Ашық машинада үнсіз келе жатқан кісілер кенет шу ете түсті:

– Ау, әй!.. Мыналар бұнда жүр ғой?!

– Арғы бетке өтпеген бе? Әлгі тас қайнатар қайда?

– Әне, о да осында...

– Шамасы, мұз әлсіз болды-ау?.. Әйтпесе, ол өтер еді ғой?

Салдырлақ машина Сырдария жағасында иін тірескен ығы-жығы кісілерге қатарласа бере тоқтады. "Райымның" тор-тұзақ тиеп алған көк қасқа машинасы да анадай жерде өткел бермей тұрған өзенге тұмсық тірей тоқтапты.

– Жәдігер аға, кеш келдіңіз ғой?

Жігерлі жас дауыс құлағының түбінен таңқ-таңқ етті. Қапталдаса берген жігітке бұл көз салмай тек бас изеді де, ілгері өтіп кетті. Қысқы күн дарияның арғы бетіндегі алыс көкжиектен төбесі жаңа-жаңа қылтиып келеді екен. Дүниені ар жақ-бер жақ қып екіге қақ бөліп тұрған дария қазір тұла бойын шынымен қаптап тастағандай шыңылтыр. Алыстан жеткен әлсіз сәуле шыны мұздың әр жер-әр жерінде жылдам тұтап, жылдам сөніп жылт-жылт етеді. Сен жайлап басып мұзға түскенде жағада әр нәрсенің басын бір шалып қауқылдасып тұрған кісілер жым бола қалды. Бәрінің назары бірден саған ауды. "Бұл не істер екен, көрейік" дегендей бәрі аңтарылып қапты. Сен көп назарынан қысылған бойыңды сөлекет қозғап, ілгерілеп бардың да, тоқтадың. Неге бүйтті? Оны өзі де білген жоқ. Осыдан былай қарай, бұл не істесе де, бұның ендігі ісінің бәрін бұның өзінен басқа өзге біреудің билеп-төстеуімен істеп жатқан сияқты. Сен сияқты о да осы арада не ілгері жүрудің, не кейін кетудің есебін таппай, екі ойлы боп дағдарып тұрғанда, жаңағы жігерлі дауыс сенің ту сыртыңнан таңқ-таңқ етті:

– Мұз әлсіз. Кісі көтеруін көтереді, бірақ машинамен өтуге... Жәдігер аға, шынын айтқанда, біз жүрексініп тұрмыз.

– Солай де?

– Иә, солай. Су – тілсіз жау. Бұл бар болғырдың астында тіреуіші жоқ қой.

– Тіреуіш жоқ дейсің, ә?

– Әрине, тіреуіш жоқ. Ал сіз... Сіз қайтпексіз?

– Біз бе? Біз... Әй, бала, сүйменді әкел!

– Мәмент!

Шофер сенің қолыңа ұңғысына кендір жіп байлаған темір сүйменді ұстата берді. Сенің ойыңды жаңа түсінген пысықай жігіт әлденеге

тызалақтап кетті.

– Жәдігер аға, бекер әуре болмаңыз... Мұзды біз жаңа байқап көрдік.

– Біз де көрейік.

– Сумен ойнауға болмайды. Су – тілсіз жау.

Пысықай жігіттің сөзіне құлақ асқан жоқсың. Дарияның ортасына дейін бардың да, қолыңдағы темір сүйменнің жебесін ілгері қараттың да, бар пәрменіңмен жіберіп қалып едің, уысыңнан сып берген сүймен көк мұзға кірш етті. Бірақ аржағына тесіп өтпей, қадалған жерде дірілдеп тұрып қалды. Сүйменнің тұмсығы қадалған жерден сызат су шықты.

– Айттым ғой. Әлсіз дедім ғой. Көзің енді жеткен болар? Ертеңдері болмаса, жүгі бар машинаны көтере алмайды.

Мұздың әлсіз екенін сен де көріп тұрсың. Астында тіреуіш жоғын да білесің. Терең судың тілсіз жау екені де рас. Сонан келе... бұны бүгіндікке әлде бақыт, әлде сорына бастап тұрған бұның өзінен де басқа, көлденең бөгде біреуге жалтақтап қарай ма? Осы тұрғанда бұны билеп-төстеп тұрған бұның өзінен басқа әлгі көлденең бөгде біреумен бір пәтуаға келе алмай, екі жақ боп іштей тартыса ма? Бұның өзі де екі жақтың қай жағын ұстарын білмей, көзін сүйменнің мұзға қадалған ұшынан айырмай толқи ма, қалай? Балықшылар жаңа қатқан жас мұздың ауыр салмақтан майысса да, бірақ жуық арада сына қоймайтын жан созғыштығына сүйсінгенде бұны жігіт мұз деп дәріптеп жатушы еді. Бұл шіркіннің қанша жас, қанша жігіт болғанда соңыра жанынан түңілген әлде біреу тәуекелге бел буғанда бұның не кәдеге жарарын кім білсін. Ал қазір сүймен ұшынан су шыққанын ұнатпай жүрегі шайлығып тұрған-ды.

– Жәдігер аға, сау болыңыз! Біз кеттік,– деді таңқылдақ.

– Сау бол!

– Қамау судағы балықтың қызығын, бұйырса, ертең көреміз. Ал сізге айтар ақылым, бүгін әуре болмаңыз, қайтыңыз! Қосқа барып, ертеңге дейін дем алыңыз!

Құдай қылса қайтесің, "Райымның" тас қайнатар пысықай немесі де тілімді ала қоймады деп бұған тырсияды. Оның кеткеніне қуанды. Сен әлі де болса, сенің езіңнен басқа әлгі көлденең бөгде біреумен бір пәтуаға келе алмай, екі ойлы қалпың жағада тосып тұрған кісілерге келдің.

– Ал, Жәдігержан...– деді Сары Иван.– Мұзды көрдің ғой?

– Көрдім...

– Ал, не шештің?

Сен анталап аузына қараған кісілерден көзіңді алып қашып сырттай бердің.

– Ау не істейміз?

Сен аяқ астында жатқан әлдебір тасқа көзің түсті де, ұзын қоныш етіктің тұмсығымен арлы-берлі қаққылап, тебе бастағансың-ды.

– Әй! Әй! Қамау судың балығы тап мына үндеместің аузында тұрса да, мен кеттім.

Бұрын осы шалдың тілінен әзірейілдей қорқушы еді; осы жолы иманы селт етпеді; бұл жолы қайта бұның өзінің де арғы жағынан әлдебір дүлей бірдеңе тұла бойындағы тікенектерін тікірейтіп, зәрін жиып, зорайып келе жатқан сияқтанды.

– Айтса да... Кәне, не істейміз?– деді шыдамын тауысқан біреу.

– Иә, құрдан-құр тұра бергеннен не шығады. Онан да қосқа барып жан баққан дұрыс.

– Мұз әлсіз болғасын біз түгіл, ана тас қайнатардың өзі де тәуекел ете алмай тұр ғой.

– Ой, ол пәле ғой. Кәпірдің іші сезіп тұр ғой. Су – тілсіз жау.

Кісі шіркінде өзін көлденеңнен көретін көз болсашы. Сірә, бұның түсі қатты бұзылып кеткен болуы керек. Әйтеуір, бұған кезі түскен бойда шофер тілін тістегендей мойнын иығына тығып ала қойды. Ол түгіл бұның бір ісіне ырза болмай, осқырына беретін Көткеншек Көшеннің өзі кенет жуасып:

– Бастықсың. Билік те, хандық та өзіңде. Қалай шешсең де еркің, – деді қара тонның ұзын жеңін қиқарлана сілтеп.

Қалай шешерін бұл әлі білген жоқ; ол жөнінде ойлап та тұрған жоқ-ты. Бұл тек аржағында өз-өзінен өсіп, өніп келе жатқан әлгі бір тұла бойы түк-түк дүлейді бұнан артық тежеуге дәрмені жетпесін білді де:

– Тәуекел, жігіттер!– деп еді, Сары Иван өз құлағына өзі сенбегендей, қайырып сұрады:

– Жәдігержан, не дедің?

– Тәуекел, аға...

– Шырағым-ау, сонда бұны қалай түсінуге болады?

– Қалайы сол, арғы бетке етеміз.

– Шырағым, сумен ойнауға болмайды ғой. Өзің дұрыстап ойландың ба?

– Ойладым, тәуекел!

– Апыр-ай, шырағым-ай...

Бұл енді ешкімге құлақ аспады. Шеткері тұрған төрт-бес жігітке иек қағып, "соңыма еріңдер" деген ишара жасады, бұл жылдары үндемес басқарманың көңіліндегіні көбіне көзінен танып, қас-қабағынан аңғарып, ишара-ымынан ұғып үйренген жігіттер сол жолы да онан "не істейміз?" деп сұраған жоқ-ты. Басқарманың ойын іштей ұғып үйренген кісілер әсіресе сол жолы бұл не істесе, олар да үн-түнсіз соны қайталады; бұл тор тиеген машинаға қарғып мініп еді, олар да дереу борт тақтайға жан-жағынан жармасып үстіне шықты; сосын бұған қарап бәрі де жеңін түріп сыбанып алды; сосын күректей қолдың кек мүйіз алақанына түкіріп-түкіріп алды. Бұл алда, олар артта. Басқарманың соңынан екі елі қалмай еріп жүріп, түнде өздері машинаға тиеген үш жүз құлаш қара тордың жанына ұзын-ұзынынан қатарластырып тастай салған екі бөренені жерге түсірді. Бұның ар жақ ойын тағы да айтқызбай ұққан айналайындар әлгі ұзын екі бөрененің бірі ана, бірі мына басына тұра қалды. Осы жолы да басқарманың ар жақ ойын айтқызбай ұққан жігіттер екі басынан көтерген бөренені үн-түнсіз іштерінен ұғысып қара тор тиеген машинаның бауырының астындағы кісі беліндей күпшек темірге бірін алдынан, бірін артынан кесе көлденең орналастырды. Сосын екі басынан жуан кендір арқанмен қатты тартып байлап тастады. Соңыра жазатайым мұз жарылса да, машина тұрқынан екі жағына құлаштан астам озып шыққан мына бөренелер суға батыра қоймай, сатырлаған сеңдерді қармалап ұстай қалатын амал-тұғын. Қалған кісілер араласқан жоқ. Құптады ма, жоқ па, аржақ ойы ішінде, үнсіз бір-біріне кезінің астымен қарап тұрған-ды. Олар ес жиям дегенше сен шоферге иек қақтың:

– Кеттік!

– Аға-еке-ау... Мұз... мұз әлсіз ғой.

– Оны кім айтты?

– Осы жұрт... Сүйдеп... Сосын жаңа "Райымның"...

– Оны қайтесің, өлсек бірге өлеміз. Айда, отыр!

Бұрын бұндайда "мәмент" деп жұлқынып шыға келетін жігіт осы

жолы бұнан көзін алып қашып, шегіншектей берді.

– Кілтті әкел!

– Аға-еке-ау...

– Әкел-л!

Шофер әзірейілдей үстіне төніп қалған ірі қара кісіден ығысып, артына шегіне берді. Көлденеңнен көмек күткендей жалтақтап жанында тұрған Көткеншек Көшенге қарап еді, әншейінде ашу-ызасы әзір тұратын қиқар шал сол жолы тұтанбай:

– Бізге ендігі жетпегені суға кету еді,– деді де, қойды.

– Кілтті әкел!

Даусы қатты шықты. Шоферге қатулана созған қарулы қолдың бақандай саусақтары енді сәл кідірсе алқымнан ала кететіндей, иек астына барып қалған еді; шофер басын иығына тығып апты. Кілт ұстаған қолын қалтасынан шығармай, артына қарай шегіне берді. Оның өз ықтиярымен бере қоймасын байқады да, бұл кілтті оның қолынан жұлып алды. Сонан соң... Құрысын, сонан кейін ұйқы-тұйқы болды да кетті! Қимылы шалт. Шұғыл. Кілт қолына тие салысымен ырғып машинаға мінді. Мотор дүр етті. Машина тұрған орнынан қозғалғысы келмегендей, бір жұлқынды да, итініп қайта тоқтады. Бірақ іле-шала ақырын қозғалды, ілбіп мұзға түсті.

Осыған дейін жігіттер көз ілеспей жатқан қимылдан естерін жия алмай аңтарыла қарап тұрған-ды. Тек ілбіп ақырын қозғалған машинаның бауырындағы төрт доңғалақ мұзға түскенде, оларға да тіл бітті.

– Мына сорлы қайтеді, әй? Ажалынан бұрын өлер. Әй! Әй, тоқта!

– Тоқта!

– Қайт! Мұз әлсіз.

– Су – тілсіз жау.

– Мынаған не болған, әй?.. Есі дұрыс па? Қайт!

Жүгірген кісілер топырлап мұзға түсті. Тағалы етіктердің топырлап, дүрсітіп басқан дыбысына дабырлаған дауыстар қосылды. Сол ала-жабыр у-шудың арасынан әсіресе қу тақтайды дәл сондай тағы да бір қу тақтайға қатты-қатты қаққандай, таңқылдаған бір дауыс жер түбінен жан ұшырып келеді.

– Мынау есуас екен ғой. Суға кетеді! Өледі! Тоқта! Әй!.. Әй, сендерге не болды, тоқтатыңдар ана есуасты!

* * *

Жағалаудың күресін мұзына түскесін-ақ жаман машинаның жүрісі бұзылып қиқалақтай бастады. Жаңағы таңқылдаған жігерлі жас дауыс кенет пышақпен кескендей тиыла қап еді; сен онан оп-оңай тез құтылғаныңа қуанғаныңша болмай, жігерлі дауыс бұл жолы дәл құлағының түбінен таңқ-таңқ етті:

– Қайт! Қайт!

Құлағын тесіп бара жатқасын тұсындағы есіктің әйнегін тарс жауып алды. Пысықай неме айтқанын тыңдата алмағанына ызалы. Машинамен қапталдасып жүгіріп келе жатып, қаңылтыр капотты жұдырықтап, қаңғырлатып ұра бастады. Ара-арасында бұған екі жұдырығын бірдей түйіп бірдеңе дейді. Сен не дегенін есіткен жоқсың. Бірақ, не деуші еді. Көп болса бұған: "Қайт! Сорлы, өлесің"– дейтін шығар. Оны дәл қазір жанын шығара дызалақ қақтырған бұның ажалынан бұрын өлетіні емес, өзінің көзінен бір-бір ұша бастаған арғы беттің балығы екенін ішің сезді де, күліп жібере жаздағансың-ды. Күлер де еді. Пысықай жігіт ытқып машинаның алдына шықты да, қолын көтеріп қарсы қарап тұра қалды. Мына түрі: "Жібермеймін. Өтсең, тек өлігімнің үстінен өтесің",– деп шынында да, салдырлап-күлдірлеп келіп қалған машинаның алдынан өлмей қозғалмайтындай талтайып тұрып алды. Сен сасып қалдың. Бірақ іле-шала тез ес жиып:

– Ой, әкеңнің...– деп айқайлап боқтап жібердің – Өлгің келсе, сені... сен итті доңғалақтың астына салып мылжаңды шығарайын-ай!

Көзіне қан толып кетті. Аяғы астындағы газды ызалана басты. Газ басқанда машина дәл бір сүзеген бұқадай гүжілдеп ағыза жөнелген еді-ау!

Оған да қазір бір жетінің о жақ-бұ жағы. Сонан бері де басынан талай оқиға өтті. Бұл бүгін ұясы бұзылған құстай, үйге симай айдалаға шығынып кетті. Енді, міне, түс ауды. Балықшылар аулының бет алдында ақ қар, көк мұзда ертеден бері екі аяғынан сарсылып тұрып сол оқиғаны ойлағанда жолын кеселеп тұрып алған тас қайнатар пысық жігітті сол арада шыныменен машинаға бастырғалы табаны астындағы газға қалай дәті жетіп бар пәрменімен кіжініп басқанына қайран. Бұл не, ожарлық па? Өжеттік пе? Соның қайсысы болса да, мынау бұның бойында жоқ оқыс қылық еді. Кім білсін, күйік көтергенде көзіне қан толып кетсе кеткен шығар. Сол арада ала көздің ақиып кеткені анық. Доңғалақтың астына түсер деп еді, жаны тәтті неме жеме-жемге келгенде жалт берді.

– Мынау ішіп алған ғой... Мас қой...

Бұны есіттің. Бірақ сонан кейін оның не дегенін есіткен жоқсың. Тек жаны тәтті неменің салдыр-күлдірлеп келіп қалған машина енді басады-ау дегенде жалт беріп еді; аяғы тайып, шалқалап құлап бара жатқанын көрді. Бұған енді Көшен қатарласты. Қара тонның екі етегі далақтап кеткен. Кабинаның бұл отырған жағына қапталдаса бергенде сүрініп жығылды. Сол бойда ұшып тұра сала қайта қуып жетті. Қатарласа бере бұған бірдеңе деп айқайлады да, өкпесі қысылып бара жатқасын кейіндеп қала берді. Қара шалмен шалғайласа жеткен жігіттер де бұған қолын бұлғап, бірінен-бірі дауыс асыра айқайлап жатыр:

– Суға кетесің! Қайт!

– Тоқ-та!

– Тоқ-та-а!

Осы кезде үсті басы алау-далау біреу есік тұсындағы басқышқа қарғып мініп, жақтауға жабыса берді. Бұның шофер бала екенін байқаған жоқсың. Тек қолыңдағы рөлге жабыса бергенде жының ұстап кетті де, кеудеден түйіп жібергенсің-ді. Сен оны да білесің. Жақтаудан қолы жазылып кеткен шофер аяғы ерең-сереңдеп құлап бара жатты. Осыған дейін машинадан қалыспай қапталдасып жүгіріп келе жатқан кісілер төбеге ұрғандай тоқтай қалды. Машина жүрісі мандымай қисалақтап келе жатқан-ды. Алдыңғы доңғалағы айнадай жап-жалтыр

мұзға іліккенде суға салған қайықтай бауыры сызып жүре берді. Әлгінде әр доңғалақты бір қағып жүрісін мандытпай діңкелеп болған күресін мұз артта қалды. Рөл қолға күш түсірмей, ойнап шыға келді. Сосын бұ да көңілі орнына түсіп, сыртқа көз салып еді, бетіне қылау тұрмай мөлдіреп жатқан мұздың аржағы бір түрлі жүрек шайлықтырып қарауытып қоя бергені. Дарияның осы тұсы терең еді. Бұл көзін тоқтатпай, бұрып әкетті. Осыдан кейін ол жаққа қарамаса да, газ басқан аяғына діріл енген сияқты. Сүймен ұшынан су шығатын жерге әлі жеткен жоқ; машина ілбіп келеді.

Көңіліне алмайын десе де, күдік пен қорқыныш қаумалап тұрып алды. Машина ауырлап бара ма, әлде мұз әлсіреп бара ма, ол арасын білген жоқ. Тек машинаның баурындағы төрт доңғалақтың асты шатыр ете қалатындай, шытырлап зәре ала бастады. Бұның ақыры немен тынарын білмесе де, екіталай жағдай бола қалса қамсыз болғысы келмеді де, өзі отырған жақтың есігін ашып қойды. Сосын ашық есіктен бір аяғын сыртқа шығарып, орындықтың шетіне таман ысырылып отырып еді; оны өзі біледі. Сырдарияның түбін аңғартпай түксиіп жатқан терең жеріне жаңа алдыңғы доңғалақ іліне бергенде шыны мұз құдды шатыр ете қалатындай шытырлап кабина іші үрейге толып кеткен еді ғой. О да есінде. Сен оны да білесің. Сен тек сол арада аузың жыбырлап, әлдебір құдіретке жалбарынып келе жатқаныңды білген жоқсың-ды. Татар дәм осы арада таусыла ма, жоқ па, оны да білген жоқсың. Алланың аманатын тапсыратын жазмыштағы жер осы болса, е, онда амал қанша. Онда мойнын аққа ұсынып, ілгері жылжығаннан басқа амал бар ма? Оны машина да сезе ме, қалай, бауырын жаза алмай, бүгежек-бүгежек етеді. Қабажақтай мұз қаттырақ сықырласа да тұла бойындағы ілініп-салынып тұрған ағаш, темір салдырлап қалшылдай бастайды; машина да, бұл да сықырлаған мұздың кенет шатыр етіп қақ айырылғанын күтетіндей. Жаңа ішінен күбірлеп отырған-ды, енді рөл ұстаған қолы дірілдеп, даусы да қатты шығып "Аллалай" бастады. "Иә, Алла!.." деді; "Иллаһи Ил Алла..." деді. "Шиеттей қатын-баланың көз жасы мен жілігі шағылған жаңағы пақырлар... Олар да адам ғой... Аясаң еді; бишаралардың сағын сындыра бермей, рахымың түсіп... Иә, Алла! Ата-баба, аруақ... Жар бол! Қолда! Қолдай гөр!" деді. Деуін десең де, сен бірақ дәл сол сәтте аузыңа не түсіп, не қойып жатқанын білген жоқсың-ды. Әйтеуір, шыбын жан шырқырап көзіңе көрінді. Сосын жаны қысылған жұрттың бәрі сияқты сен де дүниеде өзің білетін жалыну, жалбарынуды тілің жеткенше бір құдіретке бағыштап едің-ау! Жердің, көктің, судың, күллі айдай әлемнің қожасына, жаратушы Тәңірге тағы да жалбарынып "Қолда! Қолдай көр!.." дей түсті де, кілт тоқтады. Әй?.. Әй, мына жазғанға не болды, әй? Тұрып қалғаннан сау ма? Әлгінде ғана ыңыранып келе жатқан мотор неге әп-сәтте дыбысы шықпай қалды? Құлағын тігіп еді. Шынында, миын шағып болған мына бір сықыр-сықыр, шытыр-шытырмен лүпілдеп соққан бұның өз жүрегінің дүрсілінен басқа дыбыс естілмеді. Сосын машина тоқтап қалған екен деп газды

қаттырақ басып қалғанда, мотор дар-р етті. Жо-қ, жұмыс істеп тұр ғой. Қайтсін, бұл пақыр да өмір үшін жанталасып, қыбыр-қыбыр қозғалып келеді екен.

Дарияның ортасынан асқан сияқты. Сүймен ұшынан су шығатын жерді, шамасы, бұл байқамай өтіп кеткен болды. Тер құйылған көзі удай ашып барады, сүртейін деп еді, қолы қарысып қалған ба, рөлге жабысқан саусақтар жайылмады. Тұла бойындағы онан басқа мүшелердің бәрі сіресе-сіресе сіңірге айналғандай. Тап қазір бір мүшесін қозғамақ түгіл, демін қаттырақ алса да, онсыз да мына төрт доңғалақ астында сына жаздап сықыр-сықыр, шытыр-шытыр майысқан әлсіз мұзға артығырақ салмақ түсетіндей. Артық салмақ түскен де болар-ау. Жаңа ғана бүгежектеп изер еткен мұздың әлдебір жері омыртқасы үзілгендей күтір етті. Сен дір етіп, сасқанда жаңа тілі жеткенше жалбарынып отырған Тәңірі аузыңа түспей қалды. Рөлден тас қып ұстап алған екі қолы бірдей уысын қыса-қыса қарысқан. Газға созған аяқтың сіңірі тартылып қалған. Әлгінде қара иірімге назары түскенде, үрейлене ашылған көз сонан кейін кірпік қақпай сықырлаған мұзбен жағаласып кеткен-ді. Сол, сол екен тұла бойындағы тамырлар түгел құрысып, сіңірлер түгел сіресіп, жүйкелер де ширыға-ширыға ақырында шиыршық атып түр. Құлағының іші де біреу ар жағында шыны сындырып жатқандай, сықыр-сықыр, шытыр-шытыр...

Жаңағы күтір еткен мұз зәре алып қана қоймай, кідірмей тағы қайталарын білді. Жә, қорқары жоқ... Қайталаса қайталасын. Неге күл талқаны шықпайды. Бұл сорлының татар дәмі дарияның арғы бетіне өтуге жетпей, қаласа мына табан астында сықыр-сықыр майысқан тілдей мұздың бір жерінде таусылса тіпті құба-құп. Бұнда ала алмай жүрген өші бардай, өмір бақи өкшелеп, соңына түсіп алған тас бауыр тағдырдың бұған әлде де қылары болса қылып қалсын. Аспанды үстіне құлатса да мейлі! Тек сол болса тезірек болса екен! Тез болғанда да тап қазір болса екен! Бәлем, бұл сүйтіп сазайын тартса екен! Көті көрініп қалған дүние шіркіннің бұл қимайтын несі қалды? Қара құрдым бұны қазір машинамен қоса жұтар-ау. Сонда пәни жалған шыбыш ешкі құйрығындай бір сермеуге де жарамай, шолтаң етіп ете шықпай қайтер дейсің? Бұл өкінбейді. Өйткені өзі кінәлі. Өзінің ит мінезі кінәлі. Ит мінездің арқасында бұл жазған өмір бойы басына дүниедегі қиындықтың ылғи азабы мен ауырын тілеп алды. Бұл жаңа да сөйтті. Бұнан ана тас қайнатар әлдеқайда кешелі боп шықты. Есіл-дерті арғы беттегі қамау судың балығы бола тұрса да, көрмейсің бе, жеме-жемге келгенде, қақпан үстін баспайтын кәркесте түлкідей қатерлі жерге аяқ баспай қойды. Апыр-ай! Апырай, өзге өзге-ау, тіпті қиқар шал... Ол екеш ол да шыр-шыр болды ғой. Шофер жағаласып рөлге жармасты. Сүйтсе олар бұның ажалынан бұрын өлерін білген болды. Ажалынан бұрын өлерін тек бұның өзі білмепті. Білмеді ме? Білсе де, бұны Бәкизат айта беретін сол ит мінез... Жо-қ, мінезден көретін ештеңе жоқ; бұны арандатқан өзінің тас маңдай тағдыры. Ендеше түсіне Көк Өгіз тегін

кірген жоқ. Бір өңірдің халқы беті-жүзіне қарап отырған қамау судың балығын құрдым Көк Өгіз көл-мөлімен қоса жұтып қойғаны қайдан тегін болсын. Бәсе, көз ашқалы қыр соңына түсіп алған қырсықтың аяғы ақырында осындай бір кесапатқа әкеп соқтырмай тынбаса керекті. Е, міне!.. Соқтырды! Соқты! Көктен жай түскендей шатыр етті. Машина тебеген аттай, артқы доңғалағын көтеріп мөңкіп-мөңкіп кетті. Мөңкіген машинамен бірге бұ да ілгері қарай етбеттеп бара жатты. Бір амал істемесе қазір-ақ маңдайымен мұзды сүзе құлайтындай. Онан сайын зәресі қалмай, жандәрмен қолынан шығып бара жатқан рөлге жармасып еді, бірақ қапелімде рөл уысына ілікпей, бауырында бұлқынып-бұлқынып қалды. Артқы доңғалағы өтер-өтпесте шатыр еткен мұз іле-шала күтірлеп ала жөнелді. Артқа қарай шойқаң етіп отыра берген машинаны су астынан сопаң етіп атылып шыққан соламандай бірдеңе артқы екі доңғалақтың арасына дұңк етіп қатты соқты; оның сең екенін сен білген жоқсың. Жаныңды бір ажалдан алып қалған осы сең екенін білсең де сен кейін ес-түсіңді жиғасын білгенсің.

Машина жаңағыдан кейін бойын тіпті билей алмай, екі жағына кезек теңселіп, салдырлап-күлдірлеп ала жөнелді; сен шайқалақтап құлап бара жаттың. Қос қолдап ұстай алған бауырыңдағы рөл өзіңмен бірге аунады. Сен рөлдің астына түсіп, рөл сенің үстіңе шығып бара жатты. Соның ар жағы... Құрсын, соның аржағын бұл кейін қанша ойласа да, бас жоқ-аяқ жоқ, үзік-жұлық бірдеңе есіне түсті. Онда да күтірлеген мұз; шайқалақтаған машина; шайқалақтаған машинаның кабинасынан ұшып түсе жаздап, бөксесі былғаң етіп ана есікті бір, мына есікті бір соқты. Жанталас үстінде жанарын билей алмай қалған көз алақ-жұлақ; не боп, не қойып жатқанын білген жоқ; бар білгені – аспан үстіне құлап бара жатқан сияқтанды. Ол өзі аспан ба, әлде басқа ма, оны жөндеп айыра алмады. Не де болса, көзі шалып қалған тас төбедегі сауыс-сауыс бірдеңенің шалғайы бұның құлап бара жатқан жағына қарай бір бұлғаң етті. Сонан кейін бұл тіпті бойын билей алмай шайқалақтаған машинамен бірге шайқалып, іле-шала екінші жағына қарай жығыла бергенде жаңағы сауыс-сауыс нәрсе көз алдынан тағы бір бұлаң берді. Бірақ оның неге бүйтіп бір олай, бір бұлай бұлғаңдап жатқанын ойлауға шамасы келмеп еді; машина әлі де бір ана, бір мына жағына аунап сарт-сұрт, салдыр-күлдір. Кузовта да әлде бірдеңе әлде бірдеңені тепкілеп тарс-тарс, дүрс-дүрс. Жүрек шапшып алқымға тығылды. Рөлден бір ұстап, бір айырылып қап жатқан қол қай жағын қармаласа да, қатты бірдеңенің қырына тие берді. Төрт доңғалақ көк тайғақ мұзға қайта тиіп дік-дік тұрар-тұрмаста машинаның бауыры астынан су шалпылдады. Ілгері қарай лап берген су қапелімде машинаның алдына шығып баратты. Аяғы газдан да, тормоздан да шығып кеткен-ді. Екі аяқтың екеуінде де табан астындағы тілдей темірді демеп жіберер дәрмен қалмаған. Екі қары салдырап көтертпеді.

Бір жақсысы... әйтеуір, мотор сөнген жоқ; машина да тоқтаған жоқ, жүріп келеді; соған дәтке қуат қылды да, бауырындағы рөлге басын

салып жата кеткен еді-ау! Осыған дейін түп-түгел ширыққан жүйке мен тұла бойдағы сірескен, құрысқан, тартылғандардың бәр-бәрі құдды тарқатылған жіптей күрт босап еді; тек темір затында бола бермейтін жансебіл өлермендік мына жаман машинаға қайдан біткенін қайдам. Жаңағы жанталастан кейін төрт доңғалақ түгел су кешіп, әлі де сырғанап келеді. Арғы бет жақын қалған сияқты. Сол жақтан селдір қамыс, секейген бұталар көрінді. Заулап келе жатқан машина емес, машинаға қарсы сирағы сидандап зырлап келе жатқан арғы беттегі қамыстар мен бұталардың өздері сияқты. Әйтеуір қара жер орнында екен. Аспан да орнында. Дүние жаралғалы қара жерге жоғарыдан қарап мөлиетін де тұратын бұл байғұс та өзінің қара орнында қалқиып тұр. Тек қыс пен күз аралығы болғасын ба, жауары да, жаумасы да неғайбыл. Суық сұр бұлт жабағы жүнденіп, аспанның сұрқын қашырып, салбырап-салбырап тұрған еді-ау. Ол ғой желтоқсанның он жетісі еді... Сонан бері... он сегіз, он тоғыз, жиырма, жиырма бір, жиырма екі... бүгін жиырма үші. Бүгін де, міне, дәл сондағыдай, жабағы бұлт салбыраған сауыс-сауыс аспан. Сол күні бұның көз жасы Құдайға жетті ме, әлде ата-баба аруағы қолдады ма, әйтеуір қатыгез тағдырмен тайталасқан тағы бір жағаласта мына жансебіл жаман машина екеуі жанын жалдап жүріп, өлдім-талдым дегенде арғы беттегі қамау судағы балыққа қолы жеткен еді-ау. Есіне тас қайнатар түсті де, күліп жіберді.

Жасаураған көздің жанарын билеп жоғары қарап еді... О, Жасаған!.. Жаппар Ие-ау, мына сұрғылт аспан салақ қатынның шалғайындай сауыс-сауыс сиқына қарамай жымия ма, қалай? Өз екпінімен сырғанап келе жатқан машинаның алдынан кенет атысқан-шабысқан бірдеңе андыздап шыға келді. Сен ес жиям дегенше болмай, машина гүрс етіп тұмсығымен соқты...

Осы оқиға кейін есіне талай түскен-ді. Түсіне де кірді. Түсінде де жер астынан шыққандай қарсы алдынан ақсиған-сақсиған бірдеңелер шыға келеді. Түсінде де дәл өңіндегідей, әлгі ақсиған-саңқиғандарға машина тұмсығымен соғады. Содан кейін түсінде де әрқашан қара терге түсіп ұрынып қалатын да, кеудесі қысылып, ыңырсып оянатын. Көзін удай ашытып бара жатқан ащы терді көрпенің шалғайымен сүртер еді де, ұйқылы-ояу жатып осы оқиғаның сонан арғы жағы қалай болғанын еске алатын. Еске алған сайын сүймен ұшынан су шығатын жерден аман өткеніне таң қалатын. Жаңа қатқан жас мұз... Бұл айналайын, шынында да, жігіт десе жігіт екен ғой деп сүйсінетін. Сәптіреген сана не боп, не қойғанын есіне жөндеп түсіре алмай, бірді бірге шатастыра беретін. Кеудесін рөлге салып сұлық жатқан-ды; сонан бір кезде әлдеқайдан алыстан шыққан бір ызың әлсіреп жеткен еді-ау. Бұл әуелі мән бермеді. Тек әлгі дыбыс құлағында қайта тірілгесін, зейін қойып тыңдап еді; бұл жолы ызыңға әл бітіп, бірте-бірте бері жақындап келе жатқан сияқтанды. Құлағын тігіп қайта тыңдағанда әлгі дыбыс анығырақ есітіліп, мынау көп кісінің топырлап басқан аяғының дүрсілі

сияқтанған-ды. Иә, қателеспепті. Көп кісі дабырлап келуі келсе де күресін мұзға тұмсығын соға тоқтаған машинаның артқы доңғалағына деңгейлесе бергенде кілт тиыла қалды. Тыныштық ұзаған сайын бұның да көңілі құлазып, жалғыздығын жаны күйзеле сезген-ді. Көңілі босап, көзіне мөлтілдеп жас кеп қалды... Арт жақтан әлдебіреулер аяғын ақырын, еппен басып келе жатқан сияқтанды. Міне, қасына кеп мойнын созып кабинаға үңілді. Әлдебір қол бұны иығынан ақырын қозғады. Балаша аялап жүрген әлгі қол рөлден бұның басын көтеріп еді; тынысы кеңіп сала берді. Уh-h!..

– Әй!.. Тірі! Келіңдер!

– А, Құдай!.. Жасаған! Ие, азаматым аман екен ғой. Аман... Аман екен...

Тәйірі, қуанған кісіде пәтуа болған ба. Жаңа ғана бірінің тасасына бірі тығылып, бата алмай тұрған кісілер кенет дабырлап, үйме-жүйме боп үстіне түсті де кетті.

Біреулер басын сүйеді. Біреулер терін сүртті. Біреулер саусақтары қарысып қалған қолын рөлден жазса, енді біреу аузына су тосып абыр-жабыр. Бұл әлі де шала ұйқы кісідей сүлесоқ хәлден серпіле алмай жатыр. Басын көтергісі келеді. Үйме-жүйме боп жатқан кісілерге қарағысы келеді. Қарайтын да сияқты. Қараған сайын кісілердің жел қаққан жылтыр қара бетінде қырық құбылған шексіз қуанышты көреді. Ақсиған тістерін көреді. Арсаңдаған, ыржалақтаған жүздерін көреді. Дабырлаған дауыстар естіледі. Дәл осындай ес-түсі қалмай қуанған халықты бұл бұрын да көрген-ді. Иә, көрген. Онда бұл әлі бала еді; мектепке барып жүр ме, әлде барайын деп жүр ме еді? Айтқандай, соғыс сол жылы біткен еді-ау. Әскерден қайтқан кісілердің алды елге келе бастаған еді. Кім келсе де, жұрт алдынан жүгіріп шығатын. Егіл-тегіл боп жылап жүріп, азаматы аман оралғандар онда да дәл мыналардай ыржалақтап күлген еді-ау! Сонда да көп арасынан сөзі сыйлы біреу дауыс көтеріп дабырлап бара жатқан жұртқа басу айтқан еді-ау! Сыйлы кісінің сөзінен кейін лажы құрыған жұрт тынышталған еді-ау! Тынышталған жұрт кейін шегіне-шегіне ақырындап үйлеріне тараса да, соғыстан әкесі оралмаған балалар мен байы оралмаған қатындар – бәрібір кетпей, босағаға сүйеніп тұрып жаулықтың шетімен аузын басып солқылдап жылай берген-ді.

– Айналайын-ай! Садағаң кетейін, азаматым-ай! – деп жұрттың бәрінен кейін жеткен біреу аңырап қоя берді. Таныс дауыс сияқты және кәрі кісінің даусы. Бірақ кім екенін білмеді де, есікті ашып, бір аяғын сыртқа шығара беріп еді; біреу аяғын қос қолдап құшақтай алды:

– Азаматым! Қара қасқа атты Қамбарым!

– Көше-ке... қойыңыз...

– Қоям ғой, қоям ғой, қалқам.

– Көшеке, тұр! Тұрыңыз!

– Тұрам ғой, садағаң кетейін. Біз сияқты кеңірдегі қураған жаман шал сенің садағаң кетсе болмас па. Апыр-ай, мен бейбақ қатерлі жерде сені қалай алдыма салдым? Қыршын жасты көре көзге ажалға қалай қидым екен? Соған дәтім қалай жетті? – деп, Көткеншек Көшен көңілін тоқтата алмай, тері тон астынан иығы селкілдеп кете беріп еді-ау?

* * *

Тұмсығы жапырылған ескі машина жапан түзде құйындатып келеді. Күні бойы алдына түсіп, ирелеңдеп ілгері жетелеп келе жатқан дала жолы кейде алдағысы келгендей жусан арасына бұғып жасырына қап, іле-шала "мен мұндамын ғой" дегендей әлдебір қоңыр төбенің баурайынан ақсия қалады. Сол кезде бұ да көңілденіп:

– Бала, бас! – деп шофердың жанын ала түседі.

– Басар едім-ау, оған бірақ...

– Бірағың қай бірақ?

– Жолы құрғыр...

– Жолға қарама...

– Басеке-ау, жаман машинаны қиратып алсақ қайтеміз?

– Дәнеңе қылмайды, өзім списать етем.

Шофер бастығын бірінші рет көргендей таңданып басын шайқады. Бұлар қай жылдан бері бірге істеп келе жатқан-ды. Бұдан бұрын да бұлар үй көрмей апта жүріп, ай жүріп ауылға қайтқанда басқарманың дәл бұлай дегбірі қалмай дігерлеп болған кезін көрген емес-ті. Осы жолы... Иә, бұл осы жолы жұрттың бәрін таң қалдырған еді: жеме-жемге келгенде тас қайнатардың өзін тасқа отырғызып кетті. Сырдариянның арғы бетіне аман-есен өткесін қамау судың балығын бір күн, бір түн сүзген кісілер ертеңіне қалжыраған-ды. Үсті-басы су-су аш кісілер аяғына әзер тұрған сияқты еді. Ас-су ішіп әлденіп алғылары кеп, кел жағасында қаңырап бос қалған қамыс қосқа топырлап кірді. Кіруін кірсе де, табалдырықтан аттай бере аңтарылып тұрып қалды. Есік жоқ, терезе жоқ, жел ызғып түр екен, шофер әуелете ысқырып жіберді.

– Бұның табылғанына шүкір,– деді Сары Иван.

– Иә, жоқтан жақсы ғой. Ал, кәне, тұрмаңдар! Есік, терезеге одеял

ұстаңдар. Ортаға маздатып от жағыңдар!

Мына сөзді шоферге қарап айтқан сияқты. Осы ауылдағы иегіне қылтанақ шыққанның бәрі "алып кел", "барып келге" бұны жұмсайтын әдеті. Бұрын бұндайда "мәмент" деп жүгіре жөнелуші еді, осы жолы бұ да кереңденіп ала қойды. Қамау судың балығы бұлардың қашаннан бері зарығып күткен қызығы еді ғой; жұрт өлген-тірілгеніне қарамай қызығына түсіп кетті. Жастардан қалғысы келмей қатты қимылдаған қара шал өз денесін өзі билей алмай, шофер баланың иығына асылып жатып алды. Шофер езуінде бықсыған темекі тұқылын аяғының астына түкіріп тастады да, бойын билей алмай былқ-сылқ тұрған шалды белінен ұстап, бауырына тартып алды.

– Кел, ақсақал!.. Қамау судың құрметіне билеп жіберейік.

Қара шал ештеңе сезіп тұрған жоқ-ты. Тек мына көк соққырдың жөніне тыныш қарап тұрмай, бұлайша неге аяқ астынан қойтаңдап кеткеніне таңданғанша болмады, шофер жігіттерге көзін қысып:

– Ал, кәне... Ас-са! Ас-са!– деп қынаулы бір қимылмен құшағындағы шалды ұршықтай үйіріп ортаға түсе берді.

– Әй!.. Әй, мына ит-шошқа қайтеді? Қайтеді, әй?..

О, Жасаған! Жаңа ғана көздері шүңірейіп, жағы солып құр сүлдері тұрған ебіл-себіл кісілердің күнге күйген жүдеу жүзіне кенет күлкі тепсініп, жанары шоқтанып қоя бергені.

Тау халқының би білгеннің де, білмегеннің де делебесін қоздырып, әуейілендіріп жіберетін сазды сол арада тұрғандардың бәрі көтермелеп күректей қолдар көк мүйіз алақанды жандыра сарт-сұрт соғып ала жөнелді. Мына аңғал-саңғал қостың есік, терезесіне одеялды кім ұстап, отынды кім әкеліп, отты кім жағатыны ешқайсының ойына кіріп шыққан жоқ. Қос ішін жаңғырықтырып қол соғып жатқан жігіттер жалма-жан араларын алқа қотандап ашып, ортаны кеңейтіп, кейін ысырыла берді. Шофер бала қара шалды белінен тас қып қысып алған. Әй-шәйге қаратпай, әлі де үйіріп жүр.

– Әй!.. Әй, мына қағынғыр қайтеді?.. әкесіндей кісіні...

Қара шал қанша бұлқынса да, шофер босатпай тәлтіректетіп үйіріп жүр. Жігіттер көңіл көтеретін ермек қылғанға мәз. Ас-са! Ас-саға кек мүйіз алақанның жаңғырығы қосылып, жел ызғып тұрған аңғал-саңғал қос іші қапелімде дуылдады да кетті. Делебесі қозған біреулер қасында тұрған біреулерді итермелеп ортаға түсті.

– Кет! Кет! Ой, найсап! Ойыны осылғыр! Әкесіндей кісіні тәлкек қып,– деп қара шал әлі де азар-безер.

Бидің аяғы әнге айналды. Жел ызғыған қамыс қоста бірінің иығына бірі қол салып, ән ырғағына қарай екі жағына кезек теңселіп қосылып айтты. Жігіттер басқарманы орталарына алып тұрған-ды. Әншейінде, осындайда көп ішінде ауыз ашпай, көзін төмен салып, ыржиып күліп тұратын тұйық жігіт аяқ астынан әнге қалай қосылып кеткенін байқамай қалған-ды.

"...Анаңнан сені тапқан айналайын..." дей берді де, кенет есіне қайын енесі түсіп, шоқ тістеп алғандай қалт тоқтады. Бет өңі де шұғыл бұзылып, сұп-сұр боп сазарып ала қойды. Көңілді кісілер бұның бұлайша неге аяқ астынан түсі бұзылып, әнге қосылмай үн-түнсіз сазарып тұрып қалғанын аңғармады.

Даусы келген-келмегеніне қарамай, өздері жақсы көретін әннің; әсіресе осы жолына бар жанын салып жатқан-ды. Шофер ортаға шығып, бір тізерлеп отыра қалды. Балықшылар өздерімен бірге алып жүретін кішілеу жиде домбыраны баурына қысып алған. Шыққан-шықпағанына қарамай, қос ішекті үсті-үстіне сабалап, әр әнге бір қосылып, шеке тамыры білеудей боп барылдап жатыр. Домбыраны көргенде, сен бір түрлі ұйқыдан оянғандай еңсеңді көтеріп ала қойғансың-ды. Бұрын неғып байқамағаныңа таңың бар. Жаңағы кішкентай жиде домбыраның қақпағы жарылыпты. Зауқы түскен кім көрінген балық жеп отырып та майлы қолымен ұстап сарала-сатпақ.

Әкесі марқұм көзі тіріде осындай жиде домбыраның талайын істеген-ді. Ол кезде осы өңірдегі елдің төрінде бір-бір жиде домбыра ілулі тұратын. Жұрт әлі күнге ел ішіне тарап кеткен Әміржанның домбырасын сұрамай танитын. Жидеден басқа ағаш болғанда алдақашан қаусап қалар еді; теңіз кезген балықшылар өздерімен бірге ойға, қырға сүйреп жатса да, жидеден шапқан домбыра шыдап бағыпты. Тек ішегі ылғал тепкен бе, әлде қолы білмейтін кім көрінген сабалап сілесін құртқан ба, бір кезде сұңқылдап тұратын шыққыр домбыра шофердің қолына түскенде құдды тұмау тиген кісідей мыңқ-мыңқ етті:

– Бері әкел!

Шофер "шын ба?" дегендей басқармаға сенімсіздене қарады. Әкесі сияқты, бұ да жұрт көзінше қолына домбыра ұстамаушы еді, сен "шын" екенін растап, қолыңды созып:

– Бер!– дегесін, шофер сөзге келмей ұстата салды. Сен әуелі тиегін дұрыстадың; сосын пернелерін басып көрдің; саға жақтағы бір-екі пернені қозғап, құлағын келтіріп, күйін тапқасын да бауырыңа түскен басыңды көтермей, бартиып ісінген бес саусақтың бесеуін бірдей тигізіп, қос ішекті қарш еткізе бір қаққансың-ды. Жарықтық, әкесі де үстетін; әлгіндей емес, келесіде қос ішектің үні кәдімгідей ширап қалған еді; қос іші жым-жырт; таңданғанын жасырмай, тұс-тұстан

аңтарыла қарап қалған кісілерден қысылды ма, көзін көтерген жоқ. Сылқылдап саз шығарған ішекті сабалай жөнелмей, бақандай саусақтың бауыр жағымен сипап отырғандай. Сонан ба, қос ішектің үні барған сайын көңілшектеніп барады. Бір дегеннен тартушы мен тыңдаушының көкірегіне жармасқан бебеу үн әрі-берідесін тұла бойындағы тамыр-тамырын солқылдатып суыра бастады.

Бұндайда, әдетте, қолына домбыра ұстаған кісі алқалы топтың ортасына түскенде аруақтанып шыға келуші еді; бір орында құйрық басып отыра алмай, көзі ойнақшып қозғалақтап болатын. Бұл болса басы бауырына кіріп барады. Әншейінде, қандай ірі кісімен қатарласқанда иығы асып шыға келетін нар тұлға да бұл жолы бүктеліп қапты. Бауырындағы домбыраның қос ішегіне қосылып жылап отыр ма? Әйтеуір, баяғыдағы біреудің көй-көйіне көкірегі қарс айрылып барады. Енді тек еңіреп жіберетін жерге келгенде басын көтерді. Бірақ көзі анталап отырған кісілердің ешқайсысына түспей, әуелеп аспанға қарай берді. Сосын балықшылар да бұның көзінің қимылына ілесіп қамыс қостың төбесіне назар аударып еді; бұл кенет қос ішекті ескек, таяу болмаса, онан өзгені олқысынатын күректей мүйіз қолдың алақанымен тас қып басты да, қыбыр етпей отырып қалды.

– Айналайын-ай, сен де бұндай ма едің?– деді жұрттан бұрын есін жиған Кешен.

– Е, сен соны жаңа білдің бе? Қыршаңқы қазымыр неме, сен кісіден мін іздеп шақылдағаның болмаса, қасындағылардың қай қасиетін көріп едің.

– Тәйт! Тәйт әрі! Қарғасам да, сілесем де өз балаларым. Е, сондай-ақ мен қай қазаққа қазымыр боппын.

– Е, бәрекелді! Таласа бауырындағы күшіктерін талайтын қара төбетпін де.

Көткеншек Көшен өзін тақымдап қоймай бара жатқан мына кісіден сырт айналып, кереңдене қойды.

– Апыр-ай, өнерлі итке дауа жоқ-ау! Қуанышым үстінде қарық қып тастадың-ау! Айналайын, Жәдігержан, өркенің өссін!– деді Көткеншек Көшен.

Қос іші көңілденіп сала берді. Жұрт дабырлап қошемет-қолпаш тұс-тұстан жауа бастағанда, бұл ертеден бергі өз қылығынан өзі қысылғандай домбыраны іргеге сүйей салды. Лып етіп түрегелді. Қақ жарылып жол берген кісілердің арасымен жылдам басып сыртқа шығып бара жатып:

– Жүр,– деп шоферге иек қаққан еді; сыртқа шыққан бойда,– Кеттік!– деп әмір еткен-ді. Тұмсығы жапырылған машина жуық арада от алмады. Басқарманың жүргелі жатқанынан бейхабар кісілер оңаша қалғасын қамыс қосты бастарына көтеріп қауқылдасып кетті:

– Әй, мынау өнерлі боп шықты!

– Ойбай, әлемет... Тек бұл айналайын да әкесі сияқты Құдай берген өнерді көп алдына шығып көрсете бермейді ғой.

Ескі мотор дүр етті. Қызып алғанша әдеттегідей қалшылдап-селкілдеп кісінің зықын алып еді; бірақ айдау жолға түсіп, ауылға бет түзегесін тұмсығы жапырылған алқам-салқам жаман машина жүрісін түзеп, шөбі күйген сұрқай далада құйындатып ала жөнелген еді-ау.

– Бас, бала!– деген еді-ау бұл.

– Мәмент, басеке!– деген еді ғой шофер бала құңжыңдап... Радиаторда су сарқ-сарқ қайнап, капот астынан ыстық бу қаттырақ бұрқырап, ескі мотор ышқынып, әсіресе әлгінің "мәментінен" кейін дарылдап ала жөнелген еді.

– Басеке, жеңгейге асығып келесіз ғой? Түсінем, хехе-хее...– деп еді-ау!

Екінші бөлім

Бел-Аранның ығында отырған балықшылар поселкасының орта тұсындағы еңселі биік үйге қатарласа бергенде сен машинадан қарғып түсіп едің ғой. Әлдене дегелі кабинадан мойнын созған шоферге қайырылған да жоқсың-ды. Есікті асығыс ашып, кіріп барғанда, қызы мен әйелі киініп жатыр екен. Сен табалдырықтан аттап кіре сала:

– Ей!.. Ей, барасың қайда, қайда мені тастап?– деп ойламаған жерден ойнақыланып, қайдағы бір өлең жолы тіліңе орала кетті.

– Өзің көңілдісің ғой?

– Иә, көңілдімін... Көңілдімін, Бәтіш...

Бәкизат ыржалақтаған түріңді ұнатпай назарын тіктей түсті де, көзін тайдырып әкетті; ләм деген жоқ; қызын жетелеп есікке қарай беттей бергенде, сен дереу жолын кеселеп тұра қалдың:

– Бәтіш... айналайын, тоқташы. Қайда бара жатырсыңдар?

– Бала – оқуға, мен – жұмысқа...

– Жібермеймін.

– Есің дұрыс емес шығар.

– Иә, есім дұрыс емес. Оо-о!

Онсыз да қалай құтыларын білмей, шарасы құрып тұрған келіншек пен кішкентай қызға, сол арада, шынында да, сен әлдебір ақыл-есі ауысқан деліқұл, есерсоқ кісідей көзіңді алартып, аузы-басың да қисаңдап, бас салып құшақтамақ болғансың-ды. Тұла бойың шырыш, балық сасып түр. Үстіңдегі киімнен де бұларға мүлде беймағлұм басқа ел, жер, судың, шөптің ию-қию исі аңқып кетті.

Кішкентай қыз тыжырынып, бетін бұрды.

– Баланы жібер. Оқуынан қалып барады.

Әншейінде де ренішке бейім тұратын етшең ернін жымқырып апты. Жазған басың сен оны кеш байқадың. Ана жақта өткен ауыр күндердің бейнеті мен азабы артта қалып, енді, міне, үйге кеп қатын балаға қауышқан осы бір сәтте аржағынан асып-төгіліп жатқан ағыл-тегіл қуаныштың, күлкінің дәл қазір қайсысы орынды, қайсысы орынсыз шығып жатқанын да ойлаған жоқ-ты. Әлі де болса ыржалақтап күліп Бәкизатты құшақтамақ боп, бауырына тартып еді-ау. Бәкизат бойына жолатпай, кеудеңнен тіреп тұра қалды.

– Сыр бойы сауықшыл дейтін, қайта-қайта баруың жаман еді. Солардан бірдеңе жұққан болды ғой.

– Иә, жұқты. Несін айтасың, сауық-сайранды салып қайттық. Сырдариялықтардың да ойын-сауықтан басқа баққаны жоқ екен.

Қапелімде қол-аяғың қалжырап, тұрған жеріңе отыра кеткің келді.

– Папа...

Портфелін бауырына қысып алған қыз кеткісі кеп, жаутаң-жаутаң қарап тұр екен.

– Айналайын, қызым-ау... сендерге не болды? Бәрің менен қашып...

– Папа, оқудан қалып барам.

– Оқуыңнан айналайын. Кішкентай балапаным менің. Тоқта, сен осы ертеңгісін оқымаушы ма едің?

– Ол былтыр ғой...

– Иә, айтса да... Сен екінші класқа көшкен екенсің ғой.

– Папаң балықтан басқа не біледі дейсің. Қызым, бар... оқуыңнан

қаласың.

Кішкентай қыз қыңқылдап, екі иығының басын кезек қиқаңдата бастады. Жиі тарақпен жылтырата тараған мөлдей қара шаштың бір шекесінде үлпілдеген бантик. Омырауында үлпілдеген фартук. Бантик те аппақ. Фартук те аппақ. Бауырына қысқан портфель болмаса, дәл осындай үсті-басы үлпілдеген кіп-кішкентай әдемі қуыршақты бір жерде көрген сияқты. Тек қайдан көргенін есіне түсіре алмай ойланып қап еді; кенет портфель ұстаған қызының қолына көзі түсті де, жүрегі біз сұққандай шым ете қалды. Іштен үш саусағы кем туған сол қолының орыны отқа күйгендей қызарып, терісі бүрісіп қалған екен. "Айналайын, балам-ай! Балапаным-ай..." Бір сөз айтса аржағы аңырап қоя беретіндей көзіне мөлтілдеп жас келіп қалды. Жалма-жан қызының алдынан есік ашып, мектебіне ұзатып салды.

– Бар-бар! Бара ғой, балам!

Кішкентай қыз бұта түбінен пыр еткен балапан құстай құлдырай жөнелді. Бір үйдің бұрышынан айнала бере артына бұрылды. "Айналайын, балам... балапаным". Көзінің алды жыбырлап, тамағы бүлкілдеп қалды. Сол арада, бұл өз қылығынан өзі қысылып, абыржып әпі-шәпісі шығып, ішке қайтып келсе, Бәкизат сыртқа шыққалы есікке беттеп келеді екен. Қолыңды екі жағыңа жайып, жолын кеселеп тұра қалдың.

– Саған, сірә дауа болмас,– деді Бәкизат басын шайқап.

– Пәтуа, дауа бізді қайтсін. Теңіз асып тентіреп жүрген кісінің қайта диуана боп кетпегеніне шүкір.

Бәкизат сенің аяқ астынан назарың түсіп, налып қалған кескініңе қарап тұрды да:

– Сол жақта қыстап қалар деп едім, Құдай оңдап, әйтеуір, келдің,– деді.

– Кісілерді тастап кете алмадым.

– Бізді тастағанда жақсысың.

– Апыр-ай... үйге келгенде сен де кірпідей жиырылып...

– Бізге оңай боп жүр дейсің бе?

– Білем... сендерге де қиын. Соны ойлағанда... Әй, құрысыншы... Осы жолы сендерді өзім де өлердей сағындым.

– Әй, қайдам.

– Маған сенбесең қасымдағы кісілерден сұра. Ал енді, Бәтіш... айтары жоқ, сапарымыз сәтті болды.

– Жақсы бопты. Саған балық болса, қатын-баланың керегі қанша.

– Апырай, Бәтіш-ай... Балықшы бишаралардың тірлігін басқа білмесе де, сен білуге тиіссің ғой.

– Ал, білдім. Сонда мен оларға не істеуім керек? Менің қолымда...

Бәкизат сөзін кілт үзіп, қабырғадағы сағатқа қарады да, әлденеге асыға бастады.

– Басқа айтарың бар ма?

– Бір жаққа асығып тұрсың ғой?

– А!

– Бәтіш... Айналайын, өтінем... Бүгін қасымда бол, ешқайда кетпе! Жарай ма?

– Жарайды... Жарайды,– деп Бәкизат арқаңнан қақты да, қабырғадағы сағатқа қарады,– Ауылға келдің ғой. Енді ешқайда кетпейтін шығарсың. Әңгімең қызық екен. Қалғанын кейін... Жарай ма, кейін айтарсың.

Сен "жарайды" деп те, "жарамайды" деп те айтқан жоқсың. Әлденеге жанары тайсақтап, сенен алып қашып жүрген келіншектен көзіңді алған жоқсың. Жұмысқа барам дегені жай сөз екенін жүрегің сезіп тұр.

– Шай қойып іш. Тамақ... Тамақ холодильникте...

– Тамағы құрысын...

– Иә, аш емес шығарсың...

"Несін айтасың, тоқтықтан кекірігі азып тұр".

Бәкизаттың бұнан алып қашып тұрған көзі ар жағындағы айнаға түсті. Айт-тойға баратындай үсті-басын сәндеп киініп апты. Бәрі де анада демалыста болғанда астанадағы ателиеге тіккізген инеден жаңа шыққандай әдемі, сәнді киімдер. Асығып тұрғасын ба, әлде құйындай ұйытқыған әлдебір құпия сезім көкірегін алып-ұшырып бара жатқасын ба, әйтеуір әне бір қыз кезіндегідей екі беті алаулап, етшең қызыл ерні албырап құлпырып кетіпті. Жанары жалтылдаған шаралы қара көз айнаға бір, өзіне бір қарап, бас-аяғын шолып етті. "Қайда асығып тұр? Әлде, анадағы ренішін ұмыта алмай, бұған істеп тұрған кесірлік пе? Солай ма? Сонда, шамасы бұның Сырдарияға барғанын кешірмеген

болды-ау? Ендеше, сен неге кекірейесің? Бұрын бұндайда ылғи басыңды иіп, кешірім сұраушы едің. Тағы да иіл. Басқа кезде кінәң болды ма, жоқ па, ал осы жолы кінәлісің. Осы жолы бірінші рет Бәкизаттың дегенімен жүрмедің. Айтқанын істетіп үйренген келіншек саған "Сырдарияға бармайсың"– деп үзілді-кесілді айтпады ма? Тым құрыса, сен жазған сол арада ерке келіншектің шиыршық атқан ашуын жылы сөзбен сылап-сипап жұмсартуды да білмепсің-ау. Жо-жоқ, білді. Білді ғой.

Тек тілдесуден тайсалды. Егер, сол арада тілдескенде Бәкизат реніште үдетіп, талайдан бері құлағын сарсылтып келе жатқан қыңқылын қайта бастап: "Бұл жерде қимайтын не қалды? Су ашыды. Балық құрыды",– дер еді; "жеті жыл көктен сыңар жаңбыр тамбай, теңіз өңірінің қылтанағы күйіп кетті" дер еді; "теңіз қайтқалы жер астының суы тартылып, бұрын күрпіп тұратын құдықтар түбі көрініп жатыр" дер еді; "ел алды қоныс іздеп көше бастағалы қашан. Әзір көшпегендер де қолайлы орын қамдап, ертең-бүрсікүні қозғаламыз деп отыр" дер еді; "суы тартылған теңізге сен-ақ бауырың бітіп, талақша жабысып алдың. Көре қал, ертең осы теңіз қаңсыған астаудай кеуіп қалғанда көшкен елдің жұртында жалғыз үй төбеміз шошайып отырармыз; сонда туған жерден не опа тапқаныңды көрермін" дер еді-ау. Сен соны білдің. Сондықтан, шараң құрып бір күрсіндің де, теңіздің арғы бетінде қостанып жатқан балықшыларға тартып тұрғансың-ды. "Айналайын, барам да қайтам" деп едің-ау. Тым құрыса уәдесінде тұрып, айтқан уақытта оралғанда бір сәрі ғой.

– Бәтіш... Кешір.

Бәкизат тағы да сағатқа қарады. Шыдамын тауысып шытынап қалды. "Қайда асығып тұр екен?" Өзінен сұрауға батылы жетпеді. Кінәсі болмаса да, кінәлі сезінетін әдетің, именшектеп басып қасына бардың.

Именшектеп қарадың. Имене-имене қолыңды иығына салып едің; Бәкизат иығын басқан зілдей ауыр салмақ астында шыдам тауып, шытынбай тұр. Сосын ішің жылып кетті. Қорғалақ қол әлгіден кейін батылданып, әлі де болса өңін суық ұстап, сыртын беріп тұрған Бәкизатты бауырына тартып еді; бұл жолы да қарсылық болмады. Қайта ұзақ жолдан арып-ашып келген азаматтың бұнан былайғы не дегенінің бәріне қабақ шытпай көнетін сыңай танытты. Сосын сен де бұрыңғыдай өліп-өшкен жоқсың. Онсыз да бар ісі оңына басып, орайына келіп жатыр. Үй ішіне қауышты. Қызын көрді. Енді, міне...

Қыс демей, жаз демей теңіз кезіп тентіреп жүретін қаңғыбас күйеуін күте-күте екі көзі төрт болған жары құшағына кірді де, тып-тыныш бола қап еді; үлпілдеп киінген мына келіншектің үсті-басынан сенің дем алған тынысыңа жаңа ғана қауыз жарған жас гүлдің жұп-жұмсақ

жұпар исі келді. Сонан ба, әлде денеңе жанасқан әйел тәні шоқтай тиді ме, ыстық қан кенет аттай ту лап алабұртып кеткен алпамсадай ірі еркек енді әй-шәйге қарамай, бауырына тартып құшағына құшырлана қысып еді; Бәкизат сұлық қалпын бұзған жоқ; қан-сөлсіз жүзін жоғары көтеріп, бұған бетін тосқан сияқтанды. Бетін тосқан Бәкизатқа бұ да дереу иіліп, еңкейе бергенде, ар жағында тұрған айнаға көзі түсті де, тіксініп қалды. Ерлі-зайыпты арасындағы парызды өтеу үшін әлде қалай бетін тосқан әйелдің құр сүлдеріне жоғарыдан дүр қара біреудің жүн-жүн беті жақындап төніп қалған екен. Бәкизат бойын дереу жиып ала қойды.

Қайратты еркектің қарулы құшағынан есебін тауып сытылып шыққанына қуанғандай, дем арасында тақтай еденді тық-тық басып, есікке барып қалған екен...

Абажадай үлкен үй кенет қаңырап бос қалғандай. Дүниесі құрғыр бір сәтте бар қызықтан айрылып, тірлік шіркін болса-болмаса да мәнін жоғалтты да, бұл ілгері озбай, аяқ киім жатқан ауызғы бөлмеге сүлдері құрып отыра кеткен еді-ау! Ащы тырнақ көкірегін осып алды. Қан қақсап бара жатқан басын қос шекеден қатты қысып, өзі де ұлыған иттей ыңырсып отырған-ды. Әрине, анасы үйде жоқ; үйде болса "жалғыз баланың" дауысын есіткен бойда жүгіріп келер еді ғой. Мал қорада жүр ме екен? Көзінің түбі суырып, шекесі сынып барады. Төрге озғысы келмеді. Есіл дерті теңіздің арғы бетіндегі балықшы қос. Мынау өз үйі болмай, егер балықшы қосы болса ғой... бұл онда астына төсеніш, үстіне жамылғы іздеп жатпай, аяғы жеткен жерге қисая кетер еді-ау! Бұл байғұс қадірі қалмай бара жатқан осынау қос уыс тірлікте қай бір өзінің жанын күтіп, бап талғап еді!

Осы жолы да кім көрінгеннің қасына бір түнеп жүргенде, бұл, сірә, өзіне бап тілеп, басының асты – биік, жамылғысының асты – жұмсақ, жамылғысы – жылы болғанын ойлады ма? Осы қазір де өмірінің жарым-жартысы балықшы қоста өткен сорлы сол дағды бойынша отырған жеріне үстіндегі сырмақ күртенің бір шалғайын төсеп қисая кеткісі келіп еді; бірақ, мына тілмен жалағандай сырлы еденге көзі түсті де, ол ойдан да тез айныды. Миығына мысқыл күлкі шапты. О бейшара!.. Бейшара!.. Мұның дәмесін қара. Бейшара-ау, тілмен жалағандай мына тап-таза үй, жаңағы үріп ауызға салғандай кішкентай қыз... әдейі айт-тойға баратындай желкілдеп киінген әлгі әдемі келіншек... бұның, бұл бейшараның ебіл-себіл түрі мен берекесіз тірлігіне қандай қатысы бар? Үш қайнаса сорпасы қосыла ма?.. Ха-ха-ха...

– Әй, балам...

Ту сырты түгел шымыр етті. Қасына кеп тоқтаған томашадай қара кемпірді бас салып құшақтай алды. Кемпір де ботасына исінген кәрі

інгендей еміреніп кетті.

– Шаршағансың ғой. Қашан келдің?

– Жаңа...

– Қора жақта болып едім. Ботасынан айырғалы қараша інген суалуға қарады. Желінін тартсам, уысым ақ орнына үрпіге толып кетеді. Бауырында қанша тұрғанда бір шайлық сүтті шаққа алам. Бәрің келдіңдер ме?

– Жоқ, өзім...

– Олар әлі сонда қалды ма?

– Үш-төрт күн шамасында келіп қалар.

– Ба-ба-а... Баба...

Сен жүгіріп келген баланы жерден көтеріп алғансың-ды. Әке құшақтағасын қол-аяғын тыпырлатып бұрынғыдан бетер асыр салып кетті. Ара-арасында мойнынан тас қып қысып алып, сілекей шұбырған ернімен сүйіп қояды. Сорлы бала қуанса да, ренжісе де осылай өзін тежей алмай қалатын, сірәдағысы.

– Апыр-ай, апа... мына балаң бұрынғыдан да нашарлап кеткен бе?

– Жоқты соқпа, баламның өзгерген түгі жоқ. Баяғы бір күйі.

– Ай, балапаным-ай... айналайын, балам-ай...

Әке құшағында қол-аяғы тыпырлап жырқ-жырқ күліп жатқан баланы бауырыңа тас қып қысып тұрсың. От басының осы бір қасіреті кішкене жанасса да, сең соққыға жығылғандай жаның жапырылып қалатын-ды. Міне, тағы да дем арасында діңкесі құрып, қасірет басқан еңсе қара жерге тартып бара жатты.

– Әкең жолдан шаршап келді. Дем алсын. Бері жүр, балам,– деп, кемпір ана бауырынан кемтар боп туған немересін қолынан жетелеп әкетті.

* * *

Анасы шай әзірлегенше бұл моншаға барып келді емес пе. Бас-аяғын апыл-ғұпыл шайып, парға бір кіріп шыққасын зіл тартып тұрған дене демде жеп-жеңіл боп сала берген-ді. Бұл тек моншадан реніште көңіліне төтеннен тағы бір уайым жамап қайтты. Былай қарағанда өзі түкке тұрмайды. Алғаш есіткенде "е, келсе келсін" деді. "Келмей жүрген жері ме" деді. Осыдан кейін көңілі кәдімгідей тыныштalып,

моншада есіткен оқшау хабар ойынан біржола ұмыт болған сияқты еді; үйге келе жатқанда тағы да сол есіне түсті. Бұл жолы көңіліне кәдімгідей күдік қашып: "апыр-ай, ә?" деп, әр кездегідей бүгін де жел азынап, топырақ борап жатқан көшенің ортасында селтиіп тұрып қалғанын кейін байқады. Байқаған бойда біреу-міреу көріп қалмады ма деген оймен төңірегіне көзінің астымен білдірмей қарап еді, Құдай оңдағанда көшеде өзінен басқа тірі жан жоқ екен. Тек көшенің арғы бетінде опан-топаны шығып қираған бір топ үйге көзі түсті де, көңілі құрғыр тағы да ит талағандай алау-далау болған еді-ау. Соғыстан кейін есін жиып, еңсе көтере бастаған ел құрылысты шұғыл қолға алып, бірінен бірі асырмақ боп бәсекелесіп салған шипірлі ақ үйлер көбейіп еді; колхоз клуб, мектеп салып еді; теңіз шаршысына келіп тұрған сол заманда баладай әлпештеген үйлер қазір, міне... Көзі тағы да көшенің арғы бетінде опыр-топыр қирап жатқан үйлерін түсті. Санын жатқа біледі: аттай жиырма бес үй. Бір шалдың бауырынан тараған ұрпақ өсе-өне келе жиырма бес үй болған. Балықшы поселкасы осы араға алғаш орын тепкенде ағайынды жігіттер араларына көлденең кісі кіргізбей, өздері ыңғайласып бір-біріне ірге тақай үй салған-ды. Енді қазір есік-терезелері үңірейіп, опан-топаны шыққан жиырма бес үй балықшылар поселкасының бір жағын бүтіндей үңірейтіп тастаған екен.

Жиырма бес үй көшкенде бұл ауыл дәл бір өлік шыққандай күңіренген. Сол күні бір үйдің ошағында от қанбаған. Бір жан теңізге шықпаған. Балалар мектепке бармаған. Сол күні таң атар-атпаста кеудесін сүйреткен кәрі-жас көтеріле көшеге шыққан еді; қатындар ыдыс-аяғы араласып отырған көршісі көшіп жатқанда қайтерін білмей қалбалақтап қалған-ды.

Әсіресе бастас абысын-ажын бірін-бірі қимай, қит етсе жаулық шетіне жармасып көзін сығып жатты. Қалып бара жатқан мұңдық кетіп бара жатқан мұңдыққа қарай бір ысырылып жақындай түсіп, әңгімесін әуелі "қыз-ау" деп, не "келіншек-ау" деп бастап, осыған дейін әне-мінемен айта алмай келген әйел сорлының қашанда көкірегі дертіп, сыздап тұратын сыр мен мұңның шетіне шыға алмай, абыр-жабыр арасында ақ жаулықтар әне жер, мына жерде бас түйістіріп жатқаны. Сонан қашан басындағы жаулықтың екі шеті суланғанша тырп етпейді. Тек ана жақта ырсылдап жүк көтеріп жүрген әлдебір еркек ақырғанда ғана "ойбай, көтек" деп, соңғы баланың толғағында жел ұстаған белі қиқаң етіп, киреленделеп тұрып жатқаны.

Ал балалар мәз; абыр-сабыр арасында санын шапаттап шауып жүр; олар үшін бұнан асқан қызық жоқ; кеше ғана қаннен-қаперсіз жүрген кісілердің бүгін жау тигендей, аяқ астынан бүлініп апыр-топыр көшіп жатқаны балалар үшін айт-тойдан бір де кем емес. Бұл ауылдың балалары кеше аяғы бірге шығып, тұсауын бір күнде кескен құрбыларын іздесе кейін іздейді. Ал, қазір кететін балалар да, қалатын

балалар да мәз.

Осы ауылда ана жатырынан індетке шалдығып, кемтар боп туған балалар көбейіп бара жатқан-ды. Ештеңеге түсінбесе де, мына әбігердің арасында олар да аяққа оралып жүр. Қолы, аяғы кеміс балалар балдағы сартылдап, шоқаң-шоқаң етеді. Соларды көріп көкірегі құрғыр қарыс айырылып тұрғанда, көзі кенет он жасар балаға түскен еді-ау. Ойға, қырға шапқылап жүріп көптен көрмеген еді; бала әп-әдемі боп өсіп қапты; ат жақты боп-боз бетінде бір түйір қан жоқ екен; осы ауылда бұның бала боп не күлгенін, не ойнағанын ешкім көрген емес; өткен жылы шешесі қылтамақтан қайтыс болған көрші үйдің кішкентай қызын қайда барса да қасынан тастамай жетелеп жүреді.

Не екенін қайдам, бұл сорлыға осы ауылдағы есуас, деліқұлы балалар өш; бір жолы бәрі жабылып жығып салып тепкілеп, ұрып, сабап мәз боп жатқанда Бәкизат үстінен шығып арашалап апты, үйге әкеліп төсекке жатқызыпты да, өзі ас даярлауға ауызғы бөлмеге шығып кеткен екен; сәлден соң қайтып келсе, бала басын көтеріпті. Иегін алақанына сүйеп, белі бүгіліп мүлгіп қалған. Осы қазір ештеңені көріп те, сезіп те отырған жоқ. Керек десе, ішке кіре сала не істерін білмей, қолын көкірегіне қысып тұрып қалған оқытушы апайдың да бар-жоғын сезбейтін сияқты. Бүкіл бар дүниеде тек өзі, сосын өзінен басқа ешкім білмейтін әлдебір қасіретке жаны уланып, сабаудай кірпік астынан ағыл-тегіл жас моншақтап бетін жуып отыр екен; Бәкизат баланы бауырына қысып, құшақтай апты; тек, жұбатпапты; "неге жыладың?"– деп те сұрамапты; неге жылайтынын бала басқа тұрсын ата-анасына да тіс жарып айтпайды екен. Осы баланың ешкім ұрыспай, ұрмай-соқпай, анда-санда осылай өз-өзінен мұңданып, бір жапырақ жаны адам білмейтін әлдебір қасіретке уланып, ішінен егіліп ағыл-тегіл жылайтынын бүкіл ауыл білетін-ді. Сол кезде балықшы ауылдың жандары өздерін осы бала алдында кінәлі сезінгендей кәрі-жасы түгел ішінен тынып отырған-отырған жерде шөкелеп бүк түсіп қалатын. Жаудыраған жанарынан сорғалаған жас бетін жуып, моншақтап ағады-ағады да, сонан бір кезде ешкім жұбатпай, өз-өзінен тиылатын. Бала жасын тиғасын ертеден бері үн-түнсіз тас қып бауырына қысып отырған Бәкизатқа "Апай, мен соңыра мектеп бітіргесін дәрігерлік оқуға түсем, жаңағы балаларды емдеймін" депті...

Жиырма бес үй кешіп, бүкіл ауыл азан-қазан боп жатқанда Байқоңырда ракета ұшқан ба, ауа райы аяқ астынан бұзылған-ды. Жел көтерілген-ді. Топырақ борап, арты бірнеше күнге созылған қара дауылға айналған еді-ау; көшетіндерден гөрі қара орында қалып бара жатқандардың қабырғасы қаттырақ қайысатын сияқты. Түс ауып, күн кештете бергенде жиырма бес үйдің жүгін тиеген жиырма бес машина жүруге бет алып, бірінің соңынан бірі тізіліп тұра қалып еді, қалып бара жатқандар көшіп бара жатқандарды бас салып, қолына іліккенін

құшақтап көрісіп жатыр:

– Көреміз бе енді, жоқ па, ойбай...

– Қараң қалғыр мына қара жұртқа бізді тастап қайда кетіп барасыңдар, ойбай!..

Оқыс шыққан мына бір ащы дауыстан жас балалардың зәресі ұшып кетті. Әй-шәй жоқ, бірін-бірі бас салып, аңырап қоя берген дап-дардай кісілердің бұнысы әдепкіде әлде ойын, әлде шын екенін біле алмай, әркімге бір қарады. Бірінен босаған құшақ екіншіге жармасады. Ығы-жығы ішінен қолына іліккенін бас салып құшақтай алады. Адам ұғып болмайтын абыр-сабырдың, айқайдың, ойбайдың бір жерінен әкесін, бір жерінен шешесін көреді. Олар да өздеріндей біреудің мойынын құшақтап алған. Олар да аңырап бетін алып-салып жатыр. Ұрмай-соқпай екеу-екеуден құшақтасып, жұлқынып жатқан мына азан-қазанның арасынан еңкілдеген анасын, солқ-солқ еткен әкесін, сыңсыған апасын көргенде өздерінің жылағысы келмесе де әлденеге иегі кемсеңдеп, көзі жаутаңдап әркімге бір қарап тұрады да, кенет бақырып қоя береді. Бұрын-сонды бұндайды көрмеген иттер үрудің де, үрмеудің де есебін таппай, әркімге бір тығылып аяқ астында қыңсылап, сосын былайырақ шетке шығып алып аянышты үнін аспанға шаншып ұли бастады. Ауыл у-шу. Азан-қазан. Теңіз тартылғалы бұл жақтың халқы жыл құрғамай кешіп жатқанды. Бірақ соның бәрін де бір үй, екі үйден, мықтағанда төрт-бес үй көшкесін дәл бұндай бола қоймайтын. Ал мыналар тұтас отырған ауылдың бір жағын ойсыратып ошарыла көшкенде, халық күңіреніп кетті. Бұл басу айтып көріп еді, бірақ ешкім құлақ аспады. Сосын бұл:

– Неғып тұрсыңдар? Жүріңдер! Тез! Тез!– деп шопырларға ақырды.

Жиырма бес мотор дүр етті. Әуелі үстіне аппақ құдай шал мінген машина қозғалды. Қалғандары соңынан тырнадай тізіліп шыққанда жиылған жұрт та жапырыла қозғалып шаужайласып жүгіріп келе жатты. Ауыл сыртындағы қоңыр жалға көтерілгесін әлгі үстіне аппақ құдай шал мінген машина кілт тоқтады. Қалғандары да бірінен соң бірі тоқтап жатыр. Кетіп бара жатқандар мен қалып бара жатқандардың құшағы қайта айқасып, енді қоңыр жалдың үсті күңірене бастағанда... кенет бұның оң құлағының тұсынан бір ащы айқай шыққан еді-ау. Шекесін жарып жібере жаздаған сондағы әйел даусы әлі құлағында. Сол есіне түссе, бұның кез алдына бетінен нұры таймаған ақ сары әйел тұра қалады. Қолынан талай дәм татқан-ды. Арғы атасы Сыр бойының аруақ қонған кәрі жырауларының бірі деп есітетін. Бірақ бұрын соң текті жерден шыққанын білдірмей, күйбең шаруамен күн өткізіп келген осы ауылдағы көп ақ жаулықтың бірі еді. Аруақты атасын бүгін танытты. Оң иығынан оқыс шыққан мына дауыс жұртты бірден баурап алды. Ажарлы ақ сары әйел жүк тиеген машина үстінде бетін құбылаға

бере жүгініп апты.

Қоңыр жал үстіндегі ала жабырдан дауыс оздырып айғайға басқанда, жұрт сілтідей тынды. Көппен бірге бұ да құлақ салған-ды. "Ә" дегенде "бұл не?"– деп қалды. Туған жерден тірідей айырылған баяғыдағы біреудің зары ма? Әлде көзден бір-бір ұшқалы тұрған мына адыра қалғыр ата-мекеннен айырылар сәтте ақ сары әйелдің көкірегінен ақтарылып кеткен өз қасіреті ме? Соның қайсысы болса да, үстіндегі қара мақпал бешпеттің сыртынан бұған қызыл түрме белбеуді алдыңғы жағынан ұстап, екі бүйірін таянып апты. Әне бір азаматын оң жаққа салған бейбақтай бетін құбылаға бұрған. Шарасы жасқа толған көзін қыр басында иіріліп тұрған бір жанға салмай, соқтырып ала жөнелген-ді; мүдірген жоқ-ты; тек бір зар мен бір зардың арасында ілгері-кейін итініп қойған-ды; итінген сайын бірінен-бірі асып түсіп жатқан көкіректегі гөй-гөй көмейден лақ-лақ ақтарылып, "ah, қайтейін" деп алып, келесі аңырағанда "береке, құт дарыған балықшы елге келін боп түскенін термелеп ала жөнелді. Ата-ене босағасын ақ тілекпен аттаған бұл бейбақ осы елдің үлкенін сыйлап, кішіге құрмет көрсетпеп пе еді? Жар қызығын көріп, перзент қызығына қуанбап па еді? Бәрін айт та бірін айт: өз ұясын өзі бұзғаны несі, ойбай?"

Кеуде кеңіп, көмей ашыла түсті. Адуын әйелдің айқайы қыруар халық сілтідей тынып қалған қоңыр жалдың басынан сонау тас төбедегі сабалақ сұр бұлт салбыраған түнеріңкі аспанға шаншылып шыққан еді-ау! Ақ сары әйел дауыс салғанда ішінен тынған үлкен-кіші дымы құрып, тек иықтарының басы селк-селк етіп қап тұрған еді. Ақ сары әйелдің көмейінен түйдек-түйдек шығып жатқан сөздердің жоқтау екені де, зар екені де белгісіз. Әйтеуір, жанға тиіп, жүрекке шауып, аспан асты булығып тұншығып барады. Мүлгіп қалған жиын ішінде тек әлгі ақ сары әйелдің тілі тақылдап, басы қақшақтай түседі. Тағы бір тұста "ah, қайтейін" деп алып, жас жуған жүзін осынау ақ пен қызыл арасындағы бейуақ кешке бұрып: "телегей теңіз, сірә, тартылып, шалшық болар деп ойлап па ем, ойбай. Заңғар биік тау, сірә мүжіліп, жапырайған төбе болар деп пе ем, ойбай?" деп, желдіртіп бара жатыр еді, әлдеқайдан ашулы дауыс шақ-шақ етті:

– Әй, келін... Қой енді! Қой, жарқыным! Қой!

Бұл жан-жағына қарап еді, бірақ мына қоңыр жал басында иін тірескен ығы-жығы халық арасынан Көткеншек Көшен көзіне түспеді. Әйел жаулық шетімен аузын басты да, тұрған жеріне шөгіп отыра кетті.

– Ақ сапар!

– Қане, қозғалыңдар!

– Қош! Қош!

– Көріскенше күн жақсы!

Жиырма бес үйді арқасына тиеп алған жиырма бес машина орнынан ақырын қозғалды. Аппақ құдай шал алдыңғы машинада таяғына сүйеніп отыр. Бірінің соңынан бірі шұбалған машиналар ақ пен қызыл арасында шөбі күйген сұр даланың шаңдағын шұбалтып, күнбатысқа маңдай түзеп зымырап барады. Көп ұзамай бір қырдан асып кетті. Қарасы көзден үзілгенше қоңыр жалдың басында иығы салбырап тұрып қалған үнсіз жиын тырп еткен жоқ; тек жаулық шетімен аузын басқан әйелдер дауыс шығармай, тұншыға жылап егіледі...

Сонан бері екі айдың жүзі ауыпты. Сонан бері бұлар Сырдарияда жүргенде Бел-Аран бауырындағы балықшылар ауылынан тағы да екі үй бір, үш үй бір көшті. Бұл бір жақта ұзақ жүріп қап, ауылға қайтып оралған сайын үй саны кеміп шығады. Бүгін ертеңгісін де конторда отырған үстіне үш қария келді. Ішінде – Адай шал. Олар да көшеміз деп міңгірледі. Бір Адай шалдың өзінде бауырынан ерген торт бала. Төртеуі төрт үй. Әрине, ертең бөлтірігін ерткен бөрідей о да көшеді. Олардан кейін де талай үйлер ұясын су алған құстай, әне-міне кешеміз деп қанатын қомдап отыр. Күн көріс қалған жоқ. Көшпегенде қайтеді? Құдай о бастан-ақ көзгелдектегі судай, құрылықтың қақ ортасында бас-аяғы тұйық теңіз еді. Ене бауырын тартқылап емген екі емшектей – екі дария аузынан қағылғалы кәрі теңіздің ендігі тағдыры тұйыққа тірелді. Жиырма жылда суы он метр төмен түскен кәрі теңіздің қазір шықпаған жаны. Әсіресе, биыл санаулы күні қалған үмітсіз науқастай. Ақтық дем алқымға таялған үмітсіз науқасқа жиналған бақсы, балгер, құшнаштай бал ашқан сәуегейлер көбейді. Жақында бір көріпкел сәуегей он бес жылдан кейін телегей теңізден сыңар тамшы қалмайды деп көкіп еді; кеше тағы бір сәуегей кітап ашқан ақ етек ишандай, бес жылдан кейін теңіз екіге бөлінеді деді. Оған да шүкір. Із-түзсіз құрып кетпей, кәрі теңіздің орнында көзгелдектей екі шалшық қалса да жұбаныш қой.

Жиырма бес үй көшкен күні сен ауылдың сыртындағы қара жалда жанарың жасқа толып, ұзақ тұрған едің-ау! Бұрын Бәкизат "көшейік" деп қанша айтса да құлағына ілмеуші еді. Сол жолы алғаш рет әйеліңнің қашаннан бері құлақ сарсылтқан қыңқылы кеудеңе жетім күшіктей қыңсылап кірді де, шықпай жатып алды. Сонан кейін осы ауылдан бір үй көшсе де әлгі жетім күшік кеудесінде қыңсылап қоя береді. Бәкизат тұрсын, қарт ана да басқа жаққа қоныс аудару керегін құлақ қағыс қыла бастады. Бұнысы, әрине, балалар басқа жақтан өріс іздеп талпынып жатса, аяққа оралып бөксе басар болмайын дегені ғой. Ертең Адай шал да көшеді. Осы даланың бөлтірігін ерткен кәрі көкжалдай бауырынан өрген төрт баласын бастап, кең дүниенің бір қиясына бет түзеп шыққанда, о да әке мен бала арасының жік түспес

бүтіндігін ойлайды-ау? Жә, сол бүтіндікті сен ойладың ба? Сенің ойыңа келді ме сол?

* * *

Моншаға бара жатқанда сенің ойыңда дәнеңе жоқ еді-ау! Иә, қаннен-қаперсіз киімін шешті. Мұп-мұздай тас еденді жалаң аяғымен жасқана басып, түп жақта тұла бойы терге малшынып тұрған есікті ашып еді; бірақ сырттан кірген бетте көк ала будың қай жағына қадам басарын білмей аңырып тұрып қалып еді; біреу бұны леген ұстаған қолынан тартты. Әдепкіде мынау моншаға әкесіне еріп келген бала ма деп қалып еді; назарын тіктеп қайта Қарағанда... сыңар құлақ кісіні бірден таныды.

– Есітіп жатырмыз. Балықты қырып салыпсыңдар. Дегендей... Қайырлы болсын!

Бірдеңе деп міңгірледің; бірақ не дегеніңді өзің де білген жоқсың. Моншаға барған сайын жалаңаш кісілердің арасында көрінгеннен қысылып бүгежектеп болатынсың; қазір де бір айдан бері көрмеген ауылдастар қай жағымнан шығып қалады деп, ұятты жерін алақанымен басып тұрған-ды.

Сары Шая:

– Сыралғыны кейін сұрармыз. Ал, Жәдігержан, айналайын... көлденең кісі қатыстырмай, ағалы-інілі боп өзара оңаша сөйлесетін тығыз шаруа болып қалды. Кәне, бері... бері шығып кетші! – дегенде, сен:

– Қой... Қой, ақсақал...– деп ыршып түстің. Жалт беріп жөнеле бергеніңде, о да құтқармай:

– Қалқам, тоқта!– деп жолыңды кес-кестеп тұра қалды.

– Есің дұрыс па?.. Сөйлесетін басқа жер таппағандай...

– Пішту! Қалқам-ау, сөйлесуге қайта осындай жер ыңғайлы ғой.

– Ақсақал... шаруаң болса, моншадан кейін үйге келіп айт.

– Сөз болғаныңа. Айдай аппақ жеңешем тұрғанда ол үйге мен былай да бармаймын ба? Ал, қалқам, мынау кейінге қалдырмайтын тығыз шаруа.

– Е, немене... Дүние өртеніп бара ма?

– Иә, қалқам, дүние өртенгелі тұр. Кәне, өзің бері... Бері жүрші.

Сары Шая шап беріп білегіңнен ұстады. Сен жұрттан қысылып өліп барасың. Көк ала бу арасынан жуынып жатқан кісілер көріне бастады. Біреулер бұған бас изеді. Таяу жерде тұла бойына сабын езіп, ақ көбікке оранып алған еңгезердей біреу бұларға елең етіп, одырайып қарады да, үсті-басын қайта ысқылап кетті.

– Ақсақал... жібер!

– Қалқам, болмайды. Шаруа бар.

– Не шаруа? Айтшы, сол құрғырды.

– Қазір білесің. Бері... бері жүр!

Қаның қайнап тұр. Бүйтіп қор болғанша қолыңдағы легенмен мына сұмырайдың төбе жағы буланған ақ құйқа басына бір қойғың кеп тұрса да, жұрт алдында шарылдап пәле қылар деп қорықтың...

Сары Шая білдірмей жымиып қойды. Ол енді әй-шәйге қаратпай дедектетіп жетелей жөнелді.

Сары Шая бұған туыс. Өз басы суқаны сүймесе де, бірақ бұған "қалқам", "қарағым-шырағым" деп, ал анасына "ақ жеңешем" деп іші-бауырыңа кіре келгенде, бұл түгіл, анасы да осы пәлеге қалай "төрге шық" деп рай беріп қалғанын білмейтін. Сонан ол төріңе шығып, дәміңді татқасын үй ішінің қамқорын соғып, үлкен-кішіні айналып-толғанып асты-үстіне түсе бастағанда, оған асымен бірге ықыласын да беретін-ді. Енді, міне... жуынып жатқан тыр жалаңаш кісілердің арасынан табанын жерге тигізбей дедектетіп жетелеп әкеле жатқан ағасын атарға оғы жоқ. Бұл албастының ши қалпағы жел шақырғандай етегі делиіп, кісіге ұқсап жүретіні киім кигенде екен. Бір құлағын анада Көткеншек Көшен қыршып алғалы өзінде тіпті ұсқын қалмапты. Бір басқа – бір құлақ. Мойны қылдай.

Денесі шілдей. Бір қолында леген. Екінші қолымен бұның білегінен тас қып ұстап алған.

– Бері... бері жүр!

Ақыры бұны ыстық бу бұрқырап жатқан қара көлеңке жерге апарды. Әуелі жан-жағына қарап алды:

– Ал, Жәдігержан, қамсыз қалма. "Аналардың" астанадағы азаматы келе жатыр. Жаман хабар есіткесін жата алмадым. Алдын ала ескертіп қояйын, қамсыз қалмасын деп сені іздесем... моншаға кетті дейді.

Сары Шая бұған "естіп тұрсың ба?" дегендей қолынан тартып-тартып қойды. Бұл басынан кешкен мына масқара өңім болмай, түсім болғай деп тұр. Және қара тырнағына дейін күйіп тұрғасын ба,

ағасының "аналар" дегеннен басқа сезін есіткен жоқ. Бірақ әңгімені "аналардан" бастағасын сөзін "біздермен" бітірерін біледі. "Аналары" – Тілеу-Қабақ. Осы өңірдегі халықтың негізгі ұлтаны боп саналатын іргелі үлкен ру, ал "біздері" бас-аяғы бес-алты үй кірме – Жақайым.

– Қалқам,– деді Сары Шая өзінен қол созым биік жігітке мойынын созып. Даусын көтерейін десе, төңірегіндегі кісілер есітіп қояды деп қорыққасын қаңылтыр шылапшынды түбін жоғары қаратып төңкере салды да, үстіне қарғып шықты. Бұл балықшылар жиналысында да өститін. Жұрт қатарлы сөз алып мінбеге көтерілгенде, әрқашан бойы жетпей, ақ қылшық төбесі тақтай кенерінен қылтылдап қалғанда, табан астына қоятын бірдеңе іздейтін. Сондайда осы ауылдың қос уыс жиналыс болса да жұрттан бұрын президиумға барып жарбиып отырып алатын еңбек озатының құйрығының астындағы орындықты жұлып алатын-ды.

– Ау, саған айтып тұрмын ғой? "Аналардың" астанадағы азаматы келе жатыр ғой...

– Е, келсін. Бұрын да келіп жүрген жоқ па?

– Қалқам, бұл жолғы келісінің жөні бөлек.

Жүрегің дір етті. Осыған дейін қаперіңе кірмеген бір суық сезім жүрегіне шауып шошып қалды. Жалаңаш кісілерден қысылып жерге кіре жаздап тұрғанын да ұмытып кетіп:

– Жөні бөлегі қалай?– дедің.

– Ойбай-ау, ел ұлтаны олар емес пе? Қай заманда да көп көптігін істеген. Осы жолы бұлар бізді көп бидай ішіндегі жалғыз арпадай тұншықтырып, дегеніне жетпек. Жо-жоқ, қалқам, күлме...

– Бізге сонда не істейді?

– Бәрекелді, сөз болғаныңа. Ойбай-ау, бұлар сенің колхозға басқарма болғаныңды көре алмай жүр ғой.

– Қой әрі! Жалпы жиналыста өздері ғой сайлаған.

– Онда абайламай, ет қызумен сайлап алып, естері енді кіріп жатыр ғой.

– Жә-ә...

– Қалқам-ау, сенің "жаң" қай "жә?" Ертең төңкеріп тастап, орныңа... ана быдық ағасын қояды. Арқа тірейтін астанада анадай азаматы тұрғанда бұндағы қос уыс халы қты басқара алмас деп пе едің?

– Қой әрі, неше, сірә, халық ойыншық болып кетсе де.

– Қоятыны жоқ. Қазіргі халық, айналайын інім, майы, суы құюлы машина сияқты. Ондай халықты басқару үшін ақылдың керегі жоқ. Тетігін тапса, көрінген тырқылдатып әкетіп жатқан жоқ па?

Қара тырнағына дейін күйіп тұрса да, сол арада қалай күліп жібергенін байқамай қалған-ды. Ол жаңа Әзімнің осында тұратын быдық ағасын айтқанда, құдды кісіге шабатын бурадай орақ тұмсық ірі қара жігіт көз алдына тұра қап еді. Колхоз түгіл қарауындағы он шақты кісі: "бізді мына пәледен құтқара көр. Өлетін болдық",– деп үстінен арыз айтып келе бергесін, бір жолы онымен оңаша сөйлескені бар-ды. Сонда ол бұған астындағы орындығымен көтеріліп кеп бетіне бетін тақап отырған еді де, сосын түкірігін шашырата тұтығып: "ме-мен деген... жұмысым жақсы деген. Те-тек сөз үйір деген",– демесі бар ма. Онсыз да күйзелген халықты ендігі жерге сол быдық басқарса... Бірақ, кім біледі, қойса бұ да "мен деген", "сен деген" деп те істеп кететін шығар... Осы елі құрғырды кім басқармады. Кейінгі жылдары өзі де талай бастықтың алдында болып жүр. Оларға тартылған теңіз, күйзелген халық жөнінде жыларман боп зарын шағып жатқанда, ой, заңғар-ай, иманы селт етсейші. Үстіне кіргеннен-ақ сазара қалады; сез ләмін байқағасын түсін суытып ала қояды да: "Айттың ғой, кө-перміз. Ойласармыз. Ақылдасармыз" деп өздері машықтанып алған бес-алты ауыз буынсыз, былқылдақ сөзбен шығарып салатын. Шынында да, алдына келген кісіге әлгіндей бес-алты ауыз сөз төңірегінде сөйлесуге шамасы келсе, обалы не керек, айналайын халық бастыққа онша салмақ салгызбай, Сары Шая айтса айтқандай, "майы, суы құюлы машинадай әркім-ақ тырқылдатып әкетіп" жүрген жоқ па?

Осы кезде бақыр ұстаған біреу жүгіріп барып лапылдап жатқан пештің көмейіне шаж еткізіп су шашып жіберді.

Тағы шашты. Сары Шая бұған тағы бірдеңе айтқалы мойнын созып келе жатқан-ды. Пеш көмейінен көтерілген көк ала бу бұның мына жағынан құлағына аузын тақап қалған Сары Шаяны көміп жіберді. Өзі көрінбесе де, есесіне енді бу арасынан біреу қылғындырып жатқандай қырылдақ дауыс естілді. Қырылдақ дауыс құдды бұзылған радиодай қытырлап құлағын тырнап барады. Бұл құлағын алып қашқан сайын анау да бұған қайта-қайта төніп, бу арасынан балп-балп аузы, безеңдеген тілі жынына тие бергесін, ертеден бері жібермей тас қып ұстап алған қолын қатты жұлқып босатып алды. Сонан кейін Сары Шаяны легенмен жасқап жуытпады. Апыл-ғұпыл жуынды. Асығыс киінді. Әлгі пәле бір жерден шығып қала ма деп сасқалақтап жүріп терін басуға да мұрсаты болмапты. Сыртқа шыққан бойда топырақ суырған ызғарлы суық желден тітіркеніп ықтасынға тұра қалды. Түймесін салғалы ауына апара берген қолы кенет ауада қалт тоқтап: "Не шаруамен келе жатыр екен?"– деп ойлады. Ойламайын десе де,

Бәкизаттың анада астанада дем алып қайтқаны есіне түсе берді. Осы бір тікендей қадалған ой үйге келе жатқанда да аяқ басысын ауырлата түсті. Үйге кірер жерде есіне тағы да сол түсіп, "апыр-ай, ә?" деп, есіктің тұтқасына соза берген қолын кейін тартып алды. Кір киімдерді салған қалайы легенді қасына қойып, тақтай басқыштың бір шетіне таман ысырылып отырды. Әлденеге мырс етіп, басын шайқады. Сары Шая ойлағандай ол, әрине, бұларды "көп бидай ішіндегі жалғыз арпадай тұншықтырып", аз ағайынға азар беруге келе жатқан жоқ шығар. Бұны "тағынан" тоңқалаң асыру да ойында жоқ болар. Үлкен ұлық орында отырған жігіт ауылдағы бұларға қол ластап қайтсін. Сонда... Иә, сонда оны Құдайдың мына қақаған қара суығында жылы орнынан қозғап, қыс ішінде қиянда жатқан бұларға әкеле жатқан... сондай-ақ ол не шаруа? Бұл жақта оған тіреліп тұрған не бар? Ағайын-тумалары аман. Аға-жеңгесінің шаруасы шаршысына кеп тұр. Рас, азамат шырқап кетсе де, шығандағы ауылын ұмытқан жоқ. Туған жерге жыл сайын бір соғады. Бірақ ол... бұрын елге қырда қызғалдақ гүлдеп, көк жусан құлпырып түлеп тұрғанда, ылғи ерте көктемде келуші еді ғой. Астананың ығына үйренген жігіт пәлендей алып-жұлып бара жатқан шаруа болмаса, қиянда жатқан елден не алады? Сонда... Бәсе, сонда оны не түлен түртті? Оны жұрттан бұрын Сары Шая қайдан білді? Апыра-ай, ә? Жә, келсін. Жолы болғыш жігіттің қайығы желге өрлеп тұрғанда, қай ісі қалай дерің бар ма?

Бұл ішке кіруге асықпады. Көңіліне алмайын десе де моншада есіткен әлгі хабар ойынан кетер емес. Іші құрғыр оның тегін келе жатпағанын сезді. Анада Бәкизат астанада болғанда... Тоқта, сонда екеуінің арасында уәделескен бірдеңе болды ма екен? Әсіресе осы күдік көкірегіне тікендей қадалып тұрып алды. Үй алдында терін басып отырып, тағы да мырс етіп басын шайқады. Сары Шая қайдан білді? Кімнен есітті? Иісшіл иттей тіміскілеп жүріп қыбыр-жыбырды, жұрттан бұрын сол біледі. Көрдің бе, жаны қысылғанда жаңа қаңылтыр легенге қарғып шыққанын. Жиналыста да солай. Ел алды боп келеді. Ел алды боп жарыс сөзге жазылады. Бір сөйлегенге қанағат қылмай, қосымша сөз сұрап, сұқ қолы шошаңдап отырғаны.

Қалай десе де, жиналыс жалықтырған жұрт Сары Шая сөйлегенде бір көтеріліп қалады. Сары Шая үлкен бастықтарға тиіспесе де, меском, профкомға тісі балғадай. Әсіресе, өткен жиналыста мескомның мойнына мініп алды. "Жұрттан жинаған взностың үстінен жеді",– деді. "Балықшыларға келген ботевка жең ұшынан жалғасып тамыр-танысына кетіп жатыр",– деп соқты. "Әттең, әне бір заман болғанда ит жеккенге айдатар едім" – дей берді де, "ит жеккен демекші" деп аяқ астынан өз сөзін өзі айрандай ірітіп, әңгімені ит жөніне бұрып жіберді:

– Ойбай-ау, теңізім тартылып, халқым қиналып, бала-шағаға ас тауып бере алмай отырғанда, бұл халық бір үйге бір ит аз дегендей қазір екеу, үшеуден асырайтынды шығарды. Кісі қабатын зиянкес

иттер көбейді. Қабаған ит ұстаған балықшылар ендігі жерде жат пиғылды зиянкес деп саналсын. Кәне, кім осыған қол көтереді,– дегенде, жаңа ғана қалғып отырған кісілер көздерін ашып алып, ду күлген-ді.

Қалай десе де, Сары Шая айтыпты, Сары Шая үйтіпті-бүйтіпті деген неше түрлі қиян-пұрыс қылық осы өңірдің халқының аузында. Осы жұрт онан азар да безер боп ат-тонын алып қашып жатады. Қолынан келсе қайсы біреу оны қара жерге тығып жібергісі кеп қаны қайнап тұрса, екінші біреу оған зәру. Өйткені бұл ауылда басқа былай тұрсын, балаларға аспан астының ілім-білімін үйретіп жатқан әлгі өшетілдердің қолынан келмейтін арызға, актіге, малға, жанға куәлік жазарда қолы жүйрік. Ең әрісі қай статья, қай кодекс қандай қылмысқа жататынын сол біледі. Баяғыда "алтын заң" шыққанда осы Сары Шая СССР Конституциясын жұрттан бұрын жаттап алып, саяси оқу жүргізем деп жалақтап шыққанда, қашанда теңіз қашағанын қуып аулайтын кәсіпқор балықшылар қолға түспей сорлататын. Сол жылдары Сары Шая Құдайдан күннің бұзылғанын тілейтін. Өйткені, балықшылар дауылда теңізге шықпай, жағада тор-тұзақты тосаптан тазартып жатады. Мұрны тосап исін жаратпайтын. Сары Шая балықшылардың жел жағына шығып отырады. Ық жақта бұл не айтса соған айран-асыр қап аузын ашып тыңдайтын кәсіпқой немелерге "сталиндік алтын заңды" әлқисса ғып жатқа айтып беретін зеректігі жұрттың есінде. Сонда оны тыңдаған кісілер жағасын ұстап: "Ойбай бұның басы алғыр ғой. Тек сорлатқанда Құдай өзіне пәтуа бермеген",– десетін. Иә, көп кісіге оның пәтуасыздығы бағын байлап жүргендей. Әйтпегенде, осы ауылда қызыл тілге келгенде тірі жанға дес бермей, сұқып тұратын сол. Тауып айтатын сол. Білікті сол. Білімді де сол. Тек бір жан оның қайда оқығанын білмейді. Қанша оқығаны да белгісіз. Бір жолы кісі басы құралған гу-гу жиында Сары Шая сұңқылдап отырғанды. Баяғыда, осындай алқалы жиында ата-бабалар бірінен бірі аруақ асырмақ болғанда атын жарыстырып, итін таластырып, батырын төбелестіріпті. Өз бойынан мұнан басқа артықшылық таппай қызылөңештеніп алған атаң қазақ қыза-қыза келе арғы тегінде сүйегі әлдеқашан құрап қалған шалдарын салыстырып та түк шығара алмағасын, қала көрген қазіргі жігіттер білім таластыратынды шығарды. Сары Шая сұңқылдайтын әлгі жиында балықшы ауылдың ши борбай жастары білім таластырып, бірі – КазГУді, бірі СаГУді бітірдім деп қызыл шеке боп жатқанда, Сары Шая тұрыпты да "ал мен ҚЖМ-ды бітірдім" деп қиқ етіп күліпті. Сонда жастар жағы онысы – қол созым жердегі Құланды Жетіжылдық Мектебі екенін біліп жырқ-жырқ күлсе, ал шалдар жағы тағы да жағасын ұстап:

– ҚЖМ дей ме, әй? Апыр-ай, ә? Ал мынау біз есітпеген оқу ғой?

– Иә, мынанікі мықтырақ оқу болды. Әйтеуір, осы жазған арыз да, акті де жоғарыға өтімді еді-ау! – десіпті.

Шынында да, басқа шаруаға қырсыз Сары Шая қағазға жүйрік. Істі болған кісілерге кассациялық шағым дейсің бе, қолхат, тілхат дейсің бе, бұзатын іс, кайта қарайтын іс, ақтайтын, қаралайтын қағаз, соның қайсысы болса да, құдды үнді шайын ішкендей танауының ұшы шып-шып тершіп, рахаттанып кірісетін. Оның ықыласпен кіріскенін көргенде арбалған торғайдай есі шығып отырған арыз иесі: "Е, Құдай бере көр!"– деп бір көтеріліп қалатын. "Бұның бәрі тарих",– деп Сары Шая қолынан шыққан қағаздың көшірмесін әспеттеп, темір сандықтың түбіне тығып тастайды екен. Және жоғарыға жазған қағазды аяқсыз қалдырмай, жауап алғанша үсті-үстіне жаза бергесін, ақыры бір күні ақ істі қарайтып, қара істі ағартып шығарады екен. Ана жылы осы ауылға басқарма боп сырттан келген жігітпен Сары Шая шиедей боп айтысып, ақыры оны орнынан алғызғанда, құдды жау қашырған батырдай күпсінген-ді:

– Ойбай-ау, текелік қылам дейді. Бұл елдің өзінің телісі мен тентегі тұрғанда оны қалай басыма шығарып бақылдатам. Қызыл шеке боп айтысқан бір жиналыстан кейін өзіне осылай қатарласып кеп иығымды иығына сүйкей бердім де: "Үстіңнен ана жаққа қағаз айдатайын ба? Комиссия шығартайын ба?"– деп едім. Бастықтың жаны тәтті болмасын ба, жаңа ғана жалына қол апартпай тұрған неме сол арада көрер көзге жуасып, алдыма түсіп құрдай жорғалай жөнелмесі бар ма? Сөйтіп, айналайын, бұл ағаң басқарманы да бас білдіріп алған...

Сен сонда Сары Шаяның сөзіне ден қоймай, салғырт тыңдап едің-ау. Қазір ойлап қараса, оның мына сөзінің ар жағында "сені де бас білдірем" деп бұған қыр көрсеткен күш жатыр екен. Бұны бас білдіруге құдіреті жетер-жетпес, ал бірақ жаңа моншада жынына қанша тигенде оған түк істей алмаған өзінің сол арадағы дәрменсіздігіне ызасы келген-ді...

– Апа... қызың оқудан келмеген бе?

– Қайдам, о да кешігіп жатыр ғой.

– Бұл кезде оқу бітпеуші ме еді?

– Келетін уақыты болған, кім білсін, сенің әлгі қартайса да қайыған іңгендей ыңырсуын қоймаған қайын енең үйіне әкетпесе...

Иә, сөйткен болды. Пақыр баланы сол қақсал бауырынан шығармай өбектеп кетті. Көз ашқалы көріп келе жатқаны соның тізгіні мен жетегі. Қаршадайынан қыз екенін құлағына құйып тастағаны сонша,құп-құртақандай болып ап үйден аяғын қия басса үлпілдеп киініп алады. Сондайда бұл өз қызын өзі танымай тосырқап қалатын.

– Әй, балам...

Ана даусы алыстан естілді. Сен суып кеткен шайыңды аузыңа апара бергенсің-ді. Кеседен басыңды көтеріп, дауыс шыққан жаққа қарап едің; көзің әуелі самаурынға түсті; бұрқ-бұрқ қайнаған ескі жез самауырдың ығында иегін тізесіне қойып, бір шөкім боп отырған томашадай кемпірді сосын көрдің.

– Еркек қостың жағдайы белгілі еді ғой. Шайың суып кетті. Кәне, кесеңді бер!

Байқап отырсың: аузы берік ана аржағын ашып айтпаса да, жалғыз баланың үйде ғана емес, түздегі өмірі де мәз емесін көкірегі сезеді. Желтоқсанның кешегі қара суығында сылағы түскен қамыс қоста талай түн дірдектеп тоңып шыққанын да сезетін шығар-ау? Әсіресе, сол бір түн... Иә, сол түні таң алдында ауа райы шұғыл бұзылып, көктен қара нөсер құйып берген-ді. Қалжырап қатты ұйқтаған кісілер алғашқыда түк сезген жоқ-ты. Сен тек қос самайдан сырғанап аққан мұп-мұздай жылымшы бірдеңе тәніңді қарып бара жатқасын шошып оянғасың-ды. Тула бойың дір етіп, тітіркеп қалдың да, үстіңе жамылған су-су көрпеге иегіңді тығып ала қойдың. Қамыс қостың төбесі тулақ сабағандай сатырлап тур екен. Қатты жел қара дауылға айналыпты. Әлгіде тулақ сабаған долы қатындай дүсірлеген қара нөсер, енді қазір ызалы аш иттер қосқа жабылып, іргеліктің қамысын тұс-тұстан тырналап талап жатқандай. Әдепкіде төбеден бір-бірлеп үзілген тамшылар бара-бара жеделдетіп, жел ызғыған қостың әне жері де, тырс-тырс, мына жері де тырс-тырс...

Ұйқыдан берекет кетті. Жаурап ыңырсыған кісілер әр жерде қозғала бастады. Тамшыдан зықың кеткесін, қол созым жерде жатқан біреудің көрпесіне кіргенсің-ді. О да жаурап жатыр екен, жабысып құшақтай алды. Бір тамшы булардың дәл көкірегі тұсынан тырс-тырс тама бергесін астына шелек қойып едің-ау. Құрсын, қаңылтыр шелектің түбі қаңғырлап ала жөнелмесі бар ма... Қасында тоқты қошқардай мекіреніп жатқан бала жігітпен екеуара жамылған су-су көрпе не оған, не саған жетпей, бір жақ бүйірі мұздап ашылып қала берген-ді.

Ұйқы арсыз ғой. Сүйтіп жатып көзі ілініп кеткен екен. Қанша уақыт өткені белгісіз, бір кезде дірілдеп оянса, кеудесін басқан әлдебір ауыр салмақтан көкірегі қысылып барады екен. Әуелі бұның не екенін білмеді. Сосын абайлап қарап еді, сүйтсе су толған шелек бағанағыдай қаңғырламай, енді қазір әлгінде ғана іргені тырналаған көп ит құдды суға бас қойып шылп-шылп жалап жатқандай... Сен мөймілдеп толған шелекті сыртқа апарып төккенсің-ді. Сүйек сүйегіңнен еткен сол түнгі суықты сен қазір де сезгендей денең тітіркеп қалды.

– Әлгіде жаман ағаң іздеп жүр еді, тапты ма?

– Иә, моншаға келді.

– Алып-жұлып бара жатқан ол не шаруа екен?

– Белгілі ғой... Қара аспанды қапылтып...

– Е, пәтшағар! Шырағым, сол пәледен аулақ жүрші. Кесеңді бер. Шаруаңды айтпадың ғой. О жақта шаруаларың қалай болды?

– Апа, балықты жақсы ұстадық. Мынау балаңның табысы,– деп бел ортасынан жіппен байлаған бір бума ақшаны алдына тастай салдың.

– Бұны қайтем. Келінге бер.

– Өзің жұмсарсың.

– Жоқ, айналайын. Былтыр берген ақшаң да солайымен қарап тұр. Сан білмегесін, осы жаужегір көбейсе, басым айнала бастайды.

Осы үйдің әне бір бақытты кезіндегідей, сен сақылдап рахаттана күліп едің-ау. Бірақ ұл бол, қыз бол жеңілтек, ыржақай кісілерді жақтырмайтын қатал ана самауыр тасасынан түсін суытып қарағанда, күлкіні кілт тия қойдың.

– Мен өлгесін не болсаң – ол бол, ал менің көзім тіріде, неше, сірә, қатын Құдай болса да, бұдан былай төбеңе шығарғаныңды көрмейін.

– Апа-ау, марқұм әкем өле-өлгенше өзіңді төбесіне шығарғанда үндемеуші едің ғой?

Анасы есітпеді ме, ар жағына бұрылып, күйбеңдеп бірдеңе іздеп кетті. Сонан бойын қайта тіктегенде кәрі ана кенет күліп:

– Жаман неменің сөзден тосқан жерін қарашы. Е, сондай-ақ сенімен әкең тең бе еді? Ал, сенің ана шүйке басыңмен мен тең бе едім,– деді. Ашусыз, зілсіз айтты. Сәл отырғасын сөзін сонан ары жалғап:– Бір кезде бауырымнан шыққан бала болсаң да, бұл күнде, шырағым, біз бала боп, сендер дана болған кез ғой. Құдай алмағасын сендермен бірге әзір таң атырып, күн батырып, қара жерді қатар басып жүргенім болмаса, кәрі анаңда ендігі ұрпақтың көшіне ілесер не қауқар қалды дейсің. Көзім тіріде, өзіңе айтсам деген бір сөзім бар еді, балам,– деді.

– Иә, апа...

– Кесеңді бер...

Бұрын да ана мен бала арасында оңашада оны-пұны күңкілдесіп қалатын ортақ әңгімелер болатын. Бірақ бұл жолғы әңгімесінің түрі бөлек сияқты.

– Сендердің заманыңда біз түсінбейтін мінез көбейіп барады, балам.

Басқаны қайтейін, бауырларыңнан бізден құлқы мен мінезі бөлек ұрпақ өсіп келеді. Олармен сөйлесетін тіліміз де басқа,– деді анасы.

"Мен жоқта балалардың тілі тиді ме екен?",– деп ойлап, ана сезінің аржағын шыдамсыздана тосқансың-ды.

– Біздің заманымызда кісінің қолымен істейтінді сендер көктемірге істетіп қойдыңдар. Аспандағы құстарың – темір. Жердегі көліктерің – темір. Тұтынған дүние-мүліктеріңе дейін темір. Аспан астымен тілдестіріп отырған, үйде де, түзде де сырласың мен мұңдасың сол әлгі таңның атысы, күннің батысы дамыл көрмей сарнайтын да тұратын заржақ темір. Сиынарың мен сүйенерің темір болғанда, темірге табынып, тірлігің темірге тәуелді боп отырғанда елжірек сезім сендерді қайтсін. Көк темір құрсанған мына қahарлы заманда азамат қатты болмай, су тиген жабағыдай ылжырап тұрса... е, сонда сенің кебіңді кимей қайтеді дейсің.

Қарт ана бетін ары бұрып, көзін жұмып селк-селк күлді. Бұл не? Мысқыл ма? Анасы неге беті қатты заманның темірдей қатайып бара жатқанын айтты? Әлде... бұл сыртта жүргенде от басында біреу-міреу...

– Апа, шыныңды айтшы, өзіңді біреу ренжіткен жоқ па?

– Ой, ақымақ балам-ай. Маған кім тіл тигізуші еді. Сенің қатының ба, қайын енең бе?

– Қайдан білейін...

– Білмесең, жөніңе тыныш отыр. Көзім тіріде кісіден зәбір көрем деп жүргем жоқ. Зәбір көрсем де балаға шағынбаймын. Сені туып едім деп жатырын сәдеттейтін ана мен емес. Қартайған шағымда от көсейтін көсеудей қысқа қолымды ұзарт деп те жалынбаймын. Саған айтпағым басқа.

– Иә, апа...

– От басының тірлігі деп, бала-шағаға қарайлап омала берме. Сонан соң туған жерім, кіндік қаным тамған топырағым еді деп, бұл адыраның анасын бір, мынасын бір қимай жүріп, ақырында бейіт күзеткен бәдіктей көшкен елдің жұртында қалып қойма!

– Апа-ау, өзің едің ғой, күні кеше ауыз ашсаң ата қоныс деп...

– Иә, айттым. Ата қоныстан кетсек, сүйегім көмусіз қалатындай көргенім рас. Қайтейін, туған жері құрғырды қимаушы едім. Кешегі бізден бұрын өткен шалдардың әр төбе басында қарақшыдай қалқиған зиратына көзің түссе де көкірегі құрғырға тіл бітіп, осы елдің өткен-кеткені ойыңа орала кетеді. Біз соған да мәз болатынбыз. Қай нәрсенің

де қадірі мен қасиеті басында бағы тұрғанда екен. Қазір осы жердің мен қимайтын ештеңесі қалмапты.

Сен аң-таңсың. Өз құлағыңмен есіткен мына әңгімеге әлі де болса сенер-сенбесіңді білмей, аңтарылып отырсың.

– Шырағым, баяғының шалдары да бірдеңе білген ғой,– деп кәрі ана бұған жүзін қайта тіктеді.– Солар еді ғой "у ішсең – руыңмен" деген. Елің көшсе – сен де көш. Ендігі қалған тірлігіңде не көрсең де, кешегі жақсы кезде теңізді бірге кешкен кісілермен бөле-жара көр. Жат жер деп жүрексінетін не бар. О да осы қазақтың өздеріңдей маңдайдағы бір-бір қарақтары өсіп-өнген, Баба түкті Шашты Әзізден бата дарыған киелі қара жер емес пе? Көрерсің, ертең топырағына бір-екі аунап тұршы. Сонан кейін, е, тәйірі, біз сияқты күні өткен біреу болмаса, өздеріңдей келешегі алдағы азаматтың тұрған жері де туған жерден кем боп па еді? Көк темірге канат бітіріп қойған мына заманда көшу, тәйірі, сол баяғының жаман қатындарының үй аударып тіккенінен несі қиын дейсің. Тек ендігі жерде қайда бет түзесең де, кәрі анаңды көшіңнен қалдырмай, ала жүрсең болғаны.

Мынау, сірә, жалғыз бала теңіздің арғы бетінде жүргенде, түнде кірпік ілмей тебіреніп жатқанда тапқан ақылы ғой. Күнде-күнде келін жұмысқа, немере оқуға кетіп, оңаша үйде жалғыз қалғанда терезеден түскен сары шуақта ұршық созып отырып та, түйе қорада қараша інгеннің бауырында жабысып тұрып та талай-талай тебіренген болар-ау. Сонда адам көкірегінде жуық арада өліп болмайтын осы бір туған жердің топырағына бауыр басып, жабысып қалған жаны сірі сезімнің тамырын, көз жасын кеудесіне тамшылатып отырып бір-бірлеп үзбеді дейсің бе? Енді, міне, кәрі ана, бұған сол қиналғанын да сездірмей, басындағы қақыра жаулықты қақшаңдата береді.

– Кешегі сендердің бала кездеріңде бұл теңізді біз де кезбедік пе. Сонда теңіздің арғы бетінде қостанып жатқан балықшылар шөлдеп бара жатса, әлі есімде, екі кісі жағаға біріне-бірі қарама-қарсы отыра қап, қолмен әрі-бері қазғанда, ар жағынан ішуге жарайтын кермек су шығушы еді. Ал сол жерлерден қазір таңдай жібітер тамшы таппайсың.

– Теңіз тартылғалы жер астының суы алыстап кетті ғой.

– Теңізді айтасың, бұл елдің баяғыда мал жайылған қыр жақтың да тұзы бетіне шығып кетіпті. Анада адайдағы қыз шақырып, қырдағы түйе ауылға барғанда көрдім. Тамыры ащыға тиген шөп екеш шөп те қап-қара боп күйіп кетеді екен. Бұ да құдіреті күшті Құдайдың бізге жіберген зауалы да.

– Жоқ, апа, бұл адамның ісі.

– Тәйт, әрі! Жер бетіне жақсылық жіберсе де, жамандық жіберсе де –

бәрі бір Алланың қалауымен болған.

– Жә, солай-ақ болсын. Бірақ осы заманның бір білгір ғұламасы теңіз суы мен жер астындағы су сабақтас деген қисын айтады.

– Оны ғұлама болмай-ақ қатын басымызбен біз де білеміз. Басына сәлде салмағаны болмаса, сол шіркіндерің баяғының құран ашқан молласынан айырмасы шамалы. Сендердің ғұламаларың да қит етсе кітап ашады.

Бүгінгі ана сені тіпті қайран қалдырды. Өзінің баяғыда жиынды жерде бір жанды бетіне қаратпай өрлеп сөйлейтін отты шағын қайта тапқандай. Басындағы қақыра жаулықты қайқайтып көтеріп алған. Бағанағы бүкиген бел жазылып, баласының алдында омыраулап, өктем сөйлеп отыр. Ондайда даусы да дәл баяғы жас кездегідей сампылдап шығады:

– Сол немелер білгір болса бұндағы халықтың жаз болса ауыз су таппай, қатын-балалары шелегі даңғырлап дала кезіп кететінін неге көрмейді? Осы ауылдың ортан қолдай жігіттері... Әне, әнекей, жұмыс таба алмай, сенделіп жүр! Кеше адайдағы апаң келіп кетті.

– Олар әлі қырда отыр ма?

– Сөзімді бөлме. Үш үй елсіздегі бір ескі қораны жөндеп алыпты. Әзір соның ығын лаждап отырған көрінеді. Олар да жаны сірі. Шыдай береді. Адайдағы апаң айтады: өзімізге бәрібір-ау, балаларға жұмыс табылмағаны жаныма батады дейді. Рас қой, жұмыссыз үйге кісі сия ма? Аяғың жетіп жоғарыға барып жүресің, осы ауылдың басындағы қиындықты неге айтпайсың?

– Ой, Құдай-ай! Апа сен де...

Күйіп кетіп шоқпардай жұдырықпен оз тізесін өзі қойып қалды. Тыңдайтын құлақ болса, бұл айтпаған сөз бар ма? Бір жолы Қозы Қарын: "балық... балық" деп жынына тие бергесін, бұ да шыдамаған-ды. Былайғы кезде үндемей құтылатын жуас жігітке сол арада жігер бітіп: "Балықты бюрода айтамыз. Активте айтамыз. Қос уыс жиналыстың бәрін де айтатынымыз балық. Ал, халық сорлы қашан аузымызға түседі"...– дей бергенде, жиналыс басқарып отырған Қозы Қарын столды қойып қалды. Алдында жатқан күл салғыш шоршып түсті. Кілмік көзге қаһар бітіп: "Жолдас, абайлап сөйле! Әлгі сөзің үшін жауап бересің" деп еді, бұ да тайсалмай: "Е, берсем берем", деді; "кердің бе, тілі шыға бастаған. Омай-ау, сонда халықтың жалғыз жан ашыры сен болып, біз тек балықтан басқа түк білмейтін керең болғанымыз-ау",– деген-ді...

– Ай, апа-ай... біз де айтып жатырмыз-ау. Бірақ... Әй, құрысыншы!

– Айтудың да айтуы бар. Бастықтың алдына барғанда сен, сірә, марту басқан қатындай үнің шықпай қалатын шығар?

– Қайт дейсің, апа, нашар бала тапқан өзіңе ренжімесең, маған ұрысқаннан не шығады.

Ана бұған алара қарады:

– Сен мұндар енді өзіңнің жамандығыңды анаңның жатырынан көрейін дедің бе? Тоғыз ай, тоғыз күн көтергенде жатырындағы баланың қандай екенін қай ана біледі дейсің. Сен және мен туғанда екі шекең тоқпақтай сәби едің, ер жеткесін ащы көлден шабақ аулап жеп жүрген ана, жаман Жақайым жігіттеріне тартып кетеріңді қайдан білейін,– деді кәрі ана күліп. Әзілі ме, шыны ма, соның қайсысы болса да күліп отырып көңілдегісін айтты.

– Қайт дейсің, апа. Жақсы болса да, жаман болса да балаң аянып жүрген жоқ.

– Сөзінің сиқын. Қатын – ерге, ер – жерге қараған заман. Алдында ел басшысы тұрғанда халық байғұс қиналса да жас баладай көзі жаутаңдап, сенің аузыңа қарайды. Қайткені сол – қиналған халқыңа ақыл тап, жөн сілте!

Қарт ана саңқылдаған даусын кенет кілт үзіп, сыртқа құлақ тікті. Сүйткенше аттылы біреу тоң жерді дүңк-дүңк бастырып кеп үй алдына тоқтады. Дүрс етіп аттан түсті. Сыртқы есік шалқалай ашылды. Осыған дейін өз үйіндей еркінсіп келе жатқан еңгезердей біреу есік аша берді де, аяғының астына қарап кілт тоқтады. Қара елтірі тымақ, қара елтірі тон киген еңгезердей ірі кісі әлденеге аяқ астынан жүрексінгендей табалдырықтан аттауын аттаса да, сонан ары аяғын баспай, төбесімен үй тіреп тұрып қалды.

– Жезде, жоғары шық!– дедің сен.

Еңгезердей кісі ілгері басудың орнына кейін шегіншектей береді. Наразы дауыста бірдеңе деп күңкілдеді. Дәл қазіргі түрі айнадай жалтыраған сырлы еденді бір басса ана бөрене аяқ сереңдеп құлап түсетіндей, ал бір құласа үйелеген түйедей сол орыннан енді қайта тұра алмайтындай тізесі дір-дір.

– Ау, жездеке, есік алдында тұрып қалдың ғой. Былай, төрге шық!

Қонақ шал қос қолымен босағадан ұстады:

– Ой, енеңді ұрайын,– деді күлкісін әзер тежеп тұрған саған алара қарап.– Төрге шық, төрге шық дейді. Төрге қалай шығам, қайқайып басатын қазақтың қара жері болса екен, айдың күні аманда үйдің

табанын тақтайлап, мынау көк тайғақ мұздай жалтыратып қойғаның.

Сен күліп кеп оны қолтығынан алдың. Қонақ шал сонан кейін ғана бойын билегендей боп:

– Апыр-ай, бұл үйге ендігі жерге табанымызды тағалап келмесек болмас,– деді. Қанша келсе де, әдеті осы: төрге біреудің қолынан ұстап, бөрене аяғын бір-бірлеп басып әрең шығады. Бұл келгенде балықшы ауылдың балалары мәз. Шара табақтай жалпақ беті мен бүкіл тамағының асты сақалға толған осы бір таудай шалдың сырлы еденді басарда құдды мұзға түскен түйедей, аяғын әрең-әрең қозғап, бүгежектеп қалатынын көргенде әсіресе мәз боп ішек-сілесі қататын.

– Басқа ермек болмағасын шешең екеуің ертелі-кеш тақтай жалайсыңдар да отырасыңдар-ау, сірә!

Сен күліп төрге төсек салдың. Төсекке киімшең бойымен шыққан қонақ әуелі тері тонын шешті. Сосын басынан тымағын алды. Аяғынан кең етігін қолқ-қолқ шығарып, есіктен төрге дейін тілмен жалағандай жалтырап жатқан еденнің қай жеріне тастарын білмей көтеріп ұстап түр еді, сен қол создың:

– Маған беріңіз.

Қонақ шал етікті ұстата салды. Сонан соң демін бір алғандай жан-жағына қарады да, самауыр жанында қақыра жаулығы қайқайып отырған бастасына көз тастады.

– Қалайсың? Қуаттысың ба?

– Шүкір. Біздің ендігі тірлігіміз белгілі ғой: отырса да – тәуба, тұрса да – тәуба.

– Қабағыңда кірбің бар ма, қалай?– деді қонақ шал бастасына қайта қарағанда көзінің үстіне қолын көлегейлеп.– Келін, бала ренжітпей ме, әйтеуір?

– Осыларды қойшы. Бұлардың қолынан кісі ренжіту де келмейді. Көптен көрінбей кеттің. Үй ішің аман ба? Қызымыз қалай?

– Қыздарың қартайды ғой. Тісі жас, түсі тәуір бір сіңлісін іздеп жүрмін.

– Тұтақ! Еркек шіркіннің кеудесін көтере алмай жүріп те қартаймайтын көңілі-ай!

Әлгінде көрші үйден жүгіріп келген кішкентай екі бала босағаға жабысып алған. Өздері тығылып тұрған тасадан басын бір шығарып, бір тартып алып жылтың-жылтың етеді. Тор алдында теңкиіп жатқан

нар тұлғалы шал күлсе де, сөйлесе де жолы болып жымыңдаса қалады. Осы шалдың тамағы астындағы қаба сақалға оқта-текте бес саусақтың бесеуін бірдей сұғып жіберіп қышыр-қышыр қасығаны тіпті қызық. Ондайда біріне-бірі: "Ана қара! Ана қара!" деп жырқ-жырқ күледі.

Қонақ шал оларға көз қиығын тастап жымиып қояды; бұл өзі осы өңірге сонау колхоздасу тұсында келген кірме. Жасында тақымы терден кеппеген ұры бопты дейді. Анау-мынау кісінің аяғы жетпейтін қиян қашықта жатқан Қара-қалпақ, түркпен еліне қасына кісі ертпей, жалғыз жортыпты деседі.

Бір жолы Каспий мен Арал арасындағы елсіз түзде жалғыз келе жатқанда, ойда жоқ жерден өкпе тұстағы қоңыр жалдың астынан салт атты біреу сумаң етіп шыға кепті дейді. Астындағы ат елең ете қалған жаққа бұл бұрылмай, қабақ астында тұнжыраған суық көздің қиығын тастаса... сіңірлі мықты ат үстінде үйелмендей боп біреу отыр екен дейді. Сұр шекпеннің салақтаған ұзын жеңінен жуан дойырдың шеті көрініпті. Ерден ердің сірә да қаупі бар. Бұл да бойын дереу жиып ап, жең ішіндегі дойыр қамшыны уысына қысып ұстапты. Ат үстінде үйелмендей боп отырған әлгі бейтаныс бұжыр қара кісінің өңменінен өтіп бара жатқан жылан көзіне бұ да тайсалмай тура қарапты деседі. Дүниеде ерлік пен ірілікті ғана құрметтейтін қанжығалы екі ұры сол арада ат үстінде аз тілдессе де, бір-біріне рай беріп тарасқан екен деседі.

Сонан күндердің бір күнінде Адай жігіттің басына зобалаң туып, еліне сыймай қашып шығыпты. Барар жер, басар тау таппай тірлік тығырыққа тірелгенде, Адай жігіттің есіне баяғыда құба жонда кездесетін жылан көз бұжыр қара түсіпті-ау! Қоштасарда оның: "Мені іздесең – Арал теңізінің батыс жағынан табасың", дегені есінде қапты. Сол жылан көзді әрі-бері ойлап, ақырында аты да есіне түсіпті. Кәлен...Иә, атым Кәлен деп еді-ау. Кәлен... Кәлен... Сонан бұл күн жүріп, түн жүріп Кәленді табады. Әлімнің бір қызына үйленіп, үстіне үй көтереді. Кішкентай қараша келіншектің етегінен қара сирақ балалар бірінен соң бірі дүниеге келеді. Сонан кешегі колхоздастыру кезінде Кәлен екеуі ел алды боп колхозға кіреді. Ел алды боп бір-бір қайық ау алады. Сүйтіп, қыс демей, жаз демей көк теңіздің қашағанын қуып аулап бергенде, о, дариға-ай... бұл екеуінің алдына бүкіл Аралдың арғы, бергі бетінде жан түспей-ақ кеткен еді-ау!

Енді, міне, Кәлен дүние салды. Бұл қартайды. Бұның дәл өзіндей қолаяғы серейген төрт ұл түгел ер жетті. Күйеуге шыққан қыздарын айтпағанда, Адай шалдың қара шаңырағы астынан өсіп-өнген төрт ұл қазір төрт үй. Оқуға қыры болмағасын бастауыш мектепті бітірер-бітірместе кәрі әкенің қолынан қос ескекті ала сала бәрі де балықшылық кәсіпке түсіп еді; бұлардың сорына теңіз тартылды. Балықтан басқа кәсіп бұл өңірде, сірә да, жоқ. Кәсіп іздеп қоныс

аударам, көшем дегендердің сен бәрін жіберіп жатырсың. Тек Адай шал мен баяғыда осы колхозды өз қолымен құрысқан тағы екі шалды кейінге ірке бергенсің-ді. Соларға бола ауданға қайта-қайта шапқылап жүріп, түйе фермасын ұйымдастырды. Сонан бері қыс шығар-шықпаста түйеші шалдардың үйін қырға көшіріседі. Қолы қалт етсе артынан іздеп барады. Қара азық жеткізеді. Шай-суын үзбей апарып тұрады. Жиі қатынап жағдайын жасап тұрғасын, басқарма дегенде олардың да шығарда жаны басқа. Әсіресе, Адай шал дән риза. Салдырлақ машинаның шаңы бұрқ етсе болды, кемпіріне дауыстап:

– Әй, қайдасың? Бауырың келе жатыр, қазан көтер! Бол, бол!– деп, өзі де жүк арасынан көрпе-жастық алып, әпі-шәпі боп жатқаны. Әншейінде әзіл-қалжыңға орашолақ аңқау шал бұнымен дастарқан басында тақымдаса отырғанда сөзшең-ақ. Кісі аузына түспейтін қайдағы бір қыршаңқы сөздерді тауып айтып:

– Әлімнен қыз алған Адай жалғыз мен бе екем? Бізден бұрын сенің апаң, менің атам екі ел арасына ілгеріден із салып тастаған ғой,– деп кеңк-кеңк күліп отырғаны.

Былтыр түйеші шалдар қара суық ызғырған қара жонда ықтырмада ұзақ отырып қалған-ды. Бұл ауданнан оралып келген бойда түйешілерді көшіріп әкелуге барса, кемпір-шалдар қарашаның қар ызғары анық сезіле бастаған суыққа ұшырап, ығы кетіп жаурап отыр екен. Бұл кешіккеніне кешірім сұрай бастағанда, сонда да осы Адай шал әзіл-қалжыңмен жуып-шайып:

– Жәдігержан, кешіккен жоқсың. Дер кезде дегендей келдің. Жаман жездең бұл арадан жылда апаңның сауыры бір-екі мұздамай, сірә да көшкен емес,– деген-ді. Бұл да осы қарияның қасында отырса әншейінде көңілін лайлаған көп уайым, көп қайғыны ұмытып арқа еті кеңіп сала беретін.

– Жезде, сөйле!– деп, сен қазір де қонағыңа көзіңнің қиығын көлденеңнен тастап, әңгімеге жетелеп едің, бірақ Адай шал бүгін бір түрлі бұйығы. Көңілсіз. Жаңа бұны көргенде әлдеқалай жадырай қалған қабағы төрге жайғасқасын қайта тұнжырады. Сосын-ақ әңгімеге қанша жетелесе де, ол бірақ аяғын баспады. Терге жайған көрпе үстінде бір жастықты қолтығына басып дөңкиіп жатыр. Жалбыраған қабақ астындағы көз жұмылып-жұмылып кетеді. Осы өңірдің халқын қинаған жағдай оның да жүрегін сыздатып жатпады дейсің бе? Ол, бәлкім, көші-қон жөні шығар? "Түйе фермасын ашып беріп жаман жездеңе жағдай жасадың. Оныңа рахмет. Ал, бірақ... жаман жиендерің от басында омалып отыр ғой. Оларды қайтеміз?" деп, бумы мен ақылдасуға келді ме? Келген шаруасын қашан айтар екен деп, оған сен де жалтақтап қарап қоясың. Бірақ Адай шал үнсіз. Сонан ол алдына дастарқан жайғанда ғана басын көтерді.

– Басқа тамақтың ыңғайы болмады. Осыған ырза боласың.

– Ә, жарайды. Астың бәрі ас.

– Сыбағаңды кейін жерсің. Ал мынау келін әзірлеп кеткен екен. Балалардың асы ғой. Өздері банта дей ме, панта дей ме, тілім де келмейді.

– Апыр-ай, ә?– деп Адай шал да таң қалып, әр жер-әр жерінде айғыр жалындай ұзын қыл жалбыраған үкі-түкі қасын желп еткізе жоғары көтеріп алды. Сосын дастарқан шетін қайырып, алдына келген үйме табаққа қарай итініп жақындай түсті.

– Банта дедің бе, әй? Өзі орыстың асы ғой?

– Енді кімдікі деп едің. Осы күні солармен асың да, аягың да араласып кетпеді ме.

– Иә, бәсе!.. Қазақта бұндай ас жоқ қой,– деп Адай шал әлі де болса мына бір суға түскен сұр тышқандай, өзі білмейтін түсі басқа тағамға қолын созбай, біраз тосырқай қарап отырды. Қарны ашып келсе де, бұрын соң татпаған тағамға тәбеті шаппағасын бірден қол созбай одырайып отырды да: – Өзін қамырға ораған ба?– деп бастасына бұрылды.

– Иә, қамырға ораған. Ауыз жарымайтын шұқымай бірдеңе.

– Апыр-ай, ә?– деді Адай шал басын шайқап.– Қамырды жаратпаушы едім.

– Жездеке, іші – ет. Бұл пельмен деген сыйлы ас.

– Білмен дей ме, әй? Білмен?.. Білме-н?.. Апырай, ә?– деп, Адай шал саған "шын айтасың ба?" дегендей әлі де болса сенімсіздене көз тастады.

– Иә, пельмен. Іші – ет. Өте дәмді ас.

Адай шал ықылассыз отырса да, табаққа қол созды. Бақандай саусақтар алдындағы үйеме табақ пельменнің әуелі бүйірі буланып жатқан қомақтылауын ұстады. Ыссы пельменді алақанына салып олай бір, бұлай бір аударыстырды. Қай жағынан қараса да көз алдынан суға түскен сұр тышқан кетпей қойғаны. Тәбетін шаптырмай қойған жиіркеніште сезімнен құтылғысы келді ме, қонақ шал алақанында жатқан пельменнің сыртындағы қамырын жарып, ішіндегі мылжа-мылжасын шығара малталап тастаған етті иіскеді. Иісінде де күдікті бірдеңе бар сияқтанып: "апырай, ұшынып қалмасам қайтсін",– деп ойлады. Бұған енді не істесем екен дегендей екі ойлы боп отырды да:

– Маған бір тас аяқ берші,– деді.

– Жездеке, алдыңдағы мына тарелке сенікі.

– Оны біліп отырмын. Маған осындай тас аяқтың тағы біреуі керек.

Бұл түрегеп барып шкафтан үлкендеу бір тәрелке алды да, қонақтың алдына қойып "енді қайтер екен" дегендей көзінің астымен бағып отыр. Қонақ шал құдды күреске түсетін кісідей, әуелі жеңін шынтағына дейін сыбанып алды. Дастарқан басындағылардың бәрі өзінің қыбыр еткен қимылын бағып отырғанын байқаса да, үй ішіндегі бір жанға көңіл бөлген жоқ; үйеме табақ пельменнен тәрелкесіне мол ғып толтырып салып алды. Сонан соң тәрелкені өзіне таман тартып алды да, алдындағы буы бұрқыраған пельменді ерінбей-жалықпай бір-бірлеп сыртындағы қамырын жарып, етін бір тарелкеге, қамырын бір тәрелкеге бөліп салды. Ет салған тәрелке төбесімен бірдей боп үйілді. Бұрын бұндай өнімсіз шұқыншақ нәрсе істеп көрмегесін бе, ішпей-жемей қара терге түсті. Әлі де болса астауынан жеріген малдай ылжыраған етті әуелі танауының алдына әкеп о жағынан бір, бұ жағынан бір иіскеді. Сонан кейін ғана бұның тағам екеніне көзі жеткендей болғасын күректей қолымен көсіп алып асай бастады. Қозының құйрық майын талмап жұтқандай, қылқытып жатыр. Мол-молдан асаған мылжа ет шайнауға келмей, талмаса болғаны, өңешінен ары қарай өтіп бара жатып тамағына дүрс-дүрс соғады.

Бұл үнсіз. Күлкіні күшпен тежеп, басын бауырына тығып алған. Қонақтың өңеші дүрсілдей бастағанда бағанадан бері күшпен тежеп отырған күлкі ішіне сыймай бүйірін бүлкілдете бастады. Адай шал байқамаған сияқты. Адай шал әдетте ас ішкенде маңындағы қыбыр-жыбырға көңіл бөлмейтін. Ыдыс босағасын тәрелке түбіндегі тұздықты басына көтеріп бір ұрттады да, қасында түк көрмегендей тымырайып отырған бұның алдына тарс еткізіп тастай салды.

– Ой, енеңді ұрайын. Қазақ жаманы орыс бола алмайды. Әлгі маған қамырға орап берген көк жасығың не, өзі?

– Еттен істеген, осы заманғы астың бір түрі.

– Тек әрі! Асты қорлап... Етті шешеңе шайнатып жейтін өнерді қайдан тапқансың? Кәне, бұдан басқа берерің бар ма?

– Енді шай береміз.

– Оныңа рақмет. Тіске тиетін басқа ештеңең жоқ болса, үйге барып апаңның шайын ішем. Ал сау бол.

– Ау, жезде... Шаруа бар ма еді?

– Бары бар. Бірақ жолдан келіп отыр екенсің. Шаруамды кейін конторыңа барып айтармын. Мені есікке жеткізіп салшы,– деді Адай шал аяқ астында жалтырап жатқан сырлы еденді көргенде тағы да тізесі дірілдеп.

Бұл аяғын баса алмай тұрған қонақ шалды қолтығынан алды. Сыртқа шығарып, атқа мінгізіп сап қайтып келгесін газет қарады. Бірақ бір айдан бері жиналған буда-буда газеттің аяғына шыға алмады. Етектей беттерді сытырлатып арі-бері аударғасын ұйқысы келді. Не ұғып, не түйіп жатқанын өзі де білген жоқ. Бар білгені: берекеті кеткен оттың басы сияқты осы дүниең де тыныштығынан айрылған. Ел тізгінін ұстаған пысықай немелер халық басына қайдағы-жайдағы итырқылжыңды үйіп-төгіп, берекеті кетіп тұр екен.

Күн орнынан шығып, ай орнынан туып, қара жер де өзінің жаралғаннан бергі жалғыз кіндігінен зырқырап айналып, бұл әлем батысы – батыс, шығысы – шығыс, бәз баяғы күйінен бұлжымай тұрса да, халық сорлының қатер тоспай, ұйқысынан тыныш оянған күні болмапты. Бұл айда да бұнан бұрнағы айлар сияқты төрт тараптың төрт жағында да бір ел бір елге қодыраңдап күш көрсетіпті. Бір ел бір елді алдапты. Жарты дүниеге әмірін жүргізіп отырған бір ұлы елдің басшысы күні кеше ғана бас бостандығын алған Африкадағы бір елдің басшысымен бауыры бітіп бара жатқандай, ауыз жаласып жүрген сияқты еді; енді қараса, әлгі кіп-кішкентай кеше сержанттан көтерілген шілтікей бастығы үлкен елден қару-жарақты үйіп-төгіп алыпты да, көк тиын төлемей мұзға отырғызып кетіпті. Ал, мына бір мұсылман елі бұлар теңіздің арғы бетінде балық аулап жүргенде ереуілге шығыпты. Ереуілдеген халық бұлар қамау судың балығына қарық боп жатқанда алтын тақта отырған патшасының аяғын аспаннан келтіріпті. Сүйтіп, нелер ықылым заманнан бері шах билеген елді ендігі жерде дін басы молда билейтін боп мәз боп жатыр екен.

Жә, мәз болсын пақырлар. Тек, басқа жақтың молдасы қалай болатынын қайдам, а л осы ауылда молда араласқан бір іс оңына баспаушы еді. От басынан берекет кеткенде, тым құрыса аспан асты тыныш болса екен-ау. Кісіге о да жұбаныш болар ма еді.

Диванда қисайып жатқан-ды. Бір кезде айдай әлемнің ойдағы-қырдағы өсегін төрт бетке сыйғызып тұрған қолындағы газет кенет ауырлап бара жатты. Көлдей газет бетіндегі жазулар да бұлыңғыр дүниенің дәл өзіндей бұлдырап, алыстап барып-барып, ақырында қолынан сусып түсіп кетті. Бұл оны сезбеді. Қолы қапталына сылқ түсіп кеткенде ғана көзін ашып алды.

Әлдене сыбдыр етті. Сырттан біреу кірді ме? Өзі де әлденеге абыржи ма? Аптыққан жүрегін әзер басып, қолынан түсіп кеткен газетті жерден көтерді. Шала жабылған есіктің арғы жағына құлақ

тікті. Бірақ сырттан кірген кісінің аяқ басқаны сияқтанған әлгі дыбыс бұл қанша тыңдаса да қайталамады. Есік сыртында аяғын бері баспай қойған біреу бар сияқты. Бәкизат па? Кешіккеніне қысылып тұр ма? Аяғын ақырын-ақырын басып есікке барды. Мойнын созып қарап еді, ешкім көзіне түспеді. Абажадай үй аңғал-саңғал. Өзінен басқа тірі жан... Шынында да тірі жан жоқ па? Қызы әлгінде оқудан келген сияқты еді ғой? Ұлы да, анасы да үйдетұғын. Еркіне жібергенде ұлы бұған әлдеқашан арсаландап жүгіріп кеп, әңкі-тәңкісін шығарар еді. "Әкең жолдан шаршап келді" деп, оны тізгіндеп ұстап отырған анасы.

Ал қызы... Жүрегін ұстай алды. Бұрын бұндайы жоқты. Осы бар болғыр кейінгі кезде сәл ренжісе де біз сұғып алғандай тыз етіп шаныша қалады. Жүрегін алақанымен басып отырып, кішкентай қызын еске алды. Сорлы баланы аяйды. Әсіресе, нағашы әжесінің қасында кетіп бара жатқанын көргенде күлерін де, жыларын да білмейді. Бауырын жарып шыққан бала, о, тоба, бұнан гөрі кәрі қақсалдың аузынан түсе қалғандай. Үстіндегі үлпілдеген киімі солай. Көшеде өзін ұстасы солай. Апыр-ай, қаршадай қыз кәрі қақсалдың басқа жұрт байқай қоймайтын болмашы бірдеңесін қағып алып, аудармай қайталап, ол аяғын ызылып басса, байғұс бала аяғын одан бетер сызылтып жатқаны. Ол қақсал сақина толы саусағын саласын шығара жайып тастап жұрт алдында жайқаңдап қол тастаса, е, Жасаған... әлгі қаршадай қыз катар келе жатып дәл солай қайталайды. Ең арысы баяғы жас кезінде жұртқа үлбіреген аппақ тамағын көрсеткісі кеп тұратын кәрі қақсал әлі де болса сүйекке сіңген сол дағды бойынша иегін ілгері созса, байғұс бала да оған қатарласа бере көз қиығын білдірмей бір тастайды да, өзінің кіп-кішкентай иегін дереу жоғары көтеріп ала қояды...

Бір жолы ренішін Бәкизатқа айтып еді, Бәкизат жатты да ашуланды.

– Менің шешем, әйтеуір, сенің көзіңе пәле боп көрінеді. Ол сорлы отырса – опақ, тұрса – сопақ.

– Сенің шешеңде нем бар. Мен тек... баланың тәрбиесі...

– Е, немене... осы жасқа келгенше менің шешем қыз тәрбиелемей, қуыршақ тәрбиелеп пе?

Иә, иә, есіне енді түсті. Кәдімгі қаладағы дүкендерде қос әйнектің арасында тұратын қуыршақ бар емес пе? Қозы Қарын басқарған бір жиналыста бұл қатты сыналып, ақ тер, көк тер боп шыққан екен-ау. Аралдың ақ шандақ ұйтқып тұратын тар көшесімен келе жатқанда көз қиығы кенет көлдей әйнектің ар жағында тұрған қуыршақ қызға түскен еді ғой. Өз қызына егіздің сыңарындай ұқсап кеткені сонша бұл қалт тоқтап, қуыршақтан көзін алмай қадалды да қалды. Аумайды-ау, аумайды! Әсіресе, ана жылтырата тараған шашы мен кірпік қақпай үркектеп қарайтын көзі қандай аумайды. Ал ана топ-томпақ ерні

қандай аумайды. Құдды шырыны сыртына шыққан қызыл шиенің бір-бір түйірін кәрі қақсал әдейі үзіп алып асты-үстіне бір-бірден бұлтитып шанши қойғандай. Ғұмыр бойы қуыршақ тәрбиелеп дағдыланған кәрі қақсалдың кәнігі сиқыр қолы сорлы нәрестені анасынан тумай жатып үсті-басын үфит-суфиттеп сипалап жүріп, сонан не керек өзінің қыздары сияқты бишара баланы да әп-сәтте қуыршаққа айналдырады да шығарады. Сол сиқыр қол сонан кейін де тұла бойына тағы бірдеңелерді түйреп, шаншып, қыстырып, байлап безендірген үстіне безендіре түскенде, сен солардың арасынан өз қызыңды таба алмай қалатынсың.

– Ой, айналайын, менің аузым бармай тұрғанды өзің айттың ғой. Иә, қызың қуыршақ... нағыз қуыршақ!

– Қызымның түгі жоқ. Қайта мамамның арқасында тәрбиелі десең тәрбиелі, көргенді десең көргенді. Біле білсең, мені де, менің апаларымды да тәрбиелеп өсірген сол кемпір. Сонда... Сеніңше, мен де, менің апаларым да қуыршақ болдық па?

– Үйдеген кім?

– Айтпасаң да аржағы белгілі. Бізді не десең де еркің. Сен қалай десең де, менің шешем... Балықшы ауылдың салпы етек, шұбалаң жаулық жаман кемпірлерінен өлімтігі де артық.

– Е, солай де! Сүйтіп әлгі сары ала етек жаман кемпірлердің ішінде біздің шешеміз кетті де.

– Кетсе қайтеді. Сенің шешең... Көзіңді алартпа. Үйтіп кімді қорқытасың.

Сен аузыңа сөз түспей, тығылып қалғансың-ды. Іле-шала есік сықыр етті. Бәкизат та, сен де жалт қарадыңдар. Ақырын ашылған есіктің ар жағынан әуелі әйел сумкасы керінді. Тек әйелдің өзі көрінген жоқ; тек күміспен көмкерген аузы сырт етіп ашылып, сырт етіп жабылатын крокодил терісінен істеген осы бір елде жоқ сумканы салақтаған ұзын бауынан сақина толы саусақтың ұшымен ғана ұстап, өзінен ілгері оздырып кіріп келе жатты. Сен күліп жібере жаздағансың-ды.

Кәрі қақсал ілгері озбай есік алдында тұра қалды. Үй ішіндегілердің түріне қарады. Сосын бір бұрышта тұнжырап отырған саған қарады. Саған қарағанда темір инедей тікірейе-тікірейе қалған кірпік астынан қадалған суық жанарға мысқыл шапты:

– Сендерге не болды? Еңбек Озаты неге түтігіп түр?

Сен соның ертеңіне салдырлақ машинаға отырып, Сырдарияға тартып кеттің емес пе? Сонан теңіздің арғы бетінде жатқан

балықшылардың қасында бір ай болып үсті-басы кірлеп, сақал, мұрт өсіп әбден жүдемеді ме. Алдында айқұшақ қауып күтіп отырған қатын-бала бардай екі өкпесін қолына алып құстай ұшып келмеді ме. Иә, келдің. Қарық болдың...

Бетіне ащы мысқыл шауып мырс етті. Енді, міне, ит талаған терідей ырың-жырың өмірдің ақыры осылай болды да тынды. Әкесі ме еді, кім еді, әлденеге налығанда о да әрқашан осылай мырс етіп: "Ақыры дүниенің ырым-жырым" деп ыңырсушы еді-ау? Иә, бұл пәниде түбі баянды не болған. Болдым, толдым деген төрт құбыласы түгел кісілердің басындағы бақ пен астындағы тақтың да түбі белгілі еді ғой. Ай мен күн астындағы не нәрсенің бәрінің, әрілесе, тіпті әлгі тақ пен бақтың да ақыры болған. Тірлік бар жердегі құбылыстың бәрінде де ақыр бар. Кейбіреулер осы күні дүниенің ақырын да көріп тұрған сәуегейше сөйлеп жүр ғой! Ендеше өзіміз шексіз көретін көктегі күннің ар жағындағы сонау ұшы-қиырсыз ғарыштың да барып-барып таусылар шегі, ақыры болмасына кім кепіл? Адам ақылы жетпейтін не бір алыптар мен қашықтықтардың бәрінің де ақыры болса, осы біз өміріміздің соңындағы ақырғы атаулыдан неге зәреміз қалмай қорқамыз? Ақырғы сағат. Ақырғы дем. Ақырғы қадам. Ақырғы дәм... Соның бәрі сайып келгенде дүниеге келген әрбір адамның қуана-қуана бастаған алғашқы қадамы, алғашқы сағаты, аблығып алған алғашқы демі емес пе? Ендеше бұл жалғандағы басы бар нәрсенің бәрінде де ақыр болу ықтимал ғой. Иә, кешегі жер дүниені алып жатқан телегей теңіздің де бүгінгі ұрпақ ақырын көріп түр ғой. Кешегі соғыстан кейінгі аз ғана уақытта аспан астындағы айдай әлемнің бір жерінде теңіз тартылса, сонан бері қанша көл, қанша өзен сарқылса, жер азса, ауа бұзылса осы ауылдың әлгі кір сақал шалдары айта беретін ақыр заманның да онша қашық қалмағаны рас болмаса не қылсын?

Міне, көріп тұр: бүгін ертеңгісін үйден шыққанда, соңына салған шұбалаң іздің де ақырғы қадамы аяқ астында жатыр. Зорығып жығылған ат сияқты. Ақырғы атаулыда келешек жоқ, тек кешегісі ғана болатынын бұл қазір ойлап тұр.

Бұрын бұл көк теңіздің қашағанын қуам деп таңның атысы, күннің батысы қызыл танау боп жүріп оң мен солына қарауға мұршасы болмапты. Бүгін бастан өткеннің бәрі ертең ұмыт бопты. Бұл жазған күйкі тіршіліктің қамымен жанын жалдап жүргенде бастан кешкен өмірдің қуанышы да, реніші де қалта түбіндегі жыртықтан түсіп қалған қара бақырдай қай жерде, қашан, қалай жоғалғаны жадында қалмапты. Енді, міне... балықшылар аулының бет алдындағы аңыраған бет ашықта үйіріне сыймаған кәрі құландай жапа-жалғыз тұрған кісіге қайдағы-жайдағы үйір. Баяғыда бастан кешкендердің бәрі бүгін қайта тіріліп жатыр. Тіріле сала ана бауырына жармасқан ашқарақ күшіктей өріп кеткен ой бұны талап жатыр, талап жатыр. Бұл да қабақ шытқан жоқ. Бұл қайта: "Таландар. Түгін қалдырмай түтіп жеңдер",– деп әлгі

өріп кеткен ашқарақ ойлар тұла бойындағы тамырларды жанын шығара солқылдатып сора түскенін қалап тұрғандай.

* * *

Көше жақтан ат тұяғының дүбірі шықты. Иттер бара сала шаужайдан ала кететіндей, шабаландап үре түсті де, жым болды. Сен елең етіп сыртқа құлағыңды тіге қалдың да, терезеге ұмтылдың. Ентелеп мойын созып, сыртқа көз тіктің. Қанша сығаласа да әйнектің аржағынан қараңғы түн кептеліп көзіне тіреле берді. Көшенің арғы бетіндегі үйде әбігер бар ма қалай? Қараңдаған біреулер аяғы жерге тимей әрлі-берлі жосып жүр. Үлкен үйдің көшеге қараған торт терезесі түгел самаладай. Қалбалақтаған әне біреу жүгіріп барып, қақпаны ашты. Екінші біреу атты жетелеп қораға кіргізді.

Сары Шаяның айтқаны рас болды. Сол қайдан біледі? Жермен тілдесетін бірдеңесі бар ма? Көрші үйде болып жатқан мына әбігер, мына қауырт қимыл, жаны қалмай қалбалақтаған мына кісілер, әдетте астаналық азамат келгенде ғана болатын. Иә, мына үйдің жандары дәл осылай есі шығатын. Бірақ... Тоқта... Астаналық азамат елге бұрын осылай келуші ме еді? Бұрын ол келгенде жарығы саулаған машиналар гүжілдеп кеп үлкен үйге тұмсық тірей тоқтап жатушы еді ғой? Қасына ерген қара-құра мол болатын. Сосын күні бұрын құлақтанған халық ол келгенде алдынан жүгіріп шығатыны қайда? Бұл жолы неге ұрланған кісідей алдын кештете үн-түнсіз келді? Бұндағы тума-туыстары да оның жұпыны келісінен жүндері жығылып қорынғандай, бір түрлі бүгежек пе, қалай? Әне, атты қораға тез кіргізіп, қақпаны теп-тез жауып ала қойды.

Жоқ, бұл тегін емес. Бұнда бұлар білмейтін бір гәп бар. Сонда? Тоқта, ол не гәп? Не-е?..

Түкке түсінген жоқсың. Тек әлгі ой аяқ басысыңды ауырлатып, үй ішінде әрлі-берлі кезіп жүргенсің-ді. Кенет көзің қабырғаға ілген суретке түсті де, кілт тоқтағансыңды. Мынау Бәкизаттың Қыздар институтын бітірер алдында түскен суреті: қала сырты; қала сырты болғанда да мынау және қаланың тау жақ беті; қыс; қар; қарға малынған әлде бір жатаған ағаштардың бұтақтары майысып-майысып тұр; сондай бір ағаштың астына басын бұғып еңкейіп кірген Бәкизат бір иығымен терекке сүйеніп тұр; қарашығы ұшқындаған тостағандай қара көз маңынан әлде біреуді іздегендей кейінгі жағына қарап жанары жалт ете бергенде... иә, иә, дәл сол сәтте біреу сырт жағынан білдірмей кеп қыз сүйеніп тұрған теректі қатты шайқап сілкіп-сілкіп қапты. Бұтақ басында жабағыдай ұйысқан көпсік қар үстіне сау-сау төгіліп кеткен; Бәкизат қапияда үстіне сау еткен кардан қымсынудың орнына, қайта соған рахаттанып, аппақ тістерін түгел көрсетіп шаттана күліп жатыр!

Алғаш көргенде сен бұған мән бермегенсің. Мән бермегені былай тұрсын, керек десе, қыздың сырт жағынан кеп теректі сілкіп қалған кім деген ой басыңа да келмепті. Суретке оның өзі түспесе де, ілгері созған қолының сағат байлаған білегі анық түсіпті. Сағатты да, қолды да танып тұр. Қайталап қараған сайын көңіл түбінде айтуға аузы бармай тұрған бір күдігін растаған сияқты. Суретті қабырғадан жұлып алғысы кеп оқтала түсті де, өзін әзер ұстап қалды. Жұмыссыз-әлімсіз осы кезге дейін кешіккен әйелдің қайда жүруі мүмкін екенін жүрегі құрғыр сезуі сезсе де, сен бірақ оны ойламақ түгіл, ойыңа алуға да дәтің жетпеген еді-ау! Әлгінде оқудан келген қызынан сұрағысы кеп еді; кішкентай қыз ыңғай бермеді.

"Сары Шая қайда екен? Ол ғой, бәрін біледі", –деп ойлағанша болмай, ауыл шетінен бір ит шәу етіп еді. Іле-шала қалған ит қосылып, әлдекімді тірілей талап жейтіндей осылай қарай арсылдап келе жатты. Кенет есік шапшаң ашылып, біреу ар жағынан "Кет! Кет, әй" деп аяғына жармасқан иттерді шалғайымен жасқап, алау-далау боп кіріп келді...

– Кісі жейді. Анада меском жиналысында айттым. Құртайық дедім ғой. Бірақ... Әй, сендерді қойшы. Сендер менің қай сөзімді тыңдап едіңдер.

Есіктен зарлай кірген Сары Шая босағаға сылқ отыра кетті. Осы байғұстың бойында ит сүймейтін бірдеңесі бар.

– Қабаған ит ұстағандарды қылмысқа тарту керек дедім... Күлетіні жоқ, РСФСР-дың бір мың тоғыз жүз...

– Оны қайтесіз. Ал, енді... келгенің жақсы болды. Күтіп отыр едім.

Сары Шая саған таңдана қарады. Әншейінде, айтқанын күйіс қайырған түйедей шала-пұла тыңдайтын мына неменің алдында кенет бағы арта қалған себебін түсінді де, жымың етті. "Ә, күтіп отырсың ба? Сен күшік, ағаңның қадірін енді білейін дедің бе?"

– Ал енді... айтқаның рас болды. Көршілер қиқуды салып жатыр.

"Тұра тұр. Қиқудың әкесі әлі алда"

– Шәке... бері жүр! Төрге шық.

"Тоқта, бала, мені әлі төбеңе шығарарсың".

– Ау, Шәке, не қып тұрсың? Бері... бері жүр!

– Ақ жеңешем, қайдасың?– деп, Сары Шая қырсық қылғанда, бері баспай, ары жүрді.

– Мына сұмырай, суға кетіп бара жатқандай... баланы оятарсың.

– Ақ жеңеше... Жеңешеке, маған бірдеңе дедің бе?

– Ой, сиқыр.

– А-а?

Сары Шая қабағын ашпай отырған қара кемпірдің бір тізесін ала жайғасты да, қойнынан кіп-кішкентай жалтырақ қорапша шығарды.

– Мынасы не тағы? Ары кет!

Сары Шая кейінгі жылдары: "Құлағымның мүкісі бар. Есітпейді",– деп жүрді де, әне бір жолы қалаға барғанда осы темірді әкелген-ді. Құлағына аппарат кигелі өнерді үдетті. Әсіресе кісі басы құралғанда құдайы береді. Сыңар құлағының шұқыршағына жіп іліп, қойнынан шығарған кішкентай аппаратты кім сөйлесе, соның аузына тосып отырғаны. Кімге тосса, соның сөзі самбырлап қоя беретіні қызық. Сондайда балаша қуанып, сөйлеген кісіні қаласа қостап, құлшына түсіп, ал, егер, қаламаса қарсы боп, өзеурей түседі. Қызды-қыздымен дедектеп жанына жетіп барады. Бауырына кіре түседі. Сұңқылдап сөйлеп кетеді. Өзі сөйлегенде әлгі аппаратты қаласа қалтасына тыға салады. Қаламаса сөйлесіп тұрған кісімен екеуінің арасында ұстап тұрғаны. Ондайда алақанында жатқан темірдің бар-жоғын ұмытып кетеді. Тек әлдебір жағымсыз сөз жанына батып бара жатса, құлағының шұқыршағындағы жіптің шетін жұлып алады.

– Ел жатып қалғанда түн қатып, түсің қашып, басыңа не күн туып жүр.

– Шаруа бар, ақ жеңеше. Шар-у-а!..

– Тұтақ! Әкім емес, түк емес, бұт пен сан арасында саған тірелген ол не қылған шаруа?

Аппарат сырт етті. Құлағын шаяндай шағып алған кемпір сөзі сөне қалды. Бажбық көзді де тарс жұмып алғанда осынау тас қараңғы дүниеден ол енді түк көрмей, түк есітпей тас құлақ керең бола қалды.

– Балаң мені әкім қойып, мен, немене, ол берген әкімдікті үлгере алмаппын ба?

– Әкімдік сенің не теңің.

– Е, әкім болсам теңелем де.

– Құдай кем жаратқанды әкім қып теңестіреді дегенді сендер ғой шығарып жүрген.

– Ақ жеңеше, үйде отырғасын білмейсің. Қалаға баршы, әкімдікке қолы жеткен әлдебіреулер тұп-тура үйірге түсетін айғырдай азынап, әңкі-тәңкінді шығарып жіберсін. Онан да сен мына күшігіңе біз сияқты қасындағы қарашаларыңа қол ұшын бер, қатарыңа ал деп неге айтпайсың?

– Тұтақ! Сені қасына ерткенде, кім ғып ертеді?

– Үлкенін қайтем, маған дүкеншілікті берсін. Дөңгелетіп жіберем.

– Қалай дөңгелететініңді анада көргенбіз,– деді кәрі ана күліп.

Айтса да сол жолы Сары Шаяның өмір бақи шыр жұқпаған үйі бұл үш ай дүкенші болғанда ішпегенін ішіп, кимегенін киіп күрпіп шыға келді. Сары Шая да сол үш айда қайда барса да, қонатын жерде үйі тазасын, асы дәмдісін, әйелі шырайлысын таңдап әлек шығарсын. Дүкенші келе жатыр деген хабар дүңк етсе, ел іші: "Ойбай, қатын, құс төсек, құс жастығыңды шығар. Бұл соққан қазір жер төсекке жатпайтын бопты",– деп әбігерге түсетін. Дүкенші үйінің байлығын көре алмаған балықшы ауылдың қатындары күндіз қызғаныштан іші күйсе, түнде сол үйдің қалы кілем, болскей кереуеті түсіне кіріп жүргенде... Сонан құрсын, Сары Шаядан не пәтуа шығатын еді, бір күні Сары Шаяның мойнына ақша міністі деп жұрт шу етсін. Сотталатын болғасын үйдегі іліп алар лыпаны сатып, жылтырақтың бәрі жұрт қолында кетсін. Бір пәледен аллалап әзер құтылған Сары Шая іле-шала қайта күйленіп, от басы тағы да сары ала жиһазға толсын. Жұрт Сары Шаяның байлығын айтып, ауыздарының суы құри бастағанда, баяғы баяғы ма, бұл жолы мойнына коп ақша мінсін. Сотталатын болғасын анадағыдай, бұл жолы тағы да дүние-мүлкін салып, үй іші қайтадан үйітіліп шыға келсін. Осыдан кейін Сары Шая күйленіп келе жатыр десе болды: "Сорлы сотталып кетпесе жарар еді",– деп балықшы ауылдың зәресі кетіп отыратын-ды.

Кәрі ана күлкісін әзер басып:

– Қой, жарқыным! Артынан көтен төлеу төлетіп жататын дүкеншілігіңді қоя ғой,– деп қолын сілкіді.

– Онда балаң мескомдықты алып берсін.

– Ол несі тағы? Оның да жейтін бірдеңесі бар ма?

Сары Шая құлағындағы аппаратты сырт еткізіп сөндіре қойды.

– Қой, әрі, неше, сірә, қызмет жерде жатса да,– деді қара кемпір.

– Ау, неге қоям? Сағым екеш сағым да бауырына іліккен бұтаны жер-көкке сыйғызбай қалқитып көтермеуші ме еді. Сенің мына күшігің

басқарма боп тұрып та жаман ағасын жарылқап, халықтың төбесіне бір шығаруға жарамады.

– Ой, сорлы! Сондағы дедігің халықтың төбесінде тайрақтау екен ғой?

– Е, несі бар. Тайрақтаймын. Халық төбесінде тайрақтап жүргендердің менен несі артық? Коп болса, бағы артық шығар. Сүйейтін кісісі артық шығар, ал ақылы артық дей алмассың. Қалайда, бұл заманда жамандардың бағы жанып тұр ғой. Әне, көрмейсің бе... сенің жаманың да бір елдің телісі мен тентегіне текелік қып жүр,– деді Сары Шая шиқ-шиқ күліп. Қара кемпірдің сөздері, жанына батты ма, орнынан тұрарда белінің құяңы ұстағандай киреленңдеп әзер көтерілді. Күйбең-күйбең төрге озды. Көңілсіз. Қабағы түсіп кеткен.

– Айтқанымның бәрі аумай-төкпей келді де қойды. Астанадан ұлық інісі кеп, әне, жаман быдықтың бағы асып шыға келді.

– Оны білдік. Оның осы келісі... соның жөні қалай?

– Бағана моншада айтпадым ба? Ағасына жылы орын керек.

– Жоқ, ол емес... басқа... Сен оны білесің. Білуге тиіссің!

Сары Шая "білмеймін" деген жоқ; қайта білгенін бұлдағандай бәлсініп көзін тас қып жұмып алды. Қазіргі түрі иегіндегі бірді-екілі бозамық қылдың орнында бар-жоғын байқағысы келгендей, әр қайсысын бір шымшылап жатыр. Сен оның көзін ашқанын шыдамсыздана күтіп отырсың. Тақатың тақа таусылған бір тұста саусақтарыңды бір-бірлеп сытырлата бастап едің, соны байқап қалған Сары Шая тас қып жұмып алған көзінің әуелі біреуін ашты.

– Су кешкен оңай ма. Буыныңды суық алған ғой. Жаз шыққасын тұзға түс.

Сен жынданып кете жаздадың. Түсіңнің қатты бұзылғанын көргесін ғана Сары Шая басын көтерді. Қолтығына басқан жастықты қоса көтеріп, оң жағына қарай жамбастай берді де, шынтағына шеге кіргендей шоршып түсіп, қайтадан сол жағына аударылып жатты. Осыған дейін бір ашып, бір жұмып әлек қылған сап-сары көз жанарын түгел көрсетті. Сосын сені өзінен төменірек орынға шақырып:

– Бала, бері кел,– деп астындағы төсеніш көрпенің шетін көрсетті. Былайғы кезде бір айтқанын істете алмайтын інісі еді, енді бүгін Патша Құдайдың өзі қол-аяғын жіпсіз байлап, алдына әкеп жығып бергеніне ішінен тәубе қып насаттана түсті. Насаттанған сайын сәдеттене түсті. Осы Сары Шая кісі басы құралған әне бір жиында: "Өмірімде екі кісіні басқарып көрмесем де, осы ауылды басқарған

балалардың қапталынан қалған жерім жоқ. О да Құдайдың маған берген бағы",– деген-ді. Құдай қылса қайтесің, енді бұ да Сары Шаяға қапталымен бірге пейілін де беріп телміріп аузына қарап отыр.

– Мына жігіт залым боп шықты.– деді Сары Шая.– Көрдің бе, оның бұрынғыдай қасына кісі-қара ерітпей, жалғыз келгенін? Және жұрт көзіне түскісі келмей, түн жамылып келді-ау!

Сен осының сыбыр-жыбырын жаратпаушы едің, қайсыбір лажсыз тыңдағанда да, миына түк кірмей, тек қытырлақ даусы құлақ тырнап, құтылғанша асығатын-ды. Осы жолы мынаның аузынан шыққан сөзге ықылас қойып отырғанын өзі сезбеді.

– Шынында да... осы келісі маған да бір түрлі көрініп тұр. Түсінбеймін.

– Түсінбейтін түгі жоқ. Көптігіне сеніп отыр. Бұл араға әкім-қараны араластырғысы келмегені сол. Көре қал, ертең колхозшылардың жиналысын шақыртады. Бұндағы өздеріне қарағаң көп туысына қол көтертеді. Бұл залым сүйтіп біздің аузымызға көп қолымен құм құймақшы. Ал, кәне... бұларға қарсы өзің не істеп жатырсың?

– Не істегені... қалай?

– Әй, қу бала. Білем, сен де қарап жатқан жоқсың. Олардың ішіне жансызыңды салып қойып, үй іргесінен тамырын басып жатсың,– деді Сары Шая шықылықтап.

– Жан-сыз? Ол не қылған жансыз?

– Хе-хе-е! Қу бала, айтпасаң айтпай-ақ қой. Бұндайда, әрине, сырды сыртқа шашпаған дұрыс.

– Сыр? Ол не қылған сыр?

– Ә, қу бала. Жә, қайтесің. Сен, қалқам, онан да...

– Жоқ, тоқташы...

– Тоқтамаймын. Ойбай-ау, басымдағы бағымнан айрылғалы отырғанда мен неге тоқтаймын. Құдайдың өзі айтқан жоқ па еді. "Ей, пендем, Құдай болғанмен менде де басы артық ештеңе жоқ, тек біріңнен біріңе алмастырып берем де отырам" дегені қайда?

Бұған сөзін өткізе алмағанда осылай бірде Құдай атын жамылып, бірде кодекске жармасатын әдеті.

– Тоқта дейді ғой. Е, неге тоқтаймын. Әне, айналаңа қара. Текешік қылғысы келген қазіргі қазақ баласы бір күн де болса бастық болғысы

кеп әукесін салып жүрген жоқ па.

– Сонда бұл орын қай қазаққа жетеді?

– Ойбай-ау, жетпегесін таласат та.

– Талас аяғы – төбелес...

– Төбелес болса қайтеді?.. Төбелесеміз. Қызыл ала қан боламыз.

– Қой ақсақал...

– Неге қоям? Басымдағы бақты тірі отырып төбелессіз қалай берем. Отырған орныңды осал деме. Билігің жүріп тұрғанда, айналайын інім, сен бүкіл бір ауылдың патшасы екеніңді білесің бе? Жо-қ, сен басыңды шайқама. Қасыңдағы ағайынға шерепетіңді тигізбесең тигізбе. Тек басқармалық орында басың қарайып жүрсе болғаны.

О, қырт!.. Қырт! Осы қыртты сонша неге іздеді? Қашан келгенше жаны қалмай, ширыққанына жол болсын? Ана жылы оқыған бір кітапта өсер елде өнерлі азаматтар шықса, ал өшер елде әкімдер мен осындай алаяқтар көбейеді деген еді-ау! Көрмейсің бе, бұрын бар-жоғы байқалмайтын мына қырт қазір қайда барса да қалбалақтап алдынан шығады. Кеңсеге барса, есіктен сығалап сол тұрады. Үйге келсе, соңынан қыт-қыттап сол жетеді. Жиналыста да жұрттан бұрын сол сөз сұрап, көп ішінде қолы шошаңдап отырғаны. Халық не біліп айтатынын қайдам, осының Судыр-Ахметке шеше жағынан жақындығы бар екен деседі. Арғы аталарында нағашылы-жиенді ілік шатысы болса болар, ал өз басы... осы сұмырай түлкімен туыс десе де сенеді.

– Саған Құдайдың қарасуының кемі жоқ. Иә, қалқам, өзіңе қараған исі Жақайымның кәрі-жасы – сен жат десең жатады, тұр десең тұрады. Тіпті сен өл деші...

Деуін десе де Сары Шая "осы арам артық кеткен жоқ па" дегендей ақ қылшық шекесін қасып, ойланып қалды.

– Ал мен өл десем өлесің бе?

– Астафирилла... Иллаһи Ил Алла...

– Неге шошыдың? Өзің емес пе, жаңа...

– Иә, өзім ғой. Қайтейін айтқаным айтқан. Патша үшін кім басын байламаған. Жаңа осында келердің алдында бізге қараған ағайын, тума, құда-жекжаттың бәрінің үйін жағалап шықтым. Бәріне де: "Қимылдайтын кез келді. Ал дегенде әзір отырыңдар",– деп, мен де халқыңның бас-аяғын қамдап... бір шаруаңды бітіріп кеп отырмын,

шырағым.

– Әй!.. Әй, сен не деп бықсытып тұрсың? Есің дұрыс па?

– Дұрыс болғанда қандай. Тек, қалқам, басташы. Шаңырағын ортасына түсіріп берейін.

– Сонда кімге қарсы бастауым керек?

– Кім болсын – аналар да. Құдайын ұмытып тұрған сол атаңның көрі емес пе? Біз, айналайын, кірмеміз. Жер олардікі. Ел олардікі. Ендігі жерде быдық ағасын басқарма қойып, үстемдікті өздері жүргізбекші.

О, бейшара! Бейшара! Өмір бойы аядай жерде іргесі ажырамай келген азғантай халықты он екі жілікке бөлгенде не мұратына жетпек екен?

– Аңғал інім, енді ұқтың ба? Санаңа бірдеңе жетті ме?

Санаңа не жетіп, не жетпегенін қайдам, қарсы алдында сөйлеген сайын өңешін созып, өжектей түскен осы бір албастыны қақ тұмсықтан қойғың кеп кеткені анық еді!

* * *

Сол түні бұл шеккен азапты Құдай адам басына бермегей. Сары Шая кетіп, жалғыз қалғасын бұл тіпті жерге сыймады. Анасы мен кішкентай қызы үшеуі ұрысқан кісіше үнсіз отырып ішкен астан кейін әрқайсысы өз бөлмесіне кетіп, есігін жауып алған-ды. Абажадай үлкен үй жым-жырт. Уақыт тіпті өтпей қойды. Көз қыры қайта-қайта қабырғадағы сағатқа түседі. Қашан қараса да, қысқа тілі бір орыннан тапжылмай, бір цифрды жастанып жатып алды да қойды. Тірі жан қыбыр етпей, тылсымдай тына қалған үйде жалғыз осы сағат қана тық-тық... тық-тық... Онсыз да не істерін білмей, шыдамы құрып тұрғанда, сағат екеш сағат та бұны қылжақтай ма, таңдайын қаққан тентек баладай тықылдап, жынына тиіп болды.

Үй ішінде көңіл бөлетін басқа ештеңе болмағасын бағанағы бір құшақ газеттің қалған жағын қарап еді; бұнан да ой бөлетін ештеңе таппады. Сосын киімшең бойымен диванға қисая түсті де, әлденеге елеңдеп басын көтеріп алды. Әлдебіреудің ақырын басқан аяғының дыбысы естілген сияқтанып еді; құлағын тігіп тыңдаса аблыға соққан оз жүрегінің дүрсілі екен.

Аяғын ақырын басып анасы жатқан бөлмеге барып еді. Тарс жауып алған есіктің ар жағынан дыбыс нышаны сезілмеді. Әрине, ояу. Бишара, келін түсіргенде қандай қуанып еді; "өлгенім тіріліп, өшкенім жанғандай болды" деп еді-ау! Келінін әлі де жек көрмейді; бұл үйдегі

бүліктің басы – қайын жұрттан; әсіресе, бет-аузы қан жалаған қаншықтай, күнде – қыз атанып жүрген кәрі қақсалдан. От басының тыныштығын ойлаған ана тіс жарып түк айтпаса да, ар жағында аузы буулы талай арман жатыр: әсіресе келінінің екі баладан кейін құрсақ көтермей, қысыр бойын күтіп отырып қалған бедеулігі жанына батпайды дейсің бе? Айналадағы үйлерден қара домалақ балалар тауық балапанындай шүпірлеп сыртқа шығып жатқанда әсіресе қиналатын шығар-ау. "Апырай"– деп ойлайтын шығар-ау сонда. Құшағында күйеуі жатқанда кеудесінде жаны бар әйел жыл сайын жатырын бір жібітіп, құрт-ірімшіктің мәусіміндей үйді үпір-шүпірлетіп қоймас па. Жарық дүниеге келетін нәрестенің өмірін байлаудан асқан ауыр күнә бар ма? Соңыра о дүниеге барғанда жарық көре алмай, ана жатырында жүрімі құрып кеткен әлгі балалар шуылдап алдынан шыққанда не дейді? Жендет ананы шашынан сүйреп апарып дозақ отына тастайтынына кәміл сенгені сонша, бесін намаздан кейін жайнамазын жимай, мінажат дұға үстінде ұйып отырып, құдіреті күшті Құдайдан келінінің пенделік білместігін кешіре гөр деп ұзақ-ұзақ жалбарынатын.

Тумысыңнан арақ пен темекіге зауқың жоқ еді ғой. Сол арада сен шофер баланың бір езуінде бықситын да жүретін ащы махоркаға аңсарың ауып тұрғанын сезгенсің-ді. Кеңсірігің қаңсып бара жатқасын, әдетте қолын апарса уысы толып кететін қоңқақ мұрнын алақанымен уқалап-уқалап жіберді.

Апыр-ай, күзгі түн қандай ұзақ! Қабырғадағы сағатқа қарап еді; кішкентай тілі бағанадағыдан гөрі ілгері жылжыпты. Көзінен ұйқы қашып, сенделіп үй кезіп жүрген мына кісіге таңғалған сағат әлі сол баяғыша таңдайын қағып тық-тық... тық-тық... Әр-берідесін қабырғадағы орнын тастап бұның құлағына көшіп алды. Қоңырауы да құлағының дәл ішінде ұрып жатқандай, миын шаға бастап еді; шиыршық атқан жүйке енді сәл кідірсе де шарт үзілетіндей сезіп, өз үйіне өзі симай сыртқа атып шыға беріп еді; кенет аяқ астына төсеген ескі алашаға көзі түсті де, әлденеге қалшиып тұра қалды. Неге бүйткенін өзі де білген жоқ-ты. Тек еңкейіп қайта қарағанда барып мынау анасы пақырдың шалы бар кезде тірнектеп жиған азғантай дүниеден қалған ескі көз екені есіне түсті. Сыздап тұрған жүрек біз сұғып алғандай шым етті.

...Жасырақ кезде анасы жасыл шұғадан өрнек бастырған текемет болатын. Оны төргі үйге сыйлы қонақ келгенде төсеп, қалған уақытта жинап қоюшы еді; солардың бәрі осы оттың басындағы жандармен бірге тозып, кәрі қақсал кірген-шыққан сайын аяғымен теуіп, шеттетіп ысыра-ысыра ақырында сыртқа шығып қалды. Көрмеде қызықтауға қойғандай, бірінен бірі өткен мына бір импорт кілем, импорт стенка, мақпал жабындыға малынған импорт диван арасында осы күні бұ да өзін өгей баладай сезініп, отырса-тұрса да қысылып болатын. Шынында да, Адай шал тайып жығыла жаздаған мына жалтыраған тақтай еден, мына көз жауын алып жылтылдаған дүние-мүлік үсті-басы балық сасыған бұған мүлде жат, мүлде лайықсыз екенін сезіп тұр.

Өзінің өмірде ғана емес, осы үйде де жалғыздығын қатты сезді. Аңғал-саңғал үйде көңілі құрғыр құсаланып, аңдаусызда бір жерін сәл түртіп қалса да аңырағалы тұрған-ды. Абзалы, аш бол, тоқ бол адам жаны қашанда жетім ғой. Төңірегің толып, кейде осылай қараптан-қарап жалғызсырайтын жетім кезің болады-ау! Әсіресе, сонда қиын.

* * *

Үйге симағасын сыртқа шығып еді; күндізгі қара суық қатая түскен бе, қалай? Желең шыққан бойы тітіркеп кетті. Сен бірақ ішке қайтып кірген жоқсың. Әлденеге Сары Шаяның қылығы қаныңды қайнатып тұр. Бірақ жалғыз сол сұмырай ма? Шынына баққанда оны түн ішінде мұздыаяқ қып безектетіп әкеткен құлқын қай қазақты қай заманда қатынның қойнынан суырып алмап еді? Қай кез, қай заманда түн тыныштығынан айрылған қазақтың басындағы уайым мен қайғы осы елдің тұтас тірлігін ойлауға жетіп еді? Қара жерге қолдан егіп көк шығармаған көшпелі елдің атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келген ежелгі көкейкесті арманы – атқа міну. Бір биліктің басында отыру. Ел көзінде елтең-селтең жүру. Өзі атқа мінбесе де, өзегінен шыққан біреу жаман тұғыр үстінде жарбиып отырса – жары арманына жеткені. Баяғыда Құдай қалаған бір бабасы сойыл ұстаса, қалған қара тобыр топырлап соңына ерген. Сондағы бітіргені не? Күші тасып бара жатса, көршілес отырған аз ағайынның үстіне қиқу ойнатқаны ма? Соған шамасы келген бабасын кейінгі ұрпақ батыр деді. Аруақ тұтты. Жорыққа аттанған жігіттер әлдеқашан сүйегі құрап қалған қабырдың басына түнеп бата тіледі. Құрсақ көтермеген келіншек соңыра ізін қуар үрім-бұтақ сұрады. Ата-баба аруағының шарапаты дәл сол ділгер боп тұрған ұрпақтың көсегесін көгертті ме, жоқ па, бірақ аруағынан айналып кетейін, жарықтық ата-баба өзінен кейінгілерге мінезін аудырмай беріп кеткені ақиқат.

Көңіл құлазып тұр. Сүйек-сүйегінен өтіп бара жатқан суықты жаңа сезді. Көп үй шамын сөндіріп жатып қапты. Мектеп терезелерінен де жылт еткен жарық көрінбеді. Тек көшенің ары бетіндегі үлкен үй асып-төгіліп жатқан қуаныштан түндігі желпілдеп тұр. Түннің бір

уақыты болғанына қарамастан мыналардың қуанышы аяқсыр емес. Сәлем беруші ағайын әлі де ағыл-тегіл. Қора толы кісі. Әлдебіреу әлдебіреуге айқайлап:

– Мен деген... Айттым деген. Асыңды болдыр деген. Ал, сен құрыған деген... Маңдайыңа ыссы май тамсын деген...– деп күйіп-пісіп жатыр. Сары Шая айтқан быдық – осы.

Қар жауар алдындағы қара суық сүйектен өтіп барады. Бұл үйге қарай бұрыла берді де, кенет көшенің арғы бетіндегі үлкен үйге көзі түсті де қалшиып тұра қалды. Ақ жібек перде тұтқан самаладай терезеге біреу жақындады. Кірпігін қағып қап, қайта қарап еді; шашын тоқпақтай ғып желкесіне түйген әйел терезе алдына таман жақындап келе берді. Сұлу мүсінін сырттағылар да қызықтасын дегендей, шам жарығы шұғыласын аямай-ақ төгіп тұрған ақ жібек пердеге көлеңкесін түсіре қырындай тоқтап еді; дәл сол сәтте келіншектің оңашаланып шыққанын аңдып тұрғандай бір сұңғыла еркек сап етті. Келіншек қатарласа берген еркекке еркелей мойын бұрды. Бұл көзін уқалап жіберіп қайта қарады. Қолы қалтырап кетті. Бұл не, түс пе, ең бе? Әлде, мынау да бұның осы күндері басынан кешіп жүрген түсініксіз өмірдің жалғасы ма? Көкірек тола күдік қайдағы бір елеске жан бітіріп, жүрегін тырнап жатыр ма? О да мүмкін ғой?

Қар жауар алдындағы қара суық тұла бойын түгел жайлап алды. Тісі тісіне тимей қалшылдап барады. Маңдайынан шыққан мұп-мұздай терді үйге кіре бергенде байқап, есік алдына сәл бөгелді. Терін сүртер жерде қалтырап кеткен қолын билей алмай, саусақтарының ұшы секіре бастады. "Ауырып тұрған жоқпын ба?" деп ойлады. Құп-қу боп түсі қашып кеткен бұған таңдана қарап тұрған қарт ананы байқамаған-ды.

– Мынау үй у-шу боп кетті ғой, Әзім келген бе?

– Білмеймін. Келсе келген шығар.

– Екеуің бір жылы туып едіңдер...

– Апа, қайтесің. Онан да жатпайсың ба?

Ана назарын тіктеп еді. Қадала қараған кәрі жанар құдды қалтаға түскен суық қолдай, жан дүниесін куыс-қуысын қалдырмай тінткілеп барады. Бұл бойын жинап ала қойды.

Анасы шығып кеткесін де біразға дейін өзіне-өзі келе алмады. Кәрі ана бірдеңе білетін сияқты. Әлгі сумақай бұның көзін ала бере сыбырлап кетпесе не қылсын? Есіктен кірмей жатып "ақ жеңешелеп" аңырап қоя бергенде-ақ, сол кәпірдің ішіне сыймай бара жатқан бір пәле барын білген-ді. Анасына да бірдеңенің шетін шығармады ма?

Ашып айтпаса да, дүдамал бірдеңе тілінің ұшынан жасқаншақтап қайтып еді ғой? Арам неме "жансыз" деп бұның қытығына тию үшін әдейі кекеткен мысқылы ма? Бұның діңкесін құртқан дүдамалдың бәрін ол сұмырай біліп келген болды-ау, шамасы? Ендеше ол білгенді Бәкизат та біледі. Айт-тойға баратындай үлбіреп киінген себебі сенің миыңа жаңа жетті. Мына жағдай көп нәрсенің сырын ашып, ана жолы астанада демалыста болып қайтқалы жоқты сылтауратып, быдықтың үйіне барғыштап кеткен себебіне енді түсінді. Ал, кәрі қақсалдың болса-болмаса да... быдықпен ыдыс-аяғы аралас. Көшеде кездессе бірін-бірі жаңа көргендей ауыздары жабыса қалатын...

Жаңа жел өтінде ұзағырақ тұрып қалған екен; суық алған денеден шым-шым тер шығып, маңдайы, алақаны былжырап кетті. "Ауырып қалмасам, не қылсын?" деп ойлады; тұла бойы дірілдеп, сүйек-сүйегі сынып барады. Бұл өзі бұрын да төсек тартып жатып қалғанша ауырғанын мойындамай, сүлдерін сүйретіп жүре беретін-ді. Және бұның ауырғанын өзінен бұрын басқалар білетін. Бәкизат та қит етсе бұның бойынан күдік шақыратын бірдеңелерді байқағыш; бұған: "неге сол жағыңа қарай бересің?" деп жүрді де, бір жолы "сен осы сырқат емессің бе?"– дегені бар. Бұл онша мән бермей, "сау сияқтымын" дей салған-ды.

Соның артынан екеуі қырдағы түйелі ауылға кетіп бара жатты. Ел-жұртқа моллалығын мойындатқан шофер сол күні біреудің жаназасын шығаратын болып, рөлге бұл өзі отырған-ды. Ақ шаңдақ бұрқыраған жер реңі жылдағыдан да көрі биыл жұтаң көрініп, түйелі ауылға жеткенше жалтақтап сол жағына қарап болған-ды.

Бәкизат:

– Әй, Жәдігер,– деді бұны ақырын түртіп,– неге сол жағыңа қарай бересің? Әлде сол жағыңнан елес беретін бірдеңе тұра ма?

– Жоқ, жай...

– Жоқ, сен сірә, сырқат шығарсың? Атын ұмытып отырмын, сондай бір психический ауру болады дейді. Асылы, дәрігерге көрін.

Бұл Бәкизаттың сөзіне құлақ аспай, күлген де қойған...

Әйелінің күдігі енді бұның өзіне де рас сияқтанып, сырқат болсам сырқат шығармын деп ойлады.

Тоқ-та... Бұл жаңа терезе алдындағы елесті қай жағымен көрді? Оң көзі ме, сол көзі болар? Иә, сол көзі. Ендеше, жаңағы көргені де, бұл ойлағандай өңі де, түсі де емес. Бәкизат айтса айтқандай салқынын салған бір пәле болып жүрмесін.

Басы шағып бара жатқасын маңдайын ұстап еді. Алақанына былжыраған жылымшы бірдеңе тиді. Алақаны ма, әлде маңдайы ма, күйіп тұр. "Ауырып тұрған шығармын" деген ойға көңілі ауды. Аудан орталығына бара қалса, анада курорттан қайтқан Бәкизатты күтетінде құмыра горшокке өсірген гүлді сұрап алатын өзінің таныс дәрігеріне көрінетін боп іштей байлау жасаған еді-ау!

* * *

Бұл осы жігітпен екеуі түйдей құрдас еді; екеуі бір жылда туды; онжылдықты бірге бітірді; институтқа бірге талаптанды; бірақ екеуі де алғашқы экзаменнен құлап ауылға қайтып келді. Сол жылы екеуі әскерге бірге алынды; мерзімін өтеген соң, әскерден екеуі де бір жылда оралды; сонан... иә, сонан былайғы өмірдің талай шырғалаңын бастан бірге кешкен-ді.

Тек кейін бақыт қуған бала жігіттердің өмір жолы екіге айырылып, институт бітіргесін ол – астанада қалып, бұл – "Аралым, менің Аралым" деп ауылға тартып отырды. Ол шырқап өсті. Оның өсетініне бұл күмәнданған емес. Баяғы бала кезде балықшы ауылдың күнге күйген қара сирақтарының ішінде ұзын бойлы ақ сары бала жұрт көзіне бұрын түсетін. Зейінді, алғырлығына сенгесін басқа балалардай сарылып отырмай, сабақты жүрдім-бардым оқитын. Есесіне екі бетінен оты шығып тұратын әдемі ақ сары бала кеп арасын киіп-жарып ән салатын жерде тартынбай – ән салды, домбыра тартатын жерде тартынбай – домбыра тартты. Балықшы ауылда үрдіс болмаған биге де бұйығы балалар бірінің тасасына бірі тығылып баспай қойғанда, ол қара көзі жайнап бірінші боп шыққан-ды.

Сондайда жазатайым кейде даусы жетпей, кейде қолы келмей қалғанда көлденең тұрған қыздар қараптан-қарап қысылып бетін шымшып жатқанда, бұл жасу орнына қайта қара көзі шоқтай жайнап: "дәнеңе қылмайды. Келесіде көкесін танытам",– деп едіреңдеп тұратын; десе дегендей, келесіде әнді де, күйді де, биді де дұрыстап алатын. Он жыл бірге оқығанда осы досының бала боп, сірә, тауы шағылып, ажары қайтып мұқалғанын көрген емес. Тарих пәнінен беретін ағайдан бүкіл бала зәресі қалмай қорқатын. Соғыста оқ тиген оң көзін шынылап алғаннан кейін сабақ сұрағанда шатынап тұратын. Петр патшаны өткенде өзі де Петр патшаға ұқсап, тертедей аяғына қара санын қаптыра ұзын қоныш етік киіп алатын. Ал Наполеон жорықтарын өткенде табан астынан тағы бір күйге түсетін; Франция императоры әдейі Арал балаларын қорқыту үшін тіріліп кеп, онсыз да тарихшы ағайдың шатынаған шыны көзінен зәрелері ұшып, өзді-өзінің партасында жым боп отырған қара сирақтардың қарсы алдында қос қолын кеудесіне айқастырып тастап, қабақ астынан сыздана қарап, қаталданып алатын тарихшы ағайдан екі алып қалғанда да бұл заңғар басқа балалардай ұнжырғасы түсіп, танауын тартқылап көрген жоқ-ты.

Ертең шаруалар көтерілісін өткенде бәрібір бес аламын деп басы қақшақтап тұратын.

Институтқа түсерде бұл осы тұрған Алматыға тәуекелі әзер жеткенде, ол Москваға жалғыз тартты. Бұл бірінші сабақтан құлап, анасы берген азғантай ақшасын қала көрген қу мүйіздердің сырасына сауғызып қайтып келсе, ол жарқылдап ауылда жүр. Ана қалтасы да, мына қалтасы да будақ-будақ ақша. Сол жылы ата-аналар оқуға түсе алмай қайтқан балаларға ренжігенде: "Өзіңдей Әзімге қарашы. Оқуға түспесе де, ақшаны күреп қайтты",– деп ұрысатын.

Ол кездерде Әзім бұнан сыр бүкпейтін. Ішек-сілесі қата күліп отырып ақшаны қалай тапқанын айтып бергенді: сөйтсе, бұ да бірінші сабақтан құлапты. Әкесі берген азғантай ақшаны оны-пұныға жұмсап қойыпты; енді елге қайтайын десе, қалтасында бір тиын қалмапты; "ә" дегенде сасуын сасса да, бірақ зерделі алғыр бала ақыл тауып сүйікті көсемге хат жолдағысы кепті; бірақ ауылда оқыған бала Виссарионға неше "с" жазу керек екенін білмепті, қасындағы балалардан сұрауға арланыпты. Киоскаға барып газет сатып алып, өзін қинаған "с" әрпінің сыласын тауыпты. Көсемге жазған хатқа іле-шала келген жауапта Қазақстанның Москвадағы Тұрақты өкілдігіне баруға кеңес беріпті. Онда барса, алдынан ыңырсып сөйлейтін арық қара шығыпты да, сұраған ақшасын ұстата сапты. Тегін ақшаға қуаныпты. Тек былай шыққасын жаңағы қалақ қараның қабақ шытпай бере салғанына қарап, аз сұрағанына өкініпті. Сол өкініш ойынан кетпей қынжылып келсе... Өзімен бір бөлмеде жататын секпіл бет, сары бала жылап отыр. Бұл "не болды" деп сұраса, ту Қиыр Шығыстың қиян шетінен келген неме емес пе, жаңа киоска алдында қызыл ала журналдың сыртында қылыш асынған қолбасшы қызықтап қарап тұрғанда... "Ақшам... қалтамдағы ақшамды..." деп аржағын айта алмай еңіреп қоя беріпті. Жүрегі зу ете қалған Әзім ақша салған қалтасын ұстай алған еді...

Жаңа бұ да сол киоскаға соққан-ды. Бұ да ауылдағы қатындардың күлдәрі көйлегіндей алабажақ журналды көрген. Журнал сыртында сары ала қылыш асынған қолбасының қошқар тұмсығы мен әр шалғысына уыс толғандай мұртына есі шыға қызығып қараған еді;

Сол күннің ертеңіне ол төсегінен тұра сала кешегі қалақ бет қараға қайта барып: "аға, кеше... Сізден шыққасын киоскадан газет алайын деп тұрсам..."– деп ақшасын ұрлатып алған секпіл бет баладан аудармай кемсеңдей бастаған екен, қалақ қара: "қазақы бала, бала емес",– деп басын шайқапты да, бұл жолы да бір уыс ақшаны ұстата сапты. "Сүйтіп, айналайын, астанадағыларыңды да екі жеп биге шықтым",– деп, Әзім сусылдақ шашын бір сілкіп қап, сақ-сақ күлген-ді.

Қанша десе де, баланың аты бала. Ол кезде бұлар ненің парқын білген. Кейін ойлап қараса, құрдасы сол кезде де ағайын ағарып

алдыма түспесін, қарайып артымда жүрсін депті. Сонда соңына ерген шуылдақ тобырдың аузында да, көзінде де бір өзі жеке тұрарын білген. Халық назарынан шықпай елтең-селтең жүру оның ежелгі арманы еді. Арманына жетті. Аты астана газеттерінен түспейді. Жиналыста сол сөйлейді. Жиында соның аты үлкендердің аузымен аталып, қазақ даласының бас-аяғына дабырайып тарап жатыр.

Халықтың не біліп айтатынын қайдам, рас болса, осы жігіттің басына сөз айналып тұр деседі. Бұлар Амудариядa тұщы суға құлаған балықты қырып ұстап жатқанда, орталықта шығатын ғылыми журналда Әзімді сынапты деп жүр. Аралдың әр жерде ауызға ілігіп жүрген азғантай азаматы ажарлы жүргеніне кім қарсы. Тек оның "Арал теңізінің халық шаруашылығына зияннан басқа пайдасы жоқ" деп, жиналыс болса тепсініп шыға келетініне түсінбейді. "Амудария мен Сырдарияны басқа жаққа бұрып әкету керек. Сонда осы өңірдің өрттей ыстық күні мен аңызақ аптап желі қос жендеттей екі жақтан тиісіп бергенде, Арал теңізінің жиырма жылда түбі көрінеді. Сосын теңіз астынан босаған пәленбай құнарлы жерге түгенбай мақта егеміз, күріш егеміз, ақшаңқан үйлер, сәулетті сарайлар саламыз, скверлер, алаңдар, су атқылаған фонтандар мен жасыл ағаш саясында ғашықтар үздігеді. Ит жетелеген әйелдер серуендейді. Баяғы ата-баба тұрсын, қазіргі ұрпақтың түсіне кірмеген ұжмақ өмір соңыра осы теңіздің түбінен босаған жерде гүл атады. Бүгінгі ұрпақ сол ұжмақты ақиқат көреді, көргенді айтасың, сол ұжмақта тірлік кешеді, соған кепілмін" деп өзеурейтін көрінеді.

Е, құдай, күші тасып бара жатса, қазақ даласы кімге жетпей жатыр. Осынау тусыраған тұл дала ғасырлар бойы жарын тосқан қалыңдықтай, иесін күтіп жатқан жоқ па? Соны игере алмай жатып, бұл Құдайдың оны тартылған теңіздің түбінен босаған жерге көз сатқызып қойғанын қайтерсің. Біле білгенге бұл кәрі теңіз судан шабақ аулап жеген казак баласы үшін көзі тіріде ана бауырынан тартқылап емер екі емшектің бірі емес пе еді?

Жолы түсіп әне бірде астанаға бара қалғанда Арал проблемасы жөнінде болып жатқан үлкен айтыстың үстінен шықты. Аузы-мұрнынан шыққан үлкен залдың арт жағына кеп отыра кетті. Көзі бірден Әзімге түсті. Нар қасқа жігіт приздомда маңқайып отыр екен. Оның оң қолын ала бұл білмейтін дүр қара біреу жайғасыпты. Жыға танымаса да, бірақ көрген бойда мына жуан қара көзіне оттай басылды. Әзімнен көзін алып қайта қарағанда шырамытты. Баяғыда оқу бітіріп келгенде өзін қабылдап отырып, шыбын қуалап кететін Жуан Жақайымға ұқсайтын сияқты. Сол туысы бірдеңеден кандидаттық қорғап, астанаға ауысып кетіпті деп еститін. Рас болса, рас шығар. Әйтеуір, сонан бергі он үш жылда Аралға қанша барғанда көзіне Жуан Жақайым түскен емес. Бұл анада Жуан Жақайым ғылым кандидаты болды дегенге сенер-сенбесін білмеп еді; енді сондағы

жуан қараның астанаға келгесін аруағы көтеріліп, Әзімнің оң жағын ала отыратындай қауқардың қайдан біткеніне сенер сенбесін білмей ақылы дал боп отырғанда, Әзімнің кіріспе сөзін есіте алмай қалып еді; қасында тесірейген түйме көз біреу отыр екен, жұрттың бетінен жоғалтқан бірдеңесін іздегендей, анаған бір, мынаған бір қарап отырған түйме көзден сен Әзімнің жанындағы жуан қара кім деп сұрап едің, ол "Жәкең ғой" деді; деуін десе де, ол бұған "Жәкеңді білмейтін сен өзің кімсің" дегендей тесірейген көзін тебен инедей қадап тұрып алды. Сен шынында да, Әзіммен иықтасып отыруға жараған білдей азаматты білмегеніңе ішіңнен ыңғайсызданып отырдың да, сәлден соң екінші жағындағы ақ сары окымыстыға бұрылдың. Үстіндегі қыжым-қыжым костюм сияқты қыжым-қыжым көйлектің де өңірін ағытып тастаған ақ сары оқымысты орындықтың арқасына шалқалап жатып алыпты. Сенің мойын бұрғаныңды байқаса да, былқ етпеді. "Жуан қара кім?" деген сенің сұрағыңа да жөндеп жауап бермей, бір танауынан мырс етті. Сонан кейін жуан қараны мошқағаны, әлде мақтағаны белгісіз, аузын аспандата шүйіріп, "ол анау-у ғой",– дегені. Сен онан "анау қай анау" деп сұрай алмадың. Екі көршісінен есіткен екі ұдай долбардың екеуіне де түсінбеді. Арал проблемасы жөніндегі пікір бұл жақта да екіге бөлініп, бет ашысып алған екен. Түскі астың уақыты өтіп кетсе де, иін тірескен ығы-жығы халық тырп еткен жоқ; тек керілдескен қызыл шеке ұзаған бір кезде кеңсірігі қаңсып бара жатқан біреулер көп арасынан сытылып шығып, есік алдында тұрып темекісін шегіп болар-болмаста аяғын ұшынан басып өз орнына қайтып жатты.

Түстен кейін ұзын бойлы аққұба жас жігіт сөз алып еді; бірақ қарсы жақ жер тепкілеп, ысқырып сөйлетпеді. Ыза болған жігіт ойының басаяғын жинақтай алмай, қайта-қайта тұтығып қала берді. Жас жігітке жаның ашып, аяп отырып, сен оның сөзін жөндеп ұға да алмағансыңды.

Тек ызалы жігіт әбден ашынған бір тұста қатты ақырып, көп шуылдақтың аузына құм құйды да, сөзін жалғап кетті: Қазақстан мен Орта Азия – халқының маңдайына біткен жалғыз теңіз әне тартылып жатыр деді. Жарым жартылап тартылған теңіз түбінен жыл сайын мың-мың тонналап ұшып жатқан түз қазірдің өзінде Қызылорда облысы мен бүкіл Қара-қалпақ елін тұншықтырып, ауасы мен суын улап, шөбі екеш шөбін көктемей жатып күйдіріп, ал халық сорлы, бұрын-соң адам баласы есітпеген ем қонбайтын бейдауа індетке ұшырап, келешек ұрпақтың тағдырын тұйыққа тіреп қойғаны анау деді. Бүгін ішіп-жегеніне мәз болып, елінің ертеңін ойламайтын осынау дардаңдаған есалаң адамдарға бұл Арал әлі де өзінің ақырғы үкімін айтпай, артына сақтап отыр деді. Соңыра Арал әбден тартылар-ау, тартылған теңіз түбіне төрт жарым миллиард тонна тұз тау боп шөгер-ау. Сонда осынау алды-арты ашық ұлан байтақ далада сахара шөлдің өрттей ыстық аптабы күн-күн, түн-түн аңырап соғып бергенде, келешекте Орта Азия мен Қазақстанда кім аман қаларын бір Құдай

болмаса, басқа ешкім білмейді. Сендер мені сөйлетпей жер тепкілеп, ысқырып жатсыңдар. Әрине, құлаққа жақпайтын сөзді тыңдап керегі қанша. Бірақ, естеріңде болсын, келешекте адам баласының жер бетінде болу-болмауы – табиғаттың болу-болмауына тікелей байланысты",– деп аққұба жігіт сөзін бітіргенде, сен екі езуің екі құлағыңда, орныңнан атып тұрып едің-ау. Басқалардан бұрын қызына қол соғып едің ғой. Ол аз дегендей, шартылдап жөнелген алақанға "айналайын тусаң ту!" деп дауыс қосып қалып еді; сүйтсе, қасындағы түйме көз тіпті есінен шығып кетіпті. Оның тебен инедей тесірейе қалған көзін кеш байқады; "ә" дегенде қысылып қалса да, бірақ іле-шала бұ да бойын билеп алды. "Мына енеңді ұрайын неге тесірейеді, әй?"– деп, оны ішінен мықтап бір боқтаған еді де, тесірейген түйме көзге бұл өзінің алақандай ала көзін мірдің оғындай қадап жалт қарап еді; шамасы, қарсы сөз айтса, үстіне төніп қалған мына ірі қара кісі бас салатындай түрі тым суық екен, түйме көздің жанары жасып, ықтап бара жатып; "Подумаешь, көзін алартады еще",– деп міңгірледі.

Аққұба жігіт мінбеден түсіп, арт жақтағы өз орнына барып отырды. Сен: "Айналайын інім, алдыңнан ақ күн тусын",– дедің ішіңнен. Тіл-көзден аман болсаң, осы қазақтың маңдайындағы дыңдай азаматы болғалы түр екенсің. Ана жақта суы тартылған теңіз бен шаруасы күйзелген халықтың сөзін сөйлейтін жер бетінде сендей де жан бар екен ғой. Оған да шүкір!"

Ақ құба жігіттен кейін сен кәдімгідей көңілденіп, жан-жағыңа сергек көз тастап едің-ау. Назарың Әзіммен иық тіресе отырған жуан қараға түскенде "апырай, ә?" деп ақылың дал боп ойланып қалдың. Жаңа бұны "анау" деді. Анау болғанда сонда бұл қай анау?! Асылы, бұл Жуан Жақайым болмас. Жуан Жақайым анада қапырық кабинетте азғантай отырғанның өзінде қол-аяғына не бола алмай, шыбын қуалап кетпеді ме? Ал, мынау... Ой, заңғар-ай, ертеден қара кешке қызыл шеке боп жатқан айтыста қу тақтайда құйрығы ойылғанша отырғанда, қыбыр етпеді. Тек қарсы жақтан біреу сөз алып Әзімді сынаса құты қашып кетеді екен. Бастықтан гөрі сын оған қаттырақ батып, өзін қоярға жер таппай қалады.

Ал, Әзім... Залым ғой, өзін жақсы ұстады.

Үлкен орында жүріп әбден ысылып алған. Жұрт алдында қимыл, қозғалысының бәрі өлшеулі. Сөзі санаулы. Бас изесіне дейін басқа жұрттан бөлек. Қарсыластар жағы сөйлесе де, жақтастар жағы сөйлесе де бет өңінен бір нәрсе аңғарып болмайды. Ренішін де, ырзалығын да ішінде сақтап, қоңыр көздің жанарын залдағы кісілердің үстінен асыра, әлдебір жаққа, алысқа тастап, құрықтай мойны құрағытып қыбыр етпей отыр. Ол тек шекесі қызып алған кісілер ешкімді тыңдамай, шектен шығып дуылдап бара жатқан кезде ғана шылдыратып қоңырау қағады. Қалған уақытта өзінің әлгі бір сыртқа сыр шашпайтын

сабырлы, маңғаз қалпына ауысып, көзін тура алдына тігеді екен де, қыбырсыз қатып алады екен. Сол күнгі қызыл шеке айтыста сенің тағы бір аңғарғаның: тіл-жағына сүйенген шешендердің Әзімге қай сөзі жағып, қай сөзі жақпағанын сен көбіне-көп оның жанындағы ана жуан қараның ыңғайына қарап аңғарғансың-ды. Әзімдей емес, жуан қараның қуанышы мен реніші атанақтап сыртына шауып тұрады екен. Шешендердің аузынан Әзімге жағатын сөз шықса, басқадан бұрын ала-бөле жуан қараның жолы болып алақайлаған баладай, алақанын аямай соқса, ал қарсыластар сөйлегенде қабағы түсіп, қалың беті қабарып, желіндеп ала қояды. Ондайда жұрт жанын сала дуылдатып қол соғып жатса да, жуан қараның ботқа беті бүлк етпей алақанын алақанына әзер-әзер тигізіп ишаратын ғана істейді. Сен енді жуан қараның ыңғайына қарап отырып, бұндағы кісілердің қайсысы Әзімге жақтас, қайсысы қарсылас екенін қателеспей айыра бастағансың-ды.

Сен де өзіңше жаман-жұман бастықсың. Ауылда саған да жағынатын жалпылдақтар жетеді. Бірақ, несін айтасың, айналайын, үлкен жер үлкен турайды ғой. Мыналардың қай мінезі де түйелі адамдай көш жерден көзге түсіп тұрады екен. Аққұба жігіттен кейін сен жиналыстың аяғына қарамай ертерек кетіп қалғансың-ды. Есік алдында қырма сақал біреу темекі шегіп тұр екен. Іштегі қызу қанды кісілерден гөрі мынаның жүзі жылы көрінгесін, қатарласа бере онан Әзімнің қасындағы жуан қараны сұрап еді; "институт директорының ғылыми жағын басқаратын орынбасары ғой",– деді; "аты қалай?"– деп сұрап еді; Жәкең ғой,– деді. Мынаның берген жауабынан миына бәрібір ештеңе кірмегесін: "Өзі қай жақтың кісісі?"– деп сұрап еді; "Әз ағаңның жерлесі. Аралдан",– деді. Бұл күліп жіберді. Бетіне таңдана қарағаниман жүзді кісіге бұл ләм деместен сыртқа ата жөнелген еді; көшеге шыға сала жынды адамша ішек-сілесі қата күліп келеді, күліп келеді, күліп келеді. Оңнан да, солдан да кездескен кісілер: "есі дұрыс па?" деп тосырқап таңдана қарап тұрды да, түкке түсінбей өтіп кетеді. Олардың ешқайсысы сенің қаперіңе кірген жоқ, көшені басына көтере күлді-күлді де, аяқ астынан кілт тиылды. "Апыр-ай,– деді ішінен,– ғылымы құрғырдың да құны арзандап кеткен екен ғой".

Елге қайтып келе жатып та жуан қара есіне түскен сайын Әзімге қалай жол тапты екен деп ойлады. Жерлестігін бұлдамаса, баяғыда көргенде шыбын қуалап кететін Жуан Жақайымда ғылым басқара қоятындай қабілет шамалы сияқты еді ғой. Әлде жүн тыққан қаптай жуан дененің бір қалтарысында бұл білмейтін асылдың сынығы жатыр ма?

* * *

Таң таяу еді; түн күзеткен бұл әлі көз шырымын алған жоқ; тықылдап миын шаға бергесін қабырғадағы сағатты тоқтатып тастаған-ды. Көшенің қарсы бетіндегі дырду да бұл кезде басылған; үй

де, түз де жым-жырт. Бәкизаттың келмесіне көзі әбден жетті; оны енді күткен жоқсың; ойлаған да жоқсың; жоқ, ойламауға тырыстың; ертеден бері ішіңді өртеген реніш пен ыза қазір қызғанышқа айналып, көкірек түбінде қорғасындай ауыр салмақпен шөгіп алған-ды.

Бір орында тағат тауып отыра алмай, абажадай үлкен үйді ерсі-қарсы кезіп жүрді де, кенет әлдебір ой көкірегін шарпып қалшиып тұрып қалды. Осы жігіт келген сайын бұл неге берекеті кетіп, ішінен азып, абыржып болады? Бәсе, соңысы не? Бәкизатты қызғана ма? Әлде... Әлде осы жігіттің басындағы бағын көре алмай ма? Әй, қайдам... Астана аспанында жарқыраған жарық жұлдызға табынбаса табынбаған шығар, тек оның басындағы бағын көре алмаған жері жоқ еді ғой. Қазір тұрсын, бұл тіпті баяғы бала кезде де өзінен Әзімнің артық екенін мойындамап па еді?

Әзімнің ақылы артық еді; енді бағы артты; ол кезде бұл екеуі арасынан қыл өтпейтін дос еді; ақыл тоқтатпаған алаңғасар немелер бұл дүниеде асыр салған ойыннан да басқа қызғаныш деген қызыл ит болатынын қайдан білсін. Қызыл итті де, онан да басқа талай иттікті бұлар білсе соңыра талай жылды артқа салғасын білер. Ал, ол кезде құрдасы барған жерін пысымен басып, ұршықтай үйіре бастағанда, бұл ылғи көз түспейтін елеусіз шетте қала беретін. Бұл, сірә, ол кезде оның алдына түскісі келді ме? Ондай ой, сірә, басына келді ме? Ұзын бойлы, ақсары жігіт екі иығын жұлып жеп тұрғанда екеуінің таңдауына түскен не бір асыл мен жақсыға ішінен ынтығып тұрса да, бұл, сірә, таласпақ түгіл дәметететін бе еді? Бәкизатқа да дәмеленді ме? Ақ сары әдемі жігіт бір шекесіне қарай жығыла беретін сусылдақ шашын оқтын-оқтын артына сілкіп қап, қара көзі ұшқындап тұрғанда Бәкизат түгіл, бұл, сірә, осы өңірдегі беті жылтыраған бір қыздан дәме қылатын ба еді?

Әскерге бірге алынып, елге бір мезгілде оралған екі дос сол жылы институтқа да бірге түсетін боп уәделескен. Институтқа түсер алдындағы уақытты бірге өткізіп жүрген-ді. Бір күні... Сол өзі түс кезі ме еді? Жоқ, екеуі түс ауа бергенде теңізге барған екен-ау. Жағада тірі жан жоқ екен. Екі дос бұтында тыртиған бір-бір трусиден басқа киімді сыпырып тастап, жиекте күнге қыздырынып отырғанда да Әзімнің алдына шығу бұның ойында жоқ еді ғой! Иә, ойында жоқ еді. Сол кезде де Әзім адам басына келмеген төтен бірдеңе тауып алатын да, бұны ықтияр еркіне қаратпай, лақтырып соңына ертіп әкетіп бара жататын. Сол кездің өзінде адамды әй-шайға қаратпай, лақтырып үйіріп тұратын бір пәлесі бар-тұғын. Мүмкін, ол сол баяғысынан әлі де өзгермеген шығар? Өзгерген өзің боларсың?

* * *

Ой, дариға-ай!.. Өткен күнде белгі жоқ. Қазір ол күндер көрген түстей көзден бір-бір ұшты да кетті. Шіркін, ол кездегі өмірдің несін

айтасың! Онда жарықтық кәрі теңіздің бағы басында. Күрпіген қос дарияны қатар емген телегей теңіз қыста да, жазда да кенерінен асып, ісініп, ыңыранып жатқаны.

Шіркін-ай, ол кезде бұл өңірдің кісілері қандай еді! Күнге күйіп, жел қаққан, өңшең сіңір қара кісілер оқта-текте соғып тұратын лай балыққа аулары майланғанда өлгенін білмей рухтанып кететін еді-ау! Қанаты сатырлап ақ шағалалар да көк теңізде қиғылық ұрып жатқаны. Ақ пен қызыл арасында беттақтаймен бірдей боп балыққа толған қара қайықтар біріне-бірі құйрықтасып келіп жататын!

Сонан бері... Иә, сонан бері, міне, жиырма жыл. Жиырма жылда ел өзгерді. Жер өзгерді. Ауа бұзылды. Осы елдің ішетін суы уға айналды. Теңіз тартылды. Теңізге құятын екі ұлы өзеннен қайсы жылдары сыңар тамшы да тамбай қояды. Суы шағын Сырдария түгіл, ағыны қатты Амудариняны айтсаңшы. Баяғы Македонский заманында Жойқын атанған, өзі де жойқын десе жойқын дарияның толқыны ақ езуленіп, екі жағасына бұрқырап ұрып жататын қатты ағысына қайық салса шапқан аттай ала қашатын ағыл-тегіл суын кеше жарық дүниенің жарым-жартысын билеп тұрған құдіретті ұлы елдің басшылары кері ағызып, Қарақұмға – қара құрдымға бұрып әкетті. Бас аяғы жиырма жылда теңіз жары ортасынан төмен түсіп, суы ашыды. Азған теңіздің азғантай балығы кең далада құрық көрмей тағыланып кеткен түз қашағанындай. Қашаған балықты қуып аулаған бұл елдің ер-азаматы ебіл-себіл. Қыс демей, жаз демей теңіз кезіп тентіреп жүргені әне!

Бұл өңір жиырма жылдан кейін осылай болып жатыр. Ал ертең ше? Ертең тағы да жиырма, елу жыл өткесін теңіз әбден тартылар-ау. Аққұба жігіт анада айтса айтқандай, тартылған теңіздің түбіне түз айналып, Арал өңірінің аңызақ аптабы күн-күн, түн-түн азынап соғып бергенде не болады? Арал тұзы қазір Қарақалпақ пен Қызылорданы тұншықтырып жатыр. Сол тұз ертең... Ертеңгі күні Қарақалпаққа көршілес жатқан елді тұншықтырмасына кім кепіл?

Жасаған Ие-ау, сонда осы елдің әлгі кір сақал жаман шалдарының "Ақырзаман боларда су тартылар, қарап тұрған жігітке қыз артылар" деген сандырағы рас болғаны ма? Солар айта беретін сол ақырзаманның басы осы болмаса не қылсын? Апыр-ай, бұрынғы қазақ соны не біліп айтты? Құр сандырақ емес, аржағында қандайда бір ақиқат шындыққа көзі кәміл жеткен сенім жатпаса қайтсін? Бәлкім, өзінен кейін дүниеге келетін соңырағы ұрпақтың құлқы мен пиғылын болжаған ата-бабаның көреген біреуі түптің түбінде бұл дүниені апатқа ұшыратар катер қайдан келетінін көкірегі сезді ме? Ендеше, осы ауылдың кір сақал жаман шалдары жер бетіндегі тірлікті ұстап тұрған құдірет – ауа мен су екенін де білген болды-ау?! Өзінен кейінгі ұрпаққа осы екеуін көздің қарашығындай сақта деген ескертпесі ме?

Солай ма? Ал, соны сақтай алдық па? Ауаны да, суды да құртпады ма?

Ірі қара кісі еңсесін тіктеді. Өзінен қол созымдай жерге келіп қонған жұдырықтай сұр торғайға назар аударған жоқ. Соңында жатқан шұбалаң ізден көзін ала бере, кеудесін кере күрсінді. "Аруағыңнан айналайын, қайран ата-баба,– деді ішінен,– мал соңында қоңын күн тесіп жүріп көп нәрсені көкірегің сезіпті-ау. Келер ұрпақтың құлқы мен ындыны күндердің күнінде дүниені апатқа ұшыратпай тынбасын да білген болдың-ау, сірә?"

* * *

Бүгін күні бойы алды-артында ығы жоқ ақ қар, көк мұзда екі аяғынан сарсылып тұрған ұзын қара кісі қасына кеп қонған кішкентай сұр торғайды әлі байқаған жоқ; торғай түнде жауған қардан кейін де қабағын ашпай тұнжырап тұрған түсі суық дүниеде жалғызсырап, бұны қара көріп келген-ді. Тарының түйіріндей көзін бұған қайта-қайта тастады да, бауырын қарға басып тып-тыныш бола қалды.

Ұзын қара кісі артына бұрылып, бүгін ертеңгісін осында келерде атын тұсап қалдырған жағаға назар салып еді; бұлтты аспан астында мұнартқан осынау бұлыңғыр дүниеден жалғыз Бел-Аран бойын асырып тұр екен. Бел-Аранға көзі түскенде көңіліне кенет баяғыдағы бір елес оралып жүрегі құрғыр қатты шаншып кеткені: ол Әзім екеуінің әскерден оралған кез-тұғын. Екі дос күнде-күнде Бел-Аранммң сол анау теңізге қарап жарланып тұрған тұмсығының дәл астына баратын да, суға түсетін. Сол күні де екеуі аппақ ақ қайраңда аяғын суға созып қатар отырған еді-ау. Қазір түгіл ол кезде де Аралдың жынды желінде мәлім жоқ-ты. Әсіресе сол күні жынды жел бабын таптырмай, қырық құбылып тұрған. Бірде пышақ кескендей сап боп тыйыла қалса, іле-шала қайта көтеріледі. Жел көтерілсе, теңізде көк толқынды көкке атып әупіре бастайды. Есірік желге толқындар еліріп, бірін-бірі қуалап, ойнақтап кеп қыл жиекте егіз қозыдай қатар отырған екі достың алдында бас игендей жалп-жалп жығылады. Қайсы бір өлермені жер бауырлап созылып кеп бұлардың жалаң аяғын дәл табаны астынан сүйіп ап қайта шегінеді.

Құрбы жігіттер суға бірден түсе қоймай ананы бір, мынаны бір әңгімелеп отырып, өздері бұрын-соңды көрмеген бейтаныс қыздың қастарына келіп қалғанын кеш байқаған еді; онда да қыздың өзін көрген жоқ; жағалаудың аппақ ақ қиыршық құмы іш толқынымен алысып келе жатқан әлдебіреудің аяқ алысынан хабар беріп сықыр-сықыр етті. Соған екеуі бірдей елең етіп жалт қарады да, көзін ала алмай қатты да қалды. "О тоба!.. Тоба!" Бұнан гөрі Әзім есін бұрынырақ жиды. Бірақ оның да түсі құп-қу. "Тоба!" "Тоба!" Тілін кәлимаға келтіргендей, тағы да бірдеңелерді күбірледі. Сонан басқа сөзге оның да шамасы келмей, тіл-жағы байланып қыбырсыз қатып қапты. Тіл

қатуға шамасы келмегесін қасында отырған бұның қолын сыртынан тас қып ұстап, үнсіз қыса берген еді-ау!

Қыз бұлардың халін байқады ма, жоқ па, белгісіз; байқаса да жоп-жорта түк білмегенсіген сыпайылық па, бұларға деңгейлесе бере миығынан бір күлді де, көз салмастан өте берді.

– О, тоба! То-ба!

– Аа?

– Ештеңе емес. Ал енді, ға-жап!

– Аа?

– Ға-жап!.. Ой, ғажап!..

– Иә, ғажап! Өзі су перісі емес пе?

– Су перісі дедің бе, әй? Шынында да өзі көктен түсті ме, жерден шықты ма?

– Білмедім...

– Біздің ауылда бұндай қыз жоқ еді ғой? Мүмкін, сен...

– Жо-қ... Мен қайдан...

– Иә, сен қайдан білейін деп едің. Асылы, бауырым, бұл қызды білмей-ақ қой.

– Жарайды...

Бір бүйірден қадалған сұғанақ көздердің сұғы өтті ме, бейтаныс қыз жаңа бұлардың жанынан өте бергенде әнтек қысылып, аяғын абыржи алғанда сусылдақ топырақ борап кеткен-ді. Аяқ астынан ұшқан бір түйір топырақ ық жақта аузы ашылып отырған бұның көзіне түсті.

– Өзіңе де сол керек. Сонша сұқтанып нең бар еді? – деді Әзім күліп.

Бейтаныс қыз ұзамай, анадай жерге барды да, бұларға сырт айнала бере шешіне бастады. Құрбы жігіттердің қырағы көзі байқап отыр: мынау кім де болса қала тәрбиесін көрген. Бұнда келгеніне біраз болған сияқты. Аралдың өрттей ыстық күні мен аптап желі аялаған жас дене құдды балқыған мыс буына тотыққандай. Қос самайлығы бұйраланған қалың шаш иығының басына түсіп кішкене қозғалса да желк-желк етеді.

– Әй, жүр... Танысайық!

– Не-е?

– Жүр, танысайық!

– Қа-лай?

– Қалайы сол, барамыз да танысамыз...

– Жо-жоқ, өзің бар.

– Өзің бар дейсің бе, әй?

Бүйдеп өзіне, әлде бұған айтқаны белгісіз; қалайда әйтеуір оның да осы қазір өзін қинаған екі ұдай ойдың қайсысына тоқтарын білмей, іштей толқып тұрғаны байқалады.

Қыз бұларға назар аудармады; ақыл-есі ауысқан кісідей аңтарылып қалған екі ашық ауыз бұл дүниеде бар ма, жоқ па, оған бәрібір сияқты; шашын артына қарай бір сілкіп тастап, теңізге бет ала берген-ді. Әдейі осы сәтті тосқандай, қыр жақтан колхоз клубының маңдайшасындағы сырыққа ілген радио қытырлады; іле-шала бір жас дауыс сызылтып ән шырқады; мынау ән болса да заты биге келетін бұралған әсем саз екен. Әзім орнынан атып тұрды. Оның неге бүйткенін білмесең де, сол арада сенің әлденеге жүрегің дүрсілдеп қоя берген еді-ау!

– Ал, бала... Құдайға сиына бер. Мен кеттім.

Сен Құдайға сиындың ба, жоқ па, қазір есіңде жоқ; есіңде қалғаны: теңізге беттеген қыз суға башайының ұшы тиер-тиместе кілт тоқтады да, маңдайы аумай тұп-тура өзіне қарай келе жатқан жігітке бұрылып қарады. Мына жігіттің он екі мүшесі әлдебір шебер қол ерінбей-жалықпай бас-басына бір-бірлеп қашап істегендей мінсіз екен. Қыз бас-аяғына асықпай көз жүгіртті де, бағанағы мысқыл күлкіні бетіне қайта шаптырып, теңіз суына қымсынбай кіре берді. Өмір бақи есірік желмен ерегісіп келе жатқан теңіз осы кезде күш шақырғандай қайта ыңыранып, қара көк толқын ереуілдеп иық көтере бастаған-ды. Аспан ала бұлт. Сонау алыста бірде қосылып, бірде аралары ыдырай сала ыққа қарай жөңкіліп бара жатқан аудаң-аудаң ақ бұлттар бауырындағы көлеңкесін өзінен аудырмай төмендегі теңізге түсіріп, теңбіл-теңбіл көлеңке жал-жал толқындармен тербеліп шайқалып кетеді. Сен аспанды да, аспандағы бұлтты да көрген жоқсың. Алакөз алақтап біресе қызға қарады. Біресе досына қарады. Қайсысына қараса да алақ-жұлақ көзде бір үрей, бір үміт кезек алмасып, жанары ешкімге тоқтамады. Әлі де болса сенбей тұр. Әлі де болса, мынау досының бұның алдында кейде өстіп ерсініп едіреңдеп-едіреңдеп барып басылатын әдеттегі қыры сияқтанып еді. Жоқ!.. Жоқ, әй!.. Мынаған, сірә, дауа болмас!

Сен де орныңнан атып тұрдың. Қатты толқығанда бір орында құйрық басып отыра алмай, тұрып кететін әдеті. Досын жаңа көргендей, оған қызыға қарап тұрды да, басын шайқады.

Қыз қайырылған жоқ; түбіне дейін көрініп жатқан мөп-мөлдір суға кеуделеп сүңгитіндей қолын ілгері созды; дәл осы кезде төбеден ауып бара жатқан ақ шарбы бұлттың тасасынан күн шықты; шақырайған өткір сәуле көзін қарыды ма, қыз басын бауырына тартты; алақанымен су іліп алып, денесін шылады; бұнысы суға бойын үйреткені ме деп қалып еді; сүйтсе, жоқ... бұл кесір қыздың соңында су кешіп келе жатқан жігіттің назарын аударғысы кеп әдейі істеген әдемі қылығы екен; Әзім жете бергенде қыз құлаш ұрып жүзе жөнелді.

Шіркін, сол күнгі теңіз жағасы-ай! Аспан да көк; теңіз де көк; екі арадағы ніл шайғандай көгілдір ауа тіпті көзге ілінбей күлің-күлің етеді; құлаш ұрған қыз қолы көгілдір ауада шұғыл, шалт сермеген құс қанатындай лып-лып; құлаш сермеген сайын кеудеден жоғары жағы судан суырылып шығып-шығып кетеді;

Қыз әлі артына бұрылған жоқ; теңіз өкіріп жатыр; қарсы алдынан кеуде қаққан толқынға да қарамай қиқарланып алған өжет қыздың су ішіндегі әрбір қимылы, әсіресе құлаш ұрып бара жатып оқтын-оқтын күн сәулесіне кеудесін жарқ еткізе шалқасына аунап түскеніне дейін ана жақта шырқап жатқан ән сазына бойы балқып бара жатқандай.

Артынан Әзім де жетті.

– Ой, жі-гіт!.. Ой, жаса!..

Осы бір ырзалық сөз аузынан қалай шығып кеткенін байқаған жоқ. Қызбен қатарласа сала құлаш ұра жөнелген досыңа қызыға қарағансың; бірақ қызғанған жоқ-ты. Ал енді, қыз... айтары жоқ, ғажап! Жігіттің де кемі жоқ! Бағана бір көргеннен-ақ екеуін Құдай әдейі бір-біріне армап жаратқан екен деп қалған-ды. Енді қазір сыртынан көз салып тұрып казинесі кең Құдайдың бұл екеуін бір-біріне есебін тауып қалай кездестіргеніне таңданып тұрған едің-ау! Қыздың қасында кетіп бара жатқан Әзім емес, бұның өзі сияқты мәз. Қызды қиялдады. Бұл жалғанда өмір бақи жүрегі дауаламайтын батылдыққа бел буған жолдасының жаңа ерлігіне сүйсінді. Тек, аржағында титтей қызғаныш жоқ. Аржағында, тек... Әттең мен де Әзімдей болсам деген арман бар! Әзімдей әдемі болса; алғыр болса; жүрегінің түгі бар батыр болса ғой! Сонда бұ да Әзім сияқты балықшы ауылдың балаларын ұршықтай үйіріп жүрер еді! Балаларды бастап теңізге барар еді. Суда шағаладай шулап жүрген балаларға өзі бас болып жағаға жүгіріп шығып ыстық құмға бауырын басып жата-жата қалғанда... Жоқ, ол суға әлі де түсе қоймаған болса... Әлгіндегі Әзім екеуі сияқты бұлар да жағада әр нәрсені бір әңгімелеп отырғанда... Иә, дәл сол кезде бұрын-соң көрмеген бір бейтаныс қыз... Иә!.. иә, көктен түскені, әлде жерден

шыққаны белгісіз бір сондай ғажап сұлу қыз бұлардың қасынан өте бергенде, жел ұшырған бір түйір топырақ бұның көзіне түссе... Қыз соны көріп қалып, кілт тоқтай қалып "не болды?" десе... Бұл түк те болмағандай "дәнеңе емес" десе; бұл сүйдесе де, бірақ қыз кетпей, қасында тұрып алса... Сосын бұның құм түскен көзіне еңкейе бергенде қыздың ыстық демі бетіне тиіп, бұл ду ете қалса... Жоқ!.. Жоқ, Әзім қызармаушы еді ғой. Және ешкімнен қысылмайтын. Ендеше, бұ да қысылмауы керек. Қайта, қызға: "Жүр, суға түсейік!" деп сүйрелей жөнелсе... Сосын бұлар да ана екеуі құсап өкірген теңізде, өжектеген толқынның қарсы алдынан кеуде қаққан қарсылығын да бұйым көрмей, қатарласып құлаш ұрып жүзіп бара жатса... Бұлар тіпті теңіздің арғы бетіне шығып, жағада күнге қыздырынып жатып алса... Сонан, тек ел жата... Жоқ, бұл тым кеш... Күн ұясына қонғанда екеуі қайтып келсе, о, масқара! Ауыл у-шу. Бұларды іздеуге шыққан кісілер қайықты суға салып, ескекке жаңа отыра берген абыр-жабырда...

Бұл кілт тоқтады. Елеңдеп құлағын ілгері тікті. Көк теңіздің әлдебір жерінде қиғылық ұрып шаңқылдап жатқан шағалалар құдды бұларды іздеуге шыққан әлгі кісілердің бір-біріне дауыстап, шаң-шұңдаған әбігері сияқтанды. Анықтап айналаға көз салып еді; теңіз өңірінің әлгі бір көңіл ашар ескек желі бағанағыдан гөрі сәл көтерілген бе, әйтеуір, сыпыра жағалауды жиектеп ескен көк құрақ судырлап сөйлеп тұр екен.

Бала құрақ болғасын өздері албырт, елгезек. Теңіз беттен ескен болмашы лепке де үпір-шүпір боп бәрі бірдей қуана бас шұлғып, құнжыңдап жатыр. Ескек желден кішкене пәрмен болса, көре қал, мыналар су шайған жұлығын қыл жиектің қайраңынан дереу суырып алып, қазір-ақ жас балаша желмен бірге жарысып құлдырай жөнелетіндей. Сонан кейін де ойынға тоймайтын өздерінің ойнақылығына басып, құлдырап шапқылап бара жатып жел астында бір-біріне бас иіп сыбдыр-сыбдыр, судыр-судыр сыбырласа ма, қалай? Құлағын тігіп еді, сусылдақ немелер бұған күле ме қалай? "Мынау бұнда не қып тұр дей ме? Өзінің есі дұрыс па? Ана Әзімге ұқсап құрбысымен неге ойнап күлмейді?" деп мына судырлақтар аузы-аузына жұқпай сумаңдай ма, қалай?

Сол арада ғана санаңа бірдеңе жеткен еді; құр қиялға әуейіленген өз қылығыңнан өзің ұялғандай, бетіңдегі берекесіз күлкіні дереу жиып алып, жан-жағыңа қарап едің-ау. Сүйтсе, әлгінде өздері шешінген жерге қайтып кепті; Әзім киініп апты; ал, қыз бір шаршы қызыл орамал қолында желбіреп, анадай жерде ауылға бет түзеп кетіп барады екен.

– Ой, сен қайда жүрсің?– деді Әзім.

– Мен... Мен бе?... Осы арада... Өзің ше?

– Өзім қатырып танысып алдым.

– Қойшы?..

– Қоятыны жоқ. Әкесі бухгалтер екен. Бұрын қалада істепті. Сені мен біз әскерде жүргенде, осында жұмысқа ауысқан көрінеді. Қыз биыл он жылдықты бітіріпті. Алматыға оқуға бірге баратын болып келістік.

Құрдасыңның батылдығына әрі таң қалып, әрі ырза болғаның сонша, сол арада аспанға қарап әуелете бір ысқырып жібергенсің-ді.

– Әй, сен неге мәз болдың?

– Мен бе? Жәй...

– Жүр, қуып жетейік. Таныстырайын.

– Жо-жоқ... кейін...

– Аты Бәкизат екен.

Қыз атын ұмытып қалатындай, ішіңнен қайталағанда тіліңнің ұшы құдды шоққа тигендей өртеніп кете жаздаған еді ғой. Сүйткен Бәкизат...

Апырай, тағдыры құрғыр да қызық-ау!..

* * *

Сол жылы бұлар астанаға бірге барды. Абырой болғанда, үшеуі де оқуға түсті. Үшеуі үш институтқа түссе де, бірақ бір-бірімен жиі кездесіп жүрді. Әсіресе, Әзім мен Бәкизат күнде кездеседі. Жастар кешіне, киноға, театрға барады. Анда-санда бұны да қасына алып, үшеуі жұбын жазбай бірге қыдыратын. Оқуға түскен жылы бұған да Бәкизатпен жиі-жиі кездесіп тұратын бір сылтау табылды: қалалық комсомол комитеті шақырып жатыр дегесін бұл жүгіріп барса, бір топ бейтаныс студент арасында Бәкизат та отыр екен. Бұны көргенде қуанып кетті. Атып тұрып, жұрт көзінше бұны құшақтай алды...

Бұларды қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы қабылдады. Бастық деген аты болмаса, бұда бұлардың аз-ақ алдындағы бала жігіт екен. Сонысынан өзі қысылатын сияқты. Қабылдау кезінде өзін ересек көрсетуге тырысып-ақ бақты, сөйлеп тұрып өз өзінен қайта-қайта қодиланып, иығын қомдап-қомдап қояды. Соны байқап қалған Бәкизат төмен қарап күле жаздап, өзін әрең ұстап отырды.

Өзін қала жастарының көсемі сезінетін пысық жігіт сөйлемес бұрын әуелі графиннен стаканға су құйып ішті. Сосын қылғындырып байлаған галстук мойнын қысып бара жатқасын тамағының дәл астындағы бір түймені ағытып қойды, әңгімені сосын бастады.

Сондағы айтқаны: бақытты совет жастары... бақытты совет жастарына көрсетіліп жатқан қамқорлық... партия сенімі... Сол ұлы сенімді кірлетпей, абыроймен ақтау... коммунизмді жиырма жылдан кейін кәміл көретін қазіргі ұрпақты тәрбиелеу баршамыздың борышымыз,– деді де, өзін қала жастарының көсемі сезінетін жігіт осы арада кенет қынжыла қабақ шытты. Сосын түсін суытып: "қайсы институтте сабаққа айлап, апталап келмейтін қыздар бар көрінеді",– деді. Ата-ана ырқына көнбей, бетімен кетіп жүрген қыздардың бұзық жолға түсе бастағаны жөнінде милициядан астыртын қағаз түсті деді. Совет жастары деген абыройлы атаққа кір келтіріп, бетімен кетіп жүрген бұзық қыздарға үгіт-насихат жүргізіп, коммунистік рухта тәрбиелеу баршамыздың мойынымыздағы парыз деді. Бәкизат пен бұған бетімен кеткен бес бұзық қызды тәрбиелеу жүктелген еді; бұл қылжақбас Әзімге жақсы болды: ол Бәкизатты "тәрбиеші апай" деп, бұны "тәрбиеші ағай" деп жыл бойы бұл екеуіне күн көрсетпей, мазақтап болған-ды.

Бұлар күндіз сабақта. Лекция. Зачет. Емтихан. Түсте топырлап буфетке барады. Құдайы қалаған күні қалтасын қағып бір бутерброд, бір стақан шай алады: сосын кітап пен конспектіден көз айырмай, екі ұрты бұлтылдап отырып жүрек жалғаса жалғап, ал Құдайы қаламаған күні қайыс белбеуді қаттырақ тартып байлап алады да, күні бойы зачет, экзамен тапсырып жанталасып жүреді. Сонан кейін күн батып, қас қарайғасын қолы босап, әлгі ата-ана ырқына көнбей, бетімен кетіп жүрген бейбақтарды тәрбиелеуге шығатын.

Бәкизат бұны бірінші күні-ақ таң қалдырды. Оқуға қаншалық ыждаһаты барын кім білсін, ал қоғамдық жұмыс десе құлшынып шыға келетін пәлесі бар екен. Бұл болса, қаланың бетімен кеткен қыздары түгіл, балықшы ауылдың бірдеңе десең беті ду ете қалатын бұйығы қыздарына да батылы жетіп сөз айта алмайтын. Сосын қоғамдық жұмыстан ат-тонын ала қашатын. Әсіресе, әне бір пионер, комсомол отырысын, ән-би кружогын, спорт кружогын жек көретін. Оларға қатысқанша бұл ауылда да бір есебін тауып мектептің отынын жарып беруге, класты жууға, ауланы сыпырып тастауға әзір тұратын-ды. Осы жолы да Бәкизаттың ызасына тиіп болды. Басқасын қойғанда Бәкизаттың пәлен уақытта кездесеміз деп уәделескен жерге ылғи кешігіп келеді. Күте-күте екі көзі төрт болған қыз шыдамай, өзі іздеп тауып алады да, түк демейді, тек сағатты көрсетіп, басын шайқайды. Сосын сенің лекцияң бар ма, сабақ тапсырасың ба, жоқ па, біріне қарамайды. Тіпті, құлақ аспайды. Солбырайған құлықсыз түріңе көзін тастаса тастайды, тастамаса қолыңнан шап беріп ұстайды да, "ал кеттік!" деп әй-шәйға қаратпай сүйрелеп ала жөнелуші еді.

Несін айтасың, ол күндер бұның ит-ыржыңмен өткен берекесіз тірлігіндегі ең бір қимас кез еді ғой! Үсті-басына мұқият қарайтын аппақ әдемі қыздың өзі түгіл, оның аяқ басысын алыстан танушы еді! Қара сүрік туфлидің қазықтай тақасын тақтай еденге қалай басып,

қыдыңдап келе жатқан шымыр, ширақ аяқ алысын топырлаған көп тұяқтың арасынан жазбай танитын. Орталық көшелерге жетпейтін жарық қала шетінде қайдан болсын. Бұлардың сорына ата-ана ырқына көнбей, бетімен кеткен әлгі қағынғырлардың бәрі шетте тұратын боп шықты. Қала шетіндегі жапырайған аласа үйлер қараңғы түсісімен қақпасын тас қып жауып алады екен. Тастай қараңғы көшеде аяқ жолын таба алмай, сүрініп-жығыла бергесін, Бәкизат бұны қолынан тас қып ұстап алды. Көшеде жан жоқ. Әлде қалай кездескен бірен-саран кісіден сұрап, ештеңе шығара алмаған қыз соқыр сәуле сығаңдаған терезелерді қағады; тот басқан топса сықырлап, есік ашылады:

– Кімсіңдер?

– Комсомол комитетіненбіз. Сіздің үйдің нөмірі қандай?

– Маңдайшада жазылған...

– Көрінбейді.

– Сендерге кім керек?

Құдай дес бергенде, іздеген қыздың дәл үстінен түсіпті. Бұлар келгенде қыз кір жуып жатыр екен. Шынтағына дейін сыбанып алған сабын-сабын қолын судан алып, еңсесін тіктеп еді; алды ашық халаттың омырауынан әжептәуір бұлтиып қалған қарны көзге түсті.

– Кешіріңіз,– деді Бәкизат қызға бір, қолындағы тілдей қағазға бір қарап,– Комсомол комитеті берген тізімде... Міне қараңыз... Сен... жоқ, сіз...

– Жарайды, түсінікті...

– Көрдіңіз ғой? Міне, бірінші боп сіз тұрсыз. Саналы Совет жастарына... әсіресе қыздарға тәртіпсіз... тәрбиесіз... қалай десем екен?..

Сен ренжіп қала ма деп, зәрең қалмай тұрған сын-ды жоқ, мына қыз бұндайдың талайын керіп, еті өліп кеткен бе қалай? Су-су қолының сыртымен көзіне түскен шашты кейін қайырып жатып:

– Бетімен кеткен десең де, тәрбиесіз десең де бәрібір. Іздеген қыздарың мен болам,– деді.

– Сіз... Сіз ата-ананы тыңдамай, үйден кетіп қала беретін көрінесіз ғой. Сонда... Айтыңызшы, қайда жүресіз?

– Бетімен кеткен қыз қайда жүруші еді. Оны сен білмей-ақ қой.

– Ал, милиция?..

– Үйге қонбай кеткесін, шешем милицияға айтыпты.

– Қазір қалай... Үйге қонасыз ба?

– Әрине... Күйеуім бар ғой.

– Демек... түзелген болдыңыз ғой?

– Түзелдік қой,– деп қыз бұлтиған қарнын сыртынан қағып-қағып қойды. Шыны ма, әлде өзін ығыр қылған сөзден мезі болғасын бұларды әншейін алдарқатып шығарып салғаны ма? Сен екі ұдай ойда кеттің.

Бәкизат тізім басында тұрған қыздың тұсына "түзеліпті" деп белгі қойды. Күзгі қара суықта қала шетіндегі тастай қараңғы көшелерде әр үйдің есігін қағып, қағынғыр қыздарды іздеп жүруге сенің тіпті құлқың жоқ. Қайтайық деп қанша қыңқылдасаң да, Бәкизат құлақ аспай қойды. Тас қып ұстап алған қолыңды да босатпады. Бетімен кеткен бейбақтарды коммунистік рухта тәрбиелемек боп қала шетіндегі қиқы-жиқы қараңғы көшелерде салпылдап жүріп алған еді. Бұған салса, қағынғыр қыздардың бәрінің тұсына "түзеліпті" деп белгі қояр еді де, тізімді комсомол комитетіне апарып берер еді. Сол күні де Бәкизат әдеттегідей жол бастап, әлде бірдеңелерді айтып, аузы тыным таппай сөйлеп келе жатқан-ды. Соқыр терезеден сығыр сәуле жылтыраған үйге жақындай бергенде қыздың дәл аяғы астынан мысық баж етіп ата жөнелді. Бәкизат шошып қап шыңғырып жіберді. Жалт беріп, қос қолын ілгері соза ұмтылған сенің құшағыңа құлай кеткен-ді. Сен қанша жұбатсаң да, Бәкизат жуық арада өзіне-өзі келе алмай, талдырмаш нәп-нәзік денесі дір-дір етіп бауырыңа жабыса түсіп еді-ау. Осыдан кейін Бәкизат сені қасынан бір аттам жібермей, қос қолдап жабысып ұстап алды.

– Қыздар өздері де түзеліп қалыпты ғой. Осы шаруаны енді қояйық,– деп сен күлген едің де, сол күні Бәкизатты жатақханасына жеткізіп салғансың-ды.

Сонан бері қанша заман. Оқу бітірді. Үйленді. Он үш жыл бірге өмір кешті. Енді, міне, жас ортасына келгенде дәм-тұз жараспай, Тәңірінің басқа түскен бұл тауқыметін де көтеріп алғалы тәуекел етіп тұр. Бір кезде өлердей жақсы көрген сол әйелді осы қазір өз қолымен өлтіруге пейіл боп қаның қарайып тұрып та, баяғыда құшағында дір-дір еткен сол талдырмаш жас дене есіне түссе, әлі де жаны үзіле жаздайды. Бұл не? Жігерсіздік пе? Намыссыздық па? Әлде, кім білсін, жуық арада өліп болмайтын әлгі бір жаны сірі сезімнің әлі де болса үзілмей жатқан әлдебір тамыры ма?

* * *

Қалайда, сол жылдар көңілді еді! Әзім астанада тұратын

құрылысшы ағасының үйінде жатқаны болмаса, көбіне жатақханада жүреді. Ағасы астана тұрғындары "дворяндар ұясы" деп атайтын бастықтарға мекен болған тыныш көшеде тұрады екен. Табыскер, күйлі ағасы Әзімді мұздай қып киіндірді. Бұрын да ақсары әдемі жігіт бас-аяғы сықиып киініп алғанда қыздар тұрсын, көшеде көзі түскен көлденең жұрт бұрылып бір қарамай өтпейтін.

Астанаға келгелі Әзім қатты өзгерді. Ауылда әкесі ұрысса ұрысқандай көті қоныс таппай, ұшып-қонып жүретін жеңілтек Әзім астанаға келген күннен бастап біреу өзіне тиым салғандай көрер көзге өзгеріп, салауатты бола қалды.

Аузын ашса тек ағасын мақтады: ағасы атақты құрылысшы: Үлкен Кісімен дос. Өзге түгіл, құрылыс министрінің өзі ағасының алдында құрдай жорғалайды, бұлар Әзімнен құрылысшы ағасының қанша ордені барын да біліп алған-ды. Бір күні сәті түсіп, бұл Әзімге еріп ағасының үйіне барып еді. Ағасы үйде екен. Жұрттың бәріне солай ма, әлде бұларды баласынды ма, әйтеуір Әзімнің соңын ала кірген бұған бұрылып та қараған жоқ, тек көз қиығын тастады да, ләм деместен сыздана басып аржағында тұрған креслоға барып отырды. Сонан кейін де бұл Әзімге еріп талай барды. Бірақ соның бәрінде де ағасы үйде болмады.

Ал, Әзім "жеңгем" деп таныстырған шіңжау, арық әйелді сен шынымен аяушы едің. Анада, өзің көретін мейлінше маңғаз, нағыз еркектің жұбайы дегенге сен сенер-сенбесіңді білмей, жалтақтап қарай бергенсің-ді. Қараған сайын мына бишара әйел анадағы еркектің жарынан гөрі есіктегі малай қатынға көбірек ұқсаған еді де, қашан кетер-кеткенше әлдебір аяныш сезімнен айыға алмай қоятын.

Астанаға келген күннен бастап Бәкизат сені қызбен таныстырам деп әлекке қалды. Әзім екеуі ертіп киноға апарады, театрға апарады. Кейде жастар кешіне бірге бара қалғанда, Бәкизат бұған үнемі бір қызды сыртынан көрсетіп: "Қалай?.. Ұнай ма?" деп мазасын алып болатын. Былайғы кезде де сенің бірдеңең болмаса, бірдеңеңді күлкіге айналдырып жүретін Әзімнің құдайы берді. Тұла бойыңнан түк таппағанда әрі-берідесін аузыңды, мұрныңды қылжақтайтын жігіт. Бір күні бұның жанына қатты бататын осал жерін ұстап: "Бәкизат қазір кітап бетін ашуды қойды. Оқу жөніне қалды. Жатса-тұрса ойлайтыны – Жәдігерді қызбен таныстыру", – деп жастарды қыран-топан күлдіріп еді, құшағына кіріп жабысып тұрған Бәкизат қолын Әзімнің қолтығынан босатып ала бере, "ну, ты!" деп оны итеріп қалды да, сырт айналып кетті. Сонан кейін Әзімнің көзінше ештеңе айтпайтын болды. Құпиясы болса, бұны оңашалап шетке алып шығады. Айтпас бұрын әуелі жан-жағына қарап алады. Сосын өзінен қол созым биік жігітке бойы жетпей бара жатқасын өкшесін көтеріп, құлағына құпиялап "бір қыз бар..." дей бастағанда, сен қайда кетеріңді білмей, құлағың дуылдап

ала жөнелетінсің. Жазғы каникулда да бұлардың жұбы жазылған жоқ. Бел-Аранның ығында отырған балықшы ауылдан қырық шақырым жерде, Орынбор жағалауы деп аталатын теңіз жағасында кен іздеген геологтар тұратын. Басқа жерге қарағанда сол араның суы ала-беле терең; түбі де аппақ ақ қайраң; ешқашан лай шалмай көз жасындай мөлдіреп тұратын тұнық судың жағасына геологтар үш қабат үй салып, асхана, дүкен ашып, жазда үй іштерімен демалатын.

Бірінші курсты бітірген жылы Әзім балықшы ауылдың жастарын Орынбор жағалауына апарып, теңіздің су шайып жатқан жағасына екі шатыр тікті. Бірінде – ер балалар, екіншісінде – қыздар. Ер балаларды – Әзім, қыздарды Бәкизат басқарды. Қыздарын қатал ұстайтын кәрі қақсал "ә" дегенде Бәкизатты жібермей, әлек шығарып еді; епті Әзім тілін тауып көндірді; соның өзінде кәрі қақсал қызын оңашалап, жеке алып отырып құлағына көп нәрсені құйып, "ер балалар зұлым, қу болады" депті; "жіліктің майын жұтқызғандай жылы сөз, жаудыраған көзбен-ақ жас қыздардың жүйкесін құртады" – депті; "есіңде болсын, аңғал қызым" депті кәрі қақсал кеткісі кеп қипақтай бастаған Бәкизаттың бір қолына қағаз, екінші қолына қалам ұстатып: "жаз!" депті: "ер балалармен екеуден-екеу кездеспе, бұл бір", – депті; "шарап ішпе, әсіресе, шампан деген пәле бұрын-соң ішкілікпен әуестенбеген жас адамның бірден басына шабады"– депті. "Шампанды татып алма, бұл екі",– депті; сонан кейін де кәрі қақсал қызына тесірейе қарап отырып, он екіде бір гүлі ашылмаған жас қыздар ата-ана көзінен аулақта жүргенде өзінің абыройына кір келтірмейтін бұнан да басқа тағы талай "үйтпе-бүйтпелерді" оқушы дәптерінің екі беті толғанша жаздырыпты да, төрт бүктеп сыртынан су өтпейтін жып-жылтыр бірдеңемен қаптап, мойнына тағып жіберіпті. Ақ жарқын ашық қыз сырын сыртқа шығарғанша шыдамы қалмайтын. Осы жолы да ол Әзім мен бұны шетке оңашалап алып шықты. Өзі көңілді, сықылықтап күле береді. Қара көзі жайнаңдап, Әзім мен бұған кезек қарап:

– Мынау не? – деп мойнындағы жіп бауы бар жылтыр бірдеңені көрсетіп еді.

– Бойтұмар ма? – деді Әзім.

Бәкизат басын шайқады.

– Ал... білсең, өзің айтшы!

– Бұл...Қалай десем екен?.. Бұнда менің... мамама берген антым бар.

– Не-е?.. Ант?..

– Күлме. Шын айтам.

– Түсінсем не дейсің...

– Түсінбейтін түгі жоқ. Ана жаққа барғасын қыздарға тиіспей, тыныш жүріңдер. Әсіресе, се-н... Енді білдің бе?

– Бәтішжан... бұл қолдан келмейтін, қиын шаруа екен. Жарайды, оны бара көрерміз,– деді Әзім күліп.

Көріп тұрсың – досыңның миына түк кірген жоқ; оның "бара көрерміз" дегені де, барғасын "өзім білем" дегені еді; оның "өзім білемінің" аржағында шынында да, өзге ешкім емес, тек оның өзі біліп, өзі шешіп, өзінің білгенімен ғана жүретін жігіттің осы жолы да тек өзінің қалауы болатынына нығыз сенім жатты; шынын айтқанда, қыз сөзіне сен де мән берген жоқсың; өйткені өзгені білмесең де, осы қызды жақсы білетінсің: бұл өзінің апа, сіңлілеріне мүлде ұқсамайтын; ал балықшы ауылдың жұрт алдында "ішімдегіні біл" деп жұмған аузын ашпай, төмен қарап тымырайып алатын бұйығы қыздарына, болса-болмаса да, ұқсамаушы еді; еркек алдында өзінің нәсілі әйел екенін ол, сірә, бір сәт есінен шығарып көрген емес. Қашанда болса назданатын жерде назданып, қылымситын жерде қылымсып, жанары шоқтанып тұратын қара көзін жанындағы жұртқа жалт-жұлт тастап, жайраңдап еркелеп тұратын; сен оның Әзім екеуіңе айтқан жаңағы сөзіне де онша мән бере қойған жоқсың-ды. Оны да осы қыздың тек өзіне ғана жарасатын көп қылықтың бірі шығар деп қалғансың-ды. Сөйтсе, жоқ... Шыны секілді. Орынбор жағасына келген сәттен бастап, Әзімнен іргесін аулақ салып, бойын тартып ала қойды. Керек десе, Әзіммен бірге киноға да бармады. Биге де шықпады. Орынбор жағасына келген күні... Жоқ, ұмытпаса, соның ертеңіне Әзім құшақтамақ болғанда, қыз жолатпай ыршып түсті. Ештеңеден беті қайтып көрмеген жігіт құшағын ашып қайта ұмтылғанда, қыз оны кеудесінен тіреп тұра қалды:

– Мынаны білесің ғой,– деді мойнындағы бойтұмарды көрсетіп.

– Ой, оны қойшы!

– Қоятыны жоқ, болмайды.

– Шешең көріп тұрған жоқ қой.

– За то Құдай көреді. Антты бұзған күнә.

Әзімнің қабағы түсіп кетті. Бұл оның көкірегінде көптен бері сары уыздай шайқап жүрген арманы еді; енді соны дәл іске асырмақ болғанда, кесір қыздың қырсығып көнбей қойғаны ызасына тиді.

Бәкизат оның көңіл күйін көрсе де, түк білмегенсіп қыздардан жұбын жазбай қойған-ды. Тек бір жолы... Сол өзі ұмытпаса түс ауып, күндізгі аптап ыстықтың беті қайтқан кез-тұғын. Суға ұзақ түскен қыздар мен жігіттер жағаға жүгіріп шығып, ыстық құмға бауырын

басып жата-жата қалды. Әзім анадай жерде газетпен бетін бүркеп жатқан Бәкизатқа білдірмей, аяғын ақырын басып жақындап барды. Бәкизат оны байқаған жоқ; тек Әзім газеттің бір шетін көтеріп, бетінен сүйгелі ұмтыла бергенде, қыз атып тұрды.

– Болмайды.

– Бір рет...

– Жарты рет те болмайды. Ауылға барғасын, пожа-луйста.

– Орамал арқылы сүюге де болмай ма?

– Орамал-л?..

– Иә, орамал арқылы. Құдай біледі, шешеңе орамал арқылы сүйіспеймін деп уәде берген жоқ шығарсың?

– Әй, бұл басыңа қайдан келді?

Екеуі қосыла күлді. Осыдан бастап олар орамал арқылы сүйісіп жүрді. Әзім қызды сүйетін кезде әрдайым жанынан аппақ ақ жібек орамал шығаратын.

Бұлар күнде-күнде тал түсте демалатын. Жігіттер палатканың іргесін түріп тастап шахмат ойнайтын да, ал қыздар бұнда келгелі де қыз сырының шетіне шыға алмай, өзара сыбырласып, сықылықтап күліп жатушы еді; бір күні түсте күлкі сап боп тыйыла қалды. Бірақ ойын қызығына түскен жігіттер оны байқаған жоқ. Керек десе, сонан бастап қыздардың күнде тал түсте палатканың сырт жағындағы ақ шоқалақтың тасасына тығылып отырып ұрланып шарап ішіп, сосын қақалып-шашалып темекі шегіп жүргенінен де бейхабар еді; Тек, ауылдан шығарда анасына ант берген Бәкизат бұған араласқан жоқ-тын. Қыздарға сыртын беріп, теріс қарап отырып топыраққа әлде бірдеңелерді сала бастаған еді де, кенет есіне не түскенін қайдам, мойнындағы бойтұмарды ашып қарады. Көз жүгіртіп, асығыс оқыды. Өзіне өзі сенбегендей, көзін уқалап жіберіп қайта оқығанда қуанып кетіпті.

– Қыздар! Қыздар!– деп орнынан атып тұрды.– Қыздар, бері келіңдер! Міне!.. Міне, қараңдар!– деп бойтұмардағы жазуды әр қызға бір көрсетті.– Көрдіңдер ме? Міне!.. Міне, оқыңдар! Мамам "шарап ішпе. Шампан ішпе" деген ғой. Ал... сыра ішпе деген жазу жоқ. Ал, кеттік! Сыра ішеміз.

Сол күні Бәкизат сыраны қыздардың бәрінен көп ішіпті. Келесі күннен бастап қыздар палаткаға сумка-сумка сыра әкеліп, жігіттерден жасырып ішетін болыпты. Босаған бөтелкелерді дүкенге тапсырмай,

палатканың о жер бұ жеріне құмға көме беріпті. Сонан бір күні бұлар ауылға кайтатын болды. Ойында ештеңе жоқ. Әзіммен бұл екеуі қыздарға көмектесіп палатканы жығып жатқан-ды. Әзім де, сен де аяқ астында бұлтылдаған жұп-жұмыр бірдеңеге табандарың тайғанап, құлап қала бергенсіңдер. Шалқалап құлаған Әзім әлгі құм арасында бұлтылдаған тастай бірдемеге басын қатты ұрып алды. Ыңырсып біраз жетті. Сосын жатқан жерін сипа лап, құм арасынан сыртында "Жигули" деген жазу бар бос бөтелкелерді қазып алып жатып:

– Жәдігер, бері кел! Көр, мына софы қыздардың не істеп жүргенін,– деді.

Қыздарда үн жоқ. Әсіресе балықшы ауылдың қыздары бетінен от шығып, бірінің тасасына бірі тығыла берді. Тек Бәкизат қыңған жоқ. Қайта өзінің осындайда ештеңеден тайсалмай, қайсарланып кететін өжеттігіне мініп, екі бүйірін таянып алды.

– Сен қыз тұра тұр. Осыдан ауылға барғасын көресің. ІІІешеңе айтам.

– Айта бер. Мамамның өзі кінәлі. Сыраны жазбаған.

Бұлар жүкті машинаға тиесе де, табан астынан айнып, тағы да бір күнге ерулеп қалды. Бұған қыздар да, жігіттер де қуанып, даланы басына көтере дуылдап дүкенге барды; бөтелке-бөтелке сыра құшақтап, қосқа келді; палатка құрған жоқ; тор қалтадағы сыраларды мұздатып суға салып қойды да, сол күні таң атқанша ашық аспан астында сайранды салған еді-ау! Әуелі ән айтты; сосын биледі; күн қызуы қайтқан кешкі қоңыр салқында жарысты; жарыста бірінші орынды қыздардан – Бәкизат, жігіттерден – сен алдың. Әзімнің ұсынысы бойынша бірінші орын алған екеуді жарыстырып еді; қол-аяғы жеп-жеңіл қағілез қыз салған жерден суырылып алға түсті. Қыздар мен жігіттер қыран топан.

Бәкизат жеткізер емес. Соңында арпаң-тарпаңдап келе жатқан бұған жалтаң-жалтаң қарап, қол созым алда бара жатқан-ды. Кенет көзіне тер құйылды. Дүние бұлдырап кетті ме, әлде Бәкизат екеуінің арасы әлгіден де гөрі алшақтап ұзай бастады ма, бұл кірпігін қағып қап қайта қарағанда жаңа ғана оқ бойы алда табаны жерге тимей құлдырап бара жатқан Бәкизат қалай болғаны белгісіз, қапелімде басқа бейнеге ауысып, қол-аяғы шидиген әлде бір кіп-кішкентай сап-сары қыз көз ұшында бара жатты. Зырқырап бара жатып, жалт етіп артына бұрылғанда, мынаның шүйкедей сары қыз екенін, әлде түлкінің күшігі екенін айыра алмай қалды. Әсіресе біздей тұмсығы мен бір шөкім беті, шикіл сарылығы түлкінің күшігі сияқтанып кетті. Шықылықтаған күлкісіне дейін қас пен көздің арасында адамға айналған түлкі күшігінің күлкісінен аумады да, бұл төбеге ұрғандай кілт тұра жаздады; қол-аяғы, бүкіл тұла бойы дірілдеп әкетіп бара жатқан денесін дереу билеп алды да, жүгіріп кетті. Мынаны кім де болса қуып

жетіп, қолға ұстап көргісі келді. Қол-аяғы шидей пәлеге жете алмағанына намыстанып ызалана бастады. Тертедей сереңдеген ұзын аяқ арпаң-тарпаңдап аннан-саннан бір тиеді. Бірақ жете алмады; тіпті жеткізер түрі жоқ. Жеткізбесін білген қыз артына жалтақ-жалтақ қарап, сықылықтап күліп, қол созым алда зырлады да отырды.

Көзіне тер құйылып, алқына бастады. Әлі құрып бара жатқанын біліп, қарақшыға дейін қалай да қуып жеткісі кеп өкпесін қолына ала өңмендеп ұмтыла берген. Қыз да сол кезде тәсіл жасап ілгері созған қолының саусағының ұшы тиер-тиместе бұғып қалды. Сен қолыңды қапелімде жия алмай, екпіңмен ағып өтіп, қарсы алдыңда қауқиған әлдебір бұта түбіндегі топырақты бұрқ еткізе бір аунап түскенсің-ді. Көзің қарауытып кетті. Басың айнала ма, қалай? Өзіне өзі келіп те үлгерген жоқ. Қыз күлкісі енді қасынан шықты. Түлкінің күшігіндей бір пәле тағы да зырқырап қаша жөнелетіндей қорқып, сен апалақ-құпалақ атып тұрғансың-ды; үсті-басыңнан сау-сау төгіліп жатқан құмды да қақпастан күлкі шыққан жаққа қарап едің... Сүйтсе, Бәкизат екі бүйірін таянып апты. Қасыңда сықылықтап күліп тұр екен.

– Ой, сен... екенсің ғой? Ал, мен... мен шатасып.

– Ша-та-сқаның қалай?

– Басқа біреумен шатастырып...

– Басқа біреу? Кіммен?

– Өзім де түсінбеймін. Көзіме...

– Көзіңе не болды? Топырақ түсті ме?

– Жо-жоқ... Қос көрінді ме, білмеймін. Түсініксіз... Бір елес...

– Елес-с?

– Құрсын, қайтесің... Ал, енді... Керемет жүйрік екенсің!

Қыздар мен жігіттер ана жақта әлі де қыран-топан. Әлі де улап-шулап даланы бастарына көтеріп жатыр.

– Демалайық!

Сүйдеді де, Бәкизат өзінің қасынан саған да орын көрсетіп қарақшы тіккен нар шоқалақтың күнгей бетіне отыра кетті. Ақ тер-көк тері шығыпты. Екі беті алаулап қызарған. Екі иінінен ентіге дем алып отырып, көз қиығын саған тастап қояды. Сосын сенің самайыңнан саулап аққан терді ып-ыстық алақанымен сүртіп отырып:

– Жәдігер,– деді қыз.

– Аа?..

– Маған ренжіген жоқсың ба?

– Жо-қ...

– Иә, ренжіме. Мен қыздар институтында қысқа қашықтықтағы жарыста екінші орын алғам...

– Талай жүйрікті көріп едім, ал, сен... айтатыны жоқ, керемет екенсің.

Бәкизат сен білетін қыздардың ешқайсысына ұқсамаушы еді-ау! Әттең, не пайда, жұрты құрғыр осы бір бала мінезді, ақ жарқын елгезек қыздың таныса да, танымаса да жан біткенді жатсынбай, өз аяғынан жайраңдап жетіп баратын жайдары мінезін түсінді ме? Біреуге жеңілтек көрініп, ойы бұзықтар оңай олжалағысы келді. Соны өзі де білді. Бір күні бұнан "Мен жеңілтекпін бе? Қалай ойлайсың, жігіттер жеңілтек қызды жақсы көрмей ме?" деп сұраған-ды. Сен сонда қарсы алдыңда аузыңнан шыққан сөзді аңдып көзі жаутаңдап тұрған қызды әрі аяп, әрі жанын үзіле жақсы көріп едің-ау!

Сол күні бұл үйықтай алған жоқ. Ештеңе ойламайын деп көзін жұмса да, бағанағы елес тіріліп, көз алдына қол-аяғы шидей мыршай сары қыз тұра қалады. Осындай біреуді білетін сияқты. Бірақ қанша ойласа да, есіне түсіре алмады. Есіне түсіре алмаған сайын мазасы кетті. Жер бетінде ең жақсы көретін қыз, бұлайша иманын ұшырып, басқа құбыжық бейнеге ауысқанына қайран. Бұл не? Бұнда не сыр бар?

Түн ортасы ауды. Ұйықтай алмай зықы кеткесін түрегеп, теңіз жағалап жүріп кетті. Ай әлі тумаған. Айдай әлемді салбырап үстінен басып тұрған қап-қара аспанда ине шанышатын орын қалмай жыпырлаған жұлдыздар құдды жерге құлап түсіп, түп-түгел теңіз түбінде жымыңдайтын сияқты. Сонау аспандағы жұлдыздар сияқты теңіз түбіндегі мына жұлдыздар да сәт сайын бірі өліп, бірі тіріліп, ал ағып түскен жұлдыздың орнына бұлардың да бір жас ұрпағы дереу пайда боп, сәуле шашып, жер беті сияқты ту сонау айдай әлемде де өмір жалғасып жатыр екен.

Түн құшағында түксиген теңіздің әрегірек бір жерінен әлдебір құс қырқылдады. Сен оған назар аударғанша болмай, мына жақта су шолп етті. Дәл сол арадан тағы бір балық секірді. Сірә, жар сүйген жастар жалғыз жер беті емес, су астында да жүрегін қолына ұстаған әлдебіреу өліп-тіріліп шоршып, секіріп жата ма? Кім білсін, солай болса солай шығар. Тек, мынау да балықтардың ішіндегі бас терісі келіспеген біреу болар-ау. Көрмейсің бе, бұл жазған да алдынан өтіп бара жатқан ақ шабақты ұстамақ боп ұмтылғанда, оспадар қимыл жасап, су астынан солаң етіп көтеріліп, шалп еткізе қайта құлап түсті. Осындай оңтайы

келіп тұрғанда бұның өзі де қолына түсіп тұрғаннан айырылып қала беретін ебедейсіздігі есіне түсіп, езу тартып күлімсіреген еді-ау!

* * *

Оқу бітіретін жылы бір күні Бәкизатты іздеп ЖенПИ-дің жатақханасына барсаң, төрт керуетті бір-біріне бүйірін тақап тығылыстырып қойған бөлмеде қыздар толып отыр екен; күтпегесін бе, Бәкизат қысылып қалды. Оның қысылғанын көріп, сен тіпті ыңғайсызданып, бұрылып қайта шығып кетудің де есебін таба алмай, есік алдында қипақтап-сипақтап тұрып қалғансың-ды. Көңілге болмаса, Бәкизат көбіне-көп құрбы қыздар мына терте сирақ ұзын қараны жігіті екен деп ойлап қала ма деп қысылатын сияқты. Әйтеуір бұл есіктен басын сұқпай жатып:

– Жерлесім. Біздің ауылдың баласы,– деп таныстырып еді, бір кіп-кішкентай тықылдақ қыз:

– Жігіт біткеннің бәрі сенің жерлесің болады,– деп, шағып алды. Қалған қыздар көпе-көрінеқұптамаса да, іштерінен ырза болып, бір-біріне көзінің астымен қарап жымыңдасып жатыр. Бәкизат оны байқады ма, жоқ па, белгісіз. Байқаса да құрбылар алдында сыр алдырмай, өзін әдепті ұстап:

– Бір мектепте оқыдық,– деп еді, жаңағы қыз жарқ етті:

– Бәлкім, бір партада қатар отырған шығарсыңдар?

Сол арада не түлен түрткенін қайдам, аузын бағып жөніңе қарап отырмай:

– Жоқ, қатар отырған жоқпыз. Әзім екеуміз мектепті Бәкизаттан екі жыл бұрын бітірдік,– деп, аузын жапқанша болмай, әлгі жырқылдақ қыз есікке жалт қарап:

– Кімді айтса сол келеді,– десін.

Шынында да, айқара ашылған есіктің аржағынан Әзім кіріп келе жатты. Үй тола қыздарды көргенде көзі жайнап кетті. Сен есебін тауып шығып кеткің кеп, есік жақта отырғансың. Әзімді көргенде атып тұрып, қайта отырдың. Күлегеш қыз бұған да жырқ етті.

Әзім үй тола қыздарды шетінен бауырына бір-бір қысып, Бәкизатқа ең соңынан мысық табандап жақындап келе берген-ді. Осы сәтті аңдып отырған әлгі жырқылдақ қыз:

– Қыздар, көздеріңді жұмыңдар!– деп еді, қыздардың да тілегені осы сияқты, жырқ-жырқ күліп, бәрі бір кісідей алақанымен бетін баса-баса қалды. Сен өзіңнің қыз емес екенің есіңе түсіп, "мен қайтем?" дегендей

жаңағы жырқылдақ қызға қараған едің; ол саған да "көзіңді жұм" дегендей дереу ымдай қойды. Өзің қаламасаң да, үй ішін ұршықтай үйіріп отырған пысық қыз бұйырғасын лажсыз көзіңді жұмып едің, қылжақ қыз құлағыңа сыбырлап:

– Енді аша бер!– деді. Бұл жолы ол күлмесе де, бірақ сен көзіңді ашқанда қалған қыздар қыран-топан күліп жатыр екен. Қайсы бірі ішегі түйіліп, жастыққа бетін басып құлай-құлай кетіпті. Бәкизатты құшағынан босатқан Әзім енді саған бұрылып, анадағы құрылысшы ағасы сияқтанып аяғын сыздап басып жақындап қалған екен. Амандасқалы орныңнан тұра бергеніңде, ол сенің иығыңнан басып орныңа қайта отырғызды.

– Ау, бала,– деп, өзіне қарағанда сенің шынында да әлі бала екеніңді білдіргісі келді ме, қайдам, арқаңнан қақты да, – ау, сені таба алмай қалдық қой. Сүйтсе, сені іздесе, тек осында келу керек екен ғой,– деді күліп.

– Қой, жоқты соқпа. Мен сабаққа да бармай, бір жеті үйде ауырып жаттым ғой.

Ағыңнан жарылып шыныңды айтқансың-ды. Басқа кісі болса, қысылар ма еді, ыңғайсызданып кешірім сұрар ма еді, ал Әзім құлағына да қыстырмады. Қайта, саған бұл арада да ұпай салғысы кеп, аузынан бір сөз шықса жырқ-жырқ күліп жолы бола қалатын жәркелеш қыздарға қарап:

– Бұл осылай. Ал, бұған не дейсің,– деп еді, жәркелеш қыздар бұған тіпті мәз.

Сен әлі де болса шығып кетудің есебін таппай, терлеп-тепшіп отырғансың-ды. Жырқылдақ қыз қалайы шәйнекті бұрқылдатып шәй әкелді. Қастан шықпағыр Әзім:

– Іш, бала! Іш!– деп, ыстық шайды саған тыққыштап болды. Сен кесеге аузыңды апара бергеніңде, Әзім:

– Шай ішпесе, басы ауырады. Ағаңның бала кезден сондай әдеті бар,– деп, қыздарды тағы күлдірді.

Құрсын, қара терге түсті. Қалтасынан орамал іздеп таба алмады. Соны байқап қалған Әзім:

– Жақсы болды, ағаң терледі, енді басының ауырғаны жазылады,– деді де, онсыз да күлкіге булығып өліп отырған қыздардың көзінше жанынан әтір иісі аңқыған жібек орамал шығарып, бұның тершіген алақанына ұстата қойғаны. Іш жарғыш келгірлер ду күлді.

Сен сыртқа ата жөнелдің. Осыдан кейін жыл бойы Әзім мен Бәкизатты көрген жоқсың. Тіпті, көргің келмеді. Жарайды, Әзім Әзім болсын. Бәкизаттың жәркелеш қыздарға қосылып күлгеніне жол болсын. Бәкизатқа ренжігенде есіне анада Орынбор жағалауындағы жарыс түсті. Құрық бойы алға түсіп алып сықылықтап күліп бара жатқан осы қыздың қас-қағымда әлдебір қол-аяғы шидей, мұрны біздей мыршай сары пәлекетке ауысқаны қайдан тегін болсын? Бұнда, қандай да бір сыр бар.

Сол күні түнімен ұйықтай алмаған-ды. Тек таң алдында көзі ілініп кеткен екен, біреу бұған: "жүр, ойнайық!" дегені. Бұл жалт қарады. Жаңа ғана есіне түсіре алмаған түлкінің күшігіндей біз тұмсық, секпіл бет мыршай пәлені көргенде шошып оянып еді... Бәрі, бәрі есіне түсті. Ол өзі баяғыда... Баяғы болғанда... ұмытпаса, бұның мектепке я барған, я барайын деп жүрген бала кезі-тұғын. Сонда да жаңа түсіне кірген түлкінің күшігіндей, кіп-кішкентай қыз бұны қолынан тартып... Жо-жоқ, ол кейін болды. Оның алдында анасы бұған күлше пісіріп берді. Қоламтадан жаңа шыққан ыстық күлше қолына тиген бойда бұл сыртқа жүгіріп шыққан еді ғой. Иә, сыртқа жүгіріп шықты. Сосын, аш ит қыңсылап аяғына орала берді. Бұл нан ұстаған қолын артына жасырып, бос қолымен итті жасқай бергені сол еді... шидей нәп-нәзік саусақ бұның нан ұстаған қолынан тартты. Бұл ит екен деп қалған-ды. "Кет! деп жекігелі жалт қараса, күнде-күнде өзімен бірге ойнайтын кішкентай сары қыз: "жүр, ойнайық!" деп тұр екен. Бұл қуанып, күлшені қызға ұстата салды. Қыз "қуып жет"" деді де, жүгіре жөнелді. Тарпаяқ қара бала тұра қуды. Қашанғылары осы. Есіл-дерті ойнағысы кеп екі көзі жайнаңдап тұратын секпіл бет, селеу шаш, мыршай сары кіп-кішкентай қыздың іш пыстырып зеріктірмейтін бірдеңесі бар. Жанына жуып кетсе, бұны не түртіп қашады. Не бірдеңесін алып қашқысы кеп қол-аяғы тақат таппай жыбыршып тұратын. Өзінің кіп-кішкентай қағылез денесі де құстай ұшуға жаралғандай еді. Зырқырап бара жатып, жалтақ-жалтақ қарап шықылықтап күледі. Шүйкедей қызға жете алмағанына бұл ызаланады. Қол созым алда аяғы-аяғына жұқпай құлдырап бара жатқан кішкентай қыз ешқайда бұрылмай, күнде-күнде өздері ойнайтын ауыл сыртындағы ақ құмға жеткенше жүгіреді.

Қыз құмға бұрын жетеді. Ақ шоқалақтың аржағына қалай асып түсті, солай құлайды. Шалғайласа жеткен тарпаяқ қара бала топырақты бұрқ еткізе кішкентай қызға қатарласа жығылып еді; аптығын басар-баспастан нанға ауыз салды. Кішкентай қыз өз үлесін жалмаңдап бұдан бұрынырақ жеп болды да, әлденеге ауыл жаққа мойын созып қарады. Сосын бұған қарай ысырылды. Бүйірін-бүйіріне тақап қатарласып жатты да, әлденеге тып-тыныш бола қалды. Ернін жымқырып тістеп алған. Демін ішіне жұтып тымырайып жатты да, бұны шынтағынан түртті. Ала көз қара басын көтеріп алды. Ойынға зауқы болмаса да, тағы да бір жаққа жүгіреміз екен деп аузындағы нанды апалақ-құпалақ

асығыс жұтты да, жас ыршып кеткен көзі жаутаңдап кішкентай қызға қарап еді, қыз "қазір... қазір" деді де, балағы салпылдаған күлдәрі дамбалды жалма-жан аяғының басына қарай ысыра бастады. Жетесіне бірдеңе жаңа жеткен қара бала қорқып кетті. Көзін жұмып, қайта ашып алғанда кішкентай қыз дамбалды шешіп, ақ шоқалаққа арқасын бере шалқалай құлапты да, енді бұны тосып жаутаңдап қарап жатыр екен. Баланың есі шықты. Алақанымен бетін баса қалғанын біледі. Соның аржағы... Аржағында не боп, не қойғанын бала білген жоқ-ты; тек соның ертеңіне кешегі сұмдықты есіне алып еді: үйге қалай жеткенін есіне түсіре алмады. Тек сырттан кіріп кеп, ес-түс жоқ төсекке құлағанын біледі. Сол үстіне анасы кірді. Оны біледі. Анасы көрпе астында дір-дір етіп жатқан бұны құшақтап "кім тиді?" деп еді; бұл "жоқ, сұрама. Сұрама",– деді де, сосын "кетпе, кетпе! қорқам" деп анасынан айырылмай, жабысып алды. Үлкен кісілердің әлгі бір "ақ пен қызыл арасында шайтан жүреді" дегені есінде қалған бала көзін ашуға қорықты.

Көзін ашса, шам жақпай, бұрыш-бұрышқа қараңғы орнап, түксиіп тұрған үлкен үйдің бір жерінде екі шекесінде екі тұлымшақ селтиген сап-сары пәле тығылып тұрғандай. Анасы қалай кетсе, о да солай қасына жетіп кеп "жүр, ойнайық!" деп сиқырымен арбап ауыл сыртындағы ақ шоқалаққа ылықтырып алып кететіндей. Анасына "Кетпе! Кетпе!" деп жабысып алған бала, бір кезде көзі ілініп кеткен екен. Сол бойда түсіне көрші үйдегі күнде-күнде өзімен бірге ойнайтын кішкентай мыршай сары қыз кіріпті. Бұл түсінде де дәл өңіндегідей осы пәледен тезірек құтылғысы кеп әзерде-безер. Онан құтылудың басқа амалын таппағасын қолындағы күлшесін беріпті. Жаңа ғана қасында ауызы-басы бұлтылдап нан жеп тұрған кішкентай қыз бала, о, Жасаған... бұның назары сәл басқа жаққа ауып еді; о да қапелімде басқа бейнеге ауысып, ор ауыз сары лаққа айналыпты.

Жеп тұрғаны да бұл берген нан емес, бір бау көк құрақтың қауылдырығын жалмаңдап сытыр-сытыр сыдырып жеп бола сала, тағы да бұған көзін сатып телміре қапты. Бұл түкке түсінбей таңданады. Лақ та соны байқады. Аржағында күдік қалдырғысы келмегендей нағыз лақтың даусына салып "мәә-ә-ә" деді. Бұл бәрібір сенер-сенбесін білмей, кірпігін қағып қап қайта қарап еді, көк құрақты кіп-кішкентай аузы шүпілдеп сытыр-сытыр жеп тұрған жаңағы ор ауыз сары лақ... жоқ, лақ дегені лақ емес, екі шекесіне екі мүйіздің көк тұқылы қылтиған сары шайтан... шайтанның нағыз өзі... Бала шыр етіп шошып оянған-ды.

* * *

Бәкизатты көрмегелі күз өтті. Онан қыс түсті. Міне, күлімдеп көктем де шықты. Сонда Әзім екеуіне көңілі мықтап қалғаны сонша, кейінгі кезде олардың осы дүниеде бар-жоғын да ұмытқандай есіне алудан да

қалып бара жатқан-ды. Тек сол күні... Айтса да, сол күн өзі қалай болып еді? Неден басталып еді? Ұмытпаса... Иә, ұмытпаса сол күні мемлекеттік емтиханға әзірлік басталған еді-ау? Бұл кітаптан түс ауғанша бас көтерген жоқ; тек түс ауа бергенде басы сынып бара жатқасын дем алғысы кеп сыртқа шығып еді. Көктемнің пышақ жүзіндей өткір сәулесі көзін қарып алды. Бұл жасқанып, бетін бұра бергенде көзі жатақхана алдында бір өзі жеке тұрған жалғыз терекке түскен еді. Бәкизат пен екеуінің шырғалаңмен басталған шым-шытырық тірлігінің түп басында осы теректің тұрғаны ақиқат! Тағдыр ма, әлде Тәңірінің маңдайға жазғаны ма, әйтеуір үш қабат үйден бойын асырып тұрған зәулім теректі көргенде, бұл жанарын ала алмай арбалып қалған еді-ау!.. Апырай, деп ойлаған еді, осы терек күні кеше басқаша еді. Күні кеше ылғал тартып ісінгені болмаса, тұла бойын бершімек безге толтырып алған, құшақ жетпейтін қыжым-қыжым күпшек, құдды, кәрі сиырдың қыртыс-қыртыс мойны сияқты еді-ау! Ал, енді қараш, Ай мен күн астын қуантып, дүркіреп кірген көктемнің құдіреті мына кәрінің қасаң жанын қалай жібіткен! Кешегі бездер бүгін бүр жарған. Кеше сонау құс ұшар биікте жел астында қалтыраған сып-сидам жалаңаш бұтақтардың бүгін балапан жапырақтарын жыпырлатып бауырына толтырып ала қойғанын қарашы!

Судыраған жапырақ арасында пыр-пырлаған торғайларды әлі көрген жоқсың. Бірақ осы пақырлардың тірлігіне көктем әкелген мазасыз әбігерді жаның сезіп түр. Бұлар да ертең бауырынан өрер болашақ ұрпақтың қамымен қапылып жүріп, біріне-бірі жаңа қауышып жатыр ма? Мына кәрі сиырдың мойнындай қыжым-қыжым қара теректің қай бұтағына ұя салу керек екенін ақылдасып, шықылықтап соз таластырып жатпаса не қылсын? Тұла бойыңды анық сезе қоймаған әлдебір қуаныш баурап, күлімсіреп тұрсың. Жылда-жылда қыстан аман шыққан сайын адамдар сияқты бұлардың да тірлік қамына кірісетінін қайтерсің! Бұл не ғажап! Бір тұқым болып алып жылдың төрт мезгілін адамнан бетер білетінін қайтерсің! Тіпті ай мен жылдың қалай болатынын алдын ала болжауға келгенде, бұлар бізден әлдеқайда сергек те сезімтал-ау. Көрмейсің бе, күнде-күнде сабақ, сессия деп жанын жалдап жүріп көктемнің келгенін де білмей қапты. Біз ғой, қит етсе адамбыз, жер тәңіріміз деп кеудеге ұрамыз. Сонда дүние қадірін осы пақырлар құрлы білдік пе? Ертеңді ойладық па? Қолына ойыншық түскен сотқар баладай, біз осы дүниенің басы-көзіне қарамай, тек қиратып, тек сындырып, тек бүлдіргеннен басқа не бітірдік? Ал мына пақырлар... Айналайындар-ай, өздері өмірге қандай құштар! Құп-құртақандай болып алып осы пақырлардың жылда-жылда дүние қапылып бара жатса да, өздерінің болымсыз тірлігіндегі дағдылы әбігерінен жаңылмайтынын қайтерсің!..

Кәрі дүниенің жылда-жылда жастық шағына бір рет қайта қауышып, қайта құлпырып түлеп шыға келген қуанышы, сол күні қолды-аяққа тұрғызбады. Көкірек алып ұшып барады. Әлденені аңсады ма,

армандады ма, алып ұшқан көңіл әйтеуір бұны сол күні алды-артына қаратпай, құстай ұшып трамвайға барған еді-ау! Баруын барса да, бірақ әлгі алып ұшқан құс қанат көңіл аялдамада да аялдауға шамасын келтірмей, жүгіріп ала жөнелген еді ғой! Неге асықты? Қайда асықты? Кімге асықты? Білген жоқ. Тек үш қабат сары үйді көргенде алып ұшқан жүрек аттай тулап ала жөнелген еді-ау! Бірақ, алдында әлде бақыт, әлде сор күтіп тұрғанын білген жоқ-ты. Көшеде кездескен кісілерді таныса да, танымаса да бас жоқ-аяқ жоқ ыржалақтап күле беріпті. Тіпті "қайда барасың?" деген вахтер кемпірге дейін көзіне жылы ұшырап, бұған да ыржың етіп күліпті де үш қабат үйдің үшінші қабатына ұмтылыпты.

Құдай бұған басқаны бермесе де, сирақты берген. Тертедей ұзын аяқ көстеңдеп екі басқышты бір аттап, жоғарыға ұмтылып келе жатты да, кенет... төбеге ұрғандай қалшиып тұра қалды. Құрбы қыздар мен жоғарыдан төмен түсіп келе жатқан Бәкизатқа көзі түскен-ді. Сені Бәкизат та көрген сияқты. Саған көзі түсер-түспесте кірпігін қағып қалды. Тық-тық басып келе жатқан қара туфли күрмеу түскендей кібіртіктеп бөгеле түсті де, қайта жүріп кетті. Қасындағы бір қызды иығынан тартып, құлағына сыбырлап еді, сен анадағы тілі ащы тықылдақ қызды бірден таныдың; оған не деп сыбырлады екен? Е, не деуші еді; бұның сонда тершіген алақанына қыстыра салған Әзімнің орамалын айтатын шығар?

– Айтпай-ақ қой. Түсінем ғой,– деді де, Бәкизат қапталыңа симай тұрған қолыңды сыртынан ұстап ақырын қысты.– Сабаққа дайындалып жатқан шығарсыңдар?

– Иә, солай... Ал, өздерің?..

– Бізде де сол. Жаңағы қыздармен читалкаға бара жатыр едік.

– Онда... Сен бара бер. Мен тек... былай... соғып кетейін деп...

– Келгенің жақсы болды. Енді кідіргенде өзім іздеп барғалы жүр едім.

Сенер-сенбесіңді білмей, қызға күдіктене қарап едің. Шыны сияқты. Бәкизат бұрын істемеген әдетін жасап, осы жолы бас-аяғыңа мұқият қарады да, әлденеге ду қызарды.

– Сен де келмей кеттің...

– Иә, рас... Ке-шір.

– Оқасы жоқ. Ал енді... маған сондай қиын болып жүр, қиналып жүрмін...

Бәкизат ерні дірілдеп, жас құйылып кеткен жанарын қайтерін білмей, кірпігін сабалады да қалды.

– Бәкизат...

– Қайтесің. Көңіл бөлме.

Бұл, әрине, тегін емес. Бұның аржағында қыз жанын қан қақсатып ауыртып тұрған қандай да бір себеп бар. "Үй іші аман ба екен? Бірақ онда жасырмас еді, айтар еді ғой. Әлде... Әзім екеуінің арасы?.. Анада Арал балаларының айтып жүргендері. Апыр-ай, сол рас болмаса не қылсын?"

Бәкизат сырт айнала бере көзін сүртті. Кідіріп барып қайта бұрылғанда, құп-қу бетке күлкі оралды:

– Осы күндері біртүрлімін. Жүйкем құрып жүр...

Шынында да, қан-сөлсіз беттегі кірпіктер сабаудай боп ұзарып жүдеп кетіпті.

– Жәдігер, кішкене... былай... былай бұрылшы!

Қыз ойының ар жағын білмесең де, айтқанын екі етпей сырт айналып бұрыла бергенсің-ді. Сүйтсе, бұл жаңа қыздарға жол бермек боп қабырғаға жабысып тұра қалғанда арқасын ақ борға үйкеп алған екен. Бәкизат арқасын қағып жатқанда, бұл басы айналатын сияқтанды. Осының бәрі әлде түс, әлде өңі екенін біліп тұрған жоқ. Егер өңі болса, басынан кешіп жатқан мына халге нанар, нанбасын білмей тұрғанда, Бәкизат "нан, нан" дегендей, бұған:

– Үсті-басыңа қарап жүрсейші,– деді.

Жасаған-ау, осы қыздың бұрын Әзімге қосылып жуас жігітті жүндеп алғысы кеп тұратыны қайда? Сен түкке түсінген жоқсың. Түс көрген адамдай, аң-таңсың. Мынау өңі емес, түсі боп жүрмесін. Егер, түсі болса, онда басы да түсінде айналып тұрмаса не қылсын? Ендеше өңі қуарған жүдеу қызды да түсінде көріп түр. Сондықтан, кенеттен килігіп жатқан мына ағыл-тегіл қуаныш пен күдіктің үміт пен үрейдің қайсысына ден қоярын білмей, қызға "сен айтып жіберші" дегендей жаутаң-жаутаң қарайтын болар? Бірақ Бәкизат үнсіз. Өңі сынық. Жаңа ғана өңіріндегі түймелерді тартқылап түр еді; енді қараса түймелерді тастай сала, аяғындағы қылмиған қазық өкше туфлидің тұмсығымен табанның астына түрткілеп кетіпті.

– Үйің... Үйіңнен хат аласың ба?

Бәкизат басын изеді. Кезін көтермей, кірпігін сабалап томен қарап түрып қалды. Мына түрі қазір көңілін аулап жұбатпаса, еңіреп жылап

жіберетіндей. Бірақ сен не айтарыңды білген жоқсың. Қайсы бірде темір керуетте түнімен кез ілмей, дөңбекшіп шығатын кездер болатын. Сонда осы қызға кездессем айтар едім деп армандайтын ағыл-тегіл әңгіменің дәл енді қолма-қол керек болған кезде бірі басына келмегеніне таң қалып тұр. Қызды жұбататын жібі түзу бір сөз аузына түспей сасқанда, әлгінде терек басына ұя салып әбігерге түсіп жатқан жаңағы кіп-кішкентай құстардың өмірге құштарлығы есіне түсті. Соны айтқысы кеп оқтала бергенде, Бәкизат:

– Арал балаларынан есіттім. Былтыр күзде шешең келіпті ғой,– деді.

– Иә... Иә, келді,– дедің әңгіменің басталғанына қуанып,– көп болған жоқ. Қаланы бір күн аралатып едім, екінші күні беттемей қойды. "Кентті жұрт қызық-ау. Шіркіндер, ерінбей-жалықпай тасты үйе берген екен?" – деді.

Бәкизат ішек-сілесі қатқанша күлді; әрі-берідесін әлі құрыды ма, әлде әдейі істеді ме, сілесі құрып бара жатқасын бұның иығына қолын салып асылып тұрып күлгені. Бұл жолы да сен түкке түсінбей, бағанағы түстің жалғасын көргендей аң-таңсың.

Бәкизат күлкісін әзер тыйды.

– Елге қайтарда апамның не дегенін білесің бе?

– Иә, не деді?

– Балам-ау, мына қаланың кісілері жұмыс істемей ме? Таң атса бәрі көшеге шығып шапқылайды да жүреді ғой деді.

Соны айта сала қыздан бұрын бұл өзі күлді; былтырдан бері шешесінің сөзін кімге айтса да, басқадан бұрын өзі күлетін боп жүрген-ді. Бәкизат қайтадан ештеңеге зауқы шаппай, көңілсізденіп кірбиіп тұр екен. Қолындағы кітап салған сумканы жоғары көтеріп бауырына қыса түсті де, кідірмей қайта жерге түсірді. Сен ұмтылып қыз қолындағы сумкаға жармастың.

– Биыл оқу бітіресің ғой?– деді Бәкизат.

– Иә, құдай қаласа...

– Құдай қаласа... енді үйленетін шығарсың?

– Ой, ол... Ол әзір болмайтын...

– Неге? Анаңа қолғанат керек емес пе? – деді де, Бәкизат бұған күлкі тепсініп келе жатқан көзін қулана тастады. – Солай емес пе?

– Солайы солай ғой... бірақ оған...

Аржағын айта алмай, сол арада қыз алдында қызарақтап қала берген едің-ау. "Не қылса да,– деп ойлағансың-ды,– әркімнің басынатын бір кісісі болатыны ғой. Әзімнің алдында осы қыздың өзі қысылып, туфлидің тұмсығымен аяғының астын түрткілеп тұрғанын талай көріп еді..."

– Үндеме, сені өзім үйлендірем,– деді Бәкизат. Енді тіпті еркінсіп, арқаңа қағып-қағып қойды.

Бұған орай не деу керек екенін білген жоқсың да, әлгінде арқаңды үйкеп алған аппақ ақ борды алақаныңмен ысқылап кеттің.

– Естимісің, Құдай қаласа, сені өзім үйлендірем.

– Кім?.. Кімге?

Өз даусы өзіне әзер жеткен сияқты еді, сүйтсе, Бәкизат естіпті:

– Қыз көп емес пе?

– Көбі көп қой, бір... бірақ... сол қызы құрғырлар...

– Іркілме, айт. Айта бер!

– Айтсам... Солар қайда?

– Қасыңда тұрған жоқ па,– деп Бәкизат та осы арада әзілге жеңдірмек боп күлді де, бірақ ыңғайсызданды ма, іштей толқып іркіліп барып,– ұнатсаң...– деп күлкісін кілт тыйып, көзінің астымен саған қарады.

Сен болсаң, қыз аузынан құдды үкім есітетіндей есің шығып кеткенді.

– Ұнатсаң... Иә, ұнатсаң маған-ақ үйлен.

Құрсын, құлақ қатты шыңылдап кетті. Таудай тулаған жүрек кеудеде емес, құлақтың дәл түбінде дүрсіл сап жатқандай.

– Әй, Жәдігер... Есітіп тұрсың ба?

Иә, есітіп тұр. Басыңды изедің. Оны өзің біліп тұрсың. Әлдене аяғыңның басына дүрс етіп құлап түсті. Башайың шым етіп ауырып кетті. Ауырсынсаң да бірақ шыдам тауып сумкаңнан ақтарылып түскен кітаптардың басқыштан төмен қарай сатырлап домалап бара жатқанын көріп тұрсың. Бірақ бұның бәрі өңі емес, түсі болғандықтан ба, тұла бойында дәрменсіздік бар. Бәкизатқа да жалтақтап қарап қойды. Өзі білетін Бәкизат болса, көре қал, ол тағы бір пәлені шығарып: "Жігітім, кәне, жүр! Неке қиятын жерге барайық!" деп, жұрт

көзінше қолынан сүйрелеп пәле қылмаса қайтсін.

– Бәтіш... Бәтіш шын... Шын айтып тұрсың ба?

Жалғыз сен емес, Бәкизат та қатты қиналып тұрған сияқты. Албыраған ерні әнтек дір етіп, аузын аша түсті де, тоқтап қалды. Ернін тістелей береді. Қара көз шарасы кеңіп кенет жас толып кетті. Сен сенер-сенбесіңді білмей, көзіңді тас жұмып, іле-шала қайта ашып едің. О, Жасаған!.. Қас қағымда қалай өзгеріп кеткен! Әлдебір тәуекелге бел буған қыздың жанары тайсалмай тура қараған көзінде әлгіндегі мұң да, жаутаңдаған жалыныш та жоқ. Тек тәуекелге табан тіреген адамдарда ғана болатын тағдырдың салғанын сабырмен күткен шыдам бар. Оны сен де көріп тұрсың. Оның не екенін де жүрегің сезіп тұр. Өзіңнен бір саты жоғары тұрған қызға бір ырғып жетіп барғаныңды білген жоқсың. Аблыққан дем алқымыңа тығылып:

– Бәтіш!.. Шын... Шын айтып тұрсың ба?– деп едің, шыдамы таусылған қыз күйіп кетіп:

– Шын! Шын! Шын айтам!– деді де, келеңсіз неме жетеңе әлі де жеткен жоқ па дегендей, тастай қып түйіп алған жұдырығымен сені иығыңның басына ұрды-ұрды да, жылап жіберді.

Құрсын, сонан ары не боп, не қойғанын білген жоқсың. Қашаннан бері сыртқа шықпай, іште булығып келген сезім ақтарылып кетті. Бұл не? Адуын, ақ жын ба? Әлде құйынға айналып кеткен жынды сезім бе? О-хо-ха-ха! Оқыс шыққан оспадар күлкінің оң-терісін де ойлаған жоқсың. Тағы да сондай оғаш қимыл жасап жанында тұрған Бәкизатты жас бала құрлы көрмей көтеріп алғансың-ды. Бәкизат құшағыңда қолаяғы тыпырлап: "Жібер! Жібер!" деп жатыр. Тақа болмағасын жұдырығымен төмпештеп ұра бастады. Сен есіріксің бе, есалаңсың ба, не боп, не қойғанын білмейтін сияқтысың. Бұның аяғы қайда апарады? Неге соқтырады? Ойлаған жоқсың. Сол арада жүрегін кернеп бара жатқан осынау шексіз шаттық, шексіз қуанышты тежемей, тіпті тежегісі келмегендей әлі де болса қарқ-қарқ күліп құшағындағы қызды жоғарыға жүгіріп алып шықты да, ізінше төмен түсіп, жаңа өздері тұрған жерге әкепті. Неге бүйтті? Неге бүйткенін білген жоқ-ты. Бәкизат құшағынан дік етіп ырғып түсті. Қызарақтаған бетіне қапелімде қан ойнап, қара көздің жанары шоқтанып кетіпті.

Әйтеуір ұрыспады. Тек сенің онсыз да елжіреп тұрған іші-бауырыңды егілте түскісі келгендей, қолыңның сыртына алақанымен ақырын-ақырын ұрып еді-ау.

* * *

Бұның күні бойы екі аяғынан сарсылып тұрған жері – Тұщыбас қолтығы. Бүгінгідей бүркеу күн түгіл әдетте ашық күндерде де о

басынан бұ басына көз жетпейтін осынау ішектей созылып жатқан ұзыннан-ұзақ қолтықтың бір беті қашанда көк қатпар шың. Сол шыңдардың барып-барып таусылар жері – Қаратүп. Оның аржағы ұшы-қиырсыз ұлы теңіз. Ашық күндері аңқиып-саңқиып тұратын сол биік шың қазір бас тоқсанның бұлыңғыр ауасында көз ұшында әзер-әзер қылаңытады.

Ал Бел-Аран артта. Қыста да, жазда да теңізге шыққан балықшылар ертеден кешке жалғыз жүріп қарасырағанда әрқашан артта қалған қара жерге назар аударатын. Сонда осы жарықтық көзге түсетін. Бұ да осы өңірдің қарақшылы түйесіндей көнекөз куәгері ғой! Әне, көрмейсің бе, қыс айларында арка беттен қадалып соғатын ызғырық суық желдің жолын кес-кестеп бөгеп жатып алатын осы елдің ежелгі жанкешті кәрісі. Бұл өңірде Бел-Араннан кейін көзге түсетін Қаражар. Ерте кезде осы Қаражардың басында орыс байына жалданған қазақтардың жер қазбалары бопты.

Қазір де сол кездегі адам мекенінің ізі сайрап жатыр: опырылған апан. Қоқырсыған көң. Үйілген күл. Күл арасынан балық сүйектері ақсияды. Қазіргі ұрпақ бұларға көз тоқтатпай тұсынан өте шығады. Тек осы ауылдың көнекөз қариялары мына апандарды түстеп танып, әрқайсысына ат қойып, анау – Кәленнің, анау – Мөңкенің, анау – Достың, ал әне бір Қаражардың ұшар басынан құлап түсетіндей кішілеу апан Судыр Ахметтің үйінің орны деп отырады. Берегірек келіп қартайып дүние салған сол кісілер көзі тіріде Еламан мен Ақбала үйінің орнын дәл бір киелі орындай қастерлеп, анда-санда кеудесін сүйретіп баратын. Сүйеніп келген таяқты жанына қойып, өлі аруаққа бағыштаған дұға ма, жүрек сыздатқан мұң, шер, әлде сағыныш па, әйтеуір көкіректе қордаланған сезімді ескі жұртта қалдырып кететін. Сондықтан болар-ау, әлі күнге балықшы ауылдың кәрі-жасы қолын Қаражар жаққа сілтеп: "күн Кәлен үйінің тұсынан шықты" деп, немесе "жататын уақыт болды, ай, әне, Еламан үйінің үстінен ауып барады" деп, ал, ауа райын топшылаған біреулер "бұлт көбесі сөгілді-ау деймін, жаңа бір жұлдыз Судыр Ахмет қазбасының төбесінен жылт етті" деп отырғандары.

Жә, жер бетінде есіміңді еске алатын жалғыз кісі қалғанша жақсы адамның аты өшпейтіні ғой. Ендеше кісі өміріне шек қойылғанға ренжу қажет пе? Құдіреті күшті Құдай бұл пәниде беттегі ажар мен бойдағы қайратты, жүректегі жалынды сараң қатынның сығымына салып мысқалдап өлшеп берсе берсін.

Кісі жасына қойылатын қатал шек, әрілесе әр ұрпақ, әр буынға, дәуір мен дәуренге қойылса қойылсын, кісі басындағы дәурен сияқты кісі бойындағы қажыр, қайрат пен кісі бетіндегі ажарда да өлшеу мен мөлшер болса болсын. Сайып келгенде соның бәрі күні жеткенде қайтарып алатын кемді күнгі қарыз ғана. Сондықтан тән тозған.

Беттегі бояу оңған. Шоқ жайнаған көздің жанары сөнген. Үлбіреген бетке әжім түскен. Ал соның бәрі баянсыз. Бәрі кемді күн көз алдар, көңіл аулар өлшеулі болғанда, қайта осы мына адам бойындағы сезімнің өмірі ұзақ. Күндердің күнінде жалындаған жастықтың да түбіне жетіп титықтататын ит кәрілік қайрат пен ақылды да тасқа шапқан қылыштай мұқалтып, түйтелеп тастағанда, қайта садағаң кеткір кісі бойындағы сезімнің әрілесе уақытқа да іргесін алдырмайтын беріктігін қайтерсің.

Неге екенін қайдам, Жәдігер бүгінгі кісілерден гөрі баяғыда өткен пақырларды аяды. Олар адыра қалғыр атамекенді гүлдетем деп не істемеді. Болашақ ұрпақ үшін ғазиз басты тауға, тасқа соқты. Жанын жалдап қанын, терін төккенде нені тындырды? Ал бұлардың жүрісі мынау. Бұлардан кейінгі ұрпақ не тындырады? Олардың күні не болады?

Жәдігер күрсінді. Іштен шыққан дем бет алдын буландырып жіберді. Аузын жапқан мұрттың сояудай-сояудай тікірейген боз қырау талдары тереңнен шыққан демнен дір-дір етті. Күні бойы бір орыннан тапжылмай сұлқ тұрған қалпынан қозғалып төңірегіне кез тастап еді, қай жағына қараса да ақ қар, көк мұз үстінде кез тоқтайтын қылау болмағасын ба, назары тағы да соңында шұбалып жатқан ізге түсті. Әлгінде бұл арада өзінен басқа ештеңе жоқ-тұғын. Енді қараса, әлдеқандай кіп-кішкентай құстың ізі қар бетіне жыбыр-жыбыр түсіпті. Ақ матаға төккен әлдебір ұсақ өрнектей үш тармақ із жыбырлап, бұның өзінің ізінің бойымен біраз жарысып барған да, кенет жерге батып, көкке сіңгені белгісіз, ғайып бопты. Бұл аң-таң. Бір темен, бір жоғары қарады. Сүйтіп тұрып желдің көтерілгенін байқамапты. Алды-артында ығы жоқ аңыраған ашық теңіз үсті ызғып түр. Жан-жақ шаңытып мұнарта бастаған.

Жәдігер әлгі кішкентай құсты іздеп көк жүзін көзімен тінтіп түр еді. Кенет кішкентай құс қасынан шықылықтады. Үркітіп алам ба деген қорқынышпен көз қиығын аяғының астына тастап еді; сүйтсе, бір шөже торғай бұл тұрған жерден ілгерілеп озып барып қоныпты. Қарға баурын басып жатыр. Қозғалуға құлқы жоқ; тек бұның назары ауғанын байқап мазасыздана бастады. Кішкентай құстардың тілімен реніште бірдеңелерді шықылықтады да, құдды жас бала қолынан түсіп кеткен доптай баурын басып жатқан жерден қомп етіп ары қарай ырғып түсті. "Не қылса да, бұл пақырды да жер бетіне сиғызбай жүрген бір қасірет болды ғой. Өзі аш па, әлде ауру ма?"

Жел жұлмалаған арқа жүні үрпі-түрпі. Жәдігер ауру торғайды сол көзінің ығымен бағып тұрғанын енді ғана байқап, әлденеге тіксініп қалды. Бәкизат айтса айтқандай, бұның не көрсе де сол кезімен көретіні қалай? Сол тегін бе? Анада да, колхозшылар жиналысында сөйлеп тұрғанда да бұл дәл осылай жүрегі су етіп, аузындағы сөзінен

жаңылып қап еді-ау. Сонда да залда отырған жұртқа көзі түспей, әлдене іздегендей жанары сол жағына жалтақтап қарай берген-ді. Әдепкіде нені іздеп тұрғанын білген жоқты. Сүйтсе, анада Көткеншек Көшен қыршып алып, жерге түкіріп тастаған шұнақ құлағының шұқыршағына жіп қыстырып алып, бұның аузынан шыққан сөзді аңдып, бағып қалған жаман туысының төбе жағы буланған ақ құйқа басына көзін тігіп алған екен. "Сырқат шығармын" деп ойлады. Тек соны мойындатпай жүрген ит мінез болмаса қайтсін? Сол жолы сөзін шаққа аяқтаған еді. Енді, міне, көрмейсің бе... Күн ұзын ақ қар, көк мұзда аяғынан сарсылып тұрып та мезгіл-мезгіл ала көздің қиығы жалт етіп, сол жағына қарап қап тұр. Бәкизат айтса айтқандай, әлгі бір ылғи сол жағынан көрінетін елес бар болғаны ма? Әйтпесе, дәл осы бүгін дүниедегі бар жамандық бір басына үйіліп-төгіліп, жапан түзде аяғынан сарсылып тұрғанда басқа жақтан емес, тек бір жақтан, онда да үнемі сол жақтан ұрланып келе жатқандай болатын себебі не? Басқасы басқа, ал мына торғай... бәсе, торғай екеш торғайға дейін неге бұның сол жағына шықты? Ендеше осы торғай боп елестеп жүрген... Жәдігер басына келген оғаш ойға мырс етіп күліп жіберді. Торғайдан көзін ала бере, тағы да соңындағы ізге қарады.

* * *

Апыр-ай, тірлікте ізі оңалмаған адамның ісі де оңғарылмайтыны ма? Мына ізге қараш. Бұл не деп тұр? Басы иығына түскен ұзын қара кісі осы араға аяғын ілбіп басып келгені айтпаса да көрініп тұрған жоқ па? Жалғыз бүгін бе, бұнан бұрын да бұның соңында осындай сілбу із жатпаушы ма еді? Әсіресе күні бойы теңізден үсті-басы малмандай су боп сілбулеп келе жатқанын көргенде, Бәкизат: "осы ауылдың өлмелі шалы ма десем, сен екенсің ғой?"– деп күйіп-пісетін.

Шал демекші, жұрт бұған бала кезде де шын жасынан артық беретін. Берегірек келгесін бұл тіпті кәрі көрініп, жасы кішілер түгіл, қатарлары да бұны "шал" деді. Оған бұның құлағы үйренген. Тек әйелінің көзінше кемсітпек болғанда қытығына тиетін. Әсіресе, әне бірде Аралға барғанда таныс дәрігер Бәкизат екеуін қонаққа шақырып еді; кеш барып, қысыла-қысыла келген бұларды бұйра бас жігіт күтіп алып тұрып, бұған; "ақсақал, қызыңыз өзіңізден гөрі жеңгейге тартқан ба, қалай?"– дегенде, бұл аузына қапелімде сөз түспеді де, көргенсіз жігітке ала көзбен атып жіберердей ажырая қараған-ды. Қозы Қарын бастаған аудан басшылары тұр екен. Дудар бастың кекесінін олар да есітіп күлкіге булыға қапты.

Сен осы кештің өзіңе жақсы болмасын білдің де, келмей жатып кету жағын ойлап есікке жақын отырғың кеп еді; дудар бас неме бұған: "ақсақал, қарсы болмасаңыз қызыңыз жастардың қасына отырсын" – деп, Бәкизатты төрге апарып, Қозы Қарынның дәл қасынан бір-ақ шығарды.

Қозы Қарын сені шақырып алып:

– Әй, слушай, мынадай перизатты қала қауымына көрсетпей, тығып ұстап жүргеніңе қарағанда, хе-хе-хе... сен, сірә, феодал болуың керек,– деп еді, стол басындағылар:

– Ойбай, айтатыны жоқ, бұл нағыз феодал!

– Әсіресе әйелді қатты ұстайтын көрінеді,– деп бәрі қостай жөнелді.

– Ал, кәне, сен бұнда не қып жүрсің?– деді Қозы Қарын.

– Бір шаруамен...

– Ол не қылған шаруа?

– Шалғай жатқан ауылмыз ғой. Халықтың жағдайы...

– Халық? Балық қайда? План қайда?

– Е-хе-хе... Бұлар планды қайтсін. Планға басы ауыратын сіз ғой,– деді тәшірейген қара жігіт.

– Иә, жастар жұмысқа немқұрайды қарайды,– деді Қозы Қарынмен қатар отырған бурыл бас кісі.

– Нағыз рахат өмір осылардікі,– деді тәшір қара.– Ауыл жалықтырып бара жатса, салып ұрып қалаға келеді. Жегені – ет, ішкені – арақ. Хе-хе... Рахат!..

Қозы Қарын кекірейіп алған. Бағана осында келгенде бұлтиған қарын үстіне саусақтарын айқастырып алған қолы сонан әлі жазылған жоқ; кісі бетіне назарын тіктеп қарамайтын кілмік көздің дәл қазірде қайда қарап отырғаны белгісіз. Алдындағы ас пен стол басындағы кісілер түгіл сол жағындағы Бәкизатты, оң жағындағы өз әйелін көріп те, біліп те отырған жоқ. Тіпті олардың бұл дүниеде бар жоғынан да бейхабар сияқты еді; кенет Бәкизатқа мойын бұрды. Әуелі хе-хе-леп күліп, сосын ақырын тіл қатты; әдетте сен шаруамен алдына барғанда "балық..." "план" дегеннен басқа сөз аузына түспейтін бастықтың осы жолы кәдімгідей аузы-басы қимылдап, сөйлеп жатқанына таң қалдың. Сөйлегенде бұл не дейді екен деп тыңдап еді; кісі жаритын ештеңе жоқ сияқты: "Ыдысыңа ас салып берейін" дей ме... "Прибор әперейін?" дей ме?. Соны сұрамай, өзі біліп істесе, құдды қолы сынып, немесе аузы қисайып кететіндей.

Енді бірде Бәкизаттың құлағына сыбырлап:

– Ас алыңыз. Фигурамды бұзып алам деп қорықпауыңызға болады,– деп хе-хе-леп кетті.

Аржағында отырған әйелі қызарақтап, мазасы кете бастады:

– Саған не болды. Асың суып кетті. Мына жұрт саған қарап отыр ғой.

Үй иесі тост көтерді. Басқалар сияқты бұ да сөзін Қозы Қарынға арнады. Өзінен бұрынғылардан мақтауын асырғысы келіп еді, бірақ ойын жеткізетін оңтайлы сөз аузына түспеді де, абыржып сасып тұрып "кемеңгер, данышпан басшымыз үшін... кәне, жолдастар, бәріміз түрегеліп тұрып алып жіберейік"– деді. Соған ұқсас талай тост болды. Осыдан бұрын да Қозы Қарынмен екі-үш рет қонақта болғаны бар. Соның бәрінде де дастархан басындағы жұрт Қозы Қарынға есі шыға елпілдеп жатқанда, ол кілмік көзін бір жаққа салмай, кекірейе түсетін.

Ол кекірейсе, қалған жұрт есі қалмай, асты-үстіне түсіп, өліп-тіріліп, көз біткен осыны көріп, құлақ біткен осыны тыңдап, ықылас, пейіл тек осының үстінде болатын. Қошемет, қолпаш тек соған айтылатын. Қол соған соғылатын. Бұл күнде соған құлағы үйреніп алғаны сонша, осы күні бұл өзін жер-көкке сиғызбай мақтаған әлгі көлгір жұрттың өтірігі қайсы, шыны қайсы екенін айырудан қалған-ды.

Сол Қозы Қарынға сен қазір қайран қап отырсың. Оның әншейіндегі паңдығы қайда? Оның ана тарақтап алған қолына бір жалпылдақ жүгіріп барып пышақ, вилка ұстатқанша саусағы жазылмайтыны қайда? Жоқ, бүгінгі Қозы Қарын бұрынғы Қозы Қарыннан мүлде басқа. Әне, әдемі көршісі сөзден тартынып, тұйық отырғанына қарамастан оған қайта-қайта еңкейіп алдына тәрелке ысырама-ау... Тәрелкесіне тағам салғысы келеме-ау... "Ас адамның – арқауы, ас алыңыз!" дейме-ау... Тағы бірде кекірейген бойын әдемі көршісіне қайта иді. Бұл жолы лак жаққандай жылмиған жып-жылтыр әжімсіз бетіне күлкі жүгірді:

– Сіздей оқытушылар қаладағы мектептерге де керек...

– Әйел жайы белгілі ғой, азаматы қайда болса, біз де сонда боламыз.

– Жәдігерді де алдыруға болар еді. Бірақ, әне, өзі айтсын, планы нашар.

– Демек, сылтау бар деңіз.

– Неге?.. Жоқ, бикеш... Шыдасақ, айналайын, планды белден басып, өзіңді бұнда күйеуіңмен қоса алғыза аламыз. Солай ғой, ә!– деп Қозы Қарын бурылбасқа қарап еді.

– Әрине, Сіз айтсаңыз... Қолыңызда ғой, алғызасыз да қоясыз,– деді бурылбас.

Бурылбас бұрын бұндай емес-ті. Бұрын ол ешкімнің ығымен жүрмейтін өз пікірі бар кісі болатын; қайсы бір келелі мәселе тұсында

оның тіпті Қозы Қарынға да қарсы шығып, қасарысып отырып алатын көк беттігі жұртқа ұнайтын.

Пенсияға жасы келгелі бұл сорлының да қажыры қайтып, Қозы Қарынның қас-қабағына қарайтын бопты.

Мына арадан тезірек кеткің кеп отыр. Апыр-ай, тостар қандай көп. Жұрт не деген жәдігөй, көлгір. Ал мына жұртқа тос беріп отырған бұжыр қара не деген көбік ауыз! Қозы Қарын болса-болмаса да Бәкизаттың құлағына жабысып алған. Кілмік көзге кәдімгідей ұшқын пайда боп, жанары тіріліп қапты. Бағанағыдай емес, қазір Бәкизат та батылдана түскен бе, қалай? Қайта-қайта құлағына еңкейіп жатқан Қозы Қарынға қарағанда оның да көзі шоқтанып, жанары жалт-жұлт етеді.

– Бастықтың бәрі бір екен-ау. Жылы сөзбен алдап-сулап шығарып салуға үйреніп алған.

– Жоқ! Жоқ, докажу... Алғызам дедім, алғызам.

Бәкизатқа қайтайық деп құлақ қағыс қылып еді, ол ұзын столдың аржағынан қылжақтаған әлдебіреулерге күліп, сенің қыңқылыңа құлақ аспай қойды. Амал қайсы, шараң құрып, жіпсіз байланып отырсың. Бұндағы жұрт сенің бар-жоғыңды ұмытып кеткен секілді. Әлде қалай ұмыта қоймағандар болса, олар да кеш бойы сұлу келіншектің бір жағына түн орнатып түсі кірмей тұнжырап отырған сенің түріңе тіксініп қарайды да, сосын көзін сенен тайдыра бере мырс-мырс күледі.

Ал Қозы Қарын көңілді. Әрі-берідесін, ол тіпті аржағында аузы-басы бұртыңдап отырған өз әйелінің ашуын да жыр демеді. Бұрынғыдай емес, Бәкизатқа тіл қатқанда аузына да қайдағы бір қылжақ сөздер түсе бастады:

– Анада осында астанадағы атақты жерлесіміз келді емес пе...

– Атақты? Ол кім?

– Әз-ағаңды айтам. Ой, ол керемет қой! Осында біраз дуылдаттық. Бір отырыста, Әз-ағаң: "Жігіттер, өз әйелің сұлу болғаннан көрі, көршіңнің әйелі сұлу болғаны дұрыс" деген-ді. Тауып айтқан жоқ па, а? Ха-ха...

Байқап отырсың, дастарқан басындағы қайсы біреулер жымыңдап саған қарап қапты. Сен көңіл бөлмеген сыңай аңғартып, сазарып алғансың-ды. Қозы Қарын тағы да Бәкизаттың құлағына аузын апарып:

– Сіз отырған дәл осы орында, сіздей болмаса да, өз заманында көл шайқаған бір сары торы келіншек отырған-ды. Әз-ағаң сөз таппасын ба, әлгі әйелдің бас-аяғына осылай бір қарады да, "әттең дүние-ай, осыдан бес-алты жыл бұрын кездескенде туфлиіңізбен қоса жұтып қойғандай екенсіз" деп еді. Қалай, а?!

Мына сұм бұны саған тигізіп айтты. Жұтқалы тұрған тамақ жұтқыншағыңда тұрып қалды. Шай ұрттап жібергелі ілгері созған қолың кесені ұстай бергенде, қалтырап кетті де, коньяк құйған рюмканы қағып, төгіп алды. Шыны шылдыр етті. Шүпілдете құйған коньяк ақ дастарқанға лақ етіп ақтарылып, кісілердің үстіне шашырады.

– Оқасы жоқ,– деді бурылбас.

– Где пьют, там льют;– деді Қозы Қарын күліп.

Осы кештің жақсылыққа апармасын жүрегі құрғыр сезген еді-ау. Кеткің кеп әзер отырсың. Кетейік деп қыңқылдай бергесін бе, Бәкизат келесіде тіпті сенімен ісі болмай, аржағында отырған Қозы Қарынмен шүйіркелесіп кетті. Осы әйелдің қазіргідей кісі басы құралған жерде еркектерге өзінің құдіретін көрсеткісі кеп, шайтаны қозып кететін әдеті бар. Сондайда әсіресе батылдана түседі, күлкісі сыңғырлап, қара көзі жайнаңдап, жарқылдап шыға келгенде, е, ол кезде қандай ұстамды еркек те өзін ұстай алмай қалатын-ды.

– Жігіттер, кәне билейік. Музыка... Музыка қайда?– деді Бәкизат.

– Маладес!... Ай, маладес! Кел, екеуміз...

– Жоқ! Әйеліңізбен билеңіз!

Сүйдеді де, Бәкизат өзін биге шақырып, емешесі үзіліп тұрған Қозы Қарынды көрсе де, оған қайрылған жоқ; қайырылмақ тұрсын назарын да салмастан бұрылып жүре берді. Сен әйеліңнің бұнысына ырза боп, айызың қанып тұр.

Жаңа Қозы Қарынды көзіне ілмей, сырт айналып жүре берген Бәкизат көп қонақтың ішінде қайдағы елеусіз біреумен билеп кетті. Бір-екі айналғасын оны тастай сала, келесі бидің кезегінде әне-міне пенсияға шығады деп жүрген бурылбаспен биледі.

Басқа ермек таппағасын сен альбомдағы суреттерді қарап отырғансың-ды. Би бітті, ту сыртыңнан шыққан аяқ дыбысын есітіп атып тұрдың.

– Қалай, саған көңілсіз болған жоқ па?

– Қайтайық!..

– Қой. Жүр, билейік!

– Аяғыңды басып...

– Апырай, бұндай да күйеужанды боларсыз ба?

Қозы Қарын анадайдан күлімсіреп келді де, әй-шәйге қаратпай Бәкизатты биге әкетті. Кетіп бара жатып кілмек көздің қиығын альбом қарап отырған саған тастады да, сосын Бәкизаттың құлағына еңкейді:

– Мына сабаз аяғыңды аз баспаған болар?

Бәкизат Қозы Қарынды итеріп жіберді. Оны сонан кейін бойына жолатқан жоқ. Бірде қатарласып, бірде бетпе-бет қарама-қарсы тұра қап, бірін-бірі қайрап жанып жүр. Қозы Қарын құшақтайын деп ұмтылса, Бәкизат сықылықтап күліп, оның кейде оң, кейде сол иығынан айналып, құшағынан сытылып кете береді.

Құрсын, уақыт өтпей қойды. Сағатқа қанша қараса да, қастан шықпағыр біреу аржақта сағаттың қысқа тілі түгіл, әншейінде аттай шапқылап тұратын ұзын тілін де тырп еткізбей ұстап тұрғандай.

Тыныш кетті. Төзім таусылды. Тізеңде жатқан мақпал тысты альбомның бетін құр ашқаның болмаса, көз тоқтатып қарап отырған жоқсың. Өзің білмейтін әлдебіреулердің жұптасып екеуден, үшеуден, төртеу, бесеуден шоғырланып түскен суреттердің ешқайсысына көңіл аударған жоқ; олар да әдетте ығы-жығы қаланың көшесінде топырлап өтіп жататын бейтаныс кісілердей.

– Келініңіз екеуміздің студент кездегі суреттер ғой.

Қасына кеп қатарласып тұра берген үй иесі жігітті жаңа байқады. Альбомды сарт еткізіп жапты да, орнына апарып қойды.

– Жәдігер аға, мен де сіз сияқтымын. Жұрт билеп жатқанда мен де сіз құсап альбом қараймын.

Шынында да, мына дәрігер жігіттің саған ұқсайтын бірдеңесі бар сияқты.

Бәкизат ұзақ биледі. Екі беті алаулап қызарып алған. Пластинка бітіп бара жатса, Қозы Қарынның құшағынан сытылып шығады да, жүгіріп барып басынан қайта қояды. Бір рет қоярда қоймай сені де сүйрелеп ортаға алып шығып еді, бірақ бір айналуға келмей "ой... ой, аяғымды бастың"– деп, сені итеріп жіберді де, Қозы Қарынның құшағына қайта кірді. Қапырық үйдің іші биден кейін тіпті қайнап кетті. Бас-басына жетпегесін қатар отырған екі кісіге бір сүлгіден тастаған-ды. Енді қараса, Бәкизатпен екеуіне тастаған сүлгіні Қозы Қарын алып, терін сүртіп жатыр екен. Сен үндеместен сүлгіні оның

қолынан жұлып алып едің, Қозы Қарын саған кілмік көздің қиығынан алара қарады. Сен де жасқанбай, алақандай ала көзің ақырайып қарсы қарағансың-ды.

– Әй, мынау неге ажыраяды?

– Немене, қарауға болмай ма?

– Жоқ, жайдан жай ажырайған жоқсың. Білем, аржағыңда айта алмай тұрған бірдеңең бар.

– Болса болар...

– Онда, давай айт!

– Несі бар. Айтсам айтам,– дедің де, сен атып тұрдың. Стол басындағы ала-жабыр сап боп тиыла қалды. Жан-жақтан аңтарыла қараған кісілердің сен бірде-біріне назар аудармай, Қозы Қарынға жетіп барғансың-ды.

– Шынында да, сізге айтуға ыңғайы келмей жүрген бір шаруа бар еді.

– Онда айтпай-ақ қой! Сенің шаруаңнан шаршадым.

– Жоқ, тыңдаңыз...

– Тыңдамаймын. Тым құрыса, қонақта отырғанда маза берші.

– Ана жақта халық ауыз судан қарап қалды...

– Е, сен енді... су мәселесін арақ ішіп отырғанда шешпексің бе?

Қозы Қарын кеудесін көтеріп, кеңк-кеңк күлді. Сосын: "Қалай, тауып айттым ба?" деп қошемет тілегендей, стол басындағыларға қарап еді, бастық не айтса да құлдық ұрып отырған қошеметшілер бас шұлғып шу ете түсті:

– Мірдің оғындай болды.

– Қатырдыңыз.

– Иә, сазайын бердіңіз. Бәлем, өзіне де сол керек. ІІІаруа... Шаруа деп... Ал шаруа керек болса...

Қозы Қарын көңілді. Тек он иығының тұсында түнеріп тұрған сені ары итеріп:

– Бар... бар! Орныңа бар!– деп еді, сен тұрған жеріңнен тапжылған жоқсың.

– Өтінем, бұрғышы жіберіңіз. Тез арада тұщы судың көзін таппасақ, халыққа қиын болғалы тұр.

– Ау, анада тұщы судың көзін таптық... тұщы су шықты деп шулағандарың қайда?

– Шығуы шыққан. Бұрғышылар бес жүз жетпіс метрден су шығарып, халық қуанып, шалдар құрбандық шалып шуласқанбыз.

– Безобраз. Қазіргідей ет жоқта, бұлар, әйтеуір, бір сылтау тауып мал сояды да жатады.

Бастыққа жақын отырған бурылбас дереу қостады:

– Бұлар бала піштірсе де, қой сойып құдай жолы беретін көрінеді. Жын-шайтан, черт знает что...

– Безобраз. Сенің аулыңа бұрғышы емес, үгітшілер бригадасын жіберу керек.

– Үгітші өзімізде де жетеді. Бізге бұрғышы...

– Бұрғышыны қайтесің, әлгі құдай жолының суы бар емес пе?

– Онан түк шықпады деп отырмын ғой.

– Жаңа су шықты дегенің қайда?

– Теңіз тартылғалы топырақтың құрамында тұз көбейіп, тұщы судың көзі ары кетіп жатқан жоқ па. Басында біздің мәз болғанымыз, шамасы, сірә, бір кездегі тұщы судың үзіліп қалған азғантай сарқыншағы болуы керек. Бірер атқылады да, ертеңіне кермек татып ащы суға айналып кетті.

– Құдай жолыны аз берген болдыңдар ғой.

Стол басы тағы ду күлді. Қозы Қарын сұлу көршісінен де қошемет дәметкендей, Бәкизатқа бұрылып еді, Бәкизат көзін төмен сап тұйық отыр. Әлгі бір қытықты әңгіме тұсында түсін бермей, өңін билеп қалу оған да оңайға түскен жоқ-ты.

– Сонымен... бұрғышы жібересіз бе, жоқ па?

– Көрерміз.

– Жоқ, сіз...

– Әй, сені бұрын сөйлете алмаушы едік қой. Қарай ғой, өзі тіріле бастады. Тамада, давай, келесі тосты осыған берші. Көрейік, сөйлесін.

Ішерін ішіп, жерін жеп, енді тек ермек қайдан табылар екен деп, желеу іздеп отырған жұрт қуанып кетті. Қозы Қарынды қостап шыға келді. Бұл ызалы еді. Тосыннан сөз бергенде аузына сөз түспей, қолындағы рюмкаға қарап тұрып қалды. Стол басы сілтідей тына қапты. Алғашында "не айтар екен" деп демін ішіне алып отырған кісілер үнсіздік ұзағасын шыдамы таусылып, қозғалақтай бастады. Қайсы бір шыдамсыздары қасындағы көршісіне бұрылып, аузына сөз түспей, көзі алақтап, сасып тұрған бұны ымдап мырс-мырс күлді. Сен Бәкизаттың да оты бетіне шығып отырғанын көрдің. Абдырап сасып тұрғанда аузына қайдағы бір келіспеген сөз түсіп: "Қасиетті Кәрі Арал үшін... Кәне, сол үшін... түрегеліп..." деп тоқтап қалды. Онсыз да өзін әзер ұстап отырған кісілер қыран-топан. Әсіресе Қозы Қарынның құдайы беріп:

– Маладес! Маладес!– деп, ішегі түйіліп жатып та бұны өп-өтірік арқасына қағып-қағып қойды. – Маладес, Ай, маладес. Сенің, сірә, түнде ұйықтап жатқанда да түсіңе Арал кіретін шығар? Ай, маладес! Маладес! Айттым ғой, бұл Демоспен, Аралдың Демоспені, ха-ха-ха!

Сен қолыңдағы рюмка қалтырап бара жатқасын жалма-жан столға қойғансың-ды...

* * *

Ыстық астан кейін қонақтар сыртқа шықты. Біраз бой жазған соң ішке қайтып кірсең би басталып кеткен екен. Бәкизат Қозы Қарынды тастап, ұзақ уақыт бағана өздерін күтіп алатын ши борбай шегір көз сыптығырмен биледі.

Неге екенін қайдам, осы шегір көз, ши борбай саған салған жерден ұнаған жоқ; әсіресе, оның жас шамасы өзімен қатар болғанына қарамастан қонақтардың ішінде бұғағы, не қарны барлардың бәрін "аға" деп, ал бұны біресе "ақсақал" деп, біресе Бәкизатқа әке ғып қойғаны тіпті жынына тиіп болды. Оны Бәкизат байқады ма, жоқ па белгісіз, әлде әйел батылданғанда қаласа күйеуінен де айылын жимай көзді жұмып жіберетін қайсарлық па?

Бағана байқаған-ды. Осы ши борбай әйеліне ұнап қалған сияқты. Столға отырғасын сенің көзіңді ала бере оған екі рет бұрылып қарады. Алғашқы қарағанда сенің иығыңның тасасынан қара көздің жанары жалт етіп қысқалау назар салып еді; екінші жолы қонаққа келер алдында ерінбей-жалықпай әр талына бір-бірлеп бояу жағып, күйлеген қаншықтың құйрығындай қолдан қайқайтып алған сабаудай ұзын кірпік астынан назарын тіктеп, ұзағырақ қараған-ды.

Өй, өтіп бара жатқан өмір-ай!.. Сонан бері де... Тоқта, сонан бері алты ай. Иә, аттай алты ай! Сол алты айда бұл қанша оқиғаны бастан кешті? Сұм дүниенің адам түгіл, атан түйе көтермейтін ауыр бейнеті мен

азабын тартты? Мына жалғанда бұл ішпеген у мен дерт қалды ма?

Басқаны қойғанда, сонан бері сен Амударияда кісілеріңмен бір ай қостанып жатып, тұщы суға құлаған лай балыққа қарық болдың. Ілешала орталарыңды ойсыратып жиырма бес үй көтеріле көшті. Онан қырдан босқан қара құрттай киік теңіздің ащы суын ішіп, үйір-үйірімен қырылғанын көргенде қан жыламады ма? Онан Сырдария. Қылшылдаған қара суық. Ызғыған қамыс қос. Қатын-баланың көз жасы ма... Әлде, ата-баба, аруақ қолдады ма, әйтеуір сәті түсіп қамау судың балығына қарық болды. Сонан бұлар іші-сырты майланып, қуаныш қойнына симай қатын-балаға құстай ұшып келгенде... О, Тәңірі!.. Тас бауыр тағдыр, саған мен не жаздым? Кісіге қылдай қиянатым болып па еді? Мен шеккен азап пен мен көрген мазақ аз болып па еді? Бұрынғы қайғыдан бүгінгі қайғы асып түсіп, адам көтермейтін зіл батпан салмақ жанымды жаншып, жер қылғандай қорлап мен қай қылығымнан жазықты болдым? Естимісің, Құдай! Уа, естимісің?

Жәдігер қалшылдап алақандай ала көздің шарасы жасқа толып, иегі кемсеңдеп кетті. Ертеден бері жанын баурап, көзін арбап алған мына ақ қардағы ізден назарын алып, бүгін ертеңгісін кеп тоқтаған бір орында екі аяғынан сарсылып түр. Міне, түс ауды. Күн кешке тақады. Бұл осылай тұра бере ме? Өзін қаумалап өріп кеткен мына ашқарақ ойда шек бар ма? Бел-Аранның үстінде үйірілген суық сүр бұлттай бұл байқұстың басын шырмап, жанын итке талатқандай азаптап, у үстіне уды іше бере ме?

Апырай!.. Апырай, пәле неден басталды? Кімнен басталды? Сен бе? Ол ма? Жоқ, онда кінә жоқ! Рас, ол астанада болғанда қыз кезінде сүйген, әлі де сүйетін жігітпен... кемді-күн ойнап күлген азғантай қызығын көре алмай... ішің күйіп қызғанып... сорлы әйелді өлтіре жаздадың. Бишара әйелді бетіне күле қараған еркектің бәрінен қызғанғаныңа жөн болсын? Аралда таныс дәрігердің үйінде қонақта болғанда Қозы Қарын мен әне бір үрпек бас, шегір көз, сыптығырдан қызғанып бұлан-талан боп... Қырсық қылғанда, сол күні Қозы Қарын мен ши борбай неменің Бәкизатты кезек-кезек биге шақырып, кенедей жабысып алғанын қайтерсің. Бірақ, соған бола әйелді жазғыруға бола ма? Билегенде не тұр? Қонаққа барған әйел мен еркектің билемей қалған жері бар ма? Аузына арақ тисе, құйрығы құрт түскендей қылмыңдап қоя беретін әдет емес пе? Билемесе ішкен асы бойына сіңбейтін жастар түгіл, алдына кебеждей қарын өңгерген осы күнгі қазақтар да қойқаңдап ортаға түсе кететін боп жүрген жоқ па? Сол жолы да бір-екі рюмка ауызға тигесін жастардан да бұрын кебеже қарындар желігіп, тақтай еденнің шаңын бұрқылдатып ала жөнелгенде-ақ бұның аяғы бір пәлеге апарып соқтырмай қоймасын білген еді-ау! Түсі демде бұзылып түнере бастағанын елден бұрын байқаған үй иесі шыбыжықтап қасынан кетпей қойды.

– Жәке,– деді бұған,– бір жерің ауырып тұрған жоқ па? Дәрі берейін бе?

– Жоқ...

– Бәлкім, жүректің дәрісін?..

– Жоқ. Жоқ, ештеңенің керегі жоқ...

– Апырай, ә?..

Әлі де болса қалбалақтап қасыңнан кетпей қойған үй иесі жігіттен құтылудың есебін таппағасын, сырт айнала бере Бәкизатқа бұрылып еді, әйелі жаңа ғана қасында тұрған сияқты еді, енді қараса ши борбай, сыптығырдың құшағында кетіп барады екен.

Е, Құдай, осыларды да еркекке теңестірем деп әлек боп жүрген большевиктерде ес жоқ; еркекке теңесіп қайтеді? Әйел болғаннан есесі кетіп жүрген ұрғашыны көрген жоқ; әсіресе Бәкизаттың еркектермен теңесуге тіпті құлқы жоқ. Әне, басқа әйелдер есебін тауып түздегі қылығын күйеуіне білдірмей тасаға тығылып жасырып істесе, бұл жазған ұрғашы екенін жұртқа жариялап болады. Оны сенен де жасырған жоқ еді. Е, ол қашан етегі ашылмаған періште боп тымпиып отырып еді? Аралда қонаққа барарда да соңыра қайткенде жұрт назарын аударам деп әлекке түспеді ме? Сен: "ау, кеш қалдық қой, болсайшы" деп асықтырғанда да, шар айнаның алдынан кетпей, көлбеңдеп тұрып алмап па еді? Әуелі сояудай қып-қызыл тырнақтарына қарады. Онан ақ борық саусақтарына, құлағына, мойнына соңыра сұғанақ көздердің жанарын тартып жаутаңдатып қоятын бар-бар жалтырақ пен жылтырақты тағып сәнденіп баққаны қайда? Соның бәрі аз болғандай, енді бір кезде айна алдына ентелеп отырып алып, осы жасқа келгенше сенің не атын, не затын білмей-ақ қойған қап-қара қоймалжың бірдеңені сабаудай кірпіктерге әрі-бері жаққанда әр талы құдды күйлеген қаншықтың құйрығындай қайқайып шыға келмеді ме? Сен: "келістің" деп кіржің етіп, қабағыңды қарс жауып алдың. Жол бойы қасыңда қазық өкше туфлиді қыдың-қыдың басып, құшағыңа кіріп жабысып алған әйелдің қара көзі жаутаңдап, қайта-қайта жалтақтап қараған жанары да жаныңды жадыратпаған-ды.

Оның үстіне ши борбай, сыптығыр неме кеш бойы құдды ешкі емердей Бәкизатты баурына қысып, жабысып алды. Стол басында да тар жерде тілмен айтуға болмайтын әлденені Бәкизатқа көзбен ымдап, бірін жеткізіп, бірін жеткізе алмай әлекке қалып болды. Сен де соны байқап, ыза мен қызғанышқа булығып, қашан кете кеткенше іштей әбігерге түсіп болғансың-ды.

Стол басы ала жабыр. Бірінен кейін бірі тост көтеріп сұңқылдап

жатқан мына шуылдақтардың бір сөзі миыңа кірген жоқ. Тек әлдебір желөкпе, қызбалау қонақ Қозы Қарынды мақтай келе: "ал, кәне, алып жіберейік!" деп қынаулап дауыс көтергенде, стол басындағылардың жаны қалмай атып-атып тұрғанын көріп, сен де орныңнан лажсыз тұрғансың. Бірақ біріне – су, біріне – арақ құйған алдыңдағы рюмка, фужерлердің қайсысын ұстарыңды білмей дағдарып қаласың. Және он үш жыл ескек, таяу болмаса, дәл мынадай қылмиған құмырсқа бел шыны шөлмек ұстап дағдыланбаған қол қалтырап әлек-шәлек.

Көз қиығың Бәкизатта. Бұл жолы Бәкизат ұзын столдың аяқ жағында отырған үрпек бас, ши борбайға көз қиығын да салған жоқ. Ішіп-жеуден аузы босап, тағы бір үзіліске шыққан қонақтар тоқ басқысы кеп әйел, еркек екеу-екеуден жұптасып биге түсе бастады. Сен шам жарығы аз түскен ала көлеңкелеу шетте Бәкизатпен әлгі ши борбай кәйтер екен деп тұрғансың-ды. Шиборбай шегір көзі жылтыңдап жан-жағына қарады. Бәкизатты көріп жымың етті. Жетіп барып, аяғындағы табанына балшық басқандай сіре қарыс бәтенкенің өкшесін өкшесіне сарт еткізді. Үрпек басты қыз алдына сылқ еткізе иіп биге шақырып еді, Бәкизат ләм деместен бұрылып жүре берді. Енді сен жымың еттің. Көре қал, ол қазір қонақтардың ішінде елеусіз біреуге барады. Әне, айтпады ма, май балақ қатыны екеуі бір шетте оқшаулау тұрған жуан қара қазаққа барды. Жаңа столда отырғанда басынан қалпағын алмаған-ды. Және етті жұрттың бәрінен көп жеген-ді. Арақты да көп ішкен-ді. Енді қазір аузын ашып, азу тісін шұқып тұрғанда, Бәкизат оған жетіп барды да, тісін шұқыған қолын тартып алды.

– Ақсақал, ұят болады,– деп еді.

Жуан қазақ:

– Шырағым, оны біз қайдан білейік,– деді де, сосын қасында басындағы жаулығының шетімен аузын басып тұрған әйеліне қарап,– қатын, есіттің бе, тіс шұқыған ұят деп тұр. Қалаға келгенде есте болатын нәрсе екен,– деді.

Бәкизат сонан кейін де қарап тұрмай, жуан қазақтың қабақтай қарнын түртіп қап:

– Ағасы, жаяу жүру керек қой. Ал сіз, сірә, машинадан түспейтін боларсыз?– деп еді.

Анау:

– Айналайын, оның рас. Әй, қатын, естимісің, мына бала көріпкелі бар ма, дәл тапты,– деп мәз боп қасындағы дәл өзіндей қарынды әйеліне қарап кеңк-кеңк күліп жатқанда, бұлардың сырт жағынан жымсиып келген әлгі шиборбай, сыптығыр Бәкизатты шынтағынан

ұстап қатарласа берді:

– Ғафу етіңіз! Қарындас, биге шақырам.

– Мен, бәлкім, сізге апа болармын.

– Ой, жаса! Әй, қатын есіттің бе, мына қыз ақырында пәле боп шықты. Жігітті қатырды.

Сүйдеді де, кеңк-кеңк күлді. Сосын кентті жұрттың үйтпе-бүйтпесі есінен тарс шығып кетіп, тісін шұқығалы қолын аузына апара бергенді. Бәкизат шап беріп білегінен ұстай алды. Сосын қолын тырп еткізбей темен басып тұрды да, қалпағы қоқырайған жуан ірі қазаққа бойы жетпей бара жатқасын өкшесін көтеріп, оның құлағына бірдеңе деп сыбырлап еді; жуан қазақ бұған да мәз болды. Бұл жолы да кеңк-кеңк күліп әйеліне бірдеңе деп еді; әйел мырс етіп қолындағы жаулықтың шетімен аузын баса қойды. Не дегенін сен есіткен жоқсың. Бірақ не дейді дейсің, мықтағанда: "Әй, қатын, мынау маған тісіңе бір қойдың еті кірсе де шұқытпаймын. Қолыңды осылай ұстап тұрам дейді"– деп, келеңсіз бірдеңені айтып кеңкілдейтін шығар.

Оның сөзі де, өзі де қаперіңе кіріп шыққан жоқ. Екі көзің әлі де Бәкизатта. Сосын Бәкизаттың біресе оң жағына, біресе сол жағына шығып ыңылдап жүрген әлгі шиборбай, сыптығырда. Қалай ыңылдаса да Бәкизат көңіл бөлмей, бұрылып кетіп жүр. Бәкизат өзі ұнатқан еркекті емешесін үзілтіп ынтықтыра түсу үшін де әдейі өститін. Осындай көрсеқызар еркектердің ықыласын өзіне аударып алғанша қызық үшін арбап қылымсып бағады. Сосын оның ес-түсі қалмай жүрегін ала жүгіргенін қалай көрді, солай өзгеріп сала беретін. Кейде, әлгінде шиборбай, сыптығырға көңіл бөлмей қойғанындай діңкесін құртса, енді бірде онымен балаша ойнап "тю-тю!" деп сұқ саусағын тұмсығының алдынан бір-екі безейді де, түк демей жөніне тартып кете береді. Сондайда не істерін білмей жүйкесі құрып тұрып қалған әлгі немеге, керек десе, бұрылып та қарамай, басы қайқайып кетіп бара жатқан мына келіншек саған әрқашан көкте қыранға, жерде құмайға ілдірмей, құйрығы бұлаң етіп шатқалға кіріп құтылып кете беретін қырдың қырық айлалы түлкісі сияқтанатын. Осы жолы да сүйтесің-ау деп ішінен ырза боп тұрған-ды.

Жоқ, үйтпеді. Шиборбай, сыптығыр неменің құшағына күлімдеп кірді де, екі қолын иығына салып билеп кетті. Сол күні жазбастан сонымен биледі. Байқап тұр: сымпыс неме билеп жүріп аузын Бәкизаттың біресе ана, біресе мына құлағына апарады. Ыстық дем құлағын өртей ме, әлде еркек шіркіннің осындайда ұнатқан әйелге емешесі үзілгенде не айтатынын білгесін бе, Бәкизат онан құлағын алып қашады. Бірақ сымпыс жабысып алған. Әне, тағы да құлағына төніп еді, Бәкизат бұл жолы тыңдауын тыңдады. Бірақ тыңдап алғаннан кейін не әрі-не бері ештеңе демей, өзінің еркекті кейде ұзын

арқан, кең тұсаумен ұстағысы келгендегі әдетпен сықылықтап күле берді, күле берді.

Қонақтар көңілді. Жаңа ғана дастарханнан тұрған кісілер ет пен шайға іші-сыртын сықап алған. Бәрі де буы бұрқырап, қызара бөртіп, билегені билеп, билемегендері үйездеген жылқыдай үйір-үйір боп, анда да гу-гу, ду-ду, бұнда да гу-гу, ду-ду, сосын ха-ха... а-х-ха... Солардың арасында жалғыз сен теріңе симай тырсиып алғансың-ды. Есіл дертің мына дырду тезірек бітіп үйге қайту. Қызара бөртіп алған мына қонақтар мен ана Қозы Қарын, сосын әлгі үрпек бас, шиборбай, сыптығыр неменің қонақасыдан әлі де олқысы болса столға отыра қалып тағы да толмаған жерін толтырып керелеп ішіп-жеп, тезірек кетіп, тезірек үйге жету. Онан басқа ой басына келген жоқ. Шыдамы құрып ширыққаны сонша бір орында тақат тауып отыра алмай сыртқа шықты, ішке кірді. Іштегілер буы бұрқырап бабына келіп алған. Қасына жақындасаң бәрінен еттің, арақтың, сосын тердің исі аңқып қоя береді. Ана жақта ішетін, жейтіннің әлі де үйіліп тұрғанын көрген кісілердің жуық арада тарайтын түрі жоқ. Сен бұрынғы бұрынғы ма, енді тіпті шыдамың құрып кімге, қалай тиісудің есебін таппай ширығып тұрсың. Осы жиын түбі бір тарап, түбі үйге бір жетсе, табалдырықтан аттап ішке кірсе, бұл есікті ішінен тарс жауып алар еді де, әй-шәйді қойып неке қағазды столға салар еді. К черту, ажырасады. Иә, ажырасады. Бұдан артыққа төзер жай жоқ. К черту!

Иә, кіжінудей-ақ кіжінді. Бірақ... Сонан не шықты? Кіжінген күйі үйге келді. Міне, табалдырықтан аттады. Үнсіз томсарып алған екеу ішке кірді. Жаңа бір бүлікті бастағалы үйге жеткенше шыдамы қалмай ширығып келсе де, бірақ үйге келгесін бұған бірдеңе көрінді. Кереуіттің аяқ жағында тұрған орындыққа басын ұстап отыра кетті. Бәкизат қасыңа кеп еңкейіп бетіңе қарады. Сосын қолын иығыңа сала бергенде, сен қиқаң етіп, иығыңды тартып алдың.

– Әй, саған не болды?

– Аулақ!..

– Тіпті жазығым жоқ қой...

– Иә, сенде жазық болмайды.

– Не болды, айтшы. Әлде, жаңа қонақта саған ұнамаған бірдеңем болды ма?

"Көрдің бе, түк білмегендей өп-өтірік мүләйімсуін".

– Әй, қызғаншағым-ай,– деп Бәкизат кенет сықылықтап күлді.– Жаңа мені біреуден қызғанған болдың ғой? Ту, қызықсың. Бала секілдісің.

– Иә, бала қып алдаумен келесің...

– Қойшы. Сондағы қызғанғаның... Тоқ-та, ана... әлгі... әлгі сендердің... қалай деуші едіңдер? Оған қойған аттарың бар еді ғой? А, я... Қозы Қарын... Сол ма? Қойшы, сенің кез келгенге қызғанатын осы ит мінезің-ақ шаршатып болды.

Бәкизат бұны мойнынан құшақтады да, сықылықтап тұрып қатты күлді. Түсіңді бермей томсарғаның болмаса, сен бірақ бұл жолы құшағына тартып, іші-бауырыңа кіріп бара жатқан әйелдің қолын қаққан жоқсың-ды.

* * *

Соның ертеңі болар-ау, Бел-Аранның ығында отырған балықшы ауылда ойда жоқ бір оқиға болған еді. Бұл күнгі ұрпақ тұрсын, бұлардан бұрын баяғы ата-баба заманында да көк теңізге төр жайған балықшы елдің тірлігінде болмаған, болмақ түгіл тіпті құлақ есітіп, көз көрмеген сұмдық оқиға еді ол!

Аралдың басынан бағы қайтты дегенмен бұрын көк теңізге тор жайғанда ау көзін азын-шоғын балық қағатын. Құрығанда күнделік қазан қайнататын асымдық балық қағатын. Ал, сол жолы... Иә, сол

жолы бір күн, екі күн емес, қатарынан алты күн ау көзін дені дұрыс балық түгіл, қылағай шабақ та қақпай қалған еді-ау!

Бағы жанбаса да, сағы сынбайтын сіңір қара жігіттер ерт сөндіргендей қап-қара боп түтігіп кетті. Рахымсыз қатал тағдырдың дәл өзімен тайталасып, бермесін тартып алғысы келгендей, олар келесі бесінші күні тағы да таңмен таласа тұрып ертелете теңізге шығып еді; кеше жайған қара торды қараған еді: бірақ кешегі, оның алдындағы күндердей, бұл күні тағы да қара торды күрт шабақ та қақпаған еді-ау.

Сүйтіп, алты күнді артқа салған жұрт аң-таң. Бұл Арал Арал болғалы, бұл өңірдің ер-азаматтары қолына бір таяу, қос ескек ұстап, қара қайықты суға салып, талап қылған арғы-бергі заманда өмірі бастан кешпеген сұмдық оқиға боп еді, жұрт теңселіп кетті:

– Тәңірге не жаздық?

– Не пиғылымыздан таптық? Кешегі қайғы мен қасіреттен бүгінгі қайғы, қасірет асып түсіп жатқан бұл не пәле? Не сұмдық?

– Иә, бұл тегін емес, бұнда қандай да бір сыр бар.

– Апырай, бұл теңізге бірдеңе көрінді ғой! Жарықтықтың пиғылы неге тарылды?

– Теңізге түк те көрінген жоқ,– деді Сары Шая. – Біз Құдайдың қаһарына ұшырадық. Қой сойып, құдай жолы беру керек.

– Тәйт! Тәйт! Сен сұңқылдаққа не жоқ... Бұл Құдайдың кәрі емес, балық бір жаққа ауған...

Сол күні сен үйге кеп, дастархан басында үнсіз ас ішіп отырып әлгінде Сары Шаяға ақырған Көткеншек Көшеннің сөзі ойыңнан шықпады. Балық бір жаққа ауған деді-ау? Ауғанда қайда ауады? Рас, алапат аштықта, ақыр заман басына түскенде жан сауғалаған халық жерін, суын тастап босатын. Жұт болған қуаңшылықта жайылымын тастап мал, аң ауатын. Ал!.. Ал, бірақ... теңіз тірлігіне сыр-мінез бола жүргенде, бұл, сірә, балық ауыпты деген сұмдықты есітпеп еді ғой. Және... Жасаған Ие-ау, құрылықтың қақ ортасында, басы, аяғы тұйық судың балығы ауғанда... бәсе, қайда ауды? Не себепті ауады?

Өтіп бара жатқан өмір-ай!.. Ойлап отырса, оған да алты айдың жүзі бопты. Теңіз тартылғаннан бері аралдықтар үшін қай жылдың да оңып тұрғаны шамалы еді. Соның ішінде биылғы жыл, әсіресе биылғы жылдың кейінгі алты айы адам түгіл атан түйе көтере алмайтын, бірінен бірі өткен қиындықтарды үйіп-төгіп жіберген еді-ау. "Ә" дегеннен жыл беті қатты болды. Қыста қар жаумады. Жаз жаңбыр

тамбады. Көктем шығар-шықпаста оңтүстіктен соққан өрттей аптап ыстық қылтиған қылтанақты күйдіріп жіберді. Осыған дейін де қатарынан он жыл тамырына ылғал тимей, түбірі қара томарланып күйіп кеткен жер биылғы қуаңшылықта әсіресе қатты азған-ды. Мал тұяғы, аң тұяғы тисе де жер бауырынан сары шаң бұрқ ететін. Ал жел тұрса, аспан мен жер арасы ала қиғаш бұрқырап ала жөнелетін.

Сөйтіп, аптап ыстық аспан астындағы тірліктің апшысын қуырып тұрғанда, бір күні... Тоқта, сол өзі ау көзін алты күн балық қақпай қойған оқиғадан кейін болған ба еді? Ел іші енді қайтерін білмей дағдарып отырғанда ауыл сыртындағы шөбі күйген сары даланың сонау көз талатын алыс қиясынан бір шөкім шаң бұрқ еткен еді-ау! Оны біреу көріп, біреу көрмеді. Сәлден соң әлгі шаң әр жерден бұрқ-бұрқ көтеріліп, қапелімде қарамы үлкейіп, аспан мен жер арасында сары лай тұтасып бірте-бірте бермен жылжып жақындап келе жатты. Жақындаған сайын тысыр-тысыр тұяқ дыбысы шықты. Әзір көзге көрінбесе де, танауына шаң толған әлде бір мақұлықтықтар қайта-қайта пысқырады. Шаң тіпті жақындап жылжып келіп қалды. Лайсаң шаң арасынан тұла бойын сап-сары лайға батырып алғандай қисапсыз көп түз тағысы қылаң берді. Бәрі де басын жерге салып жіберген. Шаң астында жоны бұлтылдап жосып келіп қалды. Ай мүйізді теке қара қорым нөпірдің алдына түсіп жортып келе жатыр екен. Кенет көз ұшында мөлдіреген көк теңізді көрді ме, әлде көкірегі сезді ме, жорытып келе жатып, салбырап темен түсіп кеткен басын жерден көтеріп алды. Селт етіп тұра қалды. Тосын қуаныштан тұла бойы дір етті. Сосын, түк сезбей, соңында аңтарылып тұрып қалған қара құрым киікке мойын бұрып, ешкіше маңырады да, тұрған жерінен ырғып-ырғып түсті. Ағыза жөнелді. Соңында шаң жұтқан қара құрым азан-қазан маңырап, ауыл сыртындағы қара деңді қыруар көп тұяқ дүбірлетіп жосып ала жөнелді. Ауыл үстінен өткенде алдарынан өре түрегелген иттерге де қарамады. Аң алып жүрген алымды иттер аузына іліккенін алып ұрып жатыр. Осы араға ұзақ жолда оты, суын ала алмай әлсіреп жеткен құралайдың лағын балалар қуалап, қатындар иінағашпен ұрып алып жатыр. Ауыл үсті абыр-сабыр. Айқай-шу.

Шөлден қаталап өліп бара жатқан киіктер қырылғанына да қараған жоқ. Тірілері өліктердің үстінен ырғып, балықшылар ауылының бет алдындағы теңізге ұмар-жұмар, опыр-топыр түйдегімен ағызып келді де, ащы суға бас қойды. Ащы су іштерін алып түсті. Онсыз да көнін сүйреткен жануарлар іші-бауыры қатып, инеліктей мықшиды да қалды.

Қырдан құлаған киіктер сонда да теңізді тастап кетпей, шаңдағы бұрқыраған сары далада үйір-үйір боп жүріп алды. Қанша жылдан бері жаңбыр тамбаған қуаңшылық жер бетіне қылтиып көрінген шөп бұл кезде тастай тікенге айналған-ды. Күні ұзын қылтанақты қуып жүріп жайылған киіктердің кешке қарай тұмсығы құдды мысық тырнағандай

қан жоса боп қалатын-ды.

Құрсын, айтары жоқ, қырда құстар, түзде киіктер қатты қырылды ғой. Қара құрттай киік қайда барса да қыбыр-қыбыр тұяқ құдды күл шашқан баладай жер шаңын бұрқ-бұрқ көтеріп, сары лай ыдырамай тұтасып тұрып алатын. Көзіне, құлағына шаң кірген киіктер жайылып жүріп те басын шайқап пысқыра береді.

Теңіз жағасының түні – қапырық. Күні – өрттей ыстық. Жанына сая таппаған түз тағылары жосып жүр. Күн қызған кезде топырақ қайнап кетеді. Әсіресе сол кезде тұяқ екеш тұяқ шоқ басқандай шыдатпай, төрт аяғын кезек көтеріп жаны қыдырып безектеп кетті. Қайсыбірі қырдың қырбық бұтасын паналап, бүйірін соғып ырс-ырс. Өрттей ыстықтан өліп бара жатқан киіктер бір кезде лажсыз ауылға тығылды. Малқораға кірді.

Қара торға қылағай ілікпей, теңізден күдер үзген балықшылар сол күні үйде жатып алған-ды. Сен де анада Көткеншек Көшеннің аузынан шыққан жорамалдың жөнін ойлап: "басы-аяғы тұйық теңіз емес пе? Балық ауғанда қайда ауады?" деп басың қатып жатқан-ды. Сыртта арсылдаған ит даусы естілді. Және қора жақтан шығатын сияқты. Қолға іліккен таяқты ұстап жүгіріп барса, қарала төбет киіктің текесін жығып сап талап жатыр екен. Киік тұяқ серпуге шамасы келмей, шаң жұтқан өкпесі сырылдап дір-дір етеді...

– Жәдігержан, қазан аузы жоғары. Пай-пай, мүйізі қарағайдай теке екен,– деді әлдеқайдан сап ете қалған Сары Шая. Көңілді. Қиқ-қиқ күледі. – Жәдігержан-ау, мына киік әншейінде ит-құс салып қуғанда қолға түспейтін, желмен жарысқан жүйрік аң ғой. Енді "мені соғып алатын кім бар" дегендей өз аяғынан кеп қораңа кіріп жатыр. Ау, көктен тілеген ырзық жерден табылып жатса, о да Құдайдың қарасқаны емес пе? Қашаннан бері тісіңе ет тимей, қызылсырап жүргенде... Апырай, Құдай беріп қызыл ала қуырдаққа қарық болдық-ау. Несін айтасың, бұйыртса сен же-мен же болатын болдық қой!

Сен оны тіпті тыңдаған жоқсың. Не деп тұрғанын да білген жоқсың. Иттің тісінен айырып алған киікті не істеріңді білмей, қиналып тұрғансың-ды.

– Қазинесі кең Құдай, пендесіне берейін десе ризығы шаш етектен ғой. Көктен тілегеніңді жерден беріп қораң ешкіге толып шыға келгенін қайтерсің,– деді де, Сары Шая үйіне кетті. Есіктен кірер-кірместе үйді басына көтеріп:

– Уа, қатын, қайдасың? Түр! Қазаныңа су құй! От жақ! Ет, ет деп сен-ақ құлағымның құртын жеп болып едің. Еттің әкесін енді көресің. Майы шылқылдаған қызыл қуырдаққа көкірегіңді аздырайын. Ау, қатын, пышақ қайда?

Бұл күндері Сары Шаяның қолынан пышақ түспеді. Талай киікті тыпырлатып қор-қор бауыздады. Талай құралайды жерге топ еткізіп алып ұрып, көзін жаудыратып сойды. Қыза-қыза талай текенің де терісін сыпырды. Бірақ бәрі көкей жасық. Арық. Текелердің басында қарағайдай қақырайған мүйіз. Жаз шыққалы оты, суын ала алмаған киіктердің баурында төрт тұяқ қыбырлағаны болмаса, тұла бойында тері мен сүйектен басқа тіске ілігер түк жоқ. Көк жасық етті қуырса да, асса да көне етіктің сірісіндей сағырдаң сіңір. Сары Шая ауызға іліккеннің өңештен өткенін қалап, азуға салып әрі-бері шайнады да, жұта алмағасын түкіріп тастады. Сосын табақты теуіп, тұрып кетті:

– Әй, бәсе... Өзім де бұл не қылған батпан құйрық деп едім-ау. Қара тер боп күн-түн жүргенде бүйіріңді бір шығармайтын Құдай, қызыл ала етті тектен-тек қайдан үйе салсын.

Ашу буған Сары Шая алау-далау боп сыртқа атып шықты. Киік қуалап кеткен иттер ауылда жоқ екен, бұған үрмеді. Колхоз конторының көлеңкесінде қауқылдасып тұрған бір топ кісіге келді. Киік соғып қайтқан жастардың омырауы қан-қан. Өздері аң қызығына есіріп алған. Сары Шаяны көріп қуанып кетті. Сары Шая да жымыңдап, қойнынан кішкентай қобдиша темірін шығара бастады. Жылтырақ темірді желөкпе жігіттердің әр қайсысына бір тосып, ананы бір, мынаны бір тыңдады да, ақырында өзі сөйлеп кетті. Өзі де дәл қазір бір шаруаны тындырып келгенін айтты. Қораға кірген ақбөкеннің ай мүйізді бір текесін алып ұрып, әп-сәтте бұтарлап сойып, ой, несін айтасың, қатын-баланы қызыл қуырдаққа іші-сыртын бірдей ғып сылқитып тойдырдым деді. Сөзімнің шиі шығып қалар-ау деген тұста сұңқылдап сөйлеп отырып көзін жұмып-жұмып қояды. Жұрт тамсанып қапты. Соны көрген Сары Шая енді екіленіп кетті:

– Ау, білікті кісілер баяғыда суға сенбе демеді ме. Ал, қане... судан не опа таптың? Теңіз, әне, тартылды. Балық, әне, алты күн ау көзін қақпай қойды. Осы ауыл қазан қайнататын соқыр шабақ таппай, тарығып отырғанда, садағаң кетейін, Құдай, үйір-үйір киікті үйіңе кіргізіп берді. Қызыл ала етке қарық боп жатсың. Терісі қандай. Қаласаң, қыста жарғақ шалбар тігіп ки. Тіпті от басына бір қағып салар тулаққа да жарап жатыр. Ал теке болған текенің арқасына сыймайтын қарағайдай мүйізін айт! Ойбай, біз мүйіздің қасиетін қайдан білейік. Сүйтсе, үкімет мүйізден дәрі жасайды екен ғой. Оны кім білген. Ал енді, ондай дәріні ішкен еркек хе-хе... түнемелікке қарай астымен алысып шығады дейді. Әй, сен неге күлесің? Күлкісі жоқ, айналайын. Сенбесең өзің ішші. Айғыр боп азынап шыға келмегеніңді көрейін.

Жастар желігі қозып, көзі ұшқындап барады. Соны байқаған Сары Шая келесі сөзін тіпті құртып, қайдағы жоқты соғып кетті.

– Үлкен қалаларды айтпағанда, сендер өзіміздің мына Арал,

Шалқарға киіктің мүйізін апарыңдаршы... Сәні мен салтанатын жұрттан асырғысы келген ауқатты үйлердің бикештері алдыңнан тосып тұратын көрінеді. Ойбай,

Құдай-ау! Көк теңізге көзіңді сатып көк тиын таба алмай, арам тер болғанша, текенің мүйізін сатып ана қалтаңда будақ-будақ ақша, мына қалтаңда будақ-будақ ақша, аяғыңды алшаң-алшаң басып жүрмейсің бе?

Жігіттердің көзі жайнап кетті. Айтса да алты күннен бері тор, тұзақ түк ілмей, көзі көкшиіп отырғанда өз аяғынан қораға кіріп жатқан қыруар киіктің мүйізін сатып шаш-етектен пайданың астына қалса несі кетеді?

Бұлардың тілегіне қарай сол күні қыр жақтан кен іздеген геологтар келді. Астарында гүжілдеген көк қасқа машина. Сары Шая түз кезген жігіттерді шай үстінде қот-қоттап оп-оңай көндірді де, күндізгі аптаптың беті қайтқасын алдын кештете аңға шықты. Жарығы саулаған машиналар былай шыға бере-ақ ауыл іргесінде үйір-үйір боп жайылып жүрген киіктерге кездесті. Көнін шаққа көтерген аш, арық киіктерде қашатын қауқар жоқ. Және көзге түртсе көрінбейтін қараңғыда жан-жағынан жарық саулап гүрілдеп келе жатқан мына пәлелерді көргенде естері шығып кетті. Бас сауғалап қаша алмай, үргедек сорлылар аядай жерге топырлап тығыла түсті. Гүжілдеген ауыр машиналар о жағынан да, бұл жағынан да тиісіп кетті. Қақтығысқан киіктің қалың тобын омыраумен қағып, домалатып ұшырып түседі. Ал доңғалақ астына түскен киіктер қаңқасы күтірлеп жатты. Сары Шаяның қот-қотына есіріп алған жігіттер бұнан кейін тағы екі күн киік аулауға шықты. Тұла бойында бір шайнам ет жоғына қарамай, басындағы мүйізіне бола қуып жүріп қырған-ды.

Бұл хабар жеткен бойда сен жүгіріп Сары Шаяға барып едің, Сары Шая сөзіңді жыр демеді. Көк ала ақша көкейін тескен жастар болса-болмаса да есіріп, ешкімді тыңдайтын сыңайлары жоқ. Бұл күндері екі кісінің басы қосылса айтатындары: Сары Шая. Киіктің мүйізі. Қаланың мода құмар қатындары. Көк ала ақша түнде түстеріне кіреді. Аң қызығына түскендердің алып-қашпа лақабы сенің кісілеріңе де әсерін тигізе бастады. Алты күн ау көзін соқыр шабақ қақпай салы судан шыққан кісілер қамыс қоста қабағы түсіп отырған-ды. Үйден алып шыққан азығы таусылып, біреулер қатқан нанды қытыр-қытыр қажап отыр еді, қара шал:

– Әй, Жәдігер,– деп дәл құлағының түбінен шаңқ етті.– Кісілерің, әне, тышқанға айналды. Көресің бе, көз бар ма өзіңде?

– Көшеке... көргенде, қайт дейсің?

– Қайткені сол, ауыңды ал. Қос ескек, бір таяуды, қара қайығыңды

қоса ал. Мына теңізде балық түгіл бақа да жоқ.

– Ау, Көшеке...

– Көшеке... Көшеке деп көлгірсуін бұның. Бұрын Қара шал дедіңдер, енді қартайған шағымда қатқан нанды қытырлатып қара тышқан атанар жайым жоқ. Ана Сары Шаяға қос болам. Киік аулайым. Мүйіз сатам.

Қозы Қарын балық планы орындалмай жатқанда өкіл шаптыратын әдеті. Қара шал кететін күні бұларға қаладан өкіл келді. Бұрын бұларға тәшірейген шертік қара келетін. Ол осы ыстықта қара костюм киіп, қара галстук тағып және оны тоқпақтай ғып дәл тамағының астына қылғындыра байлап алып: "ал, бауырым, балық қайда, балық?"– деп келмей жатып төс сүйегі қайқайып тұрып алушы еді. Бұл жолы басқа өкіл... Басқа болғанда, анада Аралда қонақта бірге болатын бурыл бас. Байпаң-байпаң басады. Бас сұқпай жатып барқырап амандасады. Қамыс қоста басы салбырап түсіп кеткен үнсіз кісілердің бетінен бірдеңе іздегендей жағалай қарап шығады. Сосын "апырау, ә?"– деп таңданып тұрады да, қолында бұлғақтаған портфелді босаға жаққа былқ еткізіп тастай сап, тағы да байпаң-байпаң басып, бұның жанына отыра кетті.

– Ауылдарыңда киік қойдай өреді ғой. Черт знает что?!.

Бұл үндемеді. Бурыл бас өкіл біраз үндемей отырып:

– Құдайдың күні қайнап кетті. Аламат. Шөп жоқ. Су жоқ, черт знает что...– деді.

Сенде үн жоқ. Бурыл бас терін сүртті. Омырауын желпіді.

– Сорлылар, шөп жоқ, су жоқ, қырылып қалады-ау. Апыр-ай, ә? Черт знает что...– деп, бурыл бас алақ-жұлақ бұған қарады. Сен бұл жолы да үндемедің.

– Сендерге кеше келуім керек еді. Жолға шығарда ана шаруа, мына шаруа, шайтан-жын толып кеткені. Шыға алмадым. Мына киіктер... апыр-ай, ә?– деп, әлі де түсіңді бермей тұнжырап отырған саған қарағанда көзі үрейлене ашылып аңырып қалды.

Бұрыл бас өкіл қамыс қостың іргесіне жайғасты. Сонан ол балықшылармен талай таңды бірге атырып, талай күнді бірге батырды. Балықшылармен бірге теңізге шықты. Соқыр шабақ ұстай алмай сілесі құрып, үсті-басынан су сорғалап қайтқан кісілердің арасында, қазан көтермеген көңілсіз қоста жуан портфелін басына жастанып, үй төбесіне қарап үнсіз жатады да, кенет басын шұғыл көтеріп алады.

– Шайтан-жын; черт знает что. Апыр-ай ә?– деп аңғалақ көзін әлде бір үрейге толтырып, алақ-жұлақ қарап аңтарылып отырғаны.

* * *

Кісі жамандықты көре-көре ығыр болғанда жақсылық аңсайтын әдеті ғой. Сен балалар оқу бітірген күнді қайта-қайта есіңе түсіріп тұрсың. Ұмытпаса, бурыл бас өкіл келетін күннің ертеңі ме еді? Сол күні бұл ауылдың кісілері иығы жарқырап киінген еді-ау! Қызыл-ала киінген кәрі-жас клубқа жиналған еді. Жиын ішінде бала жетелеген қатындар, қойнына бөтелке тыққан бозбалалар да бар. Азан-қазан, у-ду аз дегендей клубтың маңдайына ілген даңғаза радио даланы басына көтеріп жатыр. Қуанышты күндерде де құпиясыз жүрмейтін қыздар жиын арасынан екеу-екеу, үшеу-үшеуден жырылып шығып оңашалана береді. Ат көпір жиын қызыл мата жапқан кішкентай столдың алдында иін тіресіп тұр. Столдың аржағында мектеп директоры. Бір жағында завуч ағай. Екінші жағында пионер вожатый апай.

Директордың қолында оқу жылының қорытындысы. Жұрт соның аузына қарап арбалып қалған. Кімнің баласы қалай бітіргенін есіттіргенде жым-жырт боп тұрған жұрт шу ете қалады. Ду қол соғады. Құдды тай жарысын қызықтап, дуылдасып жатқан думандай. Жазатайым баласына мақтау тиген ата-ананы ортаға алып: "Қуанышыңды жу! Бұнда шабылмағанда, сорлы, су кешіп қызыл сирақ боп тапқан бес-он тиыныңды соңыра басыңа қоясың ба?"– деп қауқылдасып жатқандары.

Сол күні шуылдақтар бұны да жүндеген түйедей қылған-ды. Қызыңды үйге иығыңа мінгізіп әкеле жатып, жолшыбай:

– Сен бүгін патшасың. Папасына ақ патша. Ақ патшам менің,– деп жынды кісіше сөйлеп келе жатқансыңды. Иығында отырған ақ патша өткен-кеткеннің бәрінен қысылып: "Айтпа, үндеме",– деп аузыңды басады. Көрші үйдің терезесінде тәмпіш танауы әйнекке жабысып қалған тентек қара тілін шығарып еді, онсыз да әке иығында әзір отырған ақ патша ұялып қап, қыңқ етті. Жерге дік етіп секіріп түсіп, артына қарамай құлдырап жүгіре жөнелді.

– Айналайын... Ақ патшам менің!

Осылай жүрегің елжіреп тұрғанда, кенет кеуде толы қуанышқа бір мұздай күдік жыланша ирелеңдеп кіріп бара жатты. Жаңа қызын мақтағанның бәрі "Еңбек сүйгіш" деді-ау? "Ынталы" деді. "Ыждағатты" деді. Жарайды, десін. Солай болса, солай шығар. Бірақ... өмір жолына түскен әр адам тірлікте ылғи өз теңінің алды боп озықтар мен озаттар арасында жұлдызы жарқырап, ылғи жүлдені жеңіп алу үшін әлгі қызына таққан үш қасиет жете ме? Адам еңбек сүйгіш болса, ынталы болса, ыждағатты болса, сонда қойны-қонышың әлгіндей сары ала

мақтау қағаз бола ма?

Бұл ойланып тұр. Басын шайқады. Әй қайдам. Қайдам. Дүние тек соған тіреліп тұрса, әлгі құрғыр үшеудің үшеуі де бұның да өз бойынан табылатын сияқты еді ғой.

Кіп-кішкентай қуаныштың да бұйырмағанын қараш. Көңілден семіретін кісіні қашан да сол көңіл ғой жүдететін. Кіп-кішкентай қуаныштың да осылай шырқы бұзылып, ғазиз бас тағы да көк соқта толқынға түскен қайықтай былғақтады да қалды. Күн кешкіріп қамыс қостың іші қара көлеңкелене бастады. Сен төсегіңді бурыл бас өкілдің қасына тақастырып салдың. Бүгін тағы қазан көтермеген қоста ауыр үнсіздік бар. Теңіз үстінің есірік желі күн батар алдында басылған-ды. Тек іргеде ұлы теңіз ыңыранады. Өксік толқын әлі де болса солығын баса алмай, жағаға жалп-жалп жығылып жатыр. Қараңғы қос ішінде әр жерден қорыл шыға бастады. Бір кезде сені бүйіріңнен бурыл бас өкілдің шынтағы ақырын түртті:

– Ояусың ба?

– Иә...

– Ояу екеніңді біліп едім. Бізден ұйқы қашқалы қай заман.

Өкіл басын көтерді. Темекі тұтатты. Құнығып бір-екі сора түсті де, ащы түтінге шашалып әпі-шәпісі шықты. Сосын сенің қасыңа кеп қатарласып отырды. Өрге қарай жүргендей ентігіп өкпесі сыр-сыр етеді.

– Бала, осы сен үйде айналмадың ғой?

Аралда қонақта болғанда осы бурыл бас Қозы Қарынның аузынан не шықса соны қостап, жынына тиіп болып еді. Соған қарап: "Сенің де шамаң белгілі болды. Бастыққа бас шұлғығаннан басқа білерің жоқ бишара бопсың ғой",– деп ойлаған-ды. Сүйтсе, бұның да өз қасіреті өзіне жететін сияқты.

– Балалар көп пе?

– Жетеді. Жеңгең жұмыс істемеген кісі. Жас кезімізде қайдан білейік, төбесі көрінген қара шұнақтарды қызық көріп, жеңгең екеуміз балапан басып шығарған тауықтай қыза-қыза келгенде сол шіркіндердің екі түсінен де егіздетіп жіберіппіз. Шүкір, ұл да, қыз да жетеді. Ұлды ұяға, қызды қияға қондырдық. Бірақ осы күнгі балалар баяғының енесін сіргесімен қуалап жүріп еметін баспағы секілді... Е, Құдай әлі күнге бізге ауыз ашады.

– Солай деңіз?

– Ойбай, сұрама. Шайтан-жын... черт знает что...

Екеуі біраз үнсіз отырды. Қатты ұйқтаған кісілер қамыс қосты басына көтеріп дүр-дүр етеді. Әлдебіреу бастығырылды ма, бырқырап, булығып жатты да оянып кетті. "Құдай біледі, осы шофер бала болар-ау",– деп ойлады.

– Иә, Жәдігержан, баласы жоқтың қайғысы – біреу, баласы барда – мың қайғы. Шайтан-жын, черт знает что.

Сүйдеді де, бурыл бас өкіл төсегіне қисайды. Жастыққа басы тие бере күбірлеп: "Апыр-ай, ә?.. Черт знает что",– деді. Ұйықтай алмасыңды білгесін, сен жадағайыңды иығыңа ілдің де, сыртқа шықтың. Қос маңынан қырға таман ұзап бардың. Дала тас қараңғы. Күндіз көз алдында қаңқиып тұратын Қаражар мен Бел-Аран қазір көрінбеді. Күндізгі жынды жел сап бопты. Теңіз беті түн астында түксиеді. Сол жақтан салқын леп білінді. Қосқа қайтқың келді. Бурыл бас "апыр-ай, ә? Черт знает что..." деп өзінен басқа ешкім білмейтін ішіндегі бір сұраққа үнемі жауап іздеп, ұйықтай алмай жатқанын білдің.

* * *

Сол күннің ертеңіне бурыл бас өкілді қонаққа шақырып жібергін кеп үйге келсең, Бәкизат сені шыдамсыздана тосып отыр екен:

– Келгенің жақсы болды. Сөйлесетін шаруа бар,– деді ол. Иініне іле салған атылас халаттың түймелерін әлі салып үлгермеген екен. Екі жағына айқара ашылып кеткен омырауының аржағынан албыраған аппақ төсіне қарадың да жанарыңды ала алмай арбалып тұрып калғансың-ды.– Естимісің? Шаруам бар деп тұрмын ғой.

Сен көзіңді тайдырып әкеттің:

– Айта бер!

Бәкизат халаттың өңірін қымтап жатып, сенің әлі де болса қыңыратқып көзіңді алып қашып тұрған түріңе қарап ақырын езу тартты; сосын шаруасын айтты. Бұрын бұған бірге дем алайық деп ешқашан тілінің ұшына алған емес-ті. Осы жолы жатты да жабысты:

– Алматыға барайық. Баяғыда бірге оқыған жолдастарға кездесерміз.

– Түсінем. Бірақ, Бәтіш, уақытым жоқ, өзің барып қайт...

– Сен демалмайсың ба?

– Мені қайтесің. План орындалмай жатыр. Биыл балыққа бірдеңе

көрінді.

– Көрінсе – көріңсін. Онда сенің кінәң қанша? Теңіз тартылды. Су ашыды. Балық құрыды. Вот и все...

– Бастықтар оған қарай ма. Суға сүңгісең де плаНды орындауға тиіссің.

– Сол бастығың анада менімен билейтін... Аты қалай еді? Сендер оны... Иә, есіме түсті. Әне бір кілмік көз... Қозы Қарын ба?

– Сол.

Бәкизат күлді:

– Жарайды, босана алмасаң, бармай-ақ қой.

– Бәтіш, айналайын... түсінгенің қандай жақсы болды. Тек ренжіме, жарай ма?

– Ертең жүрсем қайтеді?

– Өзің біл.

– Сен ренжімейсің бе?

– Жо-жоқ...

– Онда жолға жиналайын.

– Әрине!.. Сөйт!..

Бұнда самолет аптасына бір-ақ рет келетін. Қалған уақытта Тұщыбас қолтығының арғы бетінде бұрын балық заводы болған поселкеден ұшатын. Балық заводының жабылғанына бес жыл. Онда да кәсіпсіз қалған халық жыл сайын бес-он семьядан көшіп, үй саны күрт азайып кеткеніне қарамастан Арал мен екі ортаға қатынайтын самолет әзір оларға күнде келетін. Және ертеңгісін ұшатын-ды. Бұл ауылдың қалаға жолы түскен кісілері асыққанда әрқашан арғы беттегі балық заводына баратын. Ертеңгі самолетке үлгергісі кеп асыққан Бәкизаттың аяғы жерге тимеді. Әр бөлмеге бір кіріп, сырлы есіктер сарт-сұрт ашылып, жабылып жатыр. Қай бөлмеге бас сұқса да, қолына жаңа сойған түлкінің терісіндей сары ала көйлек, кофта, юбка ұстап шығады. Кебеже құрсақ шамадан қапелімде қампиып шыға келді.

Сол күні сен Бәкизатты салдырлақ машинаға отырғызып, арғы беттегі балық заводына апарып сап қайтып келгенсің-ді. Көзің колхоз конторының көлеңке бетінде отырған бір топ кісіге түсті. Ішінде Сары Шая. Сен жақындап келе бергенде, құлағының шұқыршығына

шұбалтып жіп тағып алған Сары Шая кенет иығының басы бүлк етіп, құбыла бетке қолын көлегейлеп қарай қалды. Көз ұшында бұрқ еткен шаңды басқа жұрттан бұрын көріп:

– Бұл кім болды екен?– деді.

Жұрт назары шаңға ауды. Бұлар дегбірі қалмай шыдамсыздана тосып тұрғанда, тұла бойы сары ала шаңға батқан бір машина кісі-қара жиналған контор алдына гүжілдеп тұмсық тірей тоқтады. Кабинадан сырмақ тақияның сыпыра жиегіне бастың тері мен шайыры сіңген балпиған бұжыр сары біреу түсті. Тілінің астына толтыра салған насыбайдан астыңғы көнтек ерін салбырап кеткен. Ұрты бұлт-бұлт етеді. Табаны жерге тиер-тиместе ышқырлығын алдыңғы жағынан қос қолдап көтеріп қойды да, сосын машинаның үстінде құрықтай мойнын қайта-қайта келген жағына бұрып, көкжиекке көзі боталай қарап ыңырсып тұрған қызыл нарға бұрылып еді.

Сары Шая қиқ етті:

– Қоралы кісіні көзіне ілмей, түйесіне тағзым еткен бұл қай көргенсіз өзі?

Балпиған бұжыр сары әуелі үсті-басының шаңын қақты. Сосын кедір-бұдыр қыр жолының шайқалағында басына тұрмай қайта-қайта желкесіне түсіп кете берген сырмақ тақияны қозғап, төбесіне апарып қойды. Тақияны көтергенде байқап қалды. Жасында таз болған ба, әлде теміреткі, әлде ұра шыққан ба, әйтеуір, бершімек-бершімек тас төбесінен басқа жағы ала сиырдың бүйіріндей ақ таңдақ екен.

Балпақ сарының бұларға назар аудара қоймағаны басқадан бұрын Сары Шаяға батты:

– Терісі түйеден де қалың, мынау не қылған неме?

Балпақ сары бұлармен бас-басына қолдасып жатпай, басқа бір халықтың үрдісі бойынша қос қолын кеудесіне апарып, тақиялы басын әдеппен иіп амандық ымыратын жасады. Сары Шая балпық сарыға тісі батпасын байқады. Тек сөйлеп қалған ауыз қарап тұра алмай, әлі де болса келген жағына мойын созып ыңырсып тұрған қызыл шұнақ нарға қарап:

– Пай, пай, мына жануардың қонысы келісіп тұр екен,– деді.

– Ал сапар оң болсын!– деді Сары Иван сөз тартып.

– Әлей болсын. Қоңырат қаласынан кеше шығып ем. Сондағы бір көже тамыр қарақалпақ досымнан тұқымы асыл дегесін мына қылқи мойынды алып едім. Артына қарап ыңырси береді, жануар.

– Бұлар бауыр басқан жерін ұмытпай, іші-бауыры адамнан бетер аңырап тұрады ғой.

– Иә, бұлар жер, суын іздегіш. Абай бол, айрылып қалып жүрме!

– Қап, шығарда қара матамен көзін байлап тастамаған екенсің.

– Өзім де байқап келем, соным қате бопты. Сүтіне бола алып едім. Жеңгелеріңнің басқа өнері болмаса да, құрсағы құтты. Бала-шаға, шүкір, баршылық еді. Жазда күртілдетіп шайнатып қоятын әлгі... немене деуші еді? Иә, көкөніс болмағасын, шөлдегенде балаларға сусын болсын дегенім ғой. Шофер балам асығыс, бір шайланып түнгі салқынмен жүріп кетем. Кәне, ағайын, қайсыңның үйіңдегі келін шапшаң, шайы тез? Сені қой! – деді балпық Сары Шаяға қолын түңіле сілтеп.– Сыңар құлақ екенсің, сығыр боларсың. Және сыңар құлақтың өзін Құдай аржағынан күн көрінетін аламан тышқанның құлағындай ақ жарғақ қып жаратқан екен. Сенен сөз шықса шығар, әй, бірақ шай шықпас.

Балықшылар ду күлді. Бейқам тұрған Сары Шая қапелімде аузына сөз түспей қызарақтап қап:

– Ау, ортамызда басқарма тұрғанда, басқамыз үйге жүр дей аламыз ба?– деп әзілге жеңдіріп жатыр.

– Аруана, жарықтық, асыл мал ғой. Еңбегіңді ақтар. Игілігіңе тұтын.

– Әумин. Айтқандарың келсін.

– Ал, қонағым, ол жақтарыңдағы ел-жұрт қалай екен?

– Шүкір, аман. Тек Амудария тасып...

– А, не дейді?

– Айтары жоқ, қатты тасыды. Теңізге көп су құлады.

– Апырай, ә?! Ол, жарықтық жойқын ғой. Қатты тасыса... Апыр-ай, ә? Черт знает что...

– Айтары жоқ. Аламат. Бұл заманның балалары қанша ауыздықтаймыз деп алақанына түкірсе де, әй, не қыласың, тентек неме әңкі-тәңкісін шығарып жіберді.

– Апыр-ай, ә? Қарай ғой, ә? Халық... қалай аман ба?

– Суда қалған үйлер бар дейді. Мал басында да шығын бар көрінеді. Құдай оңдап, әйтеуір, адам аман деді.

– Амудария ашулы ғой. Қайта балшевек балалар Қарақұмға бұрып әкетіп, жынын біраз басты.

– Әй, сол... Қарақұмға бұрғаны халық бишараға қара қырсық болды ғой.

– Иә, үйтпегенде Арал бұлай болмас еді. Ал, қонағым, сонымен... дария әлі тасып жатыр ма?

– Қазір бәсеңсіп қалды.

Сен ертеден бері әңгімеге араласпай, үнсіз тұрғансың-ды.

– О жақта балық талабы қалай?– дедің көңіліңде көптен жүрген бір күдігіңді анықтағың кеп.

– Аламат. Өмірі болмаған балық. Қарақалпақтар қырып ұстап жатыр.

– Апыр-ай, ә? Басқарма жолдас, енді білдің бе, балығыңның қайда кеткенін?

– Иә, қаталап жүрген сорлылар не қылса да оңтүстікке құйып жатқан тұщы суды сезген болды-ау?

– Ал, басқарма... Кәне, не істейміз? Ауған балықтың соңынан қуып барамыз ба?

Сен колхоздың катеріне ау-құралды тиеуге әмір бердің. Кейінге қалдырмай, сол күні алдын кештете жүріп кететін болғасын балықшылар жанталасып жол қамына кірісті.

Бұжыр сары шайланып алғасын теңіз бойының түнгі салқынын бетке ұстап тартып кетті. Қонақты сен ауыл шетіне дейін апарып, аржағын шофер балаға сілтеп жібергенсің-ді. Көк қасқа машина маңдайындағы қос жарығын саулатып, қоңырлық жусанды даланы сүзе жөнелді. Мына жүріспен жер қояр емес. Қапелімде ауыл сыртындағы қара жалға жетті. Сол арада жол іздеп, әрі-бері ойқастап алды да, гүжілдеп тартып кетті.

Сен жолаушының қарасы көзден үзілгенше қыбыр еткен жоқсың. Жер апшысын қуырып, гүжілдеп тартып бара жатқан көк қасқа машинаның үстінде аруананың сырық мойны сораяды. Қарсы алдынан туған табақтай айға да селт етпеді. Емешесі үзілген іңкәрі артта. Сол баяғы алыс, алыста, талай қырдың, талай сай-салалардың, асу-асу белдердің арғы жағында қалған. Бұнан былайғы жерде тек түсіне кіреді. Өмір бақи орындалмайтын арманға айналып, көзінен бір-бір ұшатын да тұратын сол адыра қалғыр мекеніне жас толы көзі боталап, иір мойны үзіле жаздап аңырап барады.

Қалайда осы бір тілсіз хайуанның көкірегін жарып шыққан зарлы үн кеше қонысын тастап көтеріле көшкен жиырма бес үйді сенің де есіңе салып, ет бауырың езіліп түр.

Мына аруананы да аяды. Иә, қатты аяды. Дүние тас-талқаны шығып, өзгеріп жатса да, осы жануарды өзгертер күш жоқтай еді-ау. Ендігі жерге жер бетінде тек осы жануар араласқан тірлік қана өзгермей, өзінің сол баяғы баяу, мешеу әрі момын, әрі аңқау күйінде қалардай көруші еді. Әне, көрдің бе... дүркіреген дүлей заман бұл жануардың да қол-аяғын жерге тигізбей дедектетіп әкетіп барады. Соңыра замана көшіне ілесер, ілеспес, ал әзірге о да гүжілдеген көк қасқа машинаның арқасында кетіп барады. О, жануар! Ғасырлар бойы шығыстың жүгін адам аяғы жетер жерге тасыған осы ойсылқара, енді, әнекей, өзі жүкке айналып торт доңғалақтың арқасында кетіп барады!

* * *

Бұл жастықтан басын үрейлене көтеріп алғанда, жаңағы жылан шаққандай шар еткен сәби дауыс үзілмей құлағында тұрған еді-ау! Апалақтап көзін ашып алды. Алақ-жұлақ айналасына қарады. Теңіз үстінің тастай қараңғы түні көзіне тіреліп, айналасынан ештеңе көре алмады. Қорқып оянғандікі ме, құлақ шыңылдап, кеудеде жүрек дүрс-дүрс соғады.

Жүрегінің аптығын баса алмай, біраз отырды. Жел жоқ. Қараңғы түн құшағына енген теңіз қап-қара боп түнеріп, көк пен жер тұтасып кеткендей. Мына түн, жаңа, тап жаңа ғана босқан балықтар жосып бара жатқан тұңғиық қара иірім сияқтанып кетті. Ең аяғы, шошып оянғанда бетін желпіп өткен теңіз үстінің бір үзік ескек желі де нағыз жел емес, теңіз астының дәл бір тән түршіктірер шекеңнен шыққандай суық ағысы сияқтанып, әлі де болса жаны зәр түбіне кеткендей қорқынышты түс пен қазір басынан кешіп отырған өңіндегі мына көріністің екі арасын анықтап айыра алмай, қара иірімнің қалтарысынан қапысын тауып су астының аузы-басы тіске толған әлдебір жыртқышы шыға келетіндей, үркектеп айналасына қарады. Бірақ босқын балықтар да, босқын балықтардың жолын тосқан әлгі аузы-басы тіске толған жыртқыштар да көрінбеді. Тек оңы мен солынан әлде бірдеңелер қараяды. Бұл не? Түсі ме? Өңі ме? Что за чертовщина? Көзі жетпегесін еңкейіп қарап еді; ой, мынау... мынау өзінің кісілері ғой. Е, е, енді есіне түсті. Бұл бағана каюта қапырық болғасын жоғарыға шығып, палубада жатқан кісілерінің жанына қисая кеткен екен-ау. Қараңғыға ептеп көзі үйренгесін оңы мен солына қарап еді, күндізгі ыстықтан талықсып жығылған кісілер палубада қатып ұйықтап жатыр екен. Бұның дәл қасында құдды тентек баладай аяқ-қолы тыриып жатқан мына біреу, Құдай біледі, Көткеншек Көшен болар-ау!

Жаңағы түстен кейін көзіне ұйқы оралмады. Ау-құралын тиеген кішкентай тырқылдақ катер бағана күн барында жағадан ұзап, ұлы теңізге шығып алған-ды. Сонан бері бір орынында табан серіппей тұрып алған сияқты. Мотористер қалғып, дұрыс жүргізбей келе жатқан жоқ па деген оймен төменге түсіп еді. Анау-мынау емес қоқан арбаның доңғалағындай көк темір жан-тәнін сап гүрс-гүрс соғып жатыр екен. Көк ала түтін ішінде үсті-басы май-май екі жігіт әлгі арсы-гүрсі ауыр доңғалақтың бірі аржағында, бірі бер жағында тұр. Үстеріне келген бұған бұрылып қарады да, өз шаруаларымен бола берді.

Сен кідірмей, сыртқа қайта шықтың. Жел көтерілмей, дәл қазіргідей шырадай тымық болып тұрса, Амудариядағы күн шыға жететініне күмәнданған жоқ. Ойламайын десе де жаңағы шар еткен сәби даусы құлағынан кетпей қойды. Бір ғажабы босқан балықтың арасында бұ да жүр. Өзінің адам екені де, балық екені де белгісіз. Егер, адам болса, мына ұланғайыр теңіздің бір басынан екінші басына қарай жосылып бара жатқан босқын балық арасында лай суда малтығып келе жатқаны түсініксіз. Қанша күннен бері тобын жазбай, қара құрттай қаптап келе жатқан қисапсыз көп балық теңіз түбін лайлап жіберген. Сары лай су бетіне дейін көтеріліп, тыныс алар ауа қалмай барады. Араларындағы әлсіздері мен кәрі-құртаңдар көп дүрмекке ілесе алмай кейіндеп қала бастады.

Босқын балықтың басында Көксерке мен Ақбалық; Ақбалықтың аппақ денесі күмістен құйғандай; тек салыңқы қарынның бауыр жағындағы қанаттары қып-қызыл, көздері қап-қара; лай су ішінде де аппақ денесі қылау шалмай жарқ-жұрқ етті де отырды.

Бір кезде лай су жүзуге ауырлап еді; Көксерке балықтардың алдына түсті; соңындағы қарақұрым балыққа мойын бұрып: "тығылыспай, араларыңды алшақ-алшақ салып отырыңдар" деп, о, ғажап кәдімгі адам тілімен айқайлап әмір бергені. Бұл аң-таң; балықтың тілін балық түсінеді. Қала берді бақа түсінеді дейтіні қайда? Ал Көксеркенің адамша сөйлегеніне жол болсын? Және ұзақ жолдан титықтаған кәрі кісінің қажыңқы даусы; бірақ оның сөзін ешқайсысы тыңдамады; қыстан көтерем шыққан арық мал сияқты арық балықтар да тырысқақ; Көксерке араларыңды алшақ сап жүз десе, онсыз да сіркесі су көтермей, лай суда денесін әзір көтеріп келе жатқан аш, арық балықтар қасарысып бұрынғыдан бетер тығылыса түсті; иыққа иық, бүйірге бүйір түйісіп қап, аралары сығылыса бастады; үнемі су ішінде ағысқа қарсы алқынып келе жатқан-ды; азабы мол, ауыр жолдың жарты ортасына жетті ме, жоқ па, белгісіз, бір кезде бұлардың тобына оз үйірінен адасып қалған бөтен, бөгде балықтар кездесе бастады; қиын кезде қара тапқанына бұлар да адамша қуанып, қалаш құйрығымен су шапаттап секіріп мәз болады.

Бір кезде теңіз тереңдеп, әлгі тыныс ауырлатқан сары лай сұйылды;

есесіне енді бас айналатын қара иірім басталды; Көксерке қасында қатар жүзіп келе жатқан Ақбалықты тастай сала бере артына бұрылып: "төмен қарамаңдар! Бір-біріңе жақындап, топтарыңды жазбай жүзіңдер! Қалмаңдар!"– деді; теңіз әлгіден де көрі тереңдей түсті; су шұғыл мүздап, ағыс күшейіп бара жатқан-ды; дәл осы кезде бұлар қалай болғанын байқамай қалды; әуелде ағыс тартты ма деп қалған-ды. Көксерке мен Ақбалықтың арасында келе жатқан Ақшабақ кенет ана бауырынан бұлт беріп қара тұңғиыққа құлдырай жөнеліп еді, аржағында осы сәтті тосып тұрған аузы-басы тіске толған репетсіз үлкен жыртқыш тап беріпті; ақсиған найза тістер сарт-сұрт етті. Аппақ Ақшабақ шыңғырып жіберді. Жыртқыштың тісінде кетіп бара жатқан Ақшабақ па, әлде... жас сәби ме, сен сол арасын ажырата алмай қалдың. Бірақ оның жан ұшыра шар еткен даусынан шошып оянғансың-ды. "Апыр-ай, мына түсі құрғыр қандай жаман еді? Жігіттер жақсы ниетпен үлкен сапарға аттанып шыққанда... Әй, бірақ... Тәйірі, түс түлкінің боғы. Не болса соны көңілге алып керегі қанша",– деп, сен іле-шала өзіңді жұбатқан болғансың-ды.

* * *

Шіркін, ол күндердің несін айтасың! Қай жылдан бері балық планы орындалмай, ілгері басқан аяғы кері кетіп, аудан алдында абыройдан айырылып, Қозы Қарын бастық қырына ала бастағанда, Амудария бұлардың атағын аспанға бір шығарып еді-ау! Бірақ о да қас пен көздің арасында өтті, кетті. Өткен күнде белгі жоқ. Араға күн түскесін-ақ кісінің өңі де – түс, түсі де – түс! Тек кешегі кел шайқаған қызық күндерді аңсағанда, қай пенде өзегі талып бара жатқанда саусақ сорып жұбанатын аш құрсақ баладай жадына жармаспаған. Сен де, мінекей, ақ қар, көк мұзда балағыңнан жел ызғып тұрып сол күндерді есіңе алып тұрсың!

Балпақ сарының айтқаны рас болды. Аяқ астынан Амударияның бірнеше күн ие бермей гүрілдеп-сарылдап Аралға лақ-лақ құйыпты. Ағыл-тегіл лай су дария сағасындағы көлдерді толтырыпты да, ауысқаны теңізге құйыпты. Бұлар келгенде теңіз суы едәуір жерге дейін тұщып, сары лайланып жатыр екен.

Апыр-ай, бұл жарықтықтар да адам секілді ындыны кеуіп өліп бара жатқанда тұщы су исін жер түбінен сезетіні-ау! Ел басына келген ашаршылықта жүрек жалғар бір үзім нан үшін елін, жерін тастап босқан аш халықтай, көрдің бе, таңдай жібітер бір тамшы тұщы суға бола ту-ту терістіктен, шығыстан, батыстан оңтүстікке үйір-үйірімен жөңкіліп ауған. Қашық жолдың қиындығына қарамаған. Жолдағы тұңғиық қара иірімдер, түпсіз құрдымдар, ала қашатын ағыстар қаперінен шығып, күн-түн сабылып өліп-талып оңтүстікке жеткен. Сүйтіп, бір тамшы тұщы суға бола Амударияның сағасындағы аядай жерде үйме-жүйме боп жатқан қарақалпақ, өзбек балықшыларының үстіне

терістіктен қара тор жайған қазақтар да жеткен-ді. Бұлардың соңынан "Райым" колхозының балықшыларын бастап таңқылдақ басқарма да жетті. Қалған қазақтар да ау-құралын артынып-тартынып келіп жатты. Ол күндері су беті қайықтан көрінбеді. Қырғын балықтың қызығына түскен үш ел – қазақ, қарақалпақ, өзбектің кәсіпқор кісілері ұйқы, күлкісіз күн-күн, түн-түн балық аулап бергенде теңіз жағасы қан сасып кетті. Ана жерде де, мына жерде де балық қабылдайтын пункт. Олардан сәл әрегіректе сатырлаған ағаш бөшкелер. Ағаш бөшкелердің қасында тау-тау үйілген түз. Түз маңы пышағы жалақтап балық сойып жатқан қатындар. Осынау үш ел түгел жабылған абыр-сабырда үсті-үстіне құйылып келіп жатқан балықты қолма-қол қабылдап, тұздап, әуемен де, қара жермен де, сумен де үлкен қалаларға жөнелтіп жатыр, жөнелтіп жатыр. Соның өзінде үлгере алмай, алды шіри бастаған-ды.

Несін айтасың, жұрт көңілді. Әсіресе сен мәзсің. Бір айлық жоспарды бір жетіде орындап, аудандық газеттің бірінші бетінде суреті басылып шықты. Тайдай тулаған балықтар арасында бұл үлкендеу бір балықты қолына ұстап ыржиып күліп түр.

Сол күндері мойнына фотоаппарат іліп, мосы ағаш арқалап жылтыңдаған біреулер толып кетіп еді. Шамасы, сірә, солардың бірі бұны сыртынан аңдып жүріп, білдірмей түсіріп алған болды-ау. Сол күні де бұның кісілері балықты қырып салған-ды. Сол күні сен қызуы көтеріліп ауырып қалған бурыл бас өкілдің қасында болған едің де, сыртқа күн қыза шыққансың-ды. Қабылдап үлгере алмаған балықтар қырман астықтай жағада тау боп үйіліп қапты. Қайықтар құйрық тістесіп әлі де келіп жатыр, келіп жатыр, жағадағы жұрттың бәрі басын ақ шыт орамалмен шарт байлап алған. Бәрі де екі білегін шынтағына дейін сыбанып, балағын түрініп апты. Көйлегін сыпырып тастаған қай біреулер, кеудеден жоғарғы жағын тыр жалаңаштап алған. Бәрі жанталасып, бәрі сүрініп-қабынып жағаға тұмсық тірей-тірей тоқтап жатқан қара қайықтармен қаз-қатар құрып тастаған таразылардың екі арасында ерсілі-қарсылы тачка айдап, ырс-ырс зембіл көтеріп безектеп жүр. "Біздің жігіттер қайда екен? Әне бір тачка дедектеткен... Жо-қ, ол басқа"...

Кісілерін көре алмай, абыр-сабырдың бір шетінде алақ-жұлақтап тұр. Бұнша кеп балық соңыра күн қызғасын қабыршағы түсіп, іші кебеді. Ісінеді... Сосын шіріп, есіл балық ысырап болуы ықтимал.

Ыссыға қалғысы келмей, жанталасып жатқан кісілер бір кезде абыр-сабыр, шаң-шұң болды да кетті. Балығын бұрын өткізгісі кеп жанталасқан кісілердің қолындағы тачкалар бір-біріне бүйірін тарс-тұрс соғып таразыға кимелеп ұмтылып жатыр.

– Менің кезегім.

– Ә, ортақ... қойың.

– Әй, айналайын, ортағыңды соңыра кек базарда айтарсың. Кезек менікі!

– Ә, ортақ, мені жүдә қапа қылдың...

Енді бір кезде шаң-шұң болып қалған дауысқа жалт қарап еді, осында келгелі балықтың қаны-жыны, шырышы жұққан сары ала сауыс таразы басына жиналып қалған кісілер қабылдаушыны жағадан алып жатыр екен.

– Әй, мынау не істеп кетті? Ісі өнбейтін жаман қатындай қағаз шұқылап кеткені несі, әй?

– Қағазыңды қой, балықты қабылда.

– Бол! Бол!– деп ызалы біреулер ана жақта өжектесе, мына жақта:

– Ә, әке, тезірек алың!– деп майысады.

Өрттей ыстық күн тас төбеге кеп тұрып алды. Сен кісілеріңді іздеп, келесі қабылдау пунктіне барып едің, бұл жер тіпті ығы-жығы екен. Ау қарап қайтқан балықшылардың жуық арада аяқситын түрі жоқ.

Бұнда да қабылдаушыны жағадан алған кісілердің даусы алыстан естіліп жатты:

– Енеңді с...-ай!.. Буаз қатындай маймаңдап аяғын баспай қойды ғой мынау.

– Ақсақал, тіліңді тарт.

– Ал тартпадым... Ал кесші менікін?

Сен күліп жібердің. Көткеншек Көшен. Әне, анау Сары Иван... Әй, мынау кім? Сары Шая ма, әй? Бұл ант соққан қайдан жүр? Кешелі-бүгін о жақтан кеме келген жоқ еді ғой? Бұлардың балықты қырып ұстап жатқан хабарын есітіп, кездейсоқ біреудің көлігімен теңіз басын жағалап жетті-ау?

"Райым" колхозының кісілері де осы арада екен. Бұлар да қан сасыған қыруар байлықты тачкамен тасып зыр-зыр қағып жүр. Сен бұнда айналмай, өзіңнің кісілеріңе қарай өте бергенсің-ді. Көзі кенет бір келіншекке түсті де, тұра қалды. Түсі таныс. Шырамытады. Иә, Сырдарияға барып жүргенде "Райым" балықшыларының арасынан көретін. Өзі тығыншықтай тобылғы торы екен. Басын ақ шыт орамалмен тастай ғып тартып апты. Басындағы шыт орамалдай, үстіндегі шыт көйлектің бір етегін алдыңғы жағынан көтеріп ышқырына қыстырып алған. Өзіне сұқтана қарап тұрған бөгде кісінің назарын әлі байқаған жоқ.

Келіншек ауылдас жігіттердің осынау жан алып, жан беріп жатқан абыр-сабырда да қатарласа қалса, жанары жалт ететін сұғанақ көзіне онша селт етпей, тек ақ шыт орамал тартқан әдемі басын бауырына алып жымиып қана қояды екен. Екеу ара қолдасып көтерген зембілдің бір басын ауырсынып жүрген жоқ. Тек онсыз да өзіне ынтық еркектердің қытығына одан әрі тие түскісі келе ме, қалай, күміс теңгедей қабыршықтар саулап төгіліп жатқан кебіртең жерді келіншектің қарулы аяғы дік-дік басып бара жатқан. Кенет келіншек бойын бір лезде жиып алып, буған "сен де осындай ма едің?" дегендей шытына қарады. Қанша дегенмен бөгде кісіден қысылды ма, өзінің әлгі бір әдемі аяқ алысын әнтек бұзып алды. Зембілді еңкейіп жерге қоя бере бір қолымен жалма-жан көйлегінің шалғайын тартқылап төмен түсіріп жатты.

Бұрын Бәкизаттан басқа әйелге дәл бұлай қызығып қарамаушы еді; осы жолғы қылығына өзі де таң қалды. Байқауынша, жеме-жемге келгенде бұның батылдығы жетсе, тобылғы торы келіншек тайынайын деп тұрған жоқ.

Бұл беті ду ете қап, көзін келіншектен тайдыра берді. Кетіп бара жатып кісілердің тасасынан әлгі жаққа тағы бір көз тастап еді, тобылғы торы келіншек басына байлаған орамал шетімен көзінің алдында шүпірлеген терді сүртіп, қалайы кружкамен көлеңкеде тұрған бөшкеден су ішкелі еңкейіп жатыр екен.

Жұмысты жапырып істеп жатқан кісілердің арасынан көзі Сары Шаяға түсті. Осы ыссыда ақ тер-көк тері шығып зембіл көтеріп, тачка айдап жанталасып жатқан кісілерге Сары Шая "ананы – үйт, мынаны – бүйт" деп, біреуге "тездет" деп, біреуге, "бол! бол!" деп айқайға басып жүр. Сені көргесін тіпті жанталасып, қабылдаушы жігітке жетіп барып:

– Біздің кісілерді жібер. Балық қызып барады,– деп

еді.

Қабылдаушы:

– Ары... ары тұр!– деп, оны кеудесінен итерді.

– Әй, қалқам, ары тұрың не? Мынау үкіметтің балығы екенін білесің бе?

– Білем.

– Ал бұның қып-қызыл байлық екенін білесің бе?

– Білем... Білем, ақсақал.

– Жоқ, білмейсің. Білмегесін де маған ары тұр дейсің. Бұның қадірін

сен білмесең де, ана жақта білетін кісілер бар. Осы балықты, нанбасаң, қазір қалаға апаршы. Жұрттың көзіне алыстан бір көрсетші. Сумка ұстаған қатындар соңыңнан қалай жүгірер екен. "Екі есе, үш есе бағасына сат" деп, жалынып, аузы-басын бояған ақ жеңгелерің өзі соңыңнан ақ балтыры жарқылдап қуып бергенде, машинамен қашпасаң, басқа көлігіңді құтқармайды. Сен, қалқам, абайла, үкіметтің қып-қызыл байлығын осыдан күнге қалдырып шіріттің бар-ау...

– Әй, сен өзің не қылған кісісің? Ары тұр дегенді білесің бе?

– Е, білмесем – үйрет. Ал айтпады деме... мына балық шірісе ісім сенімен болады. Қазақ ССР заң кодексінің статьясына ілігесің. Іліктірем.

– Көрерміз.

– Көретіні жоқ, қылмысқа тарттырмасам, атым өшсін!

– Ой, сорлы. Онан да ана жаққа барып балық тасыспайсың ба!

Шынында да, балық көп, кісі аз, жігіттер үлгере алмай жатқан-ды. Сары Шая үнсіз шегініп кетті де, балық салған зембілдің бір басын ұстады. Екінші басын көтеретін серік іздеп жан-жағына қарағанда, көзі Көткеншек Көшенге түскені.

– Әй, бер кел.

– Мен неге барам? Өзің кел.

– Кел, қолдас.

– Ал, қолдаспаймын. Сонда...

– Әй, көткеншек сорлы, сөзді қой. Кел, көтеріс!

– Ал көтеріспегенім. Сонда қайтесің?

Сары Шая "бұған не істесем?" дегендей ши қалпақтың астына қолын сұғітіп жіберіп шекесін қасып тұр. Кенет жымың етті. Өзі қанша шақырса да, анадай жерде ит көрген текедей, бір орыннан табаны аумай одырайып тұрған қырсық шалға енді бұл да айбатын шығарып:

– Өзім де саған көтергізбеймін,– деп еді, бұндайда қашанда қасарысып кері жығылатын қара шал:

– Қалай көтергізбейсің?– деп шақ етті.

– Қалайы сол, көтергізбеймін дегесін көтергізбеймін.

– Ал мен көтерем.

– Жоқ, көтермейсің.

– Көтерем.

Көткеншек Көшен дедектеп жүгіріп барды. Көзі шатынап кеткен. Шеке тамыры білеудей. Енді, ол:

– Жоқ, көтерем,– деп өзеленіп, зембілдің екінші басынан шап беріп ұстады. Екеуі бір зембіл балықты көтеріп дедектеп ала жөнелді.

"Ой, қырттар-ай!" дедің. Осы қырттарды да адам деп былтыр осы екеуіне қалай жұмыс тапсырғаныңа күліп тұрсың. Былтыр да дәл осы биылғыдай балықшы ауылдың азаматтары жаз бойы жөндеп табыс таппай, қатын-балалар тарыға бастаған-ды. Күн көріс аса қиындаған бір кезде шай-сулық ақша болсын деген оймен әр үйден бір-бір қойдан жинап, осы екі қыртқа алдағы базарға үлгеріңдер деп қалаға қой айдатқан-ды. Екеуінің астына бір-бір жарамды түйе берді. Бас-аяғы жетпістен астам қойды үш күндік жолда ыстыққа ұрындырмай, отын-суын қандырып, әуенімен айдап жеткізіңдер деп тапсырды да, өзі Шалқарға салдырлақ машинамен тартып кетті.

Қой айдаған кісілер ертең базар деген күні алдын кештете қалаға жетуге тиіс-ті. Бірақ олар уәделескен күні келген жоқ; күн шығар-шықпаста базар басталып кетті. Сен дызалақтап жаның шығып барады. Міне, күн көтерілді. Онан түс ауып, базар тарқауға қарады.

Қой айдаған кісілер сол жоқтан жоқ... Сүйтсе, Сары Шая мен Көткеншек Көшен алдарына салып берген бір қора қойды басқарма бала айтқандай екі күн ыссыға ұрындырмай, отын-суын қандырып, әуенімен айдап ертең базар деген үшінші күні уәделі уақытта Ұлы Құмның шетіне аман-есен ілігіпті-ау. Басқарманың құм ішіне кіргесін қойдан айырылып қалмаңдар, абай болыңдар деген тапсырмасын дақа қатты сақтапты. Құм ішінің әдетте қалың өсетін қызыл шағылына кірген қойлар бет-бетіне бытырап бара жатыр екен. Көткеншек Көшен мен Сары Шая астындағы жүрдек атанмен желіп жүріп, екеуі екі жақтап қайырып, шашау шығармай, иіріп ұстапты. Құм арасының бой алып өскен қызыл изені мен қара бұйра жусанын қуалап жүріп жайылған қойлар екеуінің көз алдында жоны бұлтылдапты да отырыпты. Бір шоқалақтан кейін бір шоқалақ асып, бір өрге тырмысып, бір ылдиға құлап, бір көтеріліп, бір түсіп келе жатып, сонан бір кезде алдарында дөңкиген биік ақ шағылдың басына шыққан екен.

Жазылы түйе үстінде қоқырайып отырған Көткеншек Көшен мен Сары Шаяның ілгергі жағынан, көз ұшынан үлек мойын қызыл водокачка сорайып тұра қалыпты. Жазылы түйе үстінде қоқырайып отырған мына екеуге мойын созып "Әй, мынау сендер ме?" деп

таңдана қарағандай. "Иә, біз!.. Біз ғой" дегендей бұлар да дереу қопаң етіп көтеріліп қойыпты. Шалқар шаһарының жер тістеген аласа үйлерінен жалғыз бой асырып тұрған қызыл водокачкамен бұлар осылай үнсіз тіл қатысып алғаннан кейін тіптен көңілденіп кеткен.

– Әй, ана қызыл мойынды көрдің бе?

– Е, көрмегенде ше!..

– Осы жарықтықтың жер түбінен көрінетіні-ақ жақсы.

– Өзі су тартады дейді ғой.

– Әй, қайдам... Мен білсем, дәу де болса, бұны өзіміз сияқты жер, суы басқа жолаушыларға белгі үшін салған.

– Болса болар. Ана қараш, көш жерден "мен мұндалап" тұрғанын.

– Орыстар біледі ғой. Осы қызыл мойынды осы күнгі орыстар емес, баяғы Мекелайдың орыстары салыпты деген не?

– Рас болар. Қай заманда да біздей емес, бұл орыс тас қалауға шебер ғой.

– Иә, шіркіндердің ерінбейтінін қайтерсің.

Екеуі дөңкиген екі ақшағыл құмның басында сирағы серейген екі жазылы атан үстінде бірімен бірі алыстан айқайлап тіл қатысып тұрған-ды. Айтар әңгімелері бітіп қап, көз ұшындағы қалаға қарап тымтырыс түр. Сары Шая ши қалпақтың астына қолын сұғып жіберіп, ақ қылшық шекесін қасып ойланып қалған сияқты. "Апыр-ай, ә,– деп ойлады,– мына қойларды ғой ертең қаланың қу мүйіздері пышақ ұшынан бөлісіп әкетеді. Бұлар аты-жөнін білмейтін әлдебіреудің қорасына апарып байланады. Пышағы жалақтаған бір қу теріге үйген етті қадақтап сатады. Онан ол ет бұлар білмейтін біреудің қазанына түседі. Онан бірер қайнап, буы бұрқыраған табақ-табақ етті алдарына алғасын-ақ сенің сонша жерден қоңын қисайтпай, отын-суын қандырып мәпелеп бағып әкелген ақтылы ала қойың қаланың қай қуының қарынында кететінін бір Құдай білсе білер, ал, бірақ сенің білмейтінің ақиқат. Ендеше, бұлардың өзіне бұйырмайтын нәрсені осынша өбектейтін несі бар? Онан да қасындағы серігін кішкене қылжақтап көңіл көтеріп алмай ма? Әй, осы итті жұрт неге "Көткеншек" деп әлдеқандай қылады? Әне! Әнекей!.. Қара атанның екі өркеші арасында иегі астында ұйысқан қара сақалын көкке көтеріп әуелете түсуін қараш! Ал, мына қойлар... Тәйірі, күні ертең қала алаяқтарының қазанында қып-қызыл қуырдаққа айналатын момақан мына жануарлар қайда кетер дейсің, құм ішінің шебіне әзір жайыла тұрсын. Жаман қара шалмен кішкене тәжікелесіп көңіл көтеріп

алғасын, о, Құдай иек астындағы қалаға жостырып қуалап айдап берсек... е, тәйірі, бір қозғалып кеткен тұяқ жер қоя ма? Басқарма бала кешкі асын алдына ала бергенде біз де жетерміз-ау".

– Әй, Көшен?

– Уа, не?

– Осы халық сені неге Көткеншек дейді?

– Е, десе несі бар? Көткеншек болғасын дейді де.

– Сен, ендеше... менің де көткеншектігім бір басыма жететінін білесің бе?

– Е, онда осы жұрт сені неге Көткеншек демейді?

– Дер, демес, ал өзің менімен көткеншектесесің бе?

– Е, несі бар... Кел!.. Көткеншектесіп көрейік!– деп Көшен шап етті.

Осыған дейін екеуі дөңкиген екі ақшағыл құмның басында бірін-бірі алыстан қайрап айқайласып тұрған-ды. Әлгіден кейін екеуі де кенет астарындағы түйенің басын асығыс бұрып, кендір қамшымен остыртып тартып-тартып қалды да, құдды қазір бірінің-бірі қолында өлетіндей тап берді. Тайрақтатып желіп келді. Майса құмға май табандары мамырлай кіріп, бас білгеннен бері талай бұйданы үзген жырық танаулары шуылдап, екпіндеп желіп келген екі атан бірін-бірі төспен қағатындай омыраулай тоқтады. Жазы үстінде қоқырайған екеудің де көздері қып-қызыл, ежірейіп кеткен. Бірі бажбиған сап-сары. Екіншісі шүңірек, тебен инедей қадала кетеді.

– Кәне, кел! Келе ғой! Тәуекелің жетсе, менімен көткеншектесіп көр.

– Келсең – кел! Тек қалай көткеншектесеміз?

– Қалай болса солай. Қайсысына да тұрам.

Сары Шая құм арасының көгін қуалап бытырай жайылып бара жатқан қойларға көз тастады. Онан астындағы ұзын сирақ қара атанның танауын шуылдатып кимелеп тұрған қиқар шалға қарап еді. Мына түрі құдды кезегін күткен батыр сияқты шүңірек көзі шатынап тұр екен. Теке сақал тікірейіп әуелеп кеткен. Жаңа бұған "келсең – кел" дегенде көйлек жағасынан қиқарлана созған сіңір мойын ұзара түсіпті. Е, Жасаған, күзгі қара суықта түбін жел қазып тастаған қара кеңірдек жусаннан ауса не дейсің. Шынында да, мынаны жеңу қиын сияқты.

Қара шал көткеншектесуге келгенде өзінің алдына адам салмайтын көкбеттігіне сенді ме, уысындағы екі бүктеп қысып алған кендір

қамшыны шошаң еткізіп жоғары көтеріп алды.

– Әй, қырт, ана қойларды қайыр!– деп ақырып еді, Сары Шая қайырмақ тұрсын, бұл кезде шет жағы ыдырап бытпылдақ құм арасына шашырап бара жатқан қойлар жаққа тіпті назар салмады. Ол тек көткеншектесетін сылтау табылғанға қуанып:

– Өзің қайыр!– деп өзеуреп, анадан бетер шаңқ-шаңқ етті. Астындағы ілгері жүргісі кеп ұрынып тұрған ақ ауыз сары атанның қызыл түзгеннен істеген мұрындығын жұлқи тартып еді, мұрны ауырған атан бақ етіп, артына қарай шегіншектеп қалды. Енді Көшен өзінен де асқан көткеншек шыққанына бір жағынан таң қалса, екінші жағынан соған ызаланып:

– Жоқ, сен... сен бар!– деп ерегіске белдесіп түсті де кетті. Бұл да үш күннен бері алдарына сап айдаған бір қора қойдың шетке шыққанын желіп жүріп қайырғанға үйреніп алған елпілдек әдетпен тақым астында танауы шуылдап, ілгері жүргісі кеп тұрған алмас өркеш қара атанды кендір бұйдасынан тартып-тартып қалғанда, мұрны қанады. Қанмен бірге жан даусы қоса шыққан жануар бақ-бақ етіп, басы кегежектеп кейін қарай бір емес, екі басты.

Қойлар басын жерден көтеріп апты. Аналық саулықтар аузындағы үзіп алған құм ішінің тамыры үнемі ылғалға тиіп жататын балауса шөбін шайнамай, ауылдан шыққалы өздеріне бас-көз боп келе жатқан түйелі екеуге "сендерге не пәле көрінді?" дегендей таңдана қарап қапты. Екеуі қамшысы шошаңдап, біріне-бірі кіжіне-кіжіне, шаңқ ете-ете ілгері басудың орнына келген жағына қарай көткеншектеп шегіне берді, шегіне берді. Сүйтіп, ертең базар деген күні ақ пен қызыл арасында, не тілектің үстінде тұрған мұсылман қауым басын сәждеге қойып тілек тілейтін қасиетті кезде көткеншектесуді бастап кеткен бұл екеуі сонан ел жатқанша бір-бірімен өжектесіп, ілгері басудың орнына кері басып, артына қарай шегіне-шегіне, ақырында Үлы Құмның шетіне шығып кеткен-ді. Бірін-бірі сонда да жеңе алмай, ызаға булыққан екеу сонан түн ортасына дейін, онан таң алдына дейін көткеншектесе-көткеншектесе құм ішінде қалған қойлардан ұзай берсін. Сонан күн шықсын. Сонан сиыр сәске болсын. Хан сәске боп шілде айы шыжғырып күйіп берген-ді. Сары Шая мен Көткеншек Көшен бірін-бірі сонда да жеңе алмай, көткеншектесе беріпті.

Бұл кезде ана жақта базар тарқауға қараған-ды. Басқармада зәре жоқ. "Сірә, олар сау болмас" деген ой басынан кетпеді. Базарға келген біреудің атын сұрап мініп, қой айдаған кісілерін іздеп шаба жөнелді. Жаман атты басқа-көзге сабалап келеді. Бір кезде Ұлықұмның шетіне ілікті. Тапырақтап шапқан ат сусылдақ құмға шашасына дейін кіріп алқына бастады. Бұл үсті-үстіне тебініп, алақандай ала көз жан-жағына алақтап қарап келе жатқан. Кенет кірпігін қағып қалды. Онсыз да май

ішкендей боп келе жатқан жүрек су етіп, құм ішінде қасқыр қуған қой іздеріне үрейлене көз тікті. Екі-үш жерде құмға тамған қанды көрді. Танау қағып ырсылдап қалған жаман тұғырды ызалана тартып-тартып жіберді. Тұғыр ыңыранып тезек тастады. Алдындағы ақ шоқалаққа шауып шығып еді, соның ар жағы қасқыр қырған қойлар қызыл ала қан боп жатыр екен. Шамасы, күшігін ауыздандыруға шыққан көп қасқыр бір қора қойға емін-еркін тиісіп, оң келгенін оң, сол келгенін сол мойнынан бұрап лақтыра беріпті. "Құдай төбеден ұрған екен. Апыр-ай, сорлылардың өздері аман болса жарар еді?" О л енді атын басқа-көзге төпеп құм ішіндегі қасқыр қуған қойдың ізіне түсіп шауып келеді. Ат өкпесін соғып ырсылдай бастады. Бірақ бұл кезде қызыл шағыл құмның шетіне шығып қалған еді; ілгеріректегі нар шоқалақтың аржағынан түйе бақ етті. Енді тіпті зәрең қалмады. Ат үстінен созылып, ілгері жаққа құлақ тігіп еді; бұл жолы қырылдаған әлсіз дауыс шықты. Қасқыр алқымдап жатқан сияқты. Сен қолыңда қамшыдан басқа қару жоғын ұмытып, жаман тұғырды басқа, көзге сабалап нар шоқалақтың басына шауып шығып едің, дәл иек астында әлгі екеу... О, қырт! Қырт! Қырттар!.. Қой айдатып жіберген екі қырт астында борша-боршасы шыққан екі атанның бүйірін бүйіріне түйістіре қатар тұрып, біріне-бірі кіжіңдеп, ілгері басудың орнына кейін қарай шегіншектей-шегіншектей бере құмнан шығып кетіпті. Өздерінде не өң, не түс жоқ; еріндері кезеріп, көздері шүңірейіп кетіпті. Тамағы қарлығып, ар жағынан тек қырылдаған дыбыс әзер шығады. Соған қарамастан, әлі де болса бірінің дегеніне бірі көнбей, өкіректеп өжектесіп тұр екен. Сен екі етегің далақтап шауып келдің де, ат басын қатарласа бере кілт тарттың. Олар сенің ызалы түріңді көруін көрді; бірақ бұл кезде бір-біріне қаны қатып өшігіп алғандары сонша, біріне-бірі кіжіңдеп өжектесе берді; екеуінің астында дәл өздері сияқты сілесі құрыған ақ ауыз сары атан мен алмас өркеш қара атан аяғына әзер түр. Аяғын ілгері басайын десе де, үстіндегі екеуі бақ еткізіп бұйдасын тартып қалады. Сенің көзіңше де олар бір-біріне: "қойды сен қайыр!" "жоқ, сен қайыр!" деп қыр-қыр етеді.

Әдепкіде: "мыналарды елсіз жапан түзде жын ұрған шығар",– деп қалған-ды. Бұндай жағдайда тіл қатар-қатпастың жөнін білмей, екеуіне жалтақ-жалтақ қарады. Сары Шая соны сезді ме, басқармаға бұндағы мән-жайды айтайын деп еді, оған даусы шықпады. Сосын, құр қамшысы шошаңдап:

– Мынаған кеше құмға кіргесін қойды қайыр, бытырап барады дедім,– дей беріп еді, Көткеншек Көшен дереу қолындағы кендір қамшыны Сары Шаяға қатулана сілтеп:

– Е, мен неге қайырам, сен... сен қайыр дедім,– деді өжектеп,– халық сені емес, мені көткеншек атаған дедім.

Бұл ләм-мим деместен аттың басын бұрып, келген жағына

бүлкілдеп жөнеле берді. Өзінің әлгінде осы қырттар жазым боп қалды ма деп, есі шыққанша далақтап шапқанына өкінді. "О, қырттар! Қасиетсіздер! Бұл қасиетсіздердің өнбес істен енер тауып, айдалада көткеншек таластырып болып тұрған сиқын қарашы!"

Қайтып келе жатып құм арасынан қасқыр талаған бес-алты қой тапты. Аман қалған тағы біраз қой қалың шағыл арасына кіріп, бет-бетіне шығынып кетіпті. Бұл кешке дейін бір-бірлеп ізіне түсіп жүріп, бас-аяғы оншақты қойды әзер тауып қалаға жеткенде, іле-шала соңынан Сары Шая мен Көткеншек Көшен де келген-ді. Сен олармен тілдеспек тұрсын тіпті жүздерін көргің келмеді. Бірақ Сары Шая шай ішіп, ес жиып алғасын, сол күні бір жанға тіл қатпай, темен қарап тұнжырап алған інісінің үстіне кірді де, тақымдасып қатар отырып алды.

– Жәдігержан-ау, не десең де еркің. Қаусаған жаман екі шалды өлтірем десең де мейлің. Сенің қолыңды қағатын ешкім жоқ. Тек, айналайын... Әуелі тыңдашы,– деп жалтақ-жалтақ қарап қойды да, Жәдігер үндемегесін батылданып, бұрынғысынша сұңқылдап сөйлеп кетті,– Оу, баяғылар жүз сиырды жүз шақырымға боқтамай айдап апарған кісі тұп-тура жұмаққа барады демеп пе еді? Ал, енді мына қойлар... Қойлар ше, бұл құлағыңды с... дер тіпті сиырдан да жаман екен ғой...

Сен онсыз да қара тырнағыңа дейін күйіп отырғансың-ды. Жөніне тыныш отырмай, енді мына сұмырайдың сұңқылдағаны жынына тиді. Үнсіз орныңнан тұрдың. Үй толы кісілердің еш қайсысына көз салған жоқсың. Екі қыртты отырған орындарынан тырп еткізбей екі қолыңмен кек желкеден бүріп ұстадың да, тіс жарып түк деместен сүйрелеп алып шықтың. Екеуінің екі жақтан бажылдап тыпырлағанына да қараған жоқсын. Тек сыртқа шыққасын:

– Бар! Жоғал! Қараларыңды батырыңдар!– деп ақырдың да, қатты нұқып екеуін екі жаққа итеріп жібергенсің-ді.

Сары Шая мен Көткеншек Көшен оңаша қалғасын екеуі біріне-бірі:

– Бәрі сенен!

– Жоқ, сенен!– деп кіжіңдесіп жағаласа кетті. Даланы басына көтеріп, шаң-шұңдасып, бірінің бетін бірі тырнап, жағасын жыртып ұйқы-тұйқы. Жұрт жиналып қалды. Бірақ оларды ажыратқан жоқ. Құдды ит пен мысықтың таласын қызықтап, бірің ел де, бірің қал деп тұрғандай. Көткеншек Көшен мен Сары Шая қора ішінің шаңдағын бұрқылдатып бірін-бірі домалатып, ұмар-жұмар алысып жатқан-ды. Кенет Сары Шая жан дауысы шыға шар етті. Қызығына қарап тұрған кісілер, "ә" дегенде не болғанын білмей қалды. Сүйтсе, астында жатқан Көшен күш алып, үстіне мініп, мыжғылай бастаған Сары Шаяның оң

құлағы аузына дөп келе бергенде, дәл түбінен қыршып алыпты да, жерге түкіріп тастапты.

Сары Шая қан саулаған құлағын алақанымен басып атып тұрды. Сол арада біреу киіз күйдіріп басайын деп еді, Сары Шая көнбеді. Сап-сары бажбық көз шаң арасында жатқан өзінің қан-қан құлағына қарап әлдене ойлап кеткендей қыбыр етпей тұр.

– Ойбай сорлы, дәрігерге жүгір!– деді біреу.

– Иә, құлағыңды ал да, тез больницаға жет! Қан ұйымай тұрғанда қолы білетін хирург орнына тігіп береді,– деді екінші біреу.

– Жоқ! – деді Сары Шая.– Соңыра сотқа барғанда бұл дәлелге керек болады. Мойын бұрғызбайтын факт! Ал, кәне... куә болыңдар! Акті жазамыз,– деген екен, сол арадағы жұрт үн-түнсіз жөніне тарап кетіпті.

Сары Шая топырақ арасында жатқан қан-қан құлақты "бұл соңыра сотқа барғанда керек болады" деп беторамалдың шетіне түйіп алғанды.

Сүйтіп, сен балықшылардың орталарынан жиып берген шай-пұлдық жандығынан айрылып, қой да жоқ, шай да жоқ, ауылға тірі масқара боп оралсаң, бұндағы жұрт қыран-топан. Кісі басы құралған жерде айтатындары Сары Шая мен Көткеншек Көшен. Қалаға қой айдатқан қалашылардың жолда бастарынан кешкен хикаясын әркім әртүрлі айтады. Тіпті осы ауылдың бір қуы домбыраға қосып жыр ғып айтып жүр. Оның жырын тыңдасаң, Көткеншек Көшен мен Сары Шая әлдеқандай біреу емес, әлгі бір қиссалардағыдай тоқсан үйлі тобырды қолының күші, найзаның ұшымен асырап отырған Қара Қасқа атты Қамбар батыр. Астарындағы ақ ауыз сары атан мен алмас өркеш қара атан, аты түйе демесең, нағыз қас батырлар мінетін желмая. Тыңдаған жұрт езулерін жия алмайды. Кешегі күні қатын, баланың шай-суын айырсын деп өздерінің ортадан шығарған қойларын қалаға кірер ауызда ақшағыл арасында қасқыр қырып кеткені ешқайсысының қаперіне кіріп-шығып жатқан жоқ; қайта өздері соған мәз, әсіресе екі батырдың айдалада жекпе-жекке шығып, бір күн, бір түн көткеншектесіп кеткенде бірін-бірі ала алмай, сонан Құдайға сыйынып, ата-баба аруақтан, әулие-әнбиелерден медет тілеп жалбарынатын жерге келгенде күлкіден ішектері түйіліп, отырған-отырған жерде жығылып жатқандары. Бұ да күлді. Әрі-берідесін ренішін ұмытып та кеткен-ді.

Енді, міне, тағы да сол екеуі... Сары Шая – қу. Іш есебіне түгел. Пайдасына жетік. Ал, ана сорлы өзіне не тиімді, не тиімсіз екенін де біле бермейді. Тек көткеншектессе, кері сиіп ерегіскенде жеңсе, мұратына жеткені...

* * *

Бұлар аулап жатқан балықтардың негізгі дені алабұға, шортан, тісті. Аты балық демесе, тұқымы азған. Өздері және арық.

Теңіз ашығалы балықтар тереңге кетті. Тек ащы суға әзір төтеп беріп шыдап жүрген жыртқыш балықтар. Олар да қазір жемін оңайлықпен таба алмай, көк теңізде сабылып жүр. Таңдай жібітер су іздеп, жаны қыдырып жосып кеткен осы теңіздің азын-аулақ балығын қуа-қуа қазір арса-арсасы шыққан. Еті азайып, сүйегі өсе берген. Әсіресе сүйектері арбиған баста үңірейген қомағай көз бен ауыз ғана.

Бұрын су астының жайылымы бай еді ғой. Қамыс дейсің бе, қопа дейсің бе, ал қоға мен балаусадай балбыраған теңіз түбінің балдыры қандай еді! Бар балық соған жайылатын. Дауыл боп теңіз түбіне дейін шайқалып кеткенде әлгі қамыс пен қопа, қоға арасының ығы қай балық үшін де құдды киізі бүтін ақ боз үйден кем болушы ма еді? Ұйысып өскен сар балақ балдыр арасы тіпті былқ етпейтін. Балық әулеті көктемде үйір-үйірімен кеп ұрығын соның арасына шашатын. Бірер айдан кейін балдыр арасында бауырын көтерген балық әулетінің болашақ ұрпақтары шүпірлеп толып кететін. Түк білмейтін аңқау бала балықтар шапқылап кеп жыртқыш балықтың аузына өздері түсуші еді-ау!

Бұл пақырлар үшін о да бір дәурен екен ғой! Әттеген-ай, сормаңдай тісті мен шортан соның қадірін білмепті-ау. Қамыс арасында тығылып тұрып осы теңіздің тіске жұмсақ әлдебір момыны жанынан өтіп бара жатқанда тап беріп, бір жалмап жұтып қоятын баяғы заман бұларға енді жоқ. Иә, су астының қазіргі тіске жұмсақ момындары дәл бір жер үстінде желмен жарысқан түз тағыларындай. Қазір бұларға да күн көру қиындады. Бұлар да күнделікті қорегін қызыл танау боп қуып жүріп табады.

Шортан тұзды суға төзімді болса да, бірақ судан сыртқа шықса жаны бірге шығатын пәлесі бар. Әне, тіс толы аузы ақсиған шортан үй жанына үйіп тастаған отын ағаштай секейіп-секейіп жатыр. Күнге қызып ісінгені тіпті жаман. Құдды қарнын үрлеп-үрлеп аңқау біреуге алдап сатқалы тұрған сығанның кәрі аты сияқты.

Кенет, әлде біреудің ашынған айқайынан селк етті. Еңсесін тіктеп дауыс шыққан жаққа қараса:

– Апыр-ай, мынау өлгенде көрген балығым еді. Есіл еңбегім зая кетті-ау! Қайдан шықса онан шықсын, сен иттің баласын...– деп, күнге күйген шойын қара жігіт қабылдаушыға ұмтылып жатыр екен. Жердегі қызыл өңеш айқай аз дегендей, күн шығар-шықпаста көк жүзінде қаптап кеткен өгіз шағалалар да қан сасыған балықты біріне-бірі қимай, қанаттары сатырлап қиғылық сап шаңқ-шаңқ етеді.

– Әй, жігіттер, қойыңдар!– дедің сен.

– Жоқ-ау, балық қызып бара жатса, бұл неме кісінің ызасына тиіп, тұқшыңдап қағазға қарай ма... шот қаға ма.

– Жә, онан да жұмысқа кірісіңдер. Кәне, кімде бос тачка бар?

Көйлектің жеңін шынтағыңнан асыра сыбана бергенің сол еді; көзіңнің қиығы бір шетте оқшау жатқан ақ балыққа түсті. Туғалы теңіз кешіп жүрсе де, бұрын соң дәл осындай әдемі аппақ балық көрмеген-ді. Мынау басқа балықтардан анағұрлым ірі. Көзі қап-қара. Қанаты қып-қызыл. Қабыршағы да күмістен құйғандай. Күнге шағылысып жылт-жылт етеді. Өзі әлдеқашан өлген сияқты. Жаны шығарда алақандай қара көз ағып түсетіндей ыршып тоқтапты. "Ә" дегенде аппақ ақ балықтың әдемілігіне таң қалған. Көзін ала алмай арбалып тұр. Дәл осындай бір балықты білетін сияқты. Білгенде қандай! Анада түсінде көретін Ақбалық, Иә, сол! Соның дәл өзі. Сондағы үріп ауызға салғандай аппақ Ақшабақ, әне, жаны кеудесінен алдақашан шығып кеткен ана-балықтан пана күткендей бауырына бетін басып тығыла түсіпті. Сен түгіне түсінбей аң-таң боп тұрсың. Бұл не ғажап?! Сондағы түс пен қазіргі мына өңінің екі арасын анықтап ажырата алмай ақылы дал. Әлде?.. Әлгі бір түсінде көргені, ояна келсе, аумай-төкпей өңінде келетін көріпкел сәуегей болғаны ма? Әй, қайдам. Бұл қазір жақсылыққа көрінетін түстерді көруден де қалып барады. Иті қырын жүгіріп тұрған қазіргідей кезде түс қайдан оңғарылсын. Түсінде көрген жамандық ояна келгенде аумай-төкпей алдыңнан шығып жатады. Көрмейсің бе, кеме үстінде түсіне кірген Ақбалық он бес күннен кейін бұның өзі жайған торға түсіп қан-қан боп алдында жатады деп, бұл, сірә, ойлады ма? О, бишара! Кәрі Аралдың сонау теріскейінде шөлден қырылуға қараған балықтарды бастап аман-есен кеп, енді тұщы суға таңдайын жібіте бергенде тұзаққа түскенін көрмейсің бе? Тұзаққа өзі түсті ме? Әлде, баласын құтқарам деп шыр-шырлап жүргенде қанды қармаққа ілінді ме? Көріп тұрсың. Тірлік үшін бұл пақыр да біраз тайталасыпты. Су ішінде салдыр-күлдір қиғылық ұрғанда бауыздаулықтан іліккен қыл тұзақ қылыштай тіле беріпті. Үлбіреген аппақ тамақтан аққан қан әлі де тыйылмай, бауырындағы Ақшабақтың аппақ тәніне тырс-тырс тамады. Бір түйір қан шекесіне тырс еткенде Ақшабақ есін жиды. Кіп-кішкентай аузымен емізік сорған баладай үсті-үстіне дем тартқанда сұлық қалды. Сен суға жібергің кеп ұмтыла бергенсің-ді. Осы кезде ар жақтан Көткеншек Көшен де келіп қалған екен. Енді бір аттаса Ақбалықтың баурында жатқан Ақшабақты басатын түрін көргенде, сен жан ұшырып:

– Көше-ке... Тоқта!– деп ұмтыла бергенсің-ді.

Көшен жер қозғалса қозғалмайтын жігіттің осы арада неге безектеп кеткенін білген жоқ; тек оның жолын кес-кестеп тоқтатпақ болғанына

қырсығып жыны кеп кетті. Бұндайда ненің дұрыс, ненің бұрысын қайдан ойласын.

– Ал, тоқтамаймын. Сонда қайтесің?

Қара шал бұның ілгері созған қолын қағып жіберді де, аяқ астында кіп-кішкентай аузымен шөп-шөп ауа қармап жанталасып жатқан әлгі аппақ Ақшабақты резеңке етікпен былш басты.

– Ал, ал тоқтамадым.

Сен сол арада көзіңді жұмып, сұлық тұрып қалған едің-ау. Тоқ ұрғандай тұла бойың түршігіп кетті. Көз қарауытты ма, әлде оңтүстіктің өрттей ыстығында миы қайнап басы айналды ма, әйтеуір, құлап қалатындай қорқып қолын созып қасында тұрған біреуден ұстай алып еді. Бурыл бас өкіл екен.

– Жә-ді-гер,– деді ол,– күн өткен шығар? Черт знает что. Мүмкін, дәрігер...

Басыңды шайқадың. Көзіңді ашуға қорқып тұрсың. Қос шеке солқылдап әкетіп барады. Құлақ шыңылдады.

Бурыл бас өкіл мазасызданып:

– Апыр-ай, ә? Бір жерің ауырып тұрған жоқ па?– деді.

– Жо-о... Жәй.

Содан артық тілге келмей бұрылып жүре берген-ді. Қосқа соғып жол дорбасын алды. Жүргелі тұрған кемеге ілесіп сол күні ауылға тартып отырды. Амудариядa қалған кісілеріне сонан кейін соқпады. Бұл мінген кеме ашық теңізге шыға бергенде дауылға ұшырады. Бір күн, бір түн дауыл шайқаған кеме екі қапталын кезек сабалап қара жерге өлдім-талдым дегенде әрең жетті. Бұл үйге аяғын сүйретіп, тәлтіректеп келсе, Алматыда айға жуық дем алып қайтқан Бәкизаттың да оралғанына бір-ақ күн болған екен. Бәкизат бұнан ол жақта балық талаптарың қалай болды деп сұрамады. Бәкизаттан Алматы қалай болды деп бұл сұрамады.

Тек бірдеңе деу керек болғасын:

– Күте алмадым... кешір,– деп еді, басқа ермек таппағандай осы сапарда лактап қайтқан тырнақтарына қарап отырған Бәкизат бұған салғырт жүзін салмақпен бұрды. Бетіне бей-жай ғана көз салып отырды да, мырс етті. Түк деместен тұрып кетті.

Жалғыз қалғасын тұсындағы айнаға көзі түсіп еді, түрінен шошып кетті. Жүдепті. Сақал-мұрт өскен. Бұрын да үстіне салақ қарайтын кісі

қазір тіпті ебіл-себіл. Бәкизат екеуі ана жолы Аралдағы таныс дәрігердің үйінде қонақта болғанда да бұның түрі онша оңып тұрмаған шығар-ау. Жанындағы үріп ауызға салғандай аппақ сұлу келіншектің қасында құдай қосқан қосақтан гөрі ұсқынсыз кәрі әкеге ұқсаса ұқсаған шығар. Онда жыл басы еді. Қазір жыл аяғы. Бір қиындықтан бір қиындық асып түсіп бұрынғыны кейінгі қиындық пен қайғы-қасірет ұмыттырып келеді.

* * *

Теңіз шайқады ма, онан да бұрын Амударияның лай балығының қызығына түсіп қатты шаршағандікі ме, сол күні сен үй ішімен тілдесуге де шамаң келмей, кешкі асты ұйқы көзіңе тығылып отырып ішкен едің де, дастархан жиналар-жиналмаста төсекке жығылғансың-ды. Құрсын, қалжырап жүрген кісіде пәтуа болған ба... Ертеңіне оянғанда төсектен ерте тұрып кеткен әйелдің жып-жылы орнын сипап қалды. Осы түннің өкініші жынына тиді. Кешкі асты есіл-дертің ертерек ішіп, үй іші күндегіден ертерек жатқанын тілеп, сонан қашан күн батқанша дегбірің қалмады. Бұндайда уақыт өте ме. Оның үстіне, күйдіргенде, бірінші күнгідей, келесі, екінші күні де Бәкизат жатар кезде әдейі уақытты созып, ас-суды кешегіден де кеш берді. Онан жоқтан өзгені сылтауратып, ана жақта оны-пұны үй шаруасын істеп жүріп алды. Онан бір кезде кішкентай қызын қасына алып отырып түннің бір уақытына дейін сабағын даярлатты. Сен мына жақта ызаң ішіңе симай, ашу иектеп, төзіміңді тауысып дір-дір етіп жатырсың. Астауынан жеріген жылқыдай әйеліңнің астанадан кейін неге бұлайша некелі жар төсегіне жоламай, ана жақта ұзақ жүріп алған себебін жүрегі құрғыр сезіп те жатыр. Онан сайын ызалы дене теріге симай дір-дір...

Сонан тек түн ортасы ауған бір мезгілде Еңбек Озаты ұйықтаған болар деді ме, есікті сықырсыз, ақырын ашты. Аяғын да ақырын басып, қатар тұрған қос керуетке жақындады. Бәкизат сен жатқан төсекке созылып бір қарады да, өз төсегіне бұрылды. Көрпе астына кіріп тып-тыныш бола қалған-ды; кенет тым-тырыс үйден тұрпайы дауыс дүңк етті: "Ал, демалыс қалай болды?" Бәкизат бұны күтпеген-ді. Дір етіп тіксініп қалса да, бірақ мейлінше сыр бермеуге тырысып: "жаман болған жоқ" деді. Сәл үнсіздіктен кейін әлгі дүңкілдек дауыс: "Алматы қалай екен?"– деді. Бәкизат әлі де сыр бермеуге тырысып, жай ғана: "жақсы ғой" деді. Бұл да, ол да әзір алым-берім тіл қатысқаннан артыққа баспай, әлгіден кейін іштей аңдысып тым-тырыс бола қалса да, бірақ бұның арты жақсылықпен тынбасын іші құрғыр сонда-ақ сезіп еді-ау.

Аз ғана үнсіздіктен кейін әлгі дүңкілдек дауыс: "Әзім қалай екен?" демесі бар ма. Бәкизат аржағына қарай аударылып түсті: "Ертең сұрарсың. Түн ортасы ауды. Ұйықтайық!" Сүйдеді де, шынымен де

ұйқы тірелген көзін жұма бергені сол еді, бұл жолы діріл енген дүңкілдек дауыстың үні қаттырақ шықты: "Әзім қалай екен?" Бәкизат басын жастықтан көтеріп алды. Қараңғыда көрмесең де, бірақ көңілің сезеді; Құдай біледі, қара көздің жанарына сәтте сайқал күлкі шауып ұшқындап кетті. Дүңкілдекті қызғаныш өртеп, дір-дір етіп өзін әзер ұстап жатқанын білсе де, қорқу орнына, сол арада қайта әлденеге аяқ астынан көңілденіп: "Әзімнің несін сұрайсың, шалшық судан шабақ аулап жүрген жоқ",– деді де, көрпесін тас қып қымтап, теріс қарап жатып алды.

Әрине, мына атылған оқтай ащы тіл көкірегін тіліп түсті. Түк дей алмай, тілің байланып үнсіз қалғансың-ды. Түнімен көз ілген жоқсың. Төсектен өрт сөндіргендей түнеріп тұрдың. Дастархан басында да көзіңді көтермей түнеріп отырдың. Күндіз де күні бойы қабағың қарс жауып түнеріп жүрдің. Кешкі асқа отырмастан қызыл іңірден төсекке барды да, кереует астына тығып қойған бір бөтелке арақты алды. Шойын қара жұдырықпен бөтелкенің түбіне бір қойып тығынын ытқытып жіберді де, ыдыс іздеп жатпастан кеңірдегі дүрсілдеп басына бір-ақ көтерді.

Бәкизат оны көрген жоқ, бірақ осы кеш бұның бір сойқанды саларын біліп, қызының бөлмесіне барып жатқалы бір жастық, бір көрпені қолтығына қыса бергені сол-тұғын. Сен төсектен атып тұрдың. Жүрегі су етсе де, Бәкизат сыр берген жоқ; өңінде бұның артын күткен сабырлы ажар бар; сол сабырлы салқын қалпын бұзбай, назарын тіктеп саған қарады; бірақ үндеген жоқ; анасының осы күйеу баласын кемсітпек болғанда "нар қара" дейтіні, есіне түсті. Қалай тауып айтқан. Апырай, десе дегендей. Кіммен қатарласса да, жұрттың бәрінен иығы асып шыға келетін нар қара; сен де осындай бойлы-сойлы, ірі еркекті ұнатып, ішіңнен "супермужчина" деп мақтаныш сезіммен сүйсіне атаушы едің; нар қара жауар бұлттай түнеріп алған; жалаң бас; жалаң аяқ, түйе табан жап-жалпақ аяқтардың башайлары бақандай-бақандай; ал бақандай башайлардың сыпыра үсті сол ана көк мүйіз тырнақтарға дейін жүн басып қарауытып көрінеді; сырлы еденді салмағымен сықырлата солқ-солқ басып есікке сенен бұрын жетті де, ішінен тас бекітіп, кілтті қалтасына салып алды.

– Бұның не?

– Солай! Ешқайда бармайсың.

– Жібер.

Сен үндеген жоқсың. Құлап қалатындай қорқып, аяғыңда әзер тұрсың.

– Жібер! Жібер деп тұрмын ғой саған!

– Жібермеймін. Академикпен айқұшақ қабысқанда жақсысың. Ал, некелі байыңа зауқың жоқ. Солай ғой, ә?

– Өтінем, жібе...

– Жібермеймін. Ешқайда бармайсың. Енді мені де көр. Балықшының академиктен айырмасы бар ма екен.

– Қайуан.

– А-а?

– Қайуансың!

Басың айналып, бойыңды әзер билеп тұрсың. Есің де кіресілі-шығасылы. Бірақ әйелдің не дегенін білесің. Сонан кейін әйелдің бетіңе түкіріп жібергенін де біліп тұрсың. Бірақ сонан кейін... Бәсе, соның аржағында не боп, не қойғанын мүлде білген жоқсың-ды. Өзіне салса, өмір осы арада кілт үзіліп кеткен сияқты. Тіпті теңіздің аржағында балықшы қоста жатып қанша ойласа да, әйелдің аузынан соншалық жиіркенішпен зығыры қайнап айтқан әлгі жалғыз ауыз сөз бен оның дал-дұлын шығара жыртқан халаттан басқа бір нәрсе есіне түспеген-ді. Керек десе, қасында қаны қайнап тепсініп тұрған әйелге назар аударған жоқ, есесіне томырық, дөкір неменің алпамсадай ірі денесі қандай да бір өрескел, ожар қимылға анық басатындай іштей ызғарланып ауырлай түскендей; әйел соны байқаса да, онан қорыққан жоқ; аяғындағы осы жолы астанадан киіп келген қылмық туфлидің қазықтай тақасымен еденді тесетіндей кіжіне теуіп-теуіп қалды да:

– Жібер! Жібер!– деуін деді; кіп-кішкентай жұдырық сәтте түйіліп, бүкіл дене дір-дір етіп, зығыры қайнап айтуын айтқанын біледі; бірақ соның аржағында не боп, не қойғанын ойлауға шамасы келмейді; жо-қ, шамасын келтірмеді; қапылыста құйын көтергендей ме, әлде тұтқиылдан дауыл соққандай ма, не де болса, әйтеуір, бір сондай ғаламат күш әйелді қаңбақ құрлы көрмей аяғын жерден үзіп әуелетіп көтеріп алды да, анадай жердегі төсекке лақтырып жіберді; жастыққа етбеттей жығылды; ендігі қарсылықтан пайда жоқ; құттай қарсылық та мына нар қараның ашуына от қоярын білді де, үні бітіп тұншыға жылады; қанша жатқаны белгісіз; оны білген жоқ; білгісі де келмеді; масқара қылғанда, ардан безген неме қазір әй-шәйге қарамай, бас салып зорласа қайтеді? Зәресі ұшқаны сонша, көзін тас жұмып алды; ештеңе көрмейін, ойламайын десе де, тас қып жұмып алған көзінің алдына жараған қара бурадай өлімін сала ұмтылған алпамса еркек келе берді; түлкі алған бүркіттей бүгерлеп астына басып алатындай; оған қарсы қайрат қылар өзінде күш те, қауқар да жоғын ойлағанда, сол арада о да ұрғашы атаулының осындайда дәрменсіз сорлылығына бағып, бауырындағы жастыққа бетін басты да, ернін қырқып тістелей берді; үй ішінде не боп, не қойып жатқанын білген жоқ; осы жасқа

келгенше сыңар тамшы татпаған тақуа неме, әлгіде бір жартыны басына бір-ақ көтергесін түк сезбей үй ішінде тәлтіректеп жүрді де, ауыр денесі гүрс етіп құлап түсіпті. Сосын у ішкен иттей тақтай еденде дөңбекшіп жатып: "ойбай-ай! Ойбай-ай, мені кімге айырбастады? Мен кім, ол кім? Ол екіжүзді артист қой!"– деп сөзінің аржағын айта алмай, сырлы еденнің мұздай тақтайына маңдайын ұра беріпті. Сүйтіп жатып, кенет су түбіне шым батқандай төңіректен түк сезбей ессіз, түссіз талықсып кетіпті. Нар қара сонан тек ертеңіне күндегі дағды бойынша таң қылаң бере оянып пты. Кіресілі-шығасылы есін әрең жиыпты. Есін жиғасын да бағана бір жартыны бір өзі басына бір-ақ көтерген соң тамырынан үзілген теректей, тұрған жеріне гүрс етіп құлап түскенін білмепті; ес-түссіз құлағасын жығылған жерде жан тапсырған кісідей қыбыр етпей жатып-жатып, бір кезде басын көтеріпті. Бұлдыраған көз әйел үстінде астанадан киіп келген әдемі халатқа түсіп, қос өңірден ұстап алып өші кеткендей дар-дар айырыпты. Сосын бағана есі дұрыс кезде есікті ішінен тас қып кілттеп алған бөлмеде ылаң салып, тыр жалаңаш әйелді шырылдатып арпаң-тарпаңдап қуып жүріп, үй ішін әп-сәтте астаң-кестеңін шығарыпты да, тағы да дәл бағанағыдай гүрс ете құлапты; ес-түссіз қалай талып түсті, солай су түбіне шым батқандай қап-қара тұңғиыққа тартылып жұтылыпты да кетіпті; сонан тек ертеңіне, жазғы таң сыз берген елаң-алаңда ес жиып, түнде өзі шым батқан әлгі бір қап-қара тылсымнан осы дүниеге құр сүлдері оралғанды; бірақ көзін аша алмады; шеке сүйегі сынып бара жатқан зілдей басын жерден көтере алмай ыңырсып жатты; қанша жатқанын білмеді; сонан бір кезде кірпігі асты-үстіне айқасып кеткен көзін жыртып әрең ашты; көзін ашуын ашса да, бірақ жанары жуық арада тірілмеді; солқылдап әкетіп бара жатқан басын қос шекеден қысып алып, үй ішіне сүзіле қарап еді: көзінің алдын кіреуке кептеп тұрып алған екен; жанарына үй ішінен кешегіні есіне салғандай ештеңе ілікпеді; қолымен жан-жағын сипалап отырып байқағаны – неге екені белгісіз – жерде жатыр. Жер болғанда да мұздай тақтай: басында жастық, астында төсек жоқ; неге бұлай, түсінбеді; түсінгісі кеп, жерден көтере алмай жатқан зілдей басына сәл-пәл салмақ салса да, қос шекесі қазір жарылатындай солқылдап ала жөнеліп тұр; сосын басын қос қолдап қысып, біраз ыңырсып жатты да, жаны саябыр тапқандай болған бір кезде тағы да айналаға қарап еді; көзінің алдын көлкештеген кіреуке әлгіден көрі аздап сейілген сияқты; үй-іші опыр-топыр. Жастық бір жақта; көрпе бір жақта; қалада үй тонайтын ұрылар көбейді дейтін, солар үй ішінің астаң-кестеңін шығарып кетпесе қайтсін? Ендеше бұны да солар басына ұрып таяққа жығып кеткен болды-ау?

– Әй, қанішер...

Мынау, шамасы, үй тонаушылар болар. Бірақ таныс біреудің даусы секілді ме?

– Тұр, қанішер! Көр, не істегеніңді!

Иә, таныс дауыс. Осы бір шалғайыңа жармасып, шабаландаған қаншық иттей шекеңнен шығатын шаңқылдаған әйел даусы құлағына қанық-ты. Қашанғыдан бұрын осы шаңқыл бұның жүйкесін құртып бітпеуші ме еді? Тоқ-та... Сол өзі кім еді? Басы құрғыр көтертпейді. Не қылса да, ұрыларға қарсыласқанда қолы қарулы біреу басына ұрған болды-ау? Сүйегіне зақым келмесе не қылсын?

– Тұр, жауыз!..

Шаңқылдаған дауыс әлгіден де көрі зәрлі шықты; қолынан келсе, орнынан тұрғызбай түтіп жегісі келетіндей. Көргісі кеп назарын тіктеді; қарауын қарады; бірақ жанарынан жан кетіп қалған ба, қалай? Құлағын шағып бара жатқан мына шаңқылдаған ащы дауыс болмаса, жаны кетіп қалған жанар қарсы алдында тепсініп тұрып алған әйелдің ажарын ажырата алмады; көзінің алдын көлкештеген бұлыңғыр кіреукеден байқағаны – үстіне төніп шаңқ-шаңқ еткен мына пәленің сырт жағында тұрған тағы біреу бар ма, қалай?

Шабаландаған дауыс қайта шаңқ етті:

– Әй, нар қара, тұр дегесін тұр!

Енді оны бұл да таныды; кім екенін білгесін, онан көзін тайдырып әкетті; қас қылғандай, көк запыран лықсып кеңірдегіне келіп қалды; кәрі қақсалдың алдында абыройын төккісі келмей, өңешін буып булыға түсті; қызының қойнында жатса да, өмір бақи іші жылып көрмеген залым; бұны үйде де, түзде де тақымдап мұқатып, мошқап жер-жебіріне жетіп отырғаны; бұған тақпаған аты жоқ; тек солардың ішінде бұрын "қанішер" деген ат жоқ болатын. Бәсе, қанішері не? Оны қайдан тапқан? Кәрі қақсал бұның кісі өлтірмек тұрсын, тыпырлатып сойып жатқан балық екеш балыққа да назар тіктеп қарай алмай, бұрылып кететінін біле ме екен?

– Әй, жауыз!..

"Бұнысы не тағы? Ойыны ма, шыны ма?" "Жоқ, шын" дегендей келесі де шабаландаған дауыс құлағының дәл түбінен шаңқ етті:

– Тұр дедім ғой саған! Әне, көр не істегеніңді!

"Не істегені несі? Сондай-ақ, бұл не істеп еді?"

– Тұрасың ба, жоқ па?

Шапалақ шарт етті; көзінің оты жарқ етсе де, бұл бірақ сүлесоқ қалпы, кеудесіне түскен басы салбырап былқ-сылқ; соған ыза болды ма, бұны ұрған әлгі еті қашқан қолдың тарамыс саусақтары енді шап

беріп көйлегінің омырауынан қысып ұстады да, сосын өңірін әпсәтте уысына жиып алып кеңірдегін қыл өңештен қылғындырып тұрып дәл иектің астынан бір нұқып, бауырына түскен басын кегжең еткізе кілт жоғары көтерді.

– Көр! Көр, не істегеніңді, қара бет! Қанішер!

Жағадан сығымдап ұстап алған тап-тастай тарамыс қол босатар емес; қайта буындырып өлтіргісі келгендей, бұрынғыдан бетер алқымын сыға түсті; сен қарсыласқан жоқсың; құрықтай мойының буын омыртқасы босап былқ-сылқ; кәрі қақсал тағы да дәл әлгіндей иегі астынан мықтап бір нұқып қалып еді; тісі сарт етті; кеудеге түскен бас кеңірдегі үзілетіндей кегжең етіп шалқалай бере қалт тоқтады. Кірпігін қағып қалды; көзі осы жолы кәрі қақсалдың сыртында тұрған әйелге түсті де, денесі тоқ ұрғандай дір етті. Мең-зең басын сілкіп қап қайта қарады. Иә, қателеспепті. Бәкизат. Түрінен адам шошығандай; шашы қобырап кеткен. Үсті-басы да ебіл-себіл; әсіресе, иінінде әзер ілініп тұрған алба-жұлба халатқа көзі түскенде қыбырсыз қатты да қалды. Иә, мынау астанадан киіп қайтқан халат. Жағасы мен жеңінің аузына қара жібектен жіңішкелеп әдіп жүргізген. Біздің ел емес, кім де болса оты, суы басқа, ұсыныкты бір елдің шеберлерінің қолынан шыққан халаттың өңірі дар-дар айырылыпты.

– Көрдің бе? Көрдің бе, жауыз? Қанішер.

Иә, көрді. Көріп тұр. Бәкизаттың аяғына жығылып кешірім сұрағалы ілгері ұмтыла бергенде, кәрі қақсал қызына:

– Ойбай қаш, мынау өлтіреді,– деді...

Құрсын, итыржыңмен өткен өмір ғой! Сен жалт бұрылдың да, тәлтіректей басып балықшыларыңа кеткенсің-ді. Бәкизат кешпес, осы жолы айрылысар деп еді; жоқ, үйтпеді; не қылса да, араларындағы екі жапырақ бала себеп болды ма, кім білсін...

* * *

Әлде ояу, әлде ұйықтап жатқанын білмейді. Құлағына әуелі алыс-алыстан, талай қыр, талай асу-асудың ар жағынан сырт-сырт дыбыс келді. Сол еміс-еміс, сырт-сырт бір қырдан кейін бір қыр, бір жалдан кейін бір жал асып жақындап келеді, жақындап келеді. Жақындаған сайын құлақ тігіп тыңдаудың орнына әлденеге жүрегі дүрсілдеп әкетіп барады. Әзір бұған сыры белгісіз, зәресін алған сырт-сырт шыныменен жақындап қалды ма, әлде кеудесін дүрсілдетіп алып бара жатқан жүрек соғысы ма, оны да анық біліп жатқан жоқ. Бар білгені демі алқымға тығылып қысыла бастаған-ды. Сүйткенше, қыр жақтан, аспан мен жер арасынан алып Көк Өгіз көрінді. Теңіз өңірінің түз сепкен тері тулақтай ала тағанақ жерін күтір-күтір басып желіп келеді...

Бұл көзін ашып алды. Ақшағылтақ ай сәулесі түскен бөлме іші бозамық екен. Өңіндегі қиындық аз дегендей, түс екеш түсі бұзылғанына қынжылып жатты да, қатар тұрған керуетке көз салып еді. Керует бос. Үй жым-жырт. Тек көшенің арғы бетіндегі дырдудың жуық арада аяқситын түрі жоқ. Қызып алған көңілді жиын күле ме, ән айта ма, әзілдесе ме. Үйықтай алмағасын басын көрпемен бүркеп алды. Олай-бұлай дөңбекшіді. Ана жолы Шалқарға қой сата барғанда темір жол ауруханасында істейтін таныс дәрігердің кеңесі есіне түсті де, жүзге дейін ішінен қайта-қайта санап, қиыр-шиыр боп жатып бір кезде көзі ілініп кеткені сол екен, бұл тағы да дәл әлгіндей жаман түстен шошып оянды. "Тyh, сайтан алғыр. Не боп кетті, өзі? Алғашқы түс бұнан бұрын да талай көріп жүргесін бе, онша ойына ала қойған жоқ-ты. Ал мынадан зәресі қалмады. Бұрын қыр жақтан қара жерді қамырдай илеп дүрсілдеп желіп келетін алып Көк Өгіз бұл жолы бір шалғайы салбырап теңізге тиіп тұрған қара бұлттың ар жағынан желіп келе жатты. Екі көзі қанталап кеткен. Танауынан күс-күс дем шығады. Дем алған сайын дауыл тұрғандай төменде теңіз толқып, топырақ борап, әлгінде ғана тамылжып тұрған дүние дем арасында ұйқы-тұйқы болды да кетті. Сол алай-дүлейде қара бұлттың аржағынан шыққан Көк Өгіз бұрынғыдай қара жерді баспай, темір тұяқтар қаңылтырмен қаптап тастаған аспанды дабыл қаққандай даңғырлатып желіп келе жатты. Даңғыр-дұңғыр. Даңғыр-дұңғыр. Бұл жастықтан басын көтеріп алғанда аспанның дәл өзінен шыққан әлгі дабыл құлағынан әлі де сөніп болған жоқ-ты. Бір ғажабы, кеудесінде дүрс-дүрс соққан жүрекпен бірге үй ішіндегі шыны атаулы шайқалып миын шағып зың-зың ете ме?

Бұл алақан астында лүп-лүп соққан жүрегін қос қолдап қысып алды. Айналасына абайлап көз тастады. Дүниеге жаңа келген кісідей көзі түскен нәрсенің бәріне күдіктене қарап отырды да, бетін жастыққа басып жата кетті. Құрсын, ұйқы ұйқы болмады. Ширыққан жүйкелер ұйықтап бара жатса шиыршық атып, қол-аяғы селк етіп оянып кетеді. Оянған бойда қайта-қайта түсіне кірген әлгі алып Көк Өгіз тағы да бір жерден шыға келетіндей, төңірегіне алақ-жұлақ қарап отырғаны. Енді жатқысы келмеді. Жатса тағы да түсіне жаңағы пәле кіретін болғасын түрегеліп, төсектен аяғын салбыратып отыр.

Басы зілдей. Қалайда бұған бірдеңе көрінді. Көзі ұйқыға кеткенін аңдып тұрғандай түсіне не Көк Өгіз кіреді, не бастықтар кіреді. Сол немелердің бұған өңінде де бауыры бітіп тұратыны шамалы еді; а л түсіне кіргенде тіпті ызбарланып, ит көрген текедей көздері ежірейіп кетеді. Аузын аша алмай тұрған бұған біресе Тәшір Қара, біресе Қозы Қарын тап-тап беріп: "балық... балық" деп безектейді. Бұл таңданып алақанын жаяды. "Әке-көкелер-ау, теңіз тартылып, су ашып жатқанда балық қайдан болады?" дегісі келеді.

Тамағы құрғап қалды. Тілі тіл сияқты емес. Жұрт құсап бұрын да

тақылдап тұрғаны шамалы еді, жаны қысылғанда тіпті тиесілі сезін айтып деректесуге жарамай, таңдайына жабысып алғанын кермейсің бе?

Түн ортасы ауды. Бәкизаттың келмесіне кезі жетті. Заты жуас болғанмен, бұл өзі ашуланса адамды тыңдамайтын томырық еді. "Енді келсе де кіргізбеймін",– деп, әлгінде ішінен бір байламға кеп бекіп алған-ды. Сонан кейін көңілінен Бәкизатқа орын қалдырмай, ақи-тақи айдап шыққан сияқты еді. Сүйтсе, жоқ... өзіне өңінде тыйым салса да, түсінде дәрменсіз боп шықты. Бұл жолы қасындағы төсекте біреу жатқан сияқтанды. Иә, жатыр. Кеудесіне дейін жамылған атлас көрпе астынан әйел мүсінін аңғарды. Әйел болғанда мынау басқа емес, түнімен дегбірі қалмай күткен өз әйелі. Жағасына жіңішкелеп шілтер жүгірткен жібек іш көйлектің жұп-жұқа өңі жас әйелдің жүрек тынысын жасыра алмай тұр. Ана үйде ән айтып, би билеп шаршап кепті. Және кеш бойы астанадан келген қонақпен билегенін де білетін сияқты. Соны біле тұра қызғанбайтынына таңданды. Есіл-дерті мазасын алып тұрған күдікті анықтағысы кеп, әйелдің шашына қарай береді. Қанша қараса да көзі әйелдің шашына түспей, жұп-жұмыр әдемі иегінің астынан сырғанап ауып бара жатқан ақшағылтақ ай сәулесіне ұсталып қала бергені. Алақандай ақшыл сәуледе кісі арбайтын әзәзіл сиқыр бардай, иегі астында білінер-білінбес бұғақ пен аппақ тамағын албыратып тұрып алды. Бұл онан сайын тақатын тауысып, әне бір үйленген жылдардағыдай емешесі құрып барады. Қазір атып тұрып, қасына жетіп барайын десе... қол-аяғын қозғалтпай темір кереуетке таңып тастағандай. Неғұрлым тұрғысы кеп ұмтылған сайын, солғұрлым дәрменнен айырылып, тұла бойындағы бір мүшесін қозғай алмады. Сонсоң "Бә-ки-зат..." деп дыбыс берейін деп еді, оған даусы шықпады. Бірақ өз даусы өзіне естілмесе де, қасындағы әйелдің құлағына шалыныпты. Бұл дыбыс бергенде ол басын жастықтан көтеріп алып: "Бәкизат ана үйден әлі келген жоқ қой"– деп еді, оның бет-өңіне үңіле қарағанда өз көзіне өзі сенбеді. Бұл не? Не ғажап? Ертеден бері емешесі үзіліп жатқан мына әйел Бәкизат болмай, басқа біреу... Басқа болғанда да мынау бұның есігі алдында отыратын қызыл орамалды қыз ғой? Иә, сол!

Бұл оянғасын да қыбыр етпеді. Жаңа ғана қолға ұстатқандай ап-анық көріп жатқан Бәкизаттың, басын көтергенде, үш ұйықтаса ойында жоқ әлдебір басқа кісіге айналғанына қайран. Бұл қалай? Сірә, тегін болса жарар еді? Сонда... Тоқта, бұл... бұл ненің нышаны болуы мүмкін?

"Таңға қанша қалды екен?" деп ойлады. Таң таяу болса конторға барып, Сырдарияда болған соңғы бір айда жиналып қалған қағаздарды қарағысы келді. Ана жолы ауыл іргесін үңірейтіп көтеріле көшіп кеткен жиырма бес үйден кейін де көшеміз деп жатқандар аз болмас. Адай шал да бағана тегіннен-тегін келіп жүрген жоқ. Конторға барып

айтам деген шаруасы – көшуден басқа не дейсің?

Ұйқыдан күдер үзді. Онсыз да көзі ілінсе келіспеген бірдеңелер түсіне кіріп, зықы кетіп бітті. Әсіресе, жаңағы түс бұған мүлде түсініксіз. Неге жорырын білмеді. Он үш жыл отасқан әйелін бұл түсі түгіл, осы күні өңінде де түсіне алмай қойды. Жә, әйелі солай болсын, ал бұның кабинет алдында өткен-кеткеннің бәрінен қысылып өз-өзінен абыржып болатын ұялшақ қыздың түсінде дәл бұлайша батылдана қалғаны қалай?

Апыр-ай, ә?.. Бұны қалай түсінуге болады? Бұны неге жорырын білмей тым-тырыс үйде қыбыр етпей жатыр еді. Әлдене сықыр етті. Бұл елең етті. "Қайталар ма екен" деп демін алмай, әрі-бері тосып еді. Сықыр қайталанбады. Бірақ... бұл жатқан бөлменің есігі жартылай ашық. Өзі ашық қалдырды ма, әлде біреу ашты ма? Айтса да, есіктің аржағында біреу тұрғаннан сау ма?

Басын көтерді. Көзін есіктен айырған жоқ. Әлде қалай кірпік қақса да қапы жіберіп алатындай, ұйқы қашқан жанарына шыр жолатпай бағып қапты. Мынау, егер хатшы қыз болса, қара торы беті өз-өзінен өртеніп табалдырықтан аттау мұң боп тұрған шығар? Шиедей қызыл ернін қанын шығара қырқып алмады дейсің бе? Бір басып, бір тоқтап есікке әзер жеткен шығар-ау? Діріл енген қолын соза бергенде топсасы майланбаған есік сықыр етті ме екен? Оқыс дыбыстан ол бишара дір етіп, ілгері соза берген қолын дереу кейін тартып алып кеудесіне қысып тұра қалған болар? Өзі барып жәрдемдеспесе ұялшақ қыз қазір-ақ жалт бұрылып тұра жөнелер-ау. Бұл "тоқта" деуге әзер қалды.

Жастыққа шалқалап жата кетті; өз өзінен мырс етті. Босағаны бағып отыратын бишара қызды қарағаннан-қарап қиялдағаны қызық. Көзін сәл жұмса да, осы бір ұйқы қашқан кезде көңіл алдауға жараған әдемі елестен айрылып қалатындай. Сонда бұл не? Уақыт өткізу үшін ойлап тапқан ермек пе? Әлде тентек ақын арман ететін әлгі бір "қатыны жатып қасында, қыз ойлайтын қайран күн" бұның басынан өтіп болмаған ба? Ол күн біреуден ерте, біреуден кеш өтер. Бұл бірақ ондай кісіге ұқсаушы ма еді? Бәкизатпен қатар жатқанда қайсы бір түндері бұның да көз ілмей шығатын кезі болатын. Сонда теңіз тірлігінің қиындап бара жатқанын ойласа ойлаған шығар, бірақ әлгі тентек ақын аңсайтын қайран күнді қиялдап көрген жоқ еді ғой?

Осы күнгі өз басындағы халді қанша ойласа да, түбіне жете алмады. Қалайда қазіргі тірлігі бір түрлі. Өзге түгіл бұның өзіне түсініксіз. Тек, бір таң қалатыны, бір сезім бұның бойында өмірін тауысып өліп бара жатқан осы бір кезде басқа бір беймағлұм сезім жүрегіне ұрық сап жатыр ма, қалай? Әлгі өмірін тауысқан сезім тамырын тегіс үзіп болмай жатып та сыр-сипаты әзір белгісіз жаңа жас сезім тұла бойына тамыр жіберіп балапан көк қылтия ма? Е, бәрекелде? Ендеше әлгі

тентек ақын дәмеленетін қайран күннен сенің де қашып құтыла алмағаның белгілі болды.

Ертеңгісін басы ауырып тұрды. Шешесі екеуі алдарына жайған дастарқан басында шүңкиіп отырып шай ішті.

* * *

Бұл ертеңіне қонақ келген үйден көңілі ауырлап шыққан еді; өзін есік алдына дейін шығарып салған атақты жерлесімен қоштасар жерде құрдасының қолын қысып жатып жүзін жылытып күлімсіреуін күлімсіресе де, бірақ арғы жағы жібімей мұп-мұздай боп кетті. Былай шыға бере мырс етті. Көлгірлік деген иттің өзгелер сияқты бұның өзінің де қолынан келгеніне таң қалды.

Өзіне салғанда осы үйге аяқ басатын ойы жоқ еді. Анасы қоймады. "Екеуің бір жылы туып едіңдер" деді. "Бірге өсіп едіңдер" деді. "Жас кездеріңде егіз қозыдай жұптарың жазылмайтын еді. Осы араның төлі болғанмен қазіргі мекен-жайы бөлек болғасын о да құдайы қонақ. "Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал арнайы барып сәлем береді" деген бұрынғы қазақ. Бар, шырағым, бар",– деп қоймағаны. Ал барды. Ал сәлем берді. Дидарласты. Арбасты. Кәне, сонан не тапты? Жүз көріскенмен ар жақтарында мұз боп қатып жатқан жүрек жібіді ме?

Бұл барғанда Әзімнің үкі көз быдық ағасы есік алдында жатқан аяқ киімдерді жиыстырып, күйбеңдеп жүр екен. Бұны күтпегесін бе, сірісі қажалған резеңке галошты қолына ұстай түрегелді де, дөп-дөңгелек үкі көзі ұясынан шығып аңырып тұрып қалды. Сосын іле-шала есін жиды. Бірақ сасқанда қолындағы галошты қайтерін білмей, қос қолдап қысқан күйі қалбалақтады да қалды:

– Ал деген... Бәрекелде, жақсы келдің деген. Әзімжан үйде. Кір... Кір деген.

Қонақ жігіт шар айна алдында түр екен. Жаңа ғана қырынған күтімі қатты бетін қияр суымен шайып, енді исі бұрқыраған шетел кремін жағып алақанмен ысқылап жатқан үстіне бұл кірді. Қонақ жігіт бірден бұрылған жоқ. Есіктен кіріп келе жатқан бұны шар айнадан көріп:

– Ә, құрдас... Кел! Кел!– деді де, асықпай ақырын бұрылды. Бұны дәл баяғы жас кездегідей, бас сап құшақтай алатындай қос қолын созып келе жатты. Тек қолдасар жерде алғашқы беттегі ықыласынан кілт айнып, құрдасының қолын саусағының үш жағынан сәл қысты да, босатты.

– Отыр,– деді орындықты иегімен нұсқап.

– Сапар оң болсын!

– Иә, әумин деген,– деді үкі көз ағасы.– Әзімжан деген... айналайын деген, туған жерін ұмытпайды деген... ұмытпайды деген... Осы жолы тіпті күтпеген жерден келді деген.

– Бір есептен, қазір келгені дұрыс болды. Кейінірек келсе, кім біледі, көшіп жатқан халықтың орнын сипап қалар ма еді...

– Апыр-ай, Апыр-ай деген... Тек, әйтеуір, түбі қайыр болсын деген.

Әзім мына сөздің өзіне түк қатысы жоқ сияқты міз бақпады. Сен үй ішіндегілерге байқатпай, терезеге тұтқан ақ жібек пердеге жалтақтап қарай бердің. Әзім оны байқады ма, жоқ па, белгісіз көз қиығын саған керенау тастап, миығынан мырс-мырс күлді:

– Жас кезіңде түйедей жүндеп жатса да үндемеуші едің. Байқаймын, батырым, сенің де терің жұқара бастаған екен. Немене, өзің шаптығып тұрсың ғой?

– Біздің орнымызда болсаң, терің жұқарған емес, тесілген болар еді.

– Рас, рас деген. Ел жағдайы қиындап кетті деген... Құрыды, құрыды деген.

– Кел, отыр,– деді Әзім тор жақта тұрған бір орындықты көрсетіп. Сен қозғала қоймағасын ол күліп кеп қолтығыңнан алды да, төр жақтағы орындыққа апарып отырғызды. Сонан кейін де өзімсініп кете беретін жас кездегі еркіндікке басып, сені ықтияр еркіңе қаратпай баурына тартты.

– Ту, черт, құшаққа сыймайсың ғой,– деді күліп.

Сен тартыншақтап бойыңды алып қашып отырсың.

Қарамайын десең де көзі құрғыр ықтияр-еркіңнен тыс көше беттегі терезелерге тұтқан ақ жібек пердеге түсе берді. Мүмкін, түнде көргені Бәкизат емес, қайын енесі болар? Айтса да, сол қақсал жасы ұлғайған сайын кәрілікті мойындағысы келмей, шашын жұдырықтай ғып желкесіне түйіп алатын боп жүр ғой.

– Шешең қалай, қуатты ма?

– Шүкір...

– Қолынан талай дәм татып едім. Уақытым аз боп тұр. Дегенмен, кіріп шығармын.

– Келеріңде алдын ала хабар бер, қамсыз қалмайық. Сыбағалы

малыңды жеп кет.

Әзім күтімі қатты бетіне сыңар әжім түсірмей, сылқ-сылқ күлді:

– Ай, құрдас-ай, үкімет қанша оқытса да қазақшылығың қалмайды. Европалықтар қонағын бір стакан кофемен шығарып салатын дәстүрден Құдай біледі, сен ғой бейхабарсың.

Сен құрдасыңа үнсіз бұрылып, ұзақ қарадың. Осы жігіт өзі білетін әлдебіреуге ұқсай ма, қалай? Тоқта, сол өзі кім еді? Кім де болса, о да жақтырмаған кісінің жер-жебіріне жеткісі келгенде көз қиығын дәл осылай керги тастап, дәл осылайша сұлу бетіне сыңар әжім түсірмей сылқ-сылқ күлмеуші ме еді? Иә, сондай біреуді білетін...

– Достым, әр елдің өз дәстүрі бар. Азияда отырып, әлдеқайдағы Европаңды қайтейін.

– Сөз болғаныңа. Ата-бабаңның аты мен ала шапаны қазір қай қазақтың кәдесіне жарап жатыр.

Енді сен күлдің:

– Шапанын білмеймін, ал атын өзің мініп келген секілді едің ғой...

Осал жерін дәл басып ұстасаң да, бірақ өңін билеп үйренген неме бұл жолы да міз бақпады. Ол үндемегесін сен сөзді жалғап:

– Мақаланды оқыдым,– деп едің,

Әзім есітсе де, бірақ есітпеген сыңай танытты. Тек оның аңғалақ көз аясы ұшқысы кеп қанатын қомдай түсіп, тұғырына қайта отырған үкідей бір-екі қомпаландады да басылды:

– Ойбай, ол мақала керемет болды деген. Керемет деген. Әзімжан деген... айналайын деген... табиғаттың бермесін тартып әперем деп жатса, құрсын, құрсын деген... бұл халық құрыған деген... құрыған деген. Маңдайына ыссы май тамсын деген.

– Иә, жерлестеріңе мақалаң ұнамады.

– Саған ше?

– Мені қайтесің. Менің қай сөзім сенің миыңа кіріп еді. Онан да сен бұндағы халықтың не дейтінін тыңда,– деп құрдасын сөзге жетелеп көріп еді, ол бірақ осы жолы тағы да түк сезбей, түк есітпей кереңденіп ала қойды. Бұнда келсе, Аралды ауызға алмайды. Ал, ана жақта Аралдың жер бетіндегі жан алғыш жалғыз Әзірейілі осы. Бұлар Амударияда жатқанда тағы бір мақаласы шықты: "Біз табиғаттың құлы емеспіз, қожасымыз" депті. "Табиғатқа біз де қарсы емеспіз, тек біздер

табиғаттың адам баласына, ала-бөле совет елінің өскелең шаруашылығына келтіретін пайдасына қарай бағалаймыз" депті. "Рас, баяғыда ата-бабаларымыз табиғаттың сұлулығына тамсанған. Ақындар сылдырап аққан суға, сыбдырлаған жапыраққа, айға, күнге, жұлдызға қарап жыр арнап емешесі үзілген. Бірақ, ол дәурен өтті. Ол кездің көңілшек шалдарымен күліп қоштастық. Қазір істің заманы. Экономикалық прогреске қолма-қол септігін тигізіп, әл-ауқатымызды өркендететін шұғыл шараларды шұғыл қарастырып жатырмыз. Ашығын айтсақ, санаулы құмыры қалған кәрі Аралдың біз үшін қазір неғұрлым тез тартылып, теңіз астында жатқан пәленбай гектар құнарлы жерді тезірек босатып алудан артығы жоқ",– депті.

Жұрт мақаланы жабыла оқыды. Бұ да оқыды. "Ынданы ашылған адам әлемді апатқа ұшыратпай тынбас-ау" деп ойлады. Жалғыз Әзім болса бір сәрі ғой. Қазір аспан астындағы ел болған ел, халық болған халықтан қанша Әзімдер шығып, жұдырықтай жердің жан алғыш жендетіне айналып жатыр. Егер, адам баласына ақыл кіріп, ашқарақ ындынына тез арада тиым болмаса, көрерсің де білерсің, Аралдың кебі көп ұзамай жер бетіндегі қалған көлдер мен теңіздердің де басына келер-ау!

– Былтыр Алматыға барғанда ойламаған жерден сендердің бір жиналыстарыңның үстінен шыққаным бар. Қызыл кеңірдек боп жатыр екенсіңдер. Мені байқамаған шығарсың. Кейінгі жақтағы бір орынға отыра кеткем.

– Көрдім. Жиналыс соңынан соғар деп отырсам, жып беріп тайып кетіпсің.

– Мазалағым келмеді. Менсіз де айғайларың жетерлік көрінді. Бір Аққұба жігіт үш рет сөз алып сөйледі.

– Иә, кер ауыз біреу. Соның алдында докторлық диссертациясын құлатып жіберіп едік. Саған, әрине, оның... сөзі ұнаған болар?

– Ұнағанда қандай. Өзіне құдай баспен бірге жүректі де берген екен. Есіңде ме, сол айналайын, сөзінің соңын "келешекте адамның болу-болмауы табиғаттың болу-болмауына тікелей байланысты",– деп еді-ау.

– Табиғатты құртайын деп жатқан кім бар?..

– Құрт-құртпа оны өздерің білесіңдер. Қайсы бірде жазғандарыңды оқып қалатынымыз бар. Сонда біріңнің аузыңа бірің түкіріп қойғандай, қит етсе, "табиғаттың қатесін түзетеміз" деуші едіңдер. Қазір оны қойдыңдар. Енді экономикалық прогрестің мүддесіне қарай пайдаланып жатырмыз дейтін сылтау таптыңдар.

– Бұл, сірә, мен ғой?

– Иә, сен.

– Есіңде болсын, табиғат көрмеге қоятын экспонат емес. Халық шаруашылығының күнделікті мұқтажы мен мүддесіне...– дей бергенде, сен күйіп кетіп:

– Қой, әрі!– деп қолыңды ызалана сілтедің,– халық қамын шын ойласаңдар ұмытпас едіңдер ғой!

Қай заманнан көкірегіңде қордаланып жүрген ыза мен күйінішті алғаш рет сыртына шығарып ашынып сөйлегесін бе, сен өзіңнің әншейінде булығып, ішіңнен тынатын да жүретін тұйықтығыңнан арылғансың. Әзімге тайсалмай тура қараған ала көздің жанарында батыл жігер бар. Әсіресе, екіленіп қызып кетіп, киіп кетіп, омыраулап сөйлегенде даусы да жасырақ кездегі анасының даусындай саңқ-саңқ етіп:

– Иә, солай академик жолдас-с...– дедің де, тоқтадың.

"Мына жаман қайтеді, әй?" деді Әзім ішінен... Сөйтсе де, сыртындағы салқын қандылықты сақтап, бөрі айбатын алдыра қойған жоқ.

– Сен-н, айналайын, ауылда жүріп...– дей түсті де, Әзім сөзі қынусыз шыққаны ұнамады ма, аяқ астынан кілт тоқтады. Әлгінде орындықтың арқалығына іле салған костюмының қалтасын қарап емен трубка алды. Сосын сен көрмеген бір әсем коробка ішінде иісі бұрқыраған гаваялық темекінің бір шұқымын саусақ ұшымен іліп алып, оны да баппен асықпай әлгі емен трубкаға сап бармағымен үстінен ақырын нығырлап басып-басып қойды. Сонан соң да өзінің осы дүние өртеніп бара жатса да абыржып саспайтын әдеттегі іш пыстырарлық қимылын бұрынғысынан да көрі баяулатып, әлгінде қалтасынан темекімен қоса алған коробка ішінде ақсиған сіріңкелердің бірінен кейін бірін таңдап, ақырында, әйтеуір, көңілі тоқтаған бір талшықты ұстады...

Осы жігіттің ана жолы да осыған ұқсас жынына тиген бір қылығы есіне түсіп отыр. Ол былтыр жаз еді-ау. Аз ғана күнге соғып кетуге келген құрдасына осы елдің хал-жайын сөйлескісі кеп үстіне кірген-ді. Терезелерін тұмшалап қымтап тастаған үй қара көлеңке екен. Табалдырықтан аттауын аттаса да, бұл бірақ қара көлеңке бөлмеде көзі үйренгенше аяғын ілгері баспай, есік алдында тұрып қалған-ды. Қай жаққа жүрерін білмей тұрғанда, перде тұтқан есіктің ар жағынан қаз дауыс қаңқ етті:

– Кім де болсаң бері кел!

Құрдасы қара көлеңке бөлменің тор жағында болыскей керуетте

аяғын аяғына сап жатыр екен. Сені о да көрді. Бірақ тырп етпей жата берді. Сен керуетке тақап келе бердің де, амандасар жерде көз алдыңа атам заманғы бір елес кеп тоқтап қалдың. Ләм деместен жалт бұрылып жүре берген саған ол іле дауыстап:

– Әй, тоқта!– деп еді. Сен қайрылған жоқсың. Жын ұрғандай сыртқа атып шықтың да, желге қарсы омыраулап жүріп кеттің. Сырт алай-түлей. Сол баяғы Аралдың өрттей ыстық күні. Сол баяғы жынды жел. Шаңдағы шыға бораған топырақ. Құйындай ұйытқыған сезім саған да ештеңені байқатып та, ойлатып та келе жатқан жоқ. Есіңе қайдағы-жайдағы түсіп, жаңа, ойда жоқта осы өлкенің бір жерінде сүйегі қурап қалған жетінші атасы көзіне елестеп кеткені. Көшпелі елдің ер-азаматы көп қыдыратын заман ғой. Жетінші атасы бір ауылдан шығып, бір ауылға маңдай түзеп келе жатыпты. Шөл қинап келе жатқан салт атты жолаушының алдынан терең сай кездесіпті. Сай табанындағы салқын сабатта қырық шатыр. Қаңтарулы қырық ат. Қырық нөкер. Тұсарлықтан келетін көк майсаға тізерлеп шегеріп тастаған қырық нар. Әр қайсысының жанында тең-тең жүк. Бұл өңірде дәл бұндай сән-салтанатпен хан тұқымы бекзадалар ғана жүреді. Соны білген жетінші атасы ханға сәлем беріп қос қолын ұсынғанда, шатырдың дәл төрінде жаңағы Әзім сияқты шалқасынан жатқан хан:

– Кісі бойындағы мүшенің бәрі бір ғой,– деп шуаш сасыған аяғын ұсына қойыпты дейді... Қайдан есіне түсті? Неге түсті? Хан аяғын ұсынғанда атасы байғұс не күйге түсті? Қорлықтан көзіне қан толып кеткен сорлы тап сол арада шуаш сасыған аяқ хандікі ме, қаранікі ме, оншасын ойлап жатпай қамшымен тартып-тартып жіберіпті дейді. Айызын солай бір қандырар-қандырмаста қырық нөкер тарпа бас салып сыртқа сүйреп алып шығып, етбетінен жығып сап дүре соғыпты дейді.

Атасы пақыр намыс үшін отқа түсті. Ары, намысы үшін ажалынан бұрын өлді. Ал сен?.. Бәсе, сен ше? Көкірек тола ашу баяғы Қыдырбай атаңша сыртқа ақтарылып шықпай, ішіңде тұншыға беретіні не? Академик болмақ түгіл, екі аяғы аспаннан салбырап түссе де астамдығын көтере беретінің не? Түнде әйелін ақ жібек перде ұстаған терезе алдына оңаша алып шығып емешесі үзіліп тұрғанын көрді. Осы үйде бірге қонып шықпасына кім кепіл? Соның бәрін жаны, жүрегімен сезе тұра еркек басымен қолынан түк келмей, сүмірейіп үйге қайтып келген жігерсіздігі... Соған төзгені... Сонысы не?

Қаз дауыс саңқ етті:

– Сен, айналайын, ауылда жүріп от басы, ошақ бұтының күнбе күнгі қамынан басқа дүниені ойлауды қойған екенсің. Әрине, бүгінгі күнге де қызмет істеу керек. Бірақ...

Әзім тағы да кілт тоқтады. Бойын ызаға алдырып, өзін әзер ұстап

отырған ірі қара жігіттің қатты бұзылған кескінін байқады. Себебін де іші сезетін сияқты. – ...бұл дүниеге бізден кейін де келетін ертеңгі ұрпақтың қамын ұмытпауымыз керек. Ертеңгі ұрпақ сіз бен біз сияқты теңізден шабақ ауламайды. Олар басқаша өмір сүреді. Атамекен, ата кәсіп, ата-баба салты мен дәстүрі, есіңде болсын, ілгері талпынған ұрпақты шалғайдан тартып, ойы мен өрісін өсірмейтін нағыз кертартпа қылық.

– Ой, айналайын, тусаң, ту деген... Дұрыс, дұрыс де-ген...

– Сен жақсы жігітсің. Жаның, жүрегің жақсы. Білем халқыңа жаның ашиды...

– Иә, рас деген. Қайтсын... Қайтсын деген...

– Институт бітіргесін астанада қалуың керек еді. Сен Бәкизатқа үйлендің де...

– Жә, мені қайтесің...

– Қайтпегенде ше. Алыстағы ауылдың ортасына түсіп, ой өрісің еспей қалды.

– Е, солай де?

– Қатты айтсам, кешір. Бірақ білесің ғой, дос жылатып...

– Айта бер!

Денедегі діріл дауысқа көшіп, демігіп бара жатқасын лажсыз тоқтадың. Аз іркіліп, қайта сөйлеп кеттің:

– Халықтың бетке ұстаған аз ғана азаматы бар. Астанадағы оқымыстылардың бірісің бе, бірегейісің бе, әйтеуір, атағың жер жарады. Осы өңірдің халқы арамыздан шыққан азаматымыз деп сыртыңнан күпілдескенде, бишаралардың басындағы бөркі желп-желп етеді...

– Тағы не айтасың?– деді Әзім.– Байқауымша, маған артық кеткен бірдеңең бар сияқты. Көпсініп тұрғаның болса, қайтып ала ғой.

– Саған берерім де, аларым да жоқ.

– Ендеше тіліңді тарт. Тайраңдап барасың.

– Үндемеуге де болар еді...

– Ең дұрысы – сол.

– Жоқ, айналайын, бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ. Ойымдағы бойымда кетпесін. Ыңғайы келгенде айтып қалайын. Бұл ел өзіңді арқа тірер азаматы көретін. Ал сен... Сен... Сол халықтың тарыққанда тартқылап емер аузындағы ағы мен басындағы бағына жармастың.

– Әй, сен деген... Қой, қой деген. Әзімжан соңыра халықты қарық қылады деген...

– Ақсақал, араласпаңыз!

– Аға, араласпа. Бұның арғы жағында айта алмай жүргені бар екен. Жарайды, айтсын.

– Айтсам, туған жеріңе істеп отырған мына қиянатыңды елің де, жерің де кешпейді. Құдай деген соқыр шал бар болса, табиғатта кие бар деген рас болса, сен кәрі Аралдың киесіне ұшырарсың-ау.

Әзім ашулану орнына рахаттана қарқ-қарқ күлді. Иығында жатқан бүршік-бүршік сүлгінің салбырап алдына түскен шетімен көзін сүртті.

– Жә, таусылып қайтесің. Менің Арал жөніндегі ойымды қазір ұқпасаңдар да, соңыра көздерің жеткесін түсінесіңдер. Көрерсің, соңыра басы өзің боп маған мәрмәрдан ескерткіш қоясыңдар.

Енді сен күлдің:

– Саған? Мәрмәрдан? Ой, шіркін, есек дәме-ай! Сонда саған ескерткішті не үшін қояды? Әлгі халық аңызында келді жұтатын осы заманның тажал Көк Өгізі деп қоя ма?

– Әй, слушай!.. Сен... Сен деген, абайла деген... Әзімжан үкімет адамы деген. Жаңағы сөзіңе тиісті жерде жауап бересің деген...

Үстіңе төніп тұрған мына имек тұмсық қара кісіге түсетін бурадай екен. Аузынан түкірік шашырап болып тұр. Несі бар, тағайындаса, басқарма болады да шығады. Қос уыс колхоз түгіл бұның әкесіндей жерлерде де осы жайсаңдай біреулер отырған жоқ па? Сары Шая айтса айтқандай, халық айналайынның сыры белгілі: күңкілдейді-күңкілдейді де көнеді. Көнгенді айтасың мықты бір орынға иығында басы бар, маңдайында көзі бар, қанар қапқа толтырған еттей біреуді әкеп креслоға қонжитып отырғызса, жетіп жатыр. Ал, мынаны басқарма сайласа колхозшыларды клубқа жиып алып: "Сендер деген құрыған... құрыған деген. Ана жақта бастықтар жан алып жатыр деген. План... план деген... Маңдайыңа ыссы май тамсын деген..." деп, жұрт алдында екі езуінен көбік шашырап, жараған бурадай шабынып тұрып алғанда, көрерсің де білерсің, қай балықшы қайқаңдамас екен.

– Әй!.. Әй, сен деген... неге күлесің деген?..

Байқап тұрсың: жаңағы сөзің Әзімнің шымбайына қатты батты. Орнынан созалаңдап түрегелді де, саған көз қырын да салмай, сыртын беріп бұрылып кетті:

– Ойыңдағыны айтқан сияқтысың. Қалай, енді ризасың ба?

– Жоқ, әлі де саған айтарым бар.

Саған шүйдесін көрсетіп, сыртын беріп тұрған Әзімге қарап "апырай, осындай біреуді қайда көріп едім?"– деп ойлағансың-ды. Қайда көрді? Кім еді сол өзі? Кім де болса о да дәл мынау сияқты орнынан созалаңдап тұратын. Кердең-кердең басатын. Кекірейіп қарайтын. Сөзі де ауыздан шыққанша іш пыстырып болатын біреу еді ғой. Иә, сондай біреуді білетін.

– Ендеше құмардан шық. Валяй!– деді Әзім.

– Бар бәлені бастаған Бабаев болатын.

– Кім?

– Академик Бабаев. Сенің сүйікті ұстазың.

– Ондай академикке өзім ұстаз болам деп жүрсем, сен де...

– Білгем жоқ, кешір. Қайсысың қайсысына ұстаз болсаң да, әйтеуір екеуің де пышақтарың жалақтап Аралдың алқымына тақап тұрасыңдар.

– Иә, сонсын... Сөзіңнің ыңғайына қарағанда бұл жолы да Құдай жолы құрмалдықсыз бітпейтін шығар, сірә?

– Біз ауыл адамымыз. Ғылыми сөз аузымызға қайдан түссін.

– Бетің енді түзелді. Аралдың келешек тағдыры – халық емес, ғалымдардың қолында. Ал, ғылымға, айналайын, өзіңнің аузыңа түсе беретін әлгі ауыл арасының бата, жаназа... сондай тағы нелер бар еді? Со жағына сен жүйрік едің ғой?

– Әркім білгенін айтады. Академик Бабаевтың Аралға қарсы болғанда аржағындағы пиғылы белгілі. Осы өңірде тұратын бүкіл халықтың қазіргі таңдағы тағдыры мен болашақ ұрпақтың... ұрпақтардың тағдырын ол академик өз басының мүддесіне құрбандық қып отыр.

– Құрбандыққа шалып десең, дәл өз сөзің болады да шығады.

– Кекет...

– Жоқ, шыны сол. Сені бұрын Құдайдың көктен тастаған кітабын ғана оқиды деп ойлаушы едім, сөйтсе кейінгі кезде қолыңнан ғылыми кітаптар да түспейді деп жүр ғой.

"Бұған кім айтты екен? Басқа кім дейсің, Бәкизат... Иә, сол айтқан болды".

Әзім сенің қатты бұзылған түріңнен шошып:

– Жә, сабыр!.. Сабыр,– деп, сені орныңа отырғызғысы кеп еді, сен қолын қағып жібердің.

– Ары итеріп, бері жығатын баяғы әдетіңді әлі тастамапсың. Мен саған халық жөнінде сөйлесем деп келсем...

– Халық қамын мен ойламай жүр дейсің бе? Халықты ойлағасын да... келешекте халыққа шаруашылықтың қай түрі тиімді – күріш пен мақта ма, әлде балық па? Біздің айтысымыз осы.

– Бос сөз.

– Жоқ, айналайын, бұл үлкен проблема. Тұйық теңізде келешек жоқ. Ал келешексіз теңіздің тағдырына бола, төрт ел, түсінесің бе, төрт ел бірдей қарап отырған екі өзеннің суын халықтың аузынан жырып алып, Аралға беріп қойып отыра алмаймыз. Сеніңше, халық не болса ол болсын, тек теңіз аман болсын деуіміз керек пе? Жоқ, ол болмайды. Өзің, айналайын, бар, орныңа отыршы.

– Ал отырдық.

– Иә, бәсе сөйтші. Қазір, халық жер бетіне симай барады. Демографтардың болжамы бойынша, таяу жылдарда әлі де екі-үш есе өседі. Сонша халықты бұрынғы ата-баба кәсібімен асырау мүмкін емес екенін әркім айта бастады. Ертең сонша халықты асырау ғана емес, жұмыс тауып беру үшін де балық шаруашылығынан гөрі мақта, күріш шаруашылығы тиімді, демек, келешегі күшті деп, прогрессивтік жолын ұсынып отырмыз.

– Сол тиімді шаруашылығың мына халықтың түбіне жетіп отырған жоқ па? Кеше осы ауылдан жиырма бес үй көшкенде ішінде болған жоқсың...

– Есіттім. Ол уақытша күйзеліс. Ал большевиктер...

– Қой әрі!– деп сен қолыңды ызалана сілтедің.– Егер халықтың келешегін ойлап, келешек ұрпаққа жандарың ашыса, сендер, басқа-басқа, табиғатқа мұқият қарар едіңдер ғой.

Әзім жанынан темекі алып жатып, саған көз қиығын тастады. Ана

жақта бұның жағасына жармасқан жаулар мына жаманның да аузына түкіріп қойғаннан сау ма? Обай-ау, бұның да дәл соларша сөйлеуін көрдің бе?

– Ата-бабамыздан қалған байлықтың басы – осы теңіз еді. Сені мен біз өзімізден кейінгі ұрпаққа сол байлықтан не қалдырдық? Кешегі біздің бала кезімізде "балығы тайдай тулаған" деп ақындар жырлаған телегей теңіз орнында соңыра тұз бетіне шығып, шаңдақ бұрқырап, топырақ борап жататын сахара шөл ме? Қылтиған көкті күйдіріп жіберетін өрттей аптап аңызақ па? Соңыра бізден кейінгі ұрпақ құс ұшса – канаты күйіп, аң жүгірсе – тұяғы күйетін өрттей ыстықта бір тамшы су таппай кенезесі кеуіп бара жатқанда, сені мен бізге алғыс айта ма? Жоқ! Жоқ, бауырым, тек қарғыс айтады! Лағынет айтады!

– Сен ақыр заманды төндіріп жібердің. Бүкіл Аралдың берген балығын соңыра біз ақ мақтадан алған бір жылғы өніммен өтейміз. Соңыра Тұран ойпаты сияқты Арал ойпаты деп аталатын теңіз астынан босаған осынау жерден біздің ұрпақтарымыз ақ мақта өндіріп, дүние жүзілік рекорд жасайды.

– Тоқта! Сонда оның қай жылдар болмақ? Сендер халықты неше жылдан кейін қарық қылмақсыңдар?

– Дәл айту қиын. Ал, шамамен айтқанда... жиырма жылдың ар жағы. Ол ақиқат.

– Апыр-ай, ә? Ақиқат дедің-ау, сен?

– Иә, ақиқаттығына ант беруге болады,– деді Әзім. Бірақ жанары ойнақшып алып қашып тұрған көзін саған ұстатпады. Сен қарқ-қарқ күлдің. Ара-арасында: "Қайран Қожа Насыр-ай" деп, күлкіңді тия алмай жатқансың-ды.

– Ой, неге күлесің? Сен... Сен деген... сірә, сау болмассың деген... Құрығаң... құрығаң деген.

Күлкіні кілт тыйдың. Әзім түкке түсінбесе де, бірақ бұның аржағында өзіне тиетін бір қолайсыз нәрсе барын іші сезіп, түсі бұзылып тұр.

– Қожа Насырдың әңгімесі бар еді ғой. Оны сен де білесің.

– Білмеймін. Білгім де келмейді.

– Жоқ, сен тыңда. Есіңде ме, еріккен хан Қожа Насырды шақырып алып: "Есегіме хат таныта аласың ба?" дегенде, Қожекең ойланбастан: "Әбден болады, хан ием",– деп келісе кетпеуші ме еді?

– Е, ол деген... қызық деген...

– Әне, ағаң білетін боп шықты. Оны сен де білесің.

– Ал білдік делік. Сонда аржағында тұспалдап тұрғаның не?

– Ештеңе де емес. Жарықтық, Қожекеңнің аңқаулығы ма, әлде әулиелігі ме, кім білсін... Хан: "Егер, осыдан уәдеңде тұрмасаң басыңды алам",– деп қаһар тіккенде, есіңде ғой, ол жарықтық қол қусырып: "Құп тақсыр, болсын! Тек жиырма жыл пұрсат берсең есегіңе хат танытайын".– деуші еді ғой. Соны есіткен жанашыр жақындары Қожа Насырға ұрысып: "Ойбай-ау, есің дұрыс па? Есек хат танушы ма еді? Уәдеңде тұрмағасын хан басынды алады ғой дегенде, жарықтық Қожа Насыр түк саспастан: "Жиырма жылға дейін кім бар, кім жоқ. Жиырма жылда я хан өледі, я есек өледі, я мен өлем",– демеп пе еді. Ал, енді бұған қалай күлмессің? Күлмей көрші кәне?

– Иә, күлесің. Қожа Насыр қу деген... Кісіні күлдіреді деген.

– Жә, болды.– деді Әзім ағасына. Сыртын сыздатып алған.

– Тұспалыңды түсіндім. Ал, сау бол!– деді де, араларында түк болмағандай сені қолтығыңнан алып есікке дейін шығарып салды.

Суық жел сыртқа шыққан бойда денені тітіретіп жіберді. Сен жалмажан өңіріңді қымтап жатып: "Апырай, ә? Осындай біреуді қайда көрдім!" деп ойлағансың-ды. Кім де болса, өзі білетін менменсіген біреудің кекірлігі... Жаңа құрдасына қараған сайын көзін әдеттегіден көрі ұзағырақ ұстап қалғанда да осы сұрақ ойын мазалап болған-ды. Қанша ойласа да есіне түсіре алмай қойған, бірақ әйтеуір өзі жақсы білетін бір кісі сияқты құрдасы да жаңа бұған сыздана қараудан жаңылмады. Астанаға кеп оқуға түскен күннен бастап өзіне көлденеңнен қатал сақшы қойып, қол-аяғын қорғасын құйғандай ауырлатып алды. Аяғын әрең басады. Аузын әрең ашады. Сөз де аузынан зарықтырып әрең шығады. Қарсы келген кісі иіліп сәлем бермесе, көзі түспей кекірейіп өтіп кетеді. Саған назар аударғанда да әуелі қасы, қабағын керіп, аспай-саспай ақырын бұрылады. Осы кекірлік пен керенау кербездіктің бұл бәрін біреуден аудармай қағып алды. Сол кім еді өзі?

Құрдасының қолдан жасап алған осы бір жасанды мінезіне таңданып келе жатып, бұл контордан өтіп кетіпті. Ауыл артта қапты. Өріске бармай, ауыл іргесінде жайылып жүрген жабулы түйенің жанына кеп, ұйқыдан оянған адамдай айналасына алақ-жұлақтап тұрған ұзын қара кісіге түйе екеш түйе де "есі дұрыс па?" дегендей аузындағы үзіп алған шөбін шайнамай, мойнын бұрып, одырайып қарап қалған екен.

Дереу ізінше кері қайтты. Конторға келді. Жаңағы ой ма, әлде түнде шала ұйқы болғандікі ме, орынына кеп сүлдері құрып отыра бергенде,

күтпеген жерден, кенет... құрдасының жаңа кімді аудармай қайталағаны есіне түсті де, столды салып қап:

– Ой, көк соққан-ай!– деп күліп жіберді.

Бес жыл оқыған Әзім астанада тұратын құрылысшы ағасының үйінде жатқан-ды. Ағасы үй салатын үлкен треске бастық екен. Алмаған ордені жоқ. Құрылысшыларға тиесілі құрметті атаққа да ие бопты. Кейінгі жылдары астанада бой көтерген сәнді сарайларды сол салды дейді. Әзімге еріп құрылысшы ағасының үйінде болғаны бар еді. Е, е, сонда көрген екен-ау. Бұл барса, Әзімнің ағасы газет оқып отыр екен. Бұл сәлем берді. Трес бастығы газеттен басын кідіріп көтерді. Інісіне еріп келген ұзын сирақ қара балаға қолындағы газеттің бір шетінен көзінің қиығын ғана тастаған еді. Сосын ол бұның тұла бойындағы басқа мүшелерінен көрі бұтында тыртиған тар шалбардың шолақ балағынан қызыл тобығы шығып тұрған тертедей сирағына күлкі қашырған көздің қиығын керги тастаған еді-ау. О да сөйлегенде қоңыр даусын қолдан созатын. О да аузынан шыққан әр сөзін арғы жағынан зордың күшімен сығып шығарғандай ыңыранып еді-ау! Анда-санда күле қалғанда да, атақты құрылысшы бетіне сыңар әжім түсірмей, құдды оты-суы мол көл жағасында қонысы келіскен қоңыр қаздың га-га-сына келетін бір керенеу үн көмейінен ырқ-ырқ шыққан.

"Ай, бауырым-ай, артиссің-ау. Тек сенің сондай екеніңді ешкім білмейді ғой".

Сары Шая есіне түсті. Өтірікшінің аузынан шыққан шындық та өтірік. Әйтпесе, сол бишара бірдеңе біледі. Әне, моншада айтқаны шын болды да шықты. Жарайды, Сары Шая айтқан қисынның түбі шикі болсын. Шынында, құлауға келген колхоздың басқармалығы кімге қажет. "Апыр-ай, ә?" деп бұл өзін қинаған сауалға қиналып, айналасына алақтап қарады. Бұл жігіт ауылға бұрын да келетін. Бірақ келер алдында хабар беретін. Оның соңыра шығатын күні, сағаты, пойызы, вагоны, купесіне дейін білуге тиісті кісілердің қаперіне түгел жететін. Ол келетін күні, әсіресе, бұлар қатты әбігерге түсіп, үлкен-кіші үй төбесінен түспеуші еді. Көкте құс көрінсе де, көз ұшынан шаң бұрқ етсе де, балалар шу етіп сыйлы жігіттің аға-жеңгесіне дереу хабар беріп жатпаушы ма еді? Күткен қонақ аудан басшысын қасына ертіп көкпен келсе, іле-шала теңіз басын жағалап жеңіл машина жететін. Бір рет... Иә, ол тіпті керемет болды! Мініп келген ақ кемені балықшылар ауылының бет алдындағы қолтыққа байлап қойып, бұндағы ағайын-тумаларын аралап жатып алғанда, әсіресе, шалдар жағы айызы қанып: "Құдіретіңнен айналайын-ай" – деп тамсанып еді-ау!

Сүйткен жігіт... Жоқ, бұл тегін емес! Орнынан ауырлау түрегелді. Ызғыған мұздай кабинетті әрлі-берлі кезіп жүрді де, кенет аяқ басысы ауырлап тас төбеде жіп бауы салбыраған шам астына келе бере

қалшиып тұра қалды.

Басы зілдей. Біреу келді. Біреу кетті. Бұл бірақ не істеп, не қойып жатқанын білген жоқ. Тіпті алдына келген кісілердің әңгімесін тыңдап отырып та, оқта-текте осы күнгі өз басындағы хал киіп кете береді. Бәкизат қайда? Түнде қайда түнеді? Осыларды ойлаған сайын көкірегіне бірінен соң бірі тікендей қадалып жатқан көп күдік, көп-көп сауал мазасын алып мұздай кабинетте көз жанары адасып отырғаны.

Шамасы, сірә, үйге кірген лаң қайда барса да бұлаңдап қасында жүретін көлеңке сияқты қашып құтыла алмайтын бір пәле.

* * *

Сол күні жұмыс алдақашан аяқталса да бұл ел жатқанша үйге қайтпады. Бәкизат түнде шешесі екеуі таң атқанша ана үйде қонақпен бірге болғанын Сары Шая бағана жүгіріп кеп шүйінші сұрағандай айтып кетті. Сонан кейін де ол сөзді үдетіп:

– Мыналар үнсіз. Бүгін-ертең колхозшылар жиналысын шақыратын түрі жоқ. Бір елдің аузы-басына қарап отырған басшысын орнынан алып тастау оңай ма. Батырға да жан керек. Кім біледі, басқа біреудің қолымен істеп үйреніп қалған қу жігіт жаманатты өзіне аударғысы келмей отыр ма. Сөйтіп, ауданнан біреуді күтіп отырса да өзі білсін. Әйтеуір, тегін емес,– деп, мұздай кабинеттің төрінде тұнжырап отырған інісіне қарады. Сап-сары көздің жанарында "сен қалай ойлайсың?" деген сұрақ бар. Бірақ, бұның үндей қоятын түрін көрмегесін.– Әліптің артын бағайық,– деп, бұл үшін де жауапты өзі берді де, шығып кетті. Оңаша қалғасын бұл енді не істерін білмей отырғанда, есік ақырын ашылып, аржағынан хатшы қыз сығалады. Бұл басын көтергенше ол жалма-жан есікті жаба қойды. Сырдариядан келгелі осы қыз әр нәрсені сылтауратып жиі кіретін боп жүр. Соның бәрінде де табалдырықтан аттай бере жаудыраған көзі жаутаңдап, мұздай кабинеттің түп жағында еңсесі түсіп отырған ірі қара кісінің қасы мен қабағына қарай береді. Сенің жаныңа батқан қиындықты өзінің нәп-нәзік талдырмаш денесіне көтеріп алғысы кеп тұрған тәуекелді көреді. Осы қыз түсіне тегін кірмеген сияқты. Дүниеде өзінің де біреуге керек екенін сезіп, есігінің алдын баққан қаршадай қыздан сүйеу іздеп, жүдеу жанын жылытпақ болған дәрменсіздігіне оқта-текте таңданып қап отырған-ды.

Сырттан біреу кіргендей болды. "Бұл кім екен?" деп ойлады. Басын көтермей сұлық отырған күйі жабық тұрған есіктің аржағындағы дыбысқа құлақ тікті. Хатшы қыз емес. Мынау кім де болса тақтай еденді тепсініп басқан біреу. Есікке жете бергенде әлденеге кілт тоқтады. Сол арадан не ары, не бері баспай тұрып алды. Бұл кім? Бұл кезде кеңсеге келетін кім болуы мүмкін?

Есік шапшаң ашылды. Ар жағынан... Бұл күтпеген кісі кіріп келе жатты. Күтпеген кісіні кергенде сен не түрегелеріңді, не отыра береріңді білмей аңтарылып қалғансың-ды. Қара етіктің қазық екшесін тық-тық басып келе жатқан Бәкизат саған таяна бере кілт тоқтады.

– Жәдігер,– деді жүзін тіктеп. Орныңнан қалай атып тұрғаныңды өзің де білген жоқсың. Қос қолыңмен қолын ұстай алдың. Сенің қолың ба, әлде Бәкизаттың қолы ма, әйтеуір, саусағына саусағың тигенде біреуінің қолы қалтырап кетті.

– Бәтіш, айналайын... Келгенің жақсы болды. Қайда кетерімді білмей отыр едім.

Сен толқып тұрып, байқамай қолын қаттырақ қысып жібердің бе, Бәкизат тыжырынып қалды да, уысыңнан тез тартып алды.

– Бәтіш, айналайын, өтінем. Тек кінәласпайықшы. Шыным сол, шаршадым. Қалған уақытта біз де адам құсап өмір сүрейікші.

– Оны ертерек ойлауың керек еді.

– Әлі де кеш емес.

– Жоқ, кеш.

– Қа-лай?..

– Қалайы сол, әрі ойлап, бері ойлап, ақыры бір шешімге бел байлап келіп тұрмын.

Шекең шыңылдап кетті. Бәкизаттың қатты бұзылған түрін көріп тұр. Аузынан шыққан әр сөзін де анық есітті. Бірақ осының бәрі өңі емес, кейінгі кезде жиі көретін боп жүрген көп жаман түстің бірі сияқты. Мынау шынында да өңі емес, түсі екенін растағысы келгендей:

– Сенен кетем,– деді Бәкизат.

Қос шекең әлгіден де көрі қатты шыңылдап, әлдене дегің келсе де, дәл айтар жерде аузыңа сөз түспей, сілейіп қалғансың-ды. Сен оны кейін білдің. Сосын қараптан-қарап көйлегің жағасы буындырып қысып бара жатты. Сен оны тіпті сезген жоқсың-ды.

– Есітіп тұрмысың. Сенен кетем.

Иә, естіп тұр. Әр сөзіне дейін анық естіп тұрса да, бірақ осы сөздердің мәні де, мағынасы да санасына жөндеп жеткен жоқ. "Кеткені қалай?" деді ішінен.

– Өзің кінәлісің,– деді Бәкизат.

Бұл сенің өмір бойы естіп келе жатқан сөзің болғасын әсер етпеді. Және кіналасқысы келмеді. Не де болса, бар кінәні өзіне алып, мына бетін ашып айбық адамданып алган әйел алдында басы салбырап тұрған-ды.

– Әй, сенің осы ит мінезің-ай! Неге үндемейсің? Саған айтып тұрған жоқпын ба?

– Шын... Шын айтып тұрсың ба?

– Иә, шын. Сенен кетем.

– Қайтем. Бақытты бол!

– Бұл не – кекесін бе?

– Шыным.

– Өзің кінәлісің.

– Иә, солай. Бірақ... Бірақ, әй құрысыншы, болар іс болғасын, кінәласып керегі қанша.

– Жоқ, айт!

– Айтсам... безбеннің бір басы мен болғанда, оның екінші басы бар емес пе еді?

Бәкизат түсінбеді. Сосын, таңданып иығын қиқаң еткізді.

– Безбен-н?

– Иә, кәдімгі безбен...

Бәкизат ызалана бастады:

– Причем тут... без-бен?!

– При том, дорогая... безбеннің бір басы төмен басуы үшін екінші басы жоғары көтерілуі керек. Осындай бір заңды баяғыда да мектепте...

Бәкизат түкке түсінбеді. Сондықтан миға кірмейтін түсініксіз сөздерге ызасы келді:

– Сен дені дұрыс кісі болғанда, біз әлдеқашан...

– Иә, әлдеқашан астанадағы аруақты семьяның бірі боп отырар едік.

– Сол өтірік пе?

– Рас.

– Мамам байғұс сені қанша сүйреледі.

– Бірақ жетелеген төбет қораға кірмеді.

Бұл жолы Бәкизат түсінген сияқты. Саған ала көзбен ата қарады да, түк деместен бұрылып жүре берді. Оның қайырылмай біржолата кеткенін білдің де, орныңа барып отыра бергенің сол-ды. Жаңа, Бәкизаттың соңынан қатты жабылған есік қайта ашылды. Ашуын ашса да, бірақ кірер-кірмесін білмегендей Бәкизат есік алдында іркіліп тұрып қалды.

Сен түрегелдің. Жаңағының арасында оның бұлайша неге түсі қуарып жүдеп қалған түріне әрі үрейлене, әрі таңдана қарап тұрсың.

– Жәдігер... Біздің сөйлесетін шаруамыз бар екен...

– Иә? Тыңдап тұрмын.

– Ол... ол өзің білетін жағдай. Екеуміз шешетін нәрсе. Болса да, қыз менің анамда қалады ғой. Кішкентайынан бауыр басқан немересі. Ал...

– Бала жайы ғой?

– Иә-ә...

– Оған қиналмай-ақ қой. Сенен де, менен де гөрі әжесінің бауырында болса, ол балаға бөтен болмайды. Ал, ал сау бол!

– Ке-шір,– деді Бәкизат. Тұрған жерден табанын әзер жазды. Есікке дейін су кешкендей сүлдерін қозғап малтығып барды. Есікті ашқасын да сәл бөгеле түсті де, сосын ширақ басып шығып кетті.

Сен қыбыр еткен жоқсың. Аржағың құлазып, шофер жігіттің езуінен түспейтін ащы темекіні аңсап тұрғаныңды өзің сезген жоқсың-ды. Бәкизатқа ренжіген жоқсың, оны қайта аяғансың-ды. Осы жасқа келгенде сары далада сағым қуған баладай, о да бір басына бақыт іздеп барады. Бірақ оның да көкірегін тырнаған жаңағы зәрдей ащы қасірет жүрек басына запыран жиып, улап тұрғанда алдағы өмірден не опа

табар дейсің...

* * *

Қысқы күн кешке тақапты-ау. Оны енді байқады. Бүркеу аспаннан бірер түйір қар қыламықтады. Бүгін ертеңгісін мұз үстіне шығып кеткен жалғыз кісі тұрған жерінен әлі тапжылған жоқ. Қарны ашты. Сырдариядан келгелі не ішіп, не қойып жүргенін өзі де білмейді. Түнде де үй іші жатып қалғасын келді. Сыртқы есікті сықырсыз ашып, аяғын ұшынан басып ілгері өтті. Сырт киімін шала-пұла шешіп, қызының кішкентай керуетіне жата кеткен-ді. Төсегі жайсыз болды ма, басы ауырып қапты. Және қызының кіп-кішкентай керуетінен тертедей серейген сирағы жерге салбырап түсіп кеткен екен. Оянған бойда тақтай еден қарып бара жатқан аяғын бауырына тартып алды. От жақпаған мұздай үйдің ызғарын көрпе астында жатып та сезді. Мұздай башайлар көрпе астына кіргесін де жуық арада жылына қоймағасын, бауырына қысқан аяғын бір-біріне үйкеп ысқылап-ысқылап жіберді. Содан кейін де қол-аяғын бауырына қысып бір уыс боп бұйығып жатып, осы күнгі өзінің басындағы қиындықтарды ойлады. Өткен түн сияқты бүгін тағы да кішкентай қызының бөлмесіне қонып шыққанын есіне алды. Кеше кешкісін әйелінің "сенен кетем" дегені есіне түскенде, башайларының ұшы мұп-мұздай боп қатып жатқан аяғын ұмытып кетті.

Ұйқысы шайдай ашылды. Төсектен атып тұрды. Қараңғыда қолын қайда созса да, қатты бірдеңенің қырына тие бергесін, терезенің пердесін ашып жіберіп еді, қысқы таң қос қабат әйнектің аржағынан сыз беріп келеді екен. Асығыс киіне бастады да, кенет қолы қапталына сұлық түсіп отыра кетті. Әй, бұл қайда асықты? Бәсе, қай шаруасынан қалып барады? Киімдерін қайтадан шешер-шешпесін білмей, екі ойлы боп отырды да, өзі түнеп шыққан бөлмеге көз тастады. Бұрын әне жерде құрттай стол болатын. Кішкентай қызы томпиып отырып сабақ даярлайтын. Мына жерде қызының кішкентай шифонері тұратын. Ал, дәл мына өзі жатып шыққан кішкентай керуеттің тұсында кіп-кішкентай кілем ілулі тұрушы еді. Кәрі қақсал бәрін сыпырып әкеткен. Кілем орнында сояудай-сояудай шегелер бадыраяды.

Бәкизат пен Әзім бүгін кешке жүреді деп есітті. Әзім асығыс көрінеді. Бұл арадан он шақырымдай жерде үлкен ауыл бар еді. Бұрын балық заводы болған-ды. Бүгін кешке соған барып қонып, ертең азанда келетін самолетпен Аралға ұшамыз деп, аға-жеңгесін "бол да болдың" астына алып асықтырып жатса керек. Ұшсын. Кетсін. Олардың жүзін сен де көргің кеп өліп бара жатқан жоқсың. Тек анасын ойлағанда, іші иттей ұлып қоя береді. Апырай, ұясы қалай бұзылды? Бәкизат "өзің кінәлісің" деді. Қайын енесі де қит етсе: "адам болған адам бағын жарыста сынаған",– деуші еді-ау. Ал, бұл... Жарысты жаратпайтын. Баяғыда, осы теңіздің бақты, кезінде, бастықтар: "көрші колхозбен

жарысқа түс" – дегенде, бұл зәресі ұшып, ат-тонын ала қашатын. Қызыл танау боп жарыспай-ақ, әркім өзінің жағдайына қарай жұмыс істеп те замана көшіне ілесуге болады ғой деп ойлайтын. Соны есіткенде кәрі қақсал күйіп-пісіп: "Бұны қой! Бұл келе болмайды. Бұл сабаз ат болса, өле-өлгенше құлағының түбінен қиқу есітпей кететін топырыш торы болар еді. Сонда тұяқтының бәрі үстінен басып озып, шаңына тұншықтырып жатар еді",– деп тегін түңілмеген болды-ау!

Бұның ат болмай, адам болып та келістіріп жүргені шамалы. Әні, кешегі қатарының бәрі қарасын көрсетпей ұзап кетті. Алды – шырқап астанадан шықты. Кемі – ауданда жүр. Әжәптәуір қызметке ілігіп, ел көзінде елтең-селтең етеді. Тіпті ана жылы кішкентай кабинетте қара шыбын қуалап кететін Жуан Жақайымға дейін есебін тауып бірдеңеден кандидаттық қорғап, астанада аяғын алшаң-алшаң басады. Атақты оқымыстылардың өзін қан қақсататын көрінеді. Иә, қатарының бәрі басып озды. "Өзі кінәлі. Бәкизат айтса-айтпаса да, бұлардың басындағы бақытсыздыққа тек бұл... бұның өзі кінәлі!".

Кішкентай бөлме құлазып кетті. Көшкен үйдің жұртына қонып шыққандай көңілі құрғыр аңырап бара жатқасын, аяғын сүйретіп сыртқа шықты. Түнде қар жауыпты. Биылдыққа түскен бірінші қар. Бұндай күні аңшылар сияқты балықшылар да таңмен таласа тұратын еді-ау! Ол кез болғанда, мына жұрт ақша қарда үйде жатар ма еді? Ассуын әлдеқашан ішер еді. Күз басынан көк құраққа байлаған кереге жал аттарды қорадан шығарар еді. Шанаға жегер еді. Қазіргідей жағалау жаңа ұстасып жатқан көкше мұздың қызғалдақ балығынан сыбағасын алғанша жаны қалмай, асыққан кісілер дәл мынадай бозала таңда, дәл мынадай алғаш жауған ақша қарда ау тиеген шананың төс темірі ұлпа қарды сыр-сыр тіліп, жортып бара жатар еді-ау! Балықшы өмірінің о да бір сәні екен гой!

Канторға кірер алдында ұйқыда жатқан ауылға тағы көз тастады. Тек көшенің қарсы бетіндегі қонақ келген үйге қарамай, көзін алып қаша берді. Ауылдың әрегірек жеріндегі үйдің қорасынан ит үрді. Сен ішке кіргенде, хатшы қыздың да келгені сол болса керек. Үсті-басын дұрыстап та үлгермепті. Сен кабинетіңе кірдің де, есікті жауып алдың. Ештеңеге қолың бармады. Не істеріңді білмей, құлазыған кабинеттің көлеңке үйірілген қабырғаларына қарап, ала көзің адасып отырсың.

Дүние қалай тез өзгерді. Әнебір жылдарда осы жаман кабинетке кісі-қара құлқын сәріден толып кетпеуші ме еді? Жүзін жел қаққан жылтыр қара кісілер алдын босатпайтын. Өздерінің теңіз үстіндегі дарқандығына басып дабырлап бірі кіріп, бірі шығып жататын. Бірінің анасы, бірінің мынасы жетіспей, жас басқарманы жағадан алып, ал тентектері стол сабалап тұрып алатын. Солар қайда? Жер жұтты ма? Қайда-а? Қайда-а?! Өзі де кенет "қайда" деп айқай салғысы кеп кетті. Қан шапшыған басын қос шекелігінен қыса қалды. Тым құрыса, әлде

бір папканы бауырына қысып, үстіне именшектеп кіретін ұялшақ қыз қайда? Ол құрғырға не болды?

Кнопкаға қол созды. Дағдылы тұсынан таба алмай, сипалап қалды. Мына бір түймедей нәрсені саусақ ұшы тиген бойда езіп жібергісі келгендей, бармағымен нығырлап басып-басып қалып еді, ана жақта шар-шар еткен қоңыраудан үргедек қыздың қайткенін қайдам, бұл селк етті. Қате істегенін білді. Елеңдеп есікке қарағанша болмай, аржақтан қыз да көрінді. Сен есік алдында жанары жаутаңдап тұрған қара торы қыздан қысылып:

– Айналайын... Қағаз... Қағаздар жоқ па?– дедің ақырын.

Қыз басын иді. Іле-шала қайта келгенде қолына қарны қабақтай сары папка ұстай кірді.

– Ке-шір... айналайын.

Қыз үндемеді. Тек шығар жерде сәл іркілді. Сосын, қысылған бойын қайда қоярға білмей, сасқалақтап қалған ірі қара кісіге таңдана қарады. Бетін ары бұра бере, әлденеге сәл жымиғандай болды. Оңаша қалғасын папканы ашты. Бұндағы қағаздың негізгі дені қоныс аудармақ болған балықшылардың арызы екен. Өздері – он үй. Көбі өзімен бала күннен бірге өскен қатар-құрбы жігіттер. Кешегі заманда әкесімен бірге қанжығалас болып, кәрі теңізге қара қайықты қатар салған бірнеше қартты да көріп отырған... Осы кезде есік ашылды. Бұл басын көтерген жоқ. Қалың киімді біреулер кірді. Тақтай еденді дүңк-дүңк басып келді де, үш аяқ алдына кеп тоқтады. Тізеден төменгі жағын көріп отыр. Үшеуінің де аяғында қонышы қара саннан келетін балықшы етік. Басын көтеріп қарамаса да, ортадағы кісінің шеткі екеуден әлдеқайда әлдеменді, ірі екенін аяғындағы ұрты ақ жемденген жайын ауыз етіктің репетіне қарап біліп отыр.

– Иә, жезде... ертелетіп жүрсіңдер ғой.

– Жәдігержан, сен де қолға түсе бермейсің. Тыным көрмей, тыртақтап жүресің...

– Ал, отырыңдар! Сөйлесейік.

– Рахмет, шырағым. Уақытыңды алып қайтеміз, саған қағаз тастап кетейік деп...

Ортадағы бөрене аяқ ілгері бір басты. Қасындағы екі серігі де бөрене аяқтың істегенін істеп, бір-бір аттап столға мінбелеп тоқтады. Өмір бойы ескек қажаған күректей-күректей қолдар бірінен соң бірі ілгері созылып, жең арасынан бір-бір жапырақ қағаз тастады. Бұл алдына жалп-жалп түскен үш жапырақ қағазға қол созбай, көзінің

астымен қарап отыр. Бұнда не жазылғанын біледі. Осы үш шал бұдан бұрын да келген. Алғашқы келгенде: "бұл Арал баяғы ата-бабалар заманында талай тартылып, талай тасыпты. Осы жолы да аңысын аңдап көрелік. Кім біледі, Құдай оңдап су көтеріліп, кәрі Арал баяғы қалпына қайтып келер",– деп үш шалды алдарқатып жіберген. Олар соған мәз боп: "айтқаның келсін, шырағым. Жақсы сөз – жарым ырыс",– деп, жоқтан жұбаныш тауып кетіп еді. Екінші рет келгендерінде де: "сонау шалғайдан ұлы Сібір өзенін Аралға бұрғалы жатыр",– деп, аңқау шалдарды алдарқатып, шығарып салған еді. Енді, міне... сол үшеуі тағы келді. Салмақты тағы да саған салып, алдында үнсіз түр. Бұларға енді не сылтау айтады?

– Жәдігержан, біздің сөзіміз осы қағазда айтылған. Аржағын өзің ойларсың.

– Жарайды, жезде, ойланайық.

– Мақұл шырағым. Ойлан.

– Хабарын кешіктірмеспін...

– Жақсы, Жәдігержан.

Қарт балықшылар шыққан есік іле-шала қайта ашылып, ішке жып беріп Сары Шая кірді. Аптығып кеткен. Жаңа есіктен емпеледеп кіріп келе жатып, басынан бөркін жұлып алған-ды. Ақ құйқа бастың бөрік астында пысынаған төбесінен бу бұрқырап қоя берді.

– Айналайын, Жәдігержан,– деп ол әлденеге көңілін тоқтата алмай кемсең-кемсең еткені. "Бұған не боп қалды?"– деп ойлағанша, Сары Шая сөйлеп кетті.– Бізге қарағанда саған менен жақын ешкім жоқ. Біле білсең, мен, айналайын, саған әке орнына – әке, аға орнына – ағамын. Ия, ия, қалқам... Жалғыз жанашырыңмын...

Қарғыс атқырдың түрі қандай нашар: анада қара шалдың аузында кеткен құлақтың орны тып-типыл боп бүрісіп қапты. Тек екінші жақтағы сыңар құлағы әлде бір дыбыс тосқандай, ілгері қарай ұмсына түсіпті. Сорлының басы да бас емес, қасы да қас емес екен. Қас орнында жидіген мес жүніндей сұйқылтым бірдеңе сарғаяды. Соның бәрін жаңа көргендей, сен жақтырмай тыжырынып отырсың. Сары Шая енді мүләйімси жыламсырап:

– Сен ағаңның қай сөзіне құлақ асып едің. Айтпасам екен-ау... Айттым ғой. Баяғы ата-бабаң: "Қатынға сенбе, суға сүйенбе,"–деп қақсап кетпеп пе еді? Қатын – жау! Сырттағы жау көзге көрініп келсе, қатын... Ойбай-ау, бұл қатын қойнында құшақтасып жатып құртады ғой. Құртты ғой. Құрыдым ғой, құрыдым ғой, ойбай! Ойбай!– деп еңіреп жіберді.

Кәдімгідей дауыс салып, өз басын өзі сабалап еңіреп қоя бергенде, аза бойың қаза болғаны. Әрине, ағаңның байбалам сала келгендегі аржақ есебі белгілі: "айтқанына көне бермейтін томырық інісін қазіргідей еркек намысы қорланып күйіп тұрғанда шабына шоқ тастап, ширықтыра түспек. Ширыққан інісін ноқталы баспақтай жетелеп алып, өзінің әдеттегі машығына басып, рушыл, жікшіл жол-жораның ізіне салып бағады. Келесі сөзінде, шынында да, сүйтті:

– Бұрынғылар "боқ болсаң да, көп бол" демеп пе еді? Мыналар бізге көптігін істеп отыр. Бізді көп бидай ішіндегі жалғыз арпадай тұншықтырмақ. Басқамызды қойып, олар енді сенің қойныңдағы қатыныңды тартып әкеткелі жатыр. Бұрынғы ата-баба жесір дауы, жер дауы үшін жанын беретін. Қырғын салатын, қан төгетін. Ой-бай, інім-ау, бұл тұрысың не тұрыс? Енеңді ұрайын-ау, еркек емессің бе? Ер намысы қайда? Ал жарайды, ер намысын сен аяққа бассаң бас, бірақ ру намысына жан пида деп айқайлап шықпайсың ба? Халқың, әне!.. Сыртта жиналып әзір тұр. Жаңа үй жағалап жүріп, өзіңе қарағанның бәрін жиып әкелдім. Тек, баста! Басташы бізді!

Әдеттегідей, ағасының бір сөзін тыңдап, бір сөзін тыңдамағасын ба, көбіне оның жалпылдаған аузын көрді. Безеңдеген тілін көрді.Түбін құрт жеген тісін көрді. Сөйлеген сайын жанары шоқтана түскен сап-сары бажбық көзін көрді. Ал шанаш бетте сақал да, мұрт та жоқ. Тек әр жер-әр жерде сілті жаққандай жидіңкі қылтанақтар тікірейеді. Сөйлеп тұрып әлдекімге зәр төгіп, кіжініп-кіжініп қалып еді, шанаш беттегі әлгі қылтанақтар тіріліп, айбат шеккен әлдебір мақұлықтың кісі шағатын улы тіліндей мынаның да тілі зәр шашып безеңдей ме? Мынау, шынында да, адам емес, у-зәрін тілінің ұшына жиып алып тұрған шаян сияқтанып кетті. Баяғыда ұлы ақынның әлгі бір аза бойы қаза болатын "беті – адам, көті – шаян" осы емес пе?

– Жо-ғал!

– А-а?

– Жоғал! Жоғал деп тұрмын саған!

– Ә, жоғал дедің бе? Хи-хи...

Кету орнына, Сары Шая жанында тұрған орындыққа жайғасып отырып алды.

– Сүйдеп шын айттың ба, қалқам?

– Өй, Сар-ы шаян.

– Е, бәрекелді. Дегендей. Жаман ағаңды бұл халық "Сары Шая" дейтін, сен "Сары Шаян" дедің бе? Хи-хи-хи... Жетістірдің, қалқам,– деді

Сары Шая. Зілсіз, зығырсыз, жайбарақат айтты. Есесіне сен теріңе симай долданып тұрсың. Дүлей ашудан дір-дір етіп, жұдырығыңды зәрлене түйіп алғансың-ды. Оны өзің сезбесең де, Сары Шая көріп, көз қиығын жеңіңнен шығып тұрған шойындай қара жұдырыққа тастады.

– Қалқам-ау, мынау қара гүрзі ғой,– деп жұдырығыңды салмақтап ұстап,– сен тек бұны жұмсайтын жерін білмей тұрсың,– деп, қиқ етіп күліп жіберді.

Жұдырығыңды жеңіңе тартып алдың. Сол арада сен мына шанаш бетіне мысқыл шаптырып, шықылықтап күліп тұрған туысыңның тұла бойы толған жамандық екенін ғана ойлағансың-ды. Бұл ауылдағы бүлік тек осыдан шығып, онсыз да берекеті кетіп отырған елді аздырып, үй мен үйді, ру мен руды, туыс пен туысты қырық пышақ қып қырылыстырып біткенін ойлағанда, өзіңді ұстай алмай, Сары Шаяға тап бердің.

– Әй, әй!.. Мына ит.. Қара бет, қайтеді? Ойбай, ойбай, ағасына қол көтеріп...

Сен енді Сары Шаяның ит талаған мысықтай шаршар еткеніне де қарамадың. Қашанғыдан қаныңды қайнатып біткен тұла бойыңдағы дүлей ашу мен ызаны, қыжыл-кекті шойын қара жұдырыққа жиып алдың да, басқа, көзге былш-былш ұра бастадың. Кенет Сары Шаяның мұрны қанады. Жаңа ғана шар-шар етіп жатқан Сары Шая мұрнынан сау еткен қанды көрді де, әлденеге алақанымен бетіне жағып-жағып жіберді. Сүйтті де, үні өше қалды. Неге бүйткенін білген жоқсың. Оны енді бұрышқа тығып қойып, қан-қан бетіне, ежірейген бажбық көзіне, дыбыс шығармай тістеніп алған аузы-басына аямай соғып жатсың, соғып жатсың...

Үстіңе біреу кіргендей болды. "Ағатайлаған" қыз дауысы құлағыңа келді. "Ұят қой" деген сияқтанды. Қайта-қайта қолыңа жабыса бергесін қызды итеріп жібердің. Оны өзің білген жоқсың. Тек жаңа, тап жаңа бір ол жағыңа, бір бұл жағыңа шығып шыр-шырлап жүрген қыз даусы кенет тыйыла қалғанына таңданып, жалт қарап едің, хатшы қыз сырт айналып, иығының басы селк-селк етіп жылап тұр екен. Сары Шаяны итеріп жіберіп, сыртқа ата жөнелгенсің-ді. Шығар жерде қарсы келген біреу кеудеңнен тіреп, тұра қалды.

– Жолдас-с, бұның қалай?– деді парторг сенің алау-далау үсті-басыңа, өрт сөндіргендей қап-қара кескініңе сыздана қарап, басын шайқап.– Калхоз мүшесін сабап... Қан жоса қып. Жолдас, бұл сұмдық! Масқара! Коммуниске жат қылық...

– Әуелі... істің мән-жайын біліп...

– Жо-жоқ, жолдас... білетін ештеңесі жоқ. Бұны біз... Ескертем, бұны

елеусіз қалдыруға болмайды. Бізде де бас екеу емес.

– Ну и... к чер...

Құдай оңдап, әйтеуір, өзіңді дер кезінде ұстап қалдың. Парторг ашулы сөздің аржағын айтсын дегендей әдейі тосып тұрды да, бірақ сенің дыбыс шығармай тістеніп алған түріңді көріп:

– Мына халық не? Бұларды неге жидың?– деді.

– Қайдағы халық?

– Білмейсің, ә?!

Түкке түсінген жоқсың. Бірақ жүрегі бір сұмдықты сезіп сыртқа парторгтан бұрынырақ жүгіріп шықты. Сүйтсе... О, масқара! Масқара! Әлгінде "Сары Шаяның "халқың жиылып тұр" деген сөзіне мән берген жоқ-ты. Енді қараса, шынында да, есік алды иін тірескен халық. Бәрі бұның өзіне қарағаң жанашыр жақын-жуықтар. Көбі Жақайым руының бас көтерер жігіттері. Бәрі түнеріп алған. Қайсы бір ұрда жық ожар жігіттер төбелеске шыныменен бел байлап сайланып шыққандай, білегін сыбанып алыпты. Бір-бір сырғауыл, сойылды сығымдап ұстап апты.

– Сендерге не керек? Неге тұрсыңдар?– дедің ақырып.

Сары Иван мен Көткеншек Көшен ілгері шықты.

– Жәдігер қарағым... бүгінгідей басыңа іс түсіп тұрғанда, мына халқың...

– О, қырттар! Қырт-тар! Кәне, қараларыңды батырыңдар!.. Жоғалыңдар! Жо-ғал!..

Дәл қазір есінде жоқ. Қанталаған көз түк көрмей кетті. Сол арада біреудің қолындағы қамшыны жұлып алғаны ғана есінде.

– Жоғалыңдар! Қараларыңды батырыңдар!– деп ақырып, әркімге бір тап беріпті. Ешкімнің беті-жүзіне қарамай, үлкенге де, кішіге де қамшы сілтеп, оң келгенін оң, сол келгенін сол ұрыпты. Жұртта ес-түс қалмаған. Әншейінде жер қозғалса қозғалмайтын жігіттің енді қазір құдды жын ұрғандай ала көзі ақиып, бет-аузы қисайып кеткен. Жұртта зәре қалған жоқ.

– Мына сорлыға бірдеңе болған шығар?

– Сау емес.

–Жазым ғып тастар... Ойбай, жүр! Жүр, кетейік!

– Қашыңдар!

– Иә, кетейік!– деп жұрт бықпырт тигендей, бет-бетіне безіп бара жатты. Сары Иван мен Көткеншек Көшен де қашқан кісілердің арасында саған қайта-қайта жалтақтап қарап, ықтап барады. Тек шофер бала тұрған орнынан тапжылған жоқ. Қолында машинаны бұрайтын темір. Жаман машинаның астынан жаңа ғана шыққаны көрініп тұр. Беті-аузы, басындағы жыпырайған кепка мен үстіндегі киімі май-май.

– Ой, күлді-күйелеш ит!

Бұған да тап берді. Қамшымен шолақ шалбардың балағынан сидиып шығып тұрған сирағын дәл қызыл тобықтан остырта тартып-тартып жіберіп еді. Шофер былқ етпеді. Сен қамшыны қайта көтеріп алсаң да, бірақ қайтеріңді білмей, қолың ауада асылып тұрып қалды.

– Кет! Жоғал!

Шофердің көзінен жас мөлт етті. Қаһарлана көтерген қолың сылқ етіп түсіп кетті. Қамшыны лақтырып жібердің де, парторг осы араға әкеп байлаған торы төбелге қарғып міндің.

– Әй, жолдас, тоқта! Қайда барасың? Сөйлесуіміз керек.

Ат тізгінін қолыңа жиып алам дегенше, қасыңа қапталдасып келіп қалған парторгке бұрылдың:

– Теңізге барып, мұзға балықшыларды шығаруға бола ма, жоқ па көріп қайтам,– дедің де, атты тебініп жүріп кеттің.

– Мұз әлсіз ғой. Балықшыларды мұзға бүгін-ертең шығаруға болмайды. Тек айналма, тез орал!– деді парторг соңыңнан дауыстап...

Сен жуық арада орала қоймасыңды білдің. Ауыл алдындағы қара жардың құлауынан қиялай түсіп, торы атты жағаға тұсап қалдырған едің де, аржағына жаяулап кеткен едің-ау. Түнде жауған көбік қар ақырын алған аяқ астында сықыр-сықыр. Жапан түзге шыққасын да Сары Шая есінен бір сәт шықпай, шарылдап аяғына оралып жатқандай. Ширыққан жүйкең онан сайын шиыршық атып, сен енді ауыр етік киген аяғыңды арпаң-тарпаңдап жеделдете басқансың-ды, ішің өртеніп барады. Тұла бойыңды кернеген ыза ашу былайғы кездегі сылбыр ізіне жан бітіріп ақ қарды арбаңдап басқан ізіңді тағы да іздеп таптың. Таптың да, міне, тағы да көзіңді ала алмай арбалып тұрсың. Апырау, бүгін бұған не болды? Неге із ойын баурап алды? Сондай-ақ, теңіздің арғы-бергі бетінде бұның талай ізі жосылып жатқан жоқ па? Солардың біріне назар аудармай келіп, мына із көңілі мен көзін арбап, бұған неге осынша мән, мағына беріп әлек боп тұр? Бұнда не сыр бар?

Фәни жалғанға келген, кеткен жалғыз бұл ма екен? Бұнан бұрынғылар да өзінен кейінгі ұрпақтан ілтифат, ықылас дәметіп, олар да артына із қалдырмаушы ма еді. Сонда олар да соңыра тау кезіп, таспен тілдесіп жүретін әне бір жүн бет әпенде жігіттер бір кез Бел-Аранға душар келіп, назарына ілігер деген есек дәме ме? Солай ма? Сол ой бұның да мазасын алып тұр ма? Әй, қайдам... Баяғыда дүние ауғандар мен дүниеде дүбір салып жүргендердің арасы үзілмей, ұрпақ пен ұрпақты, дәуір мен дәуірді бір-біріне жалғастырып келе жатқан түптің түбіндегі күре тамыр – осы із емес пе? Бәсе, солай ғой! Әлгі бет аузы жүн-жүн әпенде балалар... Сол қарақтарым тау кезіп жүріп Бел-Аранның бауырынан тұла бойын қына басқан әлдебір көк тасқа тіл бітіріп, бұлардың да дәуірін сөйлететін болар-ау! Сонда жер бетіндегі мың, миллион іздің ішінен бұлардың ізін де табар ма екен?

Жәдігер мырс етті. Ызалы ащы мысқыл бетіндегі бар-бар түктері боз қырауланып алған сұп-сұр өңінен көпке дейін айықпады. "Омай!.. Омай шіркін,– деді өзін-өзі мысқылдап.– Өмірінде түк бітірмей, бір тұтам өмірді пұшайманмен өткізген неменің дәмесін қарай көр!".

Жәдігер көзін ізден алған жоқ. Шар-шар еткен Сары Шаяның даусы да бір алыстап, бір жақындап құлағын шағып тұрып алды. Төбелес үстінде аңғармаған бір нәрсе есіне осы арада түсті. Шар-шар етіп жатқан Сары Шая қанды көргенде үні неге кілт өшті. Ол неге сол арада мұрнының қанын бетіне алақанымен үйкеп жағып-жағып жібере салды да, Жәдігердің онсыз да кіжіне сілтеп жатқан шойын қара жұдырығына өзі қарсы ұмтылып, аузын, мұрнын тосты? Көзін тосты. Неге үйтті? Бәсе, онысы не? Өзіңдей кісіден қызыл ала қан боп таяқ жегеніне қорланып, қолында өлгісі келген көкбеттік пе? Әлде, тоқта!.. Иә, иә... Ой, сұм-ай... Көз шықса, мұрын бұзылса, тіс сынса, соңыра сотқа барғанда мойын бұрғызбайтын факті екен-ау! Соны көздеген екен-ау! Бұл оның кісіні су түбіне батырмақ болғанда істейтін тәсілі екен ғой!

Апыр-ай, мына Сары Шая, шынында да, сары шаян боп шықты-ау. Өлімге басын тіккенде өзін-өзі шағатын кәдімгі сары шаян. Көре қал, ол енді бұның соңына шырақ алып түседі. Құдай біледі, ол ғой, қазір қалтасын актіге толтырып алып, ауданға шапты. Сотқа, прокурорға... Сосын, салып ұрып Қозы Қарынның өзіне баратын болар? Ал, барды: қаралайтын қағаздарды алдына жайып салды. Сонда анау кәйтер екен? Қолын қарнының үстіне тарақтап алып, Сары Шаяға кілмек көзі күлімсірей қарап: "Маладес!.. Маладес!" дер ме екен?..

Көре қал, Сары Шая ауданнан ештеңе шығара алмаса, облысқа шабады. Облыстан шықпаса, онан жоғарыға барады. Аяғы жеткен жердің бәріне барып, бұның үстіне бәле-жәлені үйіп-төгеді-ау! Сосын, елге қайтып келгесін кісі басы құралған жерде қиқ-қиқ күліп: "Інім болса қайтейін. Тура биде туған жоқ. Жаман неме жетекке жүрмеді. Онымен де қоймай, маған текешік қылам деді. Сосын қайтейін, шірік

немені су түбіне батырдым да жібердім. Менімен ойнамаңдар. Менімен ойнасаң, бәріңді де осылай, су түбіне батырам",– деп жұртқа көрсеткен қоқан-лоқысы-ау ол сұмырайдың?

Иә, бұл бүгін Сары Шая салған лаңнан кейін үйге сыймады. Ыза мен намыс өртеп бара жатқасын тор атқа қарғып мініп, теңізге бет қойып тартып кеткенде, ауыл үйдің сыпсыңы мен сықсыңынан ғана аулақ болғысы келген жоқ-ты. Бәрінен бұрын ойраны шыққан от басында жүйкесі құрып отырып қалған кәрі ананың жүзін көру аса қиын соққанды. Атты жағада тұсап қалдырып, ал өзі балықшы ауылдың бет алдында жаңа қатқан жас мұздың кісі көтеретін жеріне дейін барған еді де, тоқтаған еді ғой. Сол арадан әлі тырп еткен жоқ; ықсыз, панасыз ашық теңіз үстінде күні бойы екі аяғынан сарсылып тұра-тұра уақыт өткізе алмай азапқа түсті.

Сағаты үйде қапты. Уақыттың қай шама болғанын біле алмай, қайта-қайта аспанға қарады. Қанша қараса да... Жасаған-ау, қысқы күннің қысқа болатыны қайда? Әдетте, теңізге шыққан балықшы мұз астындағы бір-екі тартым ауды қарап шыққанша қысқы күн шыбыш ешкі құйрығындай шолтаң ете қалмаушы ма еді? Ертеден бері бір орында табанынан тозып тұра-тұра шыдамы таусылған бір кезде қалжыраған көздің жанарын жиып көкке қарап еді, әлгінде еңкейіп бесіндікке барып қалған күн әлі де сол орнында тапжылмай тұрып апты. Күндізгі суық сұр бұлт қазір көк жүзін қалыңдап басып, тұтаса бастапты. Қиыршық қатты қар қыламықтай түсті де, кенет сап боп тиыла қалды. Жәдігер үйге қайтқысы келді. Ойраны шыққан от басын, шынашақтай сырқат баласын, карт анасын ойлап мазасыздана бастады. Анасы қайратты еді. Ана жылы соғыста қаза тапқан үш баласы мен бір аяғын оққа жұлғызып кеп, көп кідірмей қайтыс болтан шалын жерлегенде де белін қайғыға бере қоймаған-ды. Әсіресе, балалардың алдында қабағына қайғы жолатпай, бұрынғысындай жарқылдап жүрсе де, екі жыл шалын қатты іздеді. Әсіресе, алғашқы жылы балаларына білдірмей, қараша іңгеннің ботасын қараған боп күнде-күнде ауыл сыртындағы қорымға баратын. Көп моланың шет жағында шөккен нардай жоны күдірейіп жатқан жас бейіттің құбыла бетіне жантая қисаятын. Сосын мынау әлдеқашан тәні топырақ боп кеткен өлік емес, құдды көк теңізде балық аулап титығы құрып кеп, енді көз іліндіріп алайын деп жамылғы астында бүркеніп жатқан кешегі қара шалына үй ішінің әдеттегі тірлігін сыр ғып айтқандай, томпайған топырақты алақанымен сипап отырып әңгіме шертетін. Сонда ол: "шалым-ау, жатсың ба?" дейтін. Қажыңқы даусын сонан кейін де көтермей, шалының көзі тірісінде келін-бала үйде жоқта, оңашада, от басында екеуара шай ішіп отырғандағы жайбарақат әуенмен әңгімені сонан ары соза түсер еді; сонда ол: "күйеудегі қыздарың аман. Шүкір, ел қатарлы біреуден кем, біреуден артық өмір сүріп жатыр. Ал жалғыз бала... Есіңде ме, ылғи да бір жаққа жолға шығып кеткенде, сол шіркінді сен бір сәт ойыңнан шығармай; "е,

Құдай, жалғыздың жанына жамандық бере көрме" деп сыртынан тілегін тілеп жүретін жаман қараң ... о да, шүкір, аман. Теңіздің арғы бетінде қостанып балық аулап жүр. Басқа өзгеріс жоқ. Айтпақшы, ұмытып барам екен. Қараша інген суалады-ау деймін. Ботасын баурына жолатпай қойды..." деп дүние салғанына бір жыл болған шалына от басының күнделік жаңалығын айтып, іштегі шерін тарқатып қайтатын.

Ал кеше шалының көзі тіріде бұлардың арасында да әртүрлі жағдай болатын. Әдетте, шүйкедей қара кемпірден балалар ғана емес, көзі тіріде әкесі де айтқанын істеп, ығын алып отыратын. Үй ішінде әлде бір шаруаның шеті шыға қалса, әкесі марқұм «анаңмен ақылдас" деп, от басының билігінен өзі сыртқары қала беретін. Қой аузынан шөп алмайтын сол жуас әке бір жолы... Тоқта... Сол өзі қалай болып еді? Ертеңгі шай үстінде әкесі мен шешесі тілге кеп қалды. Бұл оған мән бере қойған жоқ. Үйткені, болмашы бірдеңеден басталған кикілжіңнің аяғы ушығады екен, дастархан жиналып сыртқа шыққасын тіріде ұмытылмастай ыңғайсыз оқиғаға айналады екен деп, бұл өз басы, сірә да, ойлаған емес-ті. Сыртқа шыққасын әкесінің іштегі реніші үдеп, ақыр аяғында ызаға, ашуға айналды.

Ал шалының ашуы анасының кәперіне кіріп шыққан жоқ. Қараша іңгеннің былтыр жазда күзеп алған балақ жүнін қолына ұстай шыққанды. Күншуаққа төсеген тері тулаққа отырды да, дорбадағы жүнді саусағы жыпылдап түтіп отыра берді. Әкесінің жынына тиген де сол болды. Кемпіріне жетіп барып, қаһарын төгіп, қалш-қалш етіп тұрған сияқты еді; Жәдігер оның қолындағы қамшыны көтеріп алғанын байқамай қалды. Есін енді жияр дегенше қамшы сартылдап ала жөнелді. Жәдігер атылып барды да, әкенің қолынан қамшыны жұлып алды. Ажырая қараған әкеге бұ да дір-дір етіп, қос қолымен кеудесінен тіреп тұрғанын кейін білді. Онда да жетіп келген анасы ақырып:

– Ой, қара бет! Тарт қолыңды шалымнан,– деп жағынан тартып жібергенде, бұ да есін жиған-ды. Сүйтсе, анасы қамшы ұшырып түсірген қақыра жаулыққа да қарамай, атып тұрып әке мен бала арасына кимелеп тұра қалған екен.

– Өзі... өзі неге... Сені...– деді бұл міңгірлеп.

– Ой, күшік! Тісі шықса, ала күшік атасын талайтын. Сен ақымақ маған шалымнан жақын болмақсың ба? Тұтақ?!..

– Апа-ау...

– Тәйт арман. Тыңдамаймын. Бүгін атасын жағадан алған бала, ертең анасын шашынан сүйремесіне кім кепіл. Кет! Жоғал, көзіме көрінбе!

Сонан қашан әкесі көз жұмғанша, бұл оның бетіне қарай алмай,

ұяттан беті күйіп жүрген-ді. Ертедегі қазақтың білмегені бір басына жететін шығар-ау. Бірақ сол аруағыңнан айналайындардың ата-ананы, әрілесе исі үлкенді силап, өзінен кейінгі ұрпақты инабаттылық пен имандылыққа тәрбиелеген сол қасиетін, әттең дүние-ай,мына имансыздар ұмытып барады-ау.

* * *

Жәдігердің үйге қайтқысы кеп тұр. От басына түскен қиындық қанша ауыр болса да, анасын жалғыз қалдырмай, қасында бірге болғысы келді. Алды-артында не ық, не пана жоқ аңыраған ашық теңіз үстінде күні ұзын екі аяқтан сарсылып тұра-тұра жілігі де жеміріліп барады. Ертеден бері иттей талап жатқан мына ашқарақ ойлардан да зықы кетіп болды. Жалғыз кісіге жер бетіндегі пәленің бәрі үйір ме? Күні бойы қай-қайдағы ой қамап, құдды ит бауырынан өрген күшіктей қыңсылап, ұлып, бұл сорлының жанын шығарып, жабылып талап жатыр, талап жатыр. Өздері неткен ызалы! Бұрын да бұндай ой да, уайым да бір басына жететін. Бүгін тіпті өріп кетті. Тұла бойында тіс тимеген сау тамтық қалмады. Бір удай ащы тырнақ бұның ауырып тұрған жерін тағы да қанын ағыза осып алады. Көкірегі құрғыр ана жақта астаң-кестеңі шыққан үйді сезіп тұр. Топырлап кіріп-шығып жатқан түсі суық кісілерді де көретін сияқты. Құдай біледі, қарт ана өзінің пеш түбіндегі дағдылы орнында ауру немересін бауырына қысып тырп етпей, тістеніп алған болар-ау! Мына астаң-кестеңмен тіпті ісі жоқ. Топырлап кіріп-шығып жатқан түсі суық кісілерді де көзіне ілмей, қақыра жаулық қайқайып тіп-тік боп алмады дейсің бе? Тек бауырындағы немеренің үйге келген лаңнан есі шығып кеткен.

Бүгін азаннан бері үй ішіндегі дүние-мүлікті әлдебіреулер құшақтап, екеу-екеуден қолдасып көтеріп әкетіп жатқан абыр-сабырға ақыл-есі кеміс сорлы бала... балапаны үрейлене қарап, өкіріп жылап жіберуге бата алмай дір-дір етіп отыр ма, кім білсін? Әрине, олар шүйкедей кемпір мен шынашақтай баланы қайтсін. Дабырлап, даурыға сөйлейді. Дүрсілдеп кіреді. Көп бөлмелі үйдің әр есігін сарт-сұрт ашып, іштегі жиһазды жау тигендей сыртқа алып шығып, машинаға тиеп астаң-кестең қып жатқанда кәрі қақсал оларға ана жақтан әмір беріп сөйлеп келе жатады. Үлкен бөлменің бір қабырғасын тұтас алып жатқан кілемді нұсқап: "бұны да алыңдар! Бұл Еңбек Озатына бес жылдық жоспарды үш жылда орындағаны үшін сыйға берген жүлде емес, өзіміз алған дүние",– деді-ау? Иә, сүйдеді. Кәрі қақсалдың басқаша деуі мүмкін емес.

Апырай, анасы пақыр бұл қорлыққа қалай шыдады екен? Әрине, өркөкірек ана ұрынарға қара таппай тепсініп жүрген көк айыл қақсалды қайтсін. Көзіне де ілмеген шығар. Бір сөзін жүрегіне дарытпай, өзінің өрлігі мен ірілігіне басып тас түйін боп бекіп алмады дейсің бе? Өзі білетін анасы болса, ақиқат сүйтті. Сосын, салғыласқан

қатын ұрыстан бойын аулақ ұстайтын айналайын ақ анасы сыртына шығарып айтпаса да, ішінен: "осы үйдегінің түгін қалдырмай түгел ал! Сыпырып әкет!"– деді ғой. Сосын тағы да ішінен: "боқ дүниенің әуселесі белгілі еді ғой. Біз түгіл, айналайын ата-бабаның тістесіп жиған дүние – мүлкі бір ұрпаққа бұйырмай, кезенген жаудың жетегі мен қанжығасында кетпеп пе еді?" деді ғой. Онан кеше, балшевек балалардың заманында қатын-баланы аз ғана малдың ағымен алдап, қоңымен күнелтіп, үстінен жонып жеп отырған елдің тышқақ лағына дейін сыпырып әкетпеді ме? Сол жылы қырда қыс қатты болып еді ғой. Малынан айрылған халық қара суық ұрған қара шыбындай қырылмап па еді? Ту-ту, баяғы ақтабан шұбырынды басына қайта туған бишара халық қыстың көзі қырауда мына жағы Ресейге, ана жағы Қытайға боспады ма? Ызғырық боранда аштан, суықтан қырылған қатын-бала, кәрі-жас қақпағымен қырылып жатқанда, сол жарықтықтардың керек десе, сүйегі де көмусіз қалмап па еді? Сонда осы адыра қалғыр боқ дүние аш халыққа жүрек жалғар не ас болуға, не көмусіз қалған қарақтарыма кебін болуға жарап па еді? О, дариға!.. Заманында бұлғақтаған қазақтың талай боздағының түндігі ашусыз қалған ақ ордаларда сол адыра қалғыр боқ дүние – қалы кілем, құндыз ішік, түлкі ішік, қасқыр ішік, жиһаз-мүлік жинауымен қалмап па еді? Ұзататын қыздың жасауы, жаңа түскен жас келіншектің өзімен келген дүние-мүлік босқан елдің жұртында көзден бір-бір ұшып қалып бара жатқанда... ой, дүние-ай, күңіренген сорлылар: "алтын, күміс тас екен, арпа, бидай ас екен" деп, өзінен кейінгі ұрпаққа зарын қалдырып кетпеп пе еді?

Тек жарықтық теңіз ғой бұлардың жанын сақтап қалған. Өзен жағалағандардың өзегі талған жоқ. Ал атты кісі араға үш қонып баратын мына тұрған Шалқар, Ырғыз қара шыбындай қырылды ғой. Жәдігержанның әкесінің Шалқарда тұратын жалғыз інісі үй іші толған бала еді; содан тек біреу қалды емес пе? Жақсы жігіт еді. Бишара он балаға ас тауып бере алмай жаны қысылғанда үйдегі бетке ұстаған жалғыз кілемді көшеге алып шығып бір үзім нанға өткізе алмапты. Тарыққанда асыл дүние талшық болуға жарамағанда, аруағыңнан айналайын қайнысы әлгі қырмызы қызыл кілемді аяғымен тепкілеп-тепкілеп, табанына басып тұрып пышақпен паршалап турап-турап тастап еді. Бұл сол боқ дүние ғой. Кімнен қалмаған адыраға бола арымды төгем. Осы үйде кәдеге жараған тағы қандай жылтырақ бар. Түгін қалдырмай, түгел ал! Бәрін әкет! Үстімде мына қара шаңырақ қалқиып тұрса, қара бала аман болса, қара қазан үш мезгіл қайнаса, ендігі қалған тірлікке сол жетеді. Соған қанағат!..

Жәдігер көзінен мөлт-мөлт аққан жасты сүртпеді.

* * *

Жәдігер қырауытқан кірпік астынан ақ қарда шұбалып жатқан ізден

көзін алмай, сүлесоқ қарап тұрды да, кенет мырс етті. Адам шіркін өмір бойы жоқтан жұбаныш іздеп, өзін-өзі алдаумен келеді. Бұ да бүгіндікке соңындағы мына ізден мағына, мән таппақ боп әлек. Шынында, бұнда не мағына болуы мүмкін? Итыржыңмен өткен өмір сияқты мына із де мықтағанда бүгін, не ертең жауған бір қар, бір үрлеген боранмен көміледі де қалады. Өзінің де осы ізден артықшылығы шамалы. Арпалыста өткен мына ит жегір өмірдің ақырғы демі ертең бітіп, қара жердің қойнына қалай кірді, солай борасын қар астында көмілген әлгі із сияқты сен де зым-зия жоқсың.

Жә, сонда адам өмірінің мәні неде? Егер жарық дүниеге шыр етіп келген әр пенде өз тірлігінің ақыры бір жауған қар, бір бораған топырақпен көміліп қалатын із сияқты кемді күн көңіл алдар бірдеңе болса... Тоқта!.. Сонда, бәтір-ау, адам байқұсқа жарық көрудің қажеті қанша? Ана сорлы жатырында ақ жұмыртқа, сары уызды тоғыз ай, тоғыз күн шайқап, толғақ азабын шегіп, тек ата-ана ғана емес, ағайын-тума, ауыл-аймақ жарық дүниеге тағы бір адам келді деп ел-жұрт боп қуануда қажет бар ма еді?

Жә, дүниеге адам келді екен. Жұрт қуанды екен. Ал ертең?... Соңырағы күн?.. Тірлікте татар дәм соңыра таусылғанда ше? Кеше туғаныңа қуанған халық ертең өлгеніңе аңырап, қара жамылып жатса... Кеше адам туған ана әлгінде ғана жанын көзіне келтірген толғақтың азабы есінен тарс шығып, ақ жаулықты алшысынан сап, аяқты алшаң-алшаң басып жұрт алдына шыққанда ғой, сол күні жер бетіне онан асқан бақытты жан бар ма еді? Енді сол ана соңырағы күні кеше дүниеге әкелген азаматты ысырат сапарына жөнелтіп, басына қара жамылып, аңырап бетін алып салғанда, мына жарық жалғанда онан асқан бақытсыз жан бола ма?

Тоқта! Тоқта, сонда жарық күннің арты қараңғы түн болса, бүгін туған кісі ертең өлу үшін дүниеге келсе, бүгінгі қуаныш ертең қара жамылар қайғының басы болса, осы адам кемді күнгі алдамшы жалғанға неге өлімін салады? Бүгін қолы жеткен болмашы бірдеңеге мәз боп бөркін аспанға атқан адам ертең әлдебір шаруасы ойлаған жерден шықпаса, құдды суы тартылған көлдей көңілі пәс бола қалатыны не? Неге сүйтеді? Не-ге?.. Жә, басқаны қайтесің... Сен өзің ше? Кеше балықшыларды ойға, қырға сүйрегенде, сенің де аржақ ойың белгілі еді ғой. Құдай құрамаған байлық пен барлыққа өліміңді сатып, Тәңірінің бермесін тартып алам дедің. Сүйтіп, Амударияның лай балығына қарық болдың. Сүйтіп, сенің Сырдариядағы қамау судың балығына қолың жетті. Іші-сыртың майланды. Ал, кәне, ойланшы. Соның бәрі кемді күн көңіл делбеу, өзіңді өзің алдарқату емес пе? Әне бір сахара шөлде қаны кеуіп, есінен танып құлаған кісінің өлі мен тірі арасында талықсып жатқанда түсінде мейірі қанып су ішкеніндей ғана алдамшы жұбаныш емес пе еді? Тіпті сол көзің тірідегі кемді-күнгі байлық пен барлықта, әрілесе басыңа қонған бақыт шіркін де әлгі бір

тау басына айналған бұлттай, бір соққан дауыл, бір үрлеген желден қалмайтын түбі бос еді ғой. Соның бәрі мықтағанда байсыраған дозақы қатынның еркек исі аңқыған мәкіру төсекте бір аунап тұрған ләззатынан несі артық? Сен, міне, маңдайыңа жазған бір тұтам өміріңнің ақырғы қадамын аяғыңмен басып тұрсың. Басқаны қойғанда, арпалыспен өткен кешегі күндерден сенің жадыңда не қалды? Уысыңда ұстап қалған не бар?

Жәдігер күрсінді. Еркіне жіберсе, осы қазір еңіреп қоя беретін болғасын дыбысын шығармай тістеніп алған. Опасыз өмірдің өкініш пен күйігі көкірегін өртеп, у мен дерт іші бауырын жалап бара жатқанда, кәне, айтшы кім, қай пенде итше ұлымап еді?

Жәдігер тұла бойы тітіреп баратқанын байқады. Ол не? Сүйек-сүйегінен өтіп бара жатқан бүгінгі күннің суығы ма? Әлде өз басына таялған тықырды сезгені ме? Бірақ оны өзі білген жоқ еді.

* * *

Күн шұғыл кешкірді. Жәдігер бүгін ертеңгісін кеп тоқтаған жерден әлі тапжылған жоқ. Арты Бел-Аран. Оның аржағы – далиған Арал даласы. Алды өкірген теңіз. Теңіз бен даланың екі арасындағы жаңа қатқан жас мұздың кісі көтеретін жеріне етігінің тұмсығын тірей тоқтаған еді. Соның аржағы әлі қатпаған. Әншейінде шексіз көрінетін далиған дүниенің бұл қазір, таусылған жеріне кеп тұрғандай. Ақырғы ізі, міне, аяқ астына кеп жығылған. Осынау дүниеде не алға, не артқа басар жер қалмай, жолы таусылып тұрғандай.

Кәне, қайда барады? Кімге барады? Мына арқыраған, сарқырағанның аржағында адам аяқ басар ұлтарақтай жер бар ма? Оның аржағында, сірә, аспан, жер-су, ел-жұрт жоқтай. Баяғыда балықшы ауылдың қариялары осынау дүниеде өздерінің қолынан келмеген арманның небір асқағын әлдеқашан игілігіне айналдырып алған өнерлі ел-жұрт болар-ау деген ой басына кіріп-шықпай, екі көзді тарс жұмып алып жүрген кез бопты. Сонда олар құдіретті дегеннің бәрін көкте – Құдайға, қасиетті дегеннің бәрін жерде – Пайғамбарға теліпті. Сонда осы ауылдың қарияларына су пайғамбары Сүлеймен көңілі қаласа, көк теңізді қара жерше басып жүре беретіндей көрінетін.

Егер, Сүлейменнің сол киесі басына қонса, бұ да қазір көз алдында өкіріп жатқан мына кәрі теңіздің бір қиясын бетке ұстар еді де, әлгі сиқырлы аспанның ұшымен көк толқындардың шекесін тық-тық шертіп, көз көрмеске асып кетер еді; оған бірақ қолында киелі аса, қасында су пайғамбары Сүлеймен тұрған жоқ. Рас, балықшы ауылда Сүлеймен деген аппақ сақалы беліне түскен шал бар. Асасын қос қолдап қысып, күншуақта күрк-күрк жөтеліп отырғаны. Өмір бойы су кешсе де, басына су пайғамбары Сүлейменнің киесі қонбаған. Тірлікте тындырғаны – әр айдың аяғында пошташы баладан алатын бес-он

тиын пенсия. Баяғыда әкесімен бірге теңіз кешіп, тор сүйретіпті дейді. Кім білсін, рас шығар. Ал, қазір... сәлем берсең, қолындағы асасын дір-дір еткен тізесінің арасына қыса салады. Сәлем берген кісінің қолынан тас қып ұстап алады да, түк есітпейтін керең құлағын аузыңа тақап: "А-а? Қаттырақ айт!"– деп, басыңды әлекке салады.

Адам байғұс Құдайдан өліп-өшіп өмір тілегенде, тірліктің ақырында пендесін жарылқаған сиқы жаңағы болса, онда ол бар болғырдың да берекеті шамалы болды.

Күрсінді. Өріп кеткен ой аш күшіктей жапан түзде жалғыз тұрған кісіге жан-жақтан ауыз сап, әлі де болса талап жатыр, талап жатыр.

Жел көтеріліпті. Аралдың құбылмалы ауа райының аяқ астынан бұзылатын әдеті. Айнала төңірек қапелімде түксиіп, көк жүзін суық қара бұлт басып келе жатқанын Жәдігер жаңа байқады. Қар жауа бастапты.

Бетінің ұшы тызылдап ашып бара жатқасын алақанымен уқалап жіберді. "Бұл кезде кететіндер кетіп болған шығар,"– деп ойлады. Жаңа қатқан мұздың көбесін жағалап, теңізбен кетсе, қарасы көрінер еді. Көзге түспегеніне қарағанда, сірә, қыр жолымен кетті ме екен? Сүйткен шығар, сірә.

* * *

Жәдігер ілгері жағына қайта-қайта көз тастап, желге қарсы омыраулап келеді. Күн шұғыл суытты. Аңыраған ашық теңіз үсті ұйқы-тұйқы. Жаға бір көрініп, бір жоғалып қарасы көзден үзіліп кетіп тұрған-ды. Кенет ілгері жақтан, Қара-Жардың құлауынан әлдене қылаң етті. Бұл не? Жағада жайылған мал ма? Әлде адам ба? Анықтап қарайын десе де, қарсы алдынан сабалап ұра бастаған қар мен жел көз аштырмай бара жатқасын Жәдігер бетін бұрып қырындап жүрді. Жаңағы қарайған шоқалақ тасасына түсіп кетті ме, жасаураған көздің жанарын тіктеп қайта-қайта қараса да, әлгіден кейін көрінбей қойды.

Күн жарықта жағада қалған атына жеткісі кеп еді. Оған қарсыдан соққан жел мен қалыңдап түскен қар жүрісін мандытпады. "Ә" дегенде Жәдігер түбіне дейін шайқалып кеткен теңіз суы тез көтеріліп, ісініп келе жатқанын байқаған-ды. Мұз астындағы ағыс күшейгенін де сезе қойған жоқ-ты. Тек әлсіз мұз аяқ астында сықырлап бүлк-бүлк еткенде, шошып кетті. Қырдан соққан қатты жел мен су астының ағысы әдетте қазіргідей жаңа қатқан жас мұзды шыдатпай қуып әкете беруші еді. Жәдігердің көңіліне қобалжу енді. "Жағаға қанша қалды екен?" деп ойлады. Қар борай бастады. Ашық теңіз үсті ұйтқып, ақ түтек боран анық нышан бере бастады, Ызғырық жел уілдеп қойны-қонышына кірді. Тітіркеніп қап, мойнын жағасына тығып ала қойды.

Көктен қиыршақ қар түсті. Қарсы алдынан қадалып соққан желден көзі жасаурады. Шып-шып ұрған қардан бұл енді бетін алып қашып, бір оңға, бір солға бұрыла бастады. Сабалаған қар мен азынаған желге қарсы омыраулай бергесін, су кешкендей малтығып, тынысы ауырлады.

Көңілге болмаса жел әлгіндегіден де күшейіп, Арал өңірінің әдеттегі қаптай соғатын қара дауылына айналғандай. Жағаның алыс-жақынын байқағысы кеп, көзін ілгері тастап еді. Қар мен жел басқа, көзге ұрып, әлгі-әлгі ме, енді тіпті ес жиғызбай сабалай жөнелгенде, тағы да лажсыз жалт беріп, бұрылып кетті. Желден алып қашқан бетін тері қолғап киген қолымен көлегейлеп, жүзін оң жағына бұра берген-ді. Көзі сабалаған қар арасынан әлдебір кіп-кішкентай нәрсеге түскені. Әдепкіде аңғара алмады; тек қайта қарағанда бағанағы шөже торғайды көрді. Күндіз қасына ұшып келген кіп-кішкентай пақыр бағанағыдан да әлсіреген. Жел жұлмалаған арқа жүні үрпі-гүрпі. Қар мен желге бұ да қайрат қып ұшуын ұшса да, бірақ ауада тұра алмай, құрық бойындай жерге барады да, жалп етіп жығылады. Сонан қанатын жия алмай алқынып жатады. Кім білсін, әлсізді арасына сиғызбайтын бұлардың да арасынан темір тұмсық тентек біреу шықты ма?

Қарға баурын басып жатқан торғайға қатарласа бере қолын созып еді, торғай қозғалмады; Жәдігер торғайды ақырын ұстады да, қойнына тықты. Жылы жерге кіргесін құс қанатын жайып сілкінді де, тынышталды.

Жаға көрінбей кетті. Жел қатайған сайын Жәдігер де жас мұз жарық аша ма деп қорқа бастады. Қарсы алдынан қадалып тұрған жел мен қиыршақ қатты қар көз аштырмай қойды. Жәдігер жалтақтап бетін алып қашып бір оң, бір сол жағына бұрылады. Сабалап қатты жауып кеткен қар енді бұның самайы мен шықшытына шып-шып ұра бастады. Көзі жасаурап, қасы, кірпігіне мұз қатты. Тынысы ауырлап алқына бастағанда, кенет алдынан әлде бірдеңеге қарама-қарсы кездесіп, кимелей тоқтады. Үріккен жылқы осқырынған сияқты еді. Жәдігер кар мен желге қолын көлегейлеп жалт қарап еді, ат шана алдын кес-кестеп тұр екен. Ақ түтек арасынан алау-далау боп шыққан кісіден үріккен ат әлі де танауы пырылдап, осқырына береді. Шанадан қасқыр ішікті біреу түсті. Түсе сала аржағында кілем төселген жеңіл шанада отырған ақ шарқатты әйелге қол созды.

–Көрдің бе, біз бұны ана жақта іздеп әлек боп жүрсек, ал мына жайсаң бұнда жүр,– деді ол күліп. Сосын шанаға бұрылып, қасқыр ішікке оранып алған әйелге қолын созып еді, Бәкизат шанадан түсуін түссе де, бірақ қас пен көздің арасында көктен жауып, жерден борап кеткен мына ақ түтек дүниеге үрейлене қарап, аяғын ілгері баспай қойды. Сосын Әзім оны қолтығынан алмақ боп ұмтыла бергенде, өз денесін өзі билей алмай тәлтіректеп кетті.

– Әзім, кетейік! Кетейікші.

– Неге?

– Өтінем.

– Ау! Баланы тапсырам деп іздеген өзің емес пе?..

– Кешір. Кетейікші. Күн бұзылып кетті!

– Қорқасың ба? Че-пуха. Аралдың өзіміз білетін қары, бораны. Мен қайта, осыны ұнатам,– деді Әзім күліп. Жолға шығар алдында қызып алғаны көрініп тұр.– Ал, құрдас,– деп ол бұған бұрылып, тәлтіректей басып қасына келді,– Біз кетіп барамыз.

Жәдігер құдды жағаға шығып қалған балықтай демі жетпей бара жатқасын ауаны аузымен қармай берді.

– Сені мен біз,– деді Әзім тілі күрмеліп,– Қанша дегенмен... жана заманның адамымыз. Өз басым сезімнің жетегіне еріп, қызғаныш деген пәлеге құл болуға қарсымын.

Жәдігерге бірдеңе көрінді. Бұның да айтар сөзі аржағына келіп тұрса да, демі жетпей алқынып бара жатқасын тағы да аузымен ауа қармап бір-екі жұтты.

– Кешірім сұрамаймын. Маған артық кеткен дәнеңең жоқ. Бар болғаны сенен өзімнің бергенімді қайтып алдым. Ал, сау бол!

Әзім қатты жел астында құйрық-жалы суылдап, тықыршып, қозғалақтап тұрған атқа бұрыла берді. Бір аттады ма, жоқ па, құлақ түбінен атылған мылтықтай бір ащы дыбыс тарс-с етті. Әзім кілт тоқтады. Бәкизат құлағын баса қалды. Келесі сәтте жан ұшырып Әзімге қарай ыршып түсті.

"Ә" дегенде Жәдігер түкке түсінбеген-ді. Көзі Әзім мен Бәкизаттың аржағындағы атқа түскенде ғана жүрегі су етті. Бауырының дәл астынан қақ айрылған мұзда аттың алдыңғы аяғы кетіп барады екен. "Ә" дегенде аяғын жия алмай қалған ат тырп етуге қорқып, қалшылдап тұрды да, кенет жалт бергелі қос аяқтап қарғып еді. Соңындағы шананы өзімен бірге ала күмбір-самбыр теңізге құлап түсті.

– Ойбай, құрыдық!

Ащы дауыстан Жәдігердің төбе шашы шымыр етті. Қара дауыл қақ айырған мұз он бойына қақырап, күтірлеп сынып жатыр. Қапелімде ырсиып жарық ашылып, екі араға су түсіп, ар жақ, бер жақ болды да кетті.

– Енді қайттік?– деді Әзім. Есі шығып кеткен. Мастығы да сәтте тарқап кетіпті. Кенеттен киліккен мына тосын оқиға – ыққан мұз, азынаған дауыл, сабалап жауған қар, өкірген теңіз – әлде өңі, әлде түсі екенін біле алмай, алақ-жұлақ етеді.

– Бұл... бұл қалай болды, а? Қалай болды?!

– Дүние бірде олай, бірде бұлай...

– А-а?

– Жай...

– Апырай... Апырай, бұлай болады деп... кім... кім ойлаған.

– Ойла-ойлама, болар іс болды.

– Неге?

– Болары болды деймін. Енді... өлместің амалын ойла.

– Қалай?

– Ішігің қайда? Соны киіп алғаннан басқа амал қалған жоқ.

Есі шығып кеткен Әзім ештеңені сезіп тұрған жоқ. Жәдігердің айтқаны да санасына жеткен жоқ-ты. Бір орнында дәйек тұтып тұра алмай, безектеп жүгіріп кетті. Қар мен қара дауыл астында ес-түссіз сілейіп тұрған Бәкизатқа барды. Онда да тұрақтамай, іле-шала Жәдігерге қайтып келді. Ық жағын ала тоқтады.

– Құрдас...Жаңа қайту керек деп едің?

– Қайту керек дедім.

– Бір амал бар деген сияқты едің ғой?

– Ішігіңді киіп ал деген шығармын. О да өлмеудің амалы.

– Апырай... Оны қайда тастадым екен?

Кенет Жәдігердің көзі атқа түсіп еді, ат қара жерге тартпай, ығып бара жатқан бұлардың соңынан салыпты. Жал-жал толқын арасында жанталасып, пыр-пырлап жүзіп келеді екен. Қайнаған қап-қара теңізге бастан асқан толқындарға бір батып, бір шығып, құрықтай мойнын ілгері соза береді. Пыр-пырлап келе берді де, су сорғалаған басын мұзға сүйеді. Ұясынан шыққан көзі бұған "бірдеңе істесеңші" деп жалбарынатын сияқты. Жәдігер аттың сағақ бауына жармасып еді, оның ойын түсінген жануар да құрықтай мойнын құдды союға

сүйрегендей ілгері созып, мұзға қарғып шыққалы әрі-бері ұмтылды. Жәдігер қолына тиген қос тізгінді әрі-бері тартып еді, әлсіреген аттың мұзда жатқан мойны бауыздаулығына дейін созылып, көзі аларып ыңырана берді.

– Қайтесің,– деді Әзім.

Жәдігердің қолынан сағақ бау шығып кетті. Осы кезде кейінгі жақтан үйдей сең еңкілдеп келіп қалған еді. Қатты жел қуған сең толқынмен бір көтеріліп, бір түсіп аударылып келді де, ат соңындағы шанаға лап берді. Келесі толқын көтеріп алған сең ауыр салмақпен ілгері қарай ысырылып, атты бүгерлеп астына бір-ақ басты. Жан ұшырған жануар ақтық рет құлындай шыңғырды да, көзі аларып, қара құрдым түбіне батып бара жатты.

Жәдігер сырт айналып кетті. Қара дауыл қуған сең жаңағының арасында жағадан алыстап кеткен-ді. Ауыл жақ қап-қара. Қара-Жар да, Бел-Аран да көзден бір-бір ұшқан тастай. Қиыршық қар бара-бара жапалақтай бастады. Аядай жерде ұйлыққан үшеудің алды-арты – ұйытқыған ақ түтек.

Жәдігер ыққа қарап мойнын ішіне тығып тұрған-ды. Кенет есіне ізі түсті. Еңкейіп, аяғының астына қарады. Бірақ қойны-қонышына қар тыққылап, алды-артынан ұйтқып тұрған ақ түтек көзін аштырмай, сабалап ала жөнелді. Сонда ғана өз ісінің оғаштығы есіне түскен Жәдігер қарлы қара дауылға бетін бұрып, қарсы қарап тұра қалды да, жынды адамдай қарқ-қарқ күлді.

О, есалаң! Есалаң! Осынау көктен жауып, жерден борап, улап-шулап жатқан дүниеде әлдеқандай із түгіл, дәл қазір аспан қайда, жер қайда? Батыс қайда, шығыс қайда? Дүние дүние боп жаралғалы сайқал қатындай, ылғи опасыздық пен баянсыздықтың мекені боп келген мына сұм жалғанда есі бар адам дәл осындай алағай-бұлағайда әлдебір ізді іздеп, сонан мән-мағына таппақ боп әлек бола ма?

О, есалаң! Есалаң!

Бірінші кітаптың соңы.

ЕКІНШІ КІТАП

СОНДАЙ ДА БІР ТҮН БОЛҒАН

Пой, сердце, припомни все свои мечты,

Пой, в нескончаемой тревоге.

Саломея Нерис

Бірінші тарау

Бағанадан бері жер түгіл аспанға да аласат лаң салып жатқан қара дауыл бұл кезде бұлтты да түткен жүндей дода-додасын шығарған-ды. Сол дал-дұлы шыққан дода-дода бұлт арасынан шара табақтай толық айдың бозамық жүдеу реңі бір көрініп, бір жоғалып, қараңғы мен жарық кезек алмаса бастады.

– Әзім!.. Әзім – деді Бәкизат айқайлап. Жаңа ғана аңыраған ашық теңіз үстінің айқай желі улап-шулап,толқындар гүрілдеп-сарылдап, көзге түртсе көрінбейтін тас қараңғы түн бүкіл бар дүниені буып тұрған-ды. Кенет көктен жарқ етіп ай сәулесі түскенде, бағана күн батар-батпаста қырдан соққан қара дауыл қас қағымда бет ашық аңғарға қуып ала жөнелген бір ауылдың аумағындай сеңнің басы-аяғы кезге бір шалынды; қар көктен жауып, жерден борап тұр екен; қасқыр ішіктің астында басын баурына тығып, дірілдеп тұрған Әзім бұны байқады ма, жоқ па, ал Бәкизат қуанып кетті; ішік астынан сыртқа атып шықты; кейінгі жақта көзден бір-бір ұшып қалып бара жатқан қара жерді көрем бе деп еді; бірақ оған шамасын келтірмеді; атан түйені жыққандай екілене соққан әупірім жел мен борап жауып тұрған қар басқа, көзге сабалап ала жөнелді; әсіресе тиген жерін темірдей қарып алып тұрған үскірік желге жүзін тіктеп қарай алмай, салған жерден жалт беріп ықтап кетті; енді қайтерін білмей жанталасқан әйел жалпылдап тізесін сабалап жатқан екі шалғайына да ие бола алмай қалған еді.

– Әзім!.. Әә...

Ышқынған әйел даусын азынаған жел есіттірмей, ауыздан шығар-шықпаста қағып әкетті; әйел тайып жығылды; тәлтіректей түрегелді; алды-артынан ұйтқып борап, аузы-басына тыққылап жатқан қардан қорғанып қолымен бетін көлегейлеп, ықтай бергені сол еді; ұйқы-тұйқы ақ түтек арасынан репетсіз бірдеңе қорбаңдап шыға келді; Бәкизат шыңғырып жіберді; ытқып Әзімге тығылды.

– Не-е?

– Ә-не...

Енді оны Әзім де көрді: ұсқын-репеті адам деп адамға... аң деп аңға келмейтін әлде бірдеңе ақ түтек ішінде өз-өзінен құтырынып безектеп жүр.

– Бұл не?– деді Бәкизат.

Әзім шегіншектеп әйелдің тасасына тығыла берді. Не қылса да, бұларды енді жын-шайтан айналдырайын деген болды. Бірақ... сол пәлелер ескі мола, иесіз мекен-жайлар болмаса, мынадай өкірген теңізде... Әлде, көзіне қос көрінді ме?

Күдігін анықтағысы келген Әзім ішік астынан сығалап, сыртқа көз тастап еді; жаңағы пәле қапелімде көкке ұшқаны, жерге батқаны белгісіз; әлде зікір салып ойнақтап жүргенде, мұз жарылып, қара құрдым жұтып қойды ма?

– Бәәкизат...

– Аа?..

– Жааңағы ққаа...

Бәкизат ұмтылып сыртқа басын шығара түсті де, тез тартып алды; жаңағы бұл жолы басқа жақтан шыққан еді; аспан мен жер арасындағы алай-түлей миына кіріп шығатын емес; азынаған жел мен өкірген теңіз қазір қайта жынын қоздырып құтырып кетіпті; өзі де дәл бір зікір салған бақсыдай, ақ түтек боран арасында ойнақтап арпаң-тарпаңдап жосып жүрді де, кенет өз санын өзі сабалап секіріп ала жөнелді; Бәкизат ытқып Әзімнің арғы жағына шықты; шыңғыра жаздаған дауыс дірілдеп тамағында тұр. Жоқ, мынау адам емес, аң да емес; адамға да, аңға да ұқсамайтын қорбаңдаған бірдеңе. Әлде, Алла Тағаланың қарғыс атқан күнәкәр пендесіне көктен жіберген зауал ма? Бәкизат қауіп-қатер тосқан жақтан көзін айырмай аңдысып тұрған-ды; бір кезде жаңағы пәле борап жауып тұрған қарды бұрқыратып, бір жерді шыр айнала жүгіріп жосып-жосып алды; сосын кілт тоқтай қап, қос қолымен кеудесін соқты-соқты да тағы да дәл жаңағыдай өз санын өзі сабалап кетті; қасқыр ішік астында қалшылдап ұшып бара жатқан бұл екеуіне көзі түсті ме, кенет жүрісін кілт өзгертіп бұларға беттеді; өкшесін өкшесіне сарт-сұрт соғып, арпаң-тарпаңдап келе жатқан мына екі аяқты репетсіз нәрсені Әзім байқады ма, жоқ па, ал оның әр қимылынан көз айырмай аңдысып тұрған Бәкизатта зәре қалмады; Әзімге жабысып, дыбысын шығармай дір-дір етіп тұр; көзін тіктеп қарайын десе де, жанарын ұстай алмай тайқып кете берді. Анау да бет қаратпай сабалап, борап жауып тұрған қар мен қатты желге кеудесін төсеп, омыраулап тарпаң-тарпаң басып келді де, бұларға қатарласа бере тоқтап еді; Бәкизат кірпігін қағып қалды: әй... әй мынау, бұл

ойлағандай жын да, шайтан да емес, адам ғой? Иә, адам! Тек мынау көктен жауып, жерден борап тұрған қардың өзінен адам жобасын келтіріп, жұмбаздап соға салған біреу; және өзі таныс па, қалай? Таныс болғанда да... "Тоқ-та... Әй, мынау өзіміздің... Иә, сол! О, наққрыс!.." Бәкизат келеңсіз немені көргісі келмей, сырт айнала бере басын ішікке тығып алды. Жаңа зәресі ұшқаны сонша аттай тулап кеткен жүрек әлі де сабасына түспей дүрс-дүрс соғып тұр: "Деліқұл, дәйіс. Дәйіс қой. Ойбай-ау, дені дұрыс болса, жөн-жосығын ұқтырмастан бозала таңнан құла далаға шығынып кетер ме еді? Көрген-білгені Арал. Жатса-тұрса ойлайтыны Арал. Уайым-қайғысы тағы сол Арал. Қызыл сирақ боп шалшық судан шабақ аулағаннан басқа кәсіп бұның қолынан келмейтін де шығар. Айта берсе бұл бала кезде де мал қораның маңын төңіректеп жаңа туған жас төл – бота, бұзау, лақпен ғана ойнаған шығар-ау?..

Әйтпесе, бұл да жұрт қатарлы институт бітірді. Жаман-жақсы ел басқарып жүр. Осы елдің маңдайына жазып қойған сыбаға көк теңіз бен қызыл қанат шабақ па? Өзіндей кісілер жер бетінің мүддесін қойып, алды, әне айға ұшып, ғарыш асып жатыр. Ал бұның көрген-баққаны теңіз. Сосын сүйегі баяғыда құрап қалған ата-бабаның бейіті. Біле білсе, сол ата-баба да бір жұртта сары жамбас боп шаңға көміліп отыра бермей, жанталасып малы мен жанына өріс іздемеп пе еді? Үй сыртынан дүбір шықса елеңдеп, бес қаруы белінде отырғаны қайда? Белдеуде аты ерттеулі, желіде түйесі қомдаулы, бау-шуын буып, тас түйін әзір отырмап па еді?"

Бәкизат осымен өткізген өміріне өкінді. Баяғыда қазақтың маңдайынан жаралып туған нарқасқа жігіттерін көзге ілмей, қасы-қабағының райына зар ғып қоюшы еді. Солардың біріне мүсе тұтпай, аспандағы айға қол созып жүргенде тапқаны осы болғасын анасы байғұс қалай күймесін?

Құрысын, қыз кезде қалай бұлғақтаса да, заты әйел болғасын ұрғашыдан ұрғашының артықшылығы жоқ екен ғой: осы бозым балықшыларға еріп теңіздің арғы бетінде қостанып жатып алып, араға ай, апта салып келгенде, сол күні бұл да осы ауылдағы төмен етекті ұрғашылардай үй ішіне ас-суын әдеттегіден ертерек беретін; балаларды да ертерек жатқызып, өзі де төсекке жеткенше дегбірі қалмайтын; сонан тұла бойы арғы беттегі балықшы қостың иіс-қоңысынан арыла қоймаған нар тұлғалы еркекпен тар төсекте табысқанша оттай жанған денесі өртене жаздайтыны есіне түскенде, өз ұятына өзі өле жаздады; онсыз да аңыраған ашық теңіз үстінің үскірік аязына шалдығып, әлден удай ашып үси бастаған екі беттің ұшы енді тіпті тап бір қансырап тұрған жара аузына тұз сепкендей тызылдап ала жөнелді. "Өлемін!"–деді.

Гүрілдеп өкіріп жатқан теңізге бір-ақ батып жоқ болғысы келіп,

өлімге шыныменен бел буа түсті де, кенет өз ойынан өзі шошып кетті. Әзімді бас салып құшақтай алды: "Жоқ! Жоқ, жалғыз қалдырмайды; не көрсе де бірге көреді; өлсе, бірге өледі; үсісе, бірге үсиді; Құдай бұларға қара жердің бір уыс топырағын көп көрсе, қимаса, онда екеуі суға бірге кетеді. Тіріде қосыла алмаған жарын құшағына тас қып қысып алады да, өлгенде қосылады. Кәне, сонда бұларды кім айырады? Тәңірі ме? Тағдыр ма? Жоқ, бұларды айыру енді олардың да қолынан келмейді".

– Әй, Әзім...

Дәл қасынан шыққан тосын дауысқа екеуі де жалт қарап еді; адам ұсқыны қалмаған әлде біреу бұлар жамылған ішіктің шалғайын көтеріп, қар-қар басын ішке сұғып ентелеп тұр екен.

– Қалайсыңдар?

– Аа?..

– Халдарың?..

– Ххаалл...

– Әй, бұның жарамайды. Давай, қимылда...

– Жооқ... ссеен... айтт...

– Айтатын ештеңе қалған жоқ.

– Ауыл... Ауылда ққалғандар?..

– Қайдам, таң атса...

– Деемек... ттаң аатса...

– Оған өзің шыдасаң...

Әзім таң атқанша шыдар-шыдамасын ойлап кеткендей, ішік астында иіні түсіп тұрып қалды.

– Әй, жүр! Олай-бұлай жүгіріп алайық.

– Ттооқта!.. Біз... оосы ұлы теңізге шығып кеткен жоқпыз ба?

– Мүмкін. Толқын ірілеп барады.

– Аапырай... ббұған ққаалай душар ббоо...

Тісі сақ-сақ етті. Сөзін аяқтай алмай жылап жіберген сияқтанды. Жәдігер оны аяу орнына әлденеге аяқ астынан жыны ұстап:

– Әй, құрдас,– деді өкірген теңіз бен азынаған желден даусын асырғысы келгендей айқайлап,– құрдас, байқайсың ба?.. Мына жерлер...

– А-а?

– Мына жерлерді айтам. Соңыра суы тартылғасын, бұл жерлерге соқа саласыз ғой?

– Ссооқа?..

– Ие, соқа саламыз.

– Ққаалай?

– Ау, сенің ұлы жоспарыңды іске асырмаймыз ба?

– Жжооспар?

– Иә, сенің ұлы жоспарың бойынша алдағы бесжылдықта осы жердің бәрін жаппай ақ мақта егетін алқапқа айналдырамыз. Тың көтереміз. Дүние жүзілік рекордтар...

Жәдігердің көз оты жарқ етті. "Ә" дегенде не болғанын байқамай қалған-ды. Есін енді жиям дегенше болмай, тастай ғып түйіп алған кіп-кішкентай екі жұдырық кеудесін дүрсілдетіп ала жөнелді:

– Кет, жоғал! Жоғал, қай-у-ан!

Жәдігер ерлі-зайыпты боп бірге тұрған он үш жылда осы әйелдің тап бұншалық долылық буып, ашынып айқайлағанын көрген жоқ-ты. Қалайда, Жәдігер өзіне ырза. Не болса, ол болсын, менменсіген неменің намысына тиетін жанды жерін дәл басқан екен.

* * *

Әлгіден кейін Әзім өзіне өзі келе алмады; қолы, аяғына ие бола алмай қалшылдап ұшып барады; Бәкизат өзінен бұрын оны суыққа ұшып өлетіндей қорықты да, екеу ара жамылған ішіктің көбін оған жауып, басы, аяғын қымтап бақты; сосын мойнынан сыпырылып түсіп бара жатқан түбіт шарқатты жөндеп қайта тартып жатып, ара-арасында өзінің де саусақтарының ұшы тызылдап ашып бара жатқан қолын уқалап-уқалап алды.

– Әзім... жаным, қалайсың?

Әзім дір-дір етеді; дәл қазір ештеңені біліп те, сезіп те тұрған жоқ.

Бұл әлгінде де тап бұндай емес-ті: әлгінде артта қалған ер-азамат қарап жатпас, бір амалын табар деген әлсіз үміт бар еді; оған Бәкизат

та сенген-ді; бұл өңірде бұндай жағдай бұнан бұрын да талай болған; соның бәрінде де қайтерін білмей дағдарып қалған халық арасынан әрдайым қайратты біреу шығатын да, у-шу боп жатқан қатын-балаға ақырып тиып тастар еді; сосын рация арқылы ыққан кісілерді ауданға хабарлап, орталықтан самолет, вертолет шақырар еді; сонан кейін де аяқ жететін жердің бәріне ат шаптырар еді; ең аяғы теңіздің арғы-бергі бетінде қостанып жатқан балықшыларға дейін хабарлап, қолдан келер әрекетті істеп бағар еді; кім біледі, төбеден жай түскендей болған сұмдық оқиғадан есі шығып теңселіп кеткен халық арасынан қайраты тасып бара жатқан біреу бұлардың соңынан суға қайық сала қууы да мүмкін ғой? Солай емес пе, Әзім?

Әзім қалш-қалш етеді. "Сорлы өлетін шығар",– деді Бәкизат: бұның ажалына біреу кінәлі болса, ол әлгі сұмырай; оған кісі өлтіру түкке тұрмайды. Бұл күйеуге шыққан күннің ертеңіне анасы жүгіріп кеп: "кәпірдің түрі қандай жаман еді, қорықпай қасында қалай жатып шықтың?"– деп еді; сонан кейін бұ да күнде-күнде жатарда төсегіне жуымай, бетінен басып тұратын. Әлгіден кейін де анасы екі сөзінің бірінде: "қызым, ажалың түбінде осыдан болады",– деуші еді; айтқаны келді де тұрды. Шынында да, анада бұны өлтіре жаздаған жоқ па? Бұның сондағы жазығы не? Рас, бұл астанада дем алып қайтқан күннің ертеңіне ол да Амудариядан оралған еді: балық десе жанын беретін неменің өлімін салғаны көрініп тұр. Үй ішімен сөйлесуге де шамасы келмеді. Алдына қойған асты да басы былғақтап отырып бір-екі асады да, дастархан жиылар-жиналмаста төсекке жығылды. Сонан ертеңіне оянғанда қасынан жаңа ғана тұрып кеткен әйелдің жып-жылы орнын сипап қалған-ды; бұл келесі күні де жатар кезде уақытты созып, үй ішіне ас-суды кеш берді. Онан Еңбек Озаты ана жақта бұны күте-күте дегбірінен айрылып жатқанын білсе де асықпай, үй ішінің оны-пұны шаруасын істеп жүріп алды. Шыны керек, оның қазір бір бүлікті бастағалы көкірегі қарайып жатқанын білді. Соны білсе де қорқу, сескену орнына иманы селт етпегеніне қайран. Бұл не? Көкайыл долылық па? Әлде, әйел болған әйелдің сүйген жігіті жолында алды-артын ойламай, қаласа басын бәйгеге тіге салатын әне бір жанкештісі осы ма? Сол арада бұл әйел басымен ештеңеден тайынбай батылдана түскенде, оның қызғаныштан іші күйіп өле жаздап жатып та ішінен тынған ынжықтығы ызасына тиіп болып еді. Ынжық неме ыңылдап әр нәрсені бір сұрағанша, тәуекелі жетіп турасына көшкенде, бұл да тайынбас еді ғой. Алматыға жүрерде: "тым құрыса, биылғы демалысты бірге өткізейік" деп алдынан өтпесе екен-ау. Бірақ қыңыр неме көнді ме? "Мен кетсем, балық ауланбай қалады",– деп безектеді. Өзі кінәлі. Өзі кінәлі бола тұра, бұны кінәлап... ардан безген ұятсыз неме, әлім жетеді екен деп қолын ала жүгіргенше, сол арада дәті жетіп Әзіммен бірге өткен күндерді сұрағанда, бұ да тайынбас еді; беті ашылған әйел Құдайдан жасырмаған қылығын сенен жасыра ма? Күшің жететінін көрдік, өлтірсең – өлтір дер едім. Сүйген жігітіммен бір ай жұбымды жазбай күнім де, түнім де бірге өтті дер едім. Әйел байғұстың бұл

жалғанда басынан бір-ақ кешетін ғажап, ғажабы несі, ғажайып сәттен алған ләззатты түгін қалдырмай айтып берер едім ғой. Сол күнә ма? Сол үшін кінәлі боп па? Пішту! Әйелді сүйгені үшін кіналауға бола ма? Тар төсекте табысқан тәтті тылсымда жалғыз бұл ма, бұнан бұрын өткен қай ұрғашы, сол ана Хау Ана заманынан бергі бар-бар уақытта тұла бойын алаулатып ала жөнелетін әне бір өрттей ыстық сезімге өзін де, өзгені де өртемеуші ме еді? Сонда жазғы таң сары қабақтан сарғая атқанша... 0, Жасаған, бұл да, бұл бейбақ та дәл көкірегі үстінде тәнге тән, жанға жан жалғасып бір дене боп тұтасып кеткен сол әлгі сары уыздай тәтті тылсымда, қанша жылдан кейін қайта табысқан ғашық жарының не өзін, не жаншыған салмағын сезбепті; бар болғаны – Тәңіріден осы бір жанын, тәнін баурап әкетіп бара жатқан жайсаң рахаттың тез бітпей, уақыттың әлде де созыла түскенін қалапты!

Кейін бұл демалысын аяқтап елге қайтпады ма. Сонда бауырында темір доңғалақ тынымсыз сарт-сұрттап құйғытқан көк шолақ поезда, бір өзіне жеке тиген оңаша купеде келе жатып басынан кешкен кешегі күндерді ойламады ма. Апырай... бір айналымға келмей шолтаң етіп өте шыққан кешегі қып-қысқа дәурен адам өмірінде я кездесіп, я кездеспейтін балдай тәтті шақтай елестеп еді-ау! Бұл сонда бұнан кейін еш уақытта қайталанбайтын сол рахат сезімнің жаннаттай жайсаң мекенін ойлап еді. Ол өзі бар ма? Бар болса, қайда? Көкте ме? Жерде ме? Бұған салса жерде де, көкте де емес; бір болса, адам аяғы баспаған ғарышта, әлде көк пен жер арасында мөп-мөлдір жұпар ауада екеуден-екеу құшаққа құшақ айқасқанда, Алла Тағаланың әсерімен тұтқиылдан дауыл тұрып, тілсіз тылсымда табысқан қос жүрек, қос тән, қос дене сонан қашан түн күнге ауысып, тағы бір таң аппақ боп ағарып атып, бұлардың өздері де талықсып талмаусырағанша толқыннан кейін толқынға көтеріп соғып, шайқалақтағанда тұрғандай.

Жазғырасың ба? Жазалайсың ба сол үшін? Ой, бишара! Бишара-ау, әйел затын ғашығын сүйгені үшін жазғыруға бола ма? Сезімді айыптап, жазалайтын жер бетінде сірә заң бар ма? Жә, сен оны қайдан білейін деп едің; оны білсе басынан сондай бақытты кешкен адам біледі. Әйтпесе дүниеге шырын балдай ләззатты бір-ақ рет татуға пейіл боп басын бәйгеге тігіп келетін ұрғашының жанкештілігін сендей есалаң ақымақ болмаса, есі дұрыс кісі күнә деген бе? Оны күнә деп жазалайтын жер бетінде, сірә, ел-жұрт бар ма? Заң бар ма? Еркексіреген әйел де күйлеген қаншық емес пе еді? Күйлеген қаншық пен еркексіреген әйелдің артын аңдып, заң шығаратын ол өзі қандай ел, қандай үкімет?

Бірақ бұны саған айтты не, айтпады не, сен бәрібір түсінбейсің; түсінбегесін кешірмейсің; сен, сірә, жетеңе бірдеңе жетіп түсінсең, аржағында түсінетіндей титтей түйсігің, санаң, сезімің, ар-ұятың болса, сол күні түнде маған істеген масқара сұмдыққа дәтің шыдап бармас едің ғой.

Міне, оған да бес ай. Сондағы масқара қорлық есіне түссе, бұл қазір де азарланып өліп кете жаздайды. Сондықтан ойламауға тырысып, тірі жанға тісінен шығармай тістеніп бақты. Тіпті бір кез келеңсіз неменің дөрекі қылығын кешіргісі кеп еді: "адам ұрғашы шіркіннің қай қылығын түсініп болған" – деп кінәні өзінен іздеп еді. Шынында да, бұған сол жолы бірдеңе көрінді. Астанадан соңғы үлгімен тігілген біраз киім әкелген-ді. Денесіне дене боп құйыла қалатын бірінен-бірі өткен сәнді киімді күнде алмастырып, сылаңдап көшеге шығады, жұрты құрғыр да бұның көшеге шыққанын аңдып тұрады; ал балықшы ауылдың жастары бұны көрсе ес түсінен айырылып, соңынан мойны үзілгенше бұрылып қарап тұрғаны; ішіп-жеп бара жатқан сұғанақ көзден бұл да ыңғайсызданып қысылса да, кейін оған да үйренді,

Құрысын, көңілге желік кірмегей, көңіліне желік кірген қай ұрғашы сыртқа шыққысы кеп алып-ұшып тұрған сайқал сезімді жұрт көзінен жасыруға шамасы келіп еді? Бұл да жасыра алмады. Әрі-берідесін тіпті жасырғысы келмеді. Жұрт көргенді енді Жәдігер де көрді. Ана жақтан лай балыққа қарық боп олжалы қайтқанына қарамастан, түсін бермей түнеріп алды; сүйтіп екі күн өтті, үшінші күні түн ортасы ауар-аумаста оянып, қатар тұрған төсекке ұмтылып мойын созып қарады да, резеңкесі босаған ышқырын бір қолымен ұстай түрегелді; сосын әйел жатқан кереуетке алқына төніп, өз әйелін өзі танымай тұрғандай үңіліп қарады; терезеден түскен бозамық сәуле бұлдырлап, ажарын алып қашып тұрған мына әйел басқа емес, өзінің некелі жары екені санасына жаңа жеткендей, сол арада ойына әлдене түсіп, атлас көрпенің бір шалғайын ақырын көтеріп қасына жатқалы ыңғайлана бергенде, бұл оянып кетті; жоқ, оянбас бұрын қасына бөгде біреудің жанасып келе жатқанын әуелі денесі сезіп тіксініп қалды; сосын дереу көзін ашып алды; өңкиіп үстіне төніп тұрған Еңбек Озатына ұйқысы сәтте шайдай ашылған суық жанарын жылдам тастап, атып жіберердей шаншыла бір қарады да, ләм деместен көрпенің шетін астына басып қымтап ала қойды; сонан кейін де кетпей, үстіне төніп тұрған әлгі нар қараға ләм деп тіл қатпастан, ары қарап аударылып жатты; теріс қарап тым-тырыс бола қалған әйелге қол салуға батпай, төсек жанында қайтерін білмей әрі-бері қипақтап тұрды да, шарасы құрып өз орнына қайтып барды.

Күндіз шаруалармен сыртта болып, үйге ел орынға отыра бергенде келді; ас-суын ішкен жоқ; қапысы кеткен кешегі ыза тарқамай, қызғаныш ішін өртеп жүрген неме осы күндері тіпті қап-қара боп түнеріп алған-ды. Оның бүгін болмаса да, ертең бір пәлені бастағалы қанына қарайып жүргенін жүрегі құрғыр сезіп еді; шынында да солай болды да шықты. Келесі күні жатарда бүлік шығарып, анада Сары Шаяға істеген сорақылығын бұған да істеп, өлтіре жаздады. Бірақ арсыз адам ұятты қайтсін, ертеңіне мастығы тарқағасын: "жоқ... жоқ, мен емес. Мен ондай иттікке бармаймын ғой",– деп азар да безер боп, ат тонын ала қашты. Қолымен істегенді мойнымен көтеруге де

қарамады. Бәкизат оған неғұрлым ыза болған сайын, неғұрлым өзін Әзім алдында кінәлі сезіп еді. Иә, кінәлі: о бастан-ақ бағы жанбаған таланы тастай әйел кімге опа беруші еді; Әзімге де опа бермеді; бас қоспай жатып қырсығы тиді; бүкіл астанада беті жылтыраған әйел құрып қалғандай бұған неге емешесі үзіле қалғанын қайдам. Әлде... әлгі бір көбелек екеш көбелекті де канаты күйгеніне қарамай, отқа итермелей беретін құдірет күш адам мақырды да осылай алды-артын ойлатпай тәуекелге бастап тұра ма? Оны біреу құптар, біреу құптамас; қаласа күнә дер; күстаналар; соңыра бұның мұзға ығып, үсіп өлгенін есіткен жаулары: "құдайын ұмытып кетіп еді; бәлем, өзіне де сол керек" деп, айызы қанар; бұның өмір-бақи желі оңынан тұрып, талабы ілгері басқанын көре алмай іші күйетін ана жақтағы бақталас ғалымдар сияқты, бұл жақта да табалайтын туыстар табылар-ау! Жаңағы шіріктің де кекесінінің түрін көрмейсің бе? О, Құдай, құдыққа құлан құласа, құрбақа құлағына ойнаған. Сүрінгенде қолтығынан сүйеудің орнына, жығылғанын күтіп желкеге мініп алуға әзір тұратын осындайларды қайтерсің.

Анада астанада болғанда Әзім жылағандай боп: "Басқаны қайтейін, менің не істеп жүргенімді Жәдігердің түсінбегені жаныма батады",– деп еді. Деуін десе де, бірақ сонысына өзі өкінгендей аяқ астынан абыржып әлек-шәлек болды да, қолын қынжыла сілкіп орнынан тұрып кетті; сонда Бәкизат не дерге білмей, бауырына қысып алған қос тізесін құшақтап отырып қалған-ды.

Әлгіден кейін әлденеге ширыққан Әзім аяғын шалт алып шапшаңдап ұзап баратты; анадай жерге барғасын кілт тоқтады; тау етегіндегі жазық алқапқа ине шанышса батпайтындай қақалып шыққан тып-тығыз көк шалғынның әр жер-әр жеріне шоқ-шоқ өскен әлдебір ақ, сары, қызыл, алқызыл гүлдердің жел астында ырғалған майысқақ нәзік сабағын түбінен үзіп-үзіп, әп-сәтте уысын толтырып алды.

Бәкизат ұзын бойлы, ақ сары жігіттің әр қимылын қалт жібермей бақты да отырды. Әне, еңсесін тіктеді; уысына толған гүлдерді жан-жағынан айналдыра қарап, ұнамаған бір-екі талын алып тастады; әлгінде өздері кеп тоқтаған жерде тырп етпей отырып қалған Бәкизатқа ол әлі бір рет бұрылып қараған жоқ; бірақ қарамаса да оның көңілі сенде; сен оны білдің; қара да тұр, ол қазір қайтып оралғанда қабағындағы жаңағы реніштің ізі де қалмайды.

Әне, айтпады ма. Анадайдан күлімсіреп кеп, қолындағы гүл шоғын бұған соншалық әдеппен иіліп ұсынып тұрған мына инабатты жігіттің қазіргі жүзінде әлгінде оны ширықтырған реніштің ізі де қалмапты.

– Рахмет!

Осы жігіттің не істесе де әйел жынысының ойын тауып, құлқынан

шығатын да тұратынын қайтерсің; болмашы ілтифатпен тағы да ырза қылды; соған көңілі толқып кетсе де, бірақ әлгінде оның аузынан аңдаусызда шығып кеткен наздан кейін бұның да көңілін лайлаған реніш қол-аяғын ауырлатқандай орнынан қозғалмады. "Ол ноқайдан бәрі шығады",– деп ойлап, дәл қазір ана жақта суы тартылып қараң қалған теңіздің қай жерінде боз ала таңнан балық аулап жүргенін бір Құдайдан басқа ешкім білмейтін Еңбек Озатына ішінен ызасы қайнап отыр.

– Гүлің тамаша екен.

Ақырын шыққан дауысын Әзім түгіл бұның өзі әзер есітті; сосын қасына кеп отырған Әзімге назар аударып қарамастан қолындағы гүл шоғын иіскелеп кетті; жаңа ғана жұлған ақ, сары, қызыл, нарттай алқызыл гүлдердің тышқан құлақтанып едірейіп-едірейіп тұрған кіп-кішкентай жапырақтарынан әлі де жер ылғалы мен тау самалы арыла қоймаған-ды: үлбіреген ұлпа жапырақтар ерінге тигенде кісі денесін тіксінтпей, қайта бір түрлі жас бала тәні жанасқандай мап-майда сипалады; Бәкизат жігітке дән ырза; күн мен жел аясында өскен дала гүлдерін бұдан бұрын дәл бұншалық жаны тебірене жақсы көрген емес-ті.

Екеуі де үнсіз; әркім өз ойымен әлек. Әзімнің әлгінде абайламай аузынан шығып кеткен наздың әлі де болса арғы жағын күтіп отыр; аржағында қандай да болмасын бұл білмейтін бір ауыр реніш жатқаны анық; оны, бірақ, ұстамды жігіт дәл бүгін айтар деп ойламаған-ды; және дәл мына көктем аяқталып, жақында ғана кірген жылы жаздың сары шуағы тау бөктерін кілем түктендіріп балбырап тұрған, осынау іздесе таптырмайтын шақта, қай заманнан бері екеуден-екеу оңашаланып шыққанда айта қоймас деп ойлаған-ды; үнсіз отырған Әзім әлденеге бір ырғалып қойды; сосын жанында тарам-тарам, тілдей-тілдей жапырақтары қыз бұрымданып желкілдеп тұрған жалғыз түп шөпке назар аударды; басқалардан бой асырып тұрған тау шөбінің бір талына қол созып үзіп алды; сосын оның тал-тал тарамын бір-бірлеп үзіп отырып сөйлеп кетті; айтқаны өз басындағы қиындықтар; көбі бұның бұрыннан естіп жүрген әңгімелері, өздерінен Әзімнің бағы да, беделі де артылып, ал таланты болса-болмаса да асып бара жатқанын көре алмай күндейтін ана жақтағы бақталас пасық шіркіндер кейінгі кезде ауыз біріктіріп апты; қазір қолы жеткені бұны жағадан алып, жетпегені шаужайға жармасып жатқан көрінеді; тіпті бұны көптен бері қолдап жүрген Үлкен Кісімен екеуінің арасына да есебін тауып от тастап, араздастырып үлгіріпті; Әзімнің жанына әсіресе сол қатты батады екен.

Бәкизат оны аяп, қолынан келер басқа қайран болмаса да, тым құрыса, көңілін аулағысы кеп еді; бірақ аузына оңтайлы сөз түспеді; соған қиналғандай қасында отырған жігітке жалтақтап қарай берді;

жанашыр жанарды Әзім байқады ма, жоқ па, белгісіз; шөп ұстаған қолын жалма-жан ілгері созып, тұла бойы түк-түк ала құртты бел ортасынан тістеп, кенедей қадалып жатқан ірі сары құмырсқаны шыпыртып ұра бастады.

Бәкизат жымиып қойды; бұрын-соң басына келмеген бір оқшау ой мазалап отыр; мынау бұл білетін бұрынғы Әзімге ұқсайтын да, ұқсамайтын да сияқты; бұл білетін бұрынғы Әзім бұнан басқалау ма еді, қалай? Ол Әзім біреуге бұлайша мұңын шақпайтын сияқты еді; себебі жұртқа бұл зәбір бермесе, жұрттан бұл зәбір көріп жапа шекпейтін; сосын бұл білетін Әзім әдетте, басқаны сөйлеткенді ұнататын; ал өзі сөніп қалған трубканы тұтатып жұпар иісті темекінің сұйқылтым ақшуда түтінін аңда-санда бір бұрқ еткізіп қойғаны болмаса, қалған уақытта қасына отырып ап, құлағының түбінде сұңқылдаған кісіні салғырт тыңдайтын; ондай сұңқылдақтардың өтірік айтарда құйрығына құрт түскендей қымыңдап, қипалақтап ап қайта сөйлеп ала жөнелетін ұзақ сонар әңгімесін бөлмейтін; тек жалығып бара жатса, әлгінде өзі шынтақтап отырған былғары диванға шалқасынан аунап түсіп, аяғын созып жіберер еді; сосын қалғып бара жатса ара-тұра аузын ашып есінеп қойып, ұйқы қысқан көзін бір ашып, бір жұмып манаурап жатып тыңдар еді; осыдан былай қарай оның ықылас қойып ынт-шынтымен тыңдап жатқанын, не қасында ертеден бері екі елі аузы бір елі тыным таппай отырған мына сұңқылдақтың жаңа ғана алыстап, әріден шыққан даусы, енді қапелімде қасынан естіліп, бірақ бәрібір миына бір сөзі кірсе, көп сөзі кірмей, тек күңгірлеген дауыс құлағын әлдилеп жатқанын адам білмейтін.

Иә, бұл білетін бұрынғы Әзім осындай болатын. Ал сол күні... Иә, сол күнгі Әзім бұны шыныменен таңғалдырды; үнемі ол сөйледі; бұл тыңдады, ол мұңын шақты; бұл ет бауыры елжіреп аяды: сүйтсе сабырлы жігіт сол күні бұған жайшылықта тірі жанға тісінен шығармай тістеніп келген сыры ішіне сыймай бара жатқасын бүгін әдейі шерін тарқатып ақтарылғысы кеп, бұны қала сыртына алып шығыпты. Бұны сен кейін білдің. Ал әлгінде қала сыртына бет алып келе жатқандағы ойың мүлде басқа еді; тап бүгін Арал жайы әңгіме болады деп ойлаған жоқсың-ды. Қайдам, еркекке қарағанда әйел заты сұм болса болатын шығар.

Айтса да, сол күні ертеңгісін Әзім төсектен әлі тұра қоймаған бұған телефон соғып: "Бәтішжан, ұйқыңнан оятып жіберген жоқпын ба?"– деп, әуелі кешірім сұрағандай болды да, іле-шала қайта сөйлеп: "бүгін демалыс қой. Және күн ашық екен. Зауқың шапса, қала сыртына шығып, былай... сейілдеп қайтсақ қайтеді?"– дегенде, неге екенін қайдам, бұл мырс ете жаздап, абырой болғанда аузын дереу алақанымен баса қалған; бүйірін бүлкілдетіп әкетіп бара жатқан сайқал күлкіні булығып әрең-әрең ұстап тұр.

Қалай боладысы несі? Әрине, жақсы болады; бұл тек соны айтайын десе жаңағы бүйірін бүлкілдеткен сайқал күлкіге булығып тұр; ана жақта үнсіз тосып тұрған кісіні ұзақ ұстап қалғанын байқамапты; сүйткенше құлағына қысқан трубканың аржағынан байсалды қоңыр дауыс қайта тіріліп: "басқа шаруаң болса...",– дегенде шошып кетті; бұл тіл қатам дегенше, ол трубканы тастап қоятындай қорқты; сасып тұрып не дегенін білген жоқ; тек кереуетінен атып тұрып апыл-құпыл, тез-тез киініп, тез жуынғанын біледі; жуынып жатып та, киініп жатып та, онан айна алдына барып желкілдеп желкесіне түскен шашын тарап жатып та, ара-арасында терезеге жүгіріп барып, тентек ақын айтатын сайқал қаланың орталықтағы ең сәнді қонақ үйінің бесінші қабатынан сыртқа ентелей мойнын созып еді; е, міне...мына сала құлаш қара сонікі; бесінші қабаттан қарағанда күміс инедей көрінетін антеннасы, айнасы, әйнегі күн сәулесіне жарқылдап қонақ үйдің алдына кеп бүйірлей тоқтады; әлгінде бетіне шапқан сайқал күлкі енді қазір көбіне шаралы қара көздің жанарында шоқтанып, түнгі шайтан отындай лып-лып етті.

Иә, бұлар қазір қала сыртына шығады; сейілдеп қайтады; ал, екеуден-екеу қала сыртына оңашаланып шыққан еркек пен әйелдің сейілінің ақыры немен тынарын ойламайын десе де, қайта-қайта есіне салып еркіне қоймай түрткілеп жатқан аржағында шайтан тұрғандай. Абзалы, әйел көңіліне желік кірмегей... ал көңіліне желік кірген әйел неден тайынатын еді; бұл да өзі жақсы көретін еркекпен екеуден-екеу оңашаланғасын батылдана түсті; қала сыртына шықпай жатып, қасында қатар отырған жігітке жанары шоқтанған қара көзі күлкі шақырып, қайта-қайта жалтақтап болды.

Әзім оны байқады ма, жоқ па, сыр бермеді; күн қарымасын деп киген қара көзілдірік әйнегінің аржағынан көзін тура алдына қадап алған; шынашағына алтын жүзік сап, білегіне алтын сағат байлаған қолын ауық-ауық рөлден алып, сусылдап көзіне түсіп кете берген шашын артына жатқыза қайырып тастап, үнсіз отыр.

Қара машина қаладан қалай шықты, солай тауға тартты; сәлден соң асфальт жолдан жалт беріп, тау етегін көлбей иреленделеп ала жөнелген жалғыз аяқ ұры жолға түсіп еді; соны күтіп отырғандай әйел енді тіпті батылданып, ештеңеден тайынбайтын түр танытты; күлімдеген қара көздің қиығын Әзімге қадап алған.

– Баратын жеріміз алыс па?

– Жоқ... алдымыздағы әне бір көк төбенің асты. Ағашы, суы бар әсем жер. Қазір көресің.

Жаңағы ұры жол бұлар баратын жерге жақындаған сайын құдды тазы қуған түлкінің құйрығындай олай бір, бұлай бір бұлтақтап ойға түсті, қырға шықты; енді жеттік пе дегенде ат тұсарлығынан келетін

қалың қауға кіріп, әйнекті алдыңғы жағынан сырт-сырт сабалап ала жөнелген кісі бойы көк шалғынды тұмсығымен тіліп ізін білдірмеуге қарады; жолсызбен ұзақ жүріп, тау қойнауын біраз сүзгілеген машина жолында жатқан әлдебір тасқа баурын дүңк-дүңк соқты; төрт доңғалақ кезек сүрініп шайқалақтап калғанда қатар отырған бұлардың иықтары қағысып қап еді; қаладан шықпай жатып көңіліне желік кірген келіншек бұған тіпті мәз бола сықылықтап күліп жатыр:

– Мынау қандай тамаша... Шөп арасында жасырынып жатқан тағы осындай тастар жоқ па?

– Бәтіш, міне... келдік.

Балапан көкті баурына жиған бес-алты түп шидің жанынан жайлап өткен машина тұмсығын тау өзеніне тірей тоқтады; өзеннің бұлар тоқтаған жағы теп-тегіс жазық; әр жерге қолдан отырғызғандай қадау өскен ақ қайың қыз беліндей бұралып, ал жасыл алқаптың шалғай шеті сонау тау етегін бөктерлей көз ұшына асып кетіпті.

– Тамаша!..

– Ие, керемет! Жарықтық, Жетісу – жер жаннаты десе дегендей ғой...

Шіркін, сол күнгі тау бөктері-ай! Түс тақау болса да, күн қызуы киіздей қалың көктің ине батпайтын тығыз арасына әлі де дендеп жете қоймаған; қыр адамы біле бермейтін әлдебір ұп-ұсақ қылқанақ гүлдер Әзім екеуі жаңа машинадан түсе сала толарсақтан кешіп кеткен әлгі тып-тығыз қалың көктің әр жер-әр жерінен бой оздырып, нәп-нәзік майысқақ сабағы сонау тау беттен соққан сәл лепке ақырын ырғалады; Сен жаңа машинадан түсе сала Әзім жұлып берген гүлді иіскеп, қала тірлігінде кездесе қоймайтын осы бір өзгеше тазалық пен тыныштыққа сұқтанып қызыға қарап келе жатқансың-ды; Әзім кенет әлденеге мырс етті; бұл тегін емес; бұның ары жағында қандай да болмасын реніш жатқанын ішің сезді де, соны өз аузынан есіткің кеп жалт қарағаныңша болмай, ол сөйлеп кетті:

– Туған жерің үшін жаныңды жалдап жүресің. Бірақ соныңды біліп, еңбегіңді бағалап жатқан бір пенде болмағасын жігерің құм болады екен.

Бұл жаңа машинадан түсе сала аяғындағы туфлиді бір-бір сілкіп шешіп кеткен-ді; соның рахатын енді көрді; кілем түкті көк майсаны жалаң аяғымен қорғалақтамай кешіп келе жатып, Әзімнің тағы бір тебіреніп бастаған сырын ынталана тыңдап еді; Әзім тыңдаушы табылғанға көңілденді ме, қызып кетіп, сөз арасында әне бір жылдары тасы өрге домалап, өзі де дәл бір Үлкен Кісі жасаған баяндамадан кейін іле-шала сөз алып мінбеде сөйлеп тұрғандай қолын қызулана сермеп-сермеп қалды; тағдыры таразыға түскен кәрі Аралдың кейінге

қаратпай қазір, қазір болғанда да тап осы қазір, қолма-қол шешетін күрделі мәселелерді айтқанда жыпылдап аузы-аузына жұқпады.

Иә, қалайда сол күнгі Әзім сені таңғалдырды; сөзі де, өзі де таң қалдырды; әншейінде аузынан сөз ыңыранып шаққа шығатын мырғам жігіттің дәл бұлайша аузы-аузына жұқпай жыпылдап сөйлей алатынына қайран қап, жалтақтап қарай берді; сосын осы жігіттің басына ертегі дүниелер болмаса, осы дүние шындығында онша ұшыраса қоймайтын қияли әдемі ойлардың қалай сиып тұратынына таңғалды; ие, бұл байғұстың ұйқы, күлкі көрмей арқа еті арша боп жүріп жасаған тамаша, ғажап жоспарлары ертең жоғарыға барғанда дер кезде шешімін таппай, көп кабинеттің бірі болмаса бірінде, тұқшыңдаған біреудің қағаздарының арасында жатып қап сорлатады ғой; әйтпесе, Әзімде қапы жоқ; оның ойы іске асса, несін айтасың, теңіз тартылғалы Арал өңірінің ит байласа тұрғысыз аппақ тұзы аспанға шығып, бұрқырап жататын қу даласы күні ертең-ақ құлпырып шыға келер еді ғой; сонда бұл өңір Жетісудан кейінгі екінші жер жаннатына айналар еді-ау! Иә, соңыра теңіз суы әбден тартылып қу тақырға айналғасын бұл өлкенің алдымен ата кәсібі өзгерер еді; балықшылықты тастап, жаппай диқаншылыққа ауысқан болашақ ұрпақ білек сыбанып жіберіп, тың игеруге кірісер еді-ау! Олар тың жерге соқа салам дегенше, ана жақтан бір басшы қиқулап ұран тастаса болды, көрпе-төсегін буып-түйіп әзір отыратын, айналайын, көп ұлтты Совет елінің ұл-қыздары, қатын-баласын жетелеп тұс-тұстан ағылып берер еді; сонау мұхиттың арғы жағында іріп-шіруге қараған азғын елдің әпербақан жастарына ит ұқсасын; сәті түсіп осыдан Әзімнің ұлы ойы іске асып, бұлар дегеніне жетті бар ма, атақты Тұран ойпатының жанынан жақында пайда болған Арал ойпатына тың көтеруге жиналған, әлгі айналып кетейін, қырық сідік Совет жастары күні ертең бір кісінің баласындай, бір ененің баурын бөліп емген тел қозыдай боп бір бөтелкені бөліп ішіп, бір селеткені бөле-жара ащылап, туыс боп бауырласып шыға келер еді-ау! Сосын олардың араларындағы қыл өтпестей тату-тәтті достығын ұлан байтақ Совет елінің бүкіл газеті құтыртып жазар еді; мына жақтан радио, телевизор жарық дүниеге жар салып жатқанда, ана жақта болса-болмаса да қысқа күнде қырық жиналыс өткізіп, қиқуласып жататын бастықтар биік мінбеден үсті-үстіне ұран тастап, космонавтар шұрқ-шұрқ тесіп тастаған көк аспанды дәл бір жел көтерген киіз үйдің түндігіндей желпілдетер еді-ау!

Жә, өмір жетсе, оған да жетерміз; ол заманда балықшылардың күн сайын іргесін құм басып, қара жерге кіріп бара жатқан тамдарының орнына Әзім жоспарлаған ақ шаңқан әсем үйлер, сәулетті сарайлар бой көтерер еді-ау! Қала орнар еді-ау! Бұған Әзім баяғыда-ақ "коммунизмнің ұлы құрылысы" деп ат қойған. Әзім сондай ұжмақ өмірді қазіргі ұрпақ келешекте сөзсіз көреді деп жеңсік бермейді. Көргенді айтасың, Бәтішжан, соңыра сен өзің де суы тартылған теңіз орнына орнаған сол сәулетті қаланың сәнді бір үйінде тұрасың.

Тұрғанды айтасың, дәл ана Нева проспектісінен бірде кем соқпайтын салқар көшеде коммунизмнің белсенді құрылысшыларымен бірге кешкі қоңыр салқында сейілдеп қыдыратын да күн болады әлі!

Бұның бәрін бұрын академик Әзімнің мақалаларынан оқитын; енді соны тау етегінде, ақ қайың өскен алаңда отырып Әзімнің өз аузынан есіткенде есі шығып кетті; есіткен құлақты еліктірмей қоймайтын сиқыр әңгіме бір сәтте жан-тәнін баурап алды; соның әсері ме, енді бұл да осы күннен бастап Арал болашағын дәл Әзімше ойлап, дәл Әзімше қиялдап, үнемі тебірене толқып кететін болды; сондайда суы қазірдің өзінде жарма-жар тартылып, көп жер түбі көрініп қара қойыртпақтанып жатқан теңіз соңыра, соңыра болғанда академик Әзімнің ғылыми болжамы бойынша басы-аяғы он, әрілесе он бес жылдың о жақ-бұ жағында әбден таңқылдап кеуіп қара жерге айналған кезде, сәті түсіп, партия қолдап, ұлы көшбасшы көсемнің мәңгі тірі аруағы желеп-желеп дегеніне жетсе, көрерсің де білерсің, күні ертең теңіз түбінен дүркіреп көтерілгелі тұрған бір сондай ғажайып тамаша өмір бұның көз алдына шілдеде сағым көтергендей кілкіп тұрып алды; бұл басы жұмыр пенденің маңдайына жазған бір тұтам тірлікте я көріп, я көре алмай пұшайман боп өтетін ұжмақ қой.

Құсқанат қиялдан туатын ғажайып ертегі дүние болса осындай-ақ болар-ау! Енді сен де құдды ертек тыңдаған баладай есің шыға елітіп барасың. Әзім болса аруақ қонған шабытты ақындай. Адам баласының сол, анау жарқын болашағы – коммунизмнің қызықты күндері туралы қызына сөйлеп, қиялыңды қанаттандырып бақты. Сен болсаң, атақты академиктің аузына қарап арбалып қалғансың-ды. Сонан тек академик сөзін бітіргенде ес жиды; не деген ғажап! Тама-ша! Ура-а!.. Басқа сөз аузына түспей, Әзімге бұрылып алақанын шарт-шарт соқты.

– Әзім...

– Ие, Бәтіш?

– Сонда қалай... Соңыра тартылған теңіз орнына салынатын үйлерде де... ана астанадағыдай ыстық су, ванна, сауна...

– Әрине... Ондағы ванна, сауна астанадағыдан әлдеқайда жақсы болады. Өйткені, керек жабдықтың бәрін шет елден сатып аламыз ғой.

– Тама-ша! Тек оған алтын, валюта...

– Табылады. Табамыз. Жаңа айттым ғой, соңыра теңіз тартылғасын Арал ойпатынан тың игеріп, мақта егеміз. Ал ақ мақтаны – ақ алтын деп бекер айтпаған...

– Тек сол қашан болады?

– Дәл айту қиын. Оның бәрі теңіздің тартылуына байланысты.

Мынадан кейін бұл, шынында да, ғажап ертек тыңдағандай екі көзі шоқтанып, жүрегі лүпілдеп алып ұшып бара жатты. Өзі де сол анау алдағы ғажап өмірді аңсағандай беті алаулап, алабұртып кеткен еді. Тек әттегене-ай... Кесір қылғанда теңізі құрғыр жуық арада тартыла қояр дейсің бе.

Әзім әлі сөйлеп отыр; бұл жолғы сөзі өктем; өркөкірек кісінің ірілігі: Гагарин ғарышқа ұшқан күннен бастап адам баласының табиғатқа табынған тәуелділік заманы өтті деді; ендігі жерде ақын айтса айтқандай, табиғат тек адамға табынады деді; тек адамның құдіретіне бас иіп құлдық ұрады деді; табиғатты адамның аяғына жығып берген күннен бастап, айналаңа қарашы, жеңімпаз Совет халқы небір асау өзенді арнасынан бұрып, кері ағызып жіберіп жатқан жоқ па?! Суы тартылған қанша көл қылтанақ шөп шықпайтын құ тақырға айналды! Көлі несі, әне кешегі телегей теңізге қара! Бізге теңізің де бұйым болмай қалды! Қос дарияны сағасынан қылғындырып буып тастағанда теңіздің өзі бас-аяғы жиырма, жиырма бес жылда түбі көрініп шыға келді ғой! Бәтішжан, күш – атасын танымайды! Күштің құдіретін ертең көресің! Ертең теңізден тартып алған жерді халық игілігіне жаратып, жаппай соқа саламыз. Тың игереміз. Мақта егеміз. Оның бәрі соңыра тарихқа алтын әріппен жазылады. Сол күннен бастап жағрапия пәнінің оқулығына Арал ойпаты деген атпен енетін ұшы қиырсыз мақта алқабы жазда жаппай қауыз жарып, ақ ұлпаланып бөртіп ала жөнеледі. Бәтіш-жан, байқап отырсың ғой... ақ мақ-та! Ақындар оны ақ алтын дер!

– Бәтішжан, бізді алда сондай бір тамаша, ғажап күндер күтіп тұр. Ал менің өз басыма ештеңенің керегі жоқ. Сен оны білесің ғой.

Иә, біледі. Білгенде қандай! Сенде атақ та, даңқ, дәреже де жетеді: академиксің. Жақында сені Мемлекеттік сыйлыққа ұсынды. Әрине, шаппай берсін. Сені алады деген дабыра елден тарап, астана тұрсын, ана жақта ит арқасы қиянда жатқан балықшы ауылда да дүңкілдеп, көрші-қолаң аға-жеңгеңнен сүйінші сұрап, әлден құттықтап жатыр. Кешегі күні қаталап өліп бара жатқан қатын-бала шелегі даңғырап дала кезіп кеткенде, сен жатпай-тұрмай табаныңнан таусылып жүріп су қоймасын таппадың ба? Анада астанада болғанда бұны институтына апарып, өзінің тікелей басшылығымен жасалған жер астындағы су қоймасының картасын көрсетпеді ме. Сонда мынау бір күтпеген қуаныш болғасын ба, кенет көзіне жас кеп қалып еді ғой. Үлкен кабинеттің бір қабырғасын тұтас алып жатқан көлдей карта алдында ертең осы елдің ырысы болғалы тұрған ағыл-тегіл байлыққа сенерін де, сенбесін де білмей, дір-дір еткен ернін қайта-қайта тістелеп, демін жұтып тұрды да, кенет Әзімді бас салып құшақтай an, ерні тиген жердің бәрін шөп-шөп сүйген-ді.

Жасаған-ау, мынау телегей теңіз ғой! Жер бетіндегі Арал теңізінен жеті қат жер астындағы Әзім ашқан теңіз әлдеқайда үлкен. Суы да мол. Және өзі қандай терең! Қазинесі кең Құдай-ау, қайсы бір қуаңшылық жылдарда қылтанақ шықпай, шаңдағы бұрқырап жататын сүреңсіз қазақ даласының асты көлдария екен ғой! Әзім болмағанда бұл ел ағыл-тегіл мол судың үстінде отырып та мал-жаны шөлден қырыла жаздапты-ау! Осы жұрт Әзімнің картасын неге алдына жайып қойып, ойы, қырына көз жетпейтін кең даланың кез келген жеріне бұрғы салмайды? Сонда Әзім айтса айтқандай, ақ шаңдағы аспанға шығып жатқан Арал өңірі жаппай суармалы егіске айналар еді-ау!

Жұрты құрғыр соны неге көрмейді? Әлде көргісі келмегенде көзін әдейі тас қып жұмып ала ма? Сірә, көзі тіріде қасында қатар жүрген замандастар жанын ұқпағанда Тәңірі тумысынан артық жаратқан ұлы жандардың ақылдан азап шегіп, дүниеден санамен сарғайып пұшайман боп өтетіні содан ба? Соны ойлағанда сен қайсы бір түндері көз ілмей шығатынсың. Сондайда қасыңда арғы беттен титығы құрып кеп, басы жастыққа тиер-тиместе қор ете қалатын Еңбек Озатымен жатқан қандай азап! Сен шыдамай бір жастық, бір көрпені қолтығыңа қысып, басқа бөлмеге барып жатасың. Сонан қашан таң сарғайып атқанша басыңа қайдағы-жайдағы келеді. Ана жақта Аралдың ұлы перзенті де ойы онға бөлініп, төсекте дөңбекшіп жатқан сияқтанады. Кейін сондай ұйқысыз түндер көбейді. Сол ұйқысыз түндердің бірінде биыл қалайда Әзімді көргісі келді, Қалайда жазғы демалысты астанада өткізуге бел байлап еді. Бір есептен Еңбек Озатының еріп бармағаны жақсы болды. Соған өзі дән риза.

Міне, екеуі қатар келеді. Тау өңірінің биыл әсіресе, қақалып өскен кілем түгіндей тып-тығыз көгін қатар басып келе жатып көз қиығын Әзімге тастап еді. Жасаған-ау, бұның да самайын ақ шалған ба? Шамасы, халқын ойлап қиналатыны ғой. Әзімді аяп кетті де, қолын ұстап үнсіз қысып еді, тілсіз ықыласыңды о да үнсіз қабылдап басын иді. Осыдан кейін әрқайсысы өз ішіне үңілгендей ұзақ үндемеді. Әзімнің не ойлағанын қайдам, ал бұл оқымысты жігіттің жаңа бұған ағынан жарылып тебіреніп айтқан сырының әсерінен әлі де малтығып шыға алмай қойды. Оның айтқандарына ақылы жетпей бара жатса – таң қалады. Сонша кемел ой мен кемеңгер дана ақыл бір адамның басына қалай сиятынына қайран. Қасында қатар келе жатқан әдемі ақ сары жігіт өздерінен, өздері несі, осынау жарық жалғанда жер басқан жұмыр басты пенденің бәрінен өресі озық туған оқшау жан сияқтанып кеткен-ді. Сонан ба, ол жаңа елім, жерім деп тебірене сөйлеп кеткенде дүние шіркін жағрапия пәні өтетін класта тұрған дәл ана балалардың глобусындай, жұдырықтай боп дөңгеленіп жүре берген еді-ау! Сөздері қандай уытты! Тыңдаған сайын бір құдірет күш адамды үйіріп-үйіріп алады да, сосын қиялын көкке сүйреп, ата-баба көксеген адамзаттың қол жетпес жарқын болашағына ала жөнеледі. Қай ақын еді? Қап, аты ауызға түспеуін қарашы. Кім де болса, отыз жетінші жылы атылып

кеткен бір сорлы: "жер айналмай тұрмайды дүние жай, келер, кетер адамзат із қалдырмай", деп еді-ау!

Рас қой. Ай өтер. Жыл өтер! Жылдар өтер-ау! Дүниеден бұлар да өтер. Бұлар өткен дүниеге соңыра бұлардан кейін қазақтың ғылым қуған талай ұл-қыздары келіп ХХ ғасырдың аяқ кезінде өмір кешкен осы күнгі ұрпақтың өмірін зерттемес дейсің бе? Сонда олар дүние байлығын сараң қатындай бауырына басып алған тасбауыр табиғатпен жағаласып жүріп бермесін тартып алған, садағаң кетейін, Совет дәуірінің жеңімпаз құрылысшыларының ерлігіне ауыз ашып, көз жұмар-ау! Айтса да анау Байқоңыр космодромы! Сонау күнде-күнде үй іргесін дүңкілдетіп бомба жарып, жұмыр жерді сілкілеп жатқан Семей полигоны! Сонау Арқада бетегелі, бозды ата мекеніңе темір соқа сап, қоңын айырып жыртып жатқан тың игерушілердің ерлігі неге тұрады? Ал кеше қос дарияңды қылғындырып сағасынан буып тастағанда, аспан астын алып жатқан телегей теңізге сыңар тамшы татырмай қойған құдіретке қалай табынбас! Қалай таңданбас! Тірі болсақ, сонау 2000 жылдың аржағында да даңқы жер жарған талай бесжылдық болар. Академик Әзімнің есімі сол бес жылдықтарда да суы тартылған теңіз орнынан тың игеріп, дүние жүзілік рекордтар жасайтын Еңбек Озаттарының аузында шамшырақтай аңызға айналар-ау!

Сол күні бұл өзін Хау Анадан кейін жарық дүниеге келген ұрғашылардың ішіндегі ең бақыттысы сезіп еді. Міне, балауса көк балбырап тұрған тау етегінде соңыра аты тарихқа алтын әріппен жазылатын Аралдың Ұлы Перзентімен қолтықтасып қатар келеді. Бұндай бақыт қазақтың қай ұрғашысына бұйырған. Тек Құдай бұған оны көп көрді ғой. Жә, бұны күнәсі үшін қарғасын. Ал Әзімнің жазығы не? Жатса-тұрса ойлағаны осы елдің қу тақырын гүлдетем деп жарғақ құлағы жастыққа тимей табанынан таусылып жүрген жоқ па? Бұрын бұндай қиындық басына түспей бұла боп өскен сорлы суыққа төзімсіз боп шықты. Мына түрімен қазір-ақ суыққа ұшып өледі. Арқа тірер азаматтан айрылған сорлы халық қорғансыз, панасыз қалады-ау.

Бәкизат Әзімді ық жағына алып, үсті-басын қымтай бастады. Жұтаған елді жарылқамаса да, жылда-жылда келген сайын жұрттың көңілін тауып жұбатып кетуші еді; ол әсіресе соңыра теңіз тартылып, бұл өлкенің жаппай ақ мақта алқабына айналатынын айтқанда сенер-сенбесін білмей есі шығып кеткен жұрттың арасында әрқашан ынт-шынымен ықылас қойып тыңдайтын Бәкизатқа осы жігіт ғалымнан гөрі шабытты ақынға ұқсаушы еді; иә, ақын десе ақын! Әзім келген сайын осы ауылда қиялилар көбейіп, екі кісі бас қосса, қайдағы жоқты соғып көкіп отырғандары. Сондайда желөкпелеу біреу: "апырай, сол күнді де көрер ме екенбіз",– деп әуейіленіп, әркімге бір қарап алақтап отырғаны. Сен де сол күнді аңсап ылғи қиялданатынсың. Анада астанада болғанда бір ай құлағын әлдилеген ғажайып хикая ма, аңыз ба, ертек пе, әйтеуір адамның аңсары ауып, арманын үздіктірген

алдағы жарқын болашақты осы жолы тағы да айтса екен деп, Әзімнің аузына қарап болып еді; неге екенін қайдам бұл жолы Әзім олар жетелеген әңгімеге аяқ баспады. Сосын шыдамын тауысқан жұрт:

– Әзімжан-ау, не ойлағаның бар? Аузы-басына қарап отырған теңіз тартылды, балық құрып кетті. Кәсіп қалмағасын шамасы келгендер қатын-баласын жетелеп көшіп жатыр. Арқа тірер азаматым... асқар тауым-ау, сен бұған не дейсің?

– Иә, шырағым, қатарыңнан озып туған бала едің. Мына дағдарған халқыңа ақыл тап. Жөн сілте!

– Өзіңнің әлгі осы елге орнатам деген ұжмағың қайда, сол қашан болады? Соны тездетпейсің бе? Титықтадық... титығымыз құрыды ғой, шырағым,– деп жұрт жан-жақтан жамырап еді; бұрын бұндайда желдей есе жөнелетін жігіт, бұл жолы әлденеге жерлестері сүйреген жаққа аяқ баспады. Елге келген сайын әлгі бір жұртқа уағыздайтын жарқын болашақты да ауызға алмады. Тіпті бұлармен ол жөнінде сөйлескісі келмей, салған жерден сырғанақтап қашып:

– Болады... болады, ақсақал. Кішкене шыдаңдар,– деді де, орнынан тұрып кетті. Жұрт аң-таң. Сен де түкке түсінген жоқсың. Сыртқа шығып бара жатқан жігіттің әлденеге иығының басы әнтек жығылып, әсіресе жауырын тұсы сыртынан қарағанда құдды киім астына жастық тыққандай күдістеніп, сүдіні қашып кеткен екен.

Жоқ, мынау бұл білетін Әзім емес. Бәсе, бұрынғы Әзім болғанда, өз аулына өзі ұрланған кісідей хабар-ошарсыз қараңғы түнді жамылып келер ме еді? Сосын тұзы жеңіл әлдебіреулердей бүгін келе сала ертеңіне кетем деп апалақ-құпалақ асықпас еді ғой. Жоқ, бұның бұл жолғы қылығы бұлар білетін, жер қозғалса қозғалмайтын мырғам, маңғаз жігітке мүлде ұқсамады. Абырой атағы аспандап тұрған қазіргі шақта бұған өзінің бұрынғы асып-саспайтын мырғамдығы қаңдай жарасқан болар еді. Және оның осы жолғы келісінің жөні бөлек болғасын қасына кісі-қараны көбірек алып қоңыраулатып келетін жөні бар еді ғой. Сонда ертең өзіне өмірлік жар болғалы отырған бұның да ағайын, тума алдында абыройы көтеріліп, төбесі көкке жетіп қалар еді. Бұл болса да бетіне күле қараған қаймана көп еркекке қолды бола кететін әлдебір астымен алысқан ұрғашы емес еді ғой.

Жоқ, бұл жолғы Әзім бұны қайран қалдырды. Бұрынғы Әзім болғанда өзін әлдеқандай көретін бұндағы ағайын, тумамен де салған жерден апақ-шапақ араласып кетпей, олар мен өзінің арасын алшақтап ар жақ, бер жақ қып бөліп тұратын шекара қалдырар еді. Арғы жаққа оларды, бергі жаққа өзін ұстап, үнемі ара қашықтығын сақтап отырар еді. Егер, жазатайым, ағайын-тумалардың ішінде адыраңдаған әумесер біреу; "ой, азаматым, келдің бе?"– деп арсаландап, әлгі шекараның ресми салтын бұзып құшақтамақ болғанда, бұрынғы Әзім болғанда,

сол арада түсі сұп-сұр боп суып сала берер еді-ау. Бойына жуытпай алара бір қарар еді ғой. Сонда жаңағы адыраңдаған неме қайтерін білмей, алақанымен құйрығын кезек сипап қипалақтап қалар еді.

Соны көргенде мына жақта тұрған қалған ағайын өзінен-өзі қысылып, шегіншектеп кейін ығыса берер еді. Сонан соң атақты жігіт пен өздерінің екі арасын білдірмей, бөліп тұратын әлгі шекарадан бұл ауылда бір адам әрі қарай аттап баспай, тіпті кешегі күні әкесінің көзін көрген үлкендер де Әзімнің алдында әдеп сақтап ызылып бағар еді. Осыдан кейін Әзімнің өзі де шекараны қапысыз күзеткен қатал сақшыдай, олардың алдында өзін ұстаудай-ақ ұстап бағар еді-ау: осы сәттен бастап енді оның отырған-тұрғаны есептеулі. Сөзі санаулы. Қимыл-қозғалысы өлшеулі. Күлкісі екеш күлкісі де әлдебір сараң қолдан сығымдап шығарғандай өзінің қадірін сақтай білмейтін жәркелеш біреулерше кім болса соған қосылып жырқылдай бермей, анда-санда, онда да осы түс өзіне тиімді деп тапқанда ғана ішін бүлкілдетіп ырқ-ырқ күлер еді.

Жасыратыны жоқ, саған да осы Әзім ұнайтын. Осы Әзімнің өзі көріп жүрген кісілердің бірде-біріне ұқсамайтын осындай ерекше артықшылығы ұнаушы еді. Және сен білетін бұрынғы Әзімнің ішімдікке әуестігі жоқ сияқты еді. Әсіресе елге келгенде татып алмайтын. Баяғыда өзімен бірге оқыған кейбір қатар-құрбылар қиылып: "алып жібер, мына халқың саған қарап отыр",– деп өзімсінетіні бар. Бірақ олар қанша қиылса да дініне берік жігіт ерніне тигізетін де қоятын. Қыстағаннан ештеңе шықпасын байқаған әлгілер енді атақты жігіттің бұнысына да ырза болып: "бұл айналайын солай ғой" – дегенде, мына жақтан көтермеші біреулер қосыла кетіп: "оу, бүйтпесе бұл Әзім бола ма!"– деп қостап, гуілдеген жұрт кеш бойы Әзімге жан-жақтан сұқтанып та, таңданып та, табынып та жатқаны. Иә, сен білетін бұрынғы Әзім... Жоқ, бұл тегін емес, не қылса да бұнда бұлар білмейтін бір гәп бар. Іші құрғыр бірдеңе сезді. Тек неге жорырын білмеді. Көңілге енген күдіктен тынышы кеткені сонша, со күні кеш бойы Әзімнен көз айырмады. Байқап отыр: Әзім алдына келген арақты қайтармады. Әдепкіде қыстың көзі қырауда атсоқты боп шаршап келгесін ішкен шығар деп ойлап еді; жоқ, ол келесі күні де алдына келгенін-келгендей қағып тастап, тос айтатын тағы кім бар дегендей дастархан басында дуылдаған жиынға көзі телмеңдеп дәмете қарады. Сүйтіп отырып қызып қалды. Қызғасын көңілденді. Көңілденгесін күлкі көбейді, әркімге бір ыржалақтады. Әрі-берідесін арақ құйған рюмканы азырқанып: "бұны ішеміз бе, әлде көзге тамызамыз ба?"– деп жұртты ду күлдірді де, өзіне үлкен рюмка сұрап алды.

Сен:

– Енді ішпе,– деп сыбырлап едің, Әзім қызып қалғанына қарамай:

– Жарайды, Бәтіш. Қойдым, қойдым,– деп күтпеген жерден жөп-жөндем бола қалды. Сосын столға қол таянып, түрегеле берем дегенде, денесін билей алмай толықсып бара жатқасын, сен оны жалма-жан қолтығынан сүйедің де, оңаша бөлмеге апарып диванға жатқыздың. Әзім ұрысады деп қорықты ма, оңаша шыққасын жас бала сияқты бір түрлі елпілдеп, не дегеніңнің бәріне оңай көніп, оңай келісіп жіптіктей бола қалғаны. "Енді ана жаққа барма, жатып тынығып ал",– деп едің, "жақсы, жақсы"– деп бұған да келісіп, басының астына салған жастыққа шалқалап жата бере сені баурап өзіне тартты. Сосын құшағынан босатпай, қатты қысып, әуелі маңдайыңнан, сосын көзіңнен, иегіңнен, екі бетіңнен кезек-кезек сүйді де, бір кезде ернімен ерніңді іздеп тауып жабысып ұзақ сүйді. Сен де дегеніне көніп, бауырына тартқан ыстық құшаққа алаулаған бетіңді бастың да тып-тыныш бола қалдың. Сонан бір кезде ыстық құшақтар қайта ажыраса бергенде, Әзім:

– Знаешь, Бәтиш...– деді.

– Иә, Әзім...

– К черту Алматы...

Ойыны, әлде шыны екенін ажырата алмай қалдың да, анық-таныған өзінен білгің кеп, назарыңды тіктеп едің, ол әлденеге тайсақтап көзін алып қашты.

– Бәтіш... Жаным, қазір менен ештеңе сұрамашы.

– Жарайды, сұрамайын. Тек, сен жаңа...

– Ой, ол жәй... Әншейін...

– Солай ма?

– Иә, солай. Жал-пы...

– Иә?..

– Жалпы, білгің келсе... шынымды айтайын, астана надоела мне...

– Қалай?

– Бәтіш... біз басқа қалада тұрамыз...

Шыны секілді. Ішің мұздай болды. Әлі де болса сыр бермеуге тырысып, диванда жатқан жігіттің жанына отырып, шашын сипап:

– Қой, қалқам, ойнасаң да ондай нәрсені айтпа,– деп едің.

– Шын... Шын айтам, Бәтіш. Біз басқа қалада тұрамыз,– деді Әзім.

– Жаным-ау, сонда бұның жөні қалай? Бастықтарға жақпай қалып, басқа жаққа жұмысқа жіберіп жатыр ма?

– Қорықпа... Академикке қайда да жұмыс табылады.

– Білем ғой, бірақ...

– Айттым ғой, Бәтіш... басқа қалада тұрамыз... Өтінем, ол жайында әзір ештеңе сұрамашы! Сұрама!

– Жарайды, сұрамайын. Басқа қалада тұрамыз дедің ғой. Сонда ол өзі қайдағы қала?

– Кейін... Кейін айтам...

Түкке түсінген жоқсың. Сосын өзіңше долбар жасап, бұрынғы семьясы бетке шіркеу боп, басқа жаққа лажсыз жүз тасалай тұруға мәжбүр болды ма деп ойладың. Алайда оны кейін Әзімнің өзінен білгің келді. Осы кезде сарт етіп есік ашылды да, бұлардың үстіне біреу баса көктеп кіріп келді:

– Әзімжан-ау... Ау, сен... қайда, қайда жүрсің деген. Ана жақта үлкендер... үлкендер деген...

– Қазір.

–Ал, шырағым, бол! Тез... тез деген,– деді де, ағасы шығып кетті.

* * *

Астанада тұру саған арман еді-ау! Анасы пақыр да анада астанаға барып қайтқалы астана десе ішкен асын жерге қояды; сонан бері айтатыны астана; күндіз аңсаса, түнде түсіне кіреді; түсінде ылғи астанада жүреді; астанада тұратын қызы мен күйеу баласына қияндағы балық колхозынан қыдырып келіп жатқан әлдебір салпы етек кемпір емес, ақ шаңқан әсем үйлерді тау баурайына тақап салған сұлу қаланың сәні мен салтанатына етене боп бауыр басып алған ежелгі тұрғыны сияқтанып, күнде-күнде көшеге шығады. Бір жолы қарлы шыңнан ескен кешкі қоңыр самалда сейілдеп жүргенде орталықтағы гүлзарға арлан итін жетелеп келген осы қаланың дәл өзіндей қызыл ерін сәнқой кемпірімен шүйіркелесе қапты: салған жерден сөздері жарасып, аузы аузына жабыса қалғаны сонша, жаңа ғана қасында ойнап жүрген немере қызынан көз жазып қап, ұйқысынан шошып оянса... Құрысын, өзінің іргесін құм басқан жапырық үйі. Жапырық үйдің қапырық ауасынан өкпесі қысылып, ақ тер-көк тер боп алқынып қалған екен; көзін уқалап жіберіп апалақтап жан-жағына қарап еді; көзі құрғыр да түспейтінге түсіп, қол созым жердегі айнадан өзін көріпті; өзінің ода-одасы шыққан бурыл шашын

көріпті; күн санап әжімі қазылып бара жатқан шандыр бетін көріпті де, түнімен жамбасын тесіп шыққан тастай төсекте қолы түкке бармай, көңілі құлазып жүдеп отырып қалыпты...

Құрысын, дүние баянсыз болғасын, түс қайдан баянды болсын; түс секілді тұрлауы жоқ тәркі дүниеде де тырнақ ілігер тиянақ қалмаған; бәрі жалған: бәрі алдамшы; баянсыз; баянсыз болмаса, жаңа ғана жасыл жапырақ жамылған жұмыртқадай аппақ үйлер қайда? Өткен-кеткенге тілі шықпаған жас балаша әлденені былдырықтап сылдыр-сылдыр ағып жатқан жаңағы арық қайда? Сосын бәрі көз бояушының қолындағы алдамшы сиқыр болмай, шын болса, неге ғайып болды?

Осындай түстен кейін анасы ішінен азып, бір жанды көргісі келмей бөлмесіне тығылып алатын. Ұрынарға қара таппағанда құсы ылғи күйеу баласына түсіп: "әй, Еңбек Озаты, қалайсың? Бес жылдық жоспарды үш жылда орындай аласың ба?"– деп мырс-мырс күлетін.

Қайта Әзім келгесін қабағы ашылды. Бетіндегі құрысқан-тырысқандар құдды ыстық сорпа бүріккен терідей сәтте жібіп, жүзіне жылы рай жүгірді. Әсіресе, Әзімді көргенде жас сәбиге еміренген анадай тас жүрегі жібіп, үні де бурасыраған кәрі іңгендей ыңырсып шықты.

Бұлар жүретін күні бірге кетем деп әлек шығарып еді; Әзім ана жаққа орналасқасын өзім әдейі келіп көшіріп әкетем деп алдап-сулап әзер көндірді; анаңның тілін тапқанептілігіне ырза болсаң да, бірақ астанасын тастағанға ырза емессің. Әрине, бұл тегін емес; бұнда бұл білмейтін бір сыр бар. Көкірекке жабысқан күдік қазір де маза бермей тұр. Бірақ аспан астына алағай-былағайды салып жатқан осынау қара дауыл, қараңғы түн, борап жауған кардан зықы кетіп, қол-аяғы қалшылдап тұрған сорлыдан бірдеңе сұрауға дәті бармады.

Әзім ішік астында ығы кетіп, бүрсектеп қолын қолтығына тығып алған; қалш-қалш етеді. "Бишара өлетін шығар",– деді Бәкизат. Осы ой басынан кетпей қойды. Бұлар буынып-түйініп жүргелі отырғанда, қыңыр неме қырсығы ұстап, құла далаға шығынып кетіп сорлатты ғой, әйтпесе бұлар осы халге душар болар ма еді. "Бәрі соның кесірі. Сол, сол сұмырай кінәлі",– деді Бәкизат. Бүйдеп ішінен айтты ма, әлде жаны шын күйгенде ширығып тұрып ықтияр-еркінен тыс ышқынып даусы шығып кетті ме, оны өзі де білген жоқ. Осы немеге зығыры қайнағанда ылғи анасы есіне түседі. Әне бір тұста анасы қабағы ашылмай қойған күйеу баласының түсін ұнатпай: "қызым, Еңбек Озаты неге көңілсіз? Бұған не болды? Әлде социалды жарыста жеңімпаздарға беретін көшпелі Қызыл Туды көрші колхоз жеңіп әкетті ме?"– деп мырс-мырс күліп еді; ертеден бері басын көтермей тұнжырап отырған Жәдігер осы тұста қайын енесіне атып жіберердей алара қарады да, алдына келген асты ішпестен тұрып кетті. Сыртқы есік сарт етіп жабылып,

қызымен екеуі оңаша қалғасын: "көрдің бе, әлгінің түрін. Не пәленің бәрін ішіне жиып, үнсіз сазарып алады. Сосын темір істікпен піскектеп жатсаң да, аржағынан сыңар сөз шықпай сазарып алатынын қайтерсің. Құдай біледі, бұл кісі өлтіргенде де дәл осылай беті шімірікпей сазарып алатын болар",– деп еді анасы. Айтқаны келді де тұрды. Анада астанада болып қайтқанда бұны Әзімнен қызғанып өлтіре жаздаған жоқ па? Тіпті кеше өзінің туысы – Сары Шаяны да жұрттың көзінше араша бермей шырылдатып сабап, беті-аузын даладай қан қылды ғой. Баласындай кісіден таяқ жегесін қайтсын, бишара алау-далау боп сыртқа жүгіріп шығып: "ойбай, халқым, қайдасың? Мына ит өлтірді ғой мені. Бастық болса қайтейін. Совет заңында бастық еңбек адамын сабасын деген статья бар ма екен? Бұл Совет адамының құлқына жатпайтын жат қылық. Бұны әшкерелеу, жауапқа тарту керек",– деп айқай салсын. Ит талаған мысықтай шарылдап жатқан дауыстан иманы ұшқан халық – кәрі-жас түгелдей үйлерінен жүгіре шығып, Сары Шаяны қаумалап жиналып қалсын. Анасы, бұны да қоярда-қоймай жетелеп апарған еді.

– Қызым, көрдің бе? Әзімге кеткенің жақсы болды, әйтпесе, бұл сені де өлтіретін еді,– деді анасы. Өлтірер-өлтірмес, ал ағасын өлімші қып сабап, күрек тісін сындырды. Мұрнын қанатты. Жұдырық қатты тиген оң көзі шыға жаздап, қанталап ісіп кеткен-ді.

Қаһарға мінген Сары Шая жиналып қалған халық алдында қалшылдап: "ал, ағайын, біліп қой, мен енді оны құртам. Қол-аяғына кісен салғызып, тура итжеккенге айдатам. Жарық дүние көрсетпеймін. Ендігі жерге оның күндізін де – түн, түнін де – түн ғып, тура тамұқтың түбіне жіберем. Сүйтермін-ау мен оны!"–деді де, Сары Шая сол арада мұрнынан аққан қанды бет-аузына үйкеп жағып-жағып алды. Қойны-қонышын куәлерге қол қойғызып, мөр басқан актіге толтырып алып, дереу ауданға шапқан-ды.

Анасы айтса-айтпаса да, жалғыз туысын көк ала торғайдай қып сабаған қаныпезерден не үміт, не қайыр. Онан адамгершілік күтіп "әне-міне келіп қалар",– деп күні бойы екі көзі төрт болып, жолына қарап жүрген бұнда ес жоқ. Ашу-ыза алды-артын ойлатпай, намыс отына өртенген неменің бұлар қашан аттанып жүріп кеткенше ауылға оралмасын білмеді ме? Осы даланың бір жерінде жаралы тағыдай жерге сыймай жүргенін де білді ғой. Соны біле тұра неге күтті? Бұл кезде бірақ қызып қалғанына қарамастан Әзім де: "күн райы бұзылып барады",– деп жолға ертерек шыққысы кеп құлақ қағыс қылды; сен де қарсы болмай: "Қазір, қазір"– дедің; деуін десең де, бірақ енді жүрмек боп жеме-жемге келгенде қара кемпірдің қолында қалып бара жатқан дімкес бала... баласы құрғыр діңкесін құртып етектен баса берді; Құдайдан маңдайына бармақтай бақ тілеген әйел сорлы басын бәйгеге тігіп, тәуекелге бел буып шықса да, жеме-жемге келгенде артына қарайлап жіпсіз байлана беретін әдет емес пе? Бұл да дәл жүрер

алдында дімкес баласын тағы да бір көріп, бауырына қысқысы келді де, орнынан апыл-құпыл асығып тұрды; "қайда барасың?"– деген Әзімге жөнін айтпай, жүрдім-бардым жауап беріп "қазір... қазір келем",– деді;

Дәл қазір өзін қолды-аяққа тұрғызбай, құйындай үйіріп әкетіп бара жатқан жүрегі, әлде аяғы екенін білген жоқ; асыққанда иініне де ештеңе ілмепті; үйден жүгіріп шыққанда ойына алған шаруасын орындаудың түк қиындығы жоқ сияқтанған-ды; иә, көшенің арғы бетінде тұрған үйге желең бойымен жүгіріп барады да, баласын бауырына тас қып қысады; тек жыламайды; тек мауқын басып бетінен сүйеді де, кідірмей құшағын жазады; онда тұрған не қиындық бар; қысылатын да түгі жоқ; сорлы баланы, тұла бойы тұңғышын бауырына қысып, мауқын басқасын... сосын... айтса да, сосын қайын енесі бар екен ғой. Бәсе, оны қайтті? Ер мінезді қайсар ананың жайы белгілі. Ұясын бұзған құстай, шаңырағын шайқалтып кетіп бара жатқан келінін көруін көрсе де, бірақ ол өзінің пеш түбіндегі дағдылы орнында қыбыр етпей, басындағы қақыра жаулық қайқайып отырып алғанда, бұл сонда... апырай, бұл сонда қайтті? Оған не бетімен көрінеді? Үндемей өтіп кетсе қайтеді? Тілдесуге дәті жетпей, беті күйіп бара жатса, амал қанша ернін қимылдатып қоштасудың емеурінін істесе істегені, істемесе, аяғын ширақ басып... бірақ қайдам, дәл сол арада сүлдері құрып аяғын баса алмай сорламаса...

Бұған қалай да бірдеңе көрінді. Сыртқа қалай шықты, солай жаңа іште отырғандағы батылдығынан айырылып, аяғын ілгері бір басты ма, жоқ па, қалшиып тұрып қалды. Қас қылғандай, сол арада есіне бір ай бұрын көрген түсі құрғыр түсіп, тұрған жерінен табанын жаза алмай, жүйкесі құрып сала бергені. Түс көрердің алдында бірер күн бұрын қызуы қатты көтеріліп, ауырып жатқан-ды. Көзі ілініп кеткен екен. Түсіне тұла бойы тұңғышы кіріпті. Сорлы бала кеміс болғасын қатарымен қосылып ойнап кете алмай, сыртқа шықса болды, іле-шала үйге жылап келетін. Көбіне-көп өзіндей кеміс балалар зәбір береді. Ондай балалар қазір теңіз өңіріндегі ауылдарда көбейіп барады. Олар қолына түссе аямайды, әлі жеткені әлсізге жабылып жығып салады да, сосын өз қылығына өздері мәз боп санын шапаттап, қарқылдап күліп жүріп, қолына не түссе сонымен ұрады. Бір жолы бұның баласын да топыраққа аунатып жығып салып, шырылдатып сабап жатқан үстінен шықты. Зәресі ұшқан бала өкіріп жылап бұның бауырына кіріп жабысып алды. Қанша десе де, ананың аты ана, бұл да баланы тас қып құшақтап қосыла жылаған-ды. Әлі де болса қастарынан кетпей, ауызбасын қисаңдатып секіріп жүріп алған есуас балаларға бұл сонда не ренжи, не ұрыса алмай, тек іші уланып, үні өшіп отырып қалған-ды. Сол жолы да түсінде дімкәс бала сырттан аңырап жылап келген еді.

"Сорлы баланың бір жерін майып қып тастамаса қайтсін?"– деп зәресі ұшып, ауырып жатқанына қарамай төсектен атып тұрыпты.

Кереуеттің басына іле салған жеңіл халатты иініне ілді ме, жоқ па, аяғына сірісі жоқ жылы шәркейді сұқты ма, жоқ па, әйтеуір жылаған баланың дауысы шыққан жаққа жанұшыра жүгіріпті; бірақ есік алдынан ары аспай кілт тоқтапты; өйткені жылаған баланың дауысы бұл ойлағандай ауызғы бөлме емес, басқа жақтан, басқа болғанда, тура қара кемпірдің бөлмесі жақтан шығыпты да, бұл аңтарылып тұрып қапты; лүпілдеп қатты соғып кеткен жүрегін қолымен басып тұрып, ұмтылып баланың дауысы шыққан жаққа құлақ тігіпті; тың тыңдап әрі-бері тұрыпты; енесі бұл кезде түйе қорада желінінде бір шайлықтай ғана сүт қалған қараша інгеннің баурында жабысып тұрғанын білсе де, осы бөлмеге кірерде әлдебірдеңе әрқашан бұның аяғын ілгері басқызбай, кежегесін кейін тартатын да тұратын әдет; осы жолы да есіктің тұтқасына қолын жүрексініп созыпты; сықырсыз ашылған есіктен басын ішке сұқты ма, жоқ па... сүйтсе, о, Жасаған... жаңа сырттан зәбір көріп жылап келді деген бала ұйқыдан ояна сала, жылы көрпе астынан шыққысы келмей бұйығып жатып:

– Әзе... ә-зе... қайдасың, кел! Кел!– деп дауыстап жатыр екен.

Бұл жетіп барыпты; аяғындағы шәркейді сілкіп шешіпті де, баланы төсектен тұрғызбай, бас салып құшағына қысқалы ұмтыла берген екен; ұйқылы-ояу бала көзін ашып апты; әншейінде бір түндік астында бірге тұрса да, бірақ әрқашан бұған қатысы жоқ жабдан біреудей көзіне ілмей, басы қайқайып өте шығатын сұлу келіншектің енді қазір аяқ астынан сиқырланып, бұның әжесі екеуі ғана жататын төсекке кіріп келе жатқан жәдігөйлігінен қорыққан бала аңырап атып тұрыпты:

– Ә-зе!

– Айналайын, менен неге қорқасың? Мен... менн...

– Кет! Кет! Тен замансын. Әзе-е...

– Жарайды, кетейін. Тек жыламашы.

–Зылаймын.

–Жыласаң жыла, тек айқайламашы.

–Ке-т! Айқалайм... Ә-зе...

Иә, сен сонда құшағыңнан жұлқынып шығып, далаға тұра жөнелген баланың дауысынан шошып оянғансың-ды. Осы түстен кейін күні бойы өзіне-өзі келе алмай, қызуы қатты көтерілді; денесі өртеніп, күйіп-жанып бара жатқасын, үстіне жамылған көрпені тепкілеп-тепкілеп, аяқ жаққа жұмарлап тастаған; қан-сөлсіз бет өліктей қуарып, қимылсыз көзін үй төбесіне қадап сазарып алды; өзіне, әлде өзгеге ызаланғаны белгісіз; көкірегін өртеген реніштi әдейі күшейте түскісі

келгендей, сол күні ана жақта асқа шақырған дауысқа да селт етпей, үй төбесіне кірпік қақпай қадалып қарап жатып осы баланың толғағы алабөле ауыр болғанын еске алды: тәжірибесіз жас кезі ғой, іші түйнеп ауырып тұрғанына қарамай, кірбиіп мектепке кетті; айы-күні жақындағалы бойындағы бала бұнан бұрын да ана жатырын тарлық еткендей тынышсызданып, әсіресе, түнемелікке қарай бірде ана бүйірін, бірде мына бүйірін түйіп қалатынды шығарып жүрген; сорлы бала жарық дүниеге келгенше сонша неге асыққанын қайдам, сол күні тіпті қатты тынышсызданып еді; соған қарамай, кірбиіп жүдеп мектепке баруын барды-ау; балықшы ауылдың ұяң балалары бұл келгенде әдеттегідей өзді-өзінің орнында қолын партаға салып тым-тырыс боп отыра қалған класқа кіруін кірді-ау; жағрапия пәні оқулығының сол күні өтетін бетін ашуын ашты да, бірақ дәл сабақ бастарда жүрегі көтеріліп, сүйек-сүйегі қақырап бара жатты; алдына симай шермиген қарнын көтеріп отыру да қиындап бара жатқасын ішін столдың қырына қаттырақ тіреді де, алдында дымы құрып бұғып-бұғып қалған балаларға қиналғанын сездірмеуге тырысып бақты; бірақ шыдамы қаншаға жетерін білген жоқ; әуелі қол-аяғына діріл енді; сосын-ақ өз денесін өзі билей алмай, тұла бойдағы әл-дәрмен әп-сәтте аяғының басына кетті, маңдайынан бұрқ еткен мұздай тер қапелімде кірпігін шылап, келесіде бірер тамшы көзіне тамды; жанары буланып бара жатқасын көзін сүрткісі келді ме, әлде зіл тартып бара жатқан маңдайын алақанына сүйегісі келді ме, әйтеуір, оң қолын сөлекет қозғап жоғары көтергенін біледі; бірдеңе деп сөйлеп тұрғаны да есінде сияқты еді; бірақ не дегені есінде қалмапты. Тек анық білгені аузындағы сөзді аяқтауға шамасы келмей, жеткен жерінен үзді де, сосын сүлдері құрып бара жатқасын стол шетіне шынтағын сүйеп отыра кетті; бірақ оны өзі білмеді; балалар бұғып қалған; дем алған тыныстары да сезілмеді; қанша уақыт өткенін білген жоқ, сонан бір кезде көзін ашқаны, әлде жанары тіріліп, көзіне қуат оралғаны белгісіз; әйтеуір алдында партаға басын бұғып калған балаларды көруін көрсе де, бірақ ешқайсысының дидарын дұрыстап айыра алмады; әлгіден кейін әл-дәрмен оралмады ма, әлде көзіне құйылған тер көлкештеді ме, балалар буланған әйнектің аржағына шығып кеткендей алыстап көрінді; үрпиіскен жүздер бермен баспай, әлденеге әріден бұлдырады; бұл тынысы тарылып, демі жетпей бара жатқасын күрсініпті; сосын осыған дейін дыбысын шығармайын деп тістене-тістене қарысып қалған жағын әрең жазып:

– Бала-лар...– депті ақырын,– үйлеріңе қайтыңдар...

Мына балалар былайғы уақытта орындарынан сарт-сұрт атып тұрып, жапырлай есікке ұмтылар еді; бұл жолы бәрі де дыбысын шығармай тымырайып алған; үн де, дыбыс та жоқ; өздері құдды су ішінде қозғалғандай; портфелін бауырына қысып алған балалар есікке қарай бүйірімен жылысып шығып барады; соңғы баланың артынан есік қалай жабылды, бұ да солай ертеден бері өзіне дем алдырмай

алқымынан алып буындырып тұрған тас шеңгелдің уысынан бір-ақ босанғандай: уф-ф!.. Күрсінген деммен бірге дауысы да қатты шығып кеткен екен. Жаңа балалардың соңынан жабылған есік іле-шала қайта ашылып, аржағынан топырлап әлдекімдер кірді; әлі кіріп жатыр; сасқалақтаған абыр-сабыр арасынан әлдекімдер әлдебіреуге әлдебірдеңе деді; бұның құлағына көп кісінің дабыры жетсе де, абыр-сабыр арасынан әлі бір сөз естілген жоқ; әйтеуір әлденеге жанталасқан, сүрініп-қабынып әбігері шыққан біреулер; бұлар да әлгі балалар сияқты буланған әйнектің аржағында су ішінде қалқып келіп, қалқып кетіп, жанталаса құйқылжып әбігері шығып жүр; олар қанша қапылып, етегіне сүрінсе де, бірақ онан бұның қиналған жанына келіп жатқан жеңілдік жоқ; қайта мыналардың абыр-сабыр әбігері үрей туғызды ма, кенет өкпесі қысылып, тынысы бұрынғыдан да гөрі қаттырақ тарылып талықсып кетті ме, қалай, әйтеуір әбігері шығып жүргендердің бірнешеуі жүгіріп кеп, қолдасып көтеріп сыртқа алып шықты; шамасы, қолдасып көтерген кісілер колхоздың салдырлақ машинасына мінгізген сияқты; іле-шала күлдірлеп-салдырлап ала жөнелді; қатарынан екі рет толқын шайқаған қайықтай дүңкілдетіп көтеріп соққанда, құдды жұлыны үзілгендей жаны ышқынып кетті; жан ұшырған әйел дауысымен жарыса шығып шар еткен сәби үнін салдырлақ машинаның сартыл-сұртылынан шала-пұла есітті ме, жоқ па, соның аржағын білмей, есінен танып талықсып кеткен-ді.

Сонан бір кезде есін жиғанын біледі; зіп-зілдей кірпігін қозғап, көзін әзер ашқанын біледі; көзін ашуын ашса да, бірақ дүние бәз-баяғыдай тұман ба, бу ма, түссіз бозамық бірдеңе бәрібір дұрыстап көрсетпей көлкештеп тұрып алды да, көзін қайта жұмды; жаңа бұның ышқынып жан ұшырған дауысымен жарыса шыққан әлгі бір шар еткен сәби үні құлағына қайта келді; жарық дүниеге келу үшін анасын өлім аузына апарып қайтарған шарана қандай екен деп ойлауын ойласа да, бірақ оны көруге зауқы шаппады; кейін енесі ақ шүберекке тыңқитып ораған құндақты бауырына әкеп салғанда да емірену орнына, әлденеге мына титтей қызыл шақаның әкесінен аумай қалғанына таңғалды.

Қасынан кетпей тұрып алған енесі:

– Еміз!– деп еді; бұл селт етпеді; өзін айран-асыр қылған жаңағы оғаш сезімнен айыға алмай, нәрестенің өңіне таңдана қарап қалған-ды.

Ененің дауысы енді қатты шықты:

– Шырағым, еміз. Бұған қазір ананың уыз сүті керек.

Ененің ақылы көкірегіне қонса да, бірақ әлі де болса өзін қайран қалдырған әлгі ұқсастықты анықтай түскісі келгендей ақ шүберек арасынан әзер көрінген қызыл шақаның бір шөкім бетіне тіпті үйлеспейтін қоңқақ мұрын мен рабайсыз үлкен ауызға қарап сұлық жатыр; өзін таңқалдырған осы бір түсініксіз сезім ойламаған жерден

оқыс килікті де, көкірекке келер ақтың тамырын тас қып буып тастады ма, әлде қатты толғақтан тұла бойындағы сүйек-сүйегі арса-арсасы шығып жатқан тұмса келіншек сияқты тұңғыш дүниеге келген мына қызыл шақа да әлгінде өзі шыққан ана жатыры мен өзі келген осынау жарық дүниенің ара жігін анықтап ажырата алмай, аузына апарған емшекті жөндеп ала алмай қойды ма? Әйтеуір, әрі-сәрі халде; мұрнын қайта-қайта тыжырына бергесін бұл да көкірегін қымтап ала қойды. Жасаған-ау, Жәдігер де бірдеңе ойынан шықпағанда дәл осылай танауын тыржыңдататын.

Ақ шықсын деп енесі не істемеді: қалжасына жас сорпа керек деп қой да сойды; лақ та сойды; дәрігерді күнде әкелді; аяқ жетер жерде алғызбаған қожа, молла қалмады; бір жерде дұғасы қабыл болғыш әулие шығыпты десе, салдырлақ машина шаңын бұрқыратып жостыртып ала жөнеледі; бірақ, не пайда, бұл ботасын алмаған тұмса іңгендей еміренбеді; қолдан келген әрекеттің бәрін істесе де кеудесіне ақ келмей қойды.

Сосын қара кемпір қалжаға сойған ақ лақтың жұп-жұқа шап терісінен емізік істеп, тұңғыш немересін өзінің бауырына салып еді; сонан ба, әйтеуір алғаш дүниеге келген күннен бастап осы баланың қалай отырғаны, қалай еңбектегені, тәй-тәй қаз тұрып апыл-тапыл аяқ басқаны есінде қалмапты; енді қазір қара сирақ ойын баласының күн санап көз алдында өсіп келе жатқаны кәперіне кіріп шықпайтын.

Рас, осы бала бойына біткесін қыз кездегі желік қалар деп ойлаған-ды. Әсіресе, ертең етегіне оралған сәбиге еміреніп, етбауыр елжірер; ықылас, пейіл балаға ауғасын көкірегін өртеген сезім де сабасына түсер, ұмытылар деп ойлаған; Әзімді де ұмытармын деп ойлаған жоқ па? Міне, балалы болды; бір емес, екі балаға ана болды; бірақ ұмыта алды ма? Баяғыда, алғаш теңіз жағасында көретін әдемі ақ сары жігіт арада қанша жыл өтсе де, қас қылғандай, көңілден де, көзден де кетпей тұрып алды; әсіресе жатарда көрпесіне кіріп келе жатады; үйге кірсе өзімен ілесе кіреді; шықса шалғайласа бірге шығады; сосын бұл көшедегі халық арасынан соны іздеп жан-жағына жалтақтап кеп жатқаны.

Иә, ұмыта алмады; қайсы бірде қасында күйеуі жатып та әрқашан балықшы ауылдың бет алдында шалқып жатқан көк теңіздің жағасында әне бір әңгүдік ала көз қараның жанында суға тас атып отырған ұзын бойлы ақ сары жігіт елестеуші еді; сол күні қыз бен жігіт бір-бірінен аты-жөнін сұраспай жатып, есірік толқынға ерегіскендей қатар малтып тереңге құлаш ұрмады ма? Бірінен-бірі қалыспай қатар жүзіп келе жатып екеуі бұрылып біріне-бірі қарап қояды; жағадан ұзап кетті, әлде ерегіс, әлде іш бәсеке қамшылағандай; жуық арада жағаға қайтатын түрі жоқ-ты; кенет күтпеген оқиға болды: жаңа ғана қасында қатарласа құлаш сермеп келе жатқан жігіт кенет екі қолы ербеңдеп

тұңғиыққа батып бара жатты; қыз шыңғырып жіберді; жан дауысы жағада қалған ана ала көз әңгүдікке кетті ме, жоқ па, белгісіз; суға кетіп бара жатқан жігітке дәл қазір қол ұшын берер бұның өзінен басқа ешкім жоғын білді де, дереу сүңгіді; қол-аяғынан әл кетіп, суға батып бара жатқан жігіттің белінен құшақтай алды да, теңіз суын бір-екі қақала-шашала жұтып, жандәрмен жоғарыға қалқып шыға берген-ді. Сол сәтте... Жаңа ғана бұның құшағында ес-түссіз сұлық жатқан жігіт кенет сақылдап күліп жіберді; жаңа ғана жансыз өлік тәрізденіп, былқ-сылқ бола қалған жас дене бір сәтте дүрк жалын атып, қара көзі жарқ-жұрқ еткені; қыз құшағын жазып алды; "Ә" дегенде сақылдап күлген жігітке қосылып күле түсті де, кенет тиыла қалды. Оның қылығына не ренжірін, не ызаланарын білмей, бар болғаны түсін суытып, қабағын түйіп алды. Ол болса мәз. Күлкісін тыймастан қолын созып ұмтыла бергенде, сен жолатпай алақаныңмен су шаштың да, жалт беріп жағаға құлаш ұрдың.

Шіркін, ол күннің несін айтасың! Екеуі жағаға жеткенше қатар жүзіп келе жатып, аты-жөнін сұрасып танысып алды. Сол жылы бұлар институтқа түсті. Сонан бастап жұбы жазылмады. Таң атқанша у-ду болатын да жататын жастар кеші, жастар тойы, жастар мерекесінде иықтасып катар отыратын. Билесе бірге билейтін. Ән айтса да бұл ылғи Әзімге қарай қисайып, иығына басын салып отырып айтатын. Көшеде де қолтықтасып бірге жүрді. Жаны, жүрегі бірге тыныстап, бірін-бірі құйттай көрмесе де ынтығып тұратын еді-ау...

Бәкизат өкіріп жібере жаздады; аржағында иектеп әкетіп бара жатқан ащы өксікті әрі-бері тежеп, иегі кемсеңдеп тұрды да, күші жетпей бара жатқасын, бетін Әзімнің кеудесіне басып, дыбысын шығармай тұншыға жылады. Осыдан кейін ол өзіне келе алмады. Оның үстіне осынау ышқынып соғып тұрған әупірім желден, өкірген теңізден, өкіректеген әумесер толқындардың гүрілі мен сарылы, сәт сайын біріне-бірі шапшып сүзісіп қап жатқан сеңдердің сатыр-сұтырынан құлағы бітіп қалды. Оқтын-оқтын басы айналып, көзі қарауытып кетіп тұр. Ондайда құлап қалатындай қорқады да, екеу ара жамылған ішік астында бұның дәл өзіндей қалшылдап ұшып бара жатқан Әзімге жабысып ұстай алады.

Әзімге қосылу қашанғы арманы еді; Құдай бұған бір жапырақ бақытты да қимады. Сондай-ақ, бұл не жазды? Не пиғылынан тапты? Қара кемпірдің қарғысына ұшырады ма? Әлде сорлы баланың көз жасы жібермеді ме екен? Сүйтті ме? Сүйтті-ау?

– Жоқ!.. Жо-қ...

Зәресі ұшқан әйел Әзімді қос қолдап ұстап жабыса түсті. Суық ұрды ма, әлде, тіпті қорқыныш пен суық қосылғанда, онсыз да кеудеден әзер шықпай тұрған жан sahарға кетті ме, әйтеуір, ту, ана қара табаннан

басталған діріл тұла бойын түгел жайлап қалшылдатып әкетіп барады. Бұл не? Түс пе? Өң бе? Кісі қазіргідей шырғалаңға түсіп, басы қатып жүріп түс пен өнді ажырата алмай, шатастырып алуы мүмкін ғой. Иә, иә, әсіресе дәл мына қара дауыл, қарлы, қараңғы түнде жүйкесі жүн боп, титығы құрыған шақта бұл да кісінің түсіне кіретін көп сандырақтың бірі болса ше? Иә, түс болуы мүмкін ғой! Бұнан бұрын да дәл осындай болмаса да, осыған ұқсас қорқынышты бірдеңелер түске кіріп шырт ұйқыдан шошып оянбаушы ма еді? Бір жолы қорыққаны сонша, тас қараңғы үйде атып тұрып, қасындағы төсекте қаннен-қаперсіз шалжайып ұйықтап жатқан Еңбек Озатының қойнына кіріп кетті. Еңбек Озаты оянбай, ыңыранып ары қарай аударылып түсті. Сосын аузынан шұбырған сілекейін жұтып тамсанды-тамсанды да саған бұрылды. Ұйқылы көзімен құшақтай алғанда, сен бұрын оның денесі денеңе тисе жиырыла қалатын әдеттегі тыжырыншақтығың ұстап, тіксініп, бойыңды тартып алудың орнына, қайта оның бауырына өзің тығылып, басыңды жалма-жан көрпемен бүркеп ала қойғансың-ды.

Бәкизат осының бәрі әлде өң, әлде түс екенін анықтағысы келгендей Әзімнің үсті-басын сипалады. Сосын оның ішкі тынысынан белгі беріп буланып тұрған аузы мен мұрнын сипап, әлі де болса көңілін толқытқан күдікті қай орынға қоярын білмеді. Онан сайын тілі жеткенше Тәңіріге жалбарынып, Әзім екеуінің басына түскен мына ақырзамандай ауыр хал өң емес, әнебір бастығырлыққанда көретін жаман түстің жалғасы болғай деп тіледі. Бірақ... Тоқта... Егер бұл өңі болмай, түсі болса қалай болғаны? Онда өзінің де өмір бойы аңсаған, әлгі бір әйел пақырлардың Тәңіріден тілейтін бармақтай бақ басыма қонды ма деп мәз болған қуанышы да өңі емес, түсі болғаны ма?

"Құдайдың қаһарына ұшыраған шығармын",– деді Бәкизат. Бармақтай баққа бола бауырынан шыққан кемтар баланы көзі қиып қалай тастады? Құдай оны қайдан кешірсін. Кетуге анық бел буғанда, бұған шынында да бірдеңе көрінді. Обал, сауап дегенді ұмытты. Беті ашылып айбық адамданып алғасын айылын жимады. Әсіресе сыртқа шыққанда, жұртқа құдды "мені көр!", "маған қара!" дегендей насатты жүзі жайнаңдап сала беретін.

Күндес қатындардың құдайы берді. Олар бәрін көрді. Бәрін білді. Не көрсе, не білсе, ымы-жымы бір келіншектер соның бәрін жіпке тізіп, біріне-бірі сол бойда дереу жеткізіп жымыңдаса қалады. Бұл қалай үйден шықса, солай әлгі ымы-жымы бір қатындар дереу бұны ымдап, басы түйісіп пыш-пыштасып жатқаны. Бұл соны көруі көрсе де, тек есітпеді. Бірақ көкірегі сезеді. Е, Құдай, байын тастаған қатынның сыртынан тіл безегенде бал тамбай, зәр төгілмеуші ме еді. Мыналар да бұны не қарық қып жатыр дейсің!

Көп болса:

– О, сор маңдай, өз ырысын өзі маңдайға теуіп,–дер.

– Тұтақ, көрерсіз қарық болғанын,– дер.

– Күнінен бұрын күйлеген қаншықтай, құшағындағы анадай нар қасқа байды тастап, о сорлы,– дер.

– Бақытты, базарлы екен деп басқа еркектің етегінен ұстағанда, ендігі қалған өмірден опа тапқаныңды да көреміз,– дер-ау!

– О, жүзіқара! О, қарабет!– деп бәрі жабыла бұның тулағын көкке қағып жатқан шығар! Қақ! Қағыңдар! Қағыңдар!

Бұл сыртынан күңкілдеген қатындарды көргенде қысылу орнына, қайта бір түрлі көңілденіп күлкіге булығатынды шығарды. Егер сол арада кісі-қараның көзінен аулақта болса, бұл ішегі үзілгенше күлер еді; бұл күндері көз бен сөзге ілігіп нысанада жүрсе де, бірақ соның бірін жыр демеді ғой.

Иә, бұған бірдеңе көрінді. Масқара болғанда, өмірде істемегенін істеп, дәл жүрерде арақ ішкені несі? Бәсе, сонысы не? Жарайды, қалағанына қолы жеткеніне қуанған шығар. Шығарып салған қыруар халықтың қошемет, құрметі көңілін өсірген шығар. Бірақ сол ию-қию жиын арасында қызып алған әлдебіреулер "жеңеше", "ақ жеңеше",– деп арсаңдап кеп, "біз саған қайны боламыз. Қуанышың құтты болсын! Ал, соның құрметіне...",– деп, ыржалақтап арақ ұсынған арсыз немелердің қолын неге қағып жібермеді? Жәркелеш немелерге қосылып, жоқтан өзгеге жырқылдап күлетіндей не бар еді?

Рас, екі жақтан да жұрт көп жиналды. Ығы-жығы жиын үлкен үйдің төрт бөлмесіне симағасын жастар жағы ысырыла-ысырыла сыртқа шығып кетті. Сықырлаған аязда тоңып-жаурап бара жатқасын тентектеу біреулер әлгіде іштен ала шыққан бөтелкелерді қойнынан шығарды. Түбінен жұдырықпен бір ұрып, тығынын ытқытты да, тіс сындырғандай мұздай арақты әуелі бақытты жұбайлар үшін ішті. Аузының ебі бар біреу әдемі сылтау тауып, аға-жеңгенің құрметі деп тастап-тастап алды. Сықырлаған аязда шыдамын тауысқан жастар дызалақтаса да, іштегілердің жуық арада жылы орыннан қозғала қоятын түрі жоқ. Төрт бөлменің төртеуінде де араққа қызған көңілді кісілер гу-гу, ду-ду. Ала-бөле кісі-қара аузы-мұрнынан шыққан үлкендер отырған төргі бөлме қапырық. Жаппай етке тойып, ыстық сорпа, ыстық шайға қанып, ақ тер-көк тері шыққан кісілер қызара бөртіп алған. Тілінің ебі бар қайсы біреу көйлегінің омырауын желпіп қойып, Әзімді мақтап ала жөнелді.

– Айналайын-ай, қайтсін, халқым деп қу жаны қуырдақ боп жүр ғой.

– Иә, біз іс басындағы азаматтың қай тірлігін біле береміз. Бұларды

ана жақта шалқайып, машина мініп, хан ордасындай сарайға талтаңдап кіріп, шалқақтап шығып жүргенге төрт құбыласы түгел дейміз ғой. Сүйтсе, көрдің бе... туған елдің тағдыры жатқызбай, қыстың көзі қырауда жер түбінен келуін келсе де, іле-шала жүрем деп шыдамын тауысып отыр.

– Әй, байқадыңдар ма, осы жолы өзі жүдеп кеткен бе, қалай?

– Ойбай, үлкен жұмыс адамды жеп тастайды ғой...

–Апырай, ә?.. Не қылса да, ана жақта Әзімсіз шешілмейтін бір үлкен іс күтіп тұрған болды-ау?

– Иә, солай!

– Солай дедің бе, әй? Ал, ол сонда қандай шаруа екен? А? А?

Жұрттың бәрі енді ана жақта Әзімді күтіп тұрған мемлекеттік үлкен шаруаны білгісі кеп әр қисынды бір айтып қауқылдасты. Бірақ соның бірі көңілге қонбады. Сосын шалшық судан қызыл канат шабақ аулаған жаман балықшылар үлкен орындағы үкімет адамының ісіне ақылы жетпесін білді де, көңілі басылып қалды. Сол кезде олардың бәрінен төменірек отырған жылтыр қара тоқпақтай өндіршегін бір бұлт еткізе тамағын кенеп, қозғалып қойды. Жұрт жаппай соған қарады.

– Осы не білгендерің бар? Біздің Әзімжан теңіз суын тартылдырып, қу тақырға айналдырам деп жүр ғой.

– Е, несі бар, теңізден тақыр жасайды. Оның қолынан бәрі келеді.

– Апырай, ә?! Көл болса, көлшік болса бір сәрі, ал теңізді, телегей теңізді тартылдыру... Бұл не аламат... не деген күш, ә?!

– Ойбай, айтпа. Құдай болмаса, бұл жалғанда басы жұмыр пенде де бұрын соң теңіздің суын сарқып, қара жерге айналдырам деген адамды көзім көріп, құлағым есітсе не дейсің.

– Иә, мынау Құдай болмаса, адамның қолынан келмейтін іс. Аламат! Ойбай-ау, күш – атасын таныған ба.

– Рас-ау! Ал енді Құдайдың өзімен тайталасқанда, Әзімжан, не қылса да біз білмейтін бір құдірет күшке сеніп тұрған болды-ау?!

– Иә, бала осал болмады. Тек, азаматым, күпір боп Құдайдың кәріне ұшырап жүрмесе қайтсін.

–Тәйт! Оттама! Осынікі дұрыс, енесін ұрайын... Жығылсаң нардан жығыл. Күшті екеніңді білейін, қырт-сыртты қой да, тура Құдайдың өзімен құдірет таластыр. Іргедегі көлді жұтқан Көк өгіздей, күшің

тасып бара жатса, кебенематри, осылай неге теңізді тартылдырмасқа, жұрт күшіңді көрсін. Ал, кәне... осы үшін бір алып жіберейік!

Етке тойған кісілер рюмка соғыстырарда орындарынан ыңырана қозғалды. Шынылар сыңғыр-сыңғыр. Кеңірдектер қылқ-қылқ, дүрс-дүрс. Бұл кезде қала түгіл қияндағы ауылдың да салтына айналған қазіргі үрдіс бойынша дастархан жиналғасын да қолынан рюмканы шығармай, орындарынан ыңырана-ыңырана түрегелген кісілер енді дастархан басында шайқалақтап, теңселіп тұрып тағы да Әзім үшін тост көтерді. Осы жолғы тосты қызып қалған біреу дәл мінбеден ұран тастағандай саңқ етіп:

– Азаматым! Айналайыным!– деп еді, бұған дән риза жұрт сыңғыр-сыңғыр шыны қағыстырды. Тағы да кеңірдектер қылқ-қылқ, дүрс-дүрс. Бұларды көрген қалған жұрт та орындарынан рюмкаларын ұстай-ұстай түрегеліп, енді ана бөлмеде де, мына бөлмеде де әуелі "жол аяқ" деп, сосын "кетер аяқ" деп алды. Енді болған шығар деп есікке қарай беттей берген екі жасты ертеден бері қасында қаумалап жүрген қошеметшілер дәл шығар жерде жолын бөгеп, тағы бір сылтау тауып "сәт сапар үшін алмаса болмайды" деп қиылып тұрып алды.

Әзім қатты қызған. Аяғын алып жүре алмай тәлтіректей береді. Кім не айтса, соған көніп, келісе кететін көңілшек. Жаңағылардан құтыла бергенде бойын билей алмай тәлтіректеп кетті. Дереу қолтығынан ұстай алған Бәкизатқа бойын сүйеп, аяғына әзер-әзер тұрған Әзімді жұрт тағы бөгеді. Бұл жолы Әзім мен Бәкизаттың осындағы көп туыс, көп жекжат, көп-көп ағайындары қаумалап ортаға алып еді. Екі жасқа бұлардың да емешесі үзіліп, кезек-кезек бауырына қысып, бетінен сүйіп жатыр.

Іштеріндегі үлкендер жаңа дастархан басында айтқандарын бұл жерде тағы қайталап екі жасқа бауыры тола бала тілеп, бақыт тілеп, батасы мен тілегін қоса жаудырып жатқанда, мына жақта көңілшек жеңгелер көзіне жас алып, бірақ қуаныш үстіндегі көз жасы өздеріне де ерсі көрініп, жылап тұрып күліп әпі-шәпісі шықты. Сол кезде біреу:

– Ау, болды ғой. Алды түн, балалар жолда қиындық көріп қалар. Ауа райы бұзылып барады,– деп еді; осы сөз қамшы болды ма, қаумалап тұрған жұрт қақ жарылып араларынан жол берді. Осы сәтті күткендей кекселеу бір әйел етекке салған құрт аралас мұз кәмпитті уысын толтыра көсіп алды да, екі жастың үстіне шашты. Жұрт лап қойды. Қолы жеткен де, жетпеген де жерден шашу теріп топыр боп жатқанда, сыртқа шығып үлгірген Әзім мен Бәкизатты енді бұл жақта жастар ортаға алып апыр-жапыр. Қойыннан бөтелкелер шықты. Парт-парт шампандар атылды. Ақ көпіршік бұрқырап ақ қарға төгілді. Быжылдап стакандарға құйылып, әуелі Бәкизатқа ұсынды. Бәкизат оны ішкенін біледі. Сонан кейін... Иә, сонан кейін бір апайтөс әупірім қара

анадайдан жеңешелеп, жолындағыларды қаға-соға, қарқ-қарқ күліп келді де, әй-шәй жоқ қойынынан бөтелке, қалтасынан қырлы стақан шығарды. Бұл да есінде. Сосын қырлы стақанға кенерінен ас ыра арақ құйып, әуелі Әзімге, сосын қояр да қоймай бұған ұсынғаны да есінде.

– Ал, ағасы, шақырсақ келмейсің. Іниңнің үйінен тататын сыбағалы дәміңнің реті осы арада бұйырып тұр. Ал! Ал, алып жібер!

Сен Әзімге ішпе деп ымдағың кеп еді; ол соны білгендей саған қарамай, көзін басқа жаққа алып қаша берді. Оның ішкеніне ырза болған жігіт:

– Ой, жаса!...– деп қарқ-қарқ күліп арқасынан қақты да, сосын осы даланың күніне күйіп, желіне қақталған шойын қара бетін саған бұрды. Сен сәл қозғалсаң да қолыңдағы кенерінен аса мөлтілдеген сұйықты төгіп алатындай қорықтың да, қырлы стақанды қос қолдап ұстап бір орында тырп етпей тұрғансың-ды.

– Жоқ, жоқ, болмайды. Айналайын ақ жеңеше... Жеңешеке, алып қой!

Сен мұздай стақанның ернеуіне ерніңді тигіздің де тез тартып алдың.

– Жеңеше, жарамайды. Білмейтін шығарсың, бұл ауылдағы сенің ең жақын қайның мен... мына мен болам,– деп төсіне дүрс-дүрс соқты да, сосын бағанадан бері талай бөтелкені өзімен бірге бөліп ішіп, енді қазір қызара бөртіп тұрған жастарға қарап,– жігіттер, солай ма? Дұрыс айтып тұрмын ба, а?– деді.

– Дұрыс, дұрыс. Түк қатесі жоқ...

– Ал, ақ жеңеше... сенің басыңа қонған бақыт басқа қазақ әйелдердің өңі түгіл түсіне де кірген жоқ. Әй, жігіттер, дұрыс айтып тұрмын ба?

– Дұрыс.

– Дұрыс.

– Көрдің ғой, мына жігіттер де қостап тұр. Ал, кәне, көзді жұм да тартып жібер! Айда!..

Мынау ішкізбей қоятын емес; сен қайтеріңді білмей Әзімге қарап едің; Әзім іш дегендей басын изеді; Әзімнің құптағанын көргесін жастар жатты да жабысты; және "жеңешелеп" іші-бауырына кіріп жатқасын көңілін қимады; Әншейінде иісінен азар да безер болатын мұп-мұздай пәлені қақала-шашала ішіп салды: оны анық біледі; соған дейінгілердің де бәрі есінде; тек сонан кейінгілер... Айтса да өңешінен әзер өткен жаңағы пәле сәтте буынына түсіп, тізесі дірілдеп ала жөнелді; аяғына басып тұра алмай, әлі құрып бара жатқасын

қасындағы біреуге сүйенді; жоқ, бұл сүйенген жоқ; өздігінен аяғына басып тұра алмасын білгесін, сол арада бұл әлгі қарқ-қарқ күле беретін апайтөс әупірім қараның қолына құлай кетті.

Сонысы өзіне қызық көрінді де қараптан-қарап сықылықтап күлді; күлкі буынына түсіп бойын билей алмай былқ-сылқ болып бара жатты. Енді бұл өзін көтеріп алған ірі қара жігіттің құшағында сықылықтап күліп жатқанда тағы да бағанағыдай сақырлаған құрт, ірімшік ығы-жығы халықтың үстіне жауып кетті; саған бұл тіпті қызық көрінді; кім екенін айыра алмай қойған жаңағы қарулы кісі сені бала құрлы көрмей, көтеріп апарып есік алдында қаңтарулы тұрған атшанаға отырғызып, қасқыр ішікке орап жатқанда да, сен күлкіңді тыйған жоқсың; соның бәрі шала-пұла есіңде; онан басқа тағы не боп, не қойғанын бұл кейін есін жиғасын қанша ойласа да, түс екені де, өңі екені де белгісіз, басы жоқ, аяғы жоқ бытысқан берекесіз бірдеңе. Сол бытысқан берекесіз бірдеңелердің соншама неге қызық көрінгеніне түсінбеді. Бірінен-бірі өткен тамаша, қызық болғасын күле беріпті. Күле бергісі кепті. Әбден ішегі түйілгенше күле берер ме еді, түкірігіне шашалған біреу бұлардың дәл қасынан тұтыға тіл қатты:

"Әзімжан... сен деген... бізге қарама деген. Біз деген... кішкене кештеу шығамыз деген. Келін екеуіңнің киім-кешектерің мен жолда ішетін-жейтін тамақтарыңды алып арттарыңнан қуып жетеміз. Иә... иә, деген. Оң сапар... оң сапар деген. Иә, Алла... Алла деген!"

Аттанар алдындағы абыр-сабырдың ішінен осы сөз де есінде қапты. Сосын біреудің:

– Күн райы жаман, балалар бүгін ерулеп, ертең ертелете жүрсе қайтеді?– деген құлақ қағысы естілді. Оны басқалар да қостап еді; бірақ жаңағы түкірігіне шашалған тұтықпа дауыс дүңк етті:

– Оттама деген. Әзімжан асығыс деген. Ертең арғы беттегі ауылдан азаңғы самолетпен ұшады деген. Айда тарт! Тарт деген!

Ат ағыза жөнелді; шым қызыл кілем жапқан жеңіл шана түнде жауған үлпілдек аппақ қарды темір төсімен сыр-сыр тіліп келеді; тек анда-санда кар астында дүңкиіп көміліп қалған әлдебір томардың түбірі ме, індікеш пе, шұқыр ма, сондай бірдеңелер кездесіп қалғанда зырлап келе жатқан атшана кенет бауырын соғып екі жаққа кезек дудаңдап шайқалақтап кеткенде болмаса, қалған уақытта жыл бойы арқасына ер тимей, балықшы ауылдың сыртындағы қара отқа жайылып, кереге жалданып алған күйлі ат әрі-берідесін еті қызып еліріп, төрт аяғы денесін сезбей кетті; шебер біреудің қолынан шыққан екі кісілік жеңіл шананы бұйым құрлы көрмей құстай ұшып келеді; тұяқтан ұшқан қар танауына кіріп, қайта-қайта пысқырып, екіленіп тартқан аттың екпінінен тура қарсы алдынан соққан өткір желге делбе ұстаған Әзімнің екі беті ду-ду қызарып алған; қасы, кірпігі, бүкіл

омырауы қатты сыдырған аттың төрт тұяғынан ұшқан қар.

Әзім қызу. Және шығарып салған жаңағы қошеметшіл көптің кеу-кеуіне көңілденіп еліріп апты; ауылдан шыға бере атқа қамшы басты; салған жерден бауырын керіп қатты сыдырып кеткен жарау аттың сауыры жылт-жылт етеді; Әзім қос қолдап ұстаған делбені қайта-қайта сермеп сауырына шарт-шарт ұрады да, ара-арасында қиқулап делебе қоздыра түседі. Еті қызған ат әрі-берідесін арындап кетті; күн кештете көтерілген жел де қазір қатайып, түнде жауған күрпік қардың бет жағы әлден түтігіп, ақ жүлгеленіп сусып көше бастады.

Бораған қар делбе ұстаған Әзімге тіпті жайсыз; әсіресе, төрт аяқ топылдап құстай ұшқан аттың бауыры ұйқы-тұйқы борасын; тұяқтан ұшқан қар артқа қарай уыстап шашқандай Әзімнің омырауы мен бетіне шып-шып ұрып келе жатқан-ды. Ағызып келе жатқан ат кенет қар астындағы әлдебір қазан шұңқырға аяғын тығып, басын бауырына ала қос тізерлеп құлай жаздады; бірақ сіңірлі, мықты жануар бір-екі омбылады да, ізінше бойын билеп алды.

Ауылдан шықпай жатып шанада шалқалап жатып алған әйел қарсы алдынан соққан өткір желден бетін қашыртпай бір түрлі жайлы рахатта бесік тербеткендей шайқалақтап келе жатқан-ды. Көзі ілініп кеткен екен; түсіне кіргені, әлде ұйқылы-ояу тербеліп келе жатып кемпірдің қолында қалған баласы есіне түскені белгісіз, сасқалақтап басын көтеріп ала бере:

– Мұрат! Мұратжан!– деп, дауысы ышқына қатты шығып кеткенін өзі де байқамай қалды. Қызуы сәтте тарқаған еді. Жел шұғыл көтеріліпті. Көк жүзін түсі суық бұлт басып, айнала төңірек түнеріп, былайғы уақытта көк жиекке кез жетпей далиып жататын теңіз өңірінің басы-аяғы бүрісіп бір уыс бола қапты. Ал алды-артында ық қалмаған аңыраған ашық теңіз үсті болса-болмаса да түтігіп борап жатыр екен. Сен бұзылған түсі суық дүниеге шошына қарадың.

– Әзім, айналайын... қайтайық! Өтінем! Өтінем!

Осыған көрінген шығар, сорлы бұны тыңдамады ғой.

Аттың желігі мен ана пәленің қызуы қосылып еліріп алған. Не қылса да, Құдай бұларға көресіні көрсетейін деп алда күткен азап па, әлде ажалға бастап тұрды ма, әйтеуір бұны тыңдамады, тыңдамақ түгіл сол арада қайта бұрынғыдан бетер екіленіп еліре түсті.

Кенет ол:

– Әне!.. Әне, Жәдігер... Анау сол! Сол жайсаңның өзі!– деп делбе ұстаған қолын дереу ілгері созып, бұл кезде борап жауып кеткен ақ түтек қар арасынан қылаң берген жалғыз қарайғанды көрсетті.

Енді оны сен де көрдің. Иә, сол! Дәл өзі. Қарсы алдынан соққан қырдың атан түйені жыққандай әупіріп соққан қара желі мен борап жауған қарға қыңбай омыраулап басып келеді екен.

Екінші тарау

Апырай-ай, бұл неден қателесті? Неге бұлай болды? Осыған дейін бұл ниет қылған істің бәрі ылғи да ойлаған жерінен шығатын да тұратыны қайда? Сірә, не қылса да, бір жерде қателесті ғой? Сонда... Тоқта... Бұл жазған неден қателесті? Неден қателесті екен?

* * *

Айтса да, сол күні бұны Үлкен Үйге шақырған еді-ау. Бар пәле содан басталмаса қайтсін? Және бер жағындағы әлдекім емес, Үлкен кісінің дәл өзі шақырды дегенде, бұл тұра жүгіретіндей орнынан атып тұруын тұрса да, бірақ көзі қабырғадағы қоңыраулы сағатқа түсті де, қайта отырды. "Неге шақырды екен? Жақсылық болғай еді?" Әлденеге алып ұшып бара жатқан жүрегін әрең басты. Жүрек жақсылыққа да алып ұшады деуші еді ғой.

"Иә, Алла,– деді ішінен,– бәле-жалаңның бетін аулақ қыла көр". Бір кезде қаршадайынан мектепте құдайсыздар ұжымын басқарып, колхоз клубының сахнасынан "Құдай жоқ! Құдай жоқ",– деп тақылдап тұратыны есінен тарс шығып, енді қазір көсем портретін ілген ат шаптырым кабинетте академик басымен Жаратушы Жаппар Иеге жалбарынып ерні күбірлеп отырғанын өзі де байқамады.

Бұрын бұндайы жоқ-тұғын. Осының бәрі анада парткомиссияға шақырғаннан кейін болды. Сонан бері Үлкен Үйден жүрегі шайлығып қапты. Сонда көрген қорлығын бұл кейін тірі жанға тісінен шығармай тістеніп бақса да, жамандық естілмей тұра ма, жұрты құрғыр қапелімде құлақтанды да кетті. Не қылса да, сол күні бұны тергеуге алған қасқа бас: "Академикке тәпіріш көрсеттім",– деп мақтан үшін әркімге айтқан сияқты. Түбі осылай насырға шабарын қасқабаспен сөздері жараспай, салған жерден ілкем-шалыс түскеннен-ақ білген-ді. Қап, не қыласың... Бұның өзінен де болды. Тым құрыса, қазіргідей басына бұлт үйіріліп әңгімелі болып тұрғанда қиқарланбай, шақырған уақытқа дәл барғанда әлде қайтер еді? Ал бұл жатты да қитықты.

Бұрын бұл үйдегі бастықтардың қай-қайсысына да өзімсініп еркелеп барушы еді; енді маңдайшасына иесінің аты-жөні жазылған алақандай қаңылтыр ілген емен есікке келді де, құдды маңдайы тарс етіп тас қабырғаға тірелгендей қалт тоқтады; өзінен бұрын келген төрт-бес кісі отыр екен; жұпыны киінген жүдеу біреулер екен; мыналар сияқты, бұл да емен есікке баса-көктеп кіре алмай қорғалақтап қалған батылсыздығын жуып-шайғысы келгендей, иығын қомдап қоразданып алды; сосын бұнда істі боп келген әлдебіреу емес,

жұрттың сұрауымен сахнаға шығатын әншідей тамағын кенеп тыныс-демін кеңітіп алды; сосын барған жерін өкіректеп пысымен басып жүретін өзінің әншейіндегі өркөкірек менмендігіне бақты да, емен есікті қымсынбай жұлқып ашты; ішке де баса-көктеп кіріп баруын барды; табалдырықтан да аттауын аттаса да, бірақ онан ары баспай қалшиып тұра қалды; өзіне-өзі сенер-сенбесін білмегендей кірпігін қағып қалды; сосын "қайда келдім?" дегендей кекірейіп, әуелі қарсы алдында басы столға кіріп кеткен қасқа басқа қарады; қасқа бас тұқшиып қағазға үңіле қапты; бұны байқамады ма, байқаса да ұлықсатсыз кіргенге қитықты ма, басын қағаздан көтермей тұқшия қапты; мына түрі бұған бір шөкім бетінен бұрын, әуелі небәрі сабын қайнатқан сараң қатындардың бұзаушығындай бастың дәл төбесінде жалтыраған алақандай қасқасын көрсеткісі кеп, әдейі төмен қарап тұқырайып алған сияқты; сен, әрине, Үлкен Үйде де дәл осындай қағазбасты тұғыжымдар аз емесін білетінсің; ондайлар бұның институтында да жеткілікті; сен, бірақ, еш уақытта да осындай тұғыжым тірліктің түп астарын ойлап көрген жоқсың; тек үлкен ел болғасын оның алып тірілігіне өздеріндей ірі тұлғалармен бірге дәл осылардай құмырсқа өлермендікпен қыбыр-қыбыр, жыбыр-жыбырлап болымсыз да өнімсіз бірдеңелер істеп жататын біреулер керек сияқтанатын; ана жылы соғысты жеңіспен аяқтаған ұлы көсем грузин шарабы толған хрусталь фужерді жоғары көтеріп, сайыпқырандары алдында айтатын "винтик" осылар. Десе дегендей: шойыннан құйған алып машина апырып-жапырып дүрс-дүрс соғып жатқанда, соның әр жерінде кенедей жабысқан кіп-кішкентай бірдеңелер жанталаса тұқшыңдап тық-тық, шық-шық етпеуші ме еді? Әрине, сен оның не істеп жатқанын білмейсің, білгің де келмейді; сондықтан оған онша бас ауыртпай "бір қажеті бар шыгар" дей салатынсың; адам ба, машина ма – тұғыжым тірліктің түбі бір; ол таңдандырмайды; қасқа бастың да тұғыжымдығына таңданып тұрған жоқсың; сені тек тұқыраңдап қағаздан басын көтермей жатқан қасқа бастың отырған орны таңдандырып еді; табалдырықтан аттаған кісі енді бір басса маңдайы тарс етіп төрдегі қабырғаға тиетіндей тым қораш; осы бір күркентайдың ұясындай тым кішкентай, тым қораш кабинеттің төрінде тұқшыңдап қағазға үңілген тұғыжым қожасы тіпті кісі көңілі толмайтын қораш-ау қораш! Сен енді академик басыңмен сол қораш кабинетте тұқшыңдаған мына бір қораш кісінің алдына істі боп келгеніңе жаттың да қорландың.

Кенет көңіліңе күдік қашты: "Осы өңім бе?" Егер түсі болмай, өңі болса бұл қорлық басына қалай келді? Бұған осындай жерге келу лайық па еді? Жә, келген екен, келгесін ендігі тұрысының жөні қалай? Бәлкім, бұны шақырған мына тұқырақ емес, бұдан гөрі салауаттырақ басқа біреу болар? Бұрын соң басына бұндай іс түсіп көрмегесін сасып жүріп, қателесіп басқа есікті ашпасын? Сүйтуі мүмкін ғой? Ендеше мына тұқшыңдаған тұғыжым неме қағаздан басын көтермей тұрғанда білдірмей шығып кетсе қайтеді? Бұл жаңа кірерде шала-пұла жапқан

есікке қарай артымен шегіншектей бергенде... Қасқа бас қағаздан басын көтерді:

– Иә?..

Бұл не дерін білмеді; қапелімде не ілгері, не кейін барарын білмей, қараптан-қарап тізесі дірілдеді; қасқа бас оны байқады ма, жоқ па, белгісіз; алдында қалшиып тұрған нар қасқа кісіге назарын тіктеді; әдепкіде "бұл кім өзі?" дегендей шегір көзін сығырайтып таңырқай қарады; иә, таныды; бұрын ылғи Үлкен Үйдің дәлізінде кездесетін; кездескен сайын бұл елп етіп сәлем берсе де, бірақ ол көзіне ілмей кекірейіп өте шығатын; сол менменсіген такаббар академик алдында тұр; және бұрынғы менмендігіне баспай, әдеп сақтап жіптіктей бола қалған инабаттылығына іші жылып кетті; орнынан атып тұрып орындық ұсына жаздады да, өзін әзер ұстады; былайғы кезде көзіне ілмейтін такаббар ғалымның қазіргі тұрысының түп астары есіне түскенде, бір шөкім бет күйген терідей бүрісе қалды; сосын батпан салмақ пайда бола қалған бөксесін сәл көтеріп, алдында тұрған академикке саусағының мұздай ұшын ұстатты да, қолын ірікпей тез тартып алды; сосын барып оған иегімен орындық ымдап "отырыңыз" деді.

Қап, жаңа шығып кеткенде болады екен. Кісі істі болғанда осындай түкке тұрмайтын шүлтікейлердің де басынып, шікірейе қалатыны жынына тиіп тұр: "винтик!". Жарықтық, айтпайтын, айтса тауып айтатын еді ғой.

Е, Құдай, адам қор болайын десе қапелімде. Столдың аржағында жемтігін аңдыған күшігендей бұны көзінің астымен бағып, әлденеге әңгімені бастамай отырған мына неменің бір шөкім бетіне әлі назар салған жоқ.

– Шақырып жатыр дегесін...

– Иә, шақырдық...

– Жұмысты тастап келгем. Мүмкін болса, тезірек...

– Тезірек дейсіз, ә?..

– Иә, тезірек...

– Жоқ, бұнда келгесін біраз айналасыз. Шаруаның реті солай... Итак...

Қасқа бас қолын құшырлана уқалап орнынан тұрды. Столдың бер жағына өтпей, аржағында сыр жаққан емен паркетті сықыр-сықыр басып жүр.

– Арыз көп. Мынаны көрдіңіз бе?

Кілт бұрылып стол үстінде жатқан жуан сары папканың көкке тойған қозының қарнындай бұлтиған бүйірін үстінен басып-басып қойды.

– Осының бәрі арыз. Аты, атағы бар дыңдай ғалымдар жазған.

– Түсінем. Қазақ ғалымдары аты, атағы өсе бастаса арызды көбейтеді.

– Жоқ, сіз күлмеңіз.

– Күліп тұрғам жоқ. Таныс қылық қой. Соны білгесін, былай... әншейін...

– Былай әншейін дейсіз. Мақұл, мақұл... Ал мына арыздардың қайсы бірі көз жасын қағазға бұршақтатып отырып жазған. Бұған не дейсіз?

– Не дейін... Ғылымды қойғасын көз жасын бұлап арыз. жазбағанда не істейді.

Қасқабас жақтырмай қабағын шытып қалды. Сосын қолын артына ұстады. Сырлы еденге енді салмағын салып сызданып басып жүріп кетті.

– Үлкен Кісінің өзі бақылауға алып отыр. Біз бұны аяқсыз қалдырмаймыз.

Тұқырақ өзіне-өзі ырза болғандай иығын қомдап қодилана түсті; сосын желкесін күжірейтіп, мойнын ішіне тығып алды; үстіндегі киімді де қара сұр кескініне лайықтап таңдап алғандай: мөлт қара костюм; қара галстук; қара туфли; басынан аяғына дейін қараға көміліп алып қыт-қыт күліп қасына келе берген тәшір қараның бар бітімі құдды қара бүйе сияқтанып кетті; әсіресе оның тас төбесінде жалтыраған әлгі бір алақандай қасқасына дейін шағар алдында у-зәрін тісіне жиып, бүржие қалатын нағыз... мынау шынында да нағыз қарақұрт қой. "Не ғып тұрсың, шақ! Шақсайшы!"– деп айқайлағысы-ақ кеп ашу, ыза иектеп дір-дір етіп тұр; бұл неғұрлым жаны күйіп жарыла жаздаған сайын ол сұм соғұрлым жайбарақат; шегір көзін сығырайтып алған; әуелі бұның аяғынан басына асықпай бір қарап шықты; сосын әлденеге қыт-қыт күлді; міне, қасына келді; қатарласа бере тоқтады; қайтпек керек, бұған да көнді; ендігі тағдырының бір ұшы осы қасқа бастың қолында.

Осыдан кейін өзімен-өзі оңаша қалса, көз алдына қыт-қыт күлген тәшір қара елестейтін болды; түнде ұйықтағанда да түсіне не тәшір қара кіреді, не қарақұрт кіріп шошып оянады; бұны неге жорырын білмеді; тәшір қара тастай қараңғы үйдің бір жерінен шыға келетіндей екі көзі алақтап отырғаны; сосын шамды сөндірмей, самаладай ғып

жағып қойып ұйықтайтын болды.

Осындай жамандардың зәбірі өткенде, бұл кешегі жақсы күндерін еске алатын: иә, ол күндердің несін айтасың! Ол күндерде бұнымен ақылдасам деп ат ізін құрғатпай ағылып келіп жататын ию-қию кісіден есік алды құр болмайтын; таңның атысы, күннің батысы есігі алдында кезек күтіп тұратын сол әлгі кандидаттық қорғайтындар мен докторлықтан дәмесі барлар қайда? Алдағы академия сайлауына түсетіндер ол кезде бұл үйге кірсе, бірге кіріп, шықса, бірге шығып, алдын орап жүргізбеуші еді ғой? Ақ дастарқан жайған дәмге қайта-қайта шақырып, қатыны бір жағынан, өзі бір жағынан майлы қасықтай жылпылдап тұрушы еді-ау! Сосын бұны дастарқанның төріне әке-көкелеп отырғызар еді; әйелі бір жағынан, өзі бір жағынан елпілдеп алдына тарелка қояр еді де, үйіп-төгіп ас салар еді; бір қолына вилка, екінші колыңа пышақ ұстатар еді; сосын қайта-қайта тост көтеріп өзін мақтар еді; әйелін, баласын мақтар еді; әкесін, шешесін, әкесінің әкесін, шешесінің шешесін мақтай келе тілінің ебі бар қулар тұқым теберігінің бір жерінен сен өзің білмейтін бір асыл қасиет тауып, аузы талғанша дәріптеп ала жөнелетін еді ғой; соны тілге тиек қылған әлгі сумақай: "қу тақырға шөп шықпайды. Ол бесенеден белгілі. Қазақ топырағынан шығып жатқан қазіргі көзге түсіп жүрген көрнекті ғалымдардың бәрінің де түпкі тегінде дегдар біреу болмаса, ойбай-ау, ана пәленшекем, ана түгеншекем, мына арамызда отырған Әз-ағаң сияқты аты шулы ұлы ғалымдар шығып, жеті қат жер астынан су қоймасын... жоқ, су қоймасы несі, телегей теңіз тапқан, сол телегей теңіздің картасын жасаған ұлы ғалым үшін..."

Дастархан басында рюмкасын әлден көтеріп қопаңдай бастаған кісілер орнынан дүркірей атып тұрар еді; бәрі жапырлап жетіп келер еді; бұның алдында бәрі иіліп-бүгіліп, рюмкаларын сыңғыр-сыңғыр соғыстырып, бірінен кейін бірі бетіңнен сүйер еді ғой. Бұған әсіресе дастарқан иесінің ықыласы ерекше болушы еді-ау! Әйелі екеуі екі жағынан кеп шөп-шөп сүйгенде еріндері бетіңе желімдей жабысатыны қайда? Сонан кейін де құшақтарын жаза алмай, қайта-қайта бауырына қысқанда көңілі құрғыр босап, көзіне жас кеп қала жаздайтын да, сосын ертеңгі сайлауда ақ шарды тек ақ дастарқан иесіне ғана беруге нық бел буатын. Ау, кешегі ағыл-тегіл ақ дастарқан, ағыл-тегіл ықылас, сый-құрмет жүйкесін құртып тұрғанда, оның ғылымға не қосып, не қоспағанын қайтсін. Дастарқан иесі жөн білетін жақсы жігіт сияқтанған. Бұл дегенде шығарда жаны басқасын қайтерсің! Егер сол арада бұл отқа түс десе тайынбас еді! Оны айтасың, қалбалақтаған сорлы, бұл егер сәл ыңғай білдірсе, ретін тауып астыңа әйелін салып беруге де әзір еді-ау! Бұнысы, әрине, саған ұнаушы еді?! Сүйтсе, соның бәрі бастағы бақ пен қалтадағы ақ шардың құдіреті екен: осы қазақ айта беретін әлгі үйіне күліп кіріп, күңіреніп шығатын көп көлгір, көп сиқыр, көп-көп мәймөңке жәдігөйлер кімнің тарысы піссе, соның дәнін шоқитын торғай екен ғой; басыңа күн туғанда солардың бірде-бірі

қарасын беруге жарамай, үріккен торғайдай зым-қайым зытып берді; енді олар мәуелеп пісіп тұрған басқа бір жемісті ағаштың бұтағына барып қонады; ендігі соның шырынын жалап, жемісін шоқып, жасыл саясында бұлбұл боп сайрайды.

Сонда, тоқта... осы жұрттың опасыз тәркі дүние деп қаралай түңілетіні бекер болмағаны ма? Әлгі болдым, толдым деген төрт құбыласы түгел кісілердің де басына бір күн бар, бір күн жоқ баянсыз бақтан ата-бабаның қаралай түңілгені тегін болмағаны ғой? Бәтір-ау, сонда қолдың кіріндей кемді-күнгі ырзық-несібеге шашылған несіпке үймелеген сол әлгі жәдігөй, көлгір найсаптардың сарала етек жезөкшелерден айырмасы қайсы? Төсек қызығының дәмін бір түн бірге татқан еркектің құшағынан ертеңіне босанып шыға сала "сені қайда көрдім?" дегендей, құйрығы бұлтыңдап жөніне тартып кете баратын сайқалдар соны сайқалдықтан істесін. Мықтаса ол тәнін сатты, ал жанын сатқан имансыздар... олар... Жә, тоқта!.. Олар имансыз болғанда, сен... Бәсе, сен өзің... өзің ше? Ә, тиімсіз нәрсені ойлағың келмейді?

Бұл қатты жүдеді; ұйқысы бұзылды; таң алдында көзі ілініп бара жатса, түс көріп шошып оянады; қараңғы үйдің бір жерінде көрінбей тығылып алған тәшір қара қыт-қыт күледі; бұл оны көргісі келмей іргеге қарай аударылып түскенде, жамбасының асты сықыр етіп шошып басын көтеріп алады; жан-жағына алақ-жұлақ қарайды; бірақ бүкіл үйде бұның кеудесінде дүрс-дүрс соққан жүректен басқа сезік туғызғандай өзге дыбыс жоқ; сосын қатты шаншып кеткен кеудесін қос қолдап ұстап мықшиып отырады да, қайта қисаяды; бірақ көзден ұйқы қашқан; кеудесі шанышқасын жүректің дәрісін ішеді; шекесі сынып бара жатқасын бастың дәрісін ішеді; бірақ басы құрғыр бәрібір зеңіп тұр; құлағы шуылдайды; екі құлақтың екеуіне де шегіртке кіріп алып, миын шағып шырылға басатын да жататын сияқты; сонан зықы кеткесін құлағын сыртынан бармағымен нығарлап бір-екі басса, әлгі дыбыс кәдімгідей сап болады да, қолын тартып алса, қайтадан шырылға басады.

Жүрегі құрғыр бір пәлені сезді; әсіресе Үлкен Кісі шақыратын күні зықы кетті; қарағаннан қарап отырып жүрегі аблығып, түнімен көз ілмеді; ертеңіне зілдей басын зорға көтерді; төсектен аяғын салбыратып жіберіп, кірбиіп жүдеп отыр еді; есік сықыр етті; әдеттегідей үстіне кіруге бата алмаған әйелі ішке басын жасқаншақтай сұғып:

– Шай әзір...– деді де, жалт беріп есікті жалма-жан жаба берген-ді, сен:

– Тоқта!..– дедің.

Жаутаңдаған жасық жанар есіктен қайта сығалады.

– Киімдерім әзір ме?

– Әзір, әзір... Жуып, өтектеп...

– Тоқта! Сен иінге сұғылмаған су жаңасын әзірле!

Қалбалақтап жүгіре жөнелген әйел ішінен: "Үлкен Үйдегі бір мықтыға баратын болды ғой",– деп түйген-ді. Жоқ, бұл ешқайда да бармайтын. Ол күні Үлкен Кісіге шақырған хабар бұған әлі жеткен жоқты. Үсті-басына сірә да ұқыпты қарайтын жігіт киімдерін астанадағы ең таңдаулы портнойға тіктіретін де, сосын жай күндері де айт-тойға баратындай қырын жықпай сықиып киінетін. Қай жерге барса да, қатарласа кеткен кісілерден нар қасқа сұлу жігіттің өзі ғана емес, үстіндегі ине-жіптен жаңа шыққандай жұтынып тұрған киімдері де жұрт назарына бұрын шалынатын. Ол киген киімдердің елде жоқ үлгісі мен ешкімнен, еш жерден кездеспейтін асыл матасы, асыл матаның, әсіресе, мінсіз тігісінен астана әйелдерінің есі шығып: "жігіттің сұлтаны ғой! Қазақта бұнан асқан мәдениетті жігіт жоқ!"– деп тамсанып жатқанда, мына «ақта соны құлағы шалып қалған Аққұба жігіт мырс ететін: "портновская культура!"

Парткомиссияда болғаннан кейін бұл үсті-басына бұрынғыдан да мұқият қарады. Кісі істі болғанда, әсіресе, жұрты құрғырдың бас пен аяққа шұқшия қарайтын мінезін біледі. Сақал, мұртын қырған ба, жоқ па? Көйлегі шағаладай ақ па, жоқ па? Костюм, шалбар күндегіден қалай, қыры жығылған ,ба, жоқ па?

Халық айналайын да жас баладай қызық құмар: бүгін бір бастық кетіп, ертең бір бастық келіп абыр-сабыр боп жатса тіпті құба-құп; аударыс-төңкеріссіз тыныш өмірден гөрі, тым құрыса, местком жиналысында айқай шығып, путевканы ас қазаны ауыратын колит, гастриті бар көп балалы жесір әйелге бермей, тағы да көңілдес келіншегіне беріп, жұрт алдында май ұрлаған мысықтай жұмған аузын аша алмай, жүні жығылып отырған бастыққа жабылып, иттей талап жатса, мына жақта соған қыбы қанған қатындардың құдайы беріп, сол күні жұмысты қойып, хии-и-лап күліп жолы болады; олар Әзім парткомиссияға шақырылыпты, парткомиссияның бастығы да емес, сонда істейтін әлдеқандай тұқырақ біреу оған "отыр" деп те айтпастан тұрғызып қойып тәпірішке алыпты деп есітсе, е, онда бес қабат институттың төбесі дауыл соққан үйдің түндігіндей желпілдеп кетер-ау!

Бұл соны білді; соны білгесін жұрт алдында өзін бұрынғыдай барынша нығыз ұстады; үсті-басын бұрынғыдай сәндеп бақты; басына үйірілген бұлтты бұл білдірмейін деп қанша тырысса да, бірақ иісшіл иттей тіміскілеп жүретін қулар бәрібір білді; басқадан бұрын оны алдымен өзінің кісілері білді: директордың кабинеті неге өлік шыққан үйдей тым-тырыс? Телефондар неге көмейіне құм құйылғандай тіл-

жағы байлана қалған? Бәрінің үні өше қалғаны несі? Бұрын осылар бірінен соң бірі жылан шаққан баладай жағы сембей шарылдап жататыны қайда? Осы тегін бе? Жұрт жұмысты қойды. Бес қабат үйдің қуыс-қуысының бәрі сыбыр-сыбыр, жыбыр-жыбыр, пыш-пыш. Айтатындары – Үлкен Кісі неге сырт айналды? Үлкен Үй неге шақыруды қойды? Телефондар неге тым-тырыс?

Әне, оң жақ шынтағы астында мелшиіп алған меңіреу телефондар тілін жұлғандай; осы күндері бәрінен бұрын тілі жұлынған телефондар бұның жанына қатты батты; кейде қастасқан біреу сымын қиып кеткендей көреді де, оң шынтағы астында иін тірескен қызыл, жасыл, ақ, сары телефондарға қол созып, әрқайсысының трубкасын бір көтеріп тыңдап көреді; жоқ, істеп тұр; бұл тек өзіне жақын тұрған көкірегінде жұдырықтай алтын гербі бар, піл сүйегі теңдес ақ сарыға қол созбады; бұдан үміт үзгелі қашан; Үлкен Үйдегілер бұрын осы алтын гербтімен күніне бір телефон соқпаса, не сол үйде күн сайын қиқуласып жататын сан сапалақ жиналысқа, мәжіліске, конференция, пленум, актив, съездерге әлдеқалай қатыспай қағажу қалса, қатысуын қатысып, бірақ жарыссөзде жұрттан бұрын сөйлемесе, бұл сөйлегенде жұрт дуылдата қол соқпаса, ең арысы жиналыстың президиум құрамына кірмей, мына жақта көпшілік арасында қалып қойса да, сол күні ұйқысы бұзылатын; ол күндер өтті; енді, керек десе, мына мелшиген меңіреу телефондардан да күдер үзіп көзін ала бергені солтұғын; жаңағы алтын гербті телефон ана телефондардай шар етпей, көмейіне күміс қоңырау орнатқандай сыпайы үні сыңғыр етті; күміс қоңырауда кісі шошитындай ештеңе болмаса да, бұл орнынан атып тұрды; неге бүйткені санасына жетіп үлгірмей, қараптан-қарап қалтырап кеткен қолы трубканы әрең көтерді.

– Ал... ал-ло...

Даусына діріл еніп, демі жетпей барады; қан шапшыған қос шекедегі тамырлар қатты соғып, құлағы шыңылдап, ана жақтан ақырын шыққан дауыстың қазір, бұл масқара болғанда, не айтқанын есітпей қалатындай қорықты.

– Сә-леметсіз бе? Иә... иә, тыңдап тұрмын. Кешіріңіз... нешеде дедіңіз?

– Төрт.

– Құп... Сізге барайын ба?

Жоқ, Үлкен Кісіге...

Қабырғадағы сағатқа қарап еді, он екі; демек, әлі уақыт бар. Неге шақырды екен? Бұл білерде, әдетте, Үлкен Кісі айлап, жылдап сұранғанда кісінің кісісін таңдап, талғап қабылдаушы еді; иә, ол өздігінен ешкімді шақырмаушы еді ғой; апырай, ә?.. Бұнда не сыр бар?

Бұл күнде бұның бары-жоғын басқа түгіл достары ұмыта бастағанда, Үлкен Кісінің еске алғаны... Жақсылық болса жарар еді. Ал егер... Егер де?.. Арғы жағын қазбалауға қорықты; қараптан-қарап қолы, аяғы мұздап бара жатқанын іші қабыл алмады; бірақ тағдыры дәл қазір не ары, не бері болғалы тұрғанда, көңілін жамандыққа бергісі келмеді; жоқ, жоқ, Құдай жамандықтың бетін аулақ қылсын! Есіне қызыл бет көмекші түсті. Айтса да, Үлкен кісі қырына алған кісілерді әдетте ол қырып жібере жаздаушы еді ғой? Ал бағана бұған телефон соққанда, оның әдетте кісінің төбесін тесе жаздайтын дүңкілдек даусы құлағына зілсіз де зәрсіз естілген сияқты емес пе еді? Соған қарап Үлкен Кісі бұның анадағы білместік қатесін бір жолға кешкен, райынан қайтқан екен деп қалып еді.

Қоңыраулы сағат үшті соқты. Бір сағаттан кейін Үлкен кісінің қабылдайтынын ойлағанда үміт пен үрей қосарлап, не қорқарын, не қуанарын білмей, көкірегі тағы да аблығып кетті. "Иә, Алла,– деді ішінен,– өзің қолда!"

Қоңыраулы сағат... Лып етіп орнынан атып тұрды. Үлкен Кісінің алды қашан барса да ел тізгінін ұстаған өңшең ығайлар мен сығайларға лық толы болатын. Бұл осындай орайы келіп тұрғанда шақырған уақыттан сәл бұрынырақ баратын да, әлгі ел тізгінін ұстаған ығайлар мен сығайлардың арасында елтең-селтеңдеп көзге түсіп қалғанды әдетке айналдырып, машықтанып алған-ды. Қол, аяғы, жеп-жеңіл. Жүрегі алып ұшқаны болмаса, көңілін жамандыққа бермеді; көзіне түскен шашын әдеттегі машықпен кейін қарай сілкіп тастады да, аяғын ширақ алып шапшаңдап сыртқа шықты; сүлік қара тосып тұр екен; асыққандікі ме, бұл жолы өзінің арт жақтағы дағдылы орнына отырмай, шофердің жанындағы орынға шалқалап жата кетті де, иегін көтеріп: "Үлкен үйге" деді; мотор дүр етті; сүлік қара суға салған қайықтай бауыры жер сызып жылжи жөнелді; әлгіндей емес, алабұртқан жүрек аптығы басылып, тұсындағы әйнекке көз салды; қала іші күндегідей, бүгін де берекесіз, ығы-жығы екен; "винтики" ,– деді ішінен; ұлы көсемнің тапқырлығына толқып шабыттанып кеткені сонша, тас көшеде тұяғы сыртылдап әрлі-берлі жосып жүрген мыналар бұған шыныменен илеуіне жем тасыған құмырсқаға ұқсап кетті.

Пақыр пенденің тірлікте бітпейтін де қоймайтын шаруасы-ай! Ертелі-кеш дорбасы салақтап, емпеленделеп асыққан біреу; қайда асығатынын, неге асығатынын адам біліп болмайтын үлкен қаланың әдеттегі берекесіз де түсініксіз тірлігі әрі-берідесін жалықтыра бастады; көк ала түтінді бұрқылдатып ағылып жатқан машинадан көз сүрінеді; арқасына таудай топырақ үйіп, тас, ағаш, кірпіш тиеп алып ыңыранған өңшең БелАЗ, КамАЗ, КРАЗдар; үлкен қаланың әлдебір жерінде бесжылдық жоспарды үш жылда орындамақ боп Отанға, Партияға ант беріп, енді әне қызыл танау боп жанталасып жатқан әлдебір алып құрылысқа апара сала құятын ыстық қара май,

сылқылдаған көк соқта цемент тиеген көккасқа самосвалдар арылдап ағызып келе жатқанда, Құдай оңдап, алдынан ала таяқты, қызыл картузды біреу шыға қалса құба-құп; онда темір тормоз шақыр-шұқыр етеді; қалған уақытта құдды таудан дүркірей құлаған топан сумен қосыла домалаған дөңбек тастардай гүрілдеп, дүрілдеп келе жатқан әлгі КамАЗ КрАЗ, БелАЗдар күнде-күнде үйінен боз ала таңмен таласа жем іздеп шығып, енді әлдебір көшені қысқа мойыннан кесіп өте берген әлде кемпір, әлде шалдың зәресін ұшырып бітеді.

Айтса да, бүгінгі қала қандай көңілсіз; көптен бері жаңбыр тамбай реңі қашқан сұр асфальт, сұрғылт үйлер түтін мен шаңға тұншыққан; сол түтін мен шаңға тұншыққан сұрқай қаланың бұдан да гөрі сұрқын қашырып жүдете түскісі келгендей, сапырылысқан көшеде сумкасы салақтаған ебіл-себіл біреулер; таңның атысы, күннің батысы дүкен жағалап жосып жүргендері; бүгін де солай, ертең де солай; бар күндердің бәрінде де жем іздеп тас көшеде тұяғы сырт-сырт.

Бір ғажабы: мына сумка арқалап, дүкен жағалап жосып жүргендердің арасында жастар жоқ; пәтшағарлар ас ішпейтін іші бітеу ме? Әлде шетінен кекірігі азған осы қаланың ұл-қыздары ыстыққа шықпай үйде көлеңкелеп жата ма? Бұның күнде-күнде көретіні кіл кәрі-құртаң; кезерген ерін; кіртиген көздер; ана көшеде де, мына көшеде де солар мықшыңдап сетке, сумка, дорба көтеріп қалт-құлт, бүкшең-бүкшең; әне сетка түбінде томпайған көк базардағы корей шалдан сатып алған төрт-бес тал жуа, бес-алты түйір картоп көтерген кемпір жары жолда демікпесі ұстап, бүктетілген белін жаза алмай, таяққа сүйеніп ырсылдап тұр; ал айран, сүт түскен әне бір дүкеннің іші-сырты үйме-жүйме халық; бұлар да өңшең кәрі-құртаң; бұлар да шаң-шұң; әне, қолына ештеңе ілікпей, өңіріндегі түймелер үзіліп алау-далау боп шыққан бурыл бас біреу қолындағы бос сумканы құла далаға кіжіне сілтеп, әлдекімге ызалы бірдеңелерді бат-бұттады да, тағы бір дүкенге сүріне-қабына жүгіре жөнелді.

Мынау бұнан бұрын да көріп жүрген тірлігі; бірақ бұл бұрын осындайларға көңіл аудармаушы еді; қазір алдағы кездесуді ойлағысы келмеді де, тұсындағы әйнекке қайта төнді: мыналар коммунизм құрып жатқан бақытты елдің пендесі емес, бұл білмейтін, бұған белгісіз, басқа дүниеден келген бөгде біреулер сияқты; сосын бұның өзі де шаң мен түтін астында тұншыққан осынау тірлікке әлдеқалай тосыннан тап болып, түсіне алмай таңырқай қарайтындай.

Апырай, мына ит өмір қашан да осылай ма? Кеше де, арғы күні, онан арғы, арғы күндер, апталар, айлар, жылдардың бәрінде де дәл осы қазіргідей шаң, тозаң, түтін астында сумка, сетка, дорба арқалап, бүкең-бүкең дүкен жағалап, сүт жетпегенде, айран жетпегенде, тым құрыса, көк базардың жаймасында корей шалдың жуасы, сәбізі, сарымсағы үзілмей, өзбек ағайындар мен ұйғыр ағайындардың өрігі,

мейізі, жеміс-жидегі үзілмей, қымбат та болса, әйтеуір, Құдай оңдап ақшаңа табылып тұрғанын дәтке қуат қып, шөл далада сағым қуғандай жығылып сүрініп, ит тірліктің түбіне жете алмай өте ме?

Бұл ой сенің басыңа жаңа келді. Ал басқалар ше? Басқа болғанда... ана, қойнына бөтелке тыққан үрпек бас жастар бірдеңе ойлай ма? Осы елдің, жердің, судың ертеңгі қожалары не ойлайды екен? Олар, сірә, бірдеңе ойлай ма? Сірә, ойлана ма? Әлде ертелі-кеш шаң-шұң мен опыр-топыр арасында жаға жыртылып, жең жұлынып, түйме үзіліп жататын дүкендерден аулақта, тау суы сылдыр-сылдыр аққан тыныш, таза көшелерде, фонтан, сквер, парк саясында ит жетелеп серуендеген әпенде қыздар мен қойнына бөтелке тыққан әлгі әпенде бозбалалар қыдырып жүріп, бір-біріне әлдеқалай кездесе қалғанда "чао!" деп қол көтеріп, бірақ тоқтамай өтіп кетіп, уайым-қайғысыз уақыт өткізе ме? Болса да, өз басың қала жастары ана жақта үй тонап, кісі өлтіріп жатса да қаперіңе кіріп шыққан емес. Ал, әне бір қазақ жастарына көсемсіп, қос уыс жиналыс болса кеңірдек керіп қиқулап шыға келетіндер ше? Солардың бірі болмаса бірі қолы қалт еткенде шет жақтағы кішігірім дүкендердің қаға берісіне бой тасалап тығылып тұрып төңірегіне көз салса ғой, талайды көрер еді; басқасын қойғанда, олар шетелдік сигардың бәсіне келіспей, "ну старик!"– деп бұртаңдап тұрған осы қаланың бұйра бас, желкілдек шаштыларын көрер еді ғой. Әке-шешесі болмаса, басқа кісі кескін-кейпіне қарап не ұлтын, не жынысын айырып болмайтын осы қаланың құдды меңдуана жеген есектей ұрынарға қара таппай қақтығысқан, соқтығысқан тағы талай ши борбай үрпек бастарын көрер еді-ау.

Иә, мына тірлік бүгін бұған қатты әсер етті; тұсындағы әйнекке қанша төнсе де, осылар мен осындайларға, сосын сумкасы салақтаған әне бір кәрі-құртаңдарға мекен болып бара жатқан мына қаладан көз қуанатын жібі түзу біреу көре алмағанына қайран қап отырғанда, кенет... О, тоба! Тоба! Тіліне оралған осы бір жалғыз ауыз сөзді күбірлеуге ғана шамасы келді; тұсындағы әйнекке қайта ұмтылды; қыз ба, әлде күйеуге жаңа шыққан келіншек болса да өзі білсін; әйтеуір осынау кісі бойын еңселеп баса түскен жер бетіндегі жүдеу тірлікке қазинесі кең Құдайдың құдіретімен көктен жіберген жалғыз көз қуанышындай бір әдемі бикешті бұл жанына тақап келгенде көрді; көрді де есі шықты. Үлкен Кісіге келе жатқаны да жадынан шығып кетті; жайлы орындыққа денесін жығып салып шалқалап жатқан самарқау күйден шұғыл сергіп, бойын жиып алды. Перизат!... Ғажап! Бозала таңнан жем іздеп сумкасы салақтап сүрініп-қабынғандардың арасында дүние қамы кәперіне кіріп шықпай, қазық өкше туфлиді қыдың-қыдың басқан сұңғыла бикеш бұның жанарын бірден арбап алып еді.

Тек, әттең... Әттегене-ай, бұл мына бикештің басы мен аяғын қызықтап көз жүгіртем дегенше ылдиға қарай мөлтілдеп келе жатқан

машинасы құрғыр қазір-ақ ағызып өте шығар ма екен? Сорлатқанда, керек десе, бұл көз құмарын да қандыра алмай... Жоқ... Садағаң кеткір шофер бала, сірә, бұның аржақ ойын аңғарған сияқты; қызбен қатарласа бере жүрісін кілт тежеп ілбіді де қалды: және жаяу кісілер жүріп жатқан тротуарға бүйірлеп жақын келгені сонша, сен енді озбай да, қалмай да қапталдасып қатар келе жатқан қызға қол созсаң жететіндей; қыз да соны байқағандай, дереу бойын жиып алды; еліктің лағындай қара көзі бұған қарағанда кірпігін қағып, жаутаңдап қалды: не қылса да мына қыздың табиғатында әлі де болса бастықпаған үркектік бар ма, қалай? Әдемі қыр мұрынның елбіреген жұп-жұқа танауы неге әнтек дір етті; басқа кезде қалай киінетінін қайдам, ал қазір әлде әйел айналайындардың еркекке ұнағысы келгенде өзі білетін өнерін аянбай-ақ салып баққаны байқалады: аржағынан аппақ денесі көрінетін селдір шыт көйлектің жеңі де, жағасы да жоқ; тылтиған етегі де тізесінен жоғары шауып, оқтай түп-түзу сирағы мен аппақ саны соқыр біреу болмаса, көзі бар кісі көрсе жанарын арбап, желімдей жабыса қалатын әзәзіл сиқыры бардай; егер жазатайым қазіргі әйелдер ол жер-бұл жерін шүберекпен жасыратын үрдісті тастапты-мыс деген лақап шықса, сірә, мына бикеш үстіндегі әлгі болар-болмас лыпаны басқалардан бұрын сыпырып тастаудан тайынбас еді: сосын беті жылтыр ұрғашы көрсе ес-түсінен айырылып қалып, соңынан әукесін сала ұмтылатын еркектерге бұл да өзінің, ана көкке тойған марқа қозының құйрығындай үстіндегі денемен дене боп қабысқан жұп-жұқа шыт көйлек астында бұлтылдаған жұп-жұмыр бөксесін, қылдырықтай белімен жұрт көзіне жалаңаш тосқысы келетін де тұратын албыраған түлкі сағақ аппақ мойнын, онан да басқа тұла бойындағы тағы талай бар-бар көз тартар жерін "ал, кәне, көріп алыңдар" дегендей ешкімнен иманы сескенбестен сылаңдап көшеге шығар еді-ау! "Иә, тайынбас еді, көшеге шығар еді",– дедің; шынында да мына бикештен бір сондай батылдық байқағансың-ды.

Бұл өзін осыдан артық ұстай алмай қозғалақтап кетті; енді сәл кідіргенде ілбіген машинадан сыртқа атып шығып, бара сала құшақтай алатындай еді; қыз соны байқады; найза кірпік астынан саған бірер үркектеп қарады да, ар жағында ағылып жатқан кісілердің арасына зып беріп кіріп кетті; енді қайта көрінбеді; сен әрі-бері мойын созып қарадың да, көре алмай, күдер үзгесін көзіңді алдыңа тіктеп едің; машинаның бағанадан бері бұлайша неге бауырын жаза алмай бүгежектеп қалған себебін енді білдің; "Үлкен Кісіге кешігіп қалмасам не қылсын",– деп ойлап жанындағы шоферге қарап еді; әншейінде бастығының аржақ ойын айтқызбай аңғарып елпілдеп тұратын жігіт бұл жолы селт етпей, сұп-сұр боп көзін алдына тігіп апты; шофер қараған жаққа бұл да көз тастап еді; сүйтсе... алда ілбіп бара жатқан әлдеқандай бір алқам-салқам ескі жүк машинаның үстінде басы бауырына түскен әйел, еркегі аралас бес-алты кісінің ортасында сырланбаған тақтай табыт тұр екен; мүрде жатқан машинаны жалғыз бұлар емес, бұлардан кейінгі машиналар да басып озуға дәті жетпей,

бірінің соңынан бірі шұбалып тырнадай тізіле қапты, сен тағы да: "кешігіп қалмасақ қайтсін",– деп тынышсыздансаң да, бірақ сыртыңа шығарып тіс жарған жоқсың; мына жұрттың басына түскен шарасыздық саған да түсіп ішіңнен тынып: "ажал шіркіннің түсі қандай суық",– деп көзіңді басқа жаққа бұрып әкеттің; сүрікті сағаты жеткенде бұл пәледен кім қашып құтылған: тек ажалы құрғыр кісіге келсе дәл қазіргідей жеміс ағаштар жаңа гүлдеп жатқан көктемде келген қандай жаман; ана қарашы, биылдыққа бұлт айналмай қойған шайдай ашық аспан қандай мөп-мөлдір; көк нілмен жаңа ғана шайып тазартып алғандай, тас төбеде күлің-күлің етеді; апырай, мына шаң астында тұншыққан қаланың үстінде шалқалап жатып алған көк ніл аспан мен жарық күнді бұл жалғанда енді қайта көрмей, мәңгі бақи көз жұмған қандай пақыр екен? Кім екен?

Осылай ойлауын ойласа да, бұл бірақ мына салдырлақ ескі машинадағы табытта жатқан мүрденің тіріде кім болғанын шамалап отыр: бұл жарықтық тіріде қайбір айдарынан жел есіп қарық болды дейсің; мықтаса осындағы көп заводтың бірінде істеген шығар; ай сайын алатын азын-аулақ айлығын үйіне апармай ішіп қойып, қатын, балаға өле-өлгенше жеккөрінішті болмады дейсің бе? Бұның өлімі кешегі күні көзі тіріде бір бөтелкені бөліп ішкен сыбайластары болмаса, басқа кімнің қаперіне кіріп шықты дейсің; табыт жанында бүрісіп отырған азғантай туыстары қазір қала сыртындағы қорымның шетінен екі аршын жерді шұқып қазар-қазар да, үстіне томпайтып топырақ үйіп, оған ағаш крестің үшкір жағын ырғап кіргізер; тіріде құтылғанша асыққан сорлыны жерлеп қайтқасын бұлардан басқа кім жоқтап көкірегі қарс айырылар дейсің; мыналар да көкірегін өртеп бара жатқан әлде ыза, әлде күйікті ащы арақпен басып, селедканың бірі басын, бірі құйрығын иіскелеп солқ-солқ жылап отырып, еске алса алар, бірақ сонан ертеңіне, ұйқыдан оянғанда зіп-зілдей ауыр басын жастықтан әзер көтеріп, тәлтіректеп тұрғанда ешқайсысының да есіне кіріп шықпас-ау!

Жарықтықты бұл шын аяды; не туғаны, не өлгені ешкімді селт еткізбейтін осындай қадірсіз өмірдің керегі

Жарықтықты бұл шын аяды; не туғаны, не өлгені ешкімді селт еткізбейтін осындай қадірсіз өмірдің керегі қанша? Баяғыда жарық дүниеге қалай келді? Онан қалай өмір сүрді? Енді қазір фәни жалғаннан қалай кетіп бара жатқанын мыналардан басқа жан білмейді.

Айтса да, академик басымен бұл да өзінің қай жылы туғанын білсе де, бірақ дәл қай айда, қай күні дүниеге келгенін білмейтін. Комсомолға өтерде әкесінен айын, күнін сұрағанда, марқұм әкесі бұған әуелі алара қарап: "оны қайтесің?"–деді. Сосын сырт айнала бере қолын сілтеп: "Ит білсін бе, сен туған күні жағаға алғаш қар жауған еді",–деген-ді.

Арал өңірінде қар кей жылы қарашаның аяғын ала жауса, қайсы бірде желтоқсанның бас кезінде кірбік бірдеңе әзер қыламықтайтын; неге екенін қайдам, сен сол екі айдың біріне тоқтамай, туған күніңе қазанның 22-сін алғансың-ды; сүйтіп сен де өзіңнің дүниеге қай ай, қай күні келгеніңді білмесең де, бірақ соңыра сүрікті күн саған на жетіп көз жұмғанда, осы халықтың сені ана дүниеге қалай жөнелтіп саларын шамалайтынсың; осы дүниенің қызығы мен қуанышын сенен аямаған Құдай о дүниенің де марапатын аямасы белгілі.

Жә, өлімнің бетін ары қылсын; бірақ ажал жетіп өле қалған кезде ол күні атақты ғалымын азалаған исі қазақ үйде отыра алмай, кәрі-жасы көшеге шығып теңселіп кетер-ау! Таң атар-атпастан радио аңырап, сай-сүйекті сырқырататын қайғылы саздар бірінен кейін бірі сарнар-ау! Сол күнгі газеттердің бәрінде де үкімет пен партия басшылары қол қойған көлдей азанама көрнектілеп берілер-ау! Қоштасуға ағылып келіп жатқан халықта қисап болмас-ау! Бұл сонда қан күрең мақпалмен тыстаған табытта, тау боп үйілген гүл шоғының арасында кере қарыс маңдайы жарқырап жатар-ау!

Түс таяу, бірақ қоштасуға келіп жатқан халықтың жуық арада аяқситын түрі жоқ; қаладағы көп-көп министрлік, комитет, қоғамдық мекемелер, сосын завод, фабрика, ғылыми институттар, ғалымдар, жазушылар, ағайын-туғандар, достар, жолдастар ию-қию, шек жоқ, қисап жоқ; сен болсаң үстінде бұрын иінге сұқпаған мөлттей қара костюм, ақ көйлек, қызыл галстук; дүние салған адамнан гөрі мына қан күрең табытта да сен дәл бір Үлкен Кісінің өзі қатысқан тағы бір жиналыста сөйлеп кеп, енді ештеңеге зауықсыз, самарқау қалпы киімшең бойымен қолын кеудесіне айқастырып сап, мына ағылып келіп жатқан халыққа назар аудармай, бей-жай, сұлық жатқандайсың!

Міне, түс ауды; басшы кісілер іштен иықтарына көтеріп алып шыққан табытты сыртта қаңтарулы тұрған көш құлаш қара машинаға

апарып жайғастырды; енді қазір қаралы шеру ақырын ілбіп қозғалатын бар-бар көшелердің бәрінің екі бетіне алдын-ала қаздитып мелиса тұрғызып қойған; солай болатынына сен кәміл сенетін едің-ау. Соңыра дүние салғанда саған көрсетер бар сый, бар құрмет пен саған істелер бар-бар марапат айна-қатесіз дәл осылай болатынына құйттай да күмәнданған жоқсың-ды; саған сол күннің сонан былайғы жағы қалай болатыны да белгілі; сонан былайғы жағын ойлағанда сенің көз алдыңа әрқашан ауыр қазаны әзер көтеріп, аяғын мамырлап ілбіп басқан әлгі азалы шеру елестер еді; қаладан шұбатылып шыққан сол ұзыннан-ұзақ шеру соңында бір тоқтап, бір жүріп тырнадай тізіліп келе жатқан қисапсыз көп машинаға сірә да көз жетпейді; міне, ақырын, өте ақырын қозғалған қаралы көш әрең дегенде тау баурайындағы қасиетті кісілер ғана жерленетін қорымның шетіне ілікті; тіріде тәуір қызметке таласып-тармасып жататын кісілер осы күні өлікті де бірінен-бірін оздырғысы кеп әбігерге түсіп жүрген жоқ па?

Саған, әрине, Көктөбедегі қасиетті қорымның ел көзіне басқалардан бұрынырақ түсетін жері тиеді; ондай жерді көптен бері сен өзің де көздеп жүргенсің-ді: көкейде жүрген жерден тиген қабырды қаралы көш келгенше әзірлеп қойған; қабыр басына құрған мінбеге бұны жөнелтуге арнайы құрылған комиссия мүшелері көтерілді; бірінен кейін бірі сөз алған кісілер тіріде айтып тауыса алмаған мақтауын ана екі аршын қабырдың жанына апарып қойған табытта жатқан мүрдеге тіпті аямай-ақ үйіп-төгер-ау! Тоқта... Иә, бұндайда туыстар мен жолдастар атынан біреулер сөйлеуші еді ғой? Туыс дегенде... бұнда быдық ағасынан басқа ет жақын кім бар? Ол бишара суық хабарды есіткен бойда қатын, баласын жетелеп, сүрініп-қабынып жетер-ау; бірақ ол жаңа қолтығынан сүйеген біреулердің демеуімен мінбеге шыққасын қабыр басында иін тірескен ығы-жығы жиынды көріп көңілі босап кететін шығар; әншейінде де ауылда екі ауыз сөздің басын қоса алмай, былдырықтап кететін быдық сорлы, мына арада тіпті түк айта алмай "мен деген... маңдайы құрыған... құрыған деген...",– деп өз маңдайын өзі ұрып масқара болмаса қайтсін? Соны ойлағанда сені әрқашан осы жағы қинайтын;сосын, әрине, жолдастар атынан біреу... Сені бұл да қиналтады; дос, жолдас дегенде бұның тіріде төңірегіне жиған кісілердің ішінде ноқтаға толық кім бар? Кеше ту дегенде түкірігі жерге түспей тұрғанда төңірегіне жиған қара тобырдың шама-шарқы белгілі; айтқанын екі етпей елпілдеп тұрғаны болмаса, сол шіркіндердің ішінде өзіндік ойы, пікірі бар жібі түзу бірі жоқ екен-ау! Шауып шыққаны – Жуан Жақайым; өзінен кейін ғылыми зерттеу институтын ұршықтай үйірген екінші бастық; бірақ оның да мардымы белгілі: Құдай біледі, о да әлгіндегі быдық ағасы секілді көмейінде тұрған көз жасқа ие бола алмай, сөйлер жерде даусы дірілдеп кетер; сонан соң ол қарауындағы жігіттер жазып берген сөзді де дұрыстап оқи алмай, еңіреп тұрып; "Қош азаматым! Қайтейін... ұлы ұста-з-ым",– деп, сонан ары жас жуған шаратабақтай бетін жеңімен сүрткілеп теріс

айналып кетер; қабыр басындағы халық енді оның шошқа жон жауырыны мен селкілдеген, май басқан иығын ғана көрер...

Сөз біткесін мінбеде тұрған кісілер жерге түсер; сен үшін де, қабыр басына жиналған қыруар халық үшін де ең қиын сәт енді басталар; қиындықты сезген жұрт әлден дем алмай, тым-тырыс боп тына қалар; қарулы жігіттер қолдарын көтерген табытты аржағында қап-қара боп үңірейіп жатқан қабырға түсірер жерде жаңағы жым-жырт боп тына қалған жиын кенет қозғалып кетер-ау! Басына қара жамылған әлдебір әйел өкіріп жылап, табытпен бірге тап қазір қабырға құлайтындай ілгері ұмтылар; ертеден бері екі қолтығынан екі кісі ұстаған сарторы әйел қабыр аузында түс жоқ, өң жоқ талықсып тұрар; заманында айтудай-ақ сұлу болған осы әйелді жыға танымаса да, бірақ шырамытатын сияқты ма, қалай? Қабыр түбінен жанарын жытылап әрі-бері қараса да, арада көп жыл өтіп кеткесін түстеп тани алмас: және дәл осы кезде "топырақ салыңдар!" деген дауыс шығар; табытта жатқан дене дір етіп, қолы, аяғы мұздап кетер; қабырға жақын тұрған тағы бір бүлдіршіндей бикеш ертеден бері дыбыс шығармай, алақанында умаждалған су-су орамалмен аузын басып тұншығып тұрған-ды; әрине, бұны сен бірден танисың; кандидаттықтан дәмесі бар келіншек; бірақ кешегі жақсы күндерде тар төсектің қызығы мен шырын балдай ләззаттың өзіңмен бірге бөліскен мына бикешті ден қойып ойлауға шамаң келмес; әне, жаңағы "топырақ тастаңдар!" деген әлдекімнің әмірінен кейін ығы-жығы халық топырлап кеп бірінің қолынан бірі күрек алып жатыр; іле-шала қабырдың екі бетінде үйіліп жатқан сыз топырақ тақтай табытқа былқ-былқ түсе бастады; бәрі де бұны апалақ-құпалақ көміп, үйлеріне тезірек қайтуға асығып жатқандай; күрекке қолы жетпеген әне біреулер сыз топырақты саусағының ұшымен іліп алып, қабырға жақындамай шегіншектеп тұрып тастады да, алақанын қағып алды-артына қарамай тайып барады; үстіне әлі де былқ-былқ түсіп жатқан сыз топырақ арасынан кенет табыттың бетін жапқан мақпал тысты қақпаққа әлдебір қатты нәрсе тиіп дұңк етті; сен сескеніп қалдың; топырлаған көппен бірге қабаттасып келген тағы біреу топырақ салғансып, бұның ақ кебінге әспеттеп оралған мүрдесін кесектеп жатпаса қайтсін? Тіріде аямаған қаныпезер немелер енді ақырет сапарына жөнеліп бара жатқанда тас атқаны не сұмдық? Ой, жауыздар-ай! Кек алатын кезек өздеріне тигесін тіріде кеткен есесін елгесін қайтармақ қой. Кесекте! Кесектеңдер! Кесектеп қалыңдар!

Сен, бірақ, өзіңді кім кесектеп жатқанын білген жоқсың. Мына дүниеден бетін біржолата ана дүниеге бұрған кісі тірілердің қай иттігін білсін. Қастастары әріберідесін айылын жимауға қарады. Тоң кесекті тасырлатып жаудырып жатыр; тас па, кесек пе, қатты бірдеңе дәл көкірек тұсындағы тақтайға дұңк-дұңк тиді; сен солардың бірі болмаса бірі жанды жеріңе тиіп зақым қылатындай, дәл бір өзіңнің тірі кезіңдегідей сескенетін сияқтысың.

Әй, мынау қайсысы? Кім де болса, қаныпезер біреу. Ешкімнен айылын жимай ашықтан-ашық келді де, шеңгеліне сығымдап қысып алған қой басындай тасты бұның көзінің үстін ала бере қақ маңдайдан көздеп...

Жүрек лүп-лүп соғып, көзін үрейлене ашып алып еді. Өзі де дәл бір ана дүниеден оралғандай айналаға апалақтап қарады; апалақтаған көз әуелі тастөбеде шалқалап жатып алған аспанға түсті; сосын сәл төмен сырғып Үлкен Үйге түсті; сонан соң Үлкен Үйдің алдына із құрғатпай бірі келіп, бірі кетіп жатқан шаңқан ақ, мөлі қара машиналарға назар аударды; сыптығырлау біреулер әлгі шаңқан ақ, мөлі қара машиналардан түсе сала папкасын қолтығына қысып, сыпылдап жүгіре басса, ал әне біреу құдды қолда жемдеп семірткен ата қаздай аяғын ауыр алып, асықпай, ырғала басып жоғары көтеріліп бара жатқан жуан, шамасы, әлде бір үлкен мекеменің ұлық бастығы болса керек; осылардың қайсысы болса да, дәл қазір көзіне жылы ұшырады; үйткені осылардың қай-қайсысы да бұның ана дүниеден аман-есен оралғанының куәсіндай; иә, бұлар бұның мына жарық дүниеден әлі де болса татар дәмі мен көрер қызығы, алар ләззаты алда екеніне көзін ақиқат жеткізгені анық-ты; жаңағы тас қараңғы көрден жарық дүниеге аман-есен қайтып оралғанына қуанып, іші-бауыры елжіреп кетті ме, әлдеқашаннан бері қанға сіңіп қалыптасқан әдет болғасын ба, әйтеуір Үлкен Үйдің сонау төртінші қабатында отыратын Үлкен Кісінің ат шаптырым үлкен кабинетінің көшеге қараған екі үлкен терезесін көзі әр кездегідей осы жолы тағы да іздеп тапты.

Сосын сағатына қарады. Сосын қыз қойнынан шыққандай құп-қунақ денесін лүпілдеп алып ұшып тұрған жүрек ұршықтай үйіріп, сыпсыңдап басып жоғары көтерілді; бұны көргенде милиция үсті-басын асығыс түзеді; төбесінде қоқырайған қызыл картузды басына жөндеп киді де, сәлем беріп сымдай тартылып тұра қалды; сен бұны да жақсы нышанға жорып едің-ау! Осы жолы Үлкен Кісі екеуінің арасындағы әлдеқандай көңіл кірін жуып-шайып, жүзін жылытып алатынына құйттай да күмәнданбап еді. Осы жолы тілегі қабыл боп дегеніне жетсе, е онда несін айтасың... Онда Аққұба жігіт пен әлі де болса келімге келмей қойған қиқарлар мен қыңырларды институттан аластап қуып, әй, бәлем, өздерін сүтке тиген күшіктей шеттетіп бағар еді-ау!

Үлкен кісі отырған төртінші қабатқа көтеріліп келе жатқанда осы ойға іштей нық бекіп еді-ау! Сосын Үлкен Үйдің ең төменгі қабатында күркентайдың ұясындай пысынаған тар кабинетте қағаздан басын көтермей тұқшыңдайтын да жататын тәшір қараның сазайын берер едім деп ойлап еді-ау! Бұны да өзінің күні бұрын, алдын ала ойластырылып алатын ежелгі әдеті бойынша лифт қызыл бет көмекшінің дәл кабинеті алдына кеп тоқтағанша кесіп-пішіп ойластырып алған-ды; соңыра қарсыластарынан өшін осылай

алатынына әлден айызы қанып, өз-өзінен қоразданып иығын қомдай түсіп еді. Иә, көңілді еді: жүзіне шапқан насатты күлкіні жиып та үлгірген жоқ-ты; алдынан қызыл бет көмекші шықты; сені көре сала Үлкен Кісінің есігін иегімен нұсқап: "Кір!"– деді; түсі суық; даусы қатқыл; бәрінен бұрын сәлемін алмағанына іші мұздап, Үлкен Кісінің үстіне де өзіне-өзі келе алмай сасқалақтап кірген-ді; бес минут өтті ме, жоқ па, жаңа ғана кірген есіктен іле-шала қайта шыққанда ауызда кезек күтіп отырған кісілер оны танымай қалды.

– Ал, не болды?– деді біреу қатарласып. Бұл оның не дегенін есіткен жоқ; кім екенін де білген жоқ; кейінгі кезде ауа райы бұзыларда, немесе бірдеңеге күйіп-пісіп ашуланғанда көк желкеден ұстайтын қан қысымы осы жолы да күрт көтерілгені; желкесі мен бүкіл жон арқасы қорғасын құйғандай ұйып, қос шекедегі көк тамырлар солқылдатып әкетіп барады; көзін жөндеп аша алмады; айналасынан аяқ жолынан басқа ештеңе көрмеді; өзі де құдды түнде ұшқан көбелектей, қаңғалақтап сыртқа шықты; сүлдерін сүйретіп машинаға әзер жетті; бастығының түрін көрген шофер бала шошып кетіп машинадан атып шықты да, алдынан есік ашты; "ауырып қалған жоқсыз ба?"– деп сұрағысы келсе де, бірақ батылы жетпеді; сен оған: "үйге!"–дедің; жол бойы жұмған ауызыңды ашқан жоқсың; төрт айдан кейін ісі қалалық комитеттің бюросында қаралатын еді; сен бірақ онан әлі бейхабар едің; бірақ осы сәттен бастап басыңнан бақыт құсы біржолата ұшқанын білдің; осыған дейін желі ылғи оңынан шығып, ылғи өрлей жүзген қайығың осы бүгін бауырын тасқа соғып тас-талқаны шыға қирағанына көзің әбден жеткен-ді.

* * *

Апырай, бұл неден қателесті? Неге бұлай болды? Сірә,не қылса да, бір жерден қателесті ғой. Сонда... Тоқта...

* * *

Иә, бұны бюрода қарайтын күні түс ауа бергенде біреу есік қаққан еді-ау. Соның алдында ғана әйелі дүкенге кетіп, бұл үйде жалғыз-тұғын. Ойламайын десе де кешке бюрода қаралатыны қайта-қайта есіне түсіп, көңіл қошы болмай ытырынып отырғанда, мына бір қастан шықпағыр да есіктің аржағында қоңырауды шырылдатып тұрып алды. Орнынан тұруға құлқы болмағасын, былғары диванда газет оқып жатқан күйі кідіріп барып:

– Кім?– деп еді.

Аржақтан елгезек дауыс іле үн қатты:

– Бұл мен... мен ғой.

Сен қарқ-қарқ күлдің. Ана пақыр енді тіпті қалбалақтап сасып қалды.

– Жарайды. Ал, сен кімсің?

– Қалай десем екен?.. Ме-н... ну, ну сіздің елдегі ағаңыздың әйелінің..

– Жә, онда бері жүр.

Киімі де, өзі де сұрықсыз, ілмиген арық біреу есіктен кіре сала диванда жатқан бұны көрмесе де, үй болғасын, біреу болмаса біреу болу керек қой деп ойласа керек, елп етіп басын иді.

– Бері жүр!– дедің оған.

– Аа... Ну, ну, мына жақта жатыр екенсіз ғой? Сәлеметсіз бе? Мен сіздің елдегі ағаңыздың әйелінің жиенінен туған...

Қалбалақтаған арық жігіт басынан қылшығы қырылған мыж-мыж құлақшынды жұлып алды да, қос шеңгеліне қысып умаждай бастады. Сен әзір түгіне түсінген жоқсың. Бірақ, әйтеуір суы тартылған теңіздің ойдан, қырдан кәсіп іздеп тентіреп жүрген бұ да бір төлі шығар деп ойладың да, диваннан басыңды көтердің.

– Иә, сөйле!

– Сөйлегенде... Ну, ну, біз қазір Целинный крайда тұрамыз. Баяғыда целина көтеруге барған едік. Енді, аға, ну, ну... жағдай солай. Бұнда тоғыз құмалақ ойнауға келіп едім. Сосын, былай... сізге сәлем бере кетейін деп... Жеңгей қайда? Үйде ме?

– Ол кісі қазір үйден гөрі дүкенде көбірек жүреді.

– Ну, ну, түсінем. Қалай, жеңгей... былай, қуатты ма? Дені, қарны сау ма?

– Денін білмеймін, ал қарны ауырады. Гастрит.

– А... Ну, ну... ал қазір қалай?

– Қарны ауырады дедім ғой.

– Ну, ну... Қиын болған екен. Өзіңіз... Ну, ну... қалайсыз?

– Өзім де гастритпін. Колиты тағы бар.

– Аа... Ну, ну... бірақ түріңіз былай... вроде, жақсы. Ауырады деп ойламайсың.

Тың, игеру кезінде Арқаға қоныс аударған Арал қазақтарының ендігі тірлігі мынау болса, қарық бола қоймаған екенбіз деп ойлады да,

иығының басы селкілдеп ырқ-ырқ күлді. Жаңа ғана сұп-сұр беті сыздап отырған кісінің енді бұлайша қапелімде иі жұмсара қалғанына аңқау жігіт қуанып кетті. Әзір түктің мәнісіне түсіне қоймаса да, сен күлгенге бұл да ыржалақтап қосыла күле бастап еді; бірақ сен күлкіңді кілт тиып, түсіңді суытып ала қойғасын о да әлгі ыржалағы артық болғанын біліп, бетіндегі берекесіз күлкіні дереу тиып алды. Сосын келуін келіп қалса да, енді қалай шығып кетудің есебін таппай, жаңа ішке кіргенде басынан апалақ-құпалақ жұлып алған жапырық құлақшынды уысында умаждап кетті.

– Тоғыз құмалақ ойнауға келіп едім, а л енді, аға... ну, ну...

– Жақсы, інім. Сен де енді, былай... ну, ну...

– Кетейін.

– Соның дұрыс.

Есік жабылған бойда диванға қайта қисайды. Енді газетке де зауқы шаппады. Бұған жаны ашитын жоғарғы жақтағы біреу бюро мүшелерінің беті қатты отырғанын ескерткен-ді. Бұл: "маған не істейді" деп ойлады да, онша қыңа қоймады. Бюро мүшелерінің бәрі де бұны сыйлайтын жігіттер; бұл дегенде әсіресе бірінші хатшының жаны жоқ; бұны көрнекті ғалым ретінде құрметтеп, кәделі жерден қалдырған емес; қалада кос уыс жиналыс болса да, керегі бар ма, жоқ па, бұны шақырады; бірінші хатшының өзі қолтықтап апарып президиумның қақ төріне отырғызған соң бұл да төзім тауып жиналыстың ақырына дейін тапжылмай отыратын-ды...

Обалына не керек, директор болғасын қала басшылары бұны тіпті қатты қолдады; солардың қолдауымен анада ғалымдар мен су мамандары қатысқан ғылыми конференция өткізді; екі күнге созылған конференцияның күн тәртібінде бұның институты жасаған жер астындағы су қоймасының ғылыми болжау картасының халық шаруашылығын өркендету жолындағы мәні мен маңызы; Үлкен Үй бұған қатты мән берді; Үлкен Кісі де назарына алып отырғасын газеттер құтыртып жазды; радио сарнап тұрып алды; теледидарды бұрап қалсаң, аржағынан не сұлу қыз, не сұңғыла жігіт шыға кеп, бұның басқаруымен өтіп жатқан конференцияны ел өміріндегі елеулі оқиға деп тақылдап қоя береді; тілі қандай тәтті! Экранға шығар алдында тіліне бал жағып алғандай! Сондайда қасында кісі-қара тұрса бұл құдды мақтаудан мезі болғандай, жақтырмаған сыңай танытып кіржің етеді; тықылдақ қыздың тәтті сөзін аяқтатпай сырт еткізіп сөндіре салады; ал, оңаша болса... экрандағы әсем бикешке бұл енді бетімді сүй дегендей алдына барып құлағын төсей қояды; тәтті тіл құлағының құрышын қандырып бола бергенде телефон шылдырайды; енді телефонға да, бұған да тыным жоқ; жаңағы сұлу бикештің балдай тәтті тілінің шырыны аздық еткендей, мына жақтан тілеулестер бірінен

кейін бірі телеком соғады.

– Ал-ло... бұл қайсың?

Деуін десе де бұның басқа ешкім емес, езінің орынбасары екенін біледі; сенің білетініңді ана қу да жүн тыққан қаптай қобырап-собырап жүріп те біледі; бірақ о да түк білмегенсіп:

– Әз-аға, бұл мен ғой,– дейді.

– Осы қазір ғана айрылыспап па едік? Жайшылық па?

Деуін десең де, бірақ аржағың оның бұлайша неге жаны төзбей телефон шылдыратып жатқан себебін ішің сезеді.

– Әз-аға, жаңағы қызды тыңдадыңыз ба?– дейді анау.

– Иә, тыңдадық. Бірақ, онда тұрған не бар,– дейсің сен өп-өтірік түк білмегенсіп.

– Ойбай, Әз аға-ау, бұл жаңағы сұлу бикештің аузымен айтылып жатқан Үлкен Үйдің пікірі ғой. Құттықтаймын!

– Солай ма?

– Оған күмәнданбаңыз. Сосын, Әз-аға, ертең сушылар жиналысына картаны ілсек қайтеді?

– Дұрыс. Іл!

– Сосын, Әз-аға... ертең жиналысқа ертерек келгеніңіз дұрыс болар еді.

Үндеген жоқсың; бірақ бұл арада да Жуан Жақайыммың аржағында ойлаған бір іш есебі барын білдің де, ертеңіне ерте тұрып, жиналысқа жұрттан бұрынырақ барғансың-ды; бүтіл бір қабырғаны тұтас алып жатқан карта кіре беріс ауызға ілініпті; келген кісі-қараның көзіне бірден түсетін нағыз ыңғайлы жер екен; осы бишара жүн тыққан қаптай қобырап-собырап жүріп те бірдеңе біледі. "Картаны жұртқа көрсететін кез келді. Үлкен Үй біз жағында. Қалалық партия комитеті болса да бізді қолдап отыр. Осы жолы жеңеміз",– деп еді; айтқаны келді де тұрды; бұлар жеңді; бірақ тап сол күні өздерінің жеңетінін әлі білген жоқ-ты. Сушылар бас қосқан ертеңгі конференцияда картаның тағдыры қалай шешілері әлі белгісіз еді; сондықтан мына картаның сушыларға қалай әсер етерін білгің келді де, жалт беріп қайырылысқа бой тасалап тұра қалдың.

Жұрт келе бастады; алдымен шет аймақтан келген бір топ сушы өздерінің даладағы дарқандығына басып қауқылдасып сөйлей кіріп

еді; бірақ кіре берістегі картаға көзі түсті де, үні өшіп тым-тырыс бола қалды; ауызы ашылып аңтарыла қарап тұрды да, сәлдесін есін жиғандай дабырлап қайта сөйлеп кетті; олардың не дегені есітілген жоқ; осы кезде сыртқы есік шалқалай ашылып аржағынан тағы біреу... Әй, мынау бұның осы жолғы айтыс-тартыста қайрат көрсететін жақтасы – қасқа бас ғалым болмасын? Сол! Ой, сабаз-ай! Әне, әр кездегідей осы жолы да өзінен бұрын екі бүйірі егіз қозы туатын кәрі саулықтың қарнындай ішіне оны-пұны тығып тырситып алған жуан портфельді ілгері оздырып, ырғала басып кіріп келеді. Тоқта, бұл қайтер екен? Е, қайтуші еді; табалдырықтан талтаңдап кірсе де, бірақ сонан ары баспай, есік алдында қалт етіп тұра қалды; кеше Жуан Жақайым екеуі басы-қасында жүріп ілдірген картаны құдды жаңа көргендей, айран-асыр бола қалғанын қараш; өзімен бірге шалғайласа кірген алды кандидат, арты кандидаттығын енді қорғайын деп жүрген жігіттерге бұрылды:

– Әй, не көріп тұрсыңдар? Бері... бері келіңдер. Ал мынау ғажап! Академик Әзімнің сыйлыққа ұсынған картасы бар деп еді; сол осы болмағай?

– Болса, болар...

– Болары не, дәл өзі. Бұндай карта онан басқа ешкімде жоқ. Ал енді, мынау қазақ топырағында бұрын болмаған жаңалық,– деп басын шайқады,– әй, жаса! Тусаң ту! Ал енді шедевр!

Жуан Жақайымның кеше бұған ертерек барыңыз деген себебін енді түсінді. Жігіттердің қазіргі бет алысы көңіліне қонып тұрған-ды. Көзі ішке сүріне-қабына кіріп келе жатқан түйме көзге түсті.

О да:

– Жігіттер, кәне бері... бері жүріңдер,– деп ішке кіріп жатқан кісілерді әй-шәйге қаратпай соңына ертіп алды да, картаға апарды; қу неме, Әзімнің тасадан сығалап көріп тұрғанын білетін сияқты; дауысы шаңқ-шаңқ етеді: салған жерден мына карта Әзімнің басшылығымен жасалды деді; салғырт тыңдаған біреулерді шалғайынан тартып назарын аударып алды; сөйлеген сайын екіленіп, қызып барады; қызған сайын мына карта кеше өздері түрлі-түсті бояу карандашпен атан өгіздің терісіндей қалың батманға түсірген небәрі су кестесі емес, нағыз судың өзі сияқты; және сол шалқыған ағыл-тегіл мол судың мөп-мөлдір тұнығына кеңірдектеп жүзіп барып рахаттана шомылып, енді мыналарға да: "келіңдер! Сендер де суға шомылып рахаттаныңдар!"– деп шақырып тұрғандай:

– Шедевр! Институт бір ауыздан мемлекеттік сыйлыққа ұсынып отыр. Алады. Сөзсіз алады.

– Ойбай, бұл шаппай бер ғой. Сыйлығы түспегірді бұл алмағанда, кім алады? Айтса да, Әз-ағаң қайда?

– Көрінбейді, келмеген ғой.

Ол осылай. Таудай жұмысты қопарып істеп тастайды да, ал өзі түкпен ісі болмай, маңқиып жүреді. Көрмейсің бе, келмеген, көрінбейді.

Есесіне оларды сен көріп тұрсың. Жігіттер біраз жұмыс істеген екен; тек бір-бір отар соңында қоңын күн тескен қара таяқтардың миына не кіріп, не кірмей жатқаны белгісіз. Құдай қылса қайтесің, бастықтардың алдында бұлардың да осылай бағасы көтерілетін кез болады; тіпті Үлкен Үйдегілердің өзі осындай халық бас қосқан жиында бұларды қайда қоярға жер таппай, қолпаштап көтермелеп бағады; соған мәз болған сорлылар өздері түсінбейтін тілде шешендердің ертеден кешке сұңқылдаған бір сөзін ұқпаса ла, бастық не айтса, соны мақұлдап бас шұлғып отырғаны. Бастықтарға да керегі осы; әне, көрмейсің бе, жоғарғы жақ жүргізген саясатты төменгі жақтың өзі қуаттап, қоштап, дуылдатып қол соғып жатыр; бұ да қырық айлалы бастықтардың көп айласының бір қыры; "заманың түлкі болса, тазы болудың" кебі; директор болғасын бұл да жұрт алдына шықса: "халық, халық!.." деп қақсап тұрып алатын болған-ды; осы жолы да есіл-дерті қара таяқтарды өз жағына шығарып қол соқтырып қою еді; байқап тұрсың: мына немелер қасқа бас ғалымның сөзіне ылыға қоймады; ал түймекөз кандидаттың тәщіреңдегені жынына тиді ме, бір-екі қойшы аузын ашып есінеп алды; сосын құдды бытпылдық шағыл арасына бытырай жайылып кеткен қойларын іздегендей айналаға алаңдап қарай бастап еді; кенет бұларға тағы бірнеше қара таяқ қосылып, қауқылдасып карта алдына барды; бәрінің жетесіне бірдеңе жаңа жеткендей, көк ала сызықтар шимайлап тастаған картаға мойнын созып өңмеңдеп жатыр; қайсы бірі қасындағыны түртіп қап, әлгі көк ала сызықтың бірдеңесін тырнағымен шұқылап, таңданып басын шайқап еді; сол қамшы болды ма, сом денелі әне бір шойын қара сөйлеп кетті; оның саңқылдаған даусы құлағына жетсе де, не дегені естілген жоқ; бір сөзін есітпесе де, бірақ оның не деп тұрғанын іші сезеді: "жарықтық қазақ жері-ай"– дейтін шығар, "сенің ырысың мен рахатың бұл жалғанда бізге бұйырмай, дүниеден осылайша көңіміз ағармай өтер ме екенбіз"– дейтін шығар; бұл сүйдесе, ал онымен иықтасып қатар тұрған әне бір тырыли арық қара картадағы көк ала сызықтарды нұқып-нұқып қойды да, сосын қолымен алыста жатқан әлдебір мекен жайды меңзеп қатулана сөйлеп кетті; сен бұның да сөзін есіткен жоқсың; бірақ бұнша неге ызаланып тұрғанын іші сезеді: осы елдің қатын, баласы таң атса таңдай жібітер ауыз су таппай шелегі даңғырап, дала кезіп жүрсе, ойбай, Құдай-ау, бұлар телегей теңіздің үстінде отыр екен ғой; мына карта аяқ астын шұқысаң ағыл-тегіл су аспанға атылғалы тұр дейді ғой, малынды суарасың ба, өзің мейір қандырып сусындайсың ба, қаласаң бала-шағаңмен бар да шомыл; жер астының суы қазіргі ұрпақ

түгіл халқыңның келешек үрім-бұтақ, зәузат жұрақаты, жұрақатының жұрақатына де жетеді деп тұр ғой мына карта!

Сен жымың еттің: бәсе осылай болса керек еді ғой; осы жолы да бәрі дәл өзі ойлағандай болатынына құйттай да күмәнданған жоқ-ты; бәйгіге ұсынған картасы жүлдеге ие болатынына да сол күні көңілі кәміл сеніп, соңыра көкірегіне қадалатын алтын медаль әлден жылтылдап, көзінің алдында тұрып алып еді-ау!

Енді о да көрген түстей; бұл бұрын сақ еді; не істесе де әуелі алдын ала ақылға салып, пайда-залалын біліп алмай, ыза жерге аяқ баспаушы еді; иә, сақ еді; сол жолы не қара басқанын қайдам; неден қателесті? Әлде сол күнгі сушылар конференциясы... Жоқ, онда қателескен жоқ; қайта, сол жолы да бәрі бұның өзі ойлаған жерден шықты да тұрды. Солай боларын бұл жиналыс алдында президиумға көтеріліп бара жатып көз қиығын залға тастағанда байқаған-ды: иін тіресе отырып алған халықтың негізгі дені өзінің жақтастары екен; жарыссөзде елден бұрын қол көтеріп сөз сұрайтын жігіттер алдыңғы қатарға жайғасыпты; түймекөз кандидат жазып алған сөзін жұрттан жасырмай, әлден қопаң-қопаң етеді; олардан кейінгі орынға да өздерінің кісілері жайғасыпты. Бұлар сөйлемейді, бірақ бұлар да Жуан Жақайым алдын ала әзірлеп, әр жерге бестен, оннан отырғызған кісілер; бұлар соңыра өздері жақтан біреу сөйлегенде дуылдата қол соғатын дем берушілер; ал егер қарсыластар жақтың сөзі үстем шығып күш алып бара жатса дереу жер тепкілеп, ысқырып сөйлетпей қоятындар да осылар.

Әрине, қарсы жақ та қарап қалмайды. Айтыс-тартыс десе алақанына түкіріп шыға келетін қызыл көз олардан да табылады. Олардың кімдер екенін біледі. Олардың не айтатыны да белгілі. Оларға қарсы сөйлейтін бұларда да кісілері әзір. Олар да әр жер-әр жерде төбесі шошаяды.

Баяндамашы – өз адамы; оның картаны жер-көкке сиғызбай мақтайтыны белгілі; баяндамадан кейін жарыссөзге іле-шала шығатын екі-үш кісі де өздерінікі; Жуан Жақ– айым жұлқынып сөйлейтін жігіттерді алға салатын; сен де оны қоштайтынсың; бірақ осы жолы дырду-дүрмек арасында делебесі қозып, қайта-қайта ұшып тұра жаздап отырған түйме көз көзіне түсе бергесін бірінші сөзді соған беріп еді; сорлы шаққа төзіп отыр екен; мінбеге жүгіріп жықты; жұлқынып сөйледі; "Ә" дегеннен кіжіңдеп әлде кімдерге тиісті; бұнысы саған қонады; тек сонан кейінгі сөзі қайда апара жатқанын білмей, "көк соққыр артық қылам деп, тыртық қып алмаса қайтсін",– деп ойлап, тақтай мінбеде тықылдап тіл-жағына сүйеніп тұрған пысықай немеге жалтақтап қарай бастап еді; шынында да, мынау адам беті шыдамайтын әбес нәрсені айтты:

– Теңіз болса, анау тартылып, өзен анау сарқылып арнасы кеуіп жатыр. Қуаңшылық болса күннен-күнге алқымнан алып, әсіресе Арал өңірінде тұрып жатқан қыруар халықтың шықпаған жаны тұрғанда, өздерің-ақ айтыңдаршы, халқымыздың ұлы перзенті, атақты ғалым, академик Әзім ашқан жер астындағы агыл-тегіл су...

– Теңіз деңіз!

– Иә, телегей теңіз! Понимаете, телегей теңіз!..

Түймекөз сөзін кілт үзді де, тым-тырыс боп тына қалған жұртқа тесірейе қарап, сұқ саусағын безеген оң қолын ілгері созып тұрып қалды; асыра мақтаймын деп артық кетіп қалғанын білді; бірақ оған қысылған жоқ; қайта артық кеткен сөзді қалайда осы арада шынға айналдырып, жұрттың санасына сіңіре түскісі кеп өзеуреп түр. Өзеуре! Өзеурей түс!

– Жә, регламент...

Шамасы дауысың қынаусыздау шықты-ау деймін, қу неме құлақ қағысыңа қыңбады. Оу, несіне қыңсын! Мақтағаннан бір жері майып болған бастықты көрген жоқ және бұған бастықтардың жайы белгілі: неғұрлым мақтаған сайын, соғұрлым сұлыға семірген жылқыдай кереге жалдана түседі; ал бұның жаңағы мақтағаны аттың басына ілген дорбаға толтыра жем салғандай еді; түйме көз мінбеде тұрып жымиып қойды. "Айналайын Әз-аға,– деді ішінен,– сен қазір менің "Әзім картасы", "Әзім суы", "Әзім теңізі" дегеніме қысылған сыңай танытып жатсың. Айтпасаң да аржақ ойың белгілі: "ит екеш ит те сүйекті соңыра шығатын жерінің шамасына қарап жұтатын. Бала, артық кетпе. Халық қабылдамай жүрсе, қиын болады",– деген баяғы сақтығың...

Жоқ, Әз-аға... халық айналайынның мінезін біз де білеміз. Артықтау көрінген жаңағы менің сөзімді іле-шала бірнеше кісі қостап "Әзім картасы", "Әзім суы", "Әзім теңізі" десінші; сол жетеді; сосын көре қал, соны күні ертең осы халықтың өзі айтып қақсап тұрмаса – маған кел; бір жақтасың – мақтаса, екінші жақтасың – қоштаса, аржағын халықтың өзі-ақ қиқулатып ала жөнелуші еді ғой. Сосын карта да сенікі, жер астындағы су да сенікі, абырой, атақ болса-болмаса да сенікі. Әрі-берідесін соған сенің де құлағың үйреніп, қос уыс жиналыс болса, жұрт сенің картаңды мақтап, сен ашқан теңіздің суына тамсанса екен деп, хе-хе-еу, сау болсақ, соңыра әркімнің аузына қарап жалтақтап отырғаныңды да көрерміз-ау!

Түйме көз сөзін бітіре бергенде, қасында отырған біреу бұны шынтағынан ұстады. "Неге бүйтті?"– деп ойласа да, бірақ халық алдында сыр бергісі келмей, қыбыр еткен жоқ. Сосын жаңағы қол өзінің құдды жаңа туған жас ботаның май табанындай жұп-жұмсақ

алақанымен жұртқа білдірмей, шынтағыңды топшы тұсынан ақырын қысып-қысып қойды.

– Құттықтаймын! Академик Әзім картасына енді ешкімнің де дауы болмас.

Іші құрғыр жылып кетті. Көңілің көтеріліп күле жаздадың да, бірақ бұл жолы да жұрт алдында өзіңді билеп дағдыланған әдетпен сыр бермей, сол баяғы безерген қалпыңды сақтап бақтың. Апырай, осы жуан неменің сырт көзге түйсіксіз доғал сияқтанып жүріп те көкірегі аржақ құлқыңды әріден танып тұратынын қайтерсің! Бұл оның тумысынан табиғатына біткен қасиет пе, әлде жүре келе тапқан өнер ме, ол арасын білген жоқсың. Жуан Жақайым жөнінде білетіні – өмір-бақи бір мекемені дербес басқарып көрмеген кісі. Ана жылы бірдеңеден өйтіп-бүйтіп кандидаттық қорғап, астанаға жұмысқа ауысқанға дейін Аралда су шаруашылығына қатысы бар кішігірім мекемеде кішкентай қызмет істепті. Ал, үнемі бір бастық үстінен мартудай басып отырған кішкентай адамның жайы белгілі: жоғарыда отырған бастықтар сонау төменгі жақта пысынаған тар кабинеттің төрт қабырғасы арасында тұқшыңдап қағаз шұқылаған кішкентай адамдардың қатесі мен кемшілігін көргіш-ақ. Әсіресе қарауындағыларға қабағын ашпайтын қытымыр бастықтар тақа болмағанда жазуын ұнатпай: "әй, шырағым, әріптерің қалай өзі?"– деп кіржіңдеп, ал орнында тұрмаған әлдебір үтір мен нүктені көріп қалса қуырып жеуге бар; ондайда, бұл сорлы жүн тыққан қаптай сиымсыз жуан денесін қайда қоярға білмей қойқаңдап, қозғалақтап кететін шығар-ау; сонда екі қолы қапталына симай, кейінгі жақтан әлдебір сүйеу іздеп қармалағандай, қайта-қайта құйрығын сипалап кетпес дейсің бе?

Қайта астанаға келгелі көзі ашылды: академиктің алды кең; рас, оның да қарауындағыларды қақтаяқтай қағыстыратын кезі болады: әсіресе Үлкен Кісі қатысатын Үлкен Үйдегі жиын-жиналыста сөйлейтін сөзі дер кезде дайын болмай қалғанда мазасыз; сосын жоғарыға жіберетін қағаз мерзімінен не кешіксе, не көңілден шықпаған жағдайда қиын; қағаз-қаламы жүйрік жігіттердің қолынан өтіп, тасқа басылып, үтірлер мен нүктелер орын-орнына қойылып, тап-тұйнақтай ғып алдына әкеп қойғанша қабағын ашпайды; қарауындағыларды мұрнынан қан кеткенше қуалаған әлгі қағаз қолына тигесін дереу жоғарыға жіберудің орнына, бұл әдетте "жақсы" дейді де, үн-түнсіз столдың тартпасына тыға салады; керек десе оқымайды; оқымақ түгіл бетін ашып қарамайды; сол қағаз сонан он-он бес күн жатады; сол екі арада ол қағаз жұрттың қаперінен шығып ұмытыла бастағанда, бір күні жігіттерді қайта шақырып алады; бұлар ұмытып кеткен баяғы қағазды тығулы жатқан жерінен суырып алады да "қайта қарап шығыңдар!"–деп қайырып береді; араға талай күн салып қайта қарағанда, шынында да, бұлардың ана жолы жан-тәнін салып мұқият

даярлаған қағаздың өн бойынан ыссылай кеткен ұрыншақ жерлерін өздері көріп, қалам ұшымен қағып тастап, салқын қандандырып қайта апаратын.

Бастықтың бұнысы Жуан Жақайымға ұнайтын; ол байғұс қарсы жақтың кісілерін орынды-орынсыз шаптан түртіп шамына тие бермей, қолдан келсе тіл табудын жолын көздейтін; қарсылас жақтан біреу-міреу келе қалса қуанып, орнынан атып тұрар еді; қолын қос қолдап қысып амандасар еді; стол алдындағы екі орындықтың біріне оны отырғызар еді де, екіншісіне өзі отырар еді; сосын темекі шегетініне сигар ұсынар еді; темекі шекпейтін тақуа болса, қоңырау басып хатшы қызға шай алғызар еді; осы жолы да ол қарсы жақтың ызасына тиіп, ашындыра бермей, қолдан келсе, қайта ойдан-қырдан келген сушыларға академик Әзімнің сыйлыққа ұсынған картасын қолдатып алуды көздеп еді; түймекөз кандидат мінбеден түсер-түспестен сол мінбеге енді қасқабас ғалым көтерілді; бұның сөзі әлгіден асып түспесе, бері түспесі белгілі; тек өзінің қайсы бірде беталды лағып кететін әдетіне бағып, сөзінің аяғын қожыратып ала ма деп қорықты.

Қасқабас ғалым асықпады; өзімен бірге ала шыққан жуан портфельді алдына былқ еткізіп тастай салды; сосын сырт еткізіп кілтін ашты; портфель ішіне қарнын қампитып тыға берген қоқырсыған көп қағаз арасынан әлдебірдеңе іздеп кетті; кесір қылғанда онысы жуық арада табылмады; әдепкіде "бұл не айтар екен",– деп сілтідей тына қалған жұрт, кідірген сайын шыдамсызданып қозғалақтай бастады; бірақ оны елең қылған анау жоқ; қоқырсыған қағаздарды боратып жүріп, арасынан ақыр әйтеуір іздегенін тапты. Сүйтсе, онысы сөзін оқитын көзілдірік боп шықты.

– Ау, ағасы, сөйлемейсіз бе?

– Асықпа, шырағым. Өз басым мінбеге шыққан кісінің сөйлемей кеткенін көргем жоқ.

Тапқырлығына жұрттан бұрын өзі ырза боп кеңк-кеңк күлді де, сөйлеп кетті: бұл да әлгі түймекөз аузына түкіріп кеткендей біссімелләсін "ағайындар-ау"-дан бастады; сосын дәл ана түймекөздің айтқанын аудармай қайталап, жер бетінде су қоры жылдан-жылға азайып, теңіз тартылып, өзен сарқылып, жерді сор басып, қуаңшылық жұрттың апшысын қуырып бара жатқанда академик Әзім жеті қат жер астынан теңіз тапты деді; бұнысы саған ұнады; тек сонан кейін шыпшып тер шыққан тақыр басын алақанымен бір сипап, алқымын кенеп алып:

– Академик Әзім тапқан жер астындағы сол ағыл-тегіл су үкімет тарапынан әлі күнге қолдау тауып, қаржы бөлінбеу себепті бұл бесжылдықта да пайдаланылмай жатыр,– дегенде, сенің зәрең ұшып кетті; атып тұрдың:

– Профессор! Біріншіден, уақытың бітті. Екіншіден, игілікті іске асықпау керек. Жер астындағы судың көзін табу қиын, ал көзін тапқасын – оны кәдеге біз асырмасақ, алда да өмір бар, болашақ ұрпақ пайдаланады.

– Қадірлі академик, бұныңызға қосыла алмаймын. Бізден кейінгі ұрпақ өз күнін өзі көреді. Ал, біз сен тапқан суды... Сенің суыңды...

– Теңіз деңіз,– деп біреу залдан дауыстап қалды.

– Дұрыс айтасың, бұл шынында да теңіз... Әзім теңізін біз неге жер бетіне шығарып, халық шаруашылығының мүддесіне пайдаланбай, кертартпалыққа салып отырмыз. Бұл не? Үндемейсіңдер, ә? Ендеше, мен айтайын, бұл – барып тұрған зиянкестік. Да, зиянкестік!

Жұрт қозғалақтап кетті. Кейінгі жақтан қостаған дауыстар шықты:

– Дұрыс айтады,– деді біреу.

– Зиянкестерді дереу жауапқа тарту керек,– деді екінші біреу.

Сен:

– Отыр,– дедің қасқа басқа зекіп, сосын залдағы жұртқа қарап,– Біз ертеңді де ойлауымыз керек. Жер астының суы соңыра, коммунизм орнағанда әсіресе керек болады,– деп жұрттың бетін қайтаруға тырысып бақтың. Әншейінде жігіттеріне тақымы толмаушы еді; сүйтсе, бұлар құр алақан емес екен. Бұлар, әсіресе, қазіргідей жан алып, жан беретін жағаласта беттің арын белбеуге түйіп шыға келетін нағыз ұр да жық боп шықты. Аққұба жігітің не болса содан қысылатын, шетінен арлы, ұятты жақтастарына қарағанда, бір есептен, қайта сүзеген бұқадай ұрынарға таппай, жұртқа тиісіп жүретін осындай қара шоқпарлар жақсы ма, қалай?

Басын дұрыс бастаса да аяқ жағын осылай бір жерге апарып жығатын әдеті. Бұнан кейін кім сөйлесе де бәрі де "академик Әзім картасы", "академик Әзім суы",– деп жұрттың құлағына құйып бақты. Бірінен кейін бірі шығып айта бергесін конференцияның алғашқы күні-ақ, түс ауа бере Әзімнің картасы, Әзімнің суы дегенге жұрттың құлағы кәдімгідей-ақ үйреніп қалды. Келесі күні де басқаша емес, дәл осылай болатынына күмәнданған жоқсың-ды.

Адам да бала; баладан құйттай да айырмасы жоқ; әне, түс ауа түгел бұның жағына шығып алған қара таяқтар карта мақталса сатырлатып қол соғады; жер астындағы судың бір тамшысын татпаса да, анада Әзімнің жігіттері жабылып сызған көк ала шимайдан дәл қазір шүмектеп шәрбат атқылап қоя беретіндей тамсанады-ай кеп!

Бірінші үзілістен кейін жұрт топырлап кеп бұның қолын қысып құттықтады; әсіресе шөлде туып, шөлде өскен, қазір де сол шөл далада ғұмыр кешіп жатқан сорлылар карта бетіндегі көк ала сызықтың астында көл-дария тұнып жатқандай көзі телмеңдеп, Әзімнің қасынан шықпай қойды; қайсы бір көңілшектер көзіне жас алды.

– Кешір, айналайын. Кейде бір қасық суға зар болатын кезің болады. Шөлдеген қойлар жас баладан бетер төзімсіз. Суы тартылған құдыққа анадайдан маңырап кеп, қаңсыған астауды жалағанда жаның шыға жаздайды. Сонда қайда кетеріңді білмейсің. Жаның күйгесін, көктегі Құдайды қарғайсың. Кейде, жердегі балшебек балаларға да тілің тиіп...

– Ақсақал!.. Ондайды маған айтпа!

Жан-жағыңа жылдам көз тастап едің, бір жақсысы, әйтеуір, маңайда өздерінен басқа ешкім жоқ екен. Сүйтсе де, түсіңді суытып:

– Ақсақал,– дедің ақырын,– көк Тәңірісін қалай тілдесең де еркің, ал, бірақ...

– Түсінем ғой, қарағым...

– Әлгің саяси қате...– деп сен сол арада да қырағылық көрсетіп едің-ау. Апырай, сонда бұл жазған неден қателесті? Қателесуге тиіс емес еді ғой. Бұл өзін өмір бойы қолы шыққыш ойыншыдай көретін еді-ау. Шынында да, осыған дейін тек ұтушы еді ғой. Рас, анада бүтіл институт жабылып картаны істеп жатқанда қарсы жақ бас көтерді: мыналарың ғылыми жолмен жан-жақты зерттелмеген құр долбар деді. Құр долбарға сүйеніп істеген дүдәмәл нәрсені картаға түсіріп дабыра қылу жарамсыз қылық деді; ең дұрысы – ғалымдар мен су мамандарын жиып, көпшіліктің талқысына салу керек деп шуылдасып еді; бұл солардың-ақ дегені болсын деп жұртты жиды; талқыға салды; ешкімнің аузына қақпақ болған жоқ; қарсы жаққа да сөз берді; олардан да талай қызыл көз мінбеге жүгіріп шықты; жұлқынып сөйледі; бірақ жұрт ит қосып айтақтағандай айқайлап, ысқырып сөйлетпей қуып тастады.

Екінші күнгі мәжілісте Аққұба жігіт сөйледі. Бұл өзі сөзін жазып алғанда болмаса, ойының басын құрай алмай пышыратып алатын-ды. Әсіресе, осы жолғы сөзінде мән болмады. Салған жерден Әзімге тиіскені қате болды. Бұл кезде Әзім көзін тапқан жер астындағы теңізге Аққұба жігіт емес, әкесі тіл тигізсе де тап беріп сақалынан ала кетуге әзір отырған қара таяқтардың өздері-ақ тұс-тұстан айқайлап шыға келді. Аққұба жігіт жер тепкілеп айқайлап жатқан шуылдақтарға жыны келді ме, әлде сөзін дұрыстап айта алмаған өзіне ызаланды ма, әйтеуір мінбеден түспей қасарысып тұрып алды. "Баяғыда,– деді өзеуреп,– Европаның бір ұлы перзенті "адамды қой жеп қойды",– дегенде, сол залалсыз момын жануардан адамның қаншалық зәбір

шеккенін қайдам, ал қазіргі, біздің заманымыздағы ғылыми-техникалық өрлеу адам баласының түбіне жетпей тынбайды. Техникалық өрлеу алдымен табиғаттың нелер ықылым заманнан бері уыздай ұйып тұрған тамаша тепе-теңдігінің тас-талқанын шығарып, адам баласының басына қара күн туғызып отыр. Әне, Арал тартылды...",– деп еді; ана жақтан біреу атып тұрып: "Арал тартылса, академик Әзімнің теңізі бар",– деді айқайлап, Аққұба жігіттің аузына қапелімде сөз түспей, ерні дірілдеп, қолы қалтырап төге-шашырата су ұрттап алды да: "сәуегейлігім жоқ, бірақ... бірақ күндердің күнінде өліп бара жатқан адам қалтасындағы соңғы тиынына бір үзім нан алмай, бір жұтым ауа сатып алатын кез де болар",– деді де, мінбеден түсіп кетті...

Иә, сендер жеңудей-ақ жеңдіңдер. Аққұба жігіт те ештеңе бітіре алмады. Ол саған жеңілген жақтың шайқас қаша ұрыс салатын некен-саяқ солдаты сияқтан-ды. Қаратаяқтардан қолдау тауып, күш алып алғасын сен іле-шала үлкен ғылыми кеңестің мәжілісін өткізіп, Аққұба жігіттің докторлық диссертациясын құлаттың. Ғылымға қосқан жаңалығы жоқ деген сылтауды желеу қылып лабораториясын жаптың. Аққұба жігіттің от басының күн көрісі қиындап бара жатқасын, жаны ашыған жолдастары жұмысқа алғысы келсе де, Үлкен Үй қолдап отырған атақты академиктің жақпас жағына шығып қалатындай қорықты. Иә, бюроға дейін бұнан жұрт қорқатын. Тасы өрге домалап тұрған сол тұста, несін айтасың, бұл құдды қолы шыққыш ойыншыдай еді ғой. Қолы шыққыш ойыншының карта тартса тұз шығатыны сияқты бұ да тек ұтсам деді. Есіл-дерті ұту еді. Шынында да, бюроға дейін жазбастан ұтты. Ана жатырынан ырысы артық жаралған сыралғы бала баяғыда асық ойнағанда да балықшы ауылының балаларын шетінен сыпырып ұтып алатын. Онсыз да алдында иығы түсіп, мұрынын тартқылап тұрған баланың ішін күйдіре түскісі келгендей қалтасы толған асықты сатырлатып сақ-сақ күліп тұратын. Сондайда аналар қарызға асық сұраса, бұл қолым шықпай қалады деп бермейтін. Алда-жалда бере қалғанда да ақысына асық алмай, тек тықыбай алатын. Онда да қасында қызық көреміз деп қаумалап тұрған балаларға бұл әуелі көзін қысып қояр еді; сосын көйлегінің жеңін шынтағына дейін сыбанып түріп алар еді; сосын саусақтарын сытырлатып бір жұмып, бір жазып қолына күш жияр еді; сонан соң ғана ертеден бері алдында мандайын тосып тұрған балаға назар аударар еді; бірақ бәрібір асықпас еді; не істесе де айыз қандырып істейтін машықпен бишара баланың көзіне түскен кекілін кейін қайырып, тықыбай алатын жерін аспай-саспай жалаңаштап алар еді; сонан кейін де тап жаңа алақанымен сипалап байқап көрген маңдайдың торсықтай шекесін әлі де болса қапы жібермей о жақ, бұ жағынан сығалап қарай түсер еді; бір қызықтың боларын біліп, әлден күлкіге булыға бастаған балаларға Әзім көзін тағы да бір қысып қояр еді; әлі де сол аспаған-саспаған күйі тықыбай салатын сұқ саусақтың ұшын түкіріктеп-түкіріктеп алар еді де, сосын бағанадан бері алдында

көзін тас жұмып, маңдайын тосып тұрған пақырды торсықтай шекеден дәлдеп тұрып тырс-тырс шертер еді; ертеден бері "енді не болар екен?"– деп қыбырсыз тұрған қызық құмар балалар, сол арада, ой несін айтасың, қыран-топан күлер еді ғой; өзі де керемет ләззат алып сақ-сақ күлер еді-ау!

Шіркін, өзгелер ұтылып, өзің ұтқанға не жетсін! Сушылар жиналысынан кейін жігіттер қуанышын жасырмай адыраңдап кетті; олар бөркін аспанға атып адыраңдап жатқанда, бүтіл институтта тек бір кісінің жүзі сынық еді; ол күнде-күнде кездескен сайын, бұған: "Әз-аға, аналар неге үнсіз?"– деп әлдебір үрей маза бермей, түсі қашып, басын шайқап отырады да:

– Әз-аға, осы тегін бе?– деп бұған қарайтын.

Шынында да, тегін болмады; өздеріне бір тықырдың таялып қалғанын өзгеден бұрын ол сезіпті; ал сен болсаң "осы не білетін еді",– деп, керек десе, оны жөндеп тыңдаған да жоқсың.

Сүйтсе, артық ақыл кісіге бар кезде бірдей пайда бермейді екен; ал құлықты көп қуған кісі әрі-берідесін өз құйрығымен ойнаған түлкідей өзін-өзі алдай бастай ма, қалай? Ақыл мен айла кісіге серікке жарамағанда, қайта, бір есептен, сезік пен секемге сенген дұрыс болар ма еді? Не қылса да, ол бишараның балпиған жұп-жуан денесінде түз тағылары сияқты қауіп-қатерді жер түбінен сезетін соқыр сезім бе, сондай бір ерекше қасиет болғаны-ау, шамасы?

* * *

Неге бұлай болды? Бұл жазған неден қателесті? Апырай, неден қателесті екен? Не-ден?!

* * *

Сол күні бюро саған ұзаққа созылған сияқтанып еді; сүйтсе басы-аяғы жарым сағаттан аспапты. Бірақ сенің апай-топайыңды шығаруға со да жетті. Адам пақырға құмырсқа өлермендікпен жанын жалдап жүріп жоғары көтерілу қиын болса да, ал, бірақ, сол өзің өліп-талып шыққан биіктен құлаудың оңайы-ай!

Бәрінен бұрын бюро мүшелерінің қылығы жанына қатты батты: бұны есік жаққа екі аяғынан сарсылтып тұрғызып қойды да, бірі мошқап, бірі мысқылдап иттей талап жабылды да кетті. Бұл әлі бір сұраққа дұрыс жауап берген жоқ; қолы қос самайдан аққан терді сүртуден босамады, бюроға келердің алдында ғана киген ине-жіптен ада шыққан ақ көйлектің қатырма жағасы мойнын қажап, сусылдақ шашы құрғыр да қайта-қайта көзіне түсіп кете берді; қолы тер сүртуден сәл босаса біресе жағасын тартқылап, біресе шашын

қайырғыштап зықы кетіп тұрып езіне берген ауыр жазаның батпан салмағы да, сонан бұл қашан сыртқа шыққанша санасына жетіп болмапты; сыртқа шыққасын да жуық арада есін жия алмады; есік алдында әлдекімді күтіп, отын баспай дедектеп тұрған машинаның жанынан өтті; шеке тамыры солқылдап әкетіп барады; есіл-дерті тезірек үйге жету; осыдан сүлдерін сүйіктіп үйге жетсе – иығына ілген лыпаны шешсе шешкені, егер оған шамасы келмей діңкесі құрып бара жатса, киімшең бойымен құлай кетуге бар; онан басқа ештеңеге зауқы шауып тұрған жоқ; дүниеде зауық шабатын да ештеңе қалмаған; түн болса тірі жан тұяқ серіппей, әркім өзді-өзінің індігешіне кіріп, есік, терезесін қымтап, тығылып алған қаланың түрі мынау – тас қараңғы көшеде тірлік нышан сезілмейді; осыдан қашан таң атып, күн шығып, жер бетіне тағы бір жарық сәуле түскенше тас қабырғалардың арасына тығылып алған тірі жандардың басында "сабап кетпесе", "тонап кетпесе" деген қорқыныштан басқа не бар? Әне, көшенің екі бетінде қараңғы түн еңселеп басып алған зәулім үйлер қарауытып қаңқасын көтеріп тұр; бір терезеде шам жылтырамайды.

Іші құрғыр ит талағандай; бірақ ұстамды жігіт дыбысын шығармай тістеніп алды да, аяқ астына қарап жатпастан шылқылдаған қар суын кешіп жүріп кетті; көшені кесіп өтті; әлі тірі жан кездескен жоқ; есіне тентек ақынның сайқал қала дегені түсті; ақын айтса айтқандай осы қаланың әншейінде жұртты сыртымен арбап тұратын сайқалдығы қайда? Еркексіреп бара жатса үсті-басына жылтырақ бірдеңені іле сала кісі-қара жиналған жерден құйрығы бұлтыңдап өтетін нақ бір жезөкшедей ешкімді талғамай да таңдамай, көрінген қиякелдіні құшағына тартып, ақын айтса айтқандай қаласа Балтыққа да, Байкалға да пана бола кететін сол әлгі сыртымен арбайтын сайқалдығы қайда? Басқасы басқа, әдетте түн жамыла көшеге шығатын сайқал қаланың жезөкше сайқалдары неғып сап бола қалған? Неге бір көше болмаса бір көшенің қайырылысынан күйлеген қаншықтай қылымсып шыға келмейді? Әзім жан-жағына көз салды. Әлде олар да борбайынан бір пәлеге ұшырап, басын қайттап кетті ме?

Миығынан мырс етті; үкімет үйінің алдындағы алаңға ілікті; басқа жақ қараңғы болса да бұрын осы маң жарық болушы еді; ала-бөле әне бір қолы шошайған тас мүсін тұрған жер самаладай болатын; қала үстін басқан қараңғы бұл араны да меңдетіп қабағын қарс жауып апты; сонан ба, алып тас мүсін түн жамылып жорытқан жолаушыға зәуде бір кездесіп қалатын әлдебір оба тастай рабайсыз зорайып көрінді; тұла бойындағы басқа тұлға-тұрпатынан бұрын оның, әдетте, көш жерден көзге түсетін шошайған қолы да көрінбеді.

Көшенің екі бетінде қарауытқан зәулім үйлердің арасынан аяқ жолын әзер тауып келеді; күндіз күн жылымық болған-ды; көшедегі қарды арлы-берлі жосып ағылатын да жататын машиналардың мың сан доңғалақтары мыжғылап, миын шығарып тастаған екен; сол миы

шыққан көксоқта шылқымайды беті-жүзіне қарамай шылп-шылп кешіп келеді.

Бұның кейде машинадан зерігіп бара жатса, жаяу жүретіні бар-ды; орталыққа орналасқан әкімшілік мекемелердің бірінен шаруасын бітіріп шығатын да, тақымын жазғысы келгенде сыртта күтіп тұрған машинаны қоя беріп, өзі жасыл жапыраққа малынған әсем көшелердің саясымен, әлгі қолы шошайған тас мүсін тұрған алаңмен ақырын аяңдап үйіне жаяу қайтатын; сонда үйі құрғыр тиіп тұрғандай, әп-сәтте жетуші еді; осы қазақтың түнде жер ұзарып кетеді дегені рас па, әлде титығы құрығанда кісіге қарыс жер мұң бола ма? Бүгін өз үйі өзіне жеткізбеді; сылқылдақ қар кешкесін аяғынан су өтті; тау баурайындағы қаланың ала-бөле осы кезде не күзге, не қысқа ұқсамай, бойына ылғал тартып ылжырайтын да тұратын ауасынан түн ызғары анық сезіледі; тоңазыған дене тітіркеп кете бергесін қалтасынан қолқабын іздеп еді; саусағының ұшы шытырлаған екі жапырақ қағазға тиді; сипалап көріп еді, ақша сияқты. Айтқандай-ақ бүгін ертеңгісін шоферін темекіге жұмсаған еді-ау, мынау сонан қайтқан екі бір теңгелік болмасын. Ендеше есік алдында отын сөндірмей дедектеп тұрған жаңағы машина бұның сүлік қарасы болды! Жақында ғана алған су жаңа машинатұғын; бұрынғысын Жуан Жақайымға беріп, мынаны өзі күндіз-түні байлап қойып мінетін; ертең әлде кімнің тақымы астында кететін құтсыз адыраның күйігі ішін өртеп, ащы тырнақ осып алды.

Аяғын баса алмай, тілерсегі дірілдеп барады; сүлдерін сүйретіп почтамтқа жетті; әлі құрып бара жатқасын жуан терекке бойын сүйеп, асыла кетіп еді; кәрі теректің құшақ жетпейтін мұп-мұздай күпшегі қос шекедегі көк тамырлары бүлк-бүлк соққан ыстық маңдайды қарып алды; бірақ тән түршіккен жоқ; қайта өрттей күйген қызу әлгіден гөрі саябырлап жанына жағып барады. "Апырай, адам тұк те емес екен ғой? Тұк емес екен",– деді торығып; әншейінде бұл төбесімен көк тірегендей боп, болған-толғансып жүруші еді-ау; сүйтсе, тұк емес екен ғой; тұк емес екен. Бұл әлгіде ғана әдеттегі машықпен сүлік қарадан керіліп-созылып түсіп еді-ау! Сол керіліп-созылған қалпы кілемдеп тастаған басқышпен жоғары көтеріліп бара жатқанда да, бұл сабаз басында бағы бар, абырой, атағы бар, әтібірлі азаматтың бірі... жоқ, бірегейі еді-ау! Сонан не бәрі жарым сағат өтер-өтпесте бюродан шығып, сол әлгі кілем төсеп тастаған басқышпен қайта төмен түскенде құдды сәтсіз күні жолға шығып, ұрыға тоналған жолаушыдай жұрдай боп шықты-ау! Иә, жұрдай болды! Жұрдай болды!

Басын сүйеп тұрған мұздай терекке бетін басты да, еңіреп жылап жіберді. Бұрын кім еді? Енді кім? Кім? Бұл, бірақ енді кім болғанын ойлағысы келмеді. Өйткені өзінің бұрын кім болғанын жақсы біледі. Қандай болғанын да біледі. Иә, бюроға дейін де сен, сен едің-ау! Сен тіпті бағана орталықтағы еңселі сары үйдің алдына сүліктей қара

машина тұла бойындағы жалтырақ темірлерін күн сәулесіне жарқ-жұрқ шағылыстырып тоқтағанда да тап қазір ісі бюрода қаралатын әлдебіреу емес, қайта бұның өзі істі болған әлдебіреулердің тағдырын шешетін үлкен бастықтың дәл өзіндей нығыз-тұғын. Сол мырғам, нығыз қалпын сақтап, аспай-саспай машинадан түсіп еді-ау! Сол мырғам, нығыз қалпын бұзбастан ертелі-кеш милиция күзетіп тұратын еңселі сары үйдің есігіне беттеп еді! Милиция қашанда анадайдан сызданып келе жататын нарқасқа еркектің алдында қаздия қалушы еді. Бұнысы саған ұнайтын. Ол осы жолы да сүйтті. Сен оған сәл бас изеп, ішке өтіп кеттің. Ішке кірер-кірместе сені көрген үлкен-кіші анадайдан жүгіріп кеп "Әз-ағалап" жалпылдап еді-ау!

Осы үйде комсомолдан көтерілген жастар көп; өңшең қолтығына папка қысқан шиборбай сыптығыр; қашан көрсе де қауырт бірдеңеге қапылып жатады; осынша неге қапылып, неге тызалақтайтынын білмейсің; оны олардың өздері де білмейді; өзгелер білмесе де, бірақ осылай дызалақтамаса дүние қазір өртеніп кететіндей сыпсыңдаған сыптығыр немелер асығып-үсігіп не жоғарыдан төмен түсіп, не төменнен жоғары көтеріліп бара жатқаны; сондайда жазатайым алдында кетіп бара жатқан біреуді аңдамай қағып кетсе, қалшиып тұра қалады да, иіліп кешірім сұрайды; сосын сыпсыңдап басып әрі өтіп кететін елпілдеген елгезек жастар бұны көрсе, тіпті бәйек болады; бұлар да жаңағы милициядай қалт етіп тұра қалады; бұлар да бұған ілтифатпен иіліп сәлем береді; сен, бірақ, үлкен орындағы инабатты біреу болмаса, мынадай шиборбай сыптығырларға онша иліге қоймай, кекірейген басыңды изесең сәл изейсің де, иземесең тұсынан өте шығасың; былай шыға бере: "осы кім еді?"– деп ойлайсың; бірақ қанша ойласаң да есіңе түсіре алмайтынсың; осы күні сен білмесең де, сені білетіндер көбейіп барады; соны ойлағанда көңілі кәдімгідей марқайып, миығынан күліп қоятын; сол миығыңдағы насатты күлкіні жиып та үлгіртпей, алдыңнан тағы бір елпілдек кездесе кетеді; бұ да жүгіріп барып алдынан есік ашады; сен кекірейіп барып машинаға мінесің; бөксең тиер-тиместе былқ ете қалатын арттағы жұмсақ орынға шалқалай бергенде, шаң тұрмаған сүлік қара бауыры құдды суға тиген қайықтай орнынан ақырын қозғалып, жылжып жүре беретін еді-ау! Тұла бойы толған аппақ әшекей темірлер мен алды-артындағы әйнегі, айнасы, күміс инедей көкке шаншылған антеннасы күнге шағылысып жарқылдап бара жатқанда, ой-хой, дүние-ай, бұған мойын бұрып қарамай өтетін еркек, ұрғашы, сірә да, болушы ма еді?

Иә, басынан сондай күндер де өткен! Кеудесін кере күрсінді де, еңсесін тіктеді. Мұздай терекке сүйеген маңдайындағы бағанағы өрттей ыстық басылған; әлгіндей емес, қол-аяғына әл-дәрмен оралған сияқты; есіне тағы да есік алдында қалған машина түсті. Қап, әттегене-ай, күні ертең ауызы салымды әлдебіреудің тақымы астында кете баратын қайырсыз адыраны мінгенде болады екен!

Үйге әзер жетті. Әйелі бұл келгенше жатпайтын. Қайсы бірде көңілдес әйелдермен ұзақ түнді бірге өткізіп, сонан таң алдында келгенде де көз ілмей, есік алдына орындық қойып қалғып-шұлғып отыратын. Сонда да жұмған аузын аша алмайтын бишара, тек бір жолы батылы барып:

– Осы кезге дейін жүргенде... қорықпайсыңдар ма?– дегенде, бұл сыздаған мұздай қалпын бұзбай:

– Немене, мені ойнап жүр дейсің бе?– деп төр жаққа өтіп жүре берген-ді.

Осы жолы да аяқ тықырын есіте сала атып тұрып, алдынан есік ашты. Бірақ сенің жан беретін кісідей құп-қу түріңнен шошып, жалт беріп есіктің қайрылысына тұра қалды. Қашанда көзге түспеуге тырысатын әдеті. Сен үйде отырғанда кухняға тығылып алады да, күніне үш мезгіл ас даярлайды. Ыдыс-аяқ жуады. Шылпылдатып кір жуады. Ертелі-кеш үн-түнсіз күйбең-күйбең жүріп күні өтетін осы бір шүйкедей әйел, от басын уысында бүріп ұстайтын қатал еркек өзі іздегенде болмаса, қалған уақытта бары-жоғы білінбейтін.

Сен төрге өтіп бара жатып:

– Арақ бар ма?– дедің.

– Коньяк па?..

– Жоқ, арақ...

Әйел қайыра тіл қатпады. Сен де қайталап айтпадың. Бір айтқасын қайталаудың қажеті жоғын білесің. Әне, сен төрге озған бойда есіктің қайрылысына тығылып тұрған сүлдеге дереу жан енді. Тірі әруақтай бозамық бірдеңе дыбыссыз қозғалып кухняға қарай аяқ басып барады.

– Тез!..

– Қазір... қазір...

Шыны шөлмек алдына келгенше шыдамай, ширығып тұр. Ертеңіне кеш оянды; есінен тана қатты ұйықтапты; көзін ашқан бойда кеше өмірі істемегенін істеп, бір бөтелкені бір өзі тауысқаны есіне түсті; бүтіл денесі біреу таяқпен сабағандай сүйек-сүйегі сынып барады; зілдей басын жастықтан көтере алмай ыңырсып біраз жатты; бұрын осы пәлеге онша әуес емес еді; кеше не болғанын есіне түсіріп, көзін үй төбесінен аудармай жатыр; әншиінде ауызына тисе ашырқанып, тыржыңдап бітетін зәрдей ащы пәленің кеше, керек десе, дәмін де сезбепті; бір-екі алғасын-ақ су мен арақтың дәмін ажыратпай, бөтелке түбінде мөлтілдеген дәмсіз, татусыз сұйықты бір тамшы қалдырмай

сарқып ішіпті; ішкен сайын көңіліне күдік қашып: "су қосқаннан сау ма?"– деп ойлапты; ойлаған сайын күдігі күшейе түскені сонша, шүйкедей әйел үстіне кірген-шыққан сайын оқты көзімен атып бопты; сүйтіп отырып қызыпты; қызғасын көңілі бұзылыпты; жаңа ғана жаны күйіп, зығыры қайнап шиыршық атып тұрған жүйкелер сәтте жидіп, қараптан-қарап жылапты; иіні жығылып, мырсылдап жылап отырып әуелі әлдебіреумен кінәласқандай болған еді; сәлден соң күшке мініп, апыраш-шапыраш көзі әлдекімге ажырая қарайды; сұқ қолын безеп кіжің-кіжің етеді; әлдебіреулерді беттен алып, бажалақтап айтысатын сияқты ма? Иә, айтысуы айтысқан; бірақ оянғасын кіммен айтысқаны есіне түскен жоқ.

Құрысын, мас адамның ісі сияқты түсі де берекесіз бытықы-шытықы; сол берекесіз бытықы-шытықы бірдеңеден ұққаны – бір бөтелкені бір өзі тауысқасын бюрода есесі кеткен ызалары есіне түскен; бюро мүшелерінің алдында абдырап сасып тұрғанда ауызына түспеген ұтымды сөздер араққа қызғасын қоздап әл бермепті; сосын бұл да ешкімге дес бермей, бет алдына бат-пұттап сөйлепті кеп, сөйлепті... бір жанды бетіне қаратпай жұрттың ауызына құм құйғасын ғана көңілі көншіпті; сосын жатқысы кеп түрегепті; тұруын тұрса да, бірақ аяғына нық басып тұра алмай, төрт қабырға арасында теңселіп жүріпті; тәлтіректеп, теңселіп жүріп те бірдеңелерді сөйлепті; сөйлеп жүріп үстіндегі киімдерді шешіпті; үстіндегі киімнің бәрін шешкенде, тек бұтындағы шалбарды шешуге шамасы келмей, ауындағы бір-екі түйменің ілгегін әзер ағытыпты да, әлгіндегі әйелі салып беріп кеткен төсекке гүрс етіп етбеттей құлапты; етбеттей құлағасын да басының астындағы мамық жастықты тұмсығымен сүзгілеп жатып сөйлеумен бопты; сөйлеп жатып ұйықтап кетіпті; оянса – басы зілдей; бұл ұйықтап жатқанда біреу бас сүйегінің ішіне қорғасын құйып кеткендей; құлағы шыңылдап, қос шекесі сынып барады екен; ауызы қаңсыған күбінің түбіндей; ащы кермек бірдеңе тілін қуырып, жүрегінің басына запыран айналып, кілкілдеп тұр; ауызындағы жиіркенішті жаман дәмнен зықы кеткені сонша, бұл осы қазір басындағы мүшкіл халды ойлауға да шамасы келмеді; сонан тек тус ауа бере өзіне-өзі келгендей болды; онда да әйелі төсекке әкеп берген бір аққұман қара шайға маңдайы жіпсіп жан шақырды; тұла бойындағы құрысқан-тырысқандар енді-енді тарқап, үй ішіндегі жым-жырт рахат тыныштық жанын әлдилеп, көзі ұйқыға кетіп бара жатқаны сол екен, кенет "академик жол-дас-с-с-с", деген әлдебіреудің құлағына құдды шағар алдында зәрін жиған жыландай ысқырған дауыс келіпті; сол ысқырған дауыспен бірге ұйқы қысып, жұмылып бара жатқан көзіне ала тақиялы бұжыр қара елестепті; ала тақиялының елестеуі мұң екен, біреу басының астындағы жастыққа біз сұғып алғандай атып тұрыпты; апалақтап көзін ашыпты; бірақ қос шекесіндегі көк тамырлар солқылдап, басы қан қақсап қоя бергесін жастыққа қайта құлапты; іші у жалағандай өртеніп бара жатқасын аржағынан бір үзік ұлыған ащы дыбыс шығып кеткенін өзі де байқамапты; тек сол кезде есік сықыр

еткесін бұл да іштен ұлып шыққан дыбысты кілт үзіп, тына қапты; демін жұтып есік жаққа көз тастаған екен; сәл ашылған есіктің саңылауынан сығалаған жасқаншақ жанар бұның назар аударғанын байқап, басын арман тартып апты; сен көз айырмай қанша аңдысаң да, бірақ әлгі сұғанақ ұры жанар енді қайтып көрінбепті; есесіне бұл тыныштықтан айырылды; сезікті көңіл секем алғыш; сәл нәрсеге күдіктенеді; жаңағы сұғанақ ұры көз неге сығалады? Әлде бірдеңені сезгеннен сау ма? Ақырын жапқан есіктің арі жағында сес шығармай жабысып тұрмасын? Тоқта... Жымысқы неме бірдеңені сезіп, енді соның рас, өтірігін анықтап білгісі кеп жаны байыз таппай жүр ме? Сонда ол кімнен есітеді? Бюродан кейін бұл ғой тірі жанды көрген жоқ; көрсе де "мені партиядан шығарды, жұмыстан босатты",– деп кімнен шүйінші сұрайды. Есітетін жұрт есітер. Бұл тірі жанға тісінен шығармай жасырса да, жамандық хабар жатпас, жұртқа жетер. Жетер-ау! Таң атқанша да талайлар құлақтанбас дейсің бе? Тек соны мына жаман қатын иісшіл иттей жұрттан бұрын тіміскілеп қайдан біліп қойды?

Әлде-е... Тоқта... Түнде мас болғанда бұның өзі бірдеңе деп айтып қойды ма? Рас, бұл жүрегі көтеріліп лоқсығанда, ол ана жақтан жүгіріп кеп аузына ләген тосты. Сонан кейін де тыным таппай, бір кірді, бір шықты. Әншиінде бұл шақырғанда болмаса, қалған уақытта өздігінен аяқ баспайтын неменің жоқтан өзгені сылтауратып қайта-қайта жылтыңдағаны тегін бе? Таң атқасын да төсектен тұра алмай, қайта-қайта басына су орамал басып, аһылап-үһілеп жатқанын көре-біле тұрса да, ол, әйтеуір,қызық тамашалағандай есіктен жылтыңдап қарай беріп еді-ау. Бәрінен бұрын сонысы ызасына тиіп болған-ды. Е, Құдай, жаман адам – табашыл. Көре қал, оның өмір бойы осы үйдің босағасында шеккен азап пен қорлықты, енді бұның өзі көріп, төсегі тікенге айналып төңбекшіп жатқанына қуана ма? Қуанғаннан қол-аяғы жерге тимей жүрмесе қайтсін?

Жылағысы кеп еді, бірақ көзінен жас шықпады. Кісіден көретін не бар, бұның өзі кінәлі; бастықтардың сырын білмесе екен-ау: білді ғой; біле тұра, есі дұрыс кісі құдіреттілермен күш таластыра ма?

Бұндайда, әдетте сөзді іштеріндегі атқа жеңіл құбаша бастайды, қалғандары ішін алдырмай, сызды қалпын сақтап бағады; бұл өзі білетін таныс мінез; қарсыластарың алдыңа келгенде сен де сүйтетінсің, сен, бірақ әуелі алдыңа өзгелерді салып, иттей талатып алатынсың да, сосын соңын ала араласатынсың; аржағы белгілі: соның аржағында тоқмейіл мысықтың тырнағына іліккен сұр тышқандай, істі болған сорлыны қызық үшін қуалап, ары итеріп, бері жықпаушы ма еді? Бастықтардың сол мінезін білді,соны біле тұра олар сені көрсе де көзіне ілмей кекірейді екен деп, тап сол арада кергитін жөні бар ма еді? Жоқ, саған бірдеңе көрінді. Әйтпесе, бұрын сақ еді. Ыза жерге аяқ баспаушы еді. Ыза жерді байқаса болды, аяғының астына темір азу

қақпан құрып қойғандай қаралай үркіп, айналып өтетін. Иә, бұл сақ еді; ендеше тағдыры таразыға түскен екіталайда әншиіндегі сақтығын неге ұмытты? Әлде, басынан бақтың тайғанын білмеді ме? Тағдыры таразыға түскелі тұрған сын сағатта да жұрты құрғыр бұрынғыдай алдында құрдай жорғалап тұрады деді ме? Рас, сол күні де орталықтағы еңселі сары үйдің алдына кеп тоқтаған су жаңа машинадан бұл әдеттегісіндей асықпай, ырғалып-жырғалып түсем дегенше, іштен көзі шалып қалған елпілдек біреу жүгіріп кеп алдынан есік ашты; бұл жоғарыға көтерілем дегенше бюрода қаралатынынан бейхабар тағы бірнеше елпілдек кездесті; милиция екеш милиция да бұны көре сала бұрынғыдай қаздиып тұра қап, ал сыпсыңдаған немелер бұрынғыша "Әз-ағалап" иіліп-бүгіліп жатқасын, бұл үйдегілерден сірә да жамандық күтпеді; бұл үйдегілердің көңілі мен пейілі бәз-баяғыша еді; бәрі елпілдеді; бәрі жалпылдады; бұл бұрынғы машықпен шалқақтаса, олар өздерінің бұған деген бәз-баяғы ықылас, ілтифатын сақтап иіліп-бүгілді кеп; бұл бұрынғыдай шіренсе, аналар одан бетер ес-түсі қалмай жалпылдап, жел шайқаған жас талша майысты-ай кеп; соған үйренгені сонша, кейінгі кезде бұл осы қалада ешкімге иілмей де бүгілмей, арбаның белағашы сияқтанып күдірейген діңгектей-діңгектей жігіттер құрып қалып, енді тек леп шықса желдің ығын алып қалбалақтай бастайтын сусылдақ селеулер мен қаңбақтар қалған ба деп ойлаушы еді; кейде өзін кіл селеу, кіл қаңбақ арасында жүргендей сезетін; қайда барса да алдынан сондайлар шығып, көретіні бүгілген бел, иілген бас, құрмет, қошемет, қолпаш.

Жә, солай шығар; солай болған шығар; сонда сен қазір өзіңді қарайтын бюрода да алдыңнан қаңбақтар мен селеулер бас шұлғып, елпілдеп тұрады деп ойладың ба? 0, ақымақ! Есалаң! Бұрынғы еркелігін осы жолы да істеп табалдырықтан аттай бере қолын көтеріп "сәлем!" деп еді; ұзын столдың екі бетін ала жайғасқан кісілер жұмған аузын ашпады; сен анау-мынауға қысылмайтын көнбет едің-ау; осы жолы да желкеңе түскен ұзын шашыңды үйреншікті машықпен кейін қарай бір сілкіп тастап, басың кекірейіп шалқақтап кіруін кірсең де, мыналардың сені көргенде бұрынғыдай орындарынан жапырыла тұрмақ түгіл, керек десе, басын көтермей, тұқырайып бауырына тығып алғанына таңырқадың; таңырқағанын жасырмай әрқайсына бір қарады; сол түкке түсінбей таңырқаған күйі аяғын ілгері бір басып, түсін бермей тұнжырап алған кісілердің төменгі жағын ала тоқтады; байқамай тұр ма деп жөткіріп еді; оған да ешқайсысы селт етпеді; бұлардан күдер үзгесін, басқа жақтан сүйеу іздеп, кең кабинеттің іргесіне тақап қойған орындықта отырған, кейінгі кезде комсомолдан көтерілген екі-үш жігітке қарап еді; олардың әдеттегі елгезектігінен дәметіп бірер жалтақтады; бірақ бұлар да молла алдында дәріс алған шәкірттей қолын тізесіне салып томпая-томпая қапты. Омай шіркіндер! Ақ көйлектің қатырма жағасына кеңірдегін қылғындыра қан қызыл галстук байлап, мөлт қара костюмнің өңірін тыңқитып түймелеп алған өңкей пысықай, тыраш немелер кісімсіп бұтқа тола

қапты; көзін де көтермеді; аналар сияқты мына патшағарлардың да отырған жеріне желім құйып тырп еткізбей, бөксесін орындыққа жабыстырып тастағандай; бәрінен бұрын саған енді осылардың қылығы батты; осыларға ерегісем деп тұрып өзінің әншиінде күдікті жерге аяқ баспайтын сақтығын да ұмытып кетіп еді.

Иә, жақсылықтың жолы жіңішке; кейде кісіге мың дос аздық еткенде, бір дұшпанның көптік ететіні кәперінен шығып кетті; осы қазақ басқа қонған бақытты құсқа бекер теңемеген; үргедек құсты қаһарлы қол жиып, қару асынып жатпай-ақ қолына шыбық ұстаған сотқар біреу "тәйт" десе де жетіп жатыр; кеше бір мықты ықыласы түскенде бере салған бақыт, сол мықты қаһарын тіккен күні қайтып алатын түбі бос шикі бірдеңе еді ғой; сен жазған соны да ұмыттың; жоқ, ұмытқан жоқ-ты, тек мына шіреніп отырған қырттардың алтын басыңды қор ғып, екі аяғыңнан сарсылтып тұрғызып қойған қорлығы ызаңа тиді; бәрінен бұрын жаныңа сол батты; бірақ амал қанша; күштіге күл шаша ма; қолыңнан келсе, сен де бүйедей бүржиген немелерді отырған жерінен тұрғызбай үстіне үйдің төбесін құлата салар едің; ондай құдірет болмағасын, тым құрыса, бұлардың алдында бас игісі келмеді де, қырсығы ұстап кекірейіп алғаны рас; кіріптар боп тұрып менменсіген қиқарлық кімге ұнасын; біреу: "жол-да-с-с... берігерек келіңіз",– деді; төраға ма деп ойлаған еді; жоқ, төрағадан төменірек отырған ала тақиялы бұжыр қара екен; сен ілгері бір бастың да, сонан артыққа батылың жетпей кілт тоқтадың; бірақ екі көзің жаңағы ала тақияда; не шықса, ала тақиядан шығатын сияқты еді; жоқ, олай болмады; әзірге мыналардың бір ісі бұл ойлаған жерден шықпай жатыр; ала тақиялымен аңдысып тұрғанда, ұзын столдың орта тұсында екі ұрты салбыраған қара сұр біреу бұған шалқалай қарады; ұйыған қорғасындай етженді бетте раһымның ізі жоқ; өзі обал-сауапты білмейтін нағыз безбүйрек болу керек.

– Жігітім, сен директор болғалы институтың үкіметке қып-қызыл шығынға түсіп, екі қолың Минфиннің қалтасын қағып жатқан көрінеді. Мына қағаз солай дейді. Кәне, бұған сен не дейсің?

Сөзін асықпай зілденіп айтты да, маңқиып шалқалай қараған маңғаз қалпын бұзбай сауалына жауап тосып қалды; өзінің кісіге қарағаны да біртүрлі; бір көзі жұмылып кеткен; тек ана, бұған қараған жақтағы көзі құс ататын аңшының нысанадан сығалағанындай; аңшы болса, Құдай біледі, ұсынғаны мүлт кетпес еді; сұрақтан гөрі осы бір оқтай қадалған өткір жанар өңменінен өтіп бара жатқасын қипақтап көзін олай бір, бұлай бір алып қашты.

– Ал, бұған не айтасың? Қандай дәлелің бар?

Қап, мынаны-ай!.. Өзі осындағы бір заводтың директоры көрінеді; баяғы ат терлігін құрғатпай, көршілес ауылдармен екі арадағы

барымта-қарымтаға шауып тұратын ақ сойылдың заманы болғанда мына қорғасын бет... бұл ма, бұл заңғар бір қырдың астында ат жалына жабысып бұғып тұрар еді де, сосын ылғи қапыңды тауып, ұрымтал жерден айқаса кететін нағыз қаншеңгелдің өзі болар еді; көрдің бе, осал жерін тауып ұстады; айрылатын түрі жоқ; "кәне, тырп етіп көр",– дегендей, әлгінде сығырайтып ашқан жалғыз көздің қиығын сенен әлі де айырмай, бағып қалған; бюро мүшелерінің басқа бірі болса бір сәрі; ал мынау... бір шаруасы бітсе, бір шаруасы бітпей, ертелі-кеш етегі жалпылдап, алақанын жайып тіленетін де жүретін завод директорының тар жерден тосқанын қараш; күндіз-түн мігерсіз сарт-сұртты салатын да жататын заводтың темір-терсегінен тиын тауып көзі шыққан шаруашыл неме ғылыми жұмыстың бағасы бақырмен өлшенбесін қайдан білсін.

Не дерін білмей тұр. Бұнан жауап тосып қыбырсыз отырған кісілер үнсіздік ұзаққа созылғасын қозғалақтап, орындықтар сықырлай бастады. Біреу күңк етті:

– Осылай отыра береміз бе?

Бюро басталмай жатып, әлден қара терге түсті.

– Менің басқа сұрағым жоқ,– деді қорғасын бет; бел ұстаспай жатып бір сүріндіргесін бүгінгі бюро мәжілісінде өзіне тиесілі міндетті осымен бітірдім деп ойлаған болу керек, сонан қашан қолға салғанша бұндағы әңгімеге қатысы болмайтынын аңғартып, екі ұрты салбыраған мына көнек бет маңқия қапты.

Есесіне енді басқалар бас көтерді. Қорғасын беттей емес, бұлардың үні қатқыл; сөздері де аржағында ашу иектеп тұрғандай зілденіп шықты; әсіресе, ала тақиялы бұжыр қара бұны ашықтан-ашық мошқап, ауыз ашса академик жол-да-с-с",– деп дыбысын тісінің арасынан ысқыртып отыр.

– Арал теңізін сақтағаннан гөрі оның бізге тезірек тартылғаны тиімді дейсіз. Сүйдеп сөйлеген сөзіңізде, жазған мақалаңызда айтып жүрсіз. Соған қалай аузыңыз барады? Осыған жауап беріңізші, жол-дасс?

– Иә, айттым. Бас тартпаймын...

– Бас тартпайтының жақсы. Жақтастарың сіздің мұныңызды ғылымдағы батыл жаңалық, академик Әзімнің теориясы деп жер-көкке сиғызбай, жалаулатып әкетті ғой. Кәне, бұған не дейсіз?

– Көптің ауызына қақпақ болам ба?

– Жарайды, солай-ақ болсын. Академик Әзімнің теориясы делік.

Бірақ онда көңілге қонатын ғылыми негіз бар ма?

– Негіз дейсіз бе?

– Иә, негіз...

– Бәлкім, негіз болмас. Бірақ біз айтайық, айтпайық, түбі бәрібір өлетін теңіз емес пе? Үкімін жоғарғы жақ әлдеқашан шығарып қойған жоқ па?

– Тоқта! Жоғарғы жағың кім? Москва ма?

– Иә, солар.

– Солай де, жолдасс...

– Дейік, демейік, қолдан келер түк жоқ. Арал мәселесінің түпкі астарында талай сыр жатыр. Оны бұрын айта алмаушы едік. Қазір қайта құру дәуірі басталғалы, басқасынан бұрын, ойлаған ойымызды қорықпай айтатын боп жатырмыз.

– Дегендей. Ендеше, сіз, кәне, Арал мәселесінің жаңа өзіңіз қозғаған түпкі астарында не жатыр? Соны айтыңызшы?

– Айтсам... өздеріңізге бе-белгілі, Москваға Арал теңізі тұрсын...

– Бөгелмеңіз!

– ...Арал тұрсын, Орта Азия мен Қазақстанның халқы қырылып қалса да бәрібір. Москваға мақта керек.

– Демек, Москва мақтаның жолына бәрін құрбандыққа шалып жібереді ғой, солай ма?

– Жо-қ!.. Жоқ, үйдегем жоқ...

– Жарайды. Москва солай болғанда, біз өзіміз қалай болдық?

– Бі-біз...

– Иә, сіз. Су шаруашылық институтына тікелей басшылық етіп отырған өзіңіз Москваның әлгіндей көрер көзге істеп отырған озбырлық қиянатына қарсы дауыс көтердіңіз бе?

– Шыны керек, үйдеп... қарсы дауыс көтердік деп...

– Жарайды, айтпай-ақ қой. Ол кезде Түрікменстанның ғылым академиясының президенті... сол өзі... кім еді?

– Академик Бабаев.

– Иә, Бабаев екеуің, өлмесең тұрма деп, Аралдың көрін Москвамен бірге қаздыңдар. Өзіңіз Аралдан көрінесіз. Сүйте тұра, соған қалай дәтіңіз жетті? Түсініксіз. Мүмкін, өзіңіз түсіндірерсіз?!

– Енді... Ол өзі... Өзі сондай ззааман еді ғой... Жаңа айттым ғой... Жоғарыдан ссоондай үкім кесіліп қойыл-ғасын...

– Іркілмеңіз, айтыңыз!

– ...ббіз жақтайық-жжаақтамайық тағдыры аана жжақта шшеешіліп ққоойй...

Мына ала тақияның ала қанат сауысқандай шықылықтап желкесіне мініп алғанын қарашы. Оның ес жиғызбай үсті-үстіне жаудырып жатқан сауалының бірде-біріне жауап қайтара алмай қиналып тұрды да, әлденеге көңілі де, көзі де аяғындағы қара сүрік туфлиге ауып, шаң жұқпай жылтылдаған сүп-сүйір тұмсығы жанарын арбап алғанын байқамады.

– Жолдас-с, сіз...

Көзін аяғындағы туфлидің жылтылдап жанарын арбап тұрған сүп-сүйір тұмсығынан алды. Бірақ, басына қан шапшыды ма, құлағы шуылдады ма, ала тақияның тағы да не деп шықылықтап тұрғаны санасына жөндеп жете қойған жоқ. Оның бір сөзі миына кірмегесін өзінің де оған не деп жауап қайтарарын білген жоқ-ты.

Ал осыдан бес жыл бұрын бұл директор бола сала институттың шаңырағы астына жұртты жимады ма. Сонда Москвадан ұшып келген сыйлы қонақтарды қолпаштап төрге отырғызып қойып, Үлкен Үйден үлкен-үлкен бастықтар, қоғам қайраткерлері, журналистер қатысқан сол жиында екі сағат сайраудай-ақ сайрап еді-ау! Арал теңізін сақтағаннан гөрі оның бізге тезірек тартылып қара жерге айналғаны әлдеқайда тиімді деген ойды да бұл алғаш сонда айтқан еді; суы тартылған теңіздің түбінен босаған пәленбай құнарлы жерге түгенбай мақта егеміз деп сайрап еді-ау! Шет елдер соңыра біз өндіретін мақтаның бір пұтына жиырма бес, отыз пұт бидай береміз деп әлден алақанын жайып отыр деп, иін тірескен ығы-жығы жиынның ауызын ашқызып паңқыған сөзі сол күннің ертеңіне бар-бар газетте жарияланып, радио, теледидар болса-болмаса да айдай әлемге айқай салмап па еді?

Аққұба жігіт бастаған аз ғана топ қарсы болса да, қолдау таппағасын Үлкен Үйге барған еді; ондағылар Аққұба жігітті қостамай да, қарсы да болмай, "көрерміз" деген бір ауыз сөзден басқа түк айтпай, сазарған суық қалпын сақтап шығарып салған еді; сөзін өткізе алмай, жаны қыдырған жігіт енді қанша барса да Үлкен Үйдегілер оны қабылдамай, ол жөнінде жоғарғы жақта жағымсыз пікір туа бастап еді; сол, сол екен,

кідірмей-ақ Дзержинскийдің дәл өзінен аудырмай, шойыннан құйған тас мүсіннің дәл түбіндегі төрт қабат қара сұр үйдегілердің қаһарына ілігіпті де, түнде беймезгіл уақытта шырт ,ұйқыдан оятып шақырып жауап алыпты: Үкімет пен Партияның экономикалық саясатына қиғаш келетін кертартпа депті; ғылымдағы жаңашыл идеяның жауы депті; жалақор, пәлеқор деген пікір туғызып, қара есекке теріс мінгізуге қарапты; бұған осылай аспан астындағы пәле-жаланың бәрін жауып, ит қосып жатса, ал Әзімді ана жақта Кремль, мына жақта Үлкен Үй қолдап, жаңашыл жас ғалымның аты, атағы аспанға шырқап шыға келіп еді-ау!

Әріден ойлайтын іш есебінің осы жолы да алдамай, өзі күткен жерден шыққанына мәз болып еді! Иә, бұл өзінен бұрынғы директорлардың ешқайсысына ұқсағысы келмеді. Оларға ұқсаса күні қандай болары белгілі: онда инемен құдық қазғандай, шұқымай бірдеңелердің соңында кетер еді; біреу біліп, біреу білмес еді; сонан жылдар өтер еді; шаш ағарып, жүйке жүн болар еді; жас кездегі жалын, жігер, күш-қайрат күрт кеміп, жүзі мұқалған алмастай, ешкімге, ештеңеге қажетсіз боп қалар еді; бәлкім, оны өзі байқар-байқамас, бірақ басқа жұрт байқар еді; әсіресе, қасындағылар байқар еді; әсіресе, күні кеше есебін тауып тұла бойындағы тесіктің бірінен кіріп, бірінен шығып жүрген епті жігіттер дереу байқар еді де, ыңғайын тауып құрметті зейнеткер деп қолпаштап-қолпаштап пенсияға шығарып салар еді; е, аржағын айт-айтпа – белгілі: аржағында сен бір кезде Партия съезі ме, не Үлкен Кісінің өзі қатысқан салтанатты мәжіліс пе, не әлде Жоғарғы Кеңестің кезекті сессиясы ма, әйтеуір сол сияқты мәртебелі жиындарда қырын түсірмей киетін мөлт қара костюм, бұл күнде өзіңмен бірге күйі қашып, жағасы мен жеңінің ауызы қырылып мыж-мыж болған; ол кезде басында құлын сауырланып қақырайып тұратын велюр шляпа да құдды түйе басып кеткендей жапырайып қалған; өзің де әлдебір сақтық кассада алақандай тесікке ентелеп, мойныңды созып, әр айдың аяғында қолға тиетін тиын-тебеніңді күтіп тұрғаның... Шыны керек, соңырағы күні сондай сұрықсыз көптің бірі болғысы келмеді; қолында күш тұрғанда баяғыда бір тентек "атың шықпаса – жер өрте" десе дегендей, жұрт "ойпырмай!" деп жағасын ұстағандай, адамның ақылына сыймайтын бір қиянпұрыс істі бастады да жіберді. Е, қиянпұрыс болса ше? Қисық болса ше? Болса да, қиянпұрыс, қисық істі бастаған бұл емес; Түрікпеннің Бабаевы да емес, Москвада отырғандар! Мықты болсаңдар, бюрода соларды қараңдар. Халықтың түбіне солар жеткен жоқ па еді? Әне, кәрі теңіз табанынан су қашып, қу тақырға айналып жатыр. Арал аспаны аппақ ақ шаңдақ; Арал өңірі тұзға тұншығып, тамыры күйген шөп көктемде де көктемей, қара кеңірдектеніп қурап барады; адам көрмеген індет шығып, ана жатырында ұрығынан ауруға шалдыққан балалар деліқұл дімкес боп туып, келешек ұрпақ азып бара жатқанына қарамастан Кремльдегі көсемдер біз болмағанда Орта Азия мен Қазақстанның халқы адамзат көшіне ере алмай, ескі жұртта сарыжамбас боп қалатын еді деп, екі

көзіңді бақырайтып қойып көкіп жатқан жоқ па? Соларға қарсы қайсысың дауыс көтеріп едің? Басқа-басқа Үлкен Кісінің өзі ауыз ашса соларды қостап, халқының өткен күні қара түнек еді; ата-тегінде бас көтерер адам болмай, қой соңында қоңын күн тескен сорлылар еді деп зарлап қоя бермеуші ме еді? Сосын қайтсын, бұл да Москва алдында бас шұлғыды. Соған жазықты ма? Пішту!..

– Ал жолдассс...

Қорғасын беттен бұрын осының ызасы батып барады. Абзалы, бастан бақ таймағай; бастан бақ тайғасын тірілікте тірнектеп жиған азғантай абырой да ит жыртқан кара терідей қадірі қалмай, түкке жарамай қалады екен. Бұл оны жаңа мыналардың үстіне кіргенде білді; соны біле тұра, сол арада неге жатты да қитықты? Тар көпірде бір-біріне қарсы кездескен екі қыршаңқы текеше мүйізге мүйіз тіреп тұра қалғаны не? Аяқ астынан ірілік ұстап менменситін жөні бар ма еді? Тағдырыңды тас шеңгеліне ұстап отырған кісілердің алдында күш сынасқаннан не тапты? Белдеспей жатып сағын сындыруға ана қорғасын бет те жетті; сосын-ақ бұлар бел ала бастады; бір-бір орындықта шіренген бюро мүшелері бір-бір белді ат мініп, білегін сыбанып, жалақтап шыққан көкпаршыларға айналды. Міне, топ етіп ортаға түскен лаққа анталап тұрған көкпаршылар лап берді; тарпа бас салды; таласа ұмтылған қолдардың арасынан әуелі білегі жуан қорғасын бет іліп ала жөнеліп еді; бірақ қалғандары ұзатпай тасырлатып қуып жетті де, лақты әр жаққа тартып керді де әкетті; Ат тұяғының дүбірі үдеп, құлағы күңгірлеп барады; ала жабыр; айқай-үрең; дырдуға делебесі қозып есіріп алған есерсоқ бір көкпаршының қиқуы кенет бұның құлағының дәл түбінен шықты; "қайсысы екен?" деп ойлады; көзіне құйылған терді сасып тұрып жеңімен сүртіп, дауыс шыққан жаққа қарап еді; тағы да сол ала тақия екен; түрі жаман, түтігіп алған; шамасы, бұған бір емес, екі емес, қатарынан бірнеше тіл қатқан.

– Академик жол-дассс... Сіз, немене, есітпей тұрсыз ба, әлде есіткіңіз келмей ме?

– Кешіріңіз...

– Сұраққа жауап беріңіз, жолдасс...

– Кешіріңіз... Не сұрап едіңіз?

– Жол-дасс... тыңдау керек. Картаны... картаны сұрап тұрмын.

Басы жарылып барады; бір-екі рет көзі қарауытып кетті; құлап қалатындай қорыққаны сонша, тер құйылған көзі жалтақтап маңынан сүйенетін бірдеңе іздеді; "картасы несі?" деп ойлады; неге екенін қайдам, "ә" дегенде анда-санда қарауындағы ғалымдармен преферанс ойнап, ақшаларын ұтып алатыны бар еді; бұл соны қайдан біліп қалды

екен? Біреу айтқан болды-ау? Қалай жауап берудің есебін таппай қиналып тұрғанда, төр жақтан, ертеден бері әңгімеге араласпай отырған біреу:

– Институт жасаған су картасы үкіметке қанша зиян келтірді? Соны білесіз бе?– деді.

Әрине біледі. Бүгін өзіне осы сауалды қоятынын да білген-ді. Анадағы қара таяқтар конференциядан кейін еліне бара сала жергілікті жердің басшыларын жағадан алмасы бар ма. "Біз малымыз бен жанымызға ауыз су таппай, қу даланы кезіп жүрсек, аяғымыздың асты телегей теңіз екен ғой. Шұқысаң су атқылағалы тұр екен. Дабай, қаржы бөл. Техника тап. Бұрғы сал!"– деп айқайға басқан қара таяқтар, ақыры, айтқанын істетіп, академик Әзім картасында көрсеткен жердің бәріне бұрғы салғызсын; Бетпақдаланың небір аспан айналып жерге түскендей ыстықтарында ақ тер-көк тер боп қай жерді қазса да көні кепкен қу даладан қиыршық құм болмаса, сыңар тамшы шықпағасын еңбегі еш-тұзы сор қара сирақтар қаһарға мінсін; аяғы жеткендер Үлкен Үйге шапсын; қайсы бір тентектер стол сабалап отырып алып Үлкен Үйдегілердің зықы кете бастағасын лажсыздан комиссия құрып институтты бір ай тексергенде, бұған бәрінен бұрын картасы құрғыр пәле боп жабысқан-ды.

– Жә, қиналсаң айтпай-ақ қой. Ол жөнінде мағлұмат біздің өзімізде де бар. Енді сен мынаған жауап бер: ғылыми негізі жоқ, көзбояу үшін жасаған бірдеңені жеркөкке сиғызбай жақтастарыңа мақтатып, мемлекеттік сыйлыққа ұсындырып...

– Жоқ, бұл қате! Мен ешкімге мақта деп те, ұсыныңдар деп те айтқам жоқ...

– Солай де?

– Иә... Иә, солай. Ұсынып жүрген жігіттердің өздері.

– Бұл арада да жаманатқа басқаларды ұстап беріп, өзіңе шаң жұқтырмай тұрсың. Жә, солай-ақ болсын... Ал, бірақ... жолдастарың арасында отырғанда "ұсынылсам – сөз жоқ алам"– деген сөзіңді қалай түсінуге болады?

– Сүйдеп пе, әй?! Дәмесін қара?!.

– Бұл жігіт жалғыз премия ғана емес, онан зорырақтан да дәмесі болған. Солай ма?

Қол-аяғың қалшылдап кетті. Қорықтың ба, қысылдың ба, ол арасын білген жоқсың. Тек көзі анық жеткені – осыған дейін өзі ойлағандай бұның түбіне жеткен су картасы емес, қара таяқтар емес, әрілесе тіпті

айрандай ұйып отырған институттың бұл келгесін екіге қақ жарылып, өрт үстіне май құйғандай айтыс-тартыстың өршіп кеткені де емес екен, қайта айтыс-тартыстар ұнады. Айтыс-тартыс неғұрлым етек алса, бұл да соғұрлым ел назарына ілігіп, қызық құмар халықтың бір жағы сені қолдаса, екінші жағы аналарды қолдап, қала, дала көз тігіп, гуілдеп жатса тіпті құба-құп. Мақтаса да, даттаса да – сен ауыздасың; газет ашса – көзге сен түсесің; радио бұраса – ар жағында сені айтып саңқылдап тұрады; теледидар қосса – көгілдір экранда тағы да сен; сен болсаң экран алдында телмірген жұртты аузыңнан шыққан сөзге зарықтырып маңқиып отырғаның; бір жағыңа қарай бейім тұратын сусылдақ шашың әлдеқалай сырғып көзіңе түсіп бара жатса, сен саусағыңа алтын жүзік, білегіңе алтын сағат таққан сол қолыңның қимылымен кейін қарай ақырын ысырып тастап, былғары креслоға нығыздап отырып алар едің де, қоңыр дауысыңды қолдан созып, аспай-саспай ақырын сөйлеп кетер едің; сонда экран алдында ентелеп отырған жұрт "әлгі Әзім деген жаңашыл жас ғалым осы ма? Ой, бәрекелде, тусаң ту, өзі де нар қасқа екен!"– деп пошымыңа көзі тояр еді; айтса да, жұрт арасында жақтастар көбейіп, жаңашыл жас ғалымның жұлдызы астана аспанында жарқырап тұрған осынау тұста Үлкен Кісі кетеді екен деген түбі шикілеу хабар дүңк етті. Сенің де көптен күткенің осы еді; тірі жанға тісіңнен шығармай, ішіңде сары уыздай шайқап келген ойдың жүзеге асатын сәтті сағаты енді соққан сияқтанды; не істесе де әуелі жан-жағынан мұқият ойлап алатын өзіңнің қашанғы әдетің бойынша, сен осы тұста да, сенімді кісілерің арқылы қала ішіне Үлкен кісінің орнына анау барады екен деген лақап траттың. Жұрт елең еткенше болмай, ертеңіне жігіттерің "жоқ, ол емес, мынау барады",– деп, басқа ізге салды. Сүйтіп, алдыңа жұрттың есебінде жоқ екі кісіні салып, қала халқы сол екеудің қайсысына ден қоярын білмей толқып тұрғанда, додаға көлденеңнен өзің қосылдың да кеттің. Онсыз да қыбыр-жыбырға құлағын түріп отырған сергек халық елең етіп, ықыласы бірден саған ауып шыға келді. Үлкен Кісінің орнына нағыз лайық кісі табылғанға қуанған қала іші дуылдап кетті. Айт-айтпа, өлетін бала молаға қашадының кебі болды да шықты. Қала, дала құлақтанып, халық екіге жарылды. Бірі қостады. Бірі қарсы болды. Қостағандар да, қарсы болғандар да Үлкен Кісінің орнына баратын болашақ ел басын жиналыста көре қалса, жалма-жан жанындағыны түртіп, сыртынан ымдап жатқанда, ептілеу біреу есебін тауып, жүгіріп барып белі үзілгенше иіліп-бүгіліп жатқаны. Ел басы кетеді екен деген сыбыс шыққалы үкімет мүшелері де Үлкен Кісіден ептеп іргесін аулақтай бастады. Есесіне, олардың райы саған ауып, кездескен жерде қасыңнан шықпай үйіріле қалатын боп жүрген. Оны Үлкен Кісі сезді. Сен де сездің. Оған Үлкен Кісінің қалай қарағанын өзі біледі, ал сен болсаң жұрттың ықыласы бұлайша өзгере бастағанын жақсылық нышанға жорып, ішіңнен семіріп жүргенде, бір күні үлкен сарайда салтанатты жиналыс болды. Күні бұрын не істеу керек екенін алдын ала орын-орынына қойып ойластырып алғандықтан осы жолы да, бәрі дәл өзің ойлағандай болатынына құйттай да күмәнданған

жоқсың-ды. Несіне күмәндансын, әне, Үлкен Кісі құдды қой бастаған қошқардай соңына ерген ығайлар мен сығайлардың алдына түсіп сахнаға беттей беріп еді; жаңа ғана шіреніп тұрған әлгі ығайлар мен сығайлар қапелімде қаңбақтай ұшып кетті. Қашанғы әдеттері осы: Үлкен Кісіге жақынырақ жерден орын алып қалғысы келеді де, осылай бірін-бірі иықтай, қаға-соға ілгері ұмтылады. Бұрын сен бұндайда қырсығың ұстап қитыға қалатын едің. Соның өзіңе жарасатын. Сосын миығыңа мысқыл шаптырар едің де, ілгергі жаққа баспай, арт жақтағы бос орындықтың біріне аяғыңды аяғыңа салып шалқалап отыра кетер едің. Бұл жолы аяғың аттай желіп кетті. Бұл жолы басқаларды өзің иықтап қағып, Үлкен Кісімен шалғайласа ілгері ұмтылдың. Бұныңды қайсы біреулер ұнатпай ала көзімен ата қарады. Бірақ сен олардың жақтырған-жақтырмағанын жыр демей, қақ төрге шығып Үлкен Кісінің өзімен иықтаса қатар отырып алдың. Іші күйгендер – тұз жаласын. Есесіне, өз есебі түгел. Оны көріп отыр: жұрттың көзі сенде. Ығайлар мен сығайларды ысырып тастап, қақ төрде Үлкен Кісінің өзімен иық тірестіріп маңқия қалғанын көрген жұрт ертеңгі ел басының басқа емес, осы жігіт екеніне енді шек келтірмеді; бәрінің көзі мен көңілі саған ауып, телмеңдеп қарап қалғанын байқап отырсың. Сен тек Үлкен Кісінің ішіне қан қатып, сұп-сұр боп саған сыртын беріп отырып алғанын байқаған жоқсың. Іш есебіңнің ойлаған жерден шықпай, алдаған жері де осы болды. О, ақымақ! Есек дәмеге семірген есалаң.

– Кәне, мынаған жауап беріңіз!– деді біреу.

Осыған дейінгілердің бәрі оты, суы қанық, қолда баққан қаздай, дауысы көмейден қоңырлап шығатын-ды; ал мынаның дауысы тұп-тура шекеңнен шыққандай шаңқ етті; өзі де қол тисе шатыр етіп сынғалы тұрған шыныдай шытырлақ біреу:

– Ғалымдар арасында сіз бастық болғалы етек алып өршіп кеткен ала ауыздықтың себебі не? Бұған не дейсіз?

"Аа? Ала ауыз? Бұнысы не?". Тосыннан, тұтқиыл қойылған сұрақ болғасын түп астарын кәпелімде аңғара алмай қап, бұның мәнісін шаңқ-шаңқ еткен шытырлақтың өзінен білгісі кеп, оған көз қиығын тастап еді; қара костюмнің өңірі толған жалтырақ түймені тыңқитып салып алған тыраш біреу. Жаңа іргеге тақап қойған орындықта молда алдын көрген монтаны шәкірттей қолын тізесіне салып, көзін көтермей монтиып отырған-ды. Кәпелімде, қасына жетіп келіп қатарласып тұра қапты; сауалына табанда жауап бермесең, жағаласа кететіндей кіжің-кіжің етеді. Омай-ау! Комсомолдан жақында өскен шілтікей неме қала басшыларының көзіне түскісі кеп, шелтең-шелтең етеді; анада комсомолда жүргенде бір жиналыста бұған жүгіріп кеп басынан қалпағын, иінінен пальтосын алып, өзінің киімімен бірге ілген-ді; бірақ, о да бюроға дейін еді.

Амал қанша, жауап беру керек; пышыраған ойдың басын құрай алмай қиналып тұр; әдепкіде онша қиын емес сияқтанған; бүгін қалайда осы сұрақтың қойылатынын біліп келген-ді; білгені былай тұрсын, бұндағы әңгіменің осыдан басталатынына да күмәнданбаған; өзі де осы сұраққа алдын ала әзірленіп, жауабын жадында сақтап тұрған сияқты еді; өмірде ештеңеден беті қайтып көрмеген өр жігіт өзінің тырнағына тұрмайтын мына бір шілтікейдің шікіреңдегеніне күйініп тұрып, жаңа ғана жадында ұстап тұрған жауап қолма-қол керек болғанда аузына түспей құртты.

Соған қиналып:

– Қалай десем екен?– деп басын ұстап еді, комсомолмен көтерілген шілтікей күйіп кетті; бірақ ашуланғанда бұның да ауызына сөз түспей, қолын ызалана сілтеді де, орнына барып отырды.

– Ал, жол-дассс, сен бері қара...

Онсыз да көзінің қиығын ала тақиядан айырмай тұрған-ды; оның "сізді" қойып, енді "сенге" көшкенін байқаған жоқ.

– Қош, қазақтың бетке ұстаған ғалымдарын институттан құдың. Анайы тілмен айтқанда, сәурік айғырша сауырлап талап, әлі де қуып жатсың. Баяғыда елге шыққан бір өкіл колхозшыларды жиып алып, жерде жатқан таяқтың сынығын көрсетіп: "қазақ бұны не дейді?" деп сұрапты. Біреу: "бұрау дейді",– депті. Сонда өкіл қолындағы әлгі бір сүйемдей таяқтың сынығын жиналған халыққа көрсетіп: "Иә, бұрау. Бұрауда да сұрау бар",– депті. Ал, сен... академик жол-дассс... әлгі жазықсыздан жазықсыз қуған ғалымдардың да түбінде, сірә, сұрауы болар-ау деп ойладың ба? Осыған жауап берші, жолдассс.

Бұл бірдеңе деп былдырықтады; бірақ кейін қанша ойласа да сол арада не дегені есінде қалмапты; комсомолдан өскен бағанағы шілтік папке арасындағы қағаздарға көз жүгіртіп шықты да, сосын тағы да саған жетіп келді. Шаңқ-шаңқ етті; миға кірмейтін ұзын-сонар бірдеңені шұбалтып сөйлеп кетті; сөз бе, сұрақ па, белгісіз; бұл бірін ұқса, бірін ұққан жоқ; тек ұзақ сөзден аңғарғаны; суы тартылған теңіз түбінде егіске жарайтын құнарлы топырақ бола ма? Бұл – бір! Сізден басқа оқымыстылар теңіз суында төрт жарым миллиард тонна тұз бар деп жүр ғой; соңыра теңіз әбден тартылып, сонша тұз түбіне шөккенде тың игеруші дихандар еккен мақта түгіл, сол араға шанышқан темір таяқтан тебен ине де қалмай, тұз жеп тастамай ма? Бұл – екі! Ал, бұған не дейсіз?

Не десе екен, ә? Басы құрғыр жарылып барады. Не дерін білмегесін омырауындағы түймелерді тартқылап кетті.

– Оқымысты кісі ойланып сөйлеу керек қой. Сөзіңді тыңдаймын.

Статьяларыңды жібермей оқимын. Соның бәрінде де сен, жолда-ссс, суы тартылған теңіз түбінен пәленбай миллион гектар құнарлы жер... понимаете, вы?.. Құнар-лы...

Ала тақия орнынан қалшылдай атып тұрды; үнсіз сазарған бюро мүшелеріне қарады; сосын ертеден бері не пәлені ішіне түйіп, жұмған ауызын ашпай отырған бірінші хатшыға қарап, сөзін қоштатам ба деп еді; бірақ бірінші хатшы да, онан басқалар да селт етпей сазара түсті. Сосын ала тақия:

– Кощунство,– деді де, отыра кетті. Отырғасын да ашуын баса алмай бұртыңдап сөйлей берді:– Понимаешь, теңіз түбінен құнарлы жер алады. Тыңайтқышты мол беріп, алғашқы кезде агротехникалық күтімді күшейтіп, сосын, бұл жігіт... академик жол-дассс... Арал теңізінің түбінен босаған әлгі жерге еккен мақтадан жыл сайын бір жарым миллион тонна мақта алады. Бұл ана замандағы академик Вавилов, академик Прянишников ашқан ауыл шаруашылық ғылымындағы әйгілі жаңалықтармен парапар түсетін академик Әзім қосқан біздің дәуіріміздің ұлы жаңалығы. Солай ма, жол-дассс?

Ала тақияның көре көзге мойнына қиып салып тұрған бір жарым миллионына миы жетпейді. Бұны қайдан тапты? Бұл дәл осындай ақылға сыймайтын қисынсыз нәрсені айтқандай ақымақ емес еді ғой? Апырмай, ә?! Әлде... Әдетте бұл сөйлегенде жым-жырт боп тына қалатын жұртты таңдандыра түскісі келетін де, кейде қызып кетіп артығырақ кетіп қалатын; бәлкім, сондайда аузынан шықса шыққан шығар; бірақ оны мақала ғып бастырған жері жоқ еді; әлде, тоқта... Әлгі бір бұның басшылығымен кандидаттық қорғаған келіншектердің диссертациясында іріп-шіріген капитализмнен социалды қоғамның бір артықшылығын суы тартылған Арал проблемасы арқылы дәлелдеп еді; сол қағынғырларды жұмыс аяғында алып қалып диссертациясына көз жүгіртетін кезі болушы еді; мына ала тақия кенедей қадалып отырған бір жарым миллион солардың диссертациясының бір жерінде кетіп қалды ма? Шамасы, ала тақия сондай бірдеңені тауып алып, шаш арасынан сірке ұстағандай сауысқанша шықылықтап тұрған болды ғой? Ана жақтағы жаман жерлесі сияқты ала тақия да иісшіл иттей түртінектеп, қайдағы бірдеңені тауып алатын қызыл көз пәле болмасын. Бірінің ауызына бірі түкіріп қойғандай, сөздері бір жерден шығып жатқанын көрдің бе. 0, опасыз жалған! Сұм дүние! Сырын білмейтін аттай бір күні болмаса бір күні тулап, аяғын аспаннан келтіретін опасыздығын кім білген? Жер басқан жұмыр басты пенде ертеңі не боларын білген бе? Бірақ адам болған адам түптің түбінде додаға тастаған көкпардың лағы екенін білді ғой. Қатыгез тағдыр кімді аяп еді? Бұның өзі де додаға тастаған лақтай әлдебір аты мықты, тақымы қатты тентектің қанжығасында бөктергіде кете баратындай қорқып, түптің түбінде басына төнер бір зауалды тосуда еді ғой; мектепте жүргенде тағдырының бір ұшы тарихтан сабақ беретін

шынықөз ағайдың қолында тұрғандай көрінді; әсіресе сабақ білмегенде кірпігін қақпайтын шыны көзі шатынап, ал ана сау көзі өңменіне оқтай қадалып, сұрақ үстіне сұрақ жаудырғанда, о да саған құдды білегін сыбанып жалақтап тұрған аты мықты, қолы қатты көкпаршы сияқтанушы еді; орта мектепті алтын медальмен бітіріп, ертең институтқа сынақсыз түсем бе деген дәменің күлі көкке ұшып, көкпаршының қанжығасында кетіп бара жатқандай болатын; онан әскерде бұған жез мұрт, жирен сары старшина өшікті; қит етсе бұдан ілік іздеді; қаңтардың қақаған суығында оқшау шетте тұрған оқ-дәрі қоймасына күзетке жіберетін; қарсы келсе көзі ақырайып кететін; сосын сап алдына бір өзін жеке шығарып, сымдай тартылдырып қоятын да, жез мұртының әр талын тікендей тікірейтіп, көзін ежірейтіп, беренауыз неме жеті атасынан сау тамтық қалдырмай боқтап ала жөнелгенде нағыз көкпаршы баяғы шыны көз тарихшы ағай емес, мына көк көз, жирен сары старшина сияқтанатын.

Рас, институтқа түскесін сабақта да, қоғамдық жұмыста да алдына жан салмады: бұл шығарған газет қабырғаға ілінер-ілінбесте студенттер топырлап үйме-жүйме бола қалатын; қаламы жүйрік жігіт сабақ үлгірмеген, қоғамдық жұмыстан бас тартқан, комсомол, профсоюз жиналысына қатыспай, басқа институттың қыздарымен қыдырып, ресторан жағалап кеткен хикаяны қызық қып жазатын; ал сен шығарған өлең шумағының соңында атың тұрмаса да "ә" деген әріптен қыздар біле қоятын да, лекция жазған дәптердің бір жеріне көшіріп алатын; сосын сені көргенде кенеттен тымырая қап, бір-біріне: "әне, анау ақын жігіт",– деп сыбырлап, көзінің астымен ұзатып салатын.

Иә, сенің басыңнан сондай да күн өтті; кейін әңгімелі болғанда сол күндерді аңсап есіне алатын; институт бітіргесін де сыралғы жігіттің жолы болып, желі оңынан тұрды; не ойласа, сол болды; күні кешеге дейін қайығы қайырламай, өрге жүзіп келе жатқанда, қап, не қыласың, бұның түбіне Аққұба жігіт... Жо-қ, онан көретін ештеңе жоқ, бәрі өзінен. Өзінен басқа жұртты ақымақ көрді. Құлығы мен сұмдығын асырмақ болғанда, бұл әдетте көзге түсе бермей, жауласқан кісісіне жамандықты басқаның қолымен істеді; көбіне жаманатты Жуан Жақайымға аударып тастап, ал өзі мына жақта сүттен ақ, судан таза, миығынан мырс-мырс күліп отырғаны.

Обалы не керек, Жуан Жақайым бұған аз оқ қағар болған жоқ: Әзімде есесі кетіп жүрген кісілер әдетте оны іздеп институтке келеді; олар келгенде, бұл бір сылтау тауып тайып тұрады; көбіне Үлкен Үйде жиналыста отырады; кейде өзі жиналыс өткізіп жатады; кейінгі кезде шет елде айлап, апталап жүріп алатын. Есесіне, орынбасар орнында; кім келсе де есік ашық; әсіресе, қарсыластар жақтан біреу келсе қуанып қомпалақтап қалады; ыржалақтап әзіл айтқан болады; бірақ ызалы кісі жақтырмай қабағын түйіп алады; түсін бермей томсарып отырады да,

сөйлеп кетеді; Әзімге деген реніші мен ызасын айта бастағанда, жаңа ғана ыржалақтап отырған Жуан Жақайымның түсі қашып, бетіндегі парықсыз күлкіні дереу жиып ала қояды; сосын құйрығы астында сәл қозғалса да шыр айналғалы тұрған креслоны жүн тыққан қаптай бір ет, бір май денесімен лықылдата толтырады да, қыбыр етпей тыңдайды; тұла бойындағы бір мүшесін қозғамайды; бір сөзін бөлмейді; бұғағы салбыраған бетін құдды науада бөккен балшықтай тобарсытып алады да, қарашығы жылтыраған кішкентай торай көзін алдындағы адамға түсірмей, әлдебір жаққа аударып жібереді; тілінен у мен зәр төккен ызалы кісі қолға түспей қойған директорды жерден алып, жерге салып жатса да, бұл былқ етпейді; тобарсыған балшық беті де баяғысынша бұлқ етпей, екі көзін алдында отырған кісінің я оң, я сол иығының үстін ала ілгері оздырып, кіреберістегі емен есіктің тұп-тура маңдайшасына қадап алады; сосын тұла бойындағы бір мүшесі қыбыр етпей, қос уысын толтыра қысып алған бір топ қарындашты сықыр-сықыр сығымдап отырады да қояды; ендігі түрі төңірегінен түк сезбейтін, түк есітпейтін керең. Оның ана көпшіктей кеудесінен шыбын жан, ызалы кісі алғаш сөйлей бастағанда-ақ шыр етіп шығып кетіп, енді тек қауқиып құр қаңқасы қалғандай; шыны солай ма, әлде ызадан жарыла жаздап отырған кісінің басына сондай оғаш ой келе ме, әйтеуір, бір кезде ертеден бері сөзін кімге шығын қып отырғанын білмей, өз-өзінен ыңғайсыздана бастайды; жалтақтап жан-жағына қарайды; көзіне ештеңе ілінбегесін қайтадан Жуан Жақайымға қарайды; терісіне сыймай жарыла жаздап келген ыза мен ашудың мына кереңге несі жетіп, несі жетпей жатқанын білмейді; өзінің де не айтып, не қойғанын білмей, күйіп-пісіп быт-шыт болады да, сосын:

– Сірә, бұл үйде бізді тыңдайтын құлақ қалмаған ғой,– деп тұрып кетеді; емен есік жақтауға қатты соғып сарт етеді; Жуан Жақайымға сонда ғана жан бітеді; әлгі кісіні сыртынан айызын қандыра орысшалап бір боқтайды;сосын құйрығы астында сықырлаған орындықты әрі-бері шайқалақтатып өзін тербетіп алады да, орнынан тұрады; бір жұмысты бітіргеніне ырза; итбалықтың қанатындай қып-қысқа қолымен алдына өңгерген қарны орнында бар-жоғын байқағысы келгендей, екі бүйірінен басып-басып қояды да, Әзімнің Үлкен Үйден келгенін күтеді; Әзім келмесе кешке үйіне барады; не телефон соғады; үйіне барса да, телефон соқса да, ол Әзімге қарсы жақтан кім келгенін айтады; бірақ оның не шаруамен келгенін айтпайды; зығыры қайнап келген ызалы жанның тілінен төккен у мен зәрді тіпті де тісінен шығармай, өзінің ана аузын буған қаптай жуан, доғал денесінің көз шалмайтын бір түкпіріне тыға салады; ол тіс жарып түк айтпаса да, сен бірақ зымиян неменің ана балпиған жуан денесіне талай пәленің сиып жатқанын білетін едің! Көз жетпейтін қараңғы қуыстарда сенің де талай сырың тығулы жатқанын білетінсің; иә, бітеу еді; заңғардың жауырынына терезе салса да, ішіне жарық түспейтін шығар деп ойлаушы еді; кейде оның сол ана жүн тыққан қаптай жұп-жуан бітімі резен губка сияқтанатын; кәдімгі моншаға түскенде арқа жуатын

резен губкаша о да сенің кірің мен иіс-қоңысыңды түгелдей өзінің күпсер бойына сіңіріп алады да, сосын құдды тіл жоқ, құлақ жоқ керең адамша сырыңды сыртқа шығармай, меңіреулене қалатын бітеулігі-ақ абзал еді-ау!

Жасыратын несі бар, құдіреті жүріп тұрғанда бұ да қасына жиған кісі-қараның ғылымға не қосып, не қоспағанынан гөрі, олардың өзіне ыңғайлы-ыңғайсыз жағын көбірек көздеді; өзімен иық теңестіріп тұрған әпербақандардан гөрі, алдыңа келгенде жетім баладай жаутаңдап аузыңа қарап отыратын мақаулар мен момындарды қалады; кішігірім қоңыр төбелердің арасында өзінің тұлғасы ел көзіне көш жерден таудай боп дараланып шалынып тұрғанын қалады. Бірақ... о да енді көрген түстей...

Әзім қасында дір-дір қалшылдап тұрған Бәкизатқа бар денесімен жабысып тығыла түсті.

* * *

– Әзім!.. Әй, Әзім, қар басылды. Әне, қара... қарашы!.. Қар басылды...

Бәкизат қоярда-қоймай, Әзімді сүйрелеп сыртқа алып шықты; бірақ Әзім селт еткен жоқ; қайта ішік астының ығынан айрылғасын бұрынғыдан бетер берекеті кетіп, мұрнын тартқылап, бүрсектеп Бәкизаттың ығын ала берді.

– Әзім!.. Әй, Әзім... қалай ойлайсың, жел басылар ма екен?

– Б-білмеймінн... еештеңе дее ббілмеймін...

Әзім теңіз үстінің түнгі аязы мен сүйектен өткендей үскірік суық желдің өтінде табан тіреп тұра алмай, ықтап әйелге тығыла берді.

– Сорлы, өлесің ғой. Кішкене қимылдасайшы.

Әзім өлетінін өзі де білді. Жәдігер сияқты жанталасып олай-бұлай жүгірмек түгіл, сәл қозғалса да тайып жығылатындай тілерсегі дірілдеп әкетіп барады. Бәкизатқа ықтап тұрып айнала төңірекке көз тастап еді; бұлар ыққалы көз ашырмай сабалап жауып тұрған қар шынында да кілт тиылған екен. Бірақ, есесіне ашық теңіз үстінің адуын желі бұрынғыдан да гөрі күшіне мініп есіріп кетіпті. Түбіне дейін шайқалып кеткен теңіз қап-қара боп қайнап жатыр. Теңіз беті толған сең. Арыстан жалданып гүрілдеген үйдей-үйдей толқын арасында ыққа қарай сапырылысып жөңкіген тоқымдай-тоқымдай сендер "ә" дегенде Әзімге қасқыр қуған қой сияқтанып кетті. Әсіресе, аз аяда ұйлығып, жанталасып қалғанда олар да қошқарша бір-бірімен сарт-сұрт сүзісіп, күштісі әлсізін күтірлетіп күл-талқанын шығарады да, сосын бұлт арасынан түскен бозамық сәуле астында қап-қара боп

қайнап жатқан теңізде жоны бұлтылдап шапқылап бара жатады. Әзім жүрегін шайлықтырған жаңағы сырттағы гүріл, сарыл, шуылды қалт жібермей құлағын тігіп тұрған-ды; теңіз үстінің осы бір үрей ұшырған ию-қию дыбысына кенет тағы бір тосын дыбыс қосылып, бұның құлағының дәл түбінен әлде не сақ-сақ, сарт-сарт етті; Әзім басын көтеріп алды; жан-жағына қарады; көзіне ештеңе түспегесін құлағын тігіп әрі-бері тыңдап еді; бірақ қанша тыңдаса да, зәресін ұшырған жаңағы тосын дыбыс әлгіден кейін қайталанбады; сосын қорыққанға қос көрінген шығар деп ойлап, қобалжу енген көңіл енді-енді сабасына түсе бастаған-ды; зәресін ұшырған жаңағы дыбыс тағы қайталады; бұл жолы тағы да құлағының дәл түбінен сақ-сақ, сарт-сарт... Жо-қ, қателеспеген; осы жолы тіпті анық есітті; бірақ бұны неге жорырын білмей сәл тұрды да, ойы жамандыққа ауды: мынау бұның басқан ізін бағып, соңына түсіп алған біреу болмаса қайтсін? Сонда кім? Кім болуы мүмкін? Бұның бюродан кейін астананы, астанадағы үй-күйін тастап жел қуған қаңбақтай тентіреп кеткенін азсынғандай, бұл өзі кім екен?

Әзім ішік астынан сығалап сыртқа қарап еді; көзіне ешкім түспеді; сосын ішке, тысқа құлағын тігіп еді; сыртта азынаған жел мен өкірген теңіздің гүрілінен басқа күдік оятар дыбыс құлағына шалынбады; кім де болса, бұның басынан бағы тайғанын тосып жүрген біреу тасада тығылып тұрған сияқтанып, тінтінектеп жан-жағына көз тастап еді; қасында қалш-қалш еткен Бәкизаттан басқа ешкім көзіне түспеді; Бәкизат деуге... Жоқ, Бәкизат біреуді қылжақтап қорқытпақ түгіл, өз басын қайтерін білмей, қол-аяғы бүрісіп тұр. Сонда кім? Әлде жаңағы жаман болмаса? "Олай-бұлай жүгір, қимылда"–деп бұны алдарқатып қойып, ал өзі... ой, залым-ай, онан бәрі шығады. Осы қисынға көңілі илана бастағанда, кенет көзі Жәдігерді шалып қалды; аңыраған жел мен сүйек-сүйектен өтіп бара жатқан үскірік аяз жанын қоярға жер таптырмай қос жұдырықпен кеудесін, санын сабалап зыр-зыр қағып жүр екен; оқта-текте бұған соғады; соққан сайын бұған қимылда, қозғал, жүгіріп ал дейді де, тақат, сабыр таппай безектеп жүгіріп ала жөнеледі; жоқ, бұл емес; сонда кім? Кім болуы мүмкін? Әлде ана жақта қалған дұшпандардың бірі ме? Тоқта... Олардың қайсысында тісін сақылдататын өнер бар еді? Және мынау, кім де болса, өмірі тісі ауырмаған, азу тісі балғадай біреу.

Әзім құты қашып, бейшара боп тұр; қол-аяғы әлгіден де гөрі қаттырақ қалтырап, тісі-тісіне тимей сақ-сақ... бірақ, оны өзі сезген жоқ; сүйек-сүйегінен өтіп бара жаткан суықтан қос шекесі қатты шаншып кетті; жаңағы тісін қайрайтын залым есінен шықпай тұр. Оның Жәдігер емес екеніне көзі жетті. Сонда... Сонда кім болуы мүмкін?

Адам да қызық; тіріде бір шаруасы бітсе, бір шаруасы бітпей жанталасып жүріп, алдына келген кісілердің досы қайсы, дұшпаны қайсы екенін ойлауға да мұршасы болмапты; жақсы күнде аяғын жаларман боп жүргеннің бәрін дос көрді; алдына кеп жерге басы

жеткенге иіліп-бүгіліп тұрғанның бұл әуелі басы мен аяғына қарайтын; жазатайым күдік туғызатын бірдеңе байқала қалса, аржақ пиғылын білгісі келетін де, амандасқалы қолын алып жатып назарын тіктеп көзіне қарайтын; қасы-қабағы қалай, қатыңқы ма? Бет алабы сені көргенде у ішкендей тыжырынып, аржағы атып жібергелі тұрған жоқ па? Бұндайда жасырмай, қыжыл-кегін қаптатып келген дұшпаннан кісі айналып кетпес пе. Көрініп келген жаумен алысса – алысып, аңдысса – аңдысып, ал, егер, тілін тапса – табысу да оңай; өз өмірінде ондайдың талайын көрді; оларға онша қиналмайды; бұны қинайтын әне бір алдыңа келгенде май көрген мысықтай аяғын еппен басып, үстіңе именшектеп кіретіндер; жыпылықтаған кірпік астын қорғалаған кілмік көз жанарын жасырып бұғып қалған; сонан ол қанша отырса да саған жасық жанарын көтеріп қарамай, бет-ауызы бал жағып алғандай орынды-орынсыз уылжып күлімсіреген көлгірлерден сақтанатын.

Оларға, әрине, бұл да бірден пейіл бермейді; есіктен кіріп келе жатқанын көріп тас қамалдың арғы жағына шығып, тас түйін боп бекініп алады; жымысқы неме соны дереу байқайды да, бұның алдында бойын жаза алмай бүгежектеп бағады; әне, жасық жанар есіктен кірмей жатып жаутаң-жаутаң қарады; сосын именшектеп басып үстіне кірді; кіргесін де бүгежектеген бойын жаза алмай, сенің иегіңмен нұсқаған бос орындыққа бөксесін басып отырғалы ыңғайлана берді де, қайта көтерілді; әлде де болса сенен отырайын ба, жоқ па деп ұлықсат сұрағандай, жасық жанар жыпылықтап қарайды; сен оған "отыр" дейсің; сонан кейін де сәт сайын райыңды бағып, саған көзінің бірде ана қиығын, бірде мына қиығын тастап жылтыңдап отырғаны; енді сен де осы бір жылтыңдаған ұры көзді аңдисың; сенің сенімсізденіп аңдысып отырғаныңды байқайды ма, о да өз тарапынан дереу қам жасап жыпылықтаған кірпік сәтте жүні жығылған бала мысықтың жон арқасындағы қылшықтай тікенектері тегіс жапырылып жұмсара қалады; енді оның бет-ауызына бал жаққандай уыз ажары мен жыпылықтаған жұп-жұмсақ кірпігі бір-бірімен үйлесім тауып кілміңдеп арбап бағады; арбап отырып бұның жуық арада миына кіре қоймайтын бірдеңелерді ұзақ ыңылдайды; бір сөзін жөндеп есітпесең де, бірақ ыңылдаған үні әлгінде сен бекінген тас қамалдың арғы жағына жетеді; әрі-бері тыңдағасын ыңыл ұйқы шақырады; осы бір ұйқы шақыратын ыңырсыған үн қаншалық көңіліңді тауып, құлқыңнан шығып жатқанын ол кезде, сен білмесең білмеген шығарсың, ал, бірақ, бал жағып алған тәтті тіл бірте-бірте бойыңды алып, буын-буыныңа түсіп бара жатқанын сен әрқашанда сезбей қалатынсың; ендігі білетінің – ыңырсыған үн құлақты әлдилейді; сынықшы алақанындай сылап-сипап бағады. Тұла бойыңдағы осыған дейінгі құрысқан-тырысқанның бәрін балбыратып, әуелі құлағын жаулайды; буын құрт бірте-бірте бойын балқытып, жүрекке жол табады.

Осыдан кейін, бәлкім, ай өтер, жыл өтер, жылдар өтер; сенің алдыңа ол енді қашан келсе де, қанша келсе де, баяғысынан бір мысқал да өзгермес-ау! Бал жағып алғандай баяғы сол уылжыған қалпы; кірпік астын қорғалап бұқпантайлап бағатын кілмік көз де сол кілмиген қалпы; баяғыда алғаш алдыңа келгенде сен иегіңмен нұсқаған орындыққа отырғалы ыңғайлана бере іле-шала әлденеге жасқанып қайта көтеріліп, саған баяғысынша кірпік астынан жаутаң-жаутаң қарап, үнемі кешірім сұрағандай болады да тұрады; үні екеш үні де сол баяғыда алғаш алдыңа кеп именшектеп отырғандағыдай адам жүрегінен аяныш шақыратын, ыңырсыған; күнде-күнде тыңдай бергесін бе, осы бір ыңылдақ ұн саған бірде қозылай алмай жатқан кәрі саулықтың ыңырсығанындай естілсе, енді бірде құдды күзгі қара суықта шуақ беттегі әйнекте өзінің түкке тұрмайтын болымсыз тірлігі үшін қиғылық ұрып жатқан шыбынның ызылы сияқтанатын; осы ызыл, осы ыңылға әрі-берідесін құлақ үйрене ме, қалай; әйтеуір, бесікке салып шайқағанда әлдилей бергесін бойды алып, буынға түсіп маужыратады; енді ыңырсыған үнмен араласа естілетін сөздер де бал жаққандай шырын татиды; таңдай тек шырынның дәмін сезеді; тамсанады; бұнан былай құлағын тек ыңырсып ұйқы шақыратын әлди аялайды; әлди, әлди, әлди-ай! Әлде ояу, әлде уыз ұйқыға шомып кетті ме, оншасын өзі де білмейді; бұл кезде орындығын қасыңа тақап, тақымдасып отырып алып ыңылдаған жұлын құрттың ертелі-кеш құлағыңа құйып жатқан бір сөзінің оң-терісін ойламайды; ойлағысы да келмейді; өйткені ұйқылы-ояу; ол ыңылдаса, бұл бас шұлғиды; ол осылай күнде-күнде құлағыңның түбіне ауызын апарып әрі-бері ыңылдайды да, кетерінде қойнынан қағаз шығарады; иіліп-бүгіліп ұсынады; сен оған қол қоясың; енді бұның алдына имене басып, ыңылдап келетіндер көбейеді; әне, тағы бір ыңылдақ жылтыңдады; түсі таныс сияқты; шамасы, институттың кіші қызметкерлерінің бірі ме, қалай? Анадайдан жаны қалмай емпеленделеп келді де қос қолдап амандасты; сосын бір қадам кейін шегініп тұрды; қарап тұрмай костюмының шалғайын тартқылады; сосын көз әйнегі буланып бара жатқан сияқтанды; әйтеуір, көк шұғамен тыстаған жалпақ столдың аржағында отырған сұсты бастық арман ысырылып алыстап, бұлдырап бара жатқасын қолын көзілдірігіне апара берді де, бірақ саусағының ұшы көзілдіріктің мүйізіне тиер-тиместе кейін тартып алды.

– А-ағай...

Мырс етіп күліп жібере жаздадың; дәу де болса, мына бозым қияндағы бір колхоздың жыл сайын жүз саулықтан жүз елу қозы алып жүрген маңдай алды шопанның баласы болар-ау; Жуан Жақайым институтқа осындайларды көбірек жиып кетті; осындай момындардың көп болғаны дұрыс; қоңын күн тессе де қыңқ етпейтін ана жақтағы қойшы әкесі сияқты, бұлар да кандидаттық қорғағанға мәз; өзіне тиесілі тақырыпты игерсе, оның аржағында институт

өртеніп жатса да мейлі.

– Ағай...

Даусы шықпады ма, әлде өтінішін айтар жерде деміне діріл еніп бара жатты ма, тағы да тоқтады; сосын қылдырықтай мойнын қылғындырып байлаған галстукке буынып бара жатқасын дірілдеген қолымен көйлегінің өңірін тартқылап;

– Әз-аға, мына мақала...– деді де, газетке орап жеңіне тығып әкелген қағазды алдына қойды.

– Бұл не? Өзіңнің бірдеңең бе?

– Иә... Жо-жоқ, сіздікі...

– Түсінбедім.

– Қазір түсінесіз. Бұл, Әз-аға... Сіздің көптен бері уағыздап жүрген идеяңызды негізге ала отыра жазылған мақала еді...

– Аа...

– Иә, иә, қазір түсінесіз. Шынына келгенде, Әз-аға, бұның негізгі авторы Сізсіз. Менікі былай... тек Сіздің ойыңызды өйтіп-бүйтіп қағазға түсірген. Сондықтан негізгі автор боп фамилияңызды қосуға ырзалық берсеңіз...

– Тастап кет, қарап шығайын.

Жігіт "рахметін" айтып есікке жеткенше басын қайта-қайта иіп шығып кетті; бұндайда сен қарап шықпақ түгіл бетін де ашпастан қол қоя салатынсың; қарауында істейтін тағы талай ғылыми қызметкерлердің айлап, жылдап жазған мақалалары мен монографияларына еншілесіп, екі автордың бірі бола салатынсың; алғашқыда аздап ыңғайсыздансаң да, кейін басқа біреудің баласын бауырыңа әкеп салғанға бойың үйреніп алған-ды; несі бар, бір кезде бұ да қаламының желі мен жүрегінің жалынын Үлкен Кісіден аяды ма? Дүние кезек. Тек бір пәлесі... бұның да бір түндік астында отырып іргеден сығалап аңдып отырған дұшпаны аз емес. Ертең ауызы батыр бір тентек: "директорымыз ерге шыққалы етегі қанамаған тас құрсақ бедеу қатындай, ғылымға қосқан түк еңбегі жоқ, тұл ғалым",– деп айқайлап шықса қайтеді? Онан да қаламы жүйрік біреудің бүгін мақаласына, ертең монографиясына міңгеседі; бұған басқа түсінбесе де, құрылысшы ағасы түсінер еді; өзі пір тұтқан ағасы түсініп, ағасы құптаса, басқа жұртқа пысқырмайды да; бес жыл үйінде жатып оқығанда мікжал құрылысшының құлқымен ауызданған бөлтірік кейін қолы ауызына жетіп, институт басқарғанда бір кезде өзі пір тұтқан

ұстазының көп-көп тәсілі қажетіне жарамады ма? Директор бола салысымен бұ да қарауындағы жігіттердің қолы жүйрігін – қағазға отырғызды; ауызының ебі барын – мекеме мен мекеме арасындағы дау-дамайға, пітуажаға шығарды; аяғы жеңілін – тірліктің тоқсан түрлі қажетіне шаптырып, алып кел, барып келге қойды; және солардың бір де біріне өзі араласпай, бәрін дәл ана құрылысшы ағасының тәсіліне салып басқа біреудің, басқа болғанда баяғы Жуан Жақайымның қолымен істетті; Жуан Жақайым оған ырза; бастықтың кәдесіне жарап, тапсырмасын тап-тұйнақтай қып орындаған күні орасан көңілденеді; бастықтың үстіне де жайпаңдап басып, жайраңдап кіреді:

– Әзаға, мына бір қағаз...

– Қағаз екенін көріп тұрмын. Сонда, бұның...

– Ұлықсат етсеңіз, қорғауға әзір... өзіміздің адам. Сенімді.

Сен қайырып ештеңе сұрамайсың; шамасы, соңырағы күні қол күші керек болғанда бұ да қара көбейтетін көп тобырдың бірі; бәлкім, бір пульканы айналуға жарамай қатардан шығып қалар; бірақ сенімді ақтайды деп сендіріп тұрғасын сыртқа теппей, келесі пулькада да қара-құра көбейту үшін қапталда ұстай тұрғаны дұрыс; бұның өмірден түйген тағы бір тәжірибесі жаман кісілерді өзіне жауықтырып, итше шабалаңдатып қойғанша, қолдан келсе, оларды қарсыластарға салып, айтақтап үргізген әлдеқайда тиімді; сенің құлқыңды Жуан Жақайым да білді.

Сол жолы да ғалымдықтан дәмесі бар әлгі біреудің авторефератын алып жатып та Жуан Жақайымның бөккен балшықтай бетіне көзін тіктеп қараса да, бірақ сол шіркіннің тобарсыған ауызына қарап, тісі қандай екенін байқамапты-ау! Бірақ сен ол кезде алдыңа келген қай кісінің ауызына қарап, тісін түгендепсің; бұрын күніне қанша адам келсе де, олардың тісі емес, тіліне қарайтынсың; шіркін, ол кездегі тілдердің тәттісі-ай! Сөздер қандай еді! Бал жаққандай бірінен бірі өткен тәтті еді-ау!

Әй, құлағы неге қоңылтақсып кетті? Е, жаңа ғана алдында санын сипалап тұрған Жуан Жақайым қағазына қол қойғызғасын шығып кеткен екен ғой; сен оған ренжіген жоқсың; есік алдында кезек күтіп тұрғандардың ішінде де тілінен бал тамған талайлар бар. Көрерсің, алдыңа келгенде олар да майлы қасықтай жылмаңдап бағады; бәрінің ауызынан буынға түсіп, бойды балқытатын бал тамған сөздер шығады; ондай сөзді бұның да айтатын кезі болады; бұл, бірақ, ондай сөзді Үлкен Үйге барғанда, онда да Үлкен кісіге ғана айтатын; сосын айтса, әйел затына айтатын; онда да қайсы бір әйелсірегенде төсекке бір аунатып алғанша ықыласы түсіп тұрған иісі ұрғашыға айтса айтқан шығар.

Ал онан басқаларға... Жоқ, онан басқаларға бұл онша иліге қоймайды; онан басқаларға ол кезде қайта бұның өзі өктемсіп, біріне астамдық істесе, екіншісіне менмен тәкаббарлық көрсетті; үшіншісін иықтап, басынып ірілік көрсетіп, бұл өзін жұрттан үнемі жоғары қойып бақты; сонысы өзіне майдай жағатын; бұл неғұрлым көкірегін керсе, басқалар соғұрлым алдында құрдай жорғалады; иә, баста бақ тұрғанда, бұ да қорғасын салмақты құйрыққа салып, нығыздап отырып алатын; сонда бұның тұла бойындағы тоқсан тоғыз тесікке алдына келген әлгі жылмақайлардың қайсысы есебін тауып, қай тесікке кіріп, қай тесіктен шығып жатқанын қайдан біліпті; сол тоқсан тоғыз тесіктің бірінен кіріп, бірінен шығып жатқан жылпос, жылмағайлар алдына келгенде, бұл қайсысының ауызына үңіліп, тісіне қарапты. Бал жағып уылжып тұратын бетте сірә тіс жоқ сияқтанушы еді.

– О, жарымес! Аңғал басы...

Ішін ыза өртеп, күйіп кеткені сонша, дауысы қатты шығып кетті; бірақ оны өзі байқаған жоқ; онсыз да дірдектеп ұшып бара жатқан дене қалш-қалш; әлгі сұмырай бұның дәл осы бір өзін-өзі билей алмай, қолаяғы безгек буғандай қалшылдап әкетіп бара жатқанын білетін сияқты: иә, біледі; міне, тағы да ауызы толған бақандай тісті құлағына тақап сақ-сақ, сарт-сарт... Жоқ, бұл тегін емес; бұның соңына түсіп, басқан ізін аңдып жүрген біреу бар. Кім дейсің, ана жақтағы жауларының бірі шығар? Табалап тұр ғой. Табала! Табалайтын кезек сендерге де келді.

Көңілі босағандікі ме, кеңсірігі қайта-қайта суланып сорасы ағып бара жатқасын мұрнын тартқалы оқтала берді де, кілт тоқтады; құлағының түбінен тағы да сақ-сақ, сарт-сарт...

Әзім сыртқа жүгіріп шықты.

– Ә-әй, ккіімсің? Ккім де болсаң, шшық! Шық ббылай!

– Әзім, жаным... саған не болды?

– Жо-оқ, кісіні ббасынып...

– Кім?

– Б-білмеймін... ттығылып ттұұрр...

Бәкизатта зәре қалмады. Ақыл-есі ауысып, көзіне қос көрініп тұр ма деп ойлады. Аспан астына аласат лаң салып жатқан мына қарлы қара дауыл, қараңғы түн, өкірген теңіз кімді де болса жындандырмай қоймас.

Бәкизат қалшылдап ұшып бара жатқан Әзімді құшағына тас қысып

алды да, көзінен жасты, мұрнынан сорасын сүртті. Әлгідей емес, ішік астының ығы әсер етті ме, Әзім азырақ тынышталды. Өзін Құдайдың қара жері де емес, өкірген көк теңізде тақымдап соңына түсіп алған мына бір залымды кімге жорырын білмеді.

Бәлкім, Аққұба жігіт... Жоқ, обалына не керек, ол дәл бұндай ұсақ мінездің кісісі емес. Сонда... Бейқам тұрған Әзім бұл жолы да байқамай қалды. Жымысқы неме тағы да дәл құлағының түбінен тісін қайрап сақ-сақ, сарт-сарт. ;Әзім бұл жолы бұрынғыдай, күйіп-піскен жоқ; жамандықты тек жаудан іздеген дұрыс па? Кейде кісіге жат емес, жан ашыр жақын жау боп шықпаушы ма еді? Бұл ой басына бұрын неғып келмеді екен? Көңіліне күдік кірген Әзімнің есіне Жуан Жақайым түсті. Айтса да, сол неме бір күні Академия сайлауы алдында бұның үстіне кірген еді-ау. Мықыны ұстамайтын шалбарын алдыңғы жағынан мықшыңдап көтеріп қойып:

– Әз-аға...– деп еді ғой,– Сізбен бір шаруа жөнінде ақылдасайын деп едім...

– Иә?

– Осы жолы сайлауға түсіп... бақ сынап көрсем деп едім. Бұған... сіз қалай қарайсыз?..

– Ме-н... Ме-е...

Көмейде бүлкілдеген күлкіге булығып тоқтап қалды. Сосын стол тартпасынан бірдеңе іздеген боп еңкейіп төмен қарап кетті. Бойын тіктегесін де қарсы алдында көзі жаутаңдап тұрған орынбасарына қарамады.

– Несі бар... тәуекел...

Ертеңіне Жуан Жақайым үйіне Әзімді бас қып бір топ академикті қонаққа шақырды. Әзімді қолпаштап төрге отырғызды. Бал жаққан тәтті тіл бұл үйдің шаңырағы астына да аз жиналмаған екен. Кім тост көтерсе де, бұны мақтап, буын құрт бойына түсті ме, тост кезегі жағалап бұған келгенде, сол арада не шайтан түрткенін қайдам:

– Сен сайланасың. Мына отырған академиктердің соңыра шар саларда қайтерін қайдам, ал өз дауысымды тек саған берем,– деп еді-ау; деуін десе де соңыра тап сайлау үстінде басқа түгіл алдымен өзінің сүйте қоятынына күдіктенді де, күлкісі құрғыр анадағыдай тағы да бүйірін бүлкілдетіп, тостың соңғы жағында булығып сөзін аяқтай алмады; сайлау кезінде бюллетенді жәшікке елден бұрын салды да, қорытындысына қарамай тайып тұрды; үйге келе сала шешініп жатып қалды; ұйқысы қанып оянғасын есіне сайлау түсіп, Жуан Жақайымға телефон соқты; өзі болмаса да, өзгелердің бірі болмаса бірі дауыс

берген шығар деген сеніммен:

– Әй, сенбісің?– деді өзінің қаннен-қаперсіз, жайбарақат қалпы, аржақтан: "Әзаға, бұл мен ғой" деген дауыс шыққасын да асықпай, әуелі трубкамен ауызын басып есінеп алды да,– бағана басым ауырып, аяғына қарамай кетіп қалып едім. Сайлау қалай болды?– деп еді;

Анау:

– Әз-аға... Құрысын, масқара болдым...– деді жыламсырап.

– Кісіге сену қиын ғой, ал мен айтқаным айтқан, өз дауысымды саған бергем.

– Әз-ағау, масқара болғанда, мен бір де дауыс ала алмай қалдым гой...

– Қой, әй?! Рас па?

– Рас... Сүйттім, Әз-аға.

– Ой, бар бол! Бар болғыр...

Трубка қолыңнан түсіп кетті; қысылу орнына қарқ-қарқ күліп, қасыңдағы диванға құлай кеткен-ді, дүние кезек, оның басындағы қасіретке, сол арада, сен күліп едің-ау, күлетін кезек енді оған келді; бюродан кейін жер бетіне сыймай, қыстың көзі қырауда қаңғалап қияндағы еліне барғанда дауылға ұшырап үсіп өлгеніңді есіткенде, есесі кетіп жүрген талайдың айызы қанар! Соны есіткенде Жуан Жақайым қайтер екен? Анадағы дәл сенше, о да диванға шалқалап құлай кетіп, местей қарны бүлкілдеп қарқ-қарқ күлер ме екен?

Әзім жылады ма, әлде су ағарынан сорғалап мазасын алып тұрған сорасын ішіне тартты ма, солқ-солқ етті; жә, жаман неме қармысын қайтарғысы келсе, бұның үсіп өлгенін есіткенде табалап күлсе күлер; ал бірақ, қара күн басына туып тұрғанда жығылғанға жұдырық дегендей бұны табалап тісін қайрап несі бар? Жо-қ, мынау ол болмас; оған не көріпті; сосын ол сорлы да оңған тіс те жоқ сияқты еді ғой; қызыл еті ылғи ісіп, тістерінің түбі шіріген сияқтанып қарайып тұрмаушы ма еді? Ал мынау... Жо-қ, мынау кім де болса тісі балғадай біреу. С-сонда... Апырай, сонда к-кім болды? Әзім ойланып қалды: неге екенін қайдам, жаулықты ол енді өз төңірегінен, өз төңірегі болғанда да етене жақын ағайын-тумадан іздеді; кісінің басына қиындық іс түскенде жамандық алдымен жақын-жуықтан шықпаушы ма еді? Кісіге жақыннан көрген азар мен безер қаттырақ батушы еді ғой; ендеше, тісін қайрап, жынына тиіп тұрған мына сұмырай басқа емес, бұның өз жақыны; тек быдық емес, оның қолынан жақсылық та, жамандық та келмейді; бәлкім, құрылысшы ағасы... Айтса да,

құрылысшы ағасының азу тістері балғадай болатын; ендеше, мынау сол; және бұған көптен көкірегі қарайып жүрген-ді; әрине, кінә бұнан; бұл кінәлі; бұны оқуға түсірді; үйіне жатқызды; тіпті, кешегі күні оқуды бітіргесін де бұны жас маман деп жердің қия шетіне жібергелі жатқанда беделін салып алып қалды; Үлкен Үйде істейтін бір бастықтың қызын көземелдеп жүріп, өзі үйлендіріп еді; үй боп үстіне шаңырақ көтергесін де, қайын атасы екеуі екі жақтап жетелеп жүріп тиімді жұмысқа іліктірген сол күшік, кейін адам боп аяғына мініп алғасын Құдайын ұмытты емес пе? Бұл күнде күлге шөккен кәрі бурадай от басында ошақтың бұтын құшақтап отырып қалған зейнеткер ағасына, тым құрыса, айында, жылында ат басын бұрып амандық-саулығын біліп кетуге жарамаған іниі атарға оғы жоқ еді; ат ізін салмай, аралары суып кеткеніне бұ да қысылып жүрген-ді. Сондайда, тау баурайындағы әсем қаланың әлдебір жерінде, қай заманнан бері күтімі болмай кеткен ескі үйде күнін санап отырған кәрі құрылысшыны ойлайтын: "Апырай",– дейтін сонда,– айт, айтпа, адам өмірінің ақыры ит жыртқан қара тері десе дегендей екен ғой".

Осы кісі бұл оқуға келген жылдары абырой, атаққа бөленген даңқты кісілердің бірі еді-ау?! О, заман-ай! Ағасындай адам астанада жоқ сияқты еді ғой! Шынында да бұл көрген астаналықтар ана жақтағы балықшылар сияқты боз ала таңнан тұра сала дірдектеп жұмысқа асығып бара жатады; құлқын сәріден жем іздеп дорбасы салақтаған біреулер ана дүкендегі, мына дүкендегі опыр-топырдан өңір түймелері үзіліп, жағасы жыртылып алау-далау, ебіл-себіл боп жүргенде, ал бұның ағасы күнде-күнде хан сәскеде керіліп-созылып тұрар еді; керіліп-созылып тұрғасын да тап бір бай-патшаларша асықпай ас-суланып алар еді де, жұмысқа барғысы келсе барып, ал, егер, барғысы келмесе, кеңсе жағалап кетер еді; сен бұған қайран қалатынсың; ағасының сырына басы жетпей, құр таңданып, құр тамсанып айран-асыр қап жүргенде, сонан бір күні, ұмытпаса... Сол өзі қыс айы еді-ау?.. Я қаңтар, я ақпан еді: бай-патша көріп жүрген әлгі керемет ағасы сонан бір күні төсегінен су шыққандай, таң қараңғыда атып тұрсын; әлденеге асығып апалақ-құпалақ киінсін; әзірлеп қойған ас-суын ішуге де шамасы келмей, сүрініп-қабынып шығып кетсін; сол күннен бастап оның кешегі керілген, созылғанының бәрі қалды. Сонан былай қараған тірілігінің бәрі әне бір соғыс жылдарындағы балықшылардай, күнде-күнде таң қараңғыда тұратын болды; бірдеңе ішсе ішіп, ішпесе асығыс-үсігіс жұмысқа жүгіретін болды; түсте ана жақта ас ішетін-ішпейтіні белгісіз; таң қараңғыда кеткен кісі, сонан қас қарая бір-ақ келетін болды; кейде ел жата кеп, киімшең бойымен төсекке құлайтын болды; осы күндері ағасы әбден жүдеді; ұстара жүзі тимеген сақал-мұрт кеңірдектен бастап көзіне дейін киіздей басқаны сонша, бір күні сыртқа шығып бара жатып, қабырғадағы айнаға көзі түсті де, қайырылып тұра қалды; інісін қасына шақырып алып: "көріп тұрсың ба, егер осыдан қоя берсем, менің сақалым Карл Маркстың сақалын беліне қыстырып кетер еді",– деп өзіне тән машықпен бетіне сыңар

әжім түсірмей, бар салмақты қарнына сала ырқ-ырқ күлген еді де, жұмысқа асыққан еді; төре сүйек, кербез, паң кісінің қазіргі халін көргенде жаның шын ашып, аяушы едің.

Сүйтіп, айлар бойы үй көрмей сартылдап жүрген ағасы бір күні жыл аяғында інісін тағы таңғалдырып, хан сәскеде оянбасы бар ма; хан сәскеде оянғасын да тап бір баяғының бай-патшасынша асықпай керіліп-созылып тұрмасы бар ма; сол керіліп-созылған қаннен-қаперсіз қалпын сақтап асықпай қырынғасын әлгі бәкінің жүзі тиген жердің бәрін әуелі қияр суымен шайып, жұпар иісті жұмсақ крем жағып алақанмен ысқыласын-ай кеп! "Енді не істер екен?"– деп ағасынан көз алмай арбалып тұрып, сол күні бұл бірінші сабақтан қалып қойған-ды; оны өзі байқамаса да, ағасы байқап, миығына мысқыл жүгіртіп мырс етті де, крем жаққан бетін қайта ысқылады; сосын өңі кіріп ажарланып қалған бетіне әтір жақты; бұнысы тіпті таңғалдырды; кейін сабақ кезінде сұңқылдақ профессорды тыңдаудың орнына ағасының әлгінде әлдебір жеңіл жүрісті әйелдерше сыланып-сипанған тыраштығын ойлап таңданып қала берді; сосын күні бойы үй көрмей, сартылдап жүрген ағасының, енді неге бұлайша хан сәскеде тұрып керіле-созыла қалғанына түсінбеді; неғұрлым түсінбесе, солғұрлым таңданды; неғұрлым таңданса, соғұрлым құрылысшы ағасы бұған тәңірінің тумысынан артық жаратқан, ұсынса қол жетпейтін теңдесі жоқ жан сияқтанды; онан сайын тірі пендеде теңдесі жоқ ағасының ісі де, өзі де өзгеше боп оқшаулана берді; әсіресе ағасының қарауындағыларды қырына алғаны қызық; ондайда қайсы біреулерше "қырам", "жоям" деп әлек-шәлек болмай, хатшы қыз арқылы шақырып алар еді; шақырып алған кісінің алдына келіп қипақтап-сипақтап тұрғанын көрсе де, бірақ оған назар аудармас еді; "отыр" деп те айтпай, екі аяғынан сарсылтып тұрғызып қояр еді де, сосын ол бар ма, жоқ па, ісі болмай, басқа біреумен сөйлесіп кетер еді; кісіні ұрмай-соқпай да, осылай-ақ сазайын тарттыруға боларьш көрген зерделі бала ағасының бұл тәсілін де ішіне түйіп алған-ды.

Ол жылдары құрылысшы ағасы бұны тек таңғалдыратын; өзі ешкімге емешесі үзіліп өліп-өшпесе де, есесіне, өзінің алдында өзгелерді елпілдетіп құрдай жорғалатып қоятын нығыз; Үлкен Кісінің алдында да өзін ұстағаны ұнады; бір жолы Ақ Ордада болған салтанатты жиналысты көгілдір экраннан көргені бар: Үлкен Кісі сөз бергенде өзгелер сияқты құрылысшы ағасы да қаңбақтай ұшып кетпей, орнынан асықпай, ақырын тұрды; аяғын да асықпай, ақырын сыздап басып мінбеге аяңдады; мінбеге шыққасын да өзіне жан-жақтан көз тіккен қыруар халық алдында тұрып көзіне түсіп бара жатқан сусылдақ шашын қолының сыртымен кейін қарай бір сүйкеп қайырып тастады да, өзінің осындайда аспайтын да саспайтын мырғам, нығыз қалпын сақтап тамағын кенеп алды; жарыссөзге шыққандар бір-бірімен бәсекелескендей ауызы жеткенше Үлкен Кісіні мақтап еді; ағасына айтар сөз қалмаған сияқты еді; жоқ, ағасы бұл

арада да жол тауып шығып кетті; орыс тілінен Үлкен Кісіге лайық мақтайтын теңеу таппағанда құрылысшы ағасы Құдай берген қаз дауысын қаңқылдата көтеріп: "Менің бір ақиқатқа көзім анық жетті: мына ХХ ғасырда Леонид Ильич пен біздің Үлкен кісіге тең келетін ұлы марксист жоқ",– деп, әсіресе, осы арада хан ордасындай кең сарайдың төрт қабырғасын түгел жаңғырықтырып, өкіректеп бітіргенде, Құдай сақтасын, дүние теңселіп кетті; қала, даладан жиналған сүт бетіндегі қаймақтай иін тірескен ығы-жығы халық орындарынан атып тұрды. Жарықтық Үлкен Кісі де өзіміздей ет пен сүйектен жаралған басы жұмыр пенде ғой; нағыз пенде; көгілдір экраннан көріп отыр: әне, екі беті нұрланып шыға келді; аяқтарына мініп кеткен халық шексіз сүйіспеншілігін білдіріп дуылдата қол соғып тұрып алғанда, қайтсын, Үлкен Кісі орнынан тұрып басын қайта-қайта иіп ізет білдірді; сосын осынша халықты дүрліктіріп орнынан дүрк көтеріп жіберген атақты құрылысшыға да басын қайта-қайта иіп, ырзалығын білдірген-ді.

Адам мінезін кім түбіне дейін түсінген; бұ да құрылысшы ағасының тереңіне маңайлап бара алмады; жайшылықта жұртты белінен басып жүре беретін озбыр ағасының әлгі жердегі қылығы қайран қалдырып еді; сірә, бұ да қитұрқысы көп жанның зерде жете қоймайтын тағы бір қыры сияқтанды; қалай десе де, астанада оқыған бес жылда зерек бала ағасынан көп үйренді; көп нәрсеге көзі жетті: осы жылдары ол, мәселен ағасының астанадағы көп құрылысшының бірі емес, атақты құрылысшы екенін білді; ол кезде "коммунизмнің ұлы құрылысы" атанған хан сарайындай сәулетті үйлерді Үлкен Кісі басқаға сенбей, тек бұның ағасы басшылық ететін құрылыс тресіне береді екен; Үлкен Кісінің назарындағы ондай абыройлы құрылыстан үкімет қаржы аямай, қазынаның ауызын ашып тастайды екен; Үлкен Кісі мен партия сенім артқасын құрылысшы ағасы да тап бір соғыс жылдарындағы Арал балықшыларындай жан аямай күн-түн сабылып, ұлы сенімді абыроймен аяқтап, социалды жарысты ылғи жеңіп шығады екен; астанаға ажар беретін ондай әсем сарайларды Үлкен Кісі бастаған үкімет комиссиясы қабылдағандықтан бұл өзі республика өміріндегі елеулі оқиға боп есептеледі екен; ел өміріндегі ондай елеулі оқиғаға ол күні бар газет, бар журнал, радио, теледидардан небір қаламы жүйріктер мен қызыл тілді қайраққа жанып алған сұңқылдақтар жиналады екен; тағы бір зәулім сарай тұрғызған атақты құрылысшыға ырза болған Үлкен Кісінің иін тірескен ығы-жығы жиын алдында оның кеудесіне алтын жұлдыз таққанын құтыртып жазса, теледидар аспан астын шулатып сұңқылға басады екен; қошемет, құрметке бөленген атақты құрылысшы сонан қашан Үлкен Кісінің қалауымен тағы бір хан сарайындай сәулетті үй салудың реті келгенше арқа етегін кең салып, күнде-күнде хан сәскеде ұйқысын қандырып тұрады екен; бай-патшалардай уайым, қайғысыз рахат өмір сүреді екен; сол екі арада қарыздан шықпайтын кедейлеу мекеме қалтасын қағып тұрғын үй салатын болса, атақты құрылысшы ондайларға қолын

ластамай, көп орынбасарының біріне ысыра салады екен. Қу бала соңыра бір билікке қолы жете қалғанда құрылысшы ағасының бұл тәсілін кәдеге қалай асырарын білмесе де, бірақ бұ да түптің түбінде басшы кісілердің өмірінде кездеспей қоймайтын тиімді жағдай екенін білген-ді.

Ол кездерде бұл сабақтан шыға сала, салып ұрып ағасына баратын; құрылыста қыздар көп; институтқа түсе алмаған небір жүзіктің көзінен өткендей сұлу қыздар елге қайтпай, құрылыста қалып қояды екен; ағасы басқаратын треске бұл ішінен "Бақшасарай гаремі" деп ат қойып алған-ды.

Иә, ағасын пір тұтты; бес жыл дәріс берген ұстаздардан не үйреніп, не үйренбегенін білмесе де, өзі пір тұтқан құрылысшы ағасынан зерек бала көргенін көргендей қағып алатын да, сосын былай шыға бере әлгінің бәрін аудырмай қайталап, енді бұ да ана құрылысшы ағасынша кеше елден оқуға өзімен бірге келген балықшы ауылдың балаларының алдында сызданып бағатын; күлгенде де әлдекімдердей әуейіленіп бет алдына жырқылдай бермей, дәл ана өзі пір тұтқан құрылысшы ағасынша күтімі қатты бетіне сыңар әжім түсірмей, бер жағымен ішін бұлкілдетіп ырқ-ырқ күлетін өнер тапқан-ды; сондайда кеше бірге ойнап өскен балықшы ауылдың балалары бұны танымай қап, бір-біріне таңдана қарап отырғандары.

Таңданбаған жалғыз Бәкизат; Бәкизатқа салса, көті қоныс таппай ұшып-қонған қылжақбас Әзімнен гөрі, қайта мына барған жерде аяғын ілгері созып, шалқалап отыра кетіп, асықпай ыңыранып сөйлеп, ішінен ырқ-ырқ күлетін мырғам Әзім ұнады; Бәкизат оның бұл қасиетті кімнен үйренгенін де білді; анада ол "ағаммен таныстырам",– деп туысының үйіне ертіп апарған-ды. Әзім екеуінің тағдырының бір ұшы осы кісінің қолында екенін білген қыз оған ұнағысы кеп тырысып бағып еді; бірақ былғары креслода бөксесі көміліп, газет қарап отырған маңғаз кісі басын да көтермеді; бұл түгіл, Әзімнің өзі ағасының алдында қысылып қипақтап-сипақтап қалды. Қыз Әзімнің тасасынан бір-екі рет мойын созып қарады; келесі жолы ептеп бойы үйренді ме, әлде еркекке ұнағысы келген исі ұрғашылардың сонау түптің түбінен, Хау Анадан бермен қарай келе жатқан осы нәсілге тән ойнақылық билеп кетті ме, әйтеуір қол-аяғы жеп-жеңіл қағылез қыз қара көзі жайнаңдап, Әзімнің тасасынан шықты; бөксесінің салмағын былғары креслоға салып нығыздап отырған атақты құрылысшыға әлде мысқылдағаны, әлде тіпті "сыздансаң сыздана бер, ал мен қорықпаймын" деген қыры ма, қара көзін ұшқындатып, ағалы-інілі екеуінің арасындағы әңгімеге оп-оңай араласып кетті.

– Әзімнен есіттім, сіз басқаратын тресте қыздар көп көрінеді ғой? Рас па?

Атақты құрылысшы қызды жаңа байқағандай, көзін газеттен алып, таңдана қарады:

– Иә, қыздар жетеді.

– Оқуға түсе алмағанда, мен де сізге баратын едім. Сонда мені

жұмысқа алар ма едіңіз?

Атақты құрылысшы өз өмірінде талай қызды қолынан өткізген-ді; бірақ дәл мына ешкімнен қысылмай да қымсынбай сықылықтап күліп, іші-бауырына кіріп бара жатқан жайнаң көз қызды жаңа көргендей; оған түк айта алмай тамашалай қарап қалған-ды; осыдан кейін қыз Әзімге еріп жиі баратын болды; қанша барса да қазір ғана қасында балаша еркелеп тұрған қыз тағы бір тосын қылықпен құбылып, жанына жанасып кеткеннің бәрін оп-оңай ылықтырып үйіріп әкететін пәлесі бар; қыз ағасына ұнады; тіпті оның баурын көтере сала маңайынан ермек тауып ойнамаса тұра алмайтын түлкінің күшігіндей ойнақы, елгезектігіне де кінәрат таға алмады; бір жолы ағасы екеуі қызды ортаға алып сөйлесіп тұрған; қыз аса көңілді еді; қара көзі жайнаңдап, екі еркекке кезек қарап тұрған-ды; кенет әлденеге сықылықтап күлді-күлді де, қасындағы Әзім емес, атақты құрылысшы екенін аңдамай қалды ма, әлде тіпті аңдаса да әдейі істеген о да бір кесірлігі ме, атақты құрылысшының иығына қолын салып асыла кетті.

– Әзім аузын ашса сізді мақтайды. Астанадағы дворецтерді сіз салған көрінесіз ғой?

– Ағасы болғасын мақтайды да...

– Жоқ, маған да ұнайды. Во-о!..

Қыз бармағын көрсетіп, атақты құрылысшыны балаша арқасынан қағып-қағып қойды. Исі ұрғашылардың талай қылығына қанық бола жүргенде, бұл бірақ бұрын-соң осы нәсілдің еш қайсысынан дәл осындай ойнақы бала мінезді кездестірген емес-ті. Атақты құрылысшы қапелімде қайтерін білмей қалды; тек ерке қыздың аңдаусызда қолы тиген әлгі жер ток ұрғандай дір етті. "Әттең, не қыласың, мына жаман неменің жолын кесіп, арамдап қойғаны. Әйтпегенде өзі-ақ кірісіп кететін жер екен".

– Бері кел, отыр!– деді қызын шығарып сап қайтып келген інісіне,– бұл бала болашақ келін бе?

– Иә, көке. Қалай... ұнады ма?

– Ауызыңның салымы бар екен. Сірә, көп ұзамай үйленетін шығарсың?

– Иә, көке. Уәделесіп те қойдық.

– Дұрыс. Теңің. Тек, бала...

– Иә, көке...

– Менен ақыл сұрайтын болсаң, саған айтарым – өз әйелің сұлу

болғаннан гөрі, өзгелердің әйелі сұлу болғаны дұрыс. Түсінесің той, he-he-he...

Атақты құрылысшы күлкісін кілт тыйды да, сөніп калган трубканы тұтатты; сосын гавай темекінің жұпар иісін айналаға бұрқ еткізді де, інісіне бұрылды:

– Осы айтқаным есіңде болсын. Ал, бара бер!

Сол арада түк демесең де, бірақ түптің түбінде сенің ойлағаның емес, осы кісінің дегені болатынын іші құрғыр сезген; ол кезде пір тұтқан туысыңның ауызынан не шықса, соған бас шұлғып, құлдық ұрып тұратынсың; жер басқан пендеде онан асқан құдіретті кісі жоқ сияқтанып, құдайдай табынып жүргенде, бір күні... ұмытпаса, (бұл институт бітіретін жылы) құрылысшы ағасы курортқа жүретін болды да, бұны путевкаға жұмсады; бастықтардың ем-домына басшылық ететін мекеме орналасқан еңселі сары үйдің үшінші қабатында тұқшыңдап путевка толтыратын да жататын қалақ бет қараның алдында бұнан бұрын да болғаны бар-ды; осы жолы қалақ бет қараның алдында шортиған семіз әйел тұр екен; жуан денесі импорт көйлекке сыймай, қоңынан жарылған әйел путевка қолына тиг– есін тақтай еденді дүрсілдетіп тепсіне басып шығып кетті де, кезек бұған келгенде телефон шылдырады; қалақ бет әуелі трубканы көтергісі келмей тыржыңдаса да, тыңдаған бойда орнынан атып тұрды; қалақтай бетте құрысқан, тырысқандар сәтте жадырап:

– А-а... Оңтүстік Қазақстан обкомы ма? Иә, иә, тыңдап тұрмын. Қырымға ма?.. Иә, табам. Тек кімге?..

Сүйдеді де, қалшиып тыңдап қалды. Шамасы, ана жақтан белгісіз біреуді атаса керек, қалақ бет орнына қайта отырды.

– Фамилиясын қойыңыз. Бізге фамилиясы керек емес, кім боп істейтіні... қызмет орыны керек.

Ана жақтың не дегені естілген жоқ; бірақ бала қалақ беттің кескініне қарап бәрін аңғарды: әліне қарамай Қырымға демалысқа барғысы кеп путевка сұратып жатқан Оңтүстік Қазақстан обкомында бұт пен сан арасында жүрген әлдекім екенін білді; қалақ беттің енді түсімен бірге дауысы да өзгеріп:

– Он для нас не фигура,– деді де, трубканы тастай салды. Ол саған да суық қарады:

– Шаруаңды айт!

Сенде зәре қалмады; қорыққаны сонша, дем арасында демі жетпей, көйлегінің жағасы қысып буынып бара жатқандай. Масқара болғанда,

бұның Құдайдай көретін ағасы да жаңағы Оңтүстік Қазақстанның кісісі сияқты мына сары үй үшін фигура болмай шықса қайтты?

– Шаруаңды айт дедім ғой!

– Шар-уам... Шаруа болғанда... Маған емес...

– Саған емесі белгілі. Сонда кім?

– Ағам...

– Ағаң кім боп істейді?

– Бастық...

– Бастық көп. Конкретно.

– Еңбек Ері. Республикаға еңбегі сіңген құрылысшы. Бес... жоқ, кешіріңіз, жеті орденді... сосын және лауреат...

– Фамилиясы?..

Құдай оңдап путевканы ілгішсіз берді; бірақ бұл пір тұтқан құрылысшы ағасының құрметті атағы мен омырауындағы сонша көп моншақты шұбыртып айтса да, әлгі қаныпезердің отырған орнынан құйрығы қозғалмағаны ойлантып тастады; тым құрыса қалақтай беттің бір терісі бүлк етпей, безеріп алған зәбірі жанына батты: "Ағаңның моншақтары көп екен, айта бер! Айта бер, бала!"–деп бұны сөйлетіп қойып, өзі мысқылдап күліп отырғандай; шынында да, ағасы қанша сарайлар, ғимараттар салса да, бес жылдық жоспарды үш жылда орындап социалды жарыста алдына жан салмай жеңіп шықса да, Қызыл Ту алса да, Қызыл Тақтаға суреті ілінсе де, омырауы әдемі моншаққа толса да, шауып шыққан биігі белгілі болған-ды; шамасы, өліп-талып шыққан биігі өзіне әлдеқандай көрінген; сол биігінен бір қадам ілгері талпынбай, ескі жұртта сары жамбас боп отырып қалған; әліне қарамай Қырымға курортқа барғысы келген Оңтүстік Қазақстан обкомындағы әлгі біреу сияқты бұның ағасы да мына сары үй үшін фигура болмай шықты.

Сол жылы бұл институт бітіріп, ағасының көмегімен астанада қалды; ағасының көземелдеуімен жұмысқа орналасты; сонан кейін де өз бетімен өріс таба алмай, айналып-үйіріліп ағасының қанатының астына тығыла берді; сүйтіп жүргенде алты жыл өтті; тек жетінші жылы желі оңынан тұрып, көкейде жүрген көп арманға да қолы жетті: академик болды. Директор болды. Онан депутат... Онан анда да мүше, бұнда да мүше... жиналыс... жина-лыс...

Бірақ заманында үйірге салған айғырдай азынап қалған кәрі кісі інісінің жиын-жиналысын, "қол тимей жүргенін қайтсін". Біреу арқылы

анада бұған "мен өлгенде қабырыма топырақ салмасын",– деп хабар айтып, ат құйрығын кесіп тастап еді; соның артынан бұлар көшеде кездесіп қалды; бишара қатты қартайыпты; көзінде қара көзілдірік; қолында таяқ; таяқтың темір ұшын тас көшеге қадай тық еткізді де, бұған қара көзілдіріктің аржағынан шаншыла қарап біраз тұрды; сосын ойына не түскенін қайдам, өз-өзінен осқырына мырс етті:

– Жолыңнан қалма, бар! Бара бер!

Сүйдеді де, қоштасуға келтірмей, шұғыл бұрылып жөнеле берді; бұл ауызына сөз түспей, қиқар шалдың соңынан қарап біраз тұрды; қанына қарайып алған қиқар неме, бұған құдды көйлек жағасынан қылқиып шыққан қылдырықтай мойнының кек желкесіндегі шұқыршағын көрсеткісі келгендей, артына бір де рет қайырылып қарамай, тас көшені қолыңдағы таяқтың темір ұшымен тықылдатып тіп-тік боп кетіп бара жатты; кім білсін, қыршаңқы шалдың бұнысы да бұған көрсеткен қыры ма? Кезінде тірі жанға кеудесін басқызбай менменсіп қалған тәкаббар неменің бұны көргенде кекірлігі ұстады ма, әйтеуір иығы, басы, тарамыс денесі түгел сіресіп оқтаудай бола қапты; заманында қара жерді сыздап басатын мырғам кісі кеше өзі адам қылған шілтікейге әлі де болса ірілігін танытқандай аяғын ширақ алып шалқалақтай түседі.

Ағасының жайы белгілі: ызақор. Кекшіл. Кешірмейді. Қастасқан адамын қара жерге тықпай тынбайды. Әзім селк етті. Құлағының дәл түбінен балғадай тіс тағы да сақ-сақ, сарт-сарт... Жоқ, мынау басқа емес, сол! Кәрі қырт! Қартайса да тісінің балғадайын көрдің бе. Құдайы беріп, табалап тұр ғой. Табала! Табала!

Әзім әлде күйік, әлде ыза ма... әлде тіпті аңыраған ашық теңіз үстінің сүйектен өтіп бара жатқан үскірік суық желі мен қылшылдаған аязы шыдатпай, қол-аяғына не бола алмай қалшылдап кетті ме? Әйтеуір, суық алған бүтіл дене безгек буғандай дір-дір, қалш-қалш... тісі де сақ-сақ, сарт-сарт... Тоқта... Әй, мынау... Ойбай-ау, бұның ертеден бері иманын ұшырып, зәре құтын алып біткен, өзі ойлағандай, ана жақтағы бақталас, бақастар емес, жаман жерлесі де емес, Жуан Жақайым да емес, кәрі құрылысшы ағасы да емес, бұның өзінің тісі болғаны ма?

Әзім аң-таң; басынан кешкен мына хал санасына әлі дұрыс жетіп болған жоқ; әзірге көзінің анық жеткені – бақса, бұның өзінің де тісі балғадай екен ғой! Жұрты құрғырдың кезінде бұнан зар жылағаны да тегін болмады. Дыбысын шығарғысы келмей жақ сүйегі сырқырағанша тістенсе де, бірақ тісіне әлі келмей, сарт-сарт... сақ-сақ... Құлағын тесіп бара жатқан сартылдан тісінің түбі сырқырады; зықын алған сартылды тиып тастағысы кеп азу тісіне күш салып, әрі-бері тістеніп еді; тістене бергесін бе, енді құлағы шанышты; дірдектеп бауырына кіріп бара жатқан әйелге тіл қатайын деп еді, қарысқан жағы

ашылмады. "Ажалы құрғырдың жеткен жері осы шығар". Су ағарына мұз қатып мазасы кетіп бара жатқасын мұрнын Бәкизаттың иығына үйкеп-үйкеп алды; есіне Жәдігердің әлгінде "қимылда, қозғал" дегені түсті; ішік астында тырп етпей тұра бергенше, бір есептен, сол жаманның тілін алғысы келді; ендігі жан сақтаудың жалғыз амалы осы екені миына кеш жетті; шыбын жан үшін қолды-аяққа тұрмай безектеп жүрген ана жаман неме сияқты бұ да қазір сыртқа шығады; ол не істесе, бұ да соны қайталайды; шынымен сүйткісі кеп жігерге мінуін мінсе де, бірақ бұл кезде бүтіл денесі бұйығып, қол-аяғына көшіп алған қорғасын салмақ қозғалтпады; сәл қимылдап қозғалса да, тұла бойын түгел суық алып құрысқан, сірескен тарамыстар, сіңірлер шарт үзілетіндей; өлетініне көзі жеткесін бе, қоян жылғы жұт есінен шықпай тұр; сонда да осылай көктен жауып, жерден борап еді; сонда да қара дауыл қыр беттен күн-күн, түн-түн соққан; бой тасалар ығы, панасы жоқ аңыраған далада қайда кетерін білмей жаны қыдырған аңдар үйір-үйірімен ұйытқып жосып жүріп, басқа лаж қалмағасын сайға, жыраларға тығылған-ды; ұйытқып бораған қар сай, жыраларға жан-жағынан құйылып, тірілей көміп жатқанда да әлгі үйір-үйірімен ұйлыққан ақбөкен, қарақұйрықтар тырп етпей, тұрған-тұрған жерде қақпағымен қырылған-ды. Сол жылы бұлардың да сауып отырған іңгені ығып кетіп, ауыл сыртындағы күркіреуде қатып қалған-ды. Сонан көктемде, қар кеткесін түзде тышқан аулап жүрген аш ит үстінен шығыпты да, қаңқасын көтеріп тұрған түйенің әуелі сирағын иіскепті; сосын иттігі ұстап шабын көтеріп, әлгінде ғана өзі иіскеген сираққа сарыпты; соның бәрінде де келді-ау, кетті-ау деп селт етпей қойғаны шамына тиген ит артына шегіне бере шәуілдеп үрген екен, ішіне шөп тыққан тұлыптай қаңқасын көтеріп тұрған жануар гүрс етіп иттің дәл үстіне құлапты...

Бұның өзінің де бұрын соң өмірі ауырмаған балғадай тістері сақ-сақ... сарт-сарт... Әзім бұл жолы оны сезген жоқ. Көз алдында баяғы қоян жылғы жұтта қар астында қалған өздерінің екі өркеші баладай інгені тұрған-ды.

* * *

Әзім шын әлсіреді. Титығы құрып әлсіреген дене әрі-беріден соң топырақ басқандай жерге тартып, енді болмағанда көк мұзға отыра кететіндей сүлдерін шаққа көтеріп тұр: "Құдайға не жаздым. Не пиғылымнан таптым",– деді Әзім. Кінәм бар шығар, бірақ қай мұсылман етегіне намаз оқып жүр еді. Құдай алдында күнәм болса, оған лайық жазаны алған жоқпын ба? Партиядан шығарды. Жұмыстан босатты. Астананы тастады. Астанадағы үйі-күйін тастап, екі қолын төбесіне қойып беті ауған жаққа тентіреп кеткенде, алдынан тағы да қаһарын төгіп қарын, боранын, қара дауылын қаптатып несі бар. Сондай-ақ, бұл құдайға не жазды? Не... не жазды?

Әзім айқайлап жіберуге аз-ақ қалды. Іші иттей ұлып дірілдеп тұрды да, кенет өкіріп жылап жіберді. Бәкизат шошып кетті:

– Жа-ным!.. Жаным, жыламашы...

Әзім басына қан шапшып, құлағы шуылдап кетті де, қасындағы әйелдің не дегенін есіткен жоқ; тек өзіне қарай аймалап келе жатқан мына бір мұп-мұздай қолдан тіксініп, жолатпай қағып жібере жаздады; бірақ сумаңдаған шидей жіп-жіңішке саусақтар ештеңеге қарайтын емес; керек десе, Әзімнің әлденеге бойын алып қашып, тартыншақтап тұрғанына да қараған жоқ; қараңғыда сипалап мұрнын сүртті; сонан кейін де сұғанақ қол сипалап жүріп қасын, кірпігін іздеп тапты; таба салысымен сол бойда Әзімнің ақ қырау кірпігіне ілінгені ілінгендей мұз моншаққа айналып қатып жатқан жасты бір-бірлеп үгіп алып жатып та: "жыламашы... Жаламашы, жаным",– деп, шыныменен жаны үзіліп бара жатқандай жәдігөйлігі, әсіресе жынына тиіп еді. Анада академик боп сайланғанда да дәл осындай көлгір, жәдігөй біреулер емешесі үзіліп бара жатқансып, бұл кірсе кіріп, шықса шығып, аяғына оралып жүргізбей қойып еді; Әзім бет-ауызын сипалап, ирелеңдеп жүріп алған мұп-мұздай шидей саусақтарды қағып жіберді:

– Ккеетт!..

Әйел ренжіген жоқ; қайта еркекті арбағысы келген ұрғашылардың ежелгі мекерлігіне бағып, омырауынан итергенге қарамай, өкпесін ала ұмтылып жатыр:

– Жаным, кешір...

– Ккеетт... ббәәрріі ссееннееенн...

– Иә, мен... мен кінәлімін. Ұрыссаң да, өлтірсең де мейлің. Тек қума! Қумашы...

Бәкизат жылап жіберді; Әзімді мойнынан тас қып құшақтап алып, өлердегі сөзін айтып жатқан мына әйелдің көз жасы көңілін қозғаған сияқты. Шынында да, бишараның бұған жазығы қанша? Айта берсе, бұның өз басы әйел затынан қылдай қиянат көрген жоқ еді ғой. Ол бишараларға қайта ылғи бұл қиянат істеп, зәбір-жапа шектіріп жатпаушы ма еді? Сонда, олар бұған мықтағанда наз артса артқан шығар, бірақ ешқашан өкпе артып кінәлап көріп пе еді?

Әзім әйелді бауырына тартты; Бәкизат осыған дейін тың сияқты еді; әлгіден кейін о да зәбір көрген жас баладай ыңырсып, Әзімнің құшағына кірді де, үні шықпай тым-тырыс бола қалды; бірінен-бірі ық, пана іздеп жабысып алған екі дене қосылып дір-дір, қалш-қалш... Балғадай тістер бұрынғыдан бетер сақ-сақ, сарт-сарт... Сорасы шыдатпай, ала-бөле су ағарына мұз қатқан үстіңгі ерні әлден үси

бастады; үсті-үстіне сақылдап, сартылдап жатқан тіс зықын алып құлағының түбі шанышты. Әзім дыбысын шығарғысы келмей тістенсе де, ауыз толған балғадай-балғадай тістер сартылдап, безгек буғандай қалшылдап әкетіп барады.

– Жаным-ай... қиналдың-ау!– деді Бәкизат. Қолынан келер басқа қайран болмағасын Әзімді ығына алып, жел жаққа біржола өзі шығып алды. Осы сәттен бастап етегі жер сызған көлдей қасқыр ішік астында бір денедей жабысып алған бұлардың қолы, аяғы бірге қалшылдап, тістері бірге сартылдап, мұрнын да үсті-үстіне бірге тартқылады. Осыдан былай тірлік, тағдырлары да ажырамай, үсісе бірге үсіп, өлсе бірге өлуге пейіл боп жанға жан жалғасып, дәл қазір тыныс, дем, жүрек бірге соғып тұрғандай еді.

– Әәзім...

– Аа?..

– Қанша оқталсам да сәті түспей қойды...

– Ссәәтт?..

– Өзің білесің ғой... саған қолым жеткенге мәз боп, ендігі келешегіміздің жөні қалай болатынын...

– Ккеелешек?..

– Иә, келешегіміз... Ажырасып па едіңдер? Неке-лерің...

– Ннееке?.. енді оонының ққаажеті ққан...

Бәкизат Әзімнің аузын баса қалды. Екеуі де үнсіз. Әлгі ойдың шылауынан шыға алмай тұрған әйел бір кезде әңгімені қайта бастады:

– Алматыға барғанда...

– Алматың құрып ққалсын! Б-із ббасқа ққалаға... басқа...

– Жарайды. Қайда барсақ та алдымызда түсетін жер...

– Бооллады. Б-әрі ддаайын...

– Күтіп алатын ба еді?

– И-иәә... оорркккеессттрр...

– Масқара-ай... босқа әлек болатын болды-ау...

Әйел Әзімнің жынына тие бастаған-ды. Дәл осы кезде біреу жел жұлқылап жатқан қасқыр ішіктің шалғайын көтере бергенде, аржақтан

бораған қар ішке лап берді. Ішік асты кәпелімде ұйқы-тұйқы боп кетті. Жәдігер асығыс бірдеңе деді де, ішіктің шалғайын жалма-жан жаба қойды. Әзім онан тез құтылғанына қуанды. Өздерінің ығын алып, ұйқы-тұйқысын шығарған осы бір қас қағымда жаңағы неменің не дегенін де жөндеп есіте қойған жоқ. Тек тосаң тарта бастаған құлағы, әлгінің "мен білсем..." деген басы-аяғы жоқ дүдамал бірдеңесін шала-пұла есітіп еді; "сондай-ақ, бұл не біледі екен?"– деп ойлаған да қойған-ды.

Жәдігер бұларға қайта келді. Бұл жолы ішке бас сұқпай, сыртта тұрып тіл қатты:

– Әй, тірісің бе? Сыртқа шық! Менімен бірге олай-бұлай жүгіріп ал!

– Ттооққттаа... Се-се-н жжааңңаа ннее дедің?..

– Білмеймін. Есімде жоқ.

– Ммен ббілсем дее...

– Иә, дедім. Мүмкін қателесермін. Біз ыққан мұз... бір жерге тірелген сияқты.

– АА?.. со-со-ллаайййммаа?..

– Білмеймін. Боз-Биенің тұмсығы ма... әлде, бәлкім Қара-Түп шыңы ма... Мүмкін, қателесермін...

Әзім аржағын тыңдаған жоқ; ішік астынан қалай атып шыққанын өзі де байқамай қалды; бораған қар мен әупіріп соғып тұрған үскірік суық жел сыртқа шыға бергенде бетін қарып алды да, жалт беріп ықтап кетті; аяғын ілгері бір басты ма, жоқ па, тайып жығылды; бірақ сол бойда атып тұрды; аяғына мінер-мінбесте қайта құлады; бұл жолы тізесін ұстай түрегелді; тұрып жатқанда көзі аяғының астына түсіп еді; қара дауыл үй аумағындай жердің қарын тақырлап үріп кеткен екен; сонау дал-дұлы шыққан бұлт арасынан өлеусіреп түскен ай сәулесі астында ырсиып ашылып қалған жалтыр мұздың беті жып-жылмағай; әсіресе аяғы басып тұрған шыңылтыр шыны мұздан табаны құйттай ажыраса да құлайтынын біліп, тізесі дірілдеп тұрған-ды.

Сырт жағынан:

– Әз-ім... Әзім, қайдасың?– деген әйел дауысы шықты.

– Жжүрр!.. ттеезз!..

Әзім осыдан артық тілге келмеді; әлгі дауыстың "тоқта!" дегеніне де қайырылмады; жаңағы тайып жығылған тақыр мұзды айналып өтті; көзін жерден көтермей қайта-қайта еңкейіп, аяғының астына қарап

алады да, жүлге-жүлге қар жатқан жерлерді қуалап ыққа карай жанұшыра жүгіріп ала жөнелді; табаны жерден көтерілгесін-ақ ашық теңіз үстінің арт жақтан соққан алапат желі аяғын аяғына тигізбей дедектетіп әкетті.

– Әз-ім!.. Ә-әз-з!..

Бірақ бұл кезде Әзім ұзап кеткен-ді; борасын қар мен қара дауыл арасынан үзіліп шыққан әйел дауысы құдды көшкен ауыл жұртында адасып қалған күшіктей әлсіреп жете берді де, үзіліп кетті; енді қайта естілмеді; Әзім ере алмай қалып қойған әйелге ызалы; бір рет жерден көзін ала бере артына бұрылам дегенде аяғы тайып, шалқалай құлады; денесінен бұрын мұзға әуелі басы соғылып, көзі қарауытып кетті; бұл жолы тырп етпей біраз жатты да, ыңырсып басын көтерді; қол таянып түрегелді; аяғына міне бергенде сереңдеп қайта құлады; ол енді қатты ауырған жамбасын қос қолдай ұстап, созаланда тұрды; жүлге қар жатқан жерлерді қуалап ыққа қарай дедектеп келеді; жанұшыра асыққандікі ме, әлде аяқ басса тайып жығылып зәрезат боп қалды ма, буын-буынын діріл алып, қолы-аяғынан әл кетіп алқына бастады; жаға көрінбесе де, жақын қалғанын сезеді; онан сайын дегбірі қалмай асығып, көзін ауық-ауық аяғының астынан алып ілгергі жаққа шыдамсыздана қарап келе жатқан-ды; келесі қарағанда ұлы теңізге осы тұста қанжар ұшындай сұғынып кірген қара жер бозамық сәуле астында жоны күдірейіп қарауытып көрінді. "0, Ттәңірім!.." Тілі тек соған келді; мынау бұның дүниеден әбден түңілгенде, әбден тарыққанда кездескен қуаныш болғасын ба, лүпілдеп қатты соғып кеткен жүрек кеудеге сыймай алқымға тығылды; кішкене жүргесін кара жер әлгіден де гөрі анық көрінді; әлгі жаманның айтқаны рас болды: мынау Боз-Бие... Боз-Биенің тұмсығы. Ыққан мұз теңіздің осы тұсында суға жебе ұштанып сұғынып кіріп тұрған Боз-Биенің дәл тұмсығына іліккен екен; бірақ жазбастан қыр беттен қадалып соғып тұрған қара дауыл мен үсті-үстіне ұрғылап жатқан үйдей толқын астында итініп-соғынып, сына жаздап сықырлап тұрған әлсіз мұздың ұзаққа шыдамасын білді; қазір сынбаса да, Боз-Биеге тірелген тұмсық сәл тайса да қатты ағыс пен күшіне мініп алған мына сұрапыл дауыл сол бойда ықтырып ала жөнелетінін де білді; ол, тіріл, кара жерге тез... тезірек жету керек екенін білсе де, қас қылғандай, аяғын баса алмай қалды. "Иәә, ааррууаақ!.. Атаа-ббаабаа..." Басы айналды ма?.. Көзі қарауытты ма, кәйтті? Әлде төбеден ауған айды тағы да бұлт басып түн қараңғысы қоюлана түсті ме?.. Сүйтті ме? Он қадамдай қалған жағаға кенет жанары жетпей, ары ысырылып алыстап кетті. Өзі де ырсылдап, аяғына әзер тұр; көңілге болмаса, кішкене әл жиған сияқты; бірақ аяғында әлі де діріл бар; тілі жеткенше тағы да ата-баба, аруаққа жалбарынып, құдіреті күшті Құдайдан медет тілеп аяғын ілгері бір басты да, қалт тоқтады; аяқтан алған діріл енді денеге тарап, тұла бойын қалшылдатып әкетіп барады; қозғалса құлайтындай қорықты; басы айналды; көзін жұмып сәл тұрды да, қайта жүрді; қарын үрлеп

кеткен көк тайғақ мұзға табаны тұрмай, тәлтіректеп әзер-әзер келеді; қанша жүргенін білген жоқ; тоқтамағанына қуанып, тәңірге жалбарынып келе жатқан сияқты еді; кенет көңіліне күдік қашты; өзі ойлағандай, шыныменен жүріп келе жатқанын, әлде жан-тәні қалмай жағаға жеткісі кеп талпынса да, тұла бойын қалшылдатып әкетіп бара жатқан дірілден қорқып аяғын қозғай алмай тұрғанын білген жоқ; көзінің айналасынан шүпірлеп мұп-мұздай тер шықты; сонан ба, жанары буланып, аяқ жолы көмескіленіп кетіп тұр. Кішкене әл жиғасын аяғын ілгері бір басты; оны білді; дір-дір еткен аяғын тәлтіректеп тағы бір басты; тұла бойы түгел қалшылдап кетті; жіліншігі жарылып барады; көзінің алды қап-қараңғы; екі иінінен ентіге дем алып, ырсылдап тұрды да, безгек буғандай қалшылдап әкетіп бара жатқан бүтіл денесіне әзер-әзер күш жиып аяғын әрең қозғап, келесі басқанда... "О, жжаассааққааннн! – деді Әзім,– ссееннеейййіінн ббее, жжооққ ппаа?!" Аржағынан ішкі дауысы іле үн қатып "сен! сен!"– деп айқай салғандай; шынында да осыған дейін бұл салмағын қаттырақ салса да аяғының асты құдды жас бала еңбегіндей былқылдап, сықыр-сықыр майысып қоя беруші еді; бұл жолы мынау сықыр-сықыр майыспақ тұрсын үстінен батпан салмақ басса да міз бақпай, келсең-кел деп бедірейіп, жонын төсеп тұра қалатын кәдімгі... иә, мынау кәдімгі қара жер!

Әзім қолын ілгері созып етбеттей құлады; жаңа ғана аяғын бір басу мұң боп қан қақсап тұрған жіліншік қақ жарылып кеткендей; өзі де аң қуған иттей өкпесін соғып ырсылдап жатты да, кенет қараптан-қарап күлкісі келді; бірақ күлген жоқ; қара жерге құшағын жайып, қыбыр етпей жатыр; тамағы құрғап, жұтындырмай қойғасын жағалаудың қар аралас қара топырағын тілімен үйіріп ауызын толтыра қарпып асады-асады да, түкіріп тастады; мұздай жерден басын көтермей, ырсылдап жатқан-ды; етігінің тұмсығы тиіп жатқан жағалаудың мұзы кенет шатыр етті де, іле-шала күтірлеп ала жөнелді.

Әзім жерден басын көтеріп алды; "Ә" дегенде түкке түсінбеді; кірпігіне моншақтап, тамғаны-тамғандай қатып жатқан жасты алақанымен бір сипап тастап, атып тұрды; жалт етіп теңіз жаққа қарап еді; ертеден бері қатты қара дауыл астында итініп-соғынып тұрған әлсіз мұздың дәл ана Боз-Биенің тұмсығына тірелген шеті шатыр етіп сынипты;бұл басын көтеріп алғанда, қара жерден тұмсығы тайып кеткен ауыр мұз аржағында гүрілдеп жатқан үйдей-үйдей толқындардың ығын алып, әп-сәтте жағадан іргесі ажырап тереңге қарай аудандап ығып барады екен. Әзім еңкейіп аяғының астына қарап еді; мұз емес, қара жерде тұрғанын көргесін көңілі орнына түсті. Кенет Бәкизат есіне түсіп, жас шылаған көзін жалма-жан ілгері тастап еді; жағадан іргесі ажырап үлгірген мұздың түксиіп қарауытқан әрегірек бір тұсынан екі қарайған қылт етті; бірі ілгері, бірі кейіндеу қалып жанұшырған екеу жиекке жетіп қалған екен; бірақ бұл кезде ыққан мұз бен қара жердің арасы ырсиып ашылып, екі араға су түсіп кеткен-ді.

"Ааммаалл ққаанншшаа, ссүйіктімм... ббіз ққоосыламыз десек те, ккөөррддіің ғғой, Құдаай ққааламады. Ттаағғдыр ссоолайй!.."

Әзім "кешір" дегісі келсе де, бірақ айтар жерде әлденеге ауызы бармай, тек алақанын жайып, иығының басын қиқаң еткізді; сосын аналардың көзіне түскісі келмей, жағалауда қаңқиған екі-үш түп жыңғылдың жақындау тұрған біреуінің тасасын көлегейлеп басын бұға қалды; сонан ол басын көтермей, балықшы ауылды бетке ұстап бұта-бұтаның тасасын бұқпақтап жүгіре жөнелді.

Төтелеп салса, ауылға тез жетерін білді; бірақ күндіз болмаса, түнде суы тартылған теңіздің қай жері қара ұйық, қай жері батпақ екенін айыру қиын еді; суы тартылған теңіз орнында бөрік бастанып көмпиіп жататын күлдей аппақ тұз жел үф етсе де сәтте шаңдатып борап ала жөнелетін; әсіресе, қазіргідей дауылда аспан мен жер арасы алай-түлей аппақ шаң көтеріліп, адам да, мал да аяқ жолын таба алмай, өрісте жүрген осы ауылдың түйелері қара ұйыққа жығылып өліп жататынын Әзім де білетін; сосын ол Бел-Аранның ығында отырған балықшы ауылға төтелеп салмай, бұру да болса бұрынғы ізбен бас айналып келеді; су қашқалы бұрынғы сыңсыған қамыс орнына сораң қаулап өсіп кеткен екен; ауылға тезірек жеткісі кеп қаттырақ жүріп еді; тұсарлықтан келетін ащы сораң аяққа оралып, қайта-қайта жығылды; онсыз да бір жығылып, бір тұрып жүрісі мандымай келе жатқанда, кенет тұла бойын тікен басқан қау-қау қара сораңға килікті; тікенек сораң аяқ басса тас кенеше жабысып, бірде шалғайына, бірде шалбарының балағына жармасты; темір тікендер әрі-берідесін тізеден төменгі жағын тілгілеп сойып тастады.

Жан ұшырған Әзім тез шаршап, ырсылдап тұрды да, қайта жүрді; мұрны, беті үсігенін кейін білді; башайлары да үсіген сияқты; бірақ оны ойлап жатқан жоқ; Бел-Аранмың ығында отырған ауылға түске салым сүлдерін сүйретіп шаққа жетуін жетсе де, бірақ сол күні түнімен өрелі таңды көзінен атырған жұрт әлі де азасы басылмай у-шу, азан-қазан боп, қатындар жас жуған бетін алып-салып жатыр екен. Басына қара салған көкайыл қатындар өздерінің әншейіндегі Әзімнің алдында айбынып, ызылып тұратын әдетінен жаңылып, бұл жолы анадайдан аңырап шықты:

– Жәдігер қайда, ойбай?..

– Бәкизат қайда, ойбай?..

– Сол се-кі-лді екі бірдей жай-саң-ды көзің қиып қайда тастап кеттің, ойбай!.. Ah, қайтейін!..

Сен сонда қатын-бала аңырап, ер азамат үнсіз томсарып алған мына ауылдан есебін тауып тезірек кетуге тырысарсың-ау! Иә, ертеңге қарамай, сол күні тайып тұрарсың.

Сонан талай жыл өтер. Заман да, қоғам да өзгерер. Адамдар да өзгерер. Кезінде осы елдің төрінде отыз жыл төбесімен көк тірегендей шалжайып отырған Үлкен Кісі әдемі моншақтарды шылдыратып кеудесіне таға бергені болмаса, кешегі ел басына қара күн туған қилы замандарда аспан астына тарыдай шашырап кеткен сорлы халқына түк істемей-ақ дүниеден о да өтер, кетер! Бірақ дүние қалай өзгерсе де, тек кешегі заманда айналайын балшевек балалар қызыл сөзбен құлағын семіртіп алдына салып берген бір отар қойын ертелі-кеш кіш-кіштеп, қоңын күн тескен қазекемнің балалары болмаса, онан басқа халықтың бәр-бәрінің де құлқы, пейілі, пиғылы өзгеріп, заманына қарай амалын жасап, қолынан келгені заманы қасқыр болса қасқыр боп, түлкі болса түлкі болып құйрығы бұлаңдап айласын асырып бағар-ау!

Бірақ заман қанша өзгерсе де, Арал тағдыры өзгермес. Тек біздің топырақтан да Аралдың қасіретін малданып атын шығарғысы келген талай жанашырсымақтар шығар! Олар қаңылтырды қаңылтырға ұрып құр даңғыратқандай, дүниені даңғазаға айналдырып айқай-шуға қанша басса да, бірақ тартылған теңізге сол өңірдегі халықтың көз жасынан басқа бір тамшы су тамбас-ау. Ай өтер, жыл өтер, жылдар өткен сайын тартылған теңіз тіпті ернеуінен төмен түсіп, әуелі екіге бөлінер. Оның бірін – Үлкен Арал, екіншісін – Кіші Арал дер. Сонан тағы біраз жыл өткесін қатыгез тағдыр ортасынан қақ бөлген әлгі екі Арал тартыла-тартыла келе, енді тіпті түбінде сарқыншақ қалып, бір кезде суы шарасына сыймай, аспан астын алып ыңыранып жатқан баяғы телегей теңіз орнына көз ойдымданып бөлек-бөлек тұзды көлдер қалар-ау. Бұл өңір балық кәсібімен біржолата қоштасар. Күн көрістен айырылған халық кәсіп іздеп, қатын-баласын жетелеп бірі ойға, бірі қырға тентіреп кетер. Ал әлі де болса адыра қалғыр атақонысты қимай, қара жұртта аруақ күзетіп отырып қалған аралдықтардың ендігі туған ұрпақтары дүниеге деліқұл, жарымжан боп келер. Бұл өңірде бұрын болмаған аты, заты белгісіз неше түрлі індет шығар. Теңіз неғұрлым тартылып, жер неғұрлым азып, ел неғұрлым тозып, індет неғұрлым етек алып жайылған сайын Аралдың әлгі бір жанашырсымақтары да соғұрлым жанталасып даңғырасын қаға түсер! Үкімет те қарап қалмас: иә, талай төтенше комиссия құрылар. Төтенше комиссиялар бірінен-бірі өткен талай-талай тамаша қаулы алар. Тамаша қаулыға сәйкес талай-талай тамаша жобалар мен жоспарлар жасалар. Соның бірі – Сібір өзенін бұрып әкелу керек дер. Екіншісі – Каспийдің жыл сайын шарасына сыймай жоғары көтеріліп бара жатқан иен суын бұрып әкелейік деп өзеурер. Ана жолы айқайшылардың ауызынан әлдеқалай шығып кеткен "Арал тағдыры – адам тағдыры" деген әдемі сөзді ел көзінде елтең-селтең жүргенді мансұқ еткен епті жігіттер қызыл тілді қайраққа жанып-жанып алып, халық алдында ана мінбеден де, мына мінбеден де қиқулатар-ау! Тірі болсақ соны да көрерміз. бірақ қызыл сөзге құлағы қанық кісілер оған онша илана қоймас. Тек әлгі әдемі сөз жиі айтылып, бірінен-бірі өткен әдемі жоспарлар мен жобалар көбейіп

бара жатса, бастықтар тағы бір қаулы алар да, бәрінің ауызына құм құяр. Мықтағанда ырысынан айрылып, күнін көре алмай кіріптар боп қалған көп балалы, көп жанды көп-көп үйлер өзегі талып бара жатқанда талшық етер еңбек ақысына үстемелеп тиын-тебен қосар. Бірақ... Әй, бірақ, тұз астында тұншығып жатқан сорлы өлкенің соры қайнаған халқына онан ешқандай жеңілдік болмас-ау!

Жә, саған бұны айтты-айтпады не. Есіңде болар, сол күні сен қатын-бала у-шу боп, бетін алып-салып жатқан қаралы ауылда дәйек тұтып тұра алмай, жоқты сылтаураттың да, мұзға ыққандарды іздеуге келген екі самолеттің біріне отырып, Арал қаласына тартып тұрып едің ғой. Аралға барғасын да жұртқа бетің шыдап тура қарай алмай, тызалақтап тезірек кетуге асықтың емес пе? Рас, дәл жүрер жерде асығыс-үсігіс дәрігерге көріндің. Асыққаның сонша, бірінен кейін бірі келіп жататын поездардың өзіңе ыңғайлысын да күтпестен, ыңғайы келген біріне отырдың да, ешкімге із-түзіңді білдірмей тартып тұрдың.

Сонан бері Ресеймен шектесіп жатқан Арқадағы бір қалада тұрып жатқан көрінесің.

Уақыт шіркін кімді аяп еді. Уақыт та, қаласа, тау мен тасты да мүжіп жеп тастайтын жел-құздай бір пәле ғой! Әсіресе, жасы келген адамды әжуалап, кескін-кейпінен айырып жексұрындап жіберген де, шынында да, адамнан гөрі маймылға көбірек ұқсап кетпеуші ме еді? Елден кеткелі сені көрмесем де, бірақ шамалаймын, арада өткен ұзақ жыл сені де титықтатқан шығар-ау. Бұл күнде ыңғайы келсе, ішкенді тәуір көретін боларсың. Көптен ұстара тимеген қалқыңқы ісік бетті сақал баспады дейсің бе? Және ағы, қарасы араласып өскен жүн сақал, қазір дәл бір шөлге шыққан дала бозындай берекесізденіп беттің сиқын алып тұрған шығар. Есіңде ме, арқаға жүрер алдында дәрігерге көрінгенде саған "оң қолыңның екі саусағы үсіпті, қазір дәрі жағып таңып берейін, кейін кескізбесе болмас",– деп еді ғой. Шамасы, кескізген боларсың. Қатты үсіген мұрының да үш жағы жұмбазданып, тері астынан без бе, безеу ме, бершімек бірдемелер тесіп шығатындай түйіртпектеніп тұрған шығар? Бұл күнде ұйқы қашқан болар. Түнде талай оянатын шығарсың. Оянған сайын темір кереуеттің тот басқан серіппесін шақыр-шұқырлата жамбасыңа аударылып түсерсің де, ұйқы қашқан көзді ашып-жұмып біраз жатарсың. Ұйқтай алмасыңа көзің жеткесін басыңды көтерерсің. Сосын төсектен аяғыңды салбыратып түсіріп жіберіп, белің бүктетіліп отырарсың да, темекі шегерсің. Сигары шілдей "памирдің" ащы түтіні бір-екі сорғасын қызыл өңешті тырнар да, қиқылдап ұзақ жөтелерсің. Күн түспейтін көлеңке беттегі бір бөлмені жалдап отырған үйдің қожасы – кемпір-шал күнде түн ортасында сенің жөтеліңнен оянып, сонан таң атқанша олар да көз ілмей, сені бірде "жүн бет", бірде "антихрист" деп, есебін тауып қалай құтылудың жолын ойлап, өзара күңкілдеп шықпас дейсің бе? Бірақ, сен... Иә, сен біз білетін бұрынғы Әзім болсаң... бұрынғы біз білетін

Әзімнен бойыңда бірдеңе қалса, өлмелі кемпір-шалдың күңкілін қыртыңа да қыстырмассың-ау. Өйткені, сен өзіңді жұрт алдында ешуақытта кінәлі санап көрген жоқсың ғой. Тіпті анада балықшы ауыл мұзға ығып кеткен Жәдігер мен Бәкизатты азалап у-шу боп жатқанда да ыңғайсыздансаң ыңғайсызданған шығарсың, бірақ өзіңді сонда да кінәлі сезіп қысылған жоқ едің ғой! Өйткені кінәңді сезген жоқсың. Өйткені, басқа кінәлі болса болар, ал, бірақ сен кінәлі болуға тиіс емессің. Сондықтан анада балықшы ауылдың қатындары алдыңнан ойбайын сала шыққанда, тым құрыса, сол арада бетің шіміркенудің орнына, сен мына бір кісі сыйлай білмейтін әдепсіз қатындардың айбық адамдығына ғана ыңғайсызданып тезірек құтылғанша асыққансың-ды.

Осы жылдарда қасыңда болмасақ та, көңіл сезеді: Арқаның қыс айларындағы түні қандай ұзақ! Сол ұзақ түнді ұйқысыз атырып жүргенде басыңа өткен-кеткен талай оқиға оралған шығар-ау. Бұл күнде көңілден алыстап көмескілене бастаған көп-көп оқиға арасынан бір оқиға жадыңда жазылған хаттай сайрап тұрары сөзсіз. Иә, қатыгез тағдырдың саған жасаған қиянатындай көрінетін сол ана желтоқсандағы оқиға қашан есіңе түссе де, сен бірақ соның бәрінде де сүйген әйелің мен бала жастан бірге өскен құрдасың алдында өзіңді қылдай кінәлі сезген жоқсың. Олардың алдында да ар-ұжданыңды таза сездің. Тым құрыса, сүйген әйеліңді еске алғанда бетің шімірікпей: "менде тұрған не бар. Құдайдың қалауы солай болды. Тағдыр, дорогая",– деп, бұл тұста да, өзіңе шаң жолатпай, сүттен ақ, судан таза боп шыға келетінсің. Өйткені, басқа жұрт кінәлі болса болар, ал сен... Жо-қ, сен ешуақытта, ешкім алдында, ешқашан кінәлі боп көрген жоқсың. Кінәлі болмайсың да, өйткені кінәсізсің...

* * *

Иә, бұлар сәл үлгірмеді. Жәдігер шынында да қателеспеген екен. Кеше ақ пен қызыл арасында БелАраннның астынан ыққан мұз Боз-Биенің тұмсығына ілінген-ді.

Бәкизат жағаға Жәдігерден бұрынырақ жетті. Бірақ бұ да үлгірмеді. Жан ұшырған әйел қара дауыл қайтадан бет ашық аңғарға қуып ала жөнелген мұздың сықыр-сықыр майысып тұрған шетіне ентелеп келді де, кілт тоқтады. Енді бір басса аржағында түбін аңғартпай қайнап жатқан қара құрдымға ұмар-жұмар құлайтын еді; тайдай тулап кеткен жүрек дүрсілдеп алқымға тығылды. Небәрі есік пен төрдей жерде көзден бір-бір ұшып қалып бара жатқан қара жерге жаутаң-жаутаң қарады да, жылап жіберді.

Бірақ бұның бәрі кейін болған-ды; ал соның алдында жын ұрған кісіше аяғы жер иіскемей секектеп жүрген Жәдігер, кенет кілт тоқтай қап, қасқыр ішік астында бір денедей боп бір-біріне жабысып тұрған

бұл екеуіне бұрылып кеп тіл қатты емес пе. Не дегенін есітпесе де, бірақ оның "мен білсем..." деген дұдамал бірдеңесін бұның да құлағы шалған-ды. Осыны көрсе жыны қозып кететін әйел, сол арада да тыжырынып: "Сондай-ақ, бұл не біледі екен" деп еді; бірақ әншиінде жер қозғалса қозғалмайтын Әзімге бірдеңе көрінді: Жәдігердің жаңағы жалғыз ауыз сөзі қатты әсер еткені сонша – көре көзге қол баладай далбалақтап ұшып кетті; тіпті Бәкизаттың дауыстап шақырғанына да қайырылмады; Бәкизат оның соңынан еріп жүгірерін, әлде аңысын аңдап күте тұрарын білмей дағдарып қалды; аржағында "мені тастап кетпес, қайтып келер",– деген сенім де жоқ емес-ті; бірақ Әзім оралмады; "ә" дегенде Жәдігер де Әзімге ілесіп жүгіре түссе де, бірақ әлденеге қарайлағандай, анадай жерге барды да, тоқтады; тоқтауын тоқтаса да, келеңсіз неме енді қайтерін білмегендей, Әзімге бір, Бәкизатқа бір қарап, екі арада алақтап тұрып қалды. Сосын Бәкизатқа жетіп кеп:

– Жүр!– деп еді;

Бәкизат:

– Кет!– деді; кесіп алғандай қатты айтса да, Жәдігердің басын бауырына алып тапжылмай тұрғанына ызаланған әйел:

– Кет! Жоғал!– деп мұзды теуіп-теуіп қалды.

– Жарайды,– деді де, Жәдігер бұрылып жүре берді; "өлмесең тұрма",– деді ішінен; деуін десе де, бірақ анадай жерге барды да, қайта тоқтады; артына бұрылып қарады; қырсық әйел бұл жолы да бетінен қайтпай қасарып алған; тапжылатын түрі жоқ; Жәдігер айызын қандыра ішінен мықтап бір боқтады; бірақ кімді боқтады? Әзім бе? Бәкизат па? Әлде, тіпті сау басына шырғалаң бірдеңе тілеп алып жүретін өзіне ыза болды ма? Ол арасын ойлап жатпастан ызалы ашу алды-артына қаратпай, желге қарсы омыраулап басып жүгіріп келеді. Заты жуас жігіт былайғы кезде батылы жете бермейтін қиын істі, әдетте, осындай ызалы кезде істеп тастаушы еді; бағанағы бір орында тапжылмай тұрып қалған әйелге жетіп келді де, әй-шәй жоқ, қолынан шап беріп ұстады:

– Жүр!

– Кет! Менде жұмысың болмасын!

Жәдігер уысын сәл қысса да үгітіліп кеткелі тұрған нәп-нәзік саусақтарды қаттырақ қысып жіберіп еді; аяғын баспай кегежектеп тұрған әйел кәпелімде жөп-жөндем бола қалды; салған жерден қатты жүріп кеткен Жәдігерден қалмай, қасында томпаңдап жүгіріп келеді; төбеден ауған ай, әлгі бірде бұлтқа кіріп теңіз үстін ауыр қараңғылық басып, түнеріп тұрған-ды; Жәдігер сүрінді ме, тайып жығылды ма,

жалп етіп етбеттей құлады; маңдайы мұзға соғылып тарс етті; су шалп етіп, таяу тұрған әйелдің үсті-басына шашырады.

– Ішіңді с... дүние-ай!..– деді Жәдігер. Бұрын соң аузынан дәл бұндай боқтық шығып көрген емес-ті; Бәкизат дір етіп тіксініп, жақындамай состиып тұрып қалды; етбеттей жығылған Жәдігер тырп етпей, тісін қышыр-қышыр қайрап жатқан; кенет атып тұрғысы кеп бауырын мұздан көтеріп, жанын сала ұмтылып еді; тағы да су шалпылдап, сіркедей мұп-мұздай түйірлер әйелдің үсті-басына сіркіреді; Бәкизат бойын тартып шегіне түсті де, іле-шала ілгері ұмтылып, тырбаңдап тұра алмай жатқан Жәдігерге еңкейіп қарап еді; Жәдігер оң аяғын жарыққа тығып апты; жуан саннан төменгі жағы су ішінде жатыр екен.

– Қолыңды... қолыңды бер!– деді Бәкизат.

– Жо-қ... Жжағаа...

– Қазір... қазір.

Әйел деуін десе де, бірақ дәл қол ұшын берер жерде абыржып сасып, көз алдында қанаты сынған құстай, бауырын мұздан көтере алмай тырбаңдап жатқан кісіге қай жағынан келерін білмей, шыр айналып жүгіріп шықты. Жәдігер алқына бастады; қол жетер жерде саусақ ілігер ештеңе болмағасын кек мұзға қайта-қайта тырнақ салып, жоса-жоса қып осып тастады.

– Жжаағам... Жжағамнан...

Әйел оны жағасынан ұстауын ұстады; бірақ қарын үрлеп тақырлап тастаған мұзға табанын тірей алмай, тайып жығылды; дереу атып тұрды; сонан кейін де бір тұрып, бір жығылып жүріп әрең-әрең дегенде сыртқа сүйреп шығарды; нар тұлғалы ірі кісі тырп етпей сұлық жатыр; ұзын қоныш етіктің аузы-мұрнынан шыққан су сыртқа ақтарылып үлгірмей, сәтте қатып мұзға айналды.

– Б-бәкизат,– деді Жәдігер,– жжааға жжақын... ыққа ққаарай ббетіңді ттүзе де жжүгіре ббеер...

Бәкизат Әзімді сұрағысы кеп аржағы тілеп тұрса да, ауызы бармады; осы кезде бұлтқа қорғалаған айдың қиық шеті жылт етті; сонан кейін ай қара дауыл дал-дұлын шығарған алба-жұлба бұлтқа бір кіріп, бір шығып құдды жасырынбақ ойнаған баладай жылтыңдап болды.

– Ммааған ққаарама...– деді Жәдігер.

Әйел есітпеді ме, есітсе де аржағында ішіне түйген бір есебі болды ма, Жәдігерді үн-түнсіз қолтығынан алды:

– Тұр!

– Жжо-қ... ссееннн...

– Сен, менді қой, кәне тұр!

Бәкизат әй-шәйге қаратпай қолтығынан демеп тұрғыза бастады. Жәдігер түрегеле бергенде тайып жығылды. Жарыққа тығып алған аяғын астына ала құлады. Қозғала алмай ырсылдап жатты да, Бәкизатқа қолын созды. Аяғына мінгесін де қалшылдап әкетіп бара жатқан денесін билей алмай, қолтығынан демеген әйелге сүйеніп сәл тұрды да,сылтып басып жүріп кетті. Жарыққа тығып алған аяғы әлден үси бастады; әсіресе башайлары мұзға орап тастағандай; сүйретіп баспаса, кішкене салмақ салса да әлгі мұзға ораған башайлар құдды темір құрсаумен сыққандай сүйектері қазір сынатындай қан қақсап бара жатқасын бұл бір басып, екі басып, келесіде аяғын көтеріп тоқтай қалды. Көзі қарауытып кетті. Басы айналатын сияқты. Дереу қам жасамаса құлайтындай, қорыққасын екі қолымен мұз тіреп, көзін жұмып отыра қалды. Бұл осыған дейін де бұндай емес-ті; не қылса да, аштық пен суық қос қабаттап әл-дәрменін әкеткен; бұл нәр татпағалы да бір күн, бір түн; сірә аштықта адамның алпыс екі тамырының аузы ашылып кететіні рас шығар.

– Жжүр, ккееттіікк!– деді Жәдігер.

– Кішкене дем ал,– деді Бәкизат.

– Жжооққ...– деді Жәдігер; қолына жабысқан әйелді итеріп жіберді де, аяғын сүйретіп басып жүріп кетті; жарыққа тығып алған ұзын қоныш етіктің қазір іші-сырты түгел көк мұз; әсіресе қонышының ішіне қорғасын ерітіп құйғандай, сақырлап қатқан мұз ту қара башайдан бастап бүкіл оң аяғын сығып барады; кішкене жүрді ме, жоқ па, балтыры басқызбай бебеулетіп сығып ала жөнелді; Бәкизат қуып жетті; үйелмендей ауыр дененің бар салмағын өзіне аударып алғысы келгендей, дереу қолтығының астына кірді де, иығымен демеп бақты.

Жәдігер дыбысын шығармай тістеніп алған; үсіген аяқ неғұрлым жанын шығара қан қақсап ауырған сайын, бұл да соғұрлым оған салмағын салып қынулап қаттырақ жүріп еді; аяғының асты құдды шыны қирағандай пышыр-пышыр етті; Бәкизат басын көтеріп алды; өңінде таңданған ажар бар; Жәдігер оған назар аударған жоқ, қолтығынан демеп келе жатқан әйелден қолын босатып алды; табанын тілгілеп жатқан шыны мұзға әлде де болса салмағын салып пышыр-пышыр, шытыр-шытырлата қатты жүріп кетті. Жәдігер енді тек шынының үстімен жүріп келе жатқандай аяғын басқан сайын әлгі құлақ тырнаған пышыр-пышыр, шытыр-шытыр үдеп барады.

– Тоқтайық!– деді Бәкизат.

– Ммааған ққаарама... жжаағаға жжет!

– Сен ше?

Жәдігер тұра қалды. Бәкизат та тоқтады.

– Ммааған ққаарама ддеедім ғой. Б-баарр!..

Бәкизат қозғалмады. Өз дегені болмаса өзгенің, әсіресе бұның айтқанымен жүріп көрмеген мына әйелге ешқандай әмірдің жүрмесін байқады.

– Ммааған ққаарама. Ттезірек жжағаға жжет! Әәзім... күтіп ттұрған шшығар...

– О-ол...

– И-иә, жжаағада... Ммен жжеткенше от жжааға ббееріңдер. А-ал, ттұр-ма!..

Бәкизат қол-аяғы кәпелімде қалай құп-қунақ боп кеткенін байқамай қалды; артына жалтақ-жалтақ қарап, ыққа қарай құстай ұшып ала жөнелген-ді. Кенет тайып жығылды; іле-шала атып тұрды; қарын үрлеген тақыр мұзды тайғанақтап бір басып, екі басып, үшіншіде сереңдеп құлады; бұл жолы тұра алмай ұзақ жатты. Бұл да жарыққа жығылған екен деп қорыққан Жәдігер ұршығы үзіліп түсердей қан қақсап бара жатқан аяғын қара саннан қос қолдап ұстап, қисаңдап жетем дегенше, Бәкизат түрегелді; ақсаңдай басып ілгері жүгірді. Қара жерді Жәдігерден бұрынырақ көрді.

– Жер! Жер!– деді ол айқайлап.

Жаға тіпті жақын қалды; бірақ бұл кезде мұз жағадан іргесі ажырап, беті ашық аңғарға қарай қайта ығып бара жатқан-ды; оны Бәкизат кеш байқады; жанұшырғаны сонша, енді бір басса, аржағындағы қара құрдымға ұмар-жұмар құлайтындай, жағадан іргесі ажырап, тереңге қарай ығып бара жатқан мұздың су шайып жатқан жиегін шылпылдата басты да, кілт тоқтады; мінбелеп кеп тоқтаған мұздың жиегі мен қара жердің арасы небәрі есік пен төрдей ғана еді.

– Әәззі-м-м!..

Өңешін жырта шыққан әйел дауысы әлсіреп сөніп бара жатты. Қара жерге көзін сатып, телмеңдей қараған жанарға ештеңе ілікпеді. Тек аң болмаса, адам аяғы баспаған жағалаудың бұтасын жанталаса жүгірген әлдебіреу сатыр-сұтырлата жапырып арман карай алыстап бара жатқан сияқтанды.

– Әз-ім-м!..

Тағы да дауысын жырта айқайлағысы келіп еді; бірақ ызалы жас алқымын буды да дауысы шықпады; жаға жаққа құлағын қайта тіккенде, жаңағы сытыр сап бопты; дәл осы кезде дауыл жыртқан дал-дұл бұлт арасынан бір көрініп, бір жоғалып сығыраңдап тұрған солғын ай да суға батқандай жым-жылас жоқ боп кетіп еді; онсыз да қас қаққан сайын қарасы ұзап, алыстап бара жатқан жер біржолата көзден ғайып болды. Енді жер мен көкке қара түн қайта орнап, түсін бермей түксиіп алған дүние өзінің ежелгі қаһары мен қаталдығын қайта танытты; аспан асты азынаған айқай жел, өкірген теңіз, ежектеген толқын, сәт сайын сатыр-сұтыр соғысып күтір-күтір қирап жатқан сең.

– Адыра қалсын! Ады-ра-а-а...

Жәдігер дәл осы кезде жеткен-ді. Бәкизаттың не дегенін есіткен жоқ. Ол тек жиегін су шайып жатқан мұзға мінбелеп төніп тұрған әйелді көрді. Сосын әне бір тірлік тығырыққа тіреліп, көкірек қарайғанда, адам болған адамның беті қатты шешімге шын бел буатын сәт болады-а. Мына әйелдің де алқымын буған әлгі ызалы жастан басқа аржағынан ышқынып шыққан жан дауысынан бұл бір сондай беті қатты сұмдық шешімді сезіп еді. Жәдігер ойланып жатқан жоқ; оған пұрсасы да болған жоқ-ты. Ырғып барып, әйелді қос қолымен ұстай алғанын біледі.

– Жібер!

Қатты бұлқынған әйел бұның қолынан сытылып шығып баратты. Енді бір қимылмен аржағындағы қара құрдымға құлай бергенде, қарулы қол оның көк желкесіне сарт етті. Сосын әй-шәйге келтірмей қос қолдап көтеріп алды. Сол сәтте әлсіз мұз аяқ астында шатыр еткелі сықыр-сықыр майысып бара жатты. Жәдігер жалт беріп, кейін қарай ытқып түсті де, басынан асыра, жоғары көтеріп алған әйелді әлі де болса қолынан түсірмей екі аттап, үшіншіде төмен түсіре бере мұзға тастай салды. Бәкизат мұзға бүйірімен соғылды. Ет қызумен қай жері ауырғанын байқаған жоқ. Бораған қар астында бүк түсіп, бетін мұзға басты да, зәбір көрген жас балаша өкіріп жылады. Ара-арасында өксіп солқылдап кетеді. Жуық арада тоқтайтын сыңай жоқ сияқты еді; күтпеген жерден жасын кілт тиды. Тыныс-демін де ішіне жұтып тым-тырыс бола қалды да, теңіз үстінің толассыз әупіріп ұрып тұрған шуыл, сарыл, гүрілінің арасынан әлгінде өзінің құлағын тырнаған дыбыс қайта тірілді: пышыр-пышыр, шытыр-шытыр. Бір алыстап, бір жақындап, әсіресе, жақындағанда қастан шықпағыр біреу бұның құлағының ішінде пышырлатып шыны сындырып жатқандай шекесінен шығады. Бәкизат құлағын қайта тігіп еді; бұл жолы жаңағы дыбыс бұның құлағына біржола көшіп алды. Миын шаға бастаған пышыр-пышыр, шытыр-шытыр желтоқсанның қарлы қара дауылы мен қараңғы түнін басынан өткізген пақыр әйелдің онсыз да ширыққан жүйкесін енді инемен шабақтай бастады. Мынау бұл білетін, бұған

таныс дыбыс. Бірақ есіне түсіре алмай, сәптіреген сана бірді-бірге шатыстырып, басы қатып жатқан-ды. Қашанғыдан бұрын жүйкесін құртып болған мына бір шытыр-шытыр күтпеген жерден кілт тиыла қалды да, іле-шала қайта тірілді; және бұл жолы жақыннан шықты: шытыр-шытыр, пышыр-пышыр... Мынау бұл білетін, бұған таныс дыбыс. Иә, біледі. Е, есіне түсті...

Бәкизат атып тұрды. Жанарын жапқан аппақ ақ қырау кірпігін алақанымен бір сипап жіберіп, жалма-жан дыбыс шыққан жаққа қарап еді; сүйтсе... мынау шынында да бұның өзі ойлағандай Жәдігер екен. Бораған қар астында бар дүниеден баз кешіп, өлімге басын байлап жатқан дозақы қатынды жалғыз тастап кете алмай, қасында айналсоқтап аяғын сылтып басып жүр екен: шытыр-шытыр, пышыр-пышыр...

Бәкизат ләм деп тіл қатпай, үн-түнсіз келді де қолтығынан алды. Екеуі де ләм демей, әлгінде қасқыр ішікті қалдырып кеткен күресін мұзға бет алып желге қарсы жүріп кетті.

* * *

Бұлар күресін мұздың ық жағын ала тоқтады; Бәкизат бағана осы маңда қалған қасқыр ішікті тауып әкеліп, ыққа қарап қарын қақты-қақты да, Жәдігердің иығына жапты; сонан кейін де Жәдігерді балаша өбектеп біресе ішіктің өңірін қаусырды; біресе ішіктің жел жұлқылап жатқан қос шалғайын қайырып әкеп тізесін қымтады; сосын өзінің мойнынан түбіт шарқатты шешіп алып Жәдігердің мойнына орады; ашық теңіз үстінің қара дауылын басынан өткізген әйел өзінің де қалшылдап ұшып бара жатқанына қарамай, әлі де болса Жәдігердің асты-үстіне түсіп жаны қалмай бәйек боп жатыр.

Жәдігер аң-таң; мынау анасы болмаса, бұның өз басы өмір бақи әйел нәсілінен көрмеген ықылас, пейіл. Бұл және дәл осындай ықылас, пейілді Бәкизаттан күтіп пе еді?! Жәдігер соның сырына ақылы жетпей, таңданып тұрғанда, Бәкизат қолынан ұстады; бұның құдды сексеуілдің шырпысындай секиген саусақтарын уысына алып тас қып қысып тұрды да, сосын бір-бірлеп бас-басына уқалай бастап еді; Жәдігер әлденеге мырс етті; бетіне дереу мысқыл шауып, әйелдің уысындағы қолын тартып алды; қайта ұмтылған әйелді жолатпай, кеудесінен тіреп тұра қалды:

– Құаайтесің...

Әйелден бетін бұрып сырт айналып тұр; әлгі ызалы мысқыл бетінен айықпады; ғұмыр бойы аңсаса да, әйел нәсілінен көре алмаған осынша ағыл-тегіл ықыластың бұл сорлыға қара жерде емес, қара дауыл қуған алақандай сеңде бұйырғанын көрмейсің бе? Бұл не, тағдыр ма? Әлде, Тәңірінің тәлкегі ме? Адамның да, Құдайдың да тәлкегін бұл бір басына

жеткендей көріп еді ғой. Төзіп те еді ғой. Енді бұнысы не? Жөніне тыныш өлтірмей, азабы мен мазағына тепкілетіп өлтірмек болғаны ма? Жо-қ, енді мен де төзбеймін! Есітемісің, Тәңірі?.. Төзім таусылды, төзбеймін, төзбеймін! Ал, кәні... менен аяп қалған, маған сақтаған тағы қандай азабың... мазағың бар? Бар болса, аяма... Жібер! Кәне, жібер!.. Қазір! Қазір жібер!..

Жәдігер иығындағы ішікті бір сілкіп лақтырып тастады да, күресін мұздың ығынан атып шықты. Үсіген аяғы бұл кезде сонау қара башайдан бастап, балтырын, санын әлдебір темір құрсаумен жанын шығара сығып бұрап жатқандай, қан-қақсап бара жатқанына қарағаны жоқ; бұл бірақ теңіз үстінің азынап соғып тұрған қара дауылына қарсы қарап тұра қалды да, дәл бір жын ұрған нақұрыс адамша қатты күлді: ха-ха-ха-а!.. Мынау ойда-жоқта болған оқыс қылық еді; Бәкизат шошып кетті: "Ойпырмай... Ойпырмай",– деді сасқалақтап, "Жынданғаннан сау ма?" Кәпелімде не істерін білмей қалған әйел есін жияр дегенше болмай, жаңа ғана қайдағы бір қияңқылық ұстап, тағдырына, әрілесе, тіпті, Тәңірінің өзіне мойын ұсынбай, көк бет өжеттікке басып қарқылдап тұрған еңгезердей ірі еркек, кенет тағы да көре көзге кілт өзгеріп, белі бүгіліп, шоқ етіп отыра қап өкіріп жылап жіберді.

Бәкизат енді бәрін ұқты. Бәріне түсінді "Кешір!.. Кешір",– деп аяғына жығылғалы қасына жетіп барса да, бірақ жеме-жемге келгенде дәті жетпей, ілгері созған қолын жия алмай тұрып қалды.

Ай сәулесі астында шөкелеп отырып қалған еңгезердей ірі еркек әлі қыбырсыз. Тек ауық-ауық иығының басы селк етеді. Бәкизат тілінің ұшында тіленіп тұрған сөзді де айта алмай, үні өшіп тұрды-тұрды да, иығының басы селкілдеп отырған Жәдігерді қолтығынан демеп тұрғызып еді; ішін өртеген күйік сыртқа шығып жеңілдеп алғасын ба, әлгідей емес, Жәдігер бір түрлі иі жығылып, жуасып қапты; иығына жапқан ішікке оранды да, күресін мұзға арқасын сүйеп шалқалап жата кетті. Өзін ажалдан құтқаратын бұл дүниеде дәл қазір ешқандай құдірет күш жоқ еді; оны өзі білді; таң атқанша бір жағына шығарын да білді; ендігі қалған бір тұтам тіріліктің азаппен өтетініне де көңілі кәміл сеніп жатыр. "Тағдырдың салғаны сол болса, амал қанша, бұған да көнеді. Бәріне көніп те, төзіп те келе жатқан жоқпыз ба",– деді ішінен.

Анада бұлар күзгі қара суықта күні ұзын теңізде болып, сонан қас қарая бергенде сілесі құрып келсе, қамыс қос ызғып тұр екен. Біреу от жақты. Жаурап өліп бара жатқан кісілер отқа жақындады. Қаудырлақ қара тонды арқасына жамылған қара шал қалш-қалш етеді. Көп ұзамай қызыл ұшқын сіркіреп лаулап жанып кеткен отқа қара шал ентелеп жақындай түскен-ді. Сары Иван: "мына сорлы қайтеді, әй? Отқа түсесің ғой",– деп еді; қыршаңқы шал: "ал түсем, сонда қайтесің",– деп шыныменен отқа түскісі келгендей ілгері итіне түсті; Сары Иван:

"қайтейін, күйіп өлесің ғой",– деп еді; Көткеншек Көшен енді ежірейіп; "ал... ал күйіп өлем",– деді; Сары Иван: "саған дауа жоқ екен",– деп қолын сілтеп, тұрып кетті. "Үсіп өлгенше, қайта күйіп өлгенім артық",– деді қара шал шаңқылдап. Отқа қанша шабынса да сүйек-сүйегіне суық өткен, бір шайнам ет жоқ тарамыс арық денесі қалшылдап ұшып барады. "Адамнан асқан итжанды кім бар. Сүрікті күн жеткенде бәріміз де өлерміз ғой. Сонда көрерсіңдер, қара жердің астына түскен адам үш күннен кейін тозаққа да үйренетін шығар",– деді қара шал. Сазарған жұрт үндемеді. "Ішіңді с... мына ит өмірдің тозақтан несі кем. Нағыз тозақ осы емес пе?"– деді де, қара шал отқа кептіріп отырған қолындағы су киімді лақтырып жіберіп тұрып кеткен-ді.

Қыршаңқы шал күйінгенде айтты демесе, бұл Жәдігердің өзінің де көкейінде жүрген ой еді; ана дүниенің тозағы қандай болатынын кім білсін; ал мына дүниенің азабы мен тозағын бұл жалғанда Арал өңірінің халқынан артық кім көрген; егер күндердің күнінде халық шеккен қасіретке ескерткіш қойылар болса, келешек ұрпақ тек аралдықтарға ғана қояр-ау!

Жәдігер жылағысы кеп еді; бірақ көзінен жас шықпады; шыбын жан үшін арпалысқанмен ештеңе шықпасын біліп жатыр; оған өзінде қауқар да қалған жоқ; ендігі қалған тірлікке бола басын ауыртқысы келмей, сең соққан балықтай сүлесоқ жатқан; кенет аппақ ақ қырау кірпік асты-үстіне айқасып көзі жұмылып бара жатқанын сезбей қалды; соның аржағында титығы құрып қалжыраған дене түк сезбей, жан мен тән тыным алып қалғып кеткені, әлде шыныменен талықсып кеткені белгісіз; түс пе, әлде әне бір кісі титығы құрып талықсып жатқанда бастан кешетін сандырақ па... Иә, сандырақ болса сандырақ шығар, бұл әйтеуір әлдебір түсі суық дүниеге атын ақырын бастырып кіре бергені сол екен, анадай жерде бұның дәл өзіндей ат үстінде басы былғақтап келе жатқан тағы біреуді көзі шалды; Жәдігер кірпігін қағып қап, назарын тіктеп қайта қарап еді; бұның өзі сияқты түсі суық дүниеге кіріп келе жатқан әлгі жолаушы жалғыз емес, екеу боп шықты; олар бұны көрді ме, жоқ па, белгісіз; бұл оларды көрді; және құр көріп қойған жоқ... кім де болса, мыналар да бұның өзі сияқты аяқ жолынан адасқан жолаушы екенін біліп жөн сілтеп жібергелі атын жеделдете бастырып қасына қатарласа бере назарын тіктеп қараса... Әй, мынау... Мынау басқа емес, бұның өзі ғой. Ана Жәдігер де, мына Жәдігер де бұның өзі. Бұл дүниеде екі Жәдігер болғанына таңданған жоқ; қайта, ана Жәдігердің басқа біреу болмай, бұның өзі болғанына көңілденіп, атын қатар бастырып келе жатып, ана Жәдігердің аржағында бұнан әлденеге сырт айналып, бетін алып қаша берген әйелге назар аударды.

– Бұл кім?– деді мына Жәдігер.

– Танымадың ба?– деді ана Жәдігер.

– Жоқ,– деді мына Жәдігер.

– Бәкизат қой,– деді ана Жәдігер.

Мына Жәдігер "аа",– деп ауыз ашқанша болмай, Бәкизат бұнан бетін жасырған күйі жалма-жан атына қамшы басты.

– Әй!.. Әй, тоқта!– деді мына Жәдігер.

Бәкизат қайырылмады; ана Жәдігер де мына Жәдігерге жөнін айтпастан атын борбайлап, кәпелімде қарасы көзден үзіліп ғайып болған әйелдің соңынан шаба жөнелді. Аналардың қайда асыққанын, неге асыққанын мына Жәдігер білген де, түсінген де жоқ; тек ана Жәдігерден жөн сұрай алмай қалғанына қынжылып тұрды да, кәпелімде көзден қарасы үзіліп кеткен әлгі екеудің әлі де болса ілгергі жақтан ат тұяғының дүбірі естіліп тұрған бағытты бетке ұстап, аяңға көшкен ат үстінде тізгіні қолынан түсіп келе жатқан-ды; кенет астындағы ат аяғын баспай осқырып тұра қалды; бұл бойын дереу жиып ала сала ұмтылып ат үріккен жаққа қарап еді; тізгін ұстаған қолы қалтырап кетті. Төбесі опырылып ортасына түскен қираған үйлердің есіктері мен терезелері құдды көзін ойып әкеткендей бұған қарап үңірейе-үңірейе қапты. Сол қап-қара боп үңірейген есіктер мен терезелердің бәрінен ондаған, жүздеген мысық қаптап шығыпты. Енді кідірсе үстіне келген аттылыға атылатындай бәрі бірдей желке жүні үрпиіп, жанары жалындаған сап-сары көздер кірпік қақпай бажбия-бажбия қалған екен. Жәдігер тілін кәлимаға келтіруге шамасы келмеді. Осқырынып үріккен атты бұл бұрды ма, әлде аттың өзі бұрылды ма, оны да білген жоқ. Ат жалт беріп, келген ізімен ағыза жөнелді. Соңынан қалмай ізін өкшелеп қуып келе жатқан мың-сан мысыққа бұрылып қарауға да шамасы келмей, құстай ұшқан аттың жалына жабысып алды. Ізін өкшелеп келіп қалған мына мың-сан мысықтардың кісі жаны түршіккендей бажылынан есі шығып, қол-аяғы қалшылдап, тақымы ерден босап бара жатыр еді; соның аржағы... аржағында бұл жабайы мысықтардың бажылынан шошып оянды ма, әлде санасы оралып есін жиды ма, ол арасын білген жоқ; көзін апалақтап ашып алғанда байқағаны қатты соққан жүрек дүрсілдеп алқымына тығылып, қол-аяғы, бүкіл бар денесі қалшылдап әкетіп барады екен. Жаңағы жабайы мысықтардың жан түршіккендей жаман дауысы әлі де құлағында тұрды.

Жәдігер көпке дейін өзіне келе алмады. Бұл не, түс пе? Сандырақ па? Енді, сірә, осыдан былай қарай сана шатасып, сандырақтай бастайтын шығар; Жәдігер көзін сәл жұмса да төбесі ортасына опырылып құлаған жаңағы үйлер мен жабайы мысықтар елестеп шошып ояна берді. Бұл осындай бірдеңені білетін. Иә, баяғыда бұлардың ауылынан жетпіс шақырымдай жерде Ленин атында үлкен балық колхозы болған. Теңіз тартылғанға дейін ол өзі балық жайылымына қолайлы көп-көп қоғалы

көлі, қолтығы, басаты бар тірлікке таптырмайтын жер еді; халқы да талапкер еді; суы тайыз болғандықтан ала-бөле Аралдың сол тұсы қатты тартылып, бір кезде үй іргесіне толқын ұрып жатқан теңіз тез арада жүз шақырымнан астам қашыққа көз асып кеткен-ді. Сонан бастап суы қашып қу тақырға айналған жерден ұшқан аппақ тұз тұрғын халықты тұншықтырып, тірлік тығырыққа айналған халық бұнан он бес жыл бұрын бір мезгілде көтеріле кошіп, басқа жаққа қоныс аударған болатын. Жан-жаққа тарыдай шашырап кеткен елдің жұртында қалған мысықтар сонан бері жылдан-жылға күшіктеп, өсіп-өніп көбейгені сонша, қазір ол жаққа жалғыз-жарым адам аяқ баспайтын.

Сары Иван әне бір кезде бошалап жоғалып кеткен түйесін іздеп жүріп, баяғыда ел көшіп кеткен сол әлгі Ленин колхозының ескі жұртына бара қалған екен. Жабайы мысықтар қуып иманы ұшқан Сары Иван сол жолы ауылға ес-түсі қалмай оралған-ды. Онда да астындағы ат жарамды, жүйрік болғасын соңына түсіп қуған жабайы мысықтардан әзер-әзер жанын алып қашыпты...

* * *

"Апырай, адам жаны кеудеден шығып болмайтын не деген сірідей берік. Қашанғыдан бұрын жаны құрғыр осынша азап шегіп қиналып жатқанда қайдағы-жайдағы есіне түсіп, бірінен-бірі өткен ашқарақ ойлар иттей талауын қараш. Әлде бұ да дүниеден түк бітірмей, бармағын шайнап өткен бар-бар дәрменсіз шерменделердің бәріне ортақ па?"

Жәдігер иегі дірілдеп, кемсең-кемсең етті; бір түйір жас жанарынан ыршып, аппақ ақ қырау кірпікке ілінді; бұрын бір басына жеткендей қара күш те, қайрат та бар еді; әлгінде жарыққа тығып алған аяғы үси бастағалы әлсіреді; ықсыз, панасыз ашық теңізде өткізген бір күн... және мына бір түн қажытты; тәні де, жаны да қажып, титығы құрып әлсіреп жатып адам өмірінің түкке тұрмайтынын ойлады; шыбыш ешкі құйрығындай басы-аяғы бір тұтам шолтаңдаған сол неме ақтық деммен алқымға таялып, дөңгеленіп келіп қалды; бұл оған қиналған жоқ; жә, несіне қиналады; қашаннан көті белгілі дүние емес пе? Кісіні жарылқадым дегені де белгілі еді ғой; ол әуселесін де көрген; мықтағанда қойнына бір түнеп шығып, нәпсісін басқасын, ертеңіне төсектен тұра сала салтақ борбайын шайса шайып, шаймаса түк көрмегендей құйрығы бұлтылдап жөніне тартып кете баратын әлгі бір жезөкшелердің мекерлігінен несі артық? Опасыз дүниеден өзгелер сияқты өзінің де опа таппағанына өкіне ме? Пішту! Бұны қинаған жай басқа: бұл өз ойынан өзі қашып құтыла алмай жатыр. Осы шіркін бұған бұрын да үйір еді; тек бұрын мезі қылмайтын; бұл бұрын теңіздің не арғы, не бергі бетінде сылағы түскен қамыс қоста өткізген талай-талай ұйқысыз түндерде әр ойдың басын бір шалатын; сонда сан қилы ойдың

шиырынан шыға алмай малтықпаушы ма еді? Күні бойы көк теңізде жүріп, қалжырап келген балықшылар кешкі асты қалғып-шұлғып отырып ішетін де, дастарқан жиналар-жиналмаста отырған жеріне қисая-қисая кететін; сыртта жел тұрып, іргеде ұлы теңіз өкіріп жатса құба-құп; ал, егер түн шырадай тымық болса, әдетте салған жерден қатты ұйықтап кететін балықшылардың қорылынан тітіреп тұрған қамыс қоста таң бозарып атқанша кірпік ілмей, көзі бақырайып жатпаушы ма еді?..

Көрмейсің бе, жаны құрғыр кеудеден шығып болмай, ажалмен арпалысып жатқанда, қас қылғандай қайдағы-жайдағылар есіне түсіп, итке талатқандай ашқарақ ойлар жабылып жатыр. Өздері неткен жиіркенішті; ойдың жиіркенішті болатынын бұрын неғып білмеді екен? Өлексеге жиналған құзғындай өріп кеткен не пәле? Әлде... Бұ да құдіреті күшті Құдай бұның жанын жай алмай, әдейі осылай ашқарақ ойға талатып, азапқа салу үшін жіберген зауал ма?

Жәдігер тағы да көңілі толқып бара жатқасын тістеніп алды; ой толқытты ма, әлде шыныменен титықтап қалжырағандікі ме, көңілі құрғыр не болса соған босап, Тәңіріге айтсам деген көкіректе қоралаған ойға да шамасы келмей жатыр; шамасы келгенде Тәңірге "мені қалай жазаласаң да мейлің, сен тек ана бишара әйелге рахымыңды түсір, желеп-жебе,– демекші еді; "бұл да бағы жанбаған байғұс, қаңғалап кеп отқа түсе беретін көбелектей, өз сезіміне өзі өртеніп жүрген сорлы",– демекші еді; не пайда, айта алмады; қара башайдан қара санға дейін мұзға айналған аяғы оған шамасын келтірмей, жанын шығара сырқырап кетті; қанша шыдап бақса да өзін осыдан артық ұстай алмайтындай; енді болмаса, титығы құрыған тән шеккен мына азап ықтияр-еркіне қаратпай жан дауысы ышқынып шығып кететіндей қорықты да, ернін қырқа тістеп дір-дір етіп қатты да қалды; көзі қарауытып кетті; сана сәптіреп, талықсып жатып есін әрең-әрең жиғанда анық сезгені – аштық пен суық екі жақтап титығы құрыған денеде әзір ажалға беріспей, жан таласа қайрат қып лүп-лүп соғып жатқан жалғыз – жүрек екен; "ой, айналайынай",– деді Жәдігер; небәрі жас бала жұдырығындай кіп-кішкентай нәрсенің өмір үшін арпалысқан өлермендігіне ырза боп сүйсініп жатты да, аппақ ақ қырау кірпік астында мүлгіген көзін ашып еді; ай төбеден ауып барады екен; көк мұзда тырп етпей шалқасынан жатқан кісіге сонау биікте суық ауа қоралаған ай құдды қайнаған қазан бетіндей буланып, ту-ту алыста бұлдырады; жаңа бұл көзін ашқанда күміс табақтай айды біреу ылдиға қарай домалатып жібергендей, құлдилап баратты. Жәдігер үсіген аяғының ауырғанын ұмытып, аспан мен айға кезек қарап жатқанда, әлгі ай сол құлдилап аққан беті жолында тұрған қазандай қара бұлтқа кірді де, зым-зия батып кетті.

Жәдігер сығырақ айдан көз жазғасын қасында күйбектеп жүрген әйелді көргісі кеп еді; бірақ дүниені буып тұрған тастай қараңғыға

көзін тігіп қараса да, кірпігінің ұшынан арғы жерге жанары жетпеді; сосын қыбыр етпей жатып, қасында күйбектеп жүрген әйелдің қимылын бақты; әйел, міне, бұның жел жағына шығып жүрелеп отырды; басын сүйеді; басын бауырына тартып құшағына тас қып қысты да, қыбыр етпей отырып қалды; ызғырық суық желдің өтінде өзі де қалшылдап ұшып бара жатқанына қарамастан қолын қайта-қайта ілгері созып ішіктің өңірін қымтады; ебедейсіз саусақтар сонан ары тағы да сипалап, бұның қасы мен кірпігіне тұрып қалған бір қырау, бір мұзды үгіп түсірді; сосын екі алақанын демімен үрлеп алды да, бетін сипап еді; Жәдігер шыңғырып жібере жаздады; тұла бойындағы бар жан әйелдің алақаны тиген беттің ұшында тұрғандай, ақырын сипағанның өзінде күлдіреген тері алақанға жабысып сыдырлап бара жатқандай жанын шығара тызылдап ала жөнелді; тістеніп алған Жәдігер сонда да дыбыс шығармай, дір-дір етеді. Әлгінде күресін мұздың ығына әкеп жатқызғаннан бері тірліктен нышан бермей сессіз сұлық қалған-ды. Сонан қорыққан әйелдің әсіресе қазір күдігі күшейіп, қолын жалма-жан Жәдігердің омырауына сұғып еді; саусағының ұшы баяғыда өздері бір уыс бұзау жүнін түкірікпен дымдап, алақан арасында әрі-бері уқалап, әп-сәтте жұмарлап жасап ала қоятын жүн доптай бірдеңеге тиді де, қолын тартып алды; бұның не екенін білген жоқ еді; ішік арасынан іле-шала әлдебір болымсыз тірілік шықылдағанда, әйел қуанып: "бишара тірі екен ғой",– деді; түнерген түсі суық дүниеде бұның өзі мен Жәдігерден де басқа тәңірінің тағы бір тірі жәндігі барын дәтке қуат қылды; көңілін аққа ұйытқан сайын ол енді Жәдігермен бірге Тәңірінің осы бір кіп-кішкентай болымсыз тірлігінің де амандығын қоса тіледі.

Жәдігер әлі қыбыр еткен жоқ. Бірақ осылай тірлігінен нышан бермей, сұлық жатып та бәрін білді. Әсіресе әйелге айран-асыр. Мынау шынында да Бәкизат па?! Бұл білетін Бәкизат осындай ма еді?! Әсіресе бұның барар жеріне жете алмай, жарты жолда зорығып жығылған кіреші көлігіндей жүрімі таусылып, ит жыртқан қара терідей өмірдің осы бір ақырғы шағында бұған Құдай не ғып рахымын түсірді? Анасы болмаса, бұл басқа әйелден осынша ықылас, пейіл күтіп пе еді? Мына қарашы, құдды бала баққан анадай, шырқырап үстіне түсуін қараш. Қолынан келсе бұған шыбын жанын үзіп беруге пейіл.

Жәдігер көңілі толқып, ырзалығын қалай сездірерін білмей жатқан-ды. Кенет ерлі-зайыпты екеуінің арасындағы итшілікпен өткен берекесіз он үш жыл есіне түсті. Соған кім кінәлі? Бұл ма? Құдай куә, тіріде басқаға жазығы болса болған шығар, ал бұған... Жо-қ, он үш жыл бірге тұрғанда бұның бетіне жел боп тиген жері жоқ еді ғой. Үйдегі барлы-жоқ аз ғана дәулет қолында болды. Өзі де қолына жылтырақ бірдеңе түссе осының үстіне жапсырғанша асықты. Сонда бұл неден жазды? Тоқ-та... Қайда келіспеген бірдеңелерді соғып кеткені несі. Жазған-ау, әйел болған әйел о бастан-ақ, Тәңірі тумысынан ерекше жаратқан жөні бөлек нәсіл емес пе еді? Дені дұрыс еркек қазіргі

ұрғашының қай қылығын кінәлауға дәті жетуші еді? Қазір түгіл, ана заманда да хан құшағында қалтырап жатқаннан гөрі, құл құшағында құтырып шыққанды армандап, есіл-дерті жар төсегін жалынмен өртегісі кеп тұратын сол нәсіл сенің кемді-күнгі тірлікте киген мен ішкеніңе құл боп қайтсін. Бұл ой басыңа қазір келіп отыр, ал бұрын... Бәсе, бұрын көрінген еркектен қызғанғаннан басқа не білді? Жанын ұқты ма? Тәнін жылытты ма? Тым құрыса, қойнында жатқан әйелдің қай қасиетін қадірлеп, қай қылығын... Айтса да "қыз қылығымен" деп бұрынғылар ден қойған, исі ұрғашыларда қытық оятар қылық болатынын сен, сірә, білдің бе? О, жазған! Жазған!..

Жәдігер тапжылмай басын сүйеп отырған әйелге тіл қатқысы келді ме, әлде тіпті маңдайына жазған бір тұтам тірлікте жұртқа ұқсап жар сүйіп те келістіре алмай, дүниеден пұшайман боп өтіп бара жатқан қасіретін айтып шағынғысы келді ме, қайтты, бірақ оған үсіп, жаны кетіп қалған ерін қиыспай, бекерден-бекер қиналып ырсылдай бастады. Басқа елдің еркектері қандай болатынын қайдам, ал қазақ жігіттері өзінікін қызғанып, өзгенікіне қызыққаннан басқа не біліпті. Жазатайым біреудің беті жылтыраған ұрғашысын көрсе, май иісін сезген мысықтай көзі жайнап басына бір қарап, бөксесіне екі қарап емешесі үзіліп шыға келгені болмаса, исі ұрғашыны әсте ұрғашы қылатын әлгі қытық оятар құдіреттің сырын қай еркек біліп еді? Оны білсе, тірлікте өз дегені болмаса, өзгенің ырқына көнбейтін осы бір нәсілі асыл жыныcты о бастан-ақ Тәңірі ерке қып, тек еркелеу үшін жаратқанын ойлар еді ғой. Жер астындағы пәлені білетін қазіргі жетішкі әйелдер түгіл, абыройын алақанымен жапқан сонау Хау Ана заманында да осы нәсіл Құдайдың құдіретімен көкірегінде қазір ұшатын құстай бұлқынтып қойған жұдырықтай жүрек жатқызып-тұрғызғанда болмаса, қалған уақытта кімнің жетегіне еріп еді? Кімнің әміріне көніп еді? Жазған басы, соны да білмеді. Бұл заман түгіл бағзы заманда да Хау Ана анамыз көкірегін ешкімге бермей, өзін жер тәңірісіндей көріп жүріп те, жарықтық зәті әйел емес пе, көңілін тапса, Адам Атаның құшағына құлап түспеді дейсің бе? Адам Атаның орашолақ тілмен лаждап жеткізген ілтифатына ырза боп кеткенде, тым құрыса, қазіргідей бомба жарып, темір тұяқ танкілер тапап жатса да мыңқ етпейтін құдайдың қара жері де емес, көк мұзға шалқалап жата кеткені тегін бе еді? Кім біледі, ол Анамыз да сезімге толқығанда әлдебір жеміс ағаштың саясында тыныстап жатқан Адам Атаның кеудесіне құс боп қонып, бұлбұл боп сайрап, еркелетсе еркелеп, ал, егер, әлдеқалай ренжісе, ол жарықтық та болмашыға қылтия қалатын осы күнгі кінәмшіл қала бикештеріндей ауызы-басы томпайып наздана қалған шығар-ау?

Сорлатқанда, бұл да сенің санаңа кеш жетті. Бас-аяғы бір тұтам тірліктің ақыры, міне, ит жыртқан қара терідей ырым-жырым. Соған кім кінәлі? Кі-м? Өзегін өртеп бара жатқан сауалды Жәдігер өзінен де гөрі осынау рахымнан нышан сезілмей, түнеріп тұрған түсі суық

дүниенің дәл өзінен сұрағысы кеп кетті. Кім кінәлі? Бәкизат па? Жоқ, ол әйел еді; әсіресе, бірінші баладан кейін бұрын істемегенін істеп, түнде өз төсегін тастап бұның қасына кеп жататынды шығарды; бірақ сен суы ашыған теңіздің қашаған балығын қуып аулап, үй көрмей тентіреп жүрдің; көбіне дарияның сағасына құйған лай судан балық ауласа, кейде теңіздің арғы бетіндегі балықшы қоста айлап жатып алатын; сонан апта өткесін, ай өткесін, бір заманда үсті-басы кірлеп, сақал-мұрт өсіп, азып-тозып келетін; алдына қойған асты да қалғып-шұлғып отырып бір-екі асаса асап, асамаса төсекке бара сала жығылар еді; жастыққа басы қалай тиді, солай қор ете қалар еді; қасына кеп құшағына кірген әйелді де сезбес еді; қалжырап келіп қатты ұйқытайтыны сонша, жас әйелдің жалындаған өрттей ыстық денесі мен дір-дір еткен демі де қаперіне кіріп шықпайтын; сонан сен тек өзіңнің баяғы бала жастан қалыптасқан дағдың бойынша таң сыз бере оянар едің; оянғасын да төсектен тұрғың келмей, қатты ұйқыдан басың ауырып, денең сынып, іштегі-тыстағы дыбысқа құлақ түріп жатар едің; бірақ қанша құлақ түрсе де күнде-күнде іргеде өкіріп жататын ұлы теңіздің әдеттегі гүріл-сарылы естіле қоймағасын елеңдеп, ұйқылы көзін ашып алса... Йә, өзі күнде оянатын – таң алдындағы елең-алаң; төбеден ауып бара жатқан толық айдың сәулесі терезеден түсіп тұр; тек күнде-күнде осы кезде өзімен бірге ояна сала жағы жыртылғанша есінеп, басы былғақтап тұрып жататын балықшылар көзіне түспес еді; қамыс қостың балық сасып тұратын үйреншікті иісі де мұрнына келмегенге таңданар еді де, жастықтан басын көтеріп алып түнеп шыққан жеріне қараса... Мәсссаған! Асты да аппақ! Үсті де аппақ. Сол аппақ мамық төсекте, ел тұра қоймаған елең-алаңда өзімен бірге атылас көрпе астында аппақ денесі алаулап уыздай жас келіншек жатыр. Денесін денесімен өртеп жібергісі келгендей бауырына бетін басып, жабысып алған мына әйел өзге емес, өзінің әйелі екенін білгенде, ой-хой, дүние-ай, қабағында қорғасындай ұйып тұрған әлгі ұйқы сәтте шайдай ашылып кетуші еді-ау! Ыстық қан бірден басқа шауып, қос шекедегі көк тамырлар кенет қанға толып лүп-лүп соғып кететін; құлақ шуылдап, дүрс-дүрс соққан жүрек бүтіл денені құйындай үйіріп бара жатқанда, бұл жастықтан басын жұлып көтеріп алатын; қатты соққан жүрек дүрсілі енді бұның өзіне де естілетін; түнімен бауырында тыныстап шыққан әйелдің таң алдындағы тәтті ұйқысын бұзғысы келмесе де, бірақ бір дегеннен ес-түсінен айырып баурап әкетіп бара жатқан ала құйын сезімді, сол арада, тежесе сәл тежеп, аблығын басатын да, ал тежемесе түнде қойнына кіріп көкірегін қыж-қыж қайнатып жатқан өз әйеліне өзі қызығып, қырғи көздене қарайтын!

Тек сол арада Құдайдан Үкімет пен партияның қаулы-қарары мен сьез шешімі есіне түспегей де. Әсіресе балық жоспары бұл бесжылдықта да орындалмай, ана жақта Үлкен Кісі, мына жақта Қозы Қарын қаһар төгіп, өкіл үстіне өкіл шаптырып жатқаны есіне түскенде, жаңа ғана ықтияр еркіне қаратпай, үйіріп әкетіп бара жатқан ала

құйын сезім бір сәтке бәсеңсісе бәсеңсір, бірақ басылмайтын; қайта, ойға алған бір ісі орындалмай, берекеті кеткен осы елге, берекеті кеткен осы елдің берекесіз басшыларына қолын бір сілтер еді де, ұйқысынан ояна сала жұп-жұмыр аппақ білегі шап беріп мойыңа орала кеткен әйелді... өзінің әйелін... Құрысын, айтты не, айтпады не, ол бір тіріде жар төсегінің қызығын көрген бар-бар еркек бастан кешкен белгілі жағдай ғой.

Әне, әп-сәтте опыр-топыры шыққан төсекте аппақ боп талмаусырап әйел жатыр; ала көлеңке үйге енді-енді ене бастаған таң шапағы ала-бөле атластай аппақ санына түсіп, аяғын жия алмай, бұнан да, онан да тер иісі аңқып кеткен қапырық ауаны ауызымен де, мұрнымен де танаулап ентіге дем алады.

Ой-хой, сол арада бұл өзін дәл бір құс ілген қырандай сезіп, көңілін пірлеп, төсектен ышқыр бауын ұстай түрегелер еді ғой. Әлгінде ғана қос шекедегі көк тамырлар лүпілдеп қатты соғып, тура басқа шапқан ыстық қан саябырлап сабаға түскен; дене құп-қунақ; дененің бары-жоғын екі аяқ, сірә, сезіп тұрған жоқ; қызығы қалмаған дүниесі құрғыр да, бұ да болса, бұның анда-санда басынан кешетін бір отты шағы еді-ау?! Бұл сүйтіп көңілі тасып шаттанып тұрғанда, қас қылғандай, кенет есіне өкіл түсетін де, аяқ астынан әбігерленіп асыға бастаушы еді.

– Кетіп барасың ба?

– Иә...

– Ерте ғой.

– Амал жоқ... Әне бір қызыл көз пәле...

– Қызыл көз? Ол кім?

– Өкіл. Жан алатын әзірейілдей қырып барады.

– Ой, Құдай, соны да адам деп...

– Құрысын, пәле. Басың бәлеге қалады. Қозы Қарын бізге кіл осындайларды жібереді.

Сол жылы теңіз өңірі қатты қуаңшылыққа ұшыраған-ды. Әсіресе, шілде айларында Сырдарияның ит кешіп өтіп жатқан лай, сасық суын ішкен балықшылар жаппай сары ауруға шалдығып ауруханаға түскен-ді. Жоспар орындалмай жаны қысылған басқарма ауылдағы ескек, таяу ұстауға жарайтын шал-шауқандарды жинап балыққа салған-ды. Күні бойы көк теңізде ассыз, сусыз ау қарап, сілесі құрып қайтқан кісілерді өкіл жиекке шыға бергенде алдынан күтіп алып, үйлеріне жібермей, жағаға иіріп отырғызып қойып жиналыс ашты. Қара костюмның өңір

түймесін тыңқитып салып алған өкілдің түсі суық. Үні қатқыл. Салған жерден басқармаға шүйлікті. Балықшыларың ауруханада жатып алды деді; мына түрлеріңмен үшінші бес жылдықта да жоспарды орындайтын сыңайларың жоқ деді. Үкімет пен партия алдында Үлкен Кісіні тағы да ұятқа қалдырғалы отырсыңдар деп зіркілдеді де, сөзінің соңында басқармаға қатты шүйлікті. Осыдан жоспар орындалмаса, ісіңді бюрода қаратам деп бір пәленің шетін шығарып қойды. Басқарма үндемеді. Үйлеріне тезірек қайтқысы кеп әзер отырған кісілердің ешқайсысы да жарыссөзге зауқы болмай, басы бауырына түсіп, қайсы біреулер қалғып кеткен-ді.

– Кәне, кім сөйлейді?– деді өкіл.

Ешкім селт етпеді. Үнсіздік ұзаққа созылып, өкіл шыдамын тауысып ширыға бастаған-ды. Ертеден бері өкіл сөзін бір жамбасына қисайып жатып тыңдаған Көткеншек Көшен кенет қозғалып, қолын бұтындағы су-су дамбалдың ауына апара бере, екінші жамбасына қарай аударылып түскен-ді. Қара шалдың қозғалғанын байқап қалған өкіл:

– Ақсақал, сөйлейсіз бе?– деп еді.

Қырсық шал жөніне қарап тыныш жатпай:

– Жоқ, сөйлемеймін. Тек, былай тасымды алмастырып қойып жатырмын,– деді.

Қатындар теріс қарап бетін шымшып, қалған жұрт қыран-топан күліп, өкіл бұлан-талан ашуланып жиналыстың аяғы іри-тіри болды да кетті. Өкілдің құсы Жәдігерге түсті: "Адамдарың тәртіпсіз",– деді. "Сьез қарары, пленум шешімдері бұлардың миына кіріп шықпайды. Балық жоспары, әне орындалмай жатыр",– деді.

– Жоспарға қысылмаңыз. Оны үйтіп-бүйтіп бірдеңе қылармыз.

– Ка-к? Үйтіп-бүйткені қалай?

– Айттым ғой, оның бір сыласы болады.

Өкіл енді бұған теке көзденіп ежірейе қарады:

– Сен осы жау емессің бе?

"Ой, бишара",– деді бұл ішінен. Үкіметтің жалғыз жанашыры өзі де, ал қалған жұрттың бәрі совет үкіметін қалай құлатудың есебін таппай жүрген дәл бір тап жауындай көріп, кісі болған кісіге күдікпен сенімсіздене қарайды. Әсіресе бұған сенбеді. Жер-жебіріне жетіп ұрысып жатқан өкілге бір ауыз қарсы сөз айтпай, темен қарап ыржалақтап күле беретіні көбірек күдік туғызып, жау болмаса болмас, бірақ өздерінің арасында тонын теріс айналдырып киіп алып жүрген

жаудың құйыршығы сияқтанатын. Әне, көрмейсің бе, балық жоспары орындалмай, ана жақта Үлкен Кісі, бұл жақта Қозы Қарын ұйқы, күлкі көрмей өкіл үстіне өкіл шаптырып жатса, ал бұл социалды жарысқа ұйытқы боп жұртты қызу еңбекке құлшындырып жіберудің орнына "үйтіп-бүйтіп" деп жайбарақатқа салады.

– Бала, абайла!

Сол жиналыстан кейін Көткеншек Көшен қырсығы ұстады да, келесі күні теңізге шықпай шіреніп жатып алды: "Балығыңның басын ұрайын, қара қайығың мен қара торың әне, қайтып ал!". Оны көрген қалған шалдар да теңізге шықпаймыз деп тулап, сөйлесуге барған өкілмен тілдеспей қойыпты. Не істерін білмей сасқан өкіл басқарманы шақырып алып "маған осы ауылдың қыз-келіншектерін жиып бер!"– деп әлек шығарды.

– Жарайды... Ол қиын емес. Ал сосын... оларды жиып алғанда не істемексіз?

– Білгің келеді, ә?

– Әрине. Білуге тиіспін ғой.

– Оларды жиып алғанда, мені, немене, арландық қылады деп ойлайсың ба? Жоқ, айналайын, жиналыс ашам.

– Жиналыс?..

– Иә, оларға балық жоспарына қатер төніп тұрғанын айтам. Биыл тағы да жоспар орындалмаса, басы басқарма болып, бәрің жауап бересіңдер деймін. Бұным, қалай, дұрыс па?

– Қайдам...

– Қайдам-сайдамды қой...

– Жарайды, дұрыс делік... Бірақ, сонда осы ауылдың қылқандай қыз-келіншектерін жиып алып жиналыс ашқанда...

– Айтатын сөз көп.

– Мәселен?..

– Әй, сен немене... мені тергемексің бе?

– Құдай сақтасын... Тек, былай...

– Былай дейсің, ә? Сонда ол қалай? Қалай деп тұрмын ғой саған?

– Білгім келгені ғой...

– Білгің келеді, ә? Жарайды, біл! Біліп ал! Қыз-келіншектерге совет үкіметі сендерге теңдік әперді ме? Әперді деймін. Бүкіл әлемде, тек біздің елде ғана әйелдер теңдік алды. Еркекпен бірдей тең праволы болдыңдар. Сол рас па деймін. Рас болса, әйел жолдастар, давай, іс жүзінде дәлелдеңдер! Ауруханада жатқан еркектер аяғына мініп кеткенше теңізге шығасыңдар! Балық аулайсыңдар! Бұл партия, Отан алдындағы парыздарың...

Не шайтан түрткенін, сол арада мырс етіп күліп жібергені. Онсыз да бұған күдікпен қарап, басқан ізінен пәле іздеп жүрген өкіл дір етіп, оқты көзін өңменіне қадап:

– Неге күлесің?– деді. Түрінен адам шошығандай. Осынау шыжғырған ыстықта қара костюмның өңіріндегі бар түймесін тыңқитып салып апты. Сыртына сірә да қан теппейтін қара сұр қалақ бет, әсіресе қазір сыздап ала қойған. Қозы Қарынның қарауында осындайлар көбейіп кетті. Тағдыр бұның таланына осындайларды бұйыртты. Бұлардың алдында өмір сүрген, әне бір үсті-басын былғарылап, беліне қара құмандай наган байлап алған әкесімен тұстас ұрда-жық ұрпақтың да қандай болғаны белгілі. Әу баста әйел теңдігін шығарған солар. Өзге әйел түгіл, өз әйелінің қойнына ұрланып барып, сонан бір кезде бір қолымен ышқыр бауын ұстап, ал, ана екінші қолыңдағы темекі тұқылын қақала-шашала соратын-соратын да, аяғын ұрлана басып үн-түнсіз төсегіне барып жатып, жұрт көзінше тақуа бола қалатын сол немелер әйел теңдігі қандай болатынын, сірә білді ме екен? Қос уыс жиналыс болса, қызыл өңеш боп қиқулап шыға келетін сол қызыл көздер исі ұрғашының құлқын қаулы шығарып өзгертуге болмасын қайдан білсін...

– Тағы күлдің ғой?

– Жылайын ба?

– Жоқ, аржағында бір пәле бар. Давай, айт!

– Айтсам, несі бар, айтам... Балалар теңізге шықпайды.

– Ка-к? Тоқта! Әй!.. Әй!..

Сен қайрылған жоқсың. Соңыннан сыртқа жүгіре шыққан өкілдің жұдырығын түйіп, аспан астын көшіре шаң-шұңдап жатқан айқайынан ұққаның – мәселеңді бюрода каратам. Ит жеккенге айдатам. Жер басып жүргізбеймін. Құртам-жоям...

Дала алай-түлей екен. Он күннен бері күндіз-түні топырақ борап тұрған-ды. Тартылған теңіздің түбінен ұшқан аппақ ақ сор алды-

артынан ұйытқып соққанда, әдетте сыртқа шыққан кісі жалт беріп қайтадан ішке тығылатын. Бұндайда қырда жүрген аң да, мал да отын ала алмай, беті ауған жаққа ығып кететін. Дауыл арты жауынға ұласа қалса тіпті жаман. Көктен тұз жаңбыр жауып, жер бетіне қылтиып көрініп келе жатқан шөп өрт шалғандай қап-қара боп күйіп, аяқ жетер жерде жайылым қалмай бара жатқан-ды. Алды-артынан ұйытқыған аппақ ақ сор бұның көзін ашқызбай, дем алғызбай, аузы-мұрнына тыққылап жатыр. Бетіндегі бар түктің бәрі – кірпік, қас, шашқа дейін кәпелімде аппақ ақ сор болды да шықты. Бұл бұрын бұндайда Аралды апатқа ұшыратқан ана жақтағылардың жер астында жатқанын да, әзір жер басып жүргендерін де боқтар еді; бұл жолы жаңағы өкілге қаны қайнап, қара тырнағына дейін күйгені сонша, аспан мен жер арасын ұйқы-тұйқы қып борап жатқан ақ түтек арасында желге қарсы омыраулап басып, жынды адамша өз-өзінен сөйлеп келе жатты. Егер сол арада көлденеңде біреу тұрса, бұның жүрегін өртеген талай у мен зәрді есітер еді: "жерді, елді аздырып-тоздырғандарың аз боп па еді",– дер еді бұл; "енді сендер ана сүті ауызынан кеппеген қылқандай қыздар мен көп балалы, ауру-сырқау қатындарды балыққа салмақсыңдар ғой",– дер еді; "көз ашқалы қызыл тобық боп су кешкен балықшылардай, сендер енді осы елдің әлгі қылқандай қыздарын кеудесін қара қайықтың қырына қажатып, өкірген теңізде өжектеген толқынмен арпалысып жүріп ау қаратпақсыңдар ғой. Сүйтіп қолы теңдікке жеткен бақытты әйелдер партия съезінің тағы бір тарихи шешіміне орай еркектермен бірге үн қосып, балық жоспарын үш есе асыра орындап, көшпелі Қызыл Туды жеңіп алу керек қой. Қызыл тақтаға суреті ілінуі керек қой. Жоқ, айналайын, сол адыра қалғыр Қызыл Ту да, қызыл тақта да аты-заты болмаған бағызы заманда Адам Атаны көргенде Хау Анамыздың өзі ұрғашылығы есіне түсіп, қырық айлалы түлкіге айналып қылмыңдап, қылығымен арбап баққанда, онан өсіп-өнген бүгінгі заманның қыз-келіншегіне не жорық. Көрмейсің бе, олар абыройын алақанмен жапқан Хау Анамыздың заманына қалай қайтып барудың есебін таппай, үстіндегі тылтиған лыпаның етегін күнде қырқып жүрген жоқ па? Үстінде жағасы, жеңі жоқ тылтиған лыпаның етегіне тыным бермей, қолына қайшы түссе бас салып қырқа бастайтын сол қарақтарым сендердің күнде-күнде қызыл өңеш боп қиқуласқан съезіңді, пленумыңды, құлаш-құлаш қаулы-қарарыңды қайтсін",– дер еді.

Қап, не қыласың, осыларды жаңағы неме айтпады? Болса да, ол залымның сені аямасы белгілі. Шынында да, сол күннің ертеңіне құртам, жоям деп ауданға шапты; бара сала Қозы Қарынға жамандап, айтқанына жетіп ісін бюрода қаратты. Құдай оңдап, халық жауы деп ит жеккенге айдатқан жоқ. Бірақ есесіне онан басқа пәле-жаланың бәрін бұған үйіп-төгіп сол жолы бюродаа... бюрода-а... Жәдігер сонан арғы жағын есіне түсіре алмай, санасы сәптіреп, талықсып кетті.

* * *

Таң таяу еді; дауыл ішін тартса да ашық теңіз үстінің ызғары әлі күшті-тұғын. Бәкизат Жәдігерді ығына алып, желге сыртын беріп тырп етпей отырғалы да біраз болған-ды, кенет Жәдігер қозғалды; тіл қатқысы келген сыңай байқалғасын Бәкизат ұмтылып еңкейе берді де, әлденеге кілт тоқтады; неге бүйткенін білген жоқ; тек әлденеден секем алып, жұлын-жүйкесі сәтте ширыға қалды; сескенген жаққа қарауға жүрегі дауаламай, іші мұздап тұрды да, сәлден соң көз қиығын тастап еді; қарауын қараса да, көзін тартып алды; жүрек шапшып алқымға тығылды; үрейі ұшқаны сонша, дүрс-дүрс соққан жүрек пен жан дауысы қосыла бірге шығып кетті; бірақ шыңғырған дауыс ауыздан шыға бергенде сақырлаған аязға сіңіп кетті ме, әлде шапшып алқымға тығылған жүректің дүрсілі көміп жіберді ме, әйтеуір өз дауысы өзіне есітілмей, ішінде тұншығып қалғандай; бүтіл дене безгек буғандай қалшылдап тұрды да, әлгі жаққа тағы да жасқаншақтап қарап еді; көзге түртсе көрінбейтін тас қараңғы түннен жаңа бұның жүрегін шошытқан екі түйір шоқ сол қалпында қып-қызыл боп маздап тұр екен; бұның назар аударғанын байқады ма, шоқ сәтте зым-қайым жоқ болды.

Бәкизат ытқып Жәдігердің аржағына шықты. Ақ қар, көк мұзда зорығып жығылған нардай боп сұлап жатқан ірі денені тасалап бұға қалды да, қараңғы түннен тінткілеп жаңағы екі түйір шоқты іздеп еді; бірақ сырын бүгіп меңіреуленіп алған түн-түнек міз бақпады.

Бәкизат қозғалуға қорқып тұр. Назары сәл тайса да, тарпа бассалғалы тұрған пәлемен арбасып кірпік қақпай қатты да қалды. Бұның не екенін, неге жорырын білмей ақылы дал боп тұрғанда, екі түйір шоқ тағы да тап жаңағы жерден маздап қоя берді.

– Жә-ді-гер!.. Жәдігер!..– деді Бәкизат; қос шоқ сәтте сөнсе де, іле-шала қайта маздады; сонан кейін қос шоқ бір сөніп, бір маздап, мынау шынында да сиқырымен арбап тұрған жын ба, шайтан ба, сондай бірдеңе сияқтанды.

– Бұл не?– деді Бәкизат.

– Ққоорықпа...

– Білесің бе? Бұл не?

– Ққаасқыр...

Бәкизат тілі байланғандай дыбысы шықпай қалды; тек аттай тулап кеткен жүрек шапшып құлағына дүрс-дүрс соқты.

– Ққаалтамды ққара... ссіріңке...

– Сіріңке?..

– Иәә... бұлар ооттан құоркады.

Жәдігер "қасқыр дегені болмаса, тәйірі зәті ит қой",– деп көңілін аулағысы келіп еді; бірақ оған шамасы келмеді; осы кезде бұлт тасасынан ай шықты; қасқыр жарықтан жасқанып, жер бауырлап жата қалды. Бәкизат әлде де болса қасқырға назарын тіктеп тура қарай алмай, жасқаншақтап көзінің қиығымен бағып тұр. Мұзға басын салып бұғып жатқан қасқыр ұзақ аңдысудан жалықты ма, бір кезде аяғына мініп ақырын түрегелді.

– Жәдігер... Жә-дігер...

– Ссіірріңке...

Көкжал бөрі үй аумағындай мұздың ана басындағы екеуді салбыраған ауыр қабақ астынан бағып тұрды да, кенет басын төмен салып бүлкілдеп жорыта жөнелді; көз қиығын олардан бір сәт айырмай, ит бүлкілмен жортып отырып ық жаққа шықты; қарын үрлеп тастаған тақыр мұзға бауырын төсеп жатты да, қыста да, жазда да ылғалданып тұратын қара тұмсықтың дәл ұшы жыбырлап ауадан иіс іздеп еді; жел беттен теңіз бен адам иісі жарысып қатар жетті; оған місе тұта қоймаған бөрі әлде де болса ақи-тақиына жетіп анықтай түскісі кеп, сүймен тұмсығын ілгері созып бір жоғары, бір төмен қыдыртып иіс тартып еді; бұл жолы таң алдындағы тастай шымыр ауадан ұстара жүзіндей өткір иіс лап бергенде, бөрінің жон арқасы дір етті; өзі де ана жылы төртбақ қойшы атып өлтірген сұр қаншық алдынан шыққандай атып тұра жаздады; арландық құрып жүрген отты шағына қайта қауышқандай, бара сала арсаландап сұр қаншықтың тұла бойын иіскелеп, сосын екеуі асыр сала ойнап кететіндей еді; атып тұратындай жерден бауырын жедел көтере түсті де, әлденеге қыңсылап жата қалды; шәугім басы сылқ түсіп жер бауырлап бұғып жатты да, жүрегін шайлықтырған күдікті анықтағысы кеп ауадан қайта иіс тартты. Иә, қателеспепті. Мынау сұр қаншықтың иісі; бірақ мынау баяғы өзі білетін иістен басқа; баяғыдай ыстық қанға шоқтай тиіп, денені дуылдатып ала жөнелетін әне бір жас тәнге ғана тән құдірет күш баурап тұрған жоқ. Осыдан кейін бері қанша жел тартса да, мұрнына анада сұр қаншықтан сыпырып алған ескі терінің иісі келді де тұрды; жүрегі шайлыққан бері бауырын жерден көтермей, артқа қарай ығысып шегіне бастады. Кейінгі жақта атысқан-шабысқан күресін мұздың тасасына жеткесін тұмсығын жоғары көтеріп ұзақ ұлыды.

Құлағын сыртқа тігіп жатқан Жәдігер мынада қандай да болса, ішін өртеп бара жатқан ауыр қасірет барын білді. Ызалы тағының жан ашуын біреуден алмай тынбасын да білді; ол бірақ мына көкжалдың бірнеше күннен бері нәр татпаған аш екенін білген жоқ; қырда қанша жортса да тіске ілігер нәпақа таппаған соң, кеше дауыл басталардың

дәл алдында қиястап жағаға келген-ді; тірілігі қыр мен теңіз арасында өтіп келе жатқан көкжал жылда-жылда қазіргідей қара суықта қырда отырған қойшылар ойға көшіп, қораға кіріп алғанда қатты қиналатын; бұл кезде сарышұнақ, балпаққа дейін қыс азығын жазда дайындап ініне бекініп алып, қырда үнем созар нәпақа қалмағанда көбіне теңізге құлайтын; толқын ұрып, сең соғып, ағыспен жағаға шығып қалған өлі балық іздейтін; теңіз тартылғалы өлі балық та құрып кетті.

Сұр қаншық оққа ұшатында төртбақ қойшы бұны да атқан еді; қалың сан еттің арасында қалған оқ сонан бері ауа райы сәл бұзылса да сүйектері қан қақсап сырқырап қоя беретін-ді. Осы жолы да ауа райы бұзылатынын алдын ала білді; бірақ бірнеше күн нәр татпаған аш бөрі жаңа-жаңа ұстаса бастаған жас мұзды тіміскілеп жағалаудан кетпей жүріп алып еді. Қырдан соққан қара дауыл қас қаққанша әлсіз мұздың көбесін қақ айырып ашық теңізге қуып ала жөнелгенде, аш бөрі де тоқымдай бір сеңде ығып кете барған-ды...

Қасқыр күресін мұздың тасасынан тұмсығын шығарып ілгері жаққа көз салып еді, әйел әлі де есін жия алмай тұр екен; екі аяқтылардың ұрғашыларының қауқарын білетін қасқыр онан онша айылын жиған жоқ; ол көбіне-көп сұр қаншықтың терісін жамылып, сес шығармай бұғып жатқан залымнан қорықты; және мынау сұр қаншықты соғып алған төртбақ қойшының дәл өзі; сол жолы терісін сыпыртпай құтылып кеткен бөрінің, Құдай айдап, тоқымдай сеңмен өзі ығып келгеніне қуанып, алақанына түкіріп жатқандай.

Көкжал бөрі сояудай найза тістерін алдыңғы жағынан ақситып үнсіз ырылдады. Екі аяқтылар бұнан есесін қайтарып, өшін ала алды ма, жоқ па, оны өздері біледі, ал бұның оларға есесін берген жері жоқ; әсіресе, сұр қаншық барда екеуі жұбын жазбай, үнемі бірге жортып, тапа-тал түсте өріске шабушы еді. Әне, алас-қапаста арқасына тірілей өңгеріп алған тоқтыны Бел-Аранның күнгей бетіндегі апанның алдына топ еткізіп алып ұрды да, сұр қаншық екеуі екі жақтан тиісіп кетті; бұнан бұрынырақ ауыз салған сұр қаншық ыстық қанға тұмсығын тығып жіберіп, құмардан шыға тойып алды; қанша тойса да, бәрібір қарны шықпайды; тек бүйірі бұлтиып, жұп-жұмыр сауыры мен, әсіресе қазіргідей мажыра жаздың шуағында, күн шұғыласы түскен қылшық құндыз түктеніп жылт-жылт етеді; аң да болса, нәсілі ұрғашы емес пе, бұндайда сұр қаншық арланының көзіне түскісі кеп аржағы тілеп тұрады.

Несін айтасың, ол кезде жас бөрі өмірге ырза еді! Дүние осы күйінен құйттай да өзгермейтіндей көруші еді ғой! Өздері де өзгермей, мәңгі-бақи осы күйде тұратындай көруші еді! Бүгін де, ертең де, онан арғы күндер, жылдардың бәр-бәрінде де сонау төбедегі аппақ ақ шарбы бұлт дәл осы қазіргідей жөнін болжатпай, әлдеқайда маңып ығып бара жататындай! Сол аппақ ақ шарбы бұлттың аржағында, алыс-алыста,

құдды жаңа ғана сумен шайғандай көк ніл аспан соңырағы күндерде де көктен жерге мейірлене қарап күлімдеп тұратындай! Ең арысы, балықшылар ауылының сыртында тұла бойын күж-күж қара тас басқан жапырық тау екеш тау да соңырағы күні де, дәл осы қазіргідей бір жағына теңізді, екінші жағына далиған даланы алып, дүниені екіге бөліп, кәрі бураша қара жерге шөгіп жатып алатындай еді-ау? Жас бөрінің өзі де соңыра әлі талай жыл... бәлкім, талай-талай жылдар өмір сүретіндей еді! Сол сан жетпейтін ұзақ... ұзақ жылдардың бәрінде де сұр қаншықпен екеуі жұбын жазбай, қырда, қара жонда бірге жортып, тапа-тал түсте өріске шауып, малшы ауылдың бұйығы өмірін сілкілеп-сілкілеп алатын қызықты күндер бұл жалғанда сірә да таусылмастай көретін!

Сұр қаншық аңнан қайтқан сайын күшіктерін көргенше жаны қалмайтын; келе сала жерден бауырын жаңа көтерген күшіктерді желкесінен тістеп, апаннан бір-бірлеп сыртқа алып шығатын; әдетте жас бөрі бұндайға араласпай, оқшаулау шетте қаннен-қаперсіз жатар еді; ене бауырына жармасқан мына бір жұмаланған сұр күшіктердің ертең, әлі-ақ сирақтары серейіп, сіңірі жуантып шыға келетін алдағы уақытты ойлар еді; сонан бір кезде жон арқасындағы қара қылшықтар қалыңдап, әр талы айғыр жалындай адырайып-адырайып шыға келгенде, бұ да бөлтіріктерін ертіп жортуылға шығар еді; екі аяқтылармен алыс-жұлыста өтетін алдағы әлі талай ұлы жорық-жортуыл да, өздері сияқты мыналар да тапа-тал түсте өріске шауып, қырдың ұйқылы-ояу бұйығы тірлігін дүрліктіріп тастайтын өжеттікке баулып бағар еді.

Сұр қаншық күшіктерімен әлек; желіні жер сызып жүріп те ұрғашы екені есінен бір сәт шықпайды; әне, бауырына жармасқан топ-томпақ күшіктердің ауызы жеткені емшекке жармасып, ауызы жетпегені домалап құлап жатқанымен ісі жоқ; есіл-дерті жас бөрінің назарын аударғысы кеп алдынан ойқастап, олайда-бұлайда өтеді; бұның бәрі әншейін, бер жағындағы қылымсу; сұр қаншық талай қылықты соңыра күйлегенде шығарады; ол кезде... е-е, ол кезде күнде-күнде өріске шауып, ыстық қан шоқтай қайнаған жас дене қандай құп-құнақ? Әсіресе, су жұқпайтын жұп-жұмыр сауыр құлын мүсінденіп, жас бөріге жанынан өтіп бара жатып ретін тауып өзін қалай да сездіріп қылымсып бағады. Ол кезде теңіз әлі қайтпаған. Жел тұрса жыны қозып өре түрегелетін теңіз шілде айының қайсы бір шырадай тымықтарында да шарасына симай, ісініп ыңыранып жатқаны; күндізгі қапырық ыстық теңіз өңірін буып тұрады; сонан қашан кеш түсіп, күндізгі ыстық қайтқанша жас бөрі сыртқа шықпай, апанда көлеңкелеп жатып алады; күн ұясына қалай қонды, солай теңіз беттен баяу леп шығады; күндізгі қапырықта бір бүршігі қыбыр етпей, селтиіп қалған шөп басына дереу жан еніп, сілкініп, тұла бойын шаң-тозаңнан арылтып, судыр-судырлап ала жөнелді. Жас бөрі бұның бәрін білуші еді!

Теңіз өңірінің осы бір кезі қандай тамаша еді? Сонан кішкене сабыр етсе, күнде-күнде Бел-Аранның кезінен аса соғатын қырдың қоңыр желі күллі жан-жануардың көңілін ашып, дене сергіп жан мен тән рахатқа кенелер еді! Қырдан соққан қоңыр желмен әдетте жарысып іле-шала келетін осы өңірдің кәдімгі таспа боз кер жусанының тұла бойында бұрқырап тұнып тұратын қатықтай иіс сәтте тынысқа жетіп, қанға тарағанда, жас бөрі күні бойы қасында бүйіріне бүйірін тақап жатқан сұр қаншыққа жалтақтап шыдамсыздана, қызыға қарар еді де, атып тұрар еді; сонан түнде қанша жортса да төрт аяғы денесін сезбес еді!

Соның бәрі қазір көзден бір-бір ұшқан. Көзден ұшқасын көңілді де суытып, кешегі күннің қызығынан түк қалмаған; ал қызығы қалмағасын көкірегі құрғыр да бір кезде сол ана балықшылар ауылының арқа бетіндегі мыжырық кәрі таудың баурайында қаңырап бос қалған өздерінің апанындай үңірейіп тұрады деп, бұл, сірә, ойлап па еді?

Мүмкін, қасқыр ештеңе ойламаған шығар. Аңның аты аң ғой, жаны тебіреніп ойлауға зердесі жетті дейсің бе. Ал, мынау қашаннан бері өзімнің де жанымды жегідей жеп жүрген көп ойдың бірі еді; қырдан соққан кешегі қара дауылда тоқымдай бір сеңмен ығып келген қасқырды жазарда, қалам ұшына қалай ілінгенін байқамай қалыппын. Алайда, оқушым, қасқыр әлгінде ық жақтан кеп жел тартқанда Жәдігердің үстіне жамылған ішіктен нафталин сіңген ескі терінің иісін сезуін сезді. Және мынау анада төртбақ қойшы соғып алған сұр қаншықтың терісі екеніне де кәміл сенген-ді. Ендеше, бұны да соғып алғысы кеп сұр қаншықтың терісін жамылып жатқан төртбақ қойшының дәл өзі; анада сұр қаншық екеуі күнде-күнде қойға шауып қораны қандап жүргенде, бұ да қарап жатпай, бұлардың ізін аңдып жүріп, бір жолы Бел-Аранның баурайында кісі аяғы баспаған терең шатқалдағы апанның үстінен шығыпты; жарық дүниеге келгелі ата-енесінен басқа ешкімді көрмеген күшіктер ойда жоқта үстінен шығып, апанның алдына талтайып тұра қалған еңгезердей екі аяқтыны көргенде зәрелері ұшып жалт беріпті; төртбақ қойшы асықпай, жайғасып отырып алған да, ін түбінен бір-бірлеп алып шыққан күшіктерді жиде сойылдың жұмыр басымен қақ тұмсықтан бір-бір ұрып өлтіріп кеткен-ді; бұнан кейін де екі жыл қатарынан бұлардың күшіктері баурын көтерер-көтерместе, ұрып өлтіріп, екі жағы да көкірегі қарайып жүрген-ді. Үш жыл қатарынан бауырынан өрген күшіктерінен айрылған ызалы қаншық ажалына көрінді ме, әсіресе сол жолы көзіне қан толып, әдеттегі сақтығын ұмытып, жас бөріні өзі бастап барып тапа-тал түсте өрістегі малға шапты; әп-сәтте бес-алты қойды тамақтап, апай-топайын шығарды; қан көргесін құтырып кеткен еді; қара дөңнің баурайында бытырай қашқан қойларды қуып жетіп, ауызы іліккенін алып ұрып қан-жоса ғып жүргенде, әлдеқайдан атын борбайлап келіп қалған төртбақ қойшыны кеш байқады; қойшы

ат жалына қарай еңкейе бере қолындағы темір таяқты кезеді ме, жоқ па – аспан жарылғандай тарс етті; бөрі не болғанын байқамай қалды; тек тағы бір қойды тамақтан ала берген сұр қаншықтың тісі алқымынан ажырап домалап түскенін көрді; бұл ес жияр дегенше темір таяқ тағы тарс етті; бұл жолы жас бөрінің қалың қара етіне сексеуілдің шоғы кіргендей, күйдіріп ала жөнелді; сонан ары не боп, не қойғанын білген жоқ; жанын ала қашып бара жатып артына қарағанда, төртбақ қойшы қан-қан кеудесін көтеріп түрегеле берген сұр қаншықты аттың омырауына алып жатыр екен; аржағын көре алмады; ізінен сорғалап қан ағып, бір жығылып, бір тұрып, апанға әрең жетті; жамбасын күйдіріп бара жатқан сексеуілдің шоғы жанын қоярға жер таптырмай бара жатса да жағын ашпады; қан сорғалаған бөксесін де жаламады; шәугім басын апанның шілде айларында да сыз тартып тұратын салқын топырағына салды да, салбыраған ауыр қабақ астында тас жұмып алған көзін ашпай, сұлық түсіп жатты да қойды.

Жас бөрі үшін ауыр күн басталды; жара ақи-тақи жазылып кетпесе де, қан қатқан аузы қара қотырланып қалған-ды; көптен нәр татпаған аш бөрі аяғына амалсыз мінді; сыртқа шығып, апан алдында ақсиып жатқан сүйектерді иіскеледі; оқ қалған бөксесі әлі де сыздап ауырады; мыжырық таудың баурайында тұрып кешегі күндері сұр қаншықпен бірге жүрген жерлерге көз салған шұнақ құлақ, шәугім бас жас бөрінің бүтіл бет алабында бір жері селт етпеді; жас бөрі іші өлген құр денені ақырын қозғап, аяғын ақырын-ақырын басып, апанның қарсы бетіне өскен қотырқара, баялышқа аунап, тұла бойындағы басы артық жабағы жүннен, соқталанып қатқан қаннан арылды...

Сонан бері сылтиды. Бұрынғыдай бауырын жазып жүгіре алмайды. Қырда үйір-үйір жайылған киіктер дүркірей қашқанда, бұрынғыдай арам тер боп қумай, көбіне-көп қойлы ауылдарды торыды. Қорадағы қойларға түсе алмағанда, ауылдан ұзап шыққан бота, тайлақтарды жеді. Түйеге де шабатын әдет шығарды. Кеше, қар түсердің алдында төртбақ қойшының ауыл сыртындағы қара отқа тұсап жіберген атын жарып кеткен-ді. Сонан бері қалай кездестірерін білмей, қанына қарайып жүрген қойшы өз аяғынан үстіне келген көкжал бөріні осы жолы құтқармасын, қалайда терісін сыпырып аларын біліп жатыр.

* * *

Мезгіл-мезгіл талықсып кетіп жатқан Жәдігер осы жолы есін жияр-жимаста байқағаны – бұрынғыдан да әлсіреп қалған. Қалшылдап ұшып бара жатқан денеде қол мен аяқ бар ма, жоқ па, білмеді. Өзінде қол да, аяқ та болмаған секілді. Кідірмей тас біткен құлақ ашылып, теңіз үстінің дыбысы еміс-еміс естіле бастап еді; осы кезде біреу иығын ақырын қозғап тіл қатты. Жәдігер бұның Бәкизат екенін білді. Сол бойда есіне қасқыр түсіп, тынышсызданып тіл қатқысы кеп еді; бірақ оған шамасы келмеді. Тіл орнында бір жаңқа мұз міз бақпай жатып

апты. Әкесі ме, кім еді, дүниеден түңілгенде "адам өмірінің ақыры ит жыртқан қара тері",– дейтін. Бұ да өмірін ырым-жырым қып бітірді; жанарындағы майы таусылған шырақтай мына бір сығырайған, сірә, бұның жарық дүниеден ендігі көрер соңғы сәулесі болар. Әзер-әзер үзілмей тұрған сығырық сәуле қалай сөнсе, бұ да осыған дейін өзі талай барып қайтқан тұңғиық тылсымға тіл тартпай жөнеле беретіндей көріп еді; сүйтсе... Жасаған Ие-ау, бұл қалай? Бір денеде, бір терінің ішіне сиып тұрған тән мен жан түптің түбінде бірінен-бірі ажырап, тән топыраққа айналғанда, жан, адам жаны жаһаннамнан мәңгілік мекен алатыны рас па? Тән өлсе өлер, жан өлмей ме? Сонда осы елдің кеше ит қосып айтақтаған кір сақал жаман шалдары да бірдеңе білгені ме? Міне, тән әлсіреді. Шыбын жан болса да алқымға таялған ақырғы демнен әне-міне үзілгелі тұрғанда, бұның санасы әлсіреудің орнына құдіреттің өзінен қуат алып сәулеленіп кеткені қалай? Сол кір сақал шалдар айтса айтқандай, жан тәсілімде адамның бой салатыны рас па? Адам бой салғанда бұрын соң басына келмеген қайдағы-жайдағылардың өріп кететіні ме?.. Сосын, бұл неге қайдағы бір көңіл босататын елжірек сезімге бой алдырып жатыр? Сондай-ақ бұнда балалық шақтан басқа өмір болмағандай, ала-бөле бала кезі... бала... "Жалғыз бала".

Жәдігер бұны ішінен ойлағанын, әлде даусын шығарып сыртынан айтқанын білмеді. Қалайда, бас-аяғы жоқ осы бір жалғыз ауыз сөз тағы да тіліне оралды: "жалғыз бала..."

Иә, бүйдеп ата-анасы айтатын. Апалары да айтатын. Бес қыздан кейін көрген түсі басқа бала болғасын, бұны бишаралар құстың балапанындай уызынан шайқап өсірмеді ме? Бұл туғанда бүкіл балықшы ауыл қуаныпты. Шілдеханаға жиналған жұрт жөргекте жатқан қызыл шақаға көз тиеді деп бетін жөргектің шалғайымен көлегейлеп тұрып, аузы дуалы бір кемпір, бір шалға үш қайтара құлағына айқайлатып азан шақырып "Жәдігер" деп атын қойса да, кім біледі, осы шаңырақтың түбінде үмітін ұстар жалғыз еркек кіндік болғасын болар, бүкіл балықшы ауыл бұны кейін "жалғыз бала" деп кетіп еді?

Кейін апалары күйеуге шықты. Балалы-шағалы болды. Сонан келе, бұны көрсе бишаралар "ой, жалғызым!"– деп аржағы аңырап тұрғандары. Сүйткен бала кімге не корсетті? Кімнің басына шырақ жақты? Бұл елдің шамасы келгендері ойға-қырға көшіп жатыр. Бөксе басар кемпір-шалы барлар ғана ескі жұртта табан аумай отыр. Қарлы қара аспан басына түссе де, ата мекеннен іргесі көтерілмей, тістесіп отырған қос уыс халқына не істеді?

Шіркін, ол кезде Арал қандай еді! Аралдың адамдары қандай еді! Күнге күйген жылтыр қара кісілер тепсе темір үзгендей еді-ау! Ұшан теңізді өрлей салған қара торды күн шықпай қарайтын қайратты

жігіттер әдетте ол кезде таңмен таласа тұрар еді; үй ішімен бірге ерте тұрып үйренген бала да таң қараңғыда оянар еді; бірақ кіп-кішкентай болып алып, ішіне құлық түйген пәле бала ояу екенін сездірмей, көрпе астынан бәрін сығалап көріп жатар еді; ояу баланы ұйықтап жатыр деп ойлаған жандар, әне... үй ішінде үнсіз қозғалып, ыммен сөйлесіп әлекке қалып жүргені қандай қызық! Соған мәз болған бала жырқ етіп күліп жібере жаздап, алақанымен аузын баса қалады. Көре қал, нағыз қызық қазір болады. Күнде-күнде таңмен таласа оянатын әкенің теңізге шығар алдында жұрттан жасырып істейтін "ұрлығы" бар. Бұнысы тіпті қызық! Әкесі ұрлығын істемес бұрын әуелі есік-терезені ішінен тас қып бекітіп алады. Үй ішінде өздерінен басқа ешкім болмаса да, әуелі үрейлі көзі алақтап,, жан-жағына қарап шығады да, сосын жүк арасынан жайнамаз алады. Қу бала бұнан кейінде не болатынын алдын-ала біледі. Бұның білетінінен бейхабар аңқау әкені алдаған құлығы өзіне орасан қызық көрінеді де, көрпе астынан қыбыр етпей сығалайды да жатады.

Бірақ, қанша сығаласа да үлкендердің тірлігінің бәріне бірдей зейілі жете бермейді; ал зейілі жетпегеннің бәрі бұған түсініксіз, бәрі жұмбақ; мәселен, балалар ешкімнен ештеңе жасырмайды; қуанышы болса да, реніші болса да, бәр-бәрі сыртында; бұлар солай болғанда, ал ана үлкендердің не болса соны жасырып, ұрланып әлек-шәлек болатыны түсініксіз? Соңыра өзі де үлкен болғасын, әкесі құсап өз үйінде отырып та, не болса сонан қорқып, есі шықпаса не қылсын? Ондай өмірдің несі қызық?

Бала олай ойлайды, бұлай ойлайды, қанша ойласа да басы жетпегесін жалығады. Сосын өмір бақи өспей, осы қазіргі қалпында бала боп қалғысы келетін.

Ол кезде кішкентай Жәдігер көп сұраққа жауап таппайтын; әсіресе, бір аяғын соғыста беріп келген әкенің дап-дардай болып алып жүк арасынан жайнамазын аларда сонша неге үрейі қалмай қорқатын себебіне тіпті ақылы жетпейтін. Ақылы жетпегесін түсінбейтін. Ал түсініксіз нәрсенің бәрі бала болған балаға қызық. Неғұрлым қызық болса, соғұрлым тамаша. Ал тамашаның бәріне бала болған бала ынтығып құмарта түседі.

Кішкентай Жәдігер өздігінен басы жетпеген көп нәрсеге кейін түсінді; сүйтсе, теңіз алғаш рет сол жылдары қатты тартылып, су жағадан қаша бастапты. Тірлігіне талшық қып отырған теңіз тағдыры таразыға түскенін көрген халық сасыпты. Ал сасқан халықтың жайы белгілі: Жердегілерден үміт үзген халық көктен медет тілейді. Бұны әдетте ауылдағы кір сақал шалдар бастайды. Осы жолы да Сібірден есебін тауып аман оралған бір кір сақал құран ашсын. Жұртты жиып ақсарбас шалғызсын. Садақа таратсын. Тартылған теңіздің онан бәрібір толмасы белгілі. Қайта су жағадан бұрынғыдан бетер алыстап қаша

бергесін әлгі кір сақалдар сассын. Атам заманда сүйегі құрап қалған әулие шалдардың жаңбыр шайып, жел-құз жеп тастаған жапан түздегі жапырық моласына шырақ жаққызсын. Ел ішінде етек алып бара жатқан жарамсыз, жат қылық жоғарыға жетсін. Жұрт оны Сары Шаядан көріпті. Рас болса, рас шығар! Сол шіркін заңға жетік. Қаламы да жүйрік. Аяқ жететін жерге өзі барады. Ал аяқ жетпейтін жерге домалақ қағазды білдірмей, астыртын домалатады да жібереді.

Жоғарғы жақтағыларға керегі осы: әңгіме жоғарыдан шықпай, төменнен шыққасын, төмен болғанда да қара бұқараның дәл өзі қырағылық көрсетіп, дер кезде көземелдеп отырғасын қалай қолдамасын. Бұлар да қолдады. Шұғыл шараны жедел жүзеге асырмақ боп жер-жерге өкіл шаптырсын. Радио, газет шуласын. Олар ана жақта аспан астын шулатып жатқанда, мына жақта қаламы жүйрік қулар арамызға ұрланып кіріп алған жаулардың халық санасын дінмен улап, ескілік салт-сананы қоздырып жатқан арам ниетін әшкерелеп құтыртып жазсын. Сүйтіп, тап күресі мен ескілікке қарсы ашқан қан майдан басталсын да кетсін. Күнде жиын. Күнде қиқу. Қозы Қарын балықшы ауылдың кәрі-жасына ескіліктің тамырына балта шабуға шақырып, ұран тастаған екен, бірақ кір сақал шалдар санасын улап тастаған жұрт жұмған аузын ашпай, тым-тырыс отырып апты. Қарсы да болмапты, қолдамапты да. Тілін тістеп тымырайып алған үнсіз көптің арасынан бір кезде бір қол шошаң ете қапты. Сөз бергенше шыдамай отырған Сары Шая жұрт алдына жүгіріп шығыпты. Жайшылықта да етегі жел шақырып делиіп тұратын ши қалпақты басынан жұлып алған екен, осы жұрттың айтқаны рас болса, сол арада Сары Шаяның құдды жүні жидіген шанаштай әр жер-әр жерінде бозамық қылшық ербиген ақ құйқа басының үнемі тершіп тұратын тас төбесінен бу шығыпты деседі. Кім білсін, рас болса, рас шығар, төбесі тершіп жүретіні рас. Сары Шая қызыл мата жапқан мінбеге шыға сала "ә" дегеннен Үкімет пен партияның қаулы-қарарын қызу қолдап "Құдай жоқ! Құдай жоқ!"– деп жұрт алдында тепсініп тұрып алыпты деседі. Қозы қарынға мына бажбық көз сарының өжеттігі ұнапты да, жиналыс біткен бойда оны қасына шақырып алып: "маладес, маладес, жігіт екенсің",– деп арқадан қағыпты да, қияндағы балықшылар аулына дінсіздер қоғамына бастық қып тағайындап кетіпті. Сонан бері Сары Шая ат үстінде. Темір тәртіпті алдымен ағасынан бастапты: "Бірің – аға, бірің – жеңгемсің",– депті. "Туыстығымызда мін жоқ",– депті; "бірақ, айналайын аға, мені басқа білмесе де, сен білесің. Маған туыстық парыздан көрі партия алдындағы парыз қымбат. Әуелі партиялық парызымды орындаймын. Соңыра айтпады деп жүрмеңдер... Сендердің осы ауылдағы әне бір жаман шалдардың сөзіне еріп Құдай, Құран, Дін, сосын тағы салт-сана, ырым-жырым, қыру-шыруларың... кевенематри, тамырына балта шабам. Солай ағасы! Осыдан айтқанды тыңдамасаң, ағам болсаң қайтейін, аямаймын",– депті де, есікті тарыс жауып шығып кетіпті.

Сонан бері әкесі таң намазын түпкі бөлмеде тығылып отырып оқитын; сосын аяғын ұшынан басып жалғыз бала жатқан төсекке баратын. Әкесінің қазір өзіне келетінін білетін қу бала көрпе астында дем алмай, тым-тырыс бола қалатын. Қыбыр етпей, көзін тарыс жұмып жатып та дәл қазіргі әке ойының аржағын білетін. Төсекке ентелеп төніп тұрған әкенің басында жалғыз баладан басқа не ой болушы еді; "жалғыздың жанына жамандық бере көрме",– деп Тәңірге жалбарынып тұрған шығар-ау!

Кішкентай Жәдігер ояу жатып, өп-өтірік ұйқтағансып аңқау әкесін алдаған өзінің орынсыз қылығынан өзі қысылатын; балаға бауырынан байланып, көзімен де, көңілімен де аймалап тұрған әке дәл қазір құдды ботасын баурына алып, тұла бойы түгел еміреніп тұрған кәрі түйеге ұқсайтын; сол кезде өзі де әкесін ышқыны кете жақсы көріп, кішкентай баланың кіп-кішкентай жүрегі кіп-кішкентай кеудесін дүрсілдетіп қатты-қатты соға бастайтын; енді кішкене кідіргенде жылап жіберер еді; абырой болғанда, сол кезде әкесі кетуге бет алатын; кетіп бара жатып та қашан есіктен шыққанша жалтақтап артына қараумен болатын; сыртқа шыққасын үй іргесінде сүйеулі тұрған қос ескек, бір таяуды қолтығына қысып, ағаш аяғын сүйретіп басып теңізге бет түзеп бара жатқан осынау елең-алаңда, анасы пақыр мал қорада топатай шелекті тізесіне қондырып, қараша іңгеннің баурында жабысып тұратын; ботасы ерте өлген іңген әдетте исіне қоймайды; қашан тас емшектің тамыры жібіп исінгенше, исінгесін де сыздықтап шыққан ақ әуелі топатайға бір түйір-жарым түйірлеп тырс-тырс тамып, сосын іле-шала ақтың көзі ашылып, топатайдың түбін тесетіндей тызылдап ала жөнелер еді; баяғыда бұл елдің ер азаматы соғысқа кетіп, торт жыл ескек тартқан қара кемпірдің тастай саусақтары сонан қашан тас емшектің сүтін қақтап сауып алғанша ыңырсыған іңгенге үнін қосып тұрып та, анасы пақырдың да бар тілегі бес қыздан кейін көрген осы жаманның үстінде болмады дейсің бе?..

Жәдігер жылады ма, жылағысы келді ме, иегі кемсеңдеп қалды. Әкесі марқұм дүние тауқыметінен құтылып, қара жердің астында жатыр; көп ұзамай, бұ да әке қасынан орын алады; арқасындағы жүгін апаратын жеріне жеткізе алмай, жарты жолда зорығып жығылған кіреші көлігіндей, ақ қар, көк мұзда өлі мен тірі арасында титықтап жатыр. Бұл жазғанға, тым құрыса басқалар сияқты Құдайдың қара жерінен бір уыс топырақ бұйырмай, көк теңіздің ортасында үсіп өлгенін қарасайшы. Жә, өкінері жоқ, тіріде адам сияқты өмір сүре алмағасын, адам сияқты өлім бұған қайдан бұйырсын. Бір есептен, бұған осылай ыққан сеңде толқын шайқап, тербеліп жатып жан тәсілім болған әбден лайық. Иә, бұған сол... сол лайық, ха-хаа...

Жәдігердің кеудесі қысылды; әзер-әзер үзілмей тұрған әлсіз тынысы тоқтап қалды ма, әлде тағы да талықсып бара жатты ма, санасы сәптірей бастаған осы бір сәтте аржағынан ықтияр еркінен тыс шығып

кеткен әлгі ызалы күлкі бұның өзіне де есітілген сияқтанды. Иә, есітті. Жәдігер өзінен әлі де болса дыбыс шығатын дәрмен табылғанына таңданып еді...

* * *

Бұл екеуі әлгінде бір-біріне жақындап келген еді де, бата алмай тұрып қалған еді; бірі – әйел; тізесі дірілдеп, екі аяғы денесін әзер көтеріп тұр; қолы сәл қалтыраса да, уысына қысып алған әне бір кіп-кішкентай қорапша ішінде бірдеңе қоса шылдыр-шылдыр етеді. Ал екіншісі – қырдың көкжалы; екі аяқтылар мен алыс-жұлыста өткен мігерсіз өмірде бұ да оларға аз лаң салған жоқ: өріске шапты; қораға түсті; қойларын қырды; сиырын жарды.

Екі аяқтылар да бұны аяған жоқ: жолына қақпан құрды; жалғыз оққа байлады; соққыға жықты; иттерге талатты; тайыншадай көкжал бөрінің тұла бойында қазір оқ тимеген, иттер таламаған, қанды ауыз қақпан шаппаған сау тамтық жоқ; құйрық пен құлақты баяғыда бергенді; онда сұр қаншық тірі еді; бір жолы бұл сұр қаншықтың соңын ала шимен қоршаған қойлардың үстіне кіре бергенде иттер біліп қалды; қойлар дүркірей атып тұрды; алас-құпаста жас бөрі тісіне ілінген бір тоқтыны арқасына өңгере сала сұр қаншықтың соңынан сыртқа атып шыға бергені сол еді; арс еткен ауыз құлақ шекеге қадалды; сол жолы ит аузында кеткен құлағына да қайрыла алмай, зытып берді... Сонан бастап бұл өңірге "шұнақ құлақ көкжал" атанып еді; сұр қаншық оққа ұшқаннан кейін де екі аяқтылар бұны қара жерді өздерімен бірге қатар басқызып жүргізгісі келмеді. Бұ да осыған дейін шанышқыдан жырылған шабақтай, терісін сыпырғызбай келіп еді; тағдыр бұларды енді аядай мұзда кездестірді. Тайсақтайтын жер емес; жарық дүниеде енді я ол, я бұл жүреді; ол жүрсе, бұның терісі сыпырылады. Оны екі аяқты қандай білсе, төрт аяқты бұ да сондай біліп шыбын жанды шүберекке түйіп тұр. Мына шүйкедей әйелді өрістен талай-талай өңгеріп әкетіп жүрген тоқты құрлы көріп тұрған жоқ. Қазір де шырқыратып бассалғалы талай ұмтылса да, бірақ әйел соның бәрінде де қолындағы әне бір кіп-кішкентай қорапшадан от шашып бетін қайтарып тастап тұр. Соған ыза болды ма, жақындап келіп жер бауырлап жатқан бөрі атып тұрды. Төрт аяғына түгел мінгенде, тайыншадай көк жалдың жотасы шығып зіңкиіп кетті. Желке жүні түгел тікірейіп, тұла бойындағы бар ызғар, бар-бар зәрді сүймендей тұмсықтың дәл ұшына жиды да, дыбысын шығармай ырылдап еді.

– Жәдігер!.. Жәдігер...– деді Бәкизат. Абыржи шыққан әйел даусын есітсе де, қыр тағысы оған қыңбады. Мына аядай мұзда өзінен де басқа біреулер бар ма, жоқ па, тіпті миына кіріп шықпайтын сияқты. Сіңірлі жуан аяғына міне сала шәугімдей басын жоғары көтеріп, түндегі дауыл шудадай түтіп дал-дұлын шығарған бұлтқа қарады. Сосын сол дал-дұлы шыққан бұлттардың ара-арасындағы саңылаудан, сонау алыста

сәулесін сарқып сығырайған жұлдыздарға қарады. Онан суық бу қоралаған солғын айға қараған боп тұрып та салбыраған қабақ астынан көз қиығын әйелден айырмады. Осы қазір ол мына әйелден де гөрі оның жанында сұр қаншықтың терісін жамылып тымтырыс боп бұғып жатқан пәледен көбірек қауіптенді. Төртбақ қойшының қолы қатты. Оны біледі. Ызалы бөрі ана жылы сұр қаншықтан айрылғасын күндіз-түні осы қойшының аулын торыған-ды. Шаруаға мығым қойшының қорасы да тап-тұйнақтай екен. Төбеге лайды қалың құйыпты. Жас бөрі құдды ін қазғандай жата қалып лай сылақты тырнағымен айырып, дене сиғандай тесік жасап алып еді; аржақтан қырдың қара отына семіріп, қоңынан жарылып тұрған қойлардың күлімсі шайыр исі лап беріп тұмсыққа ұрды. Қар түскелі тісі қызылға тимеген аш бөрі сілекейін жиюға да шамасы келмей, жаны дызығып шиыршық атып кеткені сонша, әдеттегі сақтық есінен шығып кетті. Дүркірей атып тұрған қойлардың үстіне төбеден ырғып түсе сала, тісіне ілінген момынның мойнын бір-ақ бұрады; аузына әлі бір жапырақ ет тиген жоқ; бірақ қан көргесін құтырып кеткен тағы тоқтайтын емес; әп-сәтте үш-төртеуін топалаң келтіре сала, қан-қан аузын тағы да бір момынның алқымына салып тамақтай бергенде, сарт етіп есік ашылды; айлы түннің аппақ сәулесімен ілесе енген ақ көйлекті, ақ дамбалды біреу ішке айқайлай кірді; бірақ бұл кезде көзі қызарып есіріп алған бөрі онан айылын жиған жоқ; тас қараңғы қораның төрт қабырғасы арасында есі шығып, бірін-бірі басып опыр-топыр боп жатқан коп момынның бірін алқымнан ала сала тамақтай бергенде, әлгі ақ көйлек, ақ дамбалды құшақтаса кететіндей үстіне төніп қалып еді; қасқыр оны кеш байқады; соның аржағы... Сарт-сұрт жағалас болды да кетті; бөрі бірін біліп, бірін білген жоқ; тіс тисе дыбыс шығаруға шамасы келмейтін әлгі момынды тамақтай алды ма, жоқ па, білген жоқ; бар білгені – қатер төнген жаққа қарысқан мойнын күшпен бұрып арс етті; бірақ бұл ауыз салам дегенше, анау бұрын қимылдап қайың сойыл қара тұмсыққа сарт етті; көз оты жарқ етті; жас бөрі бұрын бұндайда жасу орнына, дыбысын шығармай долдана түсуші еді; осы жолы денесіне таяқ батқан иттей қаңқ етті; бірақ есін тез жиды; қайың соққы қайта сілтелгенше бөрі жанын ала қашты; тар қорада опыр-топыр боп жатқан қойлардың бір май, бір ет бып-былқылдақ қоңына сояудай-сояудай тырнақтарын түгел батыра төрт аяғын қатты тіреп сыртқа бір-ақ ытқыды; иттер арс-арс үріп, азан-азан боп жатқан ауылдан ұзағасын қасқыр тоқтап, артына бұрылып еңсеріле қарап тұрды да, соңынан өкшелеп келе жатқан ешкім болмағасын тұмсығын желге төсеп жата кетті. Аузындағы жағы қарысқанша тістеп алған зілдей бірдеңені жаңа байқады. Бірақ оның не екенін білген жоқ; тек бел ортасынан тістеп алған зілдей нәрсе жерге түскенде бөрі атып тұрды, суық жанар сәтте зәрленіп, тұла бойы без-без бүршімек дырау сойылды бас салып қауып-қауып алды... Сонан бері бөрі қолы қарулы қойшыдан қайбартып, бетпе-бет кездесуден қашып жүрген-ді...

– Жәдігер!.. Әй, Жәдігер... қасқырдың менімен тіпті ісі жоқ. Айға

қарап тұр.

– Ссааққ... ббоолл...

– Қорқам...

Қасқыр бұларға әлі назар аударған жоқ. Борбайын көтеріп, қасындағы күресін мұзға сарыды. Сосын торт аяғына бірдей шіреніп, бауырын керіп сілкініп-сілкініп алды да, басын жерге салып сөмпеңдеп жорта жөнелді. Жолын кеселеген күресін мұзды айналып өтпей, арғы жағына ырғып түсті. Үй аумағындай мұздың су шайып жатқан жиегімен басын жерден көтермей, бүлкілдеп жүрді де, кенет кілт тоқтай қап аяғының астын шыр айнала иіскелеп кетті. Арқасы мұзға жабысып қатып қалған қызыл қанат қылағай шабаққа әрі-бері ауыз салып еді; бірақ шыныдай жылтыр мұзға тісі ілікпей, қайта-қайта тайып кетіп ызасына тиді. Қасқыр ширығып, шыдамсыздана қыңсылап алды да, жер бауырлап жата қап, қайсы бір жылдары ашыққан-ашыққанда тышқан інін қазғандай шыңылтыр, шыны мұзға тырнақ салды. Әйел есінен мүлде шығып кетті. Қызыл қанат шабақты көк жентек мұз бен қосып шақыр-шұқыр шайнады. Аузы-басын қанатып тілгілеп тастаған шыны мұзды тілімен үйіріп талмап жұтты. Ішіне не барғаны белгісіз, оны аш бөрі ойлаған да, білген де жоқ. Әлгінде қашыр-қашыр шайнап әзер жұтқан мұзшабақ ішке барғасын да жуық арада ерімей, бүйірінің бір жағын мұздай қып жатып алды. Ашық теңіз үстінің таң алдында тіпті күшке мініп қылшылдап кеткен аязы қатты қысқан арық дене ауық-ауық тітіркеп қалады.

* * *

Сонда да дәл қазіргідей күз бен қыстың аралығы еді; қар әлі жауа қоймаған; бірақ ұдайы арқадан соғып тұрған қара суық аңның да, адамның да зықын алып тұрған-ды.

Қыр тағысына қашанда қазіргідей күз бен қыс қиын. Қыс азығын әдетте жаз басынан қамдайтын тышқан екеш тышқан бұл кезде сыртқа шықпай, жер астына тығылып алған. Тырнақ батпайтын тоң жерді қазу қандай азап! Бар өмірін қыр мен теңіз арасында алыс-жұлыспен өткізген көкжал қазір кеп нәрсені білетін: ол, мәселен, қойшылардың бәрі бірдей емес, олардың ішінде де бойкүйез бозымдар аз емесін біледі. Ондай бозымдар қорасына қасқыр түсіп, қойын қырып жатса да үйден аттап шықпайды. Мықтағанда көрпе астында жатып сырттағы иттерге айтақтайды. Немесе: "Қатын, қатын... иттер азан-қазан боп кетті, ауылға қасқыр келген жоқ па? Бар, қарап келші",– деп қасында жатқан әйелін жұмсайды.

Сұр қаншықтан айрылғасын жас бері көбіне-көп осындай қойшыларды айналдырды. Бірақ олар ит-құстан зықы кете бастаса, қырдан көтеріліп, ойдағы қораға көшіп алады. Қырда тек өзіне

сенетіндер қалады... Әсіресе, төртбақ қойшы қырда ұзақ отыратын. Сол жылғы қырдың қара оты тіпті әлемет болған-ды. Әсіресе, күз басындағы екі жауыннан кейін қырдың қара оты қайта көтеріліп, жусан мен изен басы бүрленіп бабына кеп балбырап тұрды. Қойға қоң бітіретін қырдың осы бір кезін қимаған төртбақ қойшы сол жылы қар түскенше көшпей, қара дөңнің ығында ұзақ отырып қалған-ды. Оның өзі сияқты иттері де шетінен жаужүрек, өжет еді; жас бөрі соның бәрін білді; бірақ аштық шыдатпай ішін тырнап бара жатқасын қара дөңде отырған жалғыз үйді үш күн торыды; төртінші күні де тағыларға тән сақтықпен күдікті жерді баспай, ық жақты ала ақырын-ақырындап келе жатты; үш күннен бері өзі жүрген іздің үстін басып, аңдысып-ақ келе жатқан көк жал көзін бір сәт аяғының астынан алып, анадай жерде ши қораға иіріп тастаған қойлардың әсіресе, осы қазір қырдың қара отына семіріп қоңынан жарылып тұрған кезі екенін ойлап кетті ме, әлде ық жағын ала келгесін бір қора қойдың ұйыған қатықтай шайыр иісіне елітіп басы айналып кетті ме, әйтеуір, жаңа ғана аяғын абайлап басып аңдысып келе жатқан ізден ауытқып шығып кеткенін байқамай қалған-ды. Алдыңғы, әлде артқы аяғы екенін білмеді. Қай аяғы болса да, бұл аса сақтықпен сүр топырақты сипай баса бергенде әлдене аяғының дәл астынан сарт етті. Қасқыр атып түсті. Бірақ қазақы күпінің жеңіндей сала құлаш құйрықты темір азу бірдеңе сарт етіп қапты да, тістеген жеріне қадалып жабыса қалды. Қасқыр шоршып атып-атып түсті. Ет қызумен ештеңе сезген жоқ; тек тістеген жерінен айрылмай, тас қып жабысып алған мына бір темір азу пәле соңынан қалмай, сарт-сұрт сирағына ұрып шылдыр-шылдыр сүйретіліп келеді. Бауырын жазып жүгірейін десе әлгі пәленің тап-тастай қыры қос тілерсегін сабалап, қайта-қайта омбылап жығыла берді. Қапелімде қос тілерсектің терісі сыдырылып, ізінен қан тамшылап келе жатты. Бірақ жаны ышқынған қасқыр оны білген де, сезген де жоқ.

Қойшы ауылдың иттері кеш біліп қалған-ды. Қара тазы бастаған бір топ ит арсылдап келеді. Бұл болса бауырын жаза алмай шоқаңдап қалды. Қасқыр мыналардың құтқармай, қазір-ақ қуып жетерін білді де, кілт тоқтады. Анау-мынауға иліге қоймайтын тоң мойынды түбінен бұрап, артына бұрылып еңсеріле қарады. Иттер арсылдап келіп қалды. Қасқыр ызғар шаша ырылдап, аппақ тістерін ырсита сақ-сақ етті. Сосын тістеген жерінен айрылмай жабысып алған әлгі пәле есіне түсті ме, қайрыла бере арс етіп қауып алды. Көк темірді шайнап тастағысы келгендей, азу тісін шақырлата басып қалып еді; асты-үстінен бірнеше тіс сынып, аузы даладай қанады.

Иттер аспан астын көшіріп арсылдап келеді. Іштерінде үнсіз түйіліп алған тек қара тазы. Көкжал бөрінің көбіне-көп қорқатыны да қара тазы. Қалғандарының жайы бұған белгілі: өңшең нәсілсіз. Ел шетіне бөрі келсе осылай арс-арс үріп, бірін-бірі айдап салады, қалған уақытта жалғыз жүріп түк бітіре алмайтын өңшең қорқақ. Бірақ... қалай десе де, көптің аты көп; қойшының қатыны көңілі түссе итаяққа жуынды

құйып, сүйек-саяқ тастағанда таласа кететін нәсілсіз немелер, қырдың көкжалын көргенде осылай демде ауыз біріктіріп ала қояды. Көре қал, қазір де жұдырықтай түйіліп алған мына көп шуылдақ тобын жазбай арсылдап кеп жан-жақтан ауыз салғанда, бұл әр иттің аузында бір-бір жапырақтан кетер-ау!

Сол түні ай сүттей жарық еді; қайтерін білмей сасқанда көзі жерге жарты беліне дейін кіріп кеткен қазандай қара тасқа түсті. Қасқыр бөксесін дереу тасқа бұрып тұра қалды да, құйрығына жабысқан пәлені бұлғап ұра бастады.

Қанша ұрса, сонша миы солқ етіп тәлтіректеп құлай жаздап, аяғына әзер-әзер тұрып қалады. Бірақ жабысып алған пәле құйрығымен қоса үзіліп түспей айрылар емес.

Иттер тіпті жақын қалды. Қасқырдың басы айналып тұр. Денесін әзер-әзер билеп, құйрығын тасқа бұрды. Салмақты төрт аяққа салып шіреніп тұрды да, төңкерген қазандай қара тасқа құйрығын бұлғап ұрып еді; қос шекесі солқ етіп, құлағы шаншып кетті. Көзі қарауытып, құлап бара жатқан секілденіп еді; әлгінде ғана түйдек шоғырын жазбай, ұмар-жұмар келіп қалған көп шуылдақтың арсылы кілт үзіліп өшіп кеткен-ді. Көк жал есін тез жиды. Қалайша құламай, төрт аяғы денесін көтеріп тұрғанына таң қалды. Сосын... Иә, сосын тап жаңа ғана зілдей боп жерге тартып тұрған бөксесі дем арасында қаңбақтай жеп-жеңіл боп кетті. Қаңбақтай жеп-жеңіл дене бұның демеусіз-ақ өз-өзінен ырғып, анадай жерге бір-ақ түсті. Бөрінің жанын сақтап қалған да осы еді; оң қапталынан арс еткен қара тазы "әттегене-ай",– дегендей, ауыз тола тістер сақ-сақ етті...

Сонан бастап бұны бұл өңір "шолақ құйрық көкжал" деп атап кеткен-ді. Көкжал көпке дейін өзінің қазіргі халына үйрене алмады. Құйрықсыз дене құдды рөлсіз қайықтай. Әсіресе, өріске шапқанда қиын. Көсіліп жүгіргенде өз денесін өзі билей алмай, біресе оңға, біресе солға ауытқып жолдан шығып кете берді. Бірақ... қуғын-сүргінсіз күн өтпейтін бөрі жүре келе бұған да үйренді. Қыр мен теңіз арасында жалғыз жорытқан шолақ құлақ, шолақ құйрық көкжалды балықшы елдің бала-шағасына дейін тегіс білген-ді.

Бәкизат көзін көкжалдан айырмай түр. Аядай мұзда кездесіп, бір-бірімен аңдыса-аңдыса ақыры бұның да сырын алған сияқты. Әдепкідей емес, қазір бұған да бойы үйреніп келеді. Қасқыр да қыбыр етпеді. Әлгінде ық жақтан жақындап кеп басын мұзға салып жатқан жерден әлі қозғалған жоқ. Салбыраған қабақ астынан аржақ ойын аңғартпай, салғырт көз салып жатқан қыр тағысы, кенет басып көтеріп алды. Әйелге суық жанарын тіктеп шаншыла қараған сияқтанды.

Әйел Жәдігердің қолынан ұстай алды. Жаны кетіп қалған қолдың мұп-мұздай саусақтары сексеуіл шырпысындай секейіп-секейіп қапты.

– Жәдігер... Жә-дігер...

Жәдігер санасы сәптіреп талықсып жатып та бірдеңелерді сезетін сияқты. Шап беріп ұстай алған әйелдің қолының дірілінен әлдебір қорқыныш сезді. Есіне іле-шала әлгінде тоқымдай сеңмен ығып келген қыр тағысы түсті де, Бәкизатқа "қалтамдағы оттықты ал!" дегісі келді. "Ал! Ал!"– деп айтып та жатқан секілді. Бірақ бұл қанша айтса да, Бәкизат есітпей ме? Әлде есітуін есітсе де көңіл бөлмеді ме? Сосын бұл сөзбен айтып жеткізе алмағанын көзбен сездіргісі кеп, жаутаңдап қарайтын сияқты. Иә, қарап жатыр. Бірақ бұл қанша қараса да, көзіне тіреліп тұрып алған мына бір тас қараңғы түнек жанарын дарытпай қайырып тастап тұр. Құрдан-құр арпалыса-арпалыса Жәдігер де қалжырады. Кезіне тірелген тас қараңғы түнек бір кезде кеудеге көшіп көкірегін жаншып баратты. Сонан-ау, сірә... жаңа ғана жан жоқ сияқтанып бет-бетіне секейіп кеткен саусақтардың сүйегінің ішінен әлдебір ұп-ұсақ қылқанақ инелер тесіп шыға алмай жатқандай, шымылдап шаншып қоя берді. Жәдігер осы жолы да әр кездегідей дыбысын шығармай тістеніп ала қойды. Жоқ, тістеніп алғысы келіп еді; өзіне салса шынында да тістеніп алған сияқты. Ол әйтеуір осылай өзімен-өзі әлек болып жатып жаңа қатер тіккен қыр тағысы да, айтқанына құлақ аспай қойған қыңыр әйел де кәперінен шығып кетіп еді; осыдан кейін де сана сәптіреп бірді-бірге шатыстырып жатқанда, кенет көкірегі үстінде әлдене оз тірлігінен белгі беріп бүлк-бүлк етті. Бұның не екені Жәдігердің есіне бірден түсе қоймады. Осы жолы бұрынғыдан да гөрі қатты әлсіреп қалғанын сезіп жатыр. Үсіген дене құдды оты сөнген ошақтай, қызуынан айрылып әбден мүздап, аузы-мұрны буланбағалы әлдеқашан. Ашық теңізде өткен бір күн... Және мына бір түн бұның да титығына жетіп әлсіреген кезде көзіне көрінген тірі жәндік болғасын ба, Жәдігердің назары осыған ауды. Бұның зер салғанын сезді ме, титтей тірілік те жаны байыз таппай қозғалақтап қомп-қомп етіп аударылып түсе берді. Міне, бұның жүрегін іздеп тапты. Бұның бүтіл денесінде әлі де болса ажалға беріспей, қайрат көрсетіп жатқан жалғыз осы болғасын ба, өзінің кіп-кішкентай, ып-ыстық көкірегімен басып жата қалды.

Жәдігер қозғалса үркітіп алатындай қорқып, қыбыр етпей бағып жатыр. Осы бір құп-құртақандай тірліктің бар мұғдары жас бала жұдырығындай болып алып, әлдекімнің өмірі үшін осыншама өлімін сала жанталасқанына қайран. "Е, пақыр!"– деді Жәдігер. Үсіп өлуге қараған кісінің қай жері сұлдерін сарқып әлсіреп бара жатқанын қайдан біледі? Әлде бұған Құдай сездіре ме? Осыған ойы жетпей жатқанда, әлгі пақыр бұны тағы да таң қалдырып үсіген дененің әлсіреген жерін дәл тауып, баурын басып жата қалып еді; сол араға дереу жан еніп, қан тамырлар лүп-лүп соқты да кетті. "Айналайын-ай!"– деді Жәдігер. Ырзалығын сыртына шығарып есіттіріп айтқысы келіп еді; оған бірақ шамасы келмеді. Әлсіреген сана тағы бір оралғанда "осы мен тірімін бе?"– деп ойлады.

Тірі бола қалғанда да, мынау бұның үзілер алдындағы ақырғы, соңғы тынысы. Әлі де болса бұны ақырына дейін өлтірмей тыныс-демін созып, бар мен жоқ, өлі мен тірі арасында жатқан осы бір шақта есіне қайдағы-жайдағыны салып санасына саңылау сәуле беріп тұрған, ол, сірә, Құдай да, Адам да емес, мына бір көкірегі үстінде өз тірлігінен нышан беріп бүлк-бүлк етіп жатқан кіп-кішкентай пақыр болар-ау! Иә, осының, осы пақырдың шерепеті! Иә, соның...

Жәдігер талықсып кетті. Сонан бір кезде есін жиғанда біреу бұны жұлқылап жатыр екен.

– Жәдігер!.. Жәдігер!..

Бұл құлағының дәл түбінен шыққан әйел дауысын әзер есітті. Бірақ әйелдің бұнша неге жанұшыра мазасызданып жатқанын білген жоқ. Ертеден бері басын мұзға салып жайбарақат жатқан көкжалдың кенет орнынан атып тұрғанын да көрген жоқ-ты. Төрт аяғына түгел мінгенде қырдың көк жалының жотасы бұрынғыдан да көрі зорайып, зіңкиіп кетті. Анау-мынау емес, тайыншадай ірі денеге рабайсыз шәугім бас пен күдірейген жалға оның талай иттің аузында кеткен шұнақ құлағы, бір тұтам шолақ құйрығы қосылғанда мына бөрі тіпті үрей ұшырды.

– Жәдігер!.. Жәдігер!..

Қасқыр жақындап қалды. Тағы сұр қаншықтың терісін жамылған кісіде өзіне қарсы қайрат көрсетер қауқар жоғын білетін сияқты. Бәкизат қорапшаны тас қып ұстаған қолын кеудесіне қысып дір-дір етіп тұр. Жұлын-жүйкелер шарт үзілетіндей ширығып барады. Қасқыр әйел мен екі арада бір ырғитындай жер қалғанда шұнақ құлақтың тұқылын жұмып алды.

Бәкизат шыңғырып жіберді. Қасқыр оған қыңған жоқ. Қайта шекеден шыққандай ащы дауыс ызаландыра түскендей. Сүймен тұмсықтың дәл ұшына жапсырған былғары жамау қатты жиырылып, сояудай тістер алдыңғы жағынан ырсиып сақ-сақ етті. Сол сәтте өзі де құдды шіреніп тартқан садақтай атылуға әзірленіп қалған-ды. Әйелдің қолындағы қорапша сылдырады. Іле-шала сіріңке жарқ етті. Атылғалы тұрған қасқыр кенет артқа қарай ытқып түсті. Бәкизат тары түйіріндей күкірттің құдіретіне көтеріліп кетті. Артқа қарай ытқып түскен қасқырдың соңынан бұ да жедел ұмтылып, қорапшада қалған сіріңкенің бәрін бір-ақ уыстап алды да, бәріне бірден от алдырды. Жарқыл-жұрқыл от алған сіріңкелерді жүгіріп барып қасқырға жете бере лақтырып еді; онсыз да беті қайтып қалған қасқыр жанын ала қашты. Енді бір басса аржағында қап-қара боп қайнап жатқан теңізге құлайтын болғасын кілт тоқтады. Жиегін су шайып жатқан мұздың шетіне бөксесін бере шегініп барды да, әйелге қарсы қарап тұра қалды. Әйел де кілт тоқтады. Орынсыз батылдықтан өзі қорқып кетті. Енді

кейін қарай қалай шегінерін білмей, қасқырмен бетпе-бет кеп қалшиды да қалды. Қолындағы қорапшада жалғыз тал да сіріңке қалмаған-ды. Қасқыр қозғалар емес. Бәкизат болса тұрған жерге табаны жабысып қалғандай. Кішкене қозғалса да қарсы алдында көз айырмай аңдысқан көкжал бас салатындай. Ендігі тұрыстың ұзаққа созылмасын екі жағы да білді. Бұл жолы да қимылды қасқыр бұрын бастағысы келгендей ауыз тола тістер ақсиып үнсіз ырылдай бергенде, әлдене аяқ астынан тарс етті. Онсыз да ширығып тұрған жүйкенің бір жері үзіліп кеткендей. Бәкизат кеудесін ұстай алды. Аяғына басып тұра алмай, әлі құрып отыра кетті. Денесінен оқ тиген жерді іздеп, о жер-бұ жерін сипап еді; өзі аман сияқты. Есесіне оқ қасқырға тиген бе, қалай? Итше қаңқ етіп, бөксесін басып шоңқайып отыра кетті. Жаралы тағы ештеңеден тайынбай, оққа қарсы шабады деп есітетін... Бәкизат кірпігін қағып қайта қарап еді; қасқыр шоңқайып отырған тоқымдай сең үлкен мұздан әп-сәтте іргесі ажырап, ары қарай ығып барады екен. Қол-аяғынан әл кеткен әйел отырған жерге шөгіп, бетін басты да жылап жіберді.

Қасқыр қапелімде қарасы көзден үзіліп, қашықтап кетті. Айлы түнде жал-жал толқындар ереуілдеп, өкіріп жатқан теңізде, қалт-құлт батып шыққан тоқымдай сеңде ығып барады. Сүмсік бөксесін мұзға тіреп, сүймендей тұмсығын көкке созып ұзақ-ұзақ ұлыған даусы көпке дейін құлақтан үзілмеді. Бір сеңмен ығып келген қырдың көкжалы, әне тоқымдай тағы бір сеңмен ығып барады...

* * *

Есін жияр-жимаста Жәдігердің байқағаны – бүтіл денесі алаулап күйіп барады екен. Ала-бөле екі беттің ұшы шоқ басқандай шыдатпай әкетіп бара жатты. Жаңа ғана тұла бойында сау тамтық қалмай үсіген дененің, енді бұлайша неге күрт өзгеріп, күйіп-жанып бара жатқанына түсінбеді; мынау дененің қызуы ма? Дененің қызуы көтерілгенде кісі, сірә, осылай... үсті-басы өртеніп бара жатқандай күйіп-жана ма? Айтса да... бұл бұнан бұрын да басынан осындай... Жо-қ, осыған ұқсас бір халды көшпеп пе еді? Иә, бұл қыста балықшыларға еріп күні бойы теңізде боп, сонан ел жата жаурап қайтқанда анасы пақыр алдынан от жағып қоюшы еді-ау. Сонда бұл отқа түсетіндей шабынып отырып алғанда сүйегіне өткен суыққа бәрібір жуық арада жылу бара қоймай қалш-қалш ұшып бара жатқанда, ала-бөле екі беті дәл осылай шоқ басқандай өртеніп бара жататын еді ғой? Жәдігер бетін оттан алып қашқысы келіп еді; алып қашайын десе, ту сыртынан құшақтап қысып алған әлдекім тырп еткізбеді. Бұл оның құшағынан босанғысы кеп бұлқынды ма, әлде бұлқынғысы келді ме, өкпесі қысылып, талықсып, сәптіреген сана бірді-бірге шатыстырып, мынау әлгінде өзі ойлағандай алдынан анасы жағып қойған от емес, осы өңірдің өрттей ыстық күні сияқтанды. Әсіресе, әне бір Арал өңірінің сары маса, сары сонасы құтырып кететін шілде айында өрттей ыстық күн тас төбеге кеп

тапжылмай тұрып алғанда, бұның өзі де жанын қоярға жер таппайтын!

Жәдігер бұлқынды. Жоқ, бұлқынғысы келгенде қол-аяғын тырп еткізбей құшақтап қысып алған әлгі қанышезердің құшағынан босана алмады. Осыған дейін мынау бұған істер пәленің бәрін тіс жарып, тіл қатпай, үнсіз істеп жатқан-ды; кенет тіл қатты. Даусы құлағына жетуін жетсе де, сөзі естілмеді. Жәдігер жанын азаптап жатқан жендетті білгісі келді; кім екен деп ойлауын ойлады; бірақ әйелі есіне түспеді; кім де болса, мынаның нәсілі ұрғашы екенін білді; мынадай екіжүзді көлгірлік тек әйелдің... әйел нәсілдес ұрғашылардың ғана қолынан келеді. Бұны жай өлтірмей, отқа итеріп, жанын азаптап қинап өлтіргелі жатып та, ой залым-ай, бұның бетін сипай ма, саусақтарын уқалай ма?.. Айналайын-ай!– дей ме? Омай! Емешесі үзілуін көрдің бе? Не деген жәдігөй, сиқыр!

Өп-өтірік жылағансып, даусына діріл ендіріп "кешір!"– дей ме? Бұнысы не тағы? Сонда бұл нені кешірмек екен? Өз қолымен отқа итеріп, тірілей күйдіріп өлтіргелі жатқан жауыздығын кешіре ме? Әлде, онан да басқа бұның алдында бетін өртеп тұратын масқара қылығы бар ма? Әлде, бұнысы жылы сөзбен алдап-сулап сиқырымен арбағысы кеп тұрған әйел нәсілінің әдеттегі әнжілігі ме? Бәсе, бұл кісі арбайтын сиқыры бар көлгір біреуді білуші еді ғой! Сол өзі... сол... сол кім еді? Кім?

Жәдігер есіне түсіре алмады. Сосын жанарын жытылап қарайтын сияқты. Бірақ көзіне орнап алған тас қараңғы түнектен әлде бірдеңе елестеп бұған бір жақындап, бір алыстап бедер-болмысын танытпай қойған-ды. Кезін тігіп қайта-қайта қарағасын ба, бір кезде кезіне ақи-тақи орнап алған түн түнектің бір жағынан қол-аяғы шидиген кіп-кішкентай қыз... бәлекей қыз әлденеге аяғын бері баспай, алыстан елестеп тұрып алды. Білетін секілді. Бірақ анық-танығын есіне түсіре алмай ойланып кетті ме... екі арада, әлгінде ғана аяғын бері баспай тұрып алған жаңағы бәлекей қыз кенет қапелімде қасына жетіп кеп "жүр, ойнайық!"– деп тұрғанын байқамай қалып еді.

Жәдігер жалт қарап еді, көзіне орнап алған қараңғы түн бәрібір сейілмей, дүниенің бас-аяғын бұрынғыдай буып тұр екен. Бірақ, бұл жолы қараңғы қанша буып тұрса да, әлсіз жанарға сәуле енді ме, шап беріп білегінен ұстай алған мына бір шидей саусақ пен түлкінің күшігіндей, кіп-кішкентай сары қызды көрді. Ал кіп-кішкентай қыздың шекесінде селтиген екі тұлымшақты көргенде бәрі есіне түсті: иә, мынау... Мынау бұнымен баяғы бала кезде бірге ойнайтын кішкентай сары қыз. Қазір де қол-аяғы шидей болып алып, бұны әлдебір жаққа қызықтырып дызылдап жүгіре жөнелетіндей. Жәдігер сонан бері қанша уақыт өтсе де, оның өспей, сол баяғы күйде қарап тұрғанына таң қалғанша болмады... жаңа ғана: "Жүр!.. Жүр, ойнайық!"– деп бұның жанын алып дігерлеп тұрған түлкінің күшігіндей мыршай сары қыз

дегені қапелімде ор ауыз сары лаққа айналып, көк құрақты екі ұрты бұлтылдап күрт-күрт шайнап тұр. Жәдігердің иманы ұшты.

Өзінің дәл сол бала кезіндегідей, мына пәлені көргісі келмей алақанымен бетін баса қалды. Жоқ, бетін баса қалғысы келгенде, әлгі ор ауыз лақ дегені сәтте шандыр бет сары кемпірге айналып, бұны қозғалтпай, бауырына тас қып қысып ала қойды. Жәдігер титығы құрып, тырп ете алмай талықсып жатыр. От әлгіден де гөрі жақындай түсті. Лапылдаған жалын бұл жолы Жәдігердің бүтіл денесін алаулатып өртеп бара жатқандай; отқа күйіп бара жатқан бұның өзі ғана емес, үстіндегі киімдері де өртене бастағандай. Түтеп жанған иістен тынысы ауырлап, алқына бастады ма? Ол енді бұрынғыдан бетер жанталасып, жұлқынып, үстінде өртеніп бара жатқан киімдердің шешкенін шешіп, шеше алмағанын дал-дұл ғып жыртып лақтырайын деп еді; бірақ әлгі сары мыстан күллі ұрғашыларға тән екіжүзді көлгірлікпен өп-өтірік бұған жаны ашып, аяғансып баурына тас қып құшақтап отырып, саусақтарын, қолын уқалап, айналып-толғанып отырып та, көрдің бе, қол-аяғын тырп еткізбей қойды. Онсыз да ақтық дем алқымға тірелген осынау шағында, бұл сорлыны жөніне өлтірмей, лапылдаған отқа өз қолымен итеріп жатып та сиқырымен арбап, өп-өтірік жылаған мекерлігі жынына тиді.

Жәдігерде қарсыласар қауқар қалған жоқ-ты. Тек өзін отқа итеріп жатқан мына сары мыстанға; "істеріңді істеп қал!" дегендей тырп етпей сұлық жатып, ақтық демі үзілер алдында қас қағымдай ғана бір сәтке, онда да шыбын жан шеккен бір азап пен бір азаптың арасында ақтық рет көзін ашып, осынау адыра қалғыр дүниеге, адыра қалғыр дүниенің қашанда безеретін де тұратын бетіне соңғы рет назарын тіктеп бір қарағысы келіп еді; бірақ оған шамасы келмеді. Бүтіл денесін лапылдап өртеп бара жатқан алапат оттың бір түйір шоғы шашырап жанарына түсіп еді; сәулесі әлсіреп сөніп бара жатқан жанар шоқ түскен бойда жалындап ала жөнелді. Бұның денесімен бірге енді екі көзі де от боп қосыла жанып, бүтіл дүние қып-қызыл боп жалқылдап кетті. Өртенген жалғыз бұл емес, енді аспан да, жер де алаулап өртеніп барады. Әлгінде аспанның жарым-жартысын алып жатқан қорғасындай қара бұлтты да жалын шарпып қызарып кетті. Аспанда алапат дауыл тұрды, сеңдей сапырылысып ұйқы-тұйқысы шыққан әлгі қан қызыл бұлттан жер бетіндегі көлді көлдей, теңізді теңіздей жұтатын тажал көк өгіз түсіп келе жатты. Өрт шарпыған мына жер, сонау аспан сияқты бұлттан аяғы салбырап түсіп келе жатқан тажал өгіз де қып-қызыл. Су тартылған теңіз орнында әр жер-әр жерде көз ойдымданып қалған тұз көл-көлшіктерді жұтқалы қос танауы қатты басқан көріктей күсілдеп, ту сонау аспаннан аранын ашып салбырап түсіп келе жатқан мына алып қызыл өгізді көргісі келмей, бұл көзін жұма берді. Кірпігі кірпігіне айқасып, ақырын-ақырындап жұмылып бара жатқан көздің жанарындағы ақтық сәуле де әлсіреп сөніп бара жатты. Тас жұмылған көзбен бірге жанарында

жалындаған жаңағы қызыл шоқ та сөнген еді.

* * *

Бәкизат самолетті тас төбеге келгенде көрді. Ал ұшқыш сонау төменде, небәрі үй аумағындай сеңде қарайған екеуді көре сала шұғыл төмендеді. Самолет құлақ жара арылдап келді де, әлгі екеудің деңгейіне қатарласа бере жоғарыдан бір бума зат тастады. Сыртынан киізбен ораған жұмсақ нәрсе мұзға солқ етіп бүйірін соқты да, жанына аунап түсті. Самолет қайқаң етіп жоғары көтеріліп бара жатып төменде қалған жаңағы екеуге қол бұлғағандай қос қанатын екі жағына кезек сілтеп, келген жағына тартып тұрды. Ұшқыш жігіт әлгілерді қимағандай, әлсін-әлі артына мойнын бұрып, жалтақтап қарай берді. Соңғы қарағанда аспан астын алып жатқан телегей теңіз ортасында, үйдей-үйдей толқындар бірінен кейін бірі иығына іліп алып қақпақылап әкетіп жатқан бір шөкім сең қапелімде көзден алыстап кеткен-ді. Жерге қашанда қыран ұшар биіктен қарап дағдыланған қырағы жанар жал-жал толқын ортасында қалт-қалт еткен кішкентай мұзда қарайған екі ноқатты көргенде көңіліне тағы да күдік қашып: "Үшеу еді ғой?– деп ойлады.– Үшінші қайда?" Көзін талдыра қараса да, балықшы ауылдың бет алдынан ыққан кешегі үшеудің бас-аяғын түгендей алмады. Түндегі айқай жел басылса да, түбіне дейін шайқалып кеткен теңізде тыным жоқ. Кәрі жыны тарқамай, төменде қап-қара боп қайнап жатыр. Тек әдеттегі бұлыңғыр мұнар ауырлай түсіпті. Күн әлі шықпаса да, аржақта алаулаған өрттей сәуле әлден аспанның жарым-жартысын шарпып, шығыс бет түгелдей жалқылдап тұр екен.

Ұшқыш жанарын жытылап, көз ұшында қалтылдап ығып бара жатқан тоқымдай сеңнен назарын ілгері оздырып арығырақ қарап еді, телегей теңіздің сонау шалғай шетінде бұлдыраған бір нәрсеге көзі сүрінді. "Бұл не?" деп ойлады. Көзін тігіп шұқшия қарағанда, мынау ыққан мұздың жолында бүйірін тосып кеселеп тұрған алып кеме тәрізденді. Ұшқыш осы өңірде туып өскен жігіт-ті. Мынау алғашқыда ойлағандай кеме де, басқа ештеңе де емес, осы жұрт атынан қаралай қорқатын кәдімгі Барса-Келмес. Теңіз тартылғанша құс пен аңға мекен болған арал. Үйір-үйір құлан, мың-мың қара құйрық, ақбөкен нелер заманнан бермен аралдың азғантай тұрғындарымен аралас-құралас өсіп-өніп келген-ді. Оты-суынан арылғалы олар да басын қайттап, бет-бетіне босып кетті. Қазір кең далаға симай, көз ұшында мылтықты, машиналы біреу-міреуді көрсе зытып, жанын ала қашады.

Барса-Келместе әлі де үш-төрт үйдің ізі бар. Жастар жағы жұмыс іздеп, әлдеқашан аралды тастап кеткен. Ендігі қалғандар туған жердің топырағы қашан бұйырады деп күнін санап отырған өңшең кемпір-шал. Бұрын заповедник барда бұл аралға аспан астындағы ел-жұрттан ағылып келіп жататын сан-сапалақ туристер, ғалымдар сап боп

тиылғалы қай заман. Әдетте тосын құлақ есіткенде дір ететін аралдың аты да ұмытылып барады. Әзір, әйтеуір ертеден қалған бір әдемі аңыз ел есінде: оны да кейінгі жас ұрпақтың бірі біліп, бірі білмейді. Қатын-балаға күнделік ас тауып бере алмай, тартылған теңіздің ылай суынан шабақ аулап, қызыл тобық боп жүрген бишаралар бір кезде аты аңызға айналған Барса-Келместің әне бір дәуірлеп тұрған бақты, базарлы шақтағы құты мен киесін қайтсын. Қазіргі кісілердің қаперіне кіріп шықпайтын сол анау ата-бабалар өткен ерте-ерте ертеде осы өңірді мекендеген бір тайпа халықтың теңіз ортасындағы аралға барып жан сақтап қалғаны кімнің есінде дейсің.

Иә, аңыздың аты аңыз. Рас-өтірігін кім білген: бірақ кешегі өткен қариялардың айтқанына сенсең, бағзы заманда адам айтса нанғысыз ғаламат жұт болыпты деседі. Ондай жұтты бұрын-соңды бұл өңір, сірә, көрмепті деседі. Жұт болуға көрінген бе, сол жылы қыс дағдылы мерзімнен ерте түсіпті. Күн ерте суытыпты. Қар ерте жауыпты. Араға күн салмай бір апта жауған қар жер дүниені ақ кебінге орағандай басып сапты деседі. Түнде жатқан адамдар ертеңіне сыртқа шыға алмай кісі бойы қар астында қапты. Алланың әмірімен күн күнге, түн түнге ұласып жауған сол ғаламат қар әрі-берідесін нар қамыстардың басынан асыпты-ау. Теңіз өңірін жайлаған елдің ер-азаматтары қар астынан сыртқа тесіп шығыпты да, өзара ақылдасып бір пәтуаға келіпті. Ертеде ел тізгінін ұстаса да, бұл кезде күлге шөккен кәрі бурадай пеш түбінде отырып қалған жүзден асқан қарияға барып ақыл сұрапты деседі. Сонда қария күрсініп, бауырына түскен басын изеп отырып: "білем, білем ғой, ақырзаман бастарыңа түсіп, белің қайысып тұр-ау, балаларым. Сорлы қазақ сұм өмірді шетке шығарған өгей баласындай ылғи да осылай тасбауыр тағдырдың қаталдығы мен қатыгездігін басынан кешіп, соңғы қайғысы бұрынғы қайғысынан асып түседі де жатады. Алланың жазуы сол болса, амал қайсы. Шараң қане",– деп тағы бір күрсініпті де, сосын ақ таяғын аспандата жоғары көтеріп теңіз бетті сілтеп,– "өзім көргем жоқ, бірақ бала кезімде әкемнің арғы ұлы атасы айтқанын есітіп едім. Сол жарықтықтың айтқаны рас болса, таяғымның ұшы сілтеп тұрған осынау тұста, теңіз ортасында үлкен арал бар",– депті қария. Көптен бері жұрт алдына шығып жақ ашпаған қария аз ғана сөйлегенді де ауырлап, екі иінінен ентіге дем алып отырыпты да, әңгімесін ары жалғап,– ол жарықтық теңіз ортасындағы аралды өзі көрді ме, әлде басқа біреуден есітті ме, кім білсін. Әйтеуір соның айтуына қарағанда сол аралдың суы шәрбат, жағасы жаннат көрінеді. Бұрын арал мен қара жердің арасы қыста қатпай қара су шалқып жатыпты деседі. Биылғы қыстың түрі жаман болды ғой. Теңіз қатқан болар. Халқыма айтарым – кеудесінде жаны бар – кәрің бол, жасың бол – сол аралға жет! Жан сақтасаң – сонда барып жан сақтайсыңдар",– депті қария.

Көпті көрген көненің сөзін құп алған халық таяқ ұшы сілтеген жаққа маңдай түзепті. Аш, арық жандар қалың қарды толарсақтап кешіп, бір

жығылып, бір тұрып күн жүріп, түн жүріп, әлсіздері ере алмай жол бойы өлгені өліп, тірілері сүлдерін сүйретіп қария айтқан аралға жетіпті-ау! Қария айтса айтқандай бұл өзі жұмыр жер жаралғалы қанаттыда – құс, аяқтыда – аң болмаса, адам аяғы баспаған ұжмақ десе – ұжмақ екен. Шөбі – қау екен. Суы – шәрбат екен. Бұта-бұтаның түбі ұя басып, бауырынан балапан ұшырған құс екен. Аңдары да, құстары да қауіп-қатер қаперіне кірмей бейқам өмір кешкен екен дейді. Араларында тісті, тырнақты жыртқыш болмағасын қара жердегідей, күштілері әлсіздерін тыпырлатып талап жейтін сұмдықты көріп-білмепті деседі. Олар тек қыстың көзі қырауда әлдеқайдан сүлдерін сүйретіп келген мына бір өздерінен түрі, түсі бөлек, өздері сияқты төрт аяқпен бауырынан басып жүрмей, қос аяқтап басы қақшақтап жүретін мақұлықтарға таңданса таңданған шығар, тек жатсынып қашпапты. Екі аяқтылардың құлқын білмейтін аңдар өздері сияқты оларды да жан біткенге зәбірсіз көрсе керек, құралайын қасына ерткен қарақұйрық, ақбөкендер өздері іздеп келіпті. Көнін көтерген аш, арық екі аяқтылардың қасына қатарласып тоқтапты да, қап-қара көзі жаудырап аяй қарапты деседі. Сосын адам танысқанда бір-бірімен тілдессе, ал аңдар әуелі бірін-бірі иіскелеп алатын әдет емес пе, екі аяқтылардың қасына келіп мойнын созып, қолын иіскелей бастағаны сол екен дейді... Құрысын, адам шіркіннің оңған кезі болған ба, ол Заманның адамдары да осы күнгі екі аяқтылар сияқты әлгі қаннен-қаперсіз аңқау, момын бишараларды шап беріп ұстап құралайын құралайдай, киігін киіктей тыпырлатып сойып, шикілі-пісілі жей бастапты. Ал қырғауыл дегендер күл басында қытқыттаған асыранды тауық секілді, керек кезде мойнын бір бұрап қазанға бүлк еткізіп асып жесең де, жүнін шала-мұла жұлып, қызыл шоққа қарып жесең де еркің. Несін айтасың, рахат! Ұжмақ! Мал бағудың, қара жерге қолдан егіп, дән өсірудің қажеті жоқ. Күнде-күнде тегін етке керелеп тойып аласың да, күнсіген басыңды әлдебір қауқиған бұтаның бауырындағы алақандай көлеңкеге паналап шалжиып жатып аласың.

Қызыл қуырдаққа күнде-күнде керелеп тойып, қызара бөрітіп алған кісілердің, ой несін айтасың, бұл шақта қағанағы қарық, сағанағы сарқ. Кешегі күннің қиындығы қаперінен шығып кеткен. Күні кеше қорада тұрып қырылған мал-жандарын қапелімде ұмытып, өздері құдды айт-айттап, той-тойлап жүргендей, үйден-үйге қыдырып таң атырып, күн батырып жүргенде, кенет күн жылынып, мұз бұзылып қара жер мен екі араға су түсіп кетіпті. Ол заманда әлі қайық жасап үйренбесе керек. Не істерін білмей, сасқалақтап есі шыққан кісілер олай жүгіріп, бұлай жүріп, әбден айла-амал таусылғасын, тағдырдың салғанына көніп кешегі жұт жылы келіп қалған бір тайпа ел қара жермен қатынас үзіліп, осы аралда мәңгі бақи хабар-ошарсыз қалып қойыпты деседі.

Рас болса, рас шығар, содан бері, әйтеуір арал Барса Келмес атаныпты деп жүр ғой. Балықшы елдің бір сырын білсе, бір сырын білмейтін былайғы халық осы аралды айтса атынан қаралай қорқып,

иманы ұшып кетеді.

Бұның бәрін ұшқыш жігіт біледі. Қай заманнан бері ел есінде ескірмей, атадан-балаға айтылып келген мына әдемі хикаяны ол бала кезде үлкендерден есіткен-ді. Кейін өзі айтатын болды. Кімге айтса да, жұрттың имандай ұйып тыңдағаны әсер ете ме, әйтеуір, өзі де осы аңыздың ақиқат шындығына шүбә келтірген емес. Бұл жігіт өзін де сол анау ерте ертеде малы, жаны қырылған ғаламат жұтта қатын-баласын шұбыртып баруын барса да, бірақ кері қайта алмай аралдан қалып қоятын жандардың бірі болмаса бірінен тараған үрім-бұтақ екеніне де күмәнданған емес-ті.

Теңіз тартылғалы Барса Келмес Құдайға да, адамға да керегі жоқ қу далаға айналып, тірлік ізі өшіп барады. Бұрынғы үйлер қираған. Бүкіл аралда әзір қам кесектен соққан үш-төрт үй қалқияды. Олар да күн сайын іргесін топырақ басып, қара жерге белбуарлап кіріп барады. Үй маңынан тірлік нышан сезілмейді. Тек күндіз-түн азынаған жел мен аппақ ақ сор шаңдатып борайтын да тұратын аралдың аспанын екі ай, үш айда бір тітіретіп оқыс дүріл шығады. Қатты дүрілден әзер-әзер құламай тұрған әлгі үш-төрт тамның соқыр терезесінде сына-сына бұл күнде қырық құрауға айналған әйнектер шалдырап, қабырғалар шайқалып кетеді. Жарбиған үйлердің тарс жабық есіктері ақырын ашылып, аржағынан қос қолдап таяққа жабысқан өлмелі кемпір, шалдар қалт-құлттап шығады. Бұлар бір кезде ұшқыш жігіттің әке-шешесі мен бірге осы дүниенің ащы-тұщысын бірге татқан жандар. Қазір қатары кеткен, тірі қалғандар да ілгергі күннен ештеңе күтпейді; тек мына адыра қалғыр туған жердің топырағын қимай, сағатын санап отыр; ұшқыш жігіт алақан жайып жүріп бензин тауып, екі ай, үш айда жеткізіп беретін қант, шайды тірлікке талшық қып жан созып келеді...

Қазір де ұшқыш жігіттің есіл-дерті қара жерге жетіп, майын толтырып алғасын ізінше қайта оралмақ. Оған дейін ығып бара жатқан әлгі сең де алдында жолын кеселеп тұрған Барса Келмеске тұмсық тіреуге тиіс-ті. Ол тек кеше ыққан үш кісінің бірі қайда кеткенін білмей, ақылы дал боп ойланып қала берді; оны әсіресе дал қылған – мұзда ығып бара жатқан екеудің бірі – әйел; әйел бұл көргенде көк мұзда өлі-тірісі белгісіз, қол-аяғы серейіп жатқан кісінің басын сүйеп отырған-ды; бұл жоғарыдан бір бума затты тастай сала қайқаң етіп қайта көтеріліп бара жатып артына бұрылғанда, әйел орнынан асығыс тұра сала самолеттен тастаған затқа жүгіріп барады екен.

Ұшқыш бұған тіпті аң-таң. Кеше ауыл алдынан ыққан үшеудің ішіндегі әлсізі аман қалып, ал қиын жағдайда қайрат қылар екі бірдей қарулы еркектің... "Апырай, ә... бұл қалай? Бұны қалай түсінуге болады?"

* * *

Бәкизат кәдімгідей дағдарып тұр. Ақ киізге ораған бір бума затты үй аумағындай мұздың ана басында жатқан Жәдігерге апарғысы кеп әрі-бері әурелеп көріп еді; бірақ оған шамасы келмеді. Киіздің сыртындағы байлаған кендір жіпті де шеше алмады. Қолы илікпей, буындары бартиып ісіп кеткен. Әсіресе, сексеуілдің шырпысындай секейіп-секейіп тұрған саусақтарды бір-бірлеп үрлеп еді; бірақ іштен шыққан демнен жылы нышан сезілмеді. Тырнақтардың асты қарайып, терісі күлдіреп кеткен ебедейсіз қолмен ештеңені дендеп ұстай алмады; қыл арқанға қолы сәл тисе де үсіген саусақтар құдды шоққа тигендей удай ашып, тызылдап ала жөнеліп тұр. Ондайда Бәкизат ыршып түсіп, жаны шыға қан қақсап бара жатқан саусақтарын сілкілеп қалады. Осыдан кейін беттемей, екі қолын екі қолтығына тығып дір-дір етіп тұрды да, басқа амал қалмағасын арқанды тісімен әурелеп еді; күрмеу босаған сияқтанды; азырақ дем алғасын арқанға еңкейіп ұмтыла бергенде басы айналып, маңдайын мұзға соғатындай етбеттеп құлап бара жатқанда, жан-дәрмен қам жасап қол таянып қалды.Киіздің орауын жазып еді; ішінен көрпе шықты. Көрпенің арасынан ыстық сорпа құйған пластмасса құты шықты. Қызуын бойында сақтап, қыж-қыж қайнап тұрған құты қолына тигенде қуанғаны, әлде күлгені белгісіз, бет алабы бір түрлі ұйқы-тұйқы болды: "О, Жаасаған!"–деді "Құдіретті ккүшті Құдай!.. Ттәңірім!..",– деді. Әйелдің адам сиқы қалмаған бет алабы – маңдайы, мұрны, әсіресе, шыт-шыт жарылған ерні құдды ошаққа құлап отқа күйгендей қара қошқылданып, ажар-әлпеті мүлде бұзылып кеткен-ді. Соған қарамастан тобарсып қиыспай тұрған ерні күлкі шақырғандай әнтек ыржиып, аузынан шыққан әлгі ырзалық сөзбен қабаттаса, жарыса келіп қалған жас тамағында тұр; мұрынын жеңімен сүртіп, үсті-үстіне тартқылап қояды. "Жаарратушы ием, көзз жжаасымыз ссааған да жеткен ееккен ғоойй. Ттек құдіретіңнен айналайын Құұ-ұдай... аана ссорлыға рахымыңды ттүсірсең еді..."

Бәкизат танауын үсті-үстіне тартқылап, иегі кемсеңдеп кетті; қалшылдап ұшып бара жатқан денесін аяғы әзер көтеріп тұр. Көк тайғақ мұзды байқап көргісі келгендей, әуелі аяғының ұшымен абайлап бір басты; келесіде аяғын тіпті әзер қозғап тағы бір басты ма, жоқ па, қалт тоқтады; басы айналатын сияқты; қолына, аяғына кірген діріл тұла бойынан әл-дәрменін әкетіп бара жатқан сияқтанғасын тоқтаған жеріне тізе бүкті; бауырын қысып алған құты көкірегін қыж-қыж қайнатып барады; ауадан ыстық астың иісі келді; тән мен жан дәл қазіргідей титықтап тұрғанда ас исін сезген қандай рахат! Бәкизат өзінің бұрын-соң ыстық асқа дәл осыншалық аңсары ауып, исіне еліткен кезін білмейтін сияқты.

"Ыстық ас ішсе, бәлкім... бәлкім ес жияр ма еді? Иә... иә, әл жияр еді ғой",– деді Бәкизат; кенет асығып, орнынан атып тұрғысы келді; бірақ асыққанның әлегі ме, әлде кенеттен киліккен қуаныш шынымен әл-дәрменін әкетті ме? Сүйтті... сүйтті-ау, сірә... әйтеуір қол-аяғы әлгіден де гөрі қалтырап, екі ұмтылғанда аяғына әзер мінді; сол бойда екі

өкпесін қолына алып дедектеп жүгіре жөнелгісі келді; шыныменен жүгіре жөнелетіндей кеудесі кәдімгідей құс қанаттанып кетсе де, бірақ, не көрінгенін қайдам, жеме-жемге келгенде аяғы құрғыр алып ұшқан көңілге ілесе алмай, әлтерпеш-тәлтерпеш бір басты. Екі басты. Үшіншіде қараптан қарап әлі құрып, тілерсегі майысып бара жатқасын жалма-жан жеткен жеріне тұра қалды.

Бұған, сірә, бірдеңе көрінді; бұл тап жаңа да дәл бұншалық емес-тұғын; соған түсіне алмай ақылы дал боп тұрды да, қайта жүрді; жоқ, жүргісі келді; жүрер алдында әуелі аяқ жолын байқап алғысы кеп, көзін ілгері жүгірткенде иманы ұшып кетті; түндегі қара дауылдан кейін қардан арылып, ырсиып жатқан жап-жалтыр жалаңаш мұздан табаны сәл ажыраса тайып жығылатындай, аяқ-қолы дірілдеп қозғалуға қорқып тұр; небәрі үй аумағындай сеңнің ана басында әлгінде өзі ішікке орап кеткен жерде тырп етпей жатқан Жәдігерге жету арман боп тур. Егер, бұл қазір дегені болып Жәдігерге жетсе, бас-аяғын көрпеге орап, ыстық сорпа берер еді-ау... сонда, кім біледі, әл жияр ма еді? Иә, шықпаған жаннан дәме бар; әрине қол-аяғы үсіді ғой; әсіресе, жарыққа тығып алған аяғы келе болмайтын шығар? Мейлі! Келешекте екі аяғын жуан саннан кесіп тастаса да мейлі; тек, шыбын жаны аман қалса екен. Осыдан Құдай жар болып, жалғыздың жаны аман қалса, елге аман-сау жетсе... е, онда бұ да азаматын алақанға салып балаша мәпелеп бағар еді ғой. "Иә, бағар едім-ау?"– деді Бәкизат.

Есіне баяғыда бұлар астанада оқып жүргенде көрген ала көз, бұйра бас еркек түсті. Сол күні... тоқта, сол күні не боп еді? Әзім екеуі бір жаққа баратын боп аялдамада трамвай тосып тұрған екен-ау. Сол өзі көктем бе, жаз ба, әйтеуір аспан ашық еді; күн қандай тамаша еді! Екеуі көңілді еді. Серуенге шыққан ығы-жығы халық та көңілді еді. Әзімнің күлдіргі бірдеңелерді айтып, сықылықтап қоятын әдеті. Сол жолы да біреуді (Жәдігер болса да өзі білсін) сыртынан сықақтап байғұстың аузын, мұрнын әр саққа жүгіртіп тұрған-ды. Кенет әлдене бұлардың ту сыртынан тас көшені тоқылдатып келіп қалды. Аялдамада тұрған жұрт жалт қарады. Бәкизат та солармен бірге елең етсе де, бірақ қылжақ жігіттің қызық әңгімесіне ішек-сілесі қатып сықылықтап тұрып көңіл аудара қоймады. Тек аялдамада тұрған жұрт әлгіден кейін демін жұтып тым-тырыс бола қалғасын Бәкизат тосын дыбыс шыққан жаққа назар аударып еді; көзі түсер-түспесте күлкісі тиыла қалды. Басқалар сияқты бұның да түсі демде құп-қу боп кетті. Дереу бірдеңеге сүйенбесе құлайтындай қорқып, айналасын қармап, қасында тұрған жігіттің қолынан ұстай алды.

– Бәтіш... Ой, саған не болды?

Не болғанын біле қойған жоқ, тек жұртпен бірге жапырыла кейін ығысып, әлдекімге жол бере берді. Әзім бұлардың бұлайша неге түсі қашып, тіл-жағынан айырылып қалғанына қайран. Бірақ сұрауға бата

алмағасын араларынан екі жарылып жол беріп тұрған мына кісілердің назары ауған жаққа бұрыла бере аяғының астына еңкейіп еді. Сүйтсе... е, Құдай, бәрінің есі шыққаны мынау екен ғой; аяғын ілбіп басқан ұзын бойлы, ақсары келіншектің дәл сирағының деңгейінде жуан саннан төменгі жағы қырқылған бұйра бас, ала кез біреу келідей кеудесін сүйретіп қапты. Екі қолымен тас қып қысып алған әне бір балшық сылайтын қалақшадай тақтайшамен тас көшені тағалы аттай тарсылдатып, келідей кеудесін құдды көл бақадай ырғытып, құйрығымен жер сабалап келеді екен.

Әзім қызды бүйірінен түртіп қалды:

– Сен бұны соғыстың мүгедегі деп тұрсың ба? Мен білсем, бұл...

– Перестань!

– Жоқ, шын айтам. Мен білсем, бұл сабаз мас боп трамвайдың астына...

Аузын құлағыңа тақап әкеле берген қылжақбас жігітті жек көргенің сонша, кеудеден қатты нұқып ары итеріп жібердің де, ала көз, бұйра басқа кісілердің тасасынан көз тастадың. Айтпасаң да, аржағыңда "трамвайға қалай мінер екен?" деген ой тұрған-ды. Ақсары келіншек соны аңғарғандай: "Басқа түссе, біз бейбақ не істемейміз. Көре қал қалай мінгенімізді",– дегендей шұғыл еңкейіп, баспалдақтың алдында құйрығымен шаншылып отырған келідей еркекті жерден кеуделеп көтеріп алды да, трамвайға бір-ақ ырғыды...

Сонан бері қанша жыл: бұл институт бітірді; күйеуге шықты; екі балаға ана болды; бірақ араға жыл түссе де сондағы ақсары келіншекті ақи-тақи ұмыта алмады; түнде түсіне кірді; түсінде ылғи мүсіркеп аяп жүреді; сорлыны мүгедек еркекке бауырын жабыстырып, теліп қойған құдірет күштің сырына түсінбей, ылғи басы ауырып быт-шыт боп оянатын.

Енді, міне... көз бен көңілден алыстай бастаған сол ақсары келіншек есіне қайта түсті; бұл жолы бірақ оны баяғыдай аяп тұрған жоқ; оны мүгедек еркекке бауырын жабыстырып теліп қойған құдірет күштің сырын ойлап, басын қатырып тұрған жоқ-ты, үйткені ақ сары келіншекпен бұл қазір тағдырлас, мұңдас. Жәдігер де аяғын суыққа алдырып, бұйра бас, ала көз еркекше келідей кеудесін сүйретіп қаларын білді; бірақ оған қиналған жоқ; есіл-дерті Жәдігерге тезірек жетіп, көрпеге орап, ыстық сорпа ішкізсем деп ойлап еді; оған, бірақ, көрмейсің бе... қол-аяғы қалшылдап әкетіп барады; тұрған жерінен қозғалса құлайтындай қорқып, көк тайғақ мұздан табанын жаза алмай тұр. Соған өзі түсіне алмады. Бұл не тұрыс. Бұл жаңа ғана тайғанақтап, сүрініп-қабынып келе жатқан жоқ па еді? Жаңа ғана жаны, тәні бір кісінің үстінде болып, үйде қалған жас балаға асыққан анадай айналып-

толғанып келе жатқаны қайда? "Тек кеудесінде шыбын жаны аман қалса екен",– деп келе жатыр еді ғой? Осыдан жаның аман қалса, соңыра мен де сені өле-өлгенше мәпелеп бағар едім; анадағы ақсары келіншектей мен де сені көлікке өзім көтеріп мінгізер едім деп өзіне-өзі ант еткендей, екі өкпесін қолына алып емпелеңдеп келе жатыр еді. "Мәпелеп бағам" деп еді ғой? Иә, деді. Деп еді. Әлде сол түс пе? Егер түс болса, қаскөй біреу түсін аяқтатпай оятып жіберді ме? Сосын бұл өзіне-өзі келе алмай есеңгіреп отырмаса не қылсын? Қанша уақыт өткенін білген жоқ, осыған дейін көз алдын көлкештеп тұрған кіреукенің етегі ыдыраған сияқты ма, қалай? Сәптіреп шатаса бастаған сана қайта оралып, есін жиғандай болғасын жан-жағына абайлап қараса, бұл әлгі бағанағы бір орыннан тапжылмай тур екен; қалтырап әкетіп бара жатқан аяқтан әл кеткен; буынын баса алатын емес, не ғып құламай тұрғанына таңғалды.

Әлі де болса жалтыраған мұздан жүрексініп тұрды да, аяғын абайлап бір басып, екі басып ақырын-ақырындап жүріп кетті; бауырын жаза алмай бүгежектеп келеді; жақсысы, әйтеуір, бір орында тұрған жоқ; әйтеуір қыбыр-жыбыр қозғалғанына қуанып, әр қадамын ішінен санап "аз қалды",– деді; "тіпті аз қалды. Қазір... қазір жетем",– деді; жететініне өзі де күмәнданбады; әне, небәрі таяқ тастамдай жерде қасқыр ішіктен аяғы әнтек шығып серейіп жатқан азаматын көрді. Бірақ тұла бойы бұлайша неге серейіп кеткеніне мән берген жоқ; есіл-дерті азаматына жету; азаматына тезірек жетіп ыстық сорпа бергенше жаны қалмай, екі көзі телмеңдеп жаутаң-жаутаң қарап келеді; көкірегі аналық мейірім секілді елжірек сезімге толып, ауыз ашса аржағынан тек ананың ғана балаға айтатын бірінен-бірі өткен елжірек сөздері ақтарылғалы тұр. Бәкизат шамасы келгенше тежеп бақты; "Шыда... шыда, қалқам",– деді; "қазір астыңа қос қабаттап киіз төсеймін",– деді; "жылы көрпеге орап, ыстық сорпа берем",– деді; "ыстық ас ішкесін, көре қал, жылынасың, әл жиясың, сосын бастан кешкен бар азап, бар тауқыметті ұмытасың, қалқам. Бәрі ұмыт болады, ұмыты-ла-а-а..."

Бәкизат сүрініп кетті; аяғы сүрінді ме, әлде ойы сүрінді ме, ол арасын білмеді; тек уысынан шығып бара жатқан құтыға жалма-жан қос қолдап жабысып бауырына қыса қалды; аяғын сонан ары баса алмай, әлі құрып бара жатқасын жеткен жеріне тізе бүгіп отыра кетті. Уһ-һ!.. Адам байғұсты жасына жетпей жүйкесін құртып, күнінен бұрын қартайтатын көңіл ғой, адам жанын марқайтатын да көңіл; бұл жаңа шамасы келсе құс боп ұшуға бар еді-ау! Енді міне... Иә, енді қос канаты бірдей қырқылғандай, көкірегі құрғыр көшкен ауылдың жұртындай құлазып қоя бергенін қарашы; жә, бұны жаңа құс боп ұшқанда қай мұратқа жеткізерін кім білсін; ал құлазыған көңіл қандай жаман! Құдды жапан түзде жан-жағынан жел ызғитын да тұратын әлгі бір құс саңғып кеткен қоңыр төбедей аңылжыған жайдақ.

Апырай, бұған не болды? Басы айнала ма? Дереу қам жасамаса

құлайтындай қорықты да, көк мұзды қос қолымен тіреп отыра қалды. Денесін билей алмай талықсып кетті. Көзін жұма түсті де, іле-шала қайта ашып еді. Жаңа көзін жұмардың алдында қарсы алдынан шара табақтай қып-қызыл күннің төбесі қылтиып көріне бастаған сияқтанған-ды. Кешегі қара дауылдан кейін әлі де болса реңі кірмей, сұрқы қашып тұрған сүреңсіз жүдеу аспан астына қапелімде қара түн қайта орнап келе жатқандай, көзінің алды күреңіттеніп, әлгінде ғана ап-анық көрініп тұрған көкжиек бұлдырап бара жатты; сол-ақ екен, іле-шала шегі мен шетін болжатпай қап-қара боп түтігіп өкіріп жатқан теңіз де, теңіз бетіне бірінен кейін бірі зәрленіп, ереуілдеп жұлқынып шығып жатқан жал-жал толқындар да, сол жал-жал толқын арасында ыққа қарай шапқылап жөңкіп бара жатқан ірілі, ұсақ сеңдер де бұлдырап бедерін жоғалта бастады. Бәкизат көзін жұма қалғанын біледі; құлайтындай қорқып, қолымен маңайын қармағанын біледі; қолына қарбаласта не іліккенін білмесе де, бірақ іле-шала бойын тіктеп, көзін ашқанда, жаңа ғана бұлыңғыр дүние қайтадан бедерін беріп, бермен жақындап қалған екен; тас бітіп қалған құлағы ашылып, төңіректегі дыбыстар тіріліп, тым-тырыс дүние қайтадан дүркіреп қоя берді; мұз тіреген қолын жерден алған жоқ; жанары тірілген көзін жан-жағына тастады; қай жаққа қараса да жер көрінбеді; аспан асты қазандай қайнап жатқан теңіз; қара дауылдан кейін де кәрі жынын қаптатып гүрілдеп, сарылдап, өкіріп жатыр; жел әлдеқашан сап болса да, мына теңіз жуық арада басылар емес қой. Теңіз екеш теңіз де түні бойы дүниенің астаң-кестеңін шығарған айқай дауылдан кейін өксігін әлі де баса алмай, өжектеп өкіріп жатқан түрі мынау; теңіз бүйткенде, адамға не жорық; ал бұл "бәрі ұмытылады" деп жеңістік бермейді; тіріде кісі бастан кешкеннің бәрін бірдей ұмыта ма? Ұмыту мүмкін бе? Ә, үндемейсің? Бірақ үндегенде не десін...

Рас, адам шіркін итжанды; тойса – қарны ашқанын ұмытады; жылынса – тоңғанын ұмытады; қаласа тіпті маңдайына жазған бір тұтам тірлікте жаны, тәні ит талағандай болып жүріп те жоқтан жұбаныш тауып, өзін-өзі алдарқатып күн кешеді. Соның бәрі қолынан келіп, әрілесе аштыққа төзіп, қорлық пен зорлыққа көнгенде, сол жаны сірідей көнбіс адамның да не қылса да тіріде, сірә, біріне-бірі кешірмейтін, кешіре алмайтын да нәрсесі болатыны ғой? Апырай, адамның өле-өлгенше ұмыта алмайтын нәрсесі болатынын бұл неғып білмеді?

Удай ащы тырнақ Бәкизаттың көкірегін осып алды; көзінен мөлт еткен екі түйір жас көк мұзға тырс-тырс тамды; орнынан созалаңдап әрең тұрды; аяғын әрең басты; мұзға табаны тұрмай тайғанақтап келе жатқан жалғыз бұл емес; төбесі қылтиып көрінген күннің қызғылт сәулесі де бүрі жоқ жалтыр мұзға жете бере тайғанақтап, сырғанап жалп-жалп жығылып жатқандай; әр жер-әр жерде үйір-үйір жылтылдаған сәуле; Бәкизат жанарын қарып алған өткір сәулеге жасқаншақтай қарады; онан сайын тайып жығылатындай қорқып,

шыныдай жалтыр мұздан көз айырмай аңдысып келе жатқан-ды. Кенет төбеге ұрғандай қалшиып тұра қалды; әп-сәтте не болғанын, неге бүйткенін өзі де білген жоқ-ты. Тек кірпігін қағып қалып, осылай үстіне келгенде бір-ақ көрген бұзаубас нән етікке көзін тігіп қайта қарап еді. Неге екенін қайдам, мұз астынан тұмсығын көтеріп шыға келгендей жолын кеселеп тұра қалған мына етіктен сескеніп, шегіне бере қалшиып қатты да қалды.

– Жжәәдігер!..

Даусы шықпады ма, қасқыр ішік арасында арыстай боп жатқан денеде сес болған жоқ. Бәкизат оған салған жерден жетіп бармай, әуелі орағытып айналып шықты. Сосын ақырын кеп жанына тізе бүкті. Әлі де болса қасқыр ішік арасында жатқан денеге тура қарай алмай, жанары тайсақтап, көзін алып қашып отырып Жәдігердің басын сүйеп еді. Бұрын бұндайда бойын билей алмай былқ-сылқ болушы еді; бұл жолы бөрене тәрізді қара тастай зіл салмақ салған жерден қолын төмен тартып ала жөнелді...

– Жжәәдігер!.. Жжәдігеерр!..

Жан ұшырған дауыс ышқынып шықты. Топырақ басқандай зіл қара тасқа айналған денені әйел әй-шәйге қаратпай жұлқылай бастады. Бірақ бұл кезде ол жөнеліп кеткен еді. Сол жай іле-шала әйелдің де санасына жетуін жетсе де, бірақ мынау бұған қапылыста тиген соққыдай есін жия алмай, есеңгіреп сұлық отырып қалды. Іштен ұрған өксік пе, иығының басы селк етті. Іле-шала иегі әнтек көтеріліп кемсеңдеп бара жатқасын өзін тежеп қалды. Сонан біразға дейін үнін шығармай, дыбысы мен демін ішіне жұтып қыбырсыз отырды да, екі қолын ілгері созды; дірілдеген саусақ ұшы тон арасындағы денеге тиер-тиместе су қараңғы кісіше сипалап кетті; ашық теңіз үстінің түндегі үскірік аязы мен ақ түтек боранында басындағы түлкі құлақшынның әр қылшығы бір қар, бір мұз боп соқталанып қалған-ды. Бәкизат жаны шығып кеткен дененің қар-қар басын бауырына тартып қос қолдап құшақтап алды да, екі жағына кезек теңселіп отырып, әуелі ақырын ыңырсыды; бірақ бұл жоқтау емес-ті; бұнда сөз дейтін сөз, әуен дейтін әуен жоқ-тұғын; мынау, әдетте адам жаны қан қақсап ауырғанда аржағынан ұлып шығатын көй-көй! Әрберідесін бұның әлде аң, әлде адам үні екенін айыру қиынды; сонан бір кезде... азаматын оң жаққа салған әйел пақырдың әне бір ет бауыры езіліп көй-көйлеп отырып, сонан бір кезде іші-бауырын жалап бара жатқан күйік ақырын-ақырындап көтеріліп, бара-бара өзегі өртеніп ағытылып кететін ащы зарды енді бұ да тежемеді; тек басында тұла бойын суық алған әйелдің даусы қарлығып шыққан-ды; және дауыл әлдеқашан басылса да, бірақ түнде түбіне дейін шайқалып кеткен теңіз тынған жоқ; таң атқалы да бір сәт толастамай, үйдей-үйдей есірік толқындар жан-жақтан зәрлене бой көтеріп, дамылсыз гүрілдеп, сарылдап

жатқан.

Бірақ қара жамылған қатын оны қайтсін; қашанда байы өлген бауыры жаралы бейбақ бұндайда қайта ашынып, айбықадамдана түспеуші ме еді; ашынғанда бұ да аяқ-қолы серейген өлікті алдына жыға салды да, жас айғыздаған бетін жоғары көтеріп, бұл кезде тап бір теңіз түбінен шыққандай талаурап, белбуарына дейін көтеріліп қалған өрттей қып-қызыл күнге бұрылып, қарсы қарап отырып алды; сосын екі бүйірін таянып жіберді де, екі жағына кезек теңселіп отырып қайта аңырады; әлгіндей емес, даусының тарғылы тараған; жал-жал толқындар жан-жағынан зәрлене жон көтеріп өкіректеп жатқан осынау ұшы-қиырсыз теңіздің гүрілі мен сарылынан да дауысын асырып, аңырап-аңырап алды да, ақ жалын ішінен ақтарыла "ah" ұрды; "ah" ұрды да, қайта көтерілді; қайтадан екіленіп жұлқынып-жұлқынып, бетін алып-салса да, бірақ басқа түскен ауыр нәубетті басқадан көріп, беталды байбалам салып кеткен жоқ; күнәкар қатын көкірегі, сірә, қарайғанда көктен өзіне зауал тілесе тілеген шығар, ол тек осы іске Құдайды да, Адамды да араластырмады;ешкімді араластырғысы келмеді; басына бармақтай бақыт тілеген бар-бар бейбақ сияқты бұ да кеше шынтуайтқа келгенде неден тартынып еді? Керек десе осы ісінің оң-терісін, обал-сауабын ойлап жатпастан көзді жұмып кетті емес пе? Соған кім кінәлі? Кім? Осы жасқа келгенде сағым қуған есалаң көңілдің жетегіне еріп, беттің арын белбеуге түйіп, байын тастап басқа бір еркектің соңынан кете барған опасыз сайқалға арналған, бұл жалғанда, сірә, жаза бар ма? Бар болса, жүзіқара айыпкер әзір. Ол өзі қылған іске араша тілеп, ақталудан аулақ; ол тек арыстай азаматтан айрылған өзінің сорын азалап, көкірегі толған қасіретті кімге айтып шағынарын білмеді; зары мен мұңын адам тұрсын, әрілесе көк тәңірі Құдайға да айтқан жоқ; айтса да ол тек өз зарын өзіне айтты; сосын түнімен арпалысып шыққан тап мына тас құлақ керең табиғаттың дәл өзіне айтты. Шағынса да соған шағынды; шаптықса да соған шаптықты; өкіректеп өкіргеннен басқа білері жоқ телегей теңізбен, сонау тас төбеден қарап мөлиетін де туратын мылқау аспанға, түнімен жер бетіне әлекті салып-салып, енді әне пышақпен кескендей бір сәтте тына қалған аралдың адуын жынды желіне ашынған апырым әйел шерлі жүрегін сыздатқан бар-бар ызасын, бар күйінішін сыртына ақтарып, ашық теңіз үстін аңырата айқайға басып-басып алды да, кілт тоқтады; қарлыққан даусын кілт үзіп, көзін тас жұмып отырып қалды; жас айғыздаған жүзін жоғары көтеріп, қыбыр етпей отырды да, ара-арасында солқылдап кетеді; бағанадан шиыршық атқан жұлын-жүйкесі қазір күрт босаған; әлгінде Жәдігердің аппақ ақ қырау басын бауырына қысып құшақтап алған қолы да енді қайта жазылмастай қарысып қалған сияқты еді; қазір о да сылқ түсіп жаны шығып кеткен дененің дәл кеудесіне құлапты.

Бәкизат төңірегінен түк сезбей, сұлық отырып қалғанды; бір кезде Жәдігердің көкірегіне құлаған қолының астынан әлдене

бүлкілдегендей болды; "ә" дегенде оны байқамады; тіпті сезбеген сияқты; сүлдерін көтерген сұлық қалпынан селт еткен жоқ-ты; сәлден соң жаңағы болымсыз тірлік бұған қынулап қайта белгі берді. Қайта бүлк-бүлк етті. Бұл оны енді сезді. Сезген бойда бұл кезде беті-аузы түгел үсіп, әйел ұсқыны қалмаған қара қошқыл кескін ұйқы-тұйқы болды. Шыт-шыт жарылған еріндер қиыспай, иегі көтеріліп кемсең-кемсең етті. "Иә, сәт!"– деді Бәкизат ішінен; "О, Тәңірім!"– деді; "Жаратушы жаппар Ием-ау, мынау... мынау жан енген дененің бұған тірлігін білдіріп жатқан белгісі ғой! Мынау сол ғой! Иә, иә, бұған жан енгенін сездіріп лүп-лүп соғып жатқан жүрек!.. Жүректің, сол байғұстың соғысы! Соның тынысы ғой мынау! Ендеше, азаматы аман болды; Жасаған Ие жар болып желеп-жебеген болды; кеудесінде жан бар! Міне, жүрек соға бастады. Е, бақ! Тағы соқты! Тірі, тірі!"

Бәкизат қуанышын айғайлап жар салғысы кеп еді; оған бірақ айқайлар жерде ала құйын сезім ұйқы-тұйқы боп алқымға тығылды; сосын қараптан-қарап сасқалақтап, қалтыраған қолын Жәдігердің қойнына сұқты; қабат-қабат киім арасынан тірлігінен белгі беріп лүп-лүп соғып жатқан жүректі іздеп еді; саусақтарының ұшы сипалап жүріп бірдеңеге тиді; Бірақ ұстай бергенде, бұлт етіп уысынан шығып кетті; Бәкизат қайта ұмтылды; ұстауын ұстаса да, бірақ сырттың суығын ала келген мұп-мұздай қолдан шошыды ма, әйтеуір бұл жолы да уысына ілігер-ілікпесте мына бір бұған әзір аты, заты беймағлұм кіп-кішкентай тірлік қайта тынышсызданды; уысынан босанғысы кеп қиғылық ұрып пыр-пырлап жатыр; канаты, құйрығы бар сияқты; бітім-болмысы құсқа келетін сияқты; Бәкизат та бұны құстан басқаға жорымады; басқаға жорығысы келмеді; халық айтса – қалып айтпаған; халық айналайынның қателескен жері жоқ; өлсе тән өледі, жан өлмейді; дүние салған адамның шыбын жаны ақтық деммен бірге кеудеден құс боп ұшатыны рас; ендеше бұның уысына іліге сала ұшқысы кеп тыпырлап жатқан мына бір кіп-кішкентай тірлік те басқа емес, Жәдігердің құсқа айналған шыбын жаны; соған кәміл сенген әйел: "Жәдігер өлген жоқ, тірі! Тірі!"– деп жарық жалғанға жар салып, айқайлағысы келіп еді; оған бірақ тағы да дәл жаңағыдай ала құйын сезім алқымға тірелді. "Тән өлсе де жан өлмейтіні қандай жақсы",– деп ойлады Бәкизат; соған өзі шынымен иланды; мына тыпыршып әлек сап жатқан болымсыз тірлік соның айғағы!

– Азаматы тірі! Тірі! Ті-рі!..

Осы жолы Бәкизат өз даусын өзі есітті. "Тірі... Тірі!.."– деп айқайлады; есі ауысқан кісіше осынау өкірген телегей теңіз ортасында қалт-құлттаған қабажақтай мұзда жарық дүниеге жар салып айқайлап жатқанына қысылмады; жанарына жас толған көзі көкке әуелеп, иегі кемсең-кемсең етті.

Бәкизат жылағанына қысылған жоқ; үйткені көзіндегі қуаныш жасы

еді; ұшы-қиырсыз теңіз ортасында қалтылдаған тоқымдай сеңнің дәл қазір табан астында бар-жоғын да сезген жоқ; үйткені бұл өзін түндегі алапат дауылда Жәдігердің бойындағы жылумен жан сақтап аман қалған бір жапырақ кіп-кішкентай құс сезінді; қол орнында қанат, қаласа қазір-ақ көтеріліп ұша алады; ұшып та кетер еді; ұшпайтыны... ұшпайтын себебі... себебін біледі; се-бе...

Бұған, сірә, бірдеңе көрінді. Басы айнала ма, қалай? Жүрегі лоблып, санасы сәптіреп, ақылы шатаса бастады ма? Айтса да, мына дүние неге қараптан-қарап дөңгеленіп барады? Басқасы басқа, ертелі-кеш тас төбеде мүләйімсіп мөлиетін де тұратын мына кір-кір сатпақ аспан неге жермен қоса шыр айналып-айналып, кіндігінен үзіліп гүрс етіп үстіне құлап түсетіндей, төңкеріліп бара ма қалай?

Әйел дүниенің қарап болғанын көргісі келмегендей, дереу көзін жұма қалды; қыбыр етуге қорықты; қол-аяғы сіреskен қазіргі қалпынан кішкентай қозғалса да, тас жұмып алған көзін сәл ашса да жаңа ғана басынан кешкен сұмдықтың бәрі тағы да аумай-төкпей қайталап, мына дүние сәл сондағыдай қайта дөңгеленіп, аспан дәл сондағыдай қайта төңкеріліп, бұның өзі де осыдан артық аяғына басып тұра алмай, миы мәңгіріп, басы айналып құлап қалатындай; сонан қорқып қыбыр етпей отырып қалған-ды; қанша уақыт өткені белгісіз, шатасқан санасын әзер биледі; сонда да болса қозғалмай қыбырсыз отырды да, бір кезде өзіне-өзі келгендей болғасын еңсесін тіктеп еді; сүйтсе, әлгі болымсыз тірлік уысында тыпырлап жатыр екен; Бәкизат қуанып кетті; қолын жалма-жан Жәдігердің көкірегінен суыра берді; тұла бойынан жылу кеткен денеден сыртқа шығар-шықпаста уысындағы кішкентай тірлік қайта тыпыршыды; бұл жолы кәдімгідей ұшатын қам жасап талпынатын сияқтанды; Бәкизат бұған қайран; бұның неге бүйтіп жатқанын білген жоқ; не де болса, бұ да жарық дүниеге жаны құштар неме; кім білсін, таңмен таласа шыққан Тәңірінің тағы бір жарық күнін көргенше жаны қалмай аласұра ма? Әлі де болса түктің мәнісіне түсінбеген әйел тірлік атаулының мінезіне қайран қалып таңданып отырды да, уысындағы нәрсеге назар аударып қарамастан алақанын жазып еді; бартиған-бартиған ебедейсіз саусақ арасынан кіп-кішкентай сұрғылт нәрсе сып берді; пыр етіп ұша жөнелді; Бәкизат әлі де түкке түсінбей, таңданып кірпігін қағып қалды; назарын тіктеп соңынан ілесе қарап еді. Сүйтсе... о, құдіретіңнен айналайын Құдай, мынау небәрі, болып-болғаны жас сәбидің жұдырығындай ғана бүржиген кіп-кішкентай сұр торғай. Әлгі халық айтатын жантәсілім кезде адам кеудесінен құс боп ұшатын шыбын жанның осындай болатыны-ау?! Жасаған Ие-ау, бұлар осындай сұр торғайды қамыс арасынан көруші еді ғой! Сосын шөбі күйген сұрқай далада салт атты жолаушы ер үстінде жол соқты боп, шөл қинап келе жатқанда дәл осындай кіп-кішкентай торғай көде түбінен пыр етіп ұшатын да, аспанға шыр-шырлап көтеріліп алып, көз ұшында қанаты лапылдап жағы талғанша сайраушы еді-ау! Сонда өмір-бақи өз сырын өзі ұрлап

мелшиетін де жататын мылқау далаға лезде жан еніп, тірлік нышан бергенше осы байғұс шырылдайтын да тұратын еді ғой! Енді, міне, тағы да сол пақыр мұзға ыққан кешегі үшеудің басынан кешкен бар-бар оқиғаға куәгер болған жарық дүниедегі жалғыз тірлік! О, пақыр! О, садағаң кетейін, ана қанаты, сусылдаған кіп-кішкентай қанатын жанталаса жылдам қағуын көрдің бе? Үш! Үш, пақыр!

Бәкизат жарық жалғандағы өзінің де ендігі қалған жалғыз арман-үміті осы бір кішкентай құстың қанат қағысымен ілесіп жоғары өрлеп бара жатқандай сезді. Тек құдіреті күшті Құдай, пақырдың қанатын талдырмай, көк теңізді кесіп өтіп, қара жерге аман-есен жетсе жарар еді-ау? Бәкизат бұнан басқа да көкірегіне оралған тағы талай нәрсені айтқысы кеп еді; бірақ... бірақ не пайда, дәл айтар жерде көңілі босады ма, көгілдір ауаға сіңіп қарасы үзіліп бара жатқан кіп-кішкентай тірлік иесінің соңынан ілесе телмеңдей қараған көздің жанары тағы да қапелімде жасқа толып, көмейі бүлкілдеп тоқтап қалды. Уысынан пыр еткен жаңағы кішкентай тірліктің торғай екенін аспанға көтерілгенде білді. Үміті алданбағанына қуанды. Бәсе, халық қате айтушы ма еді? Әне! Әнекей, тәннен жан ажырап, кіп-кішкентай тірліктің соңынан дәл бір Тәңіріге жалбарынып, тілін кәлимаға келтіріп күбірлеген діндар адамдай, үсік шалып тобарсыған қап-қара еріндер бір-біріне қиыспай, тілі жеткенше тілегін жолдап сыбырлап тұр. Егер осы сәтте санасы сәптіреп, ақылы алжаспағанда, кім біледі, Бәкизат жер басқан жандарға тағы талай нәрсе айтар ма еді? Басынан желтоқсанның қарлы қара түнін өткізіп, өксігін баса алмай тұрған бейбақ, бәлкім, осынау ай мен күн астында берекеті кеткен дүниеде құдды қан көрген қасқырдай көзі қызарып құтырып алған есалаң адамдарға, күллі адам баласына талай иттігін бетіне басар ма еді? Сонда ол, бәлкім, шынында да әлгі қан көрген қасқырдай әлдісі әлсізін талап жеп жатқан адамдарға ашынған ана есебінде: "есалаң сорлы, есіңді жый! Оңың мен солыңа қара! Басқаны ойламасаң да, ойраны шыққан мына дүниенің ертеңі не боларын ойласаң еді? Осы дүниеге соңыра, өзінен кейін келетін сорлы ұрпақтың күні не болатынын ойласаңдар еді",– дер ме еді? Иә, сүйдер еді-ау! Бірақ оны айта алмады. Есі кіресілі-шығасылы. Теңізі тартылған, жері азған, елі босқан, енді, міне, арқа тірер азаматынан айрылған азалы елдің бу да өлім халінде санасы сәптіреген бір бейбағы ғой.

Аппақ ақ қырау кірпік арасынан әлсіз жанар сығыраяды. О да көшпенділер ошағында қалған соңғы шоқтай. Сөнер алдында сәулесін сарыққан әлсіз жанарын әзер көтеріп, жаңа, тап жаңа ғана арыстай азаматтың кеудесінен құс боп ұшқан шыбын жанның соңынан телмеңдеп әлі қарап тұр. Көзінде жас. Мөлт етіп омырауға тамған екі түйір сол бойда мөлдіреп мұз моншаққа айналды. Бірақ оны әйел сезген де, білген де жоқ. Еріні жыбырлады: "Үш, пақыр!"–деді; "Берекесі кеткен дүниенің тағы бір қарлы қара дауылын басынан өткізіп, енді, әне, шығыстан қызарып атып келе жатқан жарық күннің

жаршысындай ұйқысынан жаңа оянып жатқан адамдарға жет!"– деді; "желтоқсанның тағы бір қарлы қара дауылында бұлар бастан кешкен кешегі бар-бар шындықтың түгін қалдырмай, түгел айт!"– деді. "Шырылда!"– деді. "Дүниеде ештеңеге тұлға болмасаң да, бірақ сен аман бол!"– деді. "Шырылда!– деді. – Шырылда! Шырылда, байғұс!".

Қазақша кітаптар

Оглавление

БІРІНШІ КІТАП

ЕКІНШІ КІТАП